

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ:
ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯЛАР, ЕНГІЗУ**

Әдістемелік құрал

1-ші бөлім

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 20 шілдедегі № 6 хаттамасы)

Оқытудың педагогикалық технологиялары: тәжірибе, инновациялар, енгізу. Әдістемелік құрал. 1-ші бөлім. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 353 б.

Бұл әдістемелік нұсқаулықта білім беру жүйесінде нақтылы іс тәжірибелерде қолданылып жүрген заманауи педагогикалық технологиялар ұсынылған. Бұл технологияларды білім беру ұйымдары мен жекеленген ұстаздар өздерінің педагогикалық іс-тәжірибелерінде қолданатын, желілі және жүйелі педагогикалық технологияларды зерттеп білуге бағытталған мониторинг негізінде ұсынылып отыр.

Әдістемелік нұсқаулық облыстық (аудандық) әдістемелік орталықтардың әдіскерлері мен басшыларына, білім беру ұйымдарының басшылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

Мазмұны

1-ші бөлім

Кіріспе.....	4
1 Желілік технологиялар (бір мұғалім деңгейінде қолданылған).....	9
Қорытынды.....	337
Пайдаланылған әдебиеттер.....	348

2-ші бөлім

Кіріспе.....	4
2 Жүйелік инновациялық педагогикалық технологиялар.....	9
2.1 Қазақ қыздар гимназиясы – ұлттық тәрбие жүйесінің моделі.....	9
2.2 Диалогтік оқыту тәсілін тиімді пайдалану арқылы сөйлеу мәдениетін жетілдіру және басқару жүйесін оңтайландыру.....	47
2.3 Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы ғылымдарды тиімді интеграциялау.....	93
2.4 «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы, № 4 мектеп-гимназия Астана қаласы.....	97
2.5 Үш тілде оқытуды жүргізу.....	126
2.6 Ойлау белсенділігі жағдайының әдістемесі.....	178
2.7 Оқытудың конструктивтік теориясы.....	214
2.8 «Тірек мектеп (ресурстық орталық) жағдайында беру үдерісін технологияландырудың педагогикалық негіздері».....	249
Қорытынды.....	407
Пайдаланған әдебиеттер.....	418

Кіріспе

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінің заманауи жағдайларда қалыптасуы, орта және жоғарғы мектептерді демократияландыру мен ізгілендіру, білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің сапалығы мен тиімділігін арттыру, нарықтық экономика жағдайында оларды еңбек пен қоғамдық өмірге даярлау көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және басқа да маңызды стратегиялық нормативтік құжаттар мен заңға тәуелді актілерде білім беру жүйесінің көкейтесті міндеттері ұсынылған:

- білім беру бағдарламаларын меңгеруге арналған жағдайларды жасау;
- тұлғаның табиғи және рухани, шығармашылық мүмкіншіліктерін дамытуға, адамгершілік қасиеттері мен салауатты өмір салтын ұстанудың берік негіздерін қалыптастыруға, ақыл-ойды байытуда даралықты дамытуға арналған жағдайларды жасау» [1; 2].

«Қазақстанның 30 дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы» атты Еуразиялық форумда Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «білім беру ғылымды қажет ететін экономика құрудың шешуші құралы ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі жаңа сапаға бағдар ұстануы тиіс. Ол – барлық балалар үшін, соның ішінде ата-аналарының әлеуметтік мәртебесі мен материалдық әлауқатына қарамастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің қолжетімділігі. Ол – орта және кәсіптік-техникалық және жоғары білім беру сапасының жоғары деңгейі. Білім беру жүйесі тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды тәжірибеде қолдану үшін қажетті дағдылар да қалыптастырып, оқытудың қазіргі заманғы тәсілдерін тұрақты түрде енгізіп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді пайдалануы тиіс» деген [3].

«Қазақстан қоғамының қазіргі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасының жалпы орта білім жүйесін жаңғыртуды, атап айтқанда, орта білім мазмұны мен құрылымын, мақсаттарын қайта қарауды және оқыту мерзімін кеңейтуді талап етеді». Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім беру мен тәрбиелеудің жаңа ұйымдастырушылық формалары мен әдістерін іздеуге мүмкіндік береді [1, 4].

Мектеп оқушыларының білім мен дағдының жоғары сапалы көрсеткіштеріне жету үшін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды заманауи тұрғысынан қарастыру қажет, яғни білім алушыны оқытуда жеке стратегияны таңдай білуге және сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, озық ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға үйрету.

Әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру мақсатында республикамызда оқушылардың ақыл-ой, рухани және табиғи әлеуетін, олардың жеке қабілеттері

мен қызығушылықтарын, мүмкіншіліктерін ашуға бағытталған білім беру құрылымдарының инновациялық түрлерінің желісі құрылды және күннен-күнге кеңейтілуде (Назарбаев интеллектуалдық мектептері, лицейлер, гимназиялар, жеке меншік және көпсалалы мектептер, бірқатар оқу бағдарламаларын тереңдетіп оқытуға бағытталған мектептер (сыныптар) және т.б.). Білім беру мазмұны, оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен әдістері адекватты трансформацияға ұшырап, ең бастысы оқушының оқу-танымдық қызметін саралау мен дараалуға бағытталды.

Соған орай, жалпы педагогикалық іс тәжірибеде қолданатын іс шаралардың жеткіліксіздігі, жалпы мектепшілік жағдайда жекеленген даралықты жүзеге асыруда педагог қызметкерлер дайындығының төмендігі (әсіресе оңтайландыру саясаты жағдайында, сыныптар санын көбейту және педагогтар санын азайту), сабақты өткізгенде жеке оқушылармен фронтальды тексеру жұмыстарының жүзеге асырылмауы, қолданылып келе жатқан білім беру режимінде даралап және саралап оқытуды барынша жүзеге асырудың шектелуі немесе мүмкінсіздігі туралы куәландырады.

Сондықтан, педагогикалық іс тәжірибеде оқу үрдісін дараландыру мәселесін шешуде негізгі тежеуіш ретінде педагог қызметкерлердің даралап оқытуды жүзеге асырудың ғылыми-теориялық және қолданбалы аспектілерін білмеуінің салдарынан оның жүйесіз жағы үстемдік етуде.

Осы жағынан алып қарасақ совет өкіметі кезеңінде дамыған отандық педагогика мен мектептердің шетелдік іс тәжірибені ескермеуі және дүниежүзілік тәжірибе мен зерттеулердің жетістігін түсінбеуі, ағартушылық жағының болмауы өзінің кері әсерін тигізіп отыр.

Жаппай білім беру тәжірибесінің арнайы зерттеулерін оқып, талдау барысында анықталғаны, біздің мектептер толық дамыған тұлғаны дамыту мен қалыптастыруда оқушының даралығын, оның табиғи мүмкіншіліктері мен жалпы және арнайы қабілеттерін ашу мен іске асыруда хабардары аз. Оқытудың қолданыстағы жүйесі оқушының тұлғалық және ақыл-ой әлеуетін толығымен дамытуда даралап оқытуды жүзеге асыруға арналған мүмкіншіліктерді білмейді. Басқаша айтқанда, оқушының мотивациялық-еріктік, ұйымдастырушылық, мазмұнды-процессуалды және бақылау-бағалау қызметінің саласы мұғалім өзінің іс тәжірибесінде қолданып келе жатқан білім беру мазмұны, оқытудың ұйымдастырушылық формалары мен әдістеріне қарама-қайшы келеді.

Шығыс Қазақстан облысы мектептерінің мұғалімдеріне жүргізілген сауалнаманың барысында алынған эмпирикалық мәліметтерді талдаудың нәтижесінде, олардың жартысынан көбі (52%-ы) шетел мектептерінің іс тәжірибесінде қолданылатын даралап оқытудың кейбір ұйымдастырушылық-әдістемелік жүйесін туралы білсе, ал 28%-ы ештеңе де білмейтін болып шықты. Соған орай мектеп қызметкерлері оқыту үрдісінде даралап оқытуды кеңінен қолданудың қажеттілігін мойындайды [4].

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасында 2015-2020 жж арналған білім беруді реформалаудың стратегиялық бағыттарын дамыту» атты

диагностикалық есепке сәйкес, қазақстандағы мұғалімдер құрамының сапасы мен сипаттамаларына талдаудың барысында, анықталды:

– мұғалімдердің 50%-ының жұмыс өтілі 9-дан 20 жылға дейінгі аралықты құрайды, сонымен қатар көпшілігінің 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі барлар;

- көпшілігі бірінші және екінші санаттағы мұғалімдер;
- мұғалімдердің көпшілігінің жасы 30 асқандар;
- 87,9% жоғары білімді (сырттан оқығандар туралы мәліметтер жоқ);
- көп бөлігін әйелдер құрайды (80,2%).

Сондықтан да, іс тәжірибе қызметкерлеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар және қазіргі мектептердің оқу үрдісін жетілдірудің оңтайлы жолдары мен тәсілдерін анықтау қажеттілігі туындап отыр.

Соған орай, білім берудің нақтылы іс тәжірибесіне инновациялық-педагогикалық технологияларды енгізу және оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері мен жолдарын әзірлеу мәселесін кешенді зерттеп білудің қажет.

Осы мақсатпен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қолданылып жүрген педагогикалық технологиялардың мониторингін әзірледі.

Жалпы қабылданған педагогикалық технологиялардың жіктемесіне сүйене отырып, жоғарыда көрсетілген мониторингін әзірлеу барысында оның құрылымының 2 бөлімі анықталды: жүйелі технологиялар мен локальды технологиялар.

Соған сәйкес, әзірленген мониторингінің бірінші құрылымдық бөлімінде жеке мұғалімдердің (ұжымдық емес, керісінше жеке субъект) оқу-тәрбие үрдісінде қолданатын технологияларын (әдістемелер) сипаттайтын материалдар жинақталған.

Екінші бөлімде білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылатын технологиялар сипатталған, яғни заманауи технологиялардың кей түрлерін ұжымдық (мектептің бүкіл педагогикалық ұжымы немесе мұғалімдердің шығармашылық ұжымы) қолдану жүзеге асырылған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, бірінші блок бойынша қорытынды мәліметтерді жинау, педагогикалық технологияларды әдістеу және қолдану саласындағы олардың инновациялық тәжірибесін жалпылау үшін екі – үш жалпы білім беру мектептерін нақтылау үшін біз облыстық, Астана және Алматы қаласының білім басқармаларына жүгіндік. Бұл біріншіден. Ал екіншіден, өздерінің тәжірибелерімен алмасуға тілек білдіретін мұғалімдер үшін Академия сайтында сауалнама орналастырдық.

Сауалнаманы тиісті нұсқаулықтар бойынша алдық, оған сәйкес ұсынылған сауалнама мұғалімдермен жеке онлайн-режімінде толтырылады. Сауалнаманы толтыру үшін <http://nao.kz/naomonitor> сілтеме бойынша жүргізу керек. Сонымен қатар, олардың көрсеткен соңғы бес жолдардағы ақпараттары бойынша ең қызығушылық танытатын әлеуетті респонденттердің назарын аударуды атап өттік. Ол ақпарат эссе түрінде орындалады. Үздік эсселер Академияның педагогикалық альманахында жарияланатын болады (2016 жылы). Сондықтан

сауалнама анонимді емес.

Аталмыш сауалнама бойынша қорытынды мәліметтерді жинау және түскен ақпараттар ағымын өңдеу үшін автоматтандырылған бағдарлама әдістелген болатын, ол Академия сайтында орналастырылды. Осы сауалнама туралы ақпарат 5000 аса Қазақстанның педагогикалық қауымдастығы өкілдеріне, облыстық білім басқармаларына, колледждерге, ЖОО-дарына жіберілген болатын.

Материалдар берудің көрсетілген мерзімі өткен кезде сауалнамада 2906 респондент қатысқаны (1-кесте), ол біз жоғарыда айтылған репрезентативтіліктің толық сәйкес келетіні анықталды.

1-кесте – Қолданылып жүрген заманауи педагогикалық әдістемелер және технологиялар мониторингі бойынша сауалнамаға қатысушы респонденттер құрамы туралы мәліметтер (облыстар бойынша)

Облыс атауы	Респонденттер саны	Облыс атауы	Респонденттер саны
Астана қаласы	57	Батыс Қазақстан	4
Алматы қаласы	3	Қарағанды	208
Ақмола облысы	178	Қостанай	552
Ақтөбе облысы	752	Қызылорда	340
Алматы облысы	115	Маңғыстау	102
Атырау облысы	138	Павлодар	373
ШҚО	16	Солтүстік Қазақстан	16
Жамбыл облысы	49	Оңтүстік Қазақстан	3

Бұл материалдар аталмыш әдістемелік нұсқаулықтың бірінші бөлімінде сипатталған. Екінші бөлімде ұжымдық субъектілер жіберген материалдарда сипатталған (2-кесте).

2-кесте – Қолданатын педагогикалық технологиялар бойынша ақпаратты жіберген мектептер туралы мәліметтер

Облас	Мектептің атауы	Оқыту тілі	
		қаз.	орыс
1	2	3	4
Ақмола	«Бурабай ауданы білім бөлімінің Зеленобор мектеп – гимназиясы» ММ		+
	С. Сейфуллин атындағы № 5 көпбейінді мектеп – лицейі, Степногорск қ.	+	
Ақтөбе	«М. Құсаинов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп –интернаты»	+	

2-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
	Ақтөбе облыстық арнайы (түзетім) есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернат колледжі		
Астана қаласы	Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы	+	
Қостанай	Коммуналдық мемлекеттік мекемесі «№5 гимназиясы» Рудный қаласының әкімдігі		+
	«Озат» дарынды балалар үшін мектеп - интернаты		+
	Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің А.М. Горький атындағы гимназиясы	+	
	Рудный қаласы әкімдігінің «№15 орта мектебі»	+	
ШҚО	Үш тілде оқытумен дарынды балалар үшін Шәкәрім атындағы облыстық мамандандырылған мектебі	+	+
	№ 34 дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп-лицейі		+
	«Бриг» жеке бизнес-мектебі»		+
Жамбыл	М. Мақатаев атындағы мектебі (Ресурстық орталық)	+	
Қарағанды	№ 9 мектеп-гимназия		+
Павлодар	№ 3 дарынды балалар үшін гимназия	+	+
	«Жас Дарын» мектебі	+	+
	№ 25 Қазақ әйелдер гимназиясы Екібастұз қ.	+	
	«ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы «Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты»		

1-кестеден белгілі болғандай, мониторинг туралы ресми хат барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларына жіберілгеніне қарамастан, инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануда ең белсенділік танытқандар Павлодар және Қостанай облыстары болды.

Сонымен, әдістемелік нұсқаулық 2 бөлімнен тұрады:

- бірінші бөлімінде жеке мұғалімдердің оқу-тәрбие үрдісінде қолданатын технологиялары (әдістемелер) сипатталған;

- екінші бөлімде білім беру ұйымдарында кеңінен қолданылатын технологиялар сипатталған (ұжымдық субъект).

1 Желілік технологиялар (бір мұғалім деңгейінде қолданылған)

Мектептік білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептерді дамыту инновациялар арқылы жүзеге асады. Инновациялық қызмет жаңашылдықты жүзеге асыру, жаңалықтарды әзірлеу, іздену, меңгеру және қолдану қызметтері бойынша түсіндіріледі. Қазіргі дидактиканың дамуындағы инновациялық бағыттардың көптүрлілігіне байланысты жүргізілген мониторинг осы және басқа да педагогикалық технологиялардың (оқыту технологиялары) қолданылуын талдауға бағытталды.

Оны таңдау себептері:

- қазіргі сыныптық-сабақтық жағдайда олар оқу үрдісіне жеңіл енеді, білім беру стандарттарымен анықталған оқыту мазмұнына әсер етпейді және қандай да бір маңызды түзетуді қажет етпейді;

- білім беру технологиялары білім беру үрдісіне кіріге отырып, нақты оқу пәні бойынша білім стандарты мен бағдарламаларына қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді;

- педагогикалық (оқыту) технологиялар педагогикалық стратегияның негізгі бағыттарын: білім беруді гуманизациялау, гуманитарландыру және жекеге-бағытталған тәсілді енгізуді қамтамасыз етеді;

- олар балалардың интеллектуалдық дамуын, оның дербестігін қамтамасыз етеді;

- мұғалімге, бір біріне мейрімділік қатынасын қамтамасыз етеді;

- көптеген технологиялардың ерекше қасиеті жеке адамға, оның тұлғалығына көңіл бөлуі болып табылады;

- шығармашылық қызметті дамытуға айқын бағдарлану;

Қазіргі уақытта оқу үрдісін жай ғана ақпарат беру үрдісі деп айтуға болмайды, және мұғалімнің рөлі осы ақпаратты оқулыққа қарағанда анығырақ, түсініктірек беруші емес, оқушының танымдық қазметінің ұйымдастырушысы болуы. Мұғалім оқушының оқу қызметін ұйымдастыруы және басқаруы тиіс. Ал оны сәйкес қойылған міндеттермен қазіргі түрлі педагогикалық технологияларды қолдана отырып жүзеге асыруға болады.

Мониторингтік зерттеумен Қазақстан Республикасының барлық аймақтарындағы білім беретін мектептер қамтылды, пән мұғалімдерінен 2906 эссе алынды.

Төменде республикадағы жалпы білім беретін мектептердің барлық бағыттары мен пәндері бойынша мұғалімдердің қолданып жүрген ерекше қызықты педагогикалық технологиялары көрсетілген.

«Сыни тұрғыдан ойлау» (СТО)

«Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының ғылыми негізі Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д. Дьюи еңбектерінен алынған, сонымен қатар әлемнің түкпір-түкпіріндегі оқытушылардың бірлескен еңбектерінің нәтижесі. Қазақстанға Джордж Соростың қоры арқылы келген бұл технология еліміздің көптеген

мектептерінде тәжірбиеге еніп отыр. «Сыни тұрғыдан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіп септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдіктер ұстап зерттеу, сеніммен қарау» - деп түсіндіреді жобаның авторлары.

Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады. Солардың бірі Джиксо – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдануды ұйымдасту: алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланды соң, берілген мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді. ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

Технологияны жетістікпен жүзеге асыру үшін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. әдістерді (стратегияларды) қолданылады. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны бұрын алған біліммен ұштастырады. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегияларының бірі *INSERT*. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында:

V – «білемін»;

- - «мен үшін түсініксіз»;

+ - «мен үшін жаңа ақпарат»;

? - «мені таң қалдырады» белгілерін қоя отырып оқу тапсырылады. *INSERT* – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді

болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, қарастырған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданады.

Мақсаты: барлық жастағы оқушыларға сабақтарда кез келген мазмұнға, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Осы технологияны өз сабағында қолданатын Ақмола облысы Степногорск қаласының №9 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Алиасқарова Жанар Абдикаппаровна сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытынға келу, ұқсас құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Өз сабағында СТО, АҚТ, талантты және дарынды оқушылармен жұмыс технологияларын шебер де, тиімді пайдалана отырып, оқушыларды сабағына қызықтырып, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге машықтандырады. Технологияларды пайдалану барысында:

1. Оқушылар бойында сенімділік пайда болады.
2. Ізденуге ұмтылады.
3. Сабаққа барлық оқушы жұмыла кіріседі.
4. Мұғалім тек бағыт береді.

5. Оқушы тақырыпты өздігінен түсінеді. Осындай жұмыстар нәтижесінде оқушылары қалалық, облыстық және халықаралық олимпиадалар жүлдегерлері. Білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану, жеке тұлғаның ертең өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, өз мәселелерін өздері шешуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге және саналы шешім қабылдауға дайын болуды үйрететін технологиялар деп саралайды.

3-сыныптағы «Әдебиеттік оқу» пәнінде технологияны қолданумен «Адал бала» тақырыбы бойынша өткізген сабағында:

Мақсатымыз – білім алу,
Міндетіміз – еңбектену.
Еңбек етіп жұмыла.

«5»-ке қолды жеткізу, - деген психологиялық дайындық тұрғысынан оқушылардың назарын сабаққа аударады.

Әке, ана, ұл, қыз деп санау арқылы сыныпты топқа бөлу арқылы:

1-топ. «Әкелер» тобы.

2-топ. «Аналар» тобы.

3-топ. «Ұлдар» тобы.

4-топ. «Қыздар» тобын құрады.

Топпен жұмысты бастамас бұрын топ мүшелерінің атқаратын қызметін бөліп беру. Мысалы: баяндамашы, хатшы, уақытты белгілеуші, әрлеуші, басшы, бағалаушы. Бағалаушыға бағалау парағы беріледі. Ол өз тобының оқушыларын бағалап отырады.

«Адал бала» дегенде көз алдарыңа қандай бала елестейді, соны қағаз беттеріне түсіріңдер. Оқушылар бұл жұмысты топпен атқарады (ой қозғау). Топтағы баяндамашы өз жұмыстарын қорғап шығады. Ой қозғаудың нәтижесі келесідей болды:

1-топ. «Адал бала» деп біз, ата-анасының тілін алатын, мұғалімдерді сыйлайтын баланы айтамыз.

2-топ. Біздің топ «Адал бала» дегенде достарына адал, өтірік айтпайтын, достықты бағалай білетін бала деп ойлаймыз.

3-топ. Біз сабақты жақсы оқитын, ұқыпты оқушыны айтамыз.

4-топ. Ал біздер сабағы үлгілі, мінезі ашық, достары көп және мұғалімді тыңдайтын баланы айтамыз. Әр топ өз жұмыстарын плакат бетіне түсіріп, баяндамашы оны қорғап шықты.

Оқулықтан «Адал бала» мәтінін оқу. Мәтіннің мазмұнына байланысты қойылатын сұрақтар және топ ішінде жүргізілген пікірталастың қорытындысынан туындаған жауаптар:

1-топ. Алтын балталарың болса не істер едіңдер? (Егер де, біздің «алтын балтамыз» болса, баланың өмірін өзгертуге көмектесер едік).

2-топ. Күміс балталарың болса не істер едіңдер? (Біздің «күміс балтамыз» болса, балтаны сатып, сол ауылда тұратын жағдайы жоқ тұрғындарға көмек берер едік).

3-топ. Темір балталарың болса не істер едіңдер? («Темір балтамыз» болса, оны жақсылап қайрап, әрі қарай ағашты кесіп, күнімізді көрер едік).

4-топ. Шалдың орнында балаға қалай көмек берер едіңдер? Егер де, шалдың орнында болғанымызда, балаға өз балтасымен қосып алтын балтаны беруші едік. Алтын балтаны сатып, өз тұрмыс жағдайын жақсартуға көмек берер едік.

Осы сабақта топпен жүргізілген жұмыстың келесі түрі «Мақалды жалғастыр».

Оқушылар топпен оқылған мақалды жалғастырады.

1. Бала-ананың

Әдептіліктің белгісі иіліп

2. Атаның көңілі балада,

Баланың көңілі

Аққуды атпайды, досты

3. Ананың сүті – бал, баланың

Әдепті бала ата-анасын мақтатар,

Әдепсіз бала –

4. Балалы үй базар, баласыз үй

Әдепті бала –арлы бала, әдепсіз бала –

Сабақтағы ой қозғау жұмысын өмірімізбен байланысты келесі сұрақтарды қою арқылы жүргізуге болады. Оқушылар жеке, жұппен, топпен жұмыстар атқарады. Сұрақтар:

Әке мен ұлының сыйластығы қандай болу керек?

Анасы мен қызының сыйластығы қандай болу керек?

Ағасы мен қызының сыйластығы қандай болу керек?

Оқушы мен мұғалімнің сыйластығы қандай болу керек?

Бұл сұрақтарға Жанар Абдикаппаровнаның оқушылары келесідей жауаптар берді:

Әке мен ұлы бір-бірімен сырлас болу керек. Ұлы қандай жұмыс істесе де әкесімен ақылдасып, ойласып істеу керек. Сол кезде екеуінің арасында сыйластық арта түседі деп ойлаймыз.

Әрине қыз бала анаға жақын келеді. Қыз әрқашанда анасының мінез-кұлқына, қылығына қарап өседі. Сол үшін де «анаға қарап қызын ал» дейді халқымыз.

Ағасы мен қарындасы бірін-бірі сыйлай білу керек. Әсіресе қиналғанда бір-біріне қол ұшын беріп, сырласып отыру керек.

Оқушы мен мұғалімнің арасындағы сыйластық ерекше болу керек. Өйткені мұғалім оқушыға білім беріп, көп нәрсені үйретеді. Сол үшін де екеуінің арасында сыйластық болу керек деп ойлаймыз. Біз өзіміздің мұғалімімізді сыйлаймыз.

«Сиқырлы ыдыс» ойыны.

Ыдыстың ішіне әр түрлі сұрақтар жазылған, музыка басталған кезде ыдысты оқушылар бір-біріне береді, музыка тоқтағанда қолында ыдыс қалған оқушы ішіндегі сұраққа жауап береді.

- Өз анадан қалай сыйлайсың?

- Ана туралы мақал айт.

- Әдептілік туралы мақал айт.

- Мұғалімнің қалай сыйлайсың ?

Сабақты пысықтау мақсатында «Акро» өлең жазу тапсырылады (өлеңде берілген сөздің бас әріпінен басталатын өлең немесе ассоциация құрастыру).

А –

Д –

А –

Л –

Б –

А –

Л –

А –

Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды әр топтағы бағалаушылар

бағаларын айтап шығады.

Сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазып тақтаға іледі.

Жарқайың ауданының М.М. Нахимов жалпы орта білім беретін негізгі мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Рысбеков Ғалым Жұмагелдіұлы Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім оқушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал оқушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал. Нәтижеге қол жеткізу үшін түсіну емес, есте сақтау қажет. Мадақтау немесе жазалау – оқушылар мотивациясының негізі. Сындарлы оқыту теориясының түпкі нүктесіне – түсіну жатады, қоршаған орта туралы білімдер статикалық және тиянақталатын білім болғандықтан, өздігінен ұғынылатын нәрсе болып табылады. Осылайша, мұғалім ғасырлар бойы жинақталған білімдер мен ұғымдарды береді. Бұл «білім беру» моделі деп аталады. Өзінің қолданып жүрген «Білім берудегі сынарлы теориялық оқытуға негіздері тәсілдерінің» осы жоғарыда айтылған ұстанымды ұстайды. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады. Өз зерттеуімнің сұрағы сыныпты сындарлы оқытудан күтілетін нәтижелерді бақылап отыруы қажет болғандықтан өзгеріп отырды. Жүргізілген жұмысты бақылау үшін сабақ барысында сұрақтар мен жауаптардың нақты керекті сәттерін таспаға жазып отырды. Сабақта оқушылар топқа бөлініп отырғызылды, топқа бөлудің түрлі стратегияларын қолданып, сабақ арасында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып отырды. Ынтымақтастық атмосферасы оқушылардың өзін-өзі реттеуге көмегін тигізеді, сабаққа деген құлшынысын арттырады. Сабақтың нәтижелігі оқушылардың сабаққа деген құлшынысының артуында деп біледі. Оқушылар келесі сабақтарда ынтымақтастық атмосферасын күнделікті өтуін сұрап, ұсыныс жасады. Оқушылар сабақты постерге түсіріп сонымен қорғады. Алғашқы кезде постерге кітап сөздерін түсірсе, кейіннен өз ойларын түсіріп, қосымша мәліметтер қосып, өмірмен байланыстырып пікір ұсыныс айтып отырды. Топта өз ережелері болды, топ мүшелерінің ешқайсысы назардан тыс қалмады. Топ ережесі тікелей оқушылардың басымдылығымен құрылды, мәселен: 1. Бірлікте жұмыс. 2. Уақытпен жұмыс. 3. Сыйластық. 4. Көмектесу тағы басқа. Оқушылар

құрдастарын бағалағанда постерді қорғау кезінде сұрақ қоюдың ашық және жабық түрлерін пайдаланды. Топта жұмыс істеу оқушылардың ынтымақтастығын арттыра түсті, сабақ үстінде топ мүшелері бір-біріне көмектесіп, түсінбегендерге қайта түсіндіріп отырған. Оқушыларға әр сабақта кері байланыстар жазғызу сын тұрғысынан ойлауға, ойлап үйренуге, өз бетінше шешім қабылдауға, проблемаларды шешудің жолдарын іздеуге, оны таба білуге дағдылануын қалыптастырды. Сабақтың басынан аяғына дейін формативтік бағалау жүйесі көрініс тапты. Оқушылар ықыласпен жұмыс жүргізеді. Сабаққа кері байланыс ретінде стикер таратып, мәселен: керемет, өте жақсы деген сөздермен ары қарай сенімін арттыру. Оқушыларға осы сабақтан алған әсерлерін жазуды тапсырған. Формативті бағалаудың бірнеше түрлері: «Бағдаршам», «Бас бармақпен бағалау», «Стикермен» бағалау түрлері сабағында көрініс тапты. Сабақ соңында сыныптан шығарып А, В, С деңгейіндегі оқушылармен сұхбатты видеоға түсіріп алған. Бұл екінші жүргізген сұхбат қоюының мақсаты оқушы ойын білу еді. Оқушыларға қойған сұрағы қарапайым және түсінікті болды. Мынадай сұрақтарға: «Сендерге сабақта не ұнады? Не үйрендіңдер? Осы өтілген сабақ жайлы қандай ұсыныс айта аласыңдар? Тағы да қалай өткенін қалар едіңдер?» деген сұрақтарға жауап алған. Бірінші өтілген сабаққа қарағанда бұл сабақта ілгерілеушілік байқалды. Оның дәлелі оқушылар постер қорғаған кезде сын тұрғысынан ойлау, бағалау түрлері ашылып көрсетілген болса, топқа бөліп сабақ өтуге төселіп, машықтанып қалғандары көрініп тұрды. Оқушылармен жүргізілген сауалнама оқушылардың арасында өткізіліп, бірнеше мақсаттар иемденді. Сауалнама көрсеткіші: «Сен күнделікті сабақтың қалай өткенін қалайсың?»: 66% топтық жұмыспен; 8% сабақ бұрынғыша өтсе; 26 % түрлі әдіс-тәсілдерді көп қолданса; «Сыныптастарыңмен топтық тапсырманы қалай орындайсың?»: 71% ұйымшылдықпен орындаймыз; 8% маған жеке орындаған ұнайды; 13% топтық тапсырма өте қатты ұнайды; 8% қызыға орындаймыз. Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда ең алдымен жеке тұлғаның қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның қасиеттерінің дамытып, оны толық ашуға мүмкіндік жасау қажет. Сындалы оқыту теориясының негіздері еліміздің білім беру саласына тереңінен сіңсе, білімді де тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықты бойына сіңірген жастар өсіп шығары белгілі. Оның дәлелі «Сапалы білім мен тәрбие беру – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдығы» атты тамыз кеңесінің секция жұмыстарындағы үздік баяндамасы; «Үздік жас ұстаз-2014» байқауында 2 орын иегері атанған. Оқушылары «Мұстафа Шоқай тағылымы және ашылмаған деректер» атты ғылыми жұмысынан сертификат, «Ел қорғауға әзірміз» байқауында Гран при иегері атанған.

Степногорск қаласының Қарабұлақ орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Саржанова Ханзира Маманқызы сабақтарында сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқыту, АКТ технологияларды тиімді қолданатынын айтады. Бұл технологиялар оқушылардың ойын еркін айтуға, талдау жасауға, ұйымшылдыққа, бір-біріне деген сеніммен қарауға, шығармашылық

қабілеттерін ашады, сауатты жазуға баулиды, бірін-бірі бағалауға дағдылана отырып, алған білімдерін өмірде тиімді қолдануға жетелейді. Жеке, жұппен, топпен жұмыс жасауға дағдыландырады. Оқушының ойлау қабілетін байытуға игі ықпал ететін жаңаша оқытудың бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Оның мақсаты – барлық жастағы балаларды кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарауды үйрету. Сын тұрғысында ойлау әдісі, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады. Нәтижесінде оқу үлгерімі төмен оқушылар да өздерінің қабілеті жететін тапсырмаларды орындауға әрекет етеді. Оқушылардың сабаққа белсенділігі мен қызығушылығы артады. Оқушы ізденісте болады. Оқушының тіл байлығы арта түседі. Сол іздену нәтижесінде шығарма, ойдан ертегілер, әңгімелер жазуға, оқушыға ғылыми жұмыстар жазуға жол ашады. Мысалы оқушылары 2014 ж. қалалық ғылыми жұмыста, 2015 ж. «Әлемді тербеткен ана» республикалық байқауында жүлделі орынды иеленген. Оқушы өз бетімен еркін берілген тапсырмаларды орындай алады, «Сықырлы қыс ертегілері» сайысына да бірнеше оқушылар қатысты. Өз ойларынан ертегілер жазды. Бұл оқушының шығармашылық қабілеттерін ашуға жол ашатынын айтады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы, Диалогтік оқыту және АКТ технологиялары сабақта өте тиімді. Бұл технологиялардың берері мол. Оқушыны еркін ойлауға, айтуға, сауатты жазуға жетелейді. Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады. Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды. Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады. Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Оқытудың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі. Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап дәлелдейді. Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілік қалыптастырады. Мұғалім мен оқушы арасында тең құқылы қарым-қатынас болады. Жеке, жұпта, топта оқу жазу әрекеттері іске асады. Оқушы – басты дамушы тұлға. Мұғалім - басты тұлғаға бағыт беруші. Ұжымдық үрдіс жүзеге асады. Әр оқушы өзіне жауапкершілікпен қарайды. Жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Оқыту үрдісінде оқушылар толық белсенді қатысып сабаққа тез араласады. Пікір алмасу жүзеге асады. Қорытынды жасай алады. Барлық пәндерге қолдануға болады. Сонымен сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті үштұғырлы тілін дамытуда, қазақ тілінің мәртебесін көтеруде, өз ойын, пікірін ауызша және жазбаша тілде көркем де анық, нақты етіп бере білу жолында

«СТО» стратегияларын дамыту жұмыстары көмегін көптеп тигізері анық.

Степногорск қаласы №2 Ақсу орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімі Исабекова Айнагүл Глеутсовна СТО нәтижесінді: оқушылар ашық айтуға үйренеді, ойларын дәлелдеп түсіндіреді, танымдық қабілеті артады, сөйлеуге үйренеді. Оқу мен тәрбиенің бірлігі сақталады, оқушылардың өмірге қажетті дағдылары қалыптасады (тыңдай білу, тығырықтан шыға білу, ортақ мақсатқа жету үшін бірлесіп жұмыс істей білу, басқалардың пікірін тыңдай білу, өз бетімен тапсырмаларды орындау), балалар өзара көмек беру құнды екендігіне көздері жетеді, бір-біріне жауапкершілікпен қарауға, бар зейінімен тыңдай білуге үйренеді деп сипаттайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, ойларын еркін жеткізуге және зерттей отырып тұжырым жасауға талпындырады, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттайды, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға баулиды әрі оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды. Осы технологияны негізге ала отырып құрастырылған сабақтар топтамасын ұсынған.

8-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: Сөйлем.

Сабақтың мақсаты: Сөйлем оның түрлері туралы түсінік бере отырып, оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, оқушының тіл байлығын дамыту арқылы тілдік құрылымдарды өз бетінше талдап меңгере білу, іс-әрекет, ізденімпаздық дағдыларын қалыптастыру, ой мен тілді дамыту, сөздік қорын молайту.

Күтілетін нәтиже: сөйлем түрлерін бір-бірінен ажырата біледі. Мәтіннен сөйлем түрлерін таба біледі. Сөйлем түрлерін бір-бірімен салыстыра алады.

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа зейінін аудару. Оқушылармен амандасып, көңіл-күйлерін сұраймын. «Жүректен жүрекке» тренингі арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

«Жүректен жүрекке» тренингі. Оқушылар шеңбер жасап тұрып, бірі-біріне ым-ишара арқылы сыйлықтар сыйлайды, ал сыйлықты қабылдаған оқушы оның не екенін табуы тиіс. Алтын ереже қабылдау, топ болып жұмыс жүргізуге шақыру, топ ережесін сақтай отырып жұмыс жүргізу. Пазл жинау арқылы топқа бөлінеді.

Білу. Мұғалім: «Миға шабуыл» стратегиясы арқылы өткен тақырыптарды еске түсіру және жаңа тақырыпты түсінуге түрткі жасау. Оқушының іс-әрекеті: Қойылған сұрақтарға жауап береді. Сөйлем дегеніміз не? Сөйлем айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді? Хабарлы сөйлем дегеніміз не? Сұраулы сөйлем дегеніміз не? Лепті сөйлем дегеніміз не? Бұйрықты сөйлем дегеніміз не?

Түсіну. Оқулықпен жұмыс жасату. Оқушылар сөйлем, сөйлем түрлері

тақырыбын оқиды, әрбір топқа ақ қағаздар, түрлі-түсті қаламдар таратылады, топ мүшелері «Сөйлем, сөйлем түрлері» тақырыбынан түсінгендері бойынша тірек сызба жасап, қорғайды. Топ мүшелерінің жауаптары өздері құрастырған критерий өлшемдерінің негізінде 5 балдық жүйемен бағаланады, критерий үлгісі:

- 1) тақырыптың толық ашылуы – 5;
- 2) ойын мысалдар арқылы дәлелдеуі – 5;
- 3) тірек сызбаның әсемдігі – 4.

Қолдану. Оқушыларға бір бағанға айтылуына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер, екінші бағанына сөйлем түрлері жазылған карточкалар таратылады, балалар жұптасып бірінші бағандағы берілген сөйлемдерді тыныс белгісі, айтылу сазы, ережесі, мысалына қарай екінші бағандағы сөйлем түрлерімен сәйкестендіреді.

Топпен жұмыс

I топ 17-жаттығуды орындайды. Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін анықтап, қай шаққа тән екеніне тоқталады.

II топ 25-жаттығуды орындайды. Мәтіннен бірнеше хабарлы сөйлемдерді теріп жазып алып, сұраулы, лепті сөйлемдерге айналдырып жазады.

Көңілді ән тыңдау арқылы қимылдар жасайды.

Талдау. Венн диаграммасы арқылы I топ хабарлы сөйлем мен лепті сөйлемнің, II топ сұраулы сөйлем мен лепті сөйлемнің ерекшеліктері мен ортақ қасиеттерін көрсетеді.

Жинақтау. «Тіл және мен» тақырыбында ойтолғау жазады. Оқушының жауабы: Тіл –менің тірегім, менің болашағым. Мен тіліммен бірге өмір сүремін, тіл арқылы қалаған мамандығымды меңгеремін. Тіл тағдыры - менің тағдырым. Мен ана тіліммен мақтанамын. Оқушылар ойтолғау арқылы ойларын қорытындылап, тұжырымдауға үйренеді, шығармашылықпен жұмыс жасап, білімдерін нақтылайды.

Бағалау. Үйге тапсырма. Оқушылар сабақтан алған әсерлері бойынша ұнаған екі сәтін және келесі сабақта не білгісі келетіндері жайлы жазады.

8-сынып. Қазақ тілі.

Сабақтың тақырыбы: Сұраулы сөйлем.

Сабақтың мақсаты: сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын оқушылардың өз бетімен анықтауына, сұраулы сөйлемнің жасалуындағы ерекшеліктерді топтық, жұптық, өзіндік жұмыстар арқылы меңгеруіне, жаттығу жұмыстарын орындағанда алған білімін өз бетімен қолдана алуына жағдай жасау. Сөйлеу тілін, сөз мағынасын түсініп, шапшаң ой қорыта алуға, көркем ұқыпты жаза білуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже: тақырып бойынша ойларын айқын тұжырымдайды. Диалогтік оқытудағы ашық және жабық сұрақтарды қойып үйренеді. Оқушының сыни ойлауы қалыптасады.

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгендеу, оқу құралдарын тексеру, сабаққа назарын аудару. «Көңіл-күй неге ұқсас?» тренингін өткізу. Жауаптардың қорытындысын шығарған кезде, жаман ауа райы, суық, жаңбыр,

түнерген аспан сияқты элементтер агрессивті, қобалжу күйлердің көрсеткіштеріне назар аудару. Нөмірлі асықтар арқылы топқа бөлу, топ болып жұмыс жүргізуге шақыру, топ ережесін сақтай отырып жұмыс жүргізу.

«Көңіл-күй неге ұқсас?» тренингі.

Ойыншылар олардың бүгінгі көңіл-күйлері неге (қай жыл мезгіліне, ауа райына, табиғаттың құбылысына) ұқсас екенін айтып береді. Ойынды мұғалім бастайды. «Менің қазіргі көңіл-күйім көгілдір аспандағы жылы, жұмсақ күннің көзіне ұқсайды, ал сенің ше?». Жаттығу шеңбер бойымен жалғаса береді. Ойынның соңында жауаптар қорытындыланады, бүгінгі шеңберіміздегі балалардың көңіл-күйі қандай екен: қайғылы, көңілді, күлкілі, ызаланған т.б.

Білу. «Топтау» әдісі арқылы білетіндерін еске түсіру, жаңа тақырып туралы ой қозғау. Оқушылар жұптасып төмендегі сұрақтарға жауап береді.

1. Сөйлемнің негізгі белгілері қандай?
2. Айтылу мақсаты мен сазына қарай сөйлемдердің түрлерін ата.
3. Хабарлы сөйлем қалай жасалады?
4. Хабарлы сөйлем қандай мақсатта қолданылады?
5. Хабарлы сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

Түсіну және қолдану. «ЖИГСО» әдісі арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру және өз білімін қолдануға жағдай жасау. 4 адамнан топқа бөлінеді, топ мүшелері реттік жүйе бойынша бөлінеді. Оқушылар оқулықта берілген жаңа тақырыпты әрқайсысы тақырыпты жеке оқиды, өз тобының ішінде талқылайды, 1 нөмірлі оқушылар бір топқа, екінші нөмірлі оқушылар бір топқа, үшінші нөмірлі оқушылар бір топқа, төртінші нөмірлі оқушылар бір топқа жиналып, өз тақырыпшаларын түсіндіреді, түсіндірген соң оқушылар өз топтарына жиналып, әр топтан алған мәліметтерімен бөліседі.

Сергіту сәті. «Көңілді күн» әуенін тыңдау арқылы қимылдар жасайды.

1, 2 сандары арқылы топ құрайды.

Талдау. Сұрақ түрлерін бір-бірінен ажырата білу дағдысын қалыптастырады.

I топ «Сәйкестіктерді іздестіру» тапсырмасын орындайды: алған білімдері бойынша перфокартамен жұмыс жасайды, сұрақ түрлерін ажыратады, кестемен жұмыс жасайды:

Сұраулы сөйлемдерді не үшін қолданамыз?

Сыныпта неше оқушы бар?

Он екі?

Ұлдар ше?

Білім саған не үшін қажет?

Қай пәнді сүйіп оқисың?

Тарих пәнін?

А) Негізгі

Ә) Жетек

Б) Анықтауыш

II топ «Қатені табу» ойыны.

Берілген тапсырмадағы қатені тауып, ойларын дәлелдейді.

Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір үн сала ма? Әлде нендей ғайып текті, ақ

қанатты асыл зат көк жүзінде күнге шағылыса ма? Ендеше, мүддеміз бір жерден шыққан екен, Біржан аға! Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушым сен болсайшы, Абай! Басып жіберші, кәне, осыған! Жалынмен жалын ойнап, жарысып қосылсын! Сонымен, кәні, енді өзің айт! Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері – Біржан. Қадірлі ақын, құрметті қонағына Абай қадала қарап қалыпты.

Жинақтау. Сұраулы сөйлем, оның жасалуы туралы түсініктерін бекітеді.

I топтың тапсырмасы: 35-жаттығу. Сұраулы сөйлемдерді қатыстыра отырып, жұмбақ әңгіме құрастыру. Балалардың жауабы:

1. Торда 12 құс отыр. Оның 11-нен басқасы ұшып кетті? Торда қанша құс қалды? – 12 тордан ұша алмайды.

2. Жаңғақтар Мұраттың 7, Мақсаттың 8 алмасы бар, ал Асанның алмасы жоқ. Алмаларды үшеуі бес-бестен теңдей қылып бөліп жейді. Кейін Асан үйінен 30 жаңғақ алып келеді. Мұрат пен Мақсатқа берген алмаларының мөлшеріне тең келетіндей етіп бөлістіріп береді. Екеуіне қанша қаншадан түседі? –Мұратқа-12, Мақсатқа -18 жаңғақ береді.

3. Атасы немерелеріне сақтап қойған асығын бергісі келді. Оларға жетеуден берсе, асықтың екеуі артық қалады. Ал сегізден берсе, асықтың біреуі жетпей қалады. Атаның неше немересі бар? Асығы нешеу? -23 асық, 3 немере.

4. Қандай түс 3 адамға екеуі қызыл, екеуі қара түсті болған 4 бас киімнен кездейсоқ үшеуін кигізеді. Бас киім киген кісілер өздерінің басындағы бас киімнің түсін көре алмайды. Алдындағы екі адамдікін көреді. Әркім өздерінің басындағы бас киімнің түсін табуы керек және бір рет қана айту мүмкіншіліктері бар. Басындағы бас киімнің түсін қалай таба алады?

II топтың тапсырмасы: 37-жаттығу. Мәтінге байланысты сұрақтарға өз пікірлеріңді жазыңдар. Пікір жазу барысында қандай сұрақтар туындағанын айтып, пікір алмасыңдар. Мәтін бойынша негізгі сұрақ, жетекші сұрақ, анықтауыш сұрақтар әзірлейді.

Бағалау. Үйге тапсырма. 34-жаттығу. Мәтінге қатысты сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын негізге ала отырып, өз сұрақтарыңды даярлаңдар. «Жұлдыздар құпиясы» тақырыбында өз пікірлеріңмен бөлісіңдер.

Рефлексия «Бес саусақ» Оқушылар не білдім? Не үйрендім? Неге көңіл аудару керек? Кімге көмектестім? Көңіл – күйім? Неден қиналдым? Сұрақтары бойынша кері байланыс жасайды.

Степногорск қаласының №9 орта мектебі қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі Искакова Света Маштайқызы өз сабақтарында аталған технологияны қолдану арқылы жетістіктерге жетіп жүргенін айтады. Мысалы Д. Исабековтің «Ата үміті» («Дермене» повесінен үзінді) тақырыбын өту барысында СТО технологиясының «ой қозғау» стратегиясын қолданудан бастаған. Оқушылар ой талқысына түсе отырып, өзара пікір алмасады. Джигсо-I стратегиясын қолдану арқылы:

1. «Ата үміті» повесін әр топ бөліп алып топ ішінде оқиды, әр топ өз ішінде талдау жұмысын жасайды.

2. Шығарма кейіпкерлерінің тірлігін, мінез-құлқын, сезімі мен түйсігін

салыстырады.

3. Обал, сауап, адал, арам тәрізді ұғымдарды талдайды, айыра білуді үйренеді.

4. Әр топтың спикері әңгіменің өз бөлігін мазмұндайды.

«Ой қозғау» стратегиясын қолдану. Мұғалім әр топқа төмендегідей сұрақтар қойған:

1-топқа «Обал» деген не?

2-топқа «Сауап» деген не?

3-топқа «Имандылықты қалай түсінесің?».

4-топқа «Адалдық» деген не?

5- топқа «Адамгершілік қандай қасиет?».

Оқушылар топта өздеріне берілген сұрақтарды 5 минут талқылап келесі жауаптарды берді:

Ата-анамыз бізге «обал» болады деген сөзді көп айтады. Мысалы, нанның қиқымын шашсаң, күшікті немесе мысықты бекерге қинасаң, көктеп тұрған бұтақты сындырсаң обал болады дейді. Сондықтан да обал дегеніміз – жақсы нәрсенің қадірін біл, болмаса түбінде оның зардабын тартасың дегенді білдіреді деп ойлаймыз. Мысалы: Мына өздеріміз отырған парта әдемі, таза. Күнделікті сабақта пайдаланып жүрген оқулықтарды кейбір балалар жыртып, лас ұстайды, келесі жылы пайдалануға келмей қалады, жаз айларында ағаштарға салған құстың ұясын бұзып тастайды, біз қандай іс-әрекет жасадық? Партаны сызып, кітапты жыртып ұстағандарымыз, құстың ұясын бұзғанымыз обал іске жатады деп ойлаймыз. Порта, кітап еңбекпен жасалып келді, біз білмегендіктен обал іс істедік. Алдағы уақытта бұндай жаман істерден аулақ боламыз.

Сауап дегеніміз – жақсылық жасау, мысалы, далада бір кішкентай бала жылап тұр делік, сол баланы үйіне кіргізіп анасына табыс еттің, ол сауап іске жатады. Аулада құстың ұясынан балапаны түсіп қалыпты, оны мысық жегелі жатыр еді, біз барып оны көтеріп алып ұясына салдық. Біз сауап іс істедік деп есептейміз. Сауап – адамға жақсылық жасау, табиғатқа қамқорлық көрсету, жақсы іс істеу деген мағынаны білдіреді деп ойлаймыз.

Біз ата-ананы сыйлау, өзінді жаман қылықтардан аулақ ұстау, дөрекі сөйлемей, ұрлық жасамау, ата-анаңа және басқа да адамдарға көмек беруің имандылық деп есептейміз.

Адалдық – өзіңе сеніп тапсырылған жұмыстарға үлкен жауапкершілікпен қарау деп түсінеміз. Мектептің, сыныптың мүлкіне ұқыпты қарап, бүлдірмеуіміз керек. Өйткені ол қиянат жасау, әділетсіздік жасау, адал болмау – өз ісіне жауапкершіліксіз қарайтын адамдардың ісі екендігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Адамгершілік дегеніміз – адамды сыйлау, оған сену, үлкенге құрмет көрсету, кішіпейіл болу, қашан да әділ болу, адамдарға жақсылық жасау деп ойлаймыз.

Осы сабақ барысында Света Маштайқызы топтастыру стратегиясын қолдану әдісін көрсеткен. Әңгіме желісі бойынша оқушылар (топта) өз ойларының логикалық байланысын табу үшін басты кейіпкер Омашқа берген

сипаттамаларын қағазға жазып, тақтаға іліп жапсырып отырады. Сынып болып келісе отырып сипаттамалардан келесі қорытындыны шығарған: Омаш – қатыгез, ниеті жаман, пайда үшін ардан аттап кететін жан, озбыр, әлсіздерді пайдаланады, адамгершілік қасиеттерден жұрдай, обал, сауап дегендерді білмейтін, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді білмейтін, жүрегінде мейір-махаббаты жоқ опасыз жан.

Сонымен қатар сабақта мұғалім оқушыларды сыни тұрғыдан ойлау арқылы проблемалық сұрақтарды шешуге итермелейді. 1-сұрақ: Омаш Тоқсанбай мен Ергештерге неге қосылды? Оқушылардың жауабы: Тоқсанбай жасы келген қарт, Ергеш мектеп жасындағы балақай. Сенгіштігін пайдаланған Омаш оларды алдап, әрі қорқытып өзінің жеке пайдасына пайдаланды. 2-сұрақ: Тоқсанбай неден секем алды, кім үшін ол Омашқа кіріптар болды? Жауап: Омаштың істеген тірлігі адал еңбек еместігінен секем алған Тоқсанбай қарт немереме зияны тиіп жүрмесін деп кіріптар болды. 3-сұрақ: Торғайдың ұясын бұзып, жұмыртқасын жеп, балапанын отқа тастаған Омаштан не күтуге болады? Жауап: Торғайдың ұясын бұзып, жұмыртқасын жеп, балапанын отқа тастаған Омашқа Тоқсанбай бозторғайдың көз жасы жібермейтінін, оның да құдай жаратқан жәндік екенін, оның да обал, сауабы бар екенін айтып кейіп, ұрысқанымен ештеңе шықпады. Осындай қатыгез жанды адам баласы туған деп айтуға да аузымыз бармайды. 4-сұрақ: Омаш сияқты ниеті жаман, пайда үшін ардан аттап кететін адамдарды қалай дұрыс жолға салуға болады деп ойлайсындар? Балалардың жауабы: мұндай адамдарға ата-аналары уақыттары болмай көбірек көңіл бөлмеген, ненің жақсы, ненің жаман екенін ашып көрсетпеген, жақсылыққа үйретпеген деп ойлаймыз. Ал, мектепте жүргенде сабағын дұрыс оқымай, сабақтарға толық қатыспай оқшау өскен. Сондықтан да істеген ісі жаман деп ойлаймыз.

Осы жауаптардан келесідей қорытынды шығарған: ондай жандар адамгершілік пен адалдықты дүниеқоңыздық пен қатыгездікке айырбастап жібергендер. Сондықтан да ондай жандарға айтарымыз, адам дүниеге бір-ақ рет келеді, осы өмірінде ата-анасын сыйлап, үлкенді құрметтеуді үйренсе екен дейміз. Өзгелерден жақсылық пен жылылықты алсын деп тілейміз. Осындай тақырыптарды бізге көбірек оқытса, біз жүрегінде иманы бар, адал, адамгершілігі мол, елін, жерін сүйетін жастар болып өсеміз. Сондықтан да біз әдебиет пәнін жақсы көреміз.

Жарқайың ауданы Тассуат негізгі мектебінің Жұмабаева Сайрангүл Серікқызы сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік тәсіл, бұл одан кейін де әрекет жасауға негіз болады деп сипаттайды. Нәтижесі бойынша оқушылары аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасында, «Абай оқулары» жүлделі орындарды иеленген. Білім сапасы 60%-дан 70%-ға дейін өскен. 2014 жылы «Шешендік өнердің III кезеңі» деген тақырыпта А.Үкібаев атындағы орта мектептің 11-сыныбымен қонақ сабақ өткізді. «Білімділер» сайтына «Айтыс-халық тарихы» тақырыбындағы ашық сабағын жариялап сертификат алғанын; Республикалық

«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына «Шешендік өнердің III кезеңі» деген тақырыптағы ашық сабағы жарияланғанын айтады. Осы технологиямен жұмыс істейтін мұғалімдердің жұмыстары жинақталып, тәжірибе алмасу мақсатында кітапша ретінде таратылса деген ұсыныс айтады.

Шантөбе ауылы В. Комарова атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Құлнашарова Анар Есенбекқызы диалог негізінде білім беру мен білім алу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой пікірін жүйелеу мен дамытуына көмектесетін амал деп сипаттайды. Сабақта оқушылармен диалог құра отырып оқыту арқылы АКТ-ны, жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып, талантты және дарынды балалардың жұмысымен көшбасшыларды анықтауда оларды сыни тұрғыдан да ойлантуға болатынын байқаған. Негізгі мақсаты: диалогты оқыту арқылы оқушылар белсенділігін арттыра отырып, сабақ барысын басқа модульдермен ықпалдастыру. Оны мен «Біздің отбасымыз», «Байлық пен ақыл», «Жазғы демалыста», «Шие тергенде» тақырыптарында өткен сабақтарында қолданған. Әрбір сабақта сұрақтар қою арқылы оқушыларды жетелей отырып, өз ойларын айтуға, тақырыпты талдауға диалогті оқытудың тиімділігін түсінген. Жалпы өз тәжірибемде диалогтік оқыту әдісін алудағы мақсатым-оқушылардың ойын ашық жеткізуге мүмкіндік жасау. Нәтижесінде оқушылар белсенділігі артатынын айтады.

Ерейментау ауданы Олжабай батыр аулы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Назарбекова Сәуле Әнуарбекқызы сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде сабағында оқушылар арасында: - бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды; - өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға; - бір-біріне құрметпен қарауға; - өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға; - өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға; -мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға; - достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге; - белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланғанын айтады.

Егіндікөл ауданы Алакөл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Алпысбаева Гүлбану Аманбайқызы сын тұрғысынан ойлау әдісін сабақта қолдану оқушылардың өз ойын еркін жеткізе білуге жетелейді. Оқушы өзін еркін ұстап, өз ойын ортаға салып, сыныптастарымен ой бөлісуге үйренеді. Сонымен қатар мұғалім тек қана бағыт бер отырып, оқушы іс-әрекетін дамытады. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушының өзін қоршаған ортаға деген көзқарасы кеңейеді. Оқушы жай ғана ойланып қоймай, тереңінен ойланады. Әр нәрсеге ерекше көңілмен қарауға дағдыланады. Өмірге деген көзқарасы өзгереді. Ең бастысы, өз ойын айтуға талпына бермейтін балалар ашылып, еркін сөйлеуге үйренеді деп айтады.

Ерейментау қаласы №1 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Махметова Анар Закенқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыларды іздендіреді, ой-қиялын, пікірін айтады, өз өміріне, ортасына сын көзбен қарайды, өзгенің пікірін тыңдап үйренеді. Шыншылдық, адами құндылықтарды өз ортасында көрсете алады. Ұжыммен тығыз қарым-қатынаста болады,

мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтайды, ойын білдіреді, өз көзқарасын айтады. Оны тиімді қолдануға психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен келу керек деген ұсынысын білдіреді.

Ерейментау қаласы № 2 мектеп-лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Таугудретова Жанар Алғалиевна деңгейлік бағдарлама сындарлы оқыту технологиясына негізделген, бұл теория бойынша, оқушы алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда пайдалана біледі. Оқушы өз ойын еркін жеткізе біледі, өз пікірін дәлелдей алады, бұл пәннен алынған білімнің өмірде қажет болатынын түсініп, өздігінен ізденеді, пәнге деген қызығушылықтары артатынына көз жеткізген. Бұл бағдарламаны игерген ұстаз әрдайым ізденісте болуы керек, тек оқушымен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату керек. Бағдарлама идеяларын жүзеге асыруда мақсатты дұрыс қоя білу керек, мақсат мұғалім іс-әрекетіне емес, оқушы жұмысының нәтижелілігіне бағытталу керек деген ұсыныс айтады.

Осы мектептің әдебиеттік оқу пәнінің мұғалімі Мамбеталина Толқын Теміржанқызы бұл технология өз сабақтарында көз жеткізгендей, оқушыларға: еркін ойлауға мүмкіндік береді; жан-жақты ізденеді; тіл байлығы жетіледі; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; шығармашылық белсенділігі артады; ақыл ойын дамытады. Нәтиже: Озат ұстаз оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашылығы мол тұлға болып дамытынын айтады.

Дүкенбай Нұржамал Ерғалиқызы Ерейментау ауданы, Олжабай батыр ауылы орта мектебінің 5-9 сыныптарының математика пәнінің мұғалімі.

Мұғалім тәжірибесінде «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» технологиясын қолдануда. Сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер тәрізді жеті модуль, атап атқанда: «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану», «Талантты және дарынды балаларды оқыту», «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту», «Оқудағы басқару және көшбасшылық» модульдері өзара байланыста болады. Жеті модульмен жұмыс жүргізгенде жететін жетістіктер: мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады; оқушылар өздігінен ізденуге үйренеді; сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге машықтанады; материалды игеру деңгейін анықтайды және ынтасын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалады; өзекті мәселелерді терең барлауға бағыт беріледі; ақпаратты саралау мен жүйелеуге дағдыланады; оқушылардың шығармашылық белсенділіктері мен сыни тұрғыдан ойлау әрекеттері бағаланады.

Хасенова Дамежан Болатқызы - Ақкөл қаласы, №3 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын екі жылдан бері өз тәжірибесінде қолданып келеді. Бұл технология бірнеше стратегиямен жұмыс жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Технологияны қолданудағы мақсат: оқушыларды ойландыруға; өз ойларын ашық айтуға; пікір таластыруға /дебат/;

дұрыс сөйлей білуге; өздігінен жұмыс істеуге; оқушылар шығармашылығын дамытуға үйрету. СТО технологиясы үш кезеңнен тұрады: қызығушылықты ояту кезеңі - мұнда өткен тақырыптан не біледі, не айта алады, өткенді еске түсіру, ой қозғап, әсер ету кезеңі. Мағынаны ажырату кезеңінде нақты тақырыпты мұғалім сұрақ-жауап арқылы түсіндіре отырып, оқушыларды өз ойларын ортаға салып, жаңа сабақ, жаңа идеяны жүзеге асыруға талпындырады. Яғни оқушыға ескі мен жаңаны ұштастыру арқылы ойын кеңейтеді. Ой толғаныс кезеңінде оқушы не білгенін қорытып, саралап, бекіту арқылы білімін жинақтайды. Осы әдіс-тәсілдерді пайдалануда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, қорытынды жасауға, өз ойларын қысқаша, дәл және нақты жасауға көмектеседі. Осы әдіс-тәсілдерді пайдалануда оқушылар төмендегідей нәтижеге жетті: сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артты; оқушылар өздігінен іздену жолдарын үйренді; өз ойын сызба, кесте, суреттер, физикалық тәжірибелерді пайдалану арқылы еркін жеткізе алу дағдысын қалыптастырды; физикалық тілде сөйлеу мәдениеті дамыды; ізденуі іс-әрекеті қалыптасты; оқушылардың өздігінен жұмыс жасау ынтасы оянды; зертханалық және сарамандық жұмыстарды өздігінен жасауға дағдыланды.

Степногорск қаласының №9 орта мектебінің I санатты, II деңгейде сертификатталған, қалалық «Үздік педагог-2015» байқауының I орын иегері. «Биология» пәнінің мұғалімі Қожамжарова Айсара Бахытқызының қалалық байқауда өткізген сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегиялары: ой қозғау, топпен жұмыс, ой толғау, семантикалық картаны қолданған.

Сабақтың тақырыбы: Сүйектің құрылысы, құрамы, өсуі, байланысы. Буындар.

Сабақтың мақсаты: «Сүйектің құрылысы, құрамы, өсуі, байланысы. Буындар» тақырыбын өткенде оқушыларға сүйектің құрамы және өсуі туралы білім беру. Адам қаңқасы туралы алған білімдерін толықтыру, тірек-қимыл жүйесі туралы білімдерін, ойлау қабілетін дамыта отырып, гигиеналық тәрбие беру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті:

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту;
2. Оқушылардың өздерін-өздері оқыту арқылы білім беруге ықпал жасау, сыни тұрғыдан ойланту арқылы әр баланы қамтуға жағдай жасау;
3. Жаңа сабаққа белгілі бір ой қорытындылар жасау.

Әдісі: топпен жұмыс, сұрақ-жауап, баяндау.

Көрнекілігі: слайд, суреттер, плакаттар, маркерлер.

Сыныпты топқа бөлу. Тақтаға үш түрлі стикер жапсырып қоямын, оқушылар кабинетке кірген кезде ұнаған түстерін алып белгілі орындарына отырады.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру (тренинг).

Сәлеметсіздер ме, балалар. Қазір қыс мезгілі, күн суық, күннің көзі жоқ деуге болады. Ал біздің сынып бөлmemізде, қарандаршы, күннің көзі шығып тұр. Бір-бірлеріне жылы көзқараспен қарап жымындар, бір-біріңе бүгінгі

сабаққа сәттілік тілеңдер.

Бір оқушыға бағалау парағы және житон беріледі. Ол өз тобының оқушыларын бағалап отырады.

Қызықтырушылықты ояту

А) Үш топқа арналған сұрақтар.

I-топ.

1. Сезімтал жүйкелер жиынтығы қалай аталады?
2. Дыбыс сүйектері құлақтың қай бөлігінде орналасқан? (ортаңғы)
3. Бас сүйек қаңқасына жатады: (ми сауыты, бет бөлімдері)
4. Ми сауыты бөлімі қандай сүйектермен байланысқан? (маңдай, төбе, самай, шүйде)
5. Жаңа туған нәрестенің маңдай бөлімі қалай аталады? (еңбек)
6. Кеуде қуысын құрайтын сүйектер: (12 арқа омыртқа, 12 жұп қабырға, төс сүйегі)
7. Омыртқа саны: (33-34)

II-топ.

1. Көз алмасы қандай қабықшалардан тұрады? (сыртқы, ортаңғы, ішкі)
2. Дыбыс сүйектері қалай аталады? (төс, балғашық, үзеңгі)
3. Сүйек қанша жаста қатая бастайды? (екі)
4. Қолбасы сүйектерін ата. (білезік, алақан, саусақ сүйектері)
5. Білезікте қанша сүйек бар? (8)
6. Қысқа сүйектерге жатады: (омыртқа, алақан, табан, саусақ)
7. Омыртқаның құрылысы: (денесі, доғасы, қабаттары, өзегі)

III-топ.

1. Сипап сезу арқылы нені анықтаймыз? (пішінін, қаттылығын, тегістігін, жылы-суықты)
2. Рефлекс дегеніміз не?
3. Қалдық ретінде тұтасып кеткен омыртқа: (құйымшақ)
4. Жалпақ сүйектер: (жауырын, бас сүйектері, қабырға, төс, жамбас сүйектері)
5. Аяқ сүйектері: (ортан жілік, асықты жілік, шыбық сүйек, толарсақ, табан, башпай сүйектері)
6. Аяқ бұлшықеттерінің әлсіз даму әрекетінен, табан сүйектерінің жерге толық тиіп тұруы қалай аталады? (жалпақ табандылық).

Ә) Топ мүшелеріне үш түрлі сүйек үлгілері сипаттауға беріледі.

1. Бас сүйек қаңқасы
2. Қол сүйектері
3. Аяқ сүйектері

Б) Өтілген тақырыптарды пысықтауға арналған тест сұрақтары:

I. Орталық жүйке жүйесіне жатады:

А) көз; Б) жұлын; В) құлақ; Г) тері.

2. Ми бөлімдеріне жатпайды:

А) сопақша ми; Б) мишық; В) алдыңғы ми; Г) үлкен ми сыңарлары.

3. Мидан қанша жұп жүйке тарайды?

А) 12; Б) 10; В) 14; Г) 8.

4. Көздің қосымша аттары:

А) көз алмасы; Б) жас белдері; В) соқыр дақ; Г) сары дақ.

5. Құлақтың қай бөлігі түтік арқылы жұтқыншақпен жалғасады?

А) сыртқы құлақ; Б) ішкі құлақ; В) ортаңғы құлақ; Г) шытырман.

6. Адам қаңқасында қанша сүйек бар?

А) 200; Б) 180; В) 204; Г) 195.

7. Қанша сегізкөз омыртқасы бар?

А) 7; Б) 5; В) 12; Г) 4-5.

8. Жалпақ сүйек

А) жілік; Б) омыртқа; В) бас сүйектері; Г) табан сүйектері.

9. Омыртқа жотасында қанша иілім бар?

А) 4; Б) 2; В) 3; Г) 6.

10. Денесі жалпақ, әрі үлкен омыртқа:

А) мойын; Б) арқа; В) бел; Г) сегізкөз.

Жаңа сабақ.

1. Сүйектің құрылысы.

2. Сүйек тығыз және борпылдақ дәнекер ұлпалардан түзіледі. Сыртында болатын сүйек қабы арқылы сүйек жуандап өседі, екі шетіндегі шеміршекті қабатындағы жасушаның бөлінуінен сүйек ұзарып өседі.

Ой қозғау. Оқушыларға сұрақ қоямын.

1. Сүйек қандай қызмет атқарады?

2. Сүйек қатты, сүйектің қаттылығына қандай химиялық элемент қажет?

Жаңа сабақты меңгерту (слайд)

Сүйектің құрамында 50% су, 12,5% оссейн, 21,8% минералды заттар, 15,7% май болады. Не себептен циркке, балетке, спортқа жастайынан баулитынын түсіндіру.

Сүйектің байланысы:

1. Қозғалмайтын байланысқа - ми сауыты, сегізкөз сүйектері жатады.

2. Жартылай қозғалмалы - шеміршектер арқылы омыртқалар жатады.

3. Қозғалмалы немесе буындық байланыстарға - аяқ-қол сүйектерінің байланысы жатады.

Ой толғау.

1. «Сөз сүйектен өтеді», «бес саусақ бірдей емес», «сүйек жаңғырту» деген сөздердің мағынасын қалай түсіндіресіңдер?


2. Тақырыпқа байланысты қазақ халқының қандай мақал-мәтелдерін білесіңдер?

Оқулықпен жұмыс + топпен жұмыс (1 тапсырма) кластер құру

Топпен жұмысты бастамас бұрын топ мүшелерінің атқаратын жұмыстарын бөліп беру. Баяндамашы, уақыт белгілеуші, безендіруші.

Буын - деп сүйектердің қозғалмалы байланысатын жерін айтады. Буын қапшығындағы сұйықтықтың қызметімен оқушыларды таныстыру.

IV. Сабақтағы жаңа материалдарды оқушылардың қалай меңгергенін тексеруін арналған тапсырмалар.



4) Сандар нені білдіреді?

20-25; 50%; 12,5%; 21,8%; 15,7%; 230.

Әр топқа тақырыптың мазмұнына байланысты жағдаяттар беру. Оқушылар жұппен, топпен талқылап қағаз бетіне түсіреді. Оны топтағы баяндамашы қорғап шығады.


1-топқа «Сүйектің құрамы» бойынша жұмыс жасайды

2-топқа «Сүйектердің байланысы» бойынша жұмыс жасайды

3-топқа «Буындар» бойынша жұмыс жасайды

Орындап болған соң әр топ баяндамашылары ортаға шығып қорғайды, басқа топтар мұқият қарап, тындап бағалау критерийлерін құра отырып бағалайды.

Дәптермен жұмыс + интерактивті тақтамен жұмыс (2 тапсырма) сызбанұсқа



Оқушылар дәптерлеріне орындайды, әр топтан кезегімен бір оқушыдан шығып тақтаға жазады.

Интерактивті тақтамен жұмыс (3 тапсырма) сөйлемді толықтыру.

Ағзалық заттар сүйекке ... иілгіштік, серпінділік ... қасиет береді.

Бейорганикалық заттар сүйекке ... беріктік ... қасиет береді.

Адамның жасы ұлғайған сайын сүйегінде ... ағзалық ... заттар азайып ... минералды ... заттар көбейеді.

Тәжірибе (мұғалім) Оқушылар қауіпсіз техника ережелерімен жылдың басында таныстық, сондықтан қауіпсіз техника ережелерін сақтаймыз. Алдарында берілген сүйектер жуылған, қолдарын күйіп қалмайды, ұстап

көреміз.

Сабақты бекіту. Семантикалық карта толтыру (3-кесте).

3-кесте – Семантикалық карта

Сүйектер	Орналасуына қарай			Құрылысына қарай			Байланысуы		
	Бас	Тұлға	Қол-аяқ	Ұзын	Қысқа	Жалпақ	Қозғалмайтын	Қозғалмалы	Аз қозғалатын
Орган жілік			+	+				+	
Омыртқа		+			+				+
Жамбас			+			+	+		
Самай	+					+	+		
Қабырға		+				+			+
Тоқпан жілік			+	+				+	

Қорытынды (слайд)

Сүйектің сырты – тығыз ұлпадан, ішкі бөлімі кеуекті ұлпадан құралады. Құрамы органикалық және бейорганикалық заттардан тұрады. Адам денесінде 230-дан астам буындар бар.

Бағалау: әр топтың бағалаушыларына сөз беремін, өзім де бағаларын айтамын.

Үй тапсырмасы: §25 оқу. «Сымбаттылық – сұлулық» тақырыбына эссе жазу.

Рефлексия. Сабақтан алған әсерлерін, өз ойларын стикерлерге жазып тақтаға іледі.

Жарқайың ауданы, Далабай ауылы, Омырлық орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі Құрмашева Айгүл Жаңабергенқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарында оқушылардың таным белсенділіктері мен ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында жиі қолданады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мақсаты: білімге құштар, ой-өрісі еркін дамыған ашық қоғам азаматтарын тәрбиелеу. Бұрынғы әдетке айналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, қазірде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс. Мұғалім оқушыны оқытпайды, ол өздігінен оқып білім алуы қажет деп есептейді. Сол арқылы оқушы өз қажеттігін біліп, өз жолын таңдап, жетістікке жетуге мүмкіндік алуда. Ал, мұғалім әр оқушының жеке қызығушылығын және қабілеттерін ашуға көмектеседі.

Оқушының өз бетінше еркін ойлауын, ой өрісін дамытуда төмендегідей қағидаларды ұстанады: 1. Оқушы мен мұғалім арасындағы тепе-теңдік жағдай болу қажет, екі тұлға да – үйренушілер, үйретушілер. 2. Оқушыны өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін құрметтеу. 3. Оқушының ойлау, талдау, іздену қабілеттерін арттыру. 4. Сабақта шешуші рөл атқаратын оқытушы емес, керісінше, оқушы екені туралы пікір қалыптастыру. 5. Әрбір оқушының білім дәрежесін басқа оқушымен салыстыру емес, оқушының кешегі нәтижесін бүгінгі және ертеңгі нәтижелерімен салыстыру арқылы даму динамикасына мониторинг құру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ережесі: 1. Тыныштық. 2. Жылдамдық. 3. Белсенділік. 4. Ұйымшылдық. 5. Толық қатысым. 6. Уақытпен санасу. Оқушылардан осы ереженің орындалуын талап етіледі.

Сабақ кезеңдерінде қолданылатын стратегия: Мұғалім оқушылардың таным-белсенділігін «іске қосып», одан туындаған ойды шешуге бағыттау үшін сол ойдың белгілі жақтары болуы керек және шығармашылық іздестіруге, ойлануға итермелейтін бастапқы мәліметтері болуы тиіс деп есептейді. «Кубизм» стратегиясымен сабақ өткізу үшін оқушылар 6-топқа бөліп отырғызылады. Мысалы осы стратегияны қолдана отырып 9-сыныптың «Майлар» тақырыбында өткізілген химия сабағында мағлұматтар кубиктің алты қырындағы тапсырмаларға сәйкестестендіріліп қарастырылды.

Әр топ кубикті лақтыру арқылы оқушылар тапсырмаларды анықтады. 1. Ассоциация: «Майлар» сөзін естігенде көз алдына не елестейді? (қызығушылық ояту) 2. Суреттеу: Майлардың физикалық қасиеттері суреттеледі. 3. Талдау: Майлардың химиялық қасиеттері талданып, реакция теңдеулері жазылады. 4. Дәлелдеу: Майдың шығу тарихы. Майдың құрамын анықтап, дәлелдеген, синтездеген ғалымдар (М. Шеврель, М. Бертло) туралы айтылады. 5. Ұсыныс: Майлардың не үшін қолданылатыны айтылды. 6. Салыстыру: Венн диаграммасы қолданылды, екі затты алып өзара салыстырылды.

Мысалы: Карбон қышқылы мен майды салыстыру. Эссе стратегиясы арқылы да оқушылардың ойлау біліктігін арттыруға болады. Эссе жазу – берілген тақырыптың ішкі сырын терең түсініп, өз пікірін, ойын дұрыс жеткізу, сабақта берілген дәлелдемелермен бекітіп, оқылған тақырыптың негізгісін көркемдеп жазу және сол арқылы өмір, болмыс сырын қалай түсінетіндігі жайында ойын ашық білдіру. Мұғалім «Майлар» тақырыбын бекіту мақсатында оқушыларға эссе жазуды мысал ретінде ұсынады. «Майлар» тақырыбына жазған оқушының эссесінде оқиға былай өрбиді. Ертеде химия елді мекенінде органикалық зат ұлтынан шыққан Май деген бір толық қыз болыпты. Оның анасының аты Глицерин, әкесінің аты Карбон екен. Майдың сыныптастары көп болғанымен, тұйық мінезі май Сумен ойнағанды ұнатады. Су екеуі гидролиз ойынын ойнауға еш жалықпайды екен. Майдың көршілері – органикалық еріткіштер. Май олармен ойнамаған соң, олар кей кездері дөрекілік танытып, ренжітіп кетеді. Достары Майдың үйіне қонаққа барғанды ұнатады, себебі Май оларды тамаққа тойғызып үйлеріне қайтарда маргарин мен майонез беріп жібереді, кей кездері сабын, олифа, бояу, лак сияқты сыйлықтарды да беріп отырады екен. Бұл эссені оқушылар өз қиялдарына ерік беріп, майлардың химиялық қасиеттеріне сүйене отырып, әрі қарай жалғастыруларына болады.

Ал «Білемін, білгім келеді, үйрендім» әдісі мынадай қадамдардан тұрады: 1. Оқушы тақырып бойынша білетін білімдерін жинайды. 2. Нені білгісі келетінін жазады, сұрақ қояды, «білгім келеді» бағанын толықтырады. 3. Қойылған сұрақтарға, мәтінді оқи отырып жауап береді, «үйрендім» бағанын толтырады. 4. Ой-толғаныс (эссе, баяндама немесе тәжірибе жасау). Мұғалім оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сахналық қойылым

стратегиясын қолданып отырады.

Мысалы: «Судың қасиеттері» тақырыбын өткенде, су туралы ертегі қойылымы көрсетіліп, оқушының тақырыпқа деген қызығушылығы арта түскен. Су туралы ертегінің мәтіні мынадай: Менделеев деген жерінде, Химия деген елінде 109 элемент өмір сүріпті. Ішінде ай десе аузы бар, күн десе көзі бар Оттегі деген сұлу өмір сүріпті. Бір күні Оттегі өзінің оққағары Темірмен серуенге шығады. Сол мезет бұлардың жанынан атымен Аш Сутекұлы шауып өтеді. Сұлуды көріп ол табан астында ғашық болады. Ұзақ уақыт олардың соңынан андып жүреді. Бірде Темір Феррумұлының бір сәтке кетіп қалғанын пайдаланып, сұлуға өзінің жүрекжарды сөзін айтады. Сезім билеп тасимын, Тасығанда тотығам, Ғашығым саған асығам. Сені ойлап тыным болмай, Жүрегім аттай тулайды, суда жүзіп екеуміз, теңіз болып шалқиық. Өзіне солай ант етем, Қосылып мәңгі бірге өтем. Сол кезде Темір Феррумұлы қайтып келіп қанды шайқас басталып кетеді. Ғашықтың сөзіне еліткен сұлу шайқастың артын тағатсыз тосады. Міне, қылышымен бір сілтеп, темір Сутектің бір қолын кесіп түсірді. Кесілген қолды қапшыққа салып алып, қансыраған жауын тастап, масайрап шаба жөнелді. Содан бері Сутек I валентті де, Темір II және III валентті. Шайқастың жеңілісіне қарамай, Оттегі Сутегіні қалады. Екеуі қосылып, H₂O суға айналады (кестеден көрсету). Осылайша ертегіні әр топ өз қалауынша әрі қарай өрбітуіне болады. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, мәселелік жағдайға енгізу, жалпы талқылау, топпен бірлесе жұмыс істеу және өз мүмкіндігін ортаға салу, өзін және өзгені бағалай білу дағдыларын қалыптастыра отырып, оқушыларды белсенді іс-әрекетке тәрбиелеуге болады.

Мұғалім сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа алады: оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру; жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу; ойлау қабілетін дамытатын есептер беру; қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру; оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру. Сонымен қатар, жекелей жұмыстар, жұптық, топтық жұмыстар арқылы өз ойын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру, ойланып жауап беру, жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, білім деңгейінің жоғарылауына әсерін тигізеді.

Технологияны қолданудың нәтижелілігі: Жаңа технология элементтерін химия сабағында тиімді пайдалана отырып, мынадай жетістіктерге қол жеткізілді:

1. Оқушының ойлау, елестете алу қабілеттерін қалыптасты.
2. Өз ойын жеткізе білуді, тақырыпты талдай білуді үйренді.
3. Дүниетанымы тереңдей түсті.
4. Өмірмен өзіндік ойының байланысын нығайды.
5. Шығармашылық ізденіске жол ашылды.
6. Топтағы білім сапасын арттыруға қол жеткізілді.
7. Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары едәуір артты.

2013-2014 оқу жылында білім сапасы 28-50% болса, 2014-2015 оқу жылында 48-60% көтерілді. Оқушылардың әр түрлі интеллектуалды байқауларының сапалы көрсеткіштері: 2014-2015 оқу жылы Химия пәні

бойынша халықаралық қашықтықтағы олимпиада байқауынан жүлделі орындар мен сертификаттарды иеленді. Аудандық ғылыми жобалар сайысында жүлделі орын алған оқушысы облыстық ғылыми жобалар сайысына жолдама алды.

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Ақтасты селосының Абай атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ибрагимова Майра Жеңісқызы сабақты осы технологияны кеңінен қолданады. Оның айтуынша, бұл педагогикалық жаңа технологиялар бастауыш сынып мұғалімдеріне мынадай қағидаларды ұстанады: оқуға шығармашылықтың енуі, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасалуы, яғни жеке тұлғаға бағдарланған оқу, тұлға дамуының сыртқы әсермен бірге оқушының ішкі түрткілері негізінде жүргізілуі. Жаңа технологиялардың негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқу мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; әр оқушының, оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту; барлық оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Сонымен қатар СТО сабақтары оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді, олар күрделі процестерді талдап, оларға дұрыс баға береді. Оқушылар мен мұғалім арасында өте жақсы ынтымақтастық орнайды.

Мәртүк қаласы Родниковская орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Есжанова Сабила Мыңбайқызы: «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясының ұстаздарды қызықтырғаны – баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Оның дәлелі ретінде мектептегі 4-сыныптың «Отбасы-шағын қоғам» тарауы бойынша өткізілген тәжірибелік сабағы: «Отбасы», «Туған-туысқандар», «Баланың ата-ана алдындағы парызы», «Атаңа не істесең алдыңа сол келер» тақырыптары бойынша жоспар құрылды. Тізбектелген сабақты жоспарлаудағы мұғалімнің жалпы мақсаты -жеті модуль идеяларын ықпалдастыра отырып отбасы, туған-туысқандар туралы білімдерін кеңейту, ата-ана алдындағы парызын білу керектігі жөнінде білім беру. Туған-туысқандар атауларын ажырата білу, ата-ана алдындағы перзенттік парызды өтеу туралы сын тұрғысынан ойлауын дамыту. Балаларды ұйымшылдыққа, АКТ пайдалануға, жұпта, топта жұмыс жасауға, талдауға, ауызша баяндай білуге тәрбиелеу екендігін айтады. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі бойынша жоспарлы түрде сабақтарын өткізген ұстаз, тізбектелген сабақтар тақырыбы «Отбасы» болғандықтан әр сабағында «менің жанұям», «менің туысқандарым» деп топқа бөліну арқылы өз отбасын, туысқандарын қалай жақсы көрсе бөлінген топтарын да сондай сезіну керектігін түсіндірген. Топтардың алдарына берілген ноутбуктен киіз үйді көрсетіп: Суреттен не көріп тұрмыз? Бұны кімдер пайдаланған? Не үшін пайдаланған? деген сыни сұрақтарға жауап алып барып сабақты бастағаны туралы. Сабақты «Киіз үй

жабдықтары» арқылы ынтымақтастықпен бастап, топтарға бөлінуде де осы тәсілді қолданады. Бұл технологияда оқушы өз топшылауын, өз пайымын еркін білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, өз пікірін, өз тоқтамын жасайды.

Ақтөбе қаласындағы № 2 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Искакова Шынар Смаилқызы осы технология негізіндегі сабақ процесінде мұғалімнің жүйелі тапсырма беруге ұмтылуы, оқушыны басқа жақтарынан тануы, өзін жетекші бағыттаушы ретінде тануы, өзі білмейтін ақпараттарды меңгеруі, оқушының жұмысын бағалауы сынды нәтижелерін көрсеткен. Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалану оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан сабақтарында «кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы» стратегияларын жиі пайдаланатынын сөз етеді.

Әйтеке би ауданы Басқұдық орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Түрежанова Гүлбану Кеңшілікқызы, өз сабақтарында қолданып жүрген технология туралы нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, ізденіс, дайындалу, үйрену, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі деп түйіндейді. Тәжірибеде сын тұрғысынан ойлауға жетелеу негізінен үш бөліктен тұрады: біріншіден, өзіндік және жеке ойлау. Екіншіден, оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін. Үшіншіден, сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталатындығын айтады. Нәтижесінде сын тұрғысынан оқу мен жазу бағдарламасы құрылымы бойынша ұйымдастырылған баланың ізденімпаздық, зерттеушілік, дәлелдеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытатына көз жеткізген.

Әйтеке би ауданы, Ақтасты ауылының Абай атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қожағұлова Ардақ Мергенбайқызының айтуынша педагогикалық жаңа технологиялар: оқуға шығармашылықтың енуі, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, жеке тұлғаның дамуына жағдайдың туғызылуы, яғни жеке тұлғаға бағдарланған оқу, тұлға дамуының сыртқы әсермен бірге оқушының ішкі түрткілері негізінде жүргізілуі. Соның нәтижесінде СТО сабақтары оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді, олар күрделі процестерді талдап, оларға дұрыс баға береді. Оқушылар мен мұғалім арасында өте жақсы ынтымақтастық орнайды.

Сабақ өту барысында сыныппен жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс жасай отырып жеке тұлғаны әлеуметтендіру және даму бағытын зерттеуді өзіне басты қағида етіп алған Ақтөбе қаласы №30 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Бибитова Нұргүл Теміржанқызы СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білім беру білім сапасын арттырудың, оқыту мақсатында жетудің бірден-бір жолы. Бұл технология негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды айтуға

үйренетінін айтады.

Ақтөбе қаласы № 19 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қожанова Ұлболсын Садуовна осы технологияның көптеген әдіс-тәсілдерін: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру /ой қозғау, «инсерт» кестесі/; берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс / эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б стратегиялар/; әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға /Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы/; қиялдау арқылы сурет салғызу /сурет салу стратегиясы/; кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу / авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы; шығармада екі кейіпкердің қарама-қарсы элементтерін сипаттау /қарама-қайшы элементтер стратегиясы/; Өлең шумақтарын құрастыру /5 жолды өлең/ сабағында қолданатынын айтады. Осы тәсілдер бойынша өткізілетін сабақтарының алғы шарттары: сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау; сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағалау; қиялын дамыту үшін «Менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру; әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау; тіл байлығын дамыту үшін қалайда жауабын соңына дейін тыңдау; жауап беруге тілек білдірмеген баланың өз еркінсіз, қинап сұрамау; жеке тұлға ретінде «Мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру. Нәтижесінде қазіргі оқушының: сабаққа қызығушылығы артады; нақты өз деңгейінде бағаланады; жеке қабілеті айқындалады; өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді; даму мониторингі айқын көрінеді.

Осы технологияны өз сабағында қолданатын Ақтөбе қаласының №45 орта мектебінің жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Байдрахманова Нұржамал Сайлауқызы технологияның әдіс-тәсілдері заман талабына бағытталған нақты мақсаттарды негізге ала отырып оқытуды талап етеді. Жалпы ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты қолдануға, талдауға, жинақтауға және бағалауға бағытталғанын айтады. Оның нәтижесі ретінде оқушылар еркін ойлауды сезінгенде ғана түрлі идеялар мен көзқарастардың пайда болатыны анықталған. Сонымен қатар оқушы өздігінен оқу материалын талдап, салыстырып, қорыта білуге үйрету, алған білімінің өмірге қажет екенін түсіну, өмірде болып жатқан үдерістерге өзіндік ой-пікір қалыптастыруы айтылады. Ұсынылған әдіс-тәсілдерді тәрбие жұмыстарында қолдану сабақтың негізгі мақсатына жетуге үлкен септігін тигізетінін айтады.

Сыни тұрғыдан ойлау – ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты қолдануға, талдауға, жинақтауға және бағалауға бағытталған деп атап көрсеткен Ақтөбе қаласының №45 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Тажиева Шынар Серікқызы сыни тұрғысынан ойлау технологиясын негізінен ауызша сабақтарда қолданатынын. Сауат ашу пәнінен балалар суретті көре отырып сол зат бойынша өз ойын айтады, өзі тек сол зат бойынша жана затты толықтырып отыратынын айтады. Оқушылар сабақта еркін ойлауды сезініп, түрлі идеялар туындап, жаңа көзқарастар пайда болады. Сауат ашу пәнінен балалар тірек сөздер арқылы өлеңдер шығарып, оны газет беттеріне

жариялап жүргені де СТО қолданудың нәтижесі деп біледі. Сондықтан сыни тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі оқушы білімді терең түсініп, өзіндік ой қорытып, соны өмірде қолдана алатын мүмкіндікке ие болуында деп түсіндіреді.

Осы технологияны сабағында қолданып жүрген Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Наурызова Аягөз Кәдірбекқызы «Фишбон» немесе «Балық қаңқасы» әдісі бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасауға тиімді екенін, нәтижесінде оқушылар ақпаратты терең меңгереді, талдайды, қорытады, бағалайды, сонымен қатар сабаққа деген қызығушылығының артатынын атап көрсеткен.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданған Ақтөбе қаласының №45 ора мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Махамбет Шамшырақ Томатқызы сыни ойлаудың қалыптасу тарихы сыни философия техникасының ажырамас бөлшегі ретінде көне диалог тәжірибесінде айтылған. 2000 жыл бұрын қалыптасқан сыни техниканы әуелі Аристотель «орган» (мүше) деп атаған, кейін мәдениет тарихында «логика» (қисын) атауымен бекітілген ойлаудың негізі болды. Формальды логиканың нәтижесінде ХХ ғ. екінші жартысында осы сыни техника сыни ойлаудың негізі болған. Сыни ойлау әрекетінің жүйелілігі, қабылдаушы фактілерге, нормаларға немесе құндылықтарға бағытталған сөйлеген сөздерді немесе айтылып жатқан әңгімелердің жүйелерін анықтау мақсатында тексереді деп пайымдайды. Сабақта оқушыдан өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет. Тек сонда ғана олар: – Мен осы мәселе туралы не ойлаймын? – Осы мазмұннан алған ақпарат менің бұрынғы білетіміме сәйкес пе? – Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті, - деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді. Сын тұрғысынан ойлау жобасының көптеген әдіс- тәсілдерін: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру (ой қозғау, «инсерт» кестесі); берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс (эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар т.б. стратегиялар); әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға (Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы); қиялдау арқылы сурет салғызу (сурет салу стратегиясы); кейіпкерге мінездеме беру өз ойын жазғызу (авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы; шығармада екі кейіпкердің қарама-қарсы элементтерін сипаттау) қарама-қайшы элементтер стратегиясы; өлең шумақтарын құрастыру (5 жолды өлең) қолданады. Сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалану нәтижесінде қазіргі оқушының: сабаққа қызығушылығы артады; нақты өз деңгейінде бағаланады; жеке қабілеті айқындалады; өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді; даму мониторингі айқын көрінеді деп атап көрсеткен.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын 2007 жылдан бастап қолданатын Хромтау қаласының №5 гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Есмурзина Лена Сериковна бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішіндегі бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге,

шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу нәтижесінде оқушылардың өз ойларын еркін айтып, көргендерін, бақылағандарын ортаға салып өз пікірлерін қорғай алатындықтарына көз жеткізген. Сонымен қатар егер бұрын нашар оқитын оқушылар үндемесе, сыртта, тасада қала берсе, қазір олар үнемі үлкен тілекпен, қызығушылықпен сабаққа кірісетін болғанын байқаған. Жақсы дайындалуға тырысты, қосымша әдебиеттер оқиды, жұппен, топпен жұмыстарға қызығып араласады. Оқушылардың өздері сыныптың жақсы жұмыс жасайтынын, сабақтың қызықты өтетінін, сыныпта терең білім берілетінін, ал мұғалім сыныпта жылы атмосфера орнатып, бірде-бір баланы жұмыссыз қалдырмайтынын атап айтты. Бұл технологияны қолдануда оқытудың да тиімділігі көтеріледі, мұғалімдердің әріптестері арасындағы беделі өсіп, ол туралы ата-аналардың пікірі де жақсы болатынын айта отырып, әріптестеріне осы технология стратегияларын сабақта үнемі қолдануға кеңес береді.

Ақтөбе қаласының №29 орта мектебінің бейнелеу пәнінің 5-11 сынып мұғалімі Күзенов Бердібек Лұқманұлы сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Жеке, топтық жұмыстар әзірлеу, эссе, бақылау жұмыстары, әртүрлі кесте, модельдер жасап қорғау, дискуссия, пікір алмасулар сияқты танымдық-рефлексиялық әрекеттер арқылы оқушылар өздері үшін маңызды болған мәселелерді туындайды. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл біздің дамуымызға мүмкіндік беретін ерекше қабілет екендігін және әлеуметтік ойлау болып табылатынын айтады. Сабақ сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделген болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз деген пікірін білдіреді. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі немесе философ Хана Арендтің жазуынша «тек кімде кімнің қатысы болғанда ғана кемелге жетуге болады». Басқалар таласып оқығанда, талқылап, қарсы пікір айтқанда немесе ой бөліскенде біз көзқарасымызды дәлелдеп, оған терең бойлай түседі. Сыни тұрғыдан ойлау анықтымасының бес пунктiнiң барлығы оқу әрекетiнiң кез келген түрiнде орын алуы мүмкiн деген ұсынысын бiлдiрген.

Ақтөбе қаласының №51 гимназиясының 8-11 сыныптардағы тарих пәні мұғалімі Хайруллина Индира Закариевна өз сабағында 2009 жылдар аралығында сын тұрғысынан ойлау және ақпараттық коммуникациялық технологияларды кенінен қолданады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының көп стратегияларын барлық пәндерге, әсіресе тарих сабақтарында қолданудың тиімді тұстары көрсетілген. Мәселен, үш бөлімде қолданатын стратегияларды таңдап алып, уақытқа бөліп қолдану ерекше маңызға ие. Топпен жұмыс жасау арқылы қызығушылығының артатынына көз жеткізген. Сонымен қатар интерактивті тақта, жеке ноутбуктерді қолдану сабақтардың сапасын арттыратындығы айтылады. Бұл технологияны қолдану бойынша мұғалімнің ұсынысы СТО стратегияларын пайдаланғанда бағалау критерийлерінің нақты көрсетілуін сұрайды.

Ақтөбе қаласының № 45 орта мектебінің бейнелеу өнерінің 1-7 сыныптардағы мұғалімі Кулданова Ильмира Сисенбиевна сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясына үш кезеңнен тұратын сабақ түрі жатады. Бейнелеу өнері сабағына көбінесе үш кезеңді қолданатынын. Яғни қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс. Психологтардың пікірінше, сабақтың мұндай түрі оқушының тез қабылдауына жақсы әсер ететінін айтады. Жаңа технологияларды меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабағында тиімді қолданатын Ақтөбе қаласының №8 орта мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Серікова Айдана Бағданбекқызы сабақтағы өзекті мәселе оқушылардың грамматикалық білімдерін арттыра отырып, ағылшын тілінде ауызша сауатты да еркін ойын жеткізе білуге үйрету, қазіргі заман талабына сай ағылшын тілін еркін түсініп, сөйлей білу қабілетін дамыту. Осы мақсатқа жетудің ең алғашқы жолы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары мен ағылшын тіліне деген құштарлықтарын ояту деп есептейді. 2014 жылдан бастап сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданады. Кембридж бағдарламасының Джиксо, Инсерт, ЗУХ, 5 минуттық эссе, кластер сияқты әдіс-тәсілдерін үйреніп, сабақтауына қолдана бастаған. Топтық жұмыстар, жеке жұмыстар жүргізеді. 2014-2015 оқу жылында СТО технологиясын қолдана отырып 5-сыныпта «*Sightseeng in London*» тақырыбындағы ашық сабағына сын тұрғысынан ойлау технологиясын, Кембридж әдіс тәсілдерін қолданғанын айтады. Сабақтың мақсаты: оқушылар Лондонның көрнекі жерлері туралы мәлімет беру, өз ойларын ағылшын тілінде жеткізе білу. Сабақ саяхат сабақ ретінде өтті, топтық жұмыс, жеке тапсырмалар болды. Үй тапсырмасы мен жаңа сабақ ЗУХ арқылы тексеріліп, балалар топқа бөлініп өздеріне берілген мәтіндерді оқып түсініп, Джиксо әдісі арқылы бір-бірімен ой алмасты. Диалог құрастырды. СТО технологиясын қолдану арқылы 6-сыныпта өткен ашық сабақтың негізгі мақсаты оқушылардың мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін дамытып, топ болып жұмыс жасауға дағдыландыру, өз ойларын толық бөлісуге, толық жеткізуіне мүмкіндік туғызу, сабақтағы белсенділіктерін арттыру. Топ болып жұмыс істеу барысында бір-бірінің ойын еркін, толық айтуға/тыңдауға, сыйласуға және топ болып жұмыс жасаудың ережелерін ұғындыру деп атап көрсетті, сонымен қатар өзінің де басқаның да жауабына сын тұрғысынан баға бере отырып, құрмет көрсетуге бағыт беретінін айтады. Соның нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып, ашық

сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастады. Өздеріне сенімсіз, бұйығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастады. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын, әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, сабақ барысында ең басты тұлға оқушы екенін түсінген. Тәжірибелі мұғалімдері СТО технологияларын қолдана отырып, жас мамандарға көбірек семинар сабақтар өткізсе деген ұсынысын білдірді.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Ақтөбе қаласының №37 орта мектебінің шет тілінің мұғалімі Күлдыбаева Клара Сейдағұлқызы. Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткізгенін айтады. Осы бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Оқыту мен оқу үдерісінде «сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасында жұмыс жасауды бастаған мұғалімдер бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтсе, оқушылар сабақтардың қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Нәтижесінде мектептегі оқу үрдісінің жетілуіне, өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие, жаңа мазмұндағы білім беру жолында ұстанған бағыты «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Себебі бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Мұғалімдер бағдарламаның негізгі ұстанымдарымен хабардар, сондай-ақ бірінші деңгей бағдарламасында мектеп базасында кеңейтілген зерттеу жүргізу арқылы мектепті дамытуды жоспарлау мен желілік қоғамдастық аясында ынтымақтастық орнату мәселелеріне бағытталғанын айта отырып, сонымен қатар өзінің мектепті дамыту жоспарының жобасын, бағытын анықтап, әріптестерімен кеңесудің жоспарын құрғанын айтады. Осыған байланысты әріптестеріне оқыту мен оқудың тиімді тәсілдерін ұсына отырып тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауда осы әдіс-тәсілдерді енгізуді және оны сабақ барысында қолдану арқылы жүзеге асыруды ұсынады. Сын тұрғысынан оқыту бағдарламасы стратегиялардан тұратындықтан, оның бағдарламада қолдануға болатын стратегиялары өте көп. Бұл стратегияларды мектептегі тәжірибе кезінде әріптестерінің тәжірибесінде өте аз екенін, дәстүрлі сабақ қағидастарын ұстанатынын анықтай отырып, бағдарлама аясында қамтылған жеті модульді сабақ жоспарында ықпалдастыруды, құзыретті оқытудың маңызды факторын ұсынатынын айтқан. Осыған байланысты әріптестеріне оқыту мен оқудың тиімді тәсілдерін ұсына отырып тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауда осы әдіс- тәсілдерді енгізуді және оны сабақ барысында қолдану арқылы жүзеге асыруды айтады.

Әйтеке би ауданы Қарашатау орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Әбішова Майра Елубайқызы «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін, оқушылар - оқудың қызықты, ұжымды бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығын артатындығы байқалады. Бұл стратегияларды қолданудағы міндеті – баланың өзіне деген шығармашылық қабілетін дамыту, өзін тұлға ретінде сезінетіндей мүмкіндік ашу. Өзін тұлға ретінде сезінген бала әрқашан өмірде өз жолын таба алады. Осы технология мен дәстүрлі сабақтан шығатын нәтижені мына кесте арқылы салыстыруға болады: Дәстүрлі сабақтар Мұғалімнің әдістері Оқушының іс-әрекеті Тақырыпты түсіндіреді. Мазмұнын айтып береді. Кейіпкерлер туралы айтып береді. Кейіпкерге мінездеме береді. Мәтіннің идеясын анықтайды. Оқулық бойынша мұғалімнің түсіндіргенімен байланыстырып айтады. Мәтіннің көркемдік ерекшелігін мысалдар арқылы түсіндіреді. Мәтіндегі негізгі сөздерді тауып, айтып береді, дәптерлеріне жазады. Тақырыпқа шығарма жазуды тапсырады. Шығарма жазады. Сабақты қорыту сұрақтары жалпы қойылады. Жауап береді. *RWCT* сабақтары Мұғалімнің әдістері. Оқушының іс-әрекеті. Топқа бөліп, ой қозғайды. Ұжыммен жұмыс жасайды. Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды. Мәтінмен өздері танысады. Мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады. Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді. Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды. Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады. Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды. Өз ойларын жазуды ұсынады. Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді. Ойларын қорытуға бағыттайды. Өз тұжырымдамасын жасайды. Міне осындай жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың арқасында оқушылардың белсенділігі артып, жан-жақты дамиды, пәнге деген қызығушылықтары арта түседі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді де, білікті оқушыларды тәрбиелеуге болады. Ол үшін ең бастысы мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Әйтеке би ауданындағы Т. Жүргенов атындағы орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Жұрамбаева Гүлжанат Хабибуллақызы сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағыттылған пәндік шешім. сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деп сипаттайды. Сабақтың тақырыбы бойынша оқушылардың пікірін білу, сыни көзқарасын дамыту мақсатында «Миға шабуыл» әдісі, «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясы, «Ассоциация» әдісі, «Кластер», *Insert*, Блум таксономиясын өз сабағында жиі қолданады. Сын тұрғысынан ойлауды сабағына енгізгенде

оқушыларында біршама өзгерістер болғанын анықтаған: Ағылшын тілінен сөздік қорларын молайтты; Ойларын еркін жеткізуге тырысты; Топпен бірлесе жұмыс жасауға үйренді; Сыни көзқарастары өзгерді.

Ақтөбе қаласының №47 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Жұбатова Заура Жайлаубайқызы СТО технологиясын білім жүйесінің барлық салаларында тиімді қолдана отырып өмірде пайдалана алу. Оқушылардың өзбетінше іздене отырып білім алуына дағдыландыратыны айтады. Мақсаты: білімді жүйелеу арқылы оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыта отыра өзіндік көз қарасын пайымдауын қалыптастырады. Тиімділігі: сапалы білім алудың және оны өмірде қолдана білудің басты құралы. Оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыта отырып, шығармашылық, ізденгіштік қасиет қалыптастыру, көшбасшылыққа, өз ойын ашық айта алатын жеке тұлға дайындалады. Оқушының сыни тұрғыдан тұрғыдан ойлауын қалыптастыра отырып өмірге бейімділігін аттырады.

Темір ауданының Шұбарқұдық орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Тлепина Жанат Нурадиновна «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін басшылыққа ала отырып сабағын ЖИГСО әдісі бойынша өткізгенін. Оқушыларға үш бөлімнен тұратын жаңа тақырып бойынша мәтін беріледі. Ең алдымен оқушылар берілген тақырыпты өз бетінше меңгеріп, кейін басқа топ ішінде түсінбеген жерлерін толықтырып, талқылайды. Осы ретте оқушылардың өз бетінше тақырыпты толық меңгергендігі байқалды. Содан кейін алған білімдерін ассоциация әдісі бойынша постерге түсіріп топ ішінен екі оқушы шығып қорғады. Топқа бөліп тапсырмаларды оқушыларға өз бетінше игеруге берген мақсаты – оқушылардың бойындағы дарындылық мен талантын ашу болып табылады. Сонымен қатар осы сабақта оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындауда бірінші және екінші деңгейдегі тапсырмаларды орындаған. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушылардың деңгейі анықталып, дарынды және талантты балалар анықталады. Сабақта АКТ қолдану, түрлі тапсырмаларды слайдтар арқылы беру оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады, компьютермен жұмыс жасауды үйренеді. Нәтижесінде осы жобамен жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді. Педагогикалық технология оқушылардың жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы педагогикалық қызметінің, іс-әрекетінің жүйелі дамып, отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал, оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Мұғалімнің міндеті – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету екендігін айтады.

Шалқар қаласының №4 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Жиенбаева Ләззат Абдрахманқызы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, проблемаларды зерделеу, шешімдерін жекелей және топтарда қабылдауға бағытталған заманауи білім беру бағдарламасы Эдвард Глейзердің сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі жөніндегі үш элементке сүйенеді. Олар: Проблемаларды шешу кезінде өзінің тәжірибесін қалыптастыру өрісіне кіретін

ойлау үдерісін жүзеге асыру; логикалық зерттеу мен ой жүгірту әдістерін білу; Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар. Сыни ойлауды дамыту технологиясында мұғалімге ең бастысы- оқу үдерісін басқару. Оқушы бұрын ақпарат алушы болса, ол енді серіктеске, яғни белсенді ізденушіге айналды. Сабақ үрдісінде сыни ойлауды дамыту педагогикалық технологиясы - оқушының өз бетімен оқу, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен дамуын қамтамасыз етеді. Бұл технология проблеманы шешу жолын табатын, басқалармен қарым-қатынас жасай алатын, басқаларды тыңдай білетін еліміздің саналы азаматтарын даярлауға көмектесетінін айтады. Үш кезеңнен тұратын сабақтарды өткізуде оқушылармен серіктес бола отырып, жеті модуль идеяларын қолдану арқылы, бастапқы идеядан өзге идеяны өрістетіп байланыстыратын және сол идеяларды өздері құрастырып, жандандыра алатындай етіп жинақтап, толықтырып, тереңдете алатын оқушыларды даярлаған. Оқу мен оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын соңғы үш жылда жүйелі түрде қолдану нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Біріншіден, оқушылармен арада сенім мен ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасты. Білім сапасы 76% -79% - 81% өсті. Оқушылары облыстық ғылыми жоба сайысына, «Инфоурок» сайтында ағылшын тілінде өткен Халықаралық, Аудандық пәндік олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Сонымен қатар осы технология нәтижесінде өзі де облыстық «Инновация-2015» сайысында Бас жүлде, ағылшын тіліндегі «Шекспир шығармашылығы-ағылшын әдебиетінің биік шыңы» эсселер сайысында ІІІ орын алған. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстарын жинақтап, «*We learn English*» электрондық ортасын облыстық ғылыми-тәжірибелік орталық арқылы таратқанын айтады.

Шалқар қаласы №2 мектеп-гимназиясының шет тілі пәнінің мұғалімі Тұралина Салтанат Әлімқұлқызы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, алған білімдерін сыни тұрғыдан сараптап, өмірлік азық ете білуге, пайдалана білуге үйрететінін. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясымен жұмыс істеу кезінде оқушылар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуға, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсетуге талпынады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізетінін байқаған. Бұл технологияны қолдану кезінде әр мұғалім әрдайым өз бетінше дамып, нәтижеге қол жеткізетіндей жұмыс жасауы керек, ол үшін ізденіп, өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек алып тұруы қажет екенін айтады.

Ақтөбе қаласының № 39 жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Кулганатова Эленора Маратқызының пайымдауынша, сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Жеке, топтық жұмыстар әзірлеу, эссе, бақылау жұмыстары, әртүрлі кесте, модельдер жасап қорғау, дискуссия, пікір алмасулар сияқты танымдық-рефлексиялық әрекеттер арқылы оқушылар өздері үшін маңызды болған мәселелерден туындайды. Сыни

тұрғыдан ойлау – бұл біздің ғасырда дамуымызға мүмкіндік беретін ерекше қабілет. Екіншіден, ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілетін пункті болып табылады. Білім адамның сыни ойлауы онсыз мүмкін болмайтын дәлелдемелерді туғызады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген «шикізаттарды» ақпараттарды өңдеу керек болады. Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Төртіншіден, сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі, Сонымен қатар ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін мойындайды да, өзі таңдап алған жолдың басқаларға қарағанда ақылға қонымды екендігін дәлелдеуге тырысады. Бесіншіден, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі деп сипаттайды. Бесіншіден, сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады.

Басқалармен таласып оқығанда, талқылап, қарсы пікір айтқанда немесе ой бөліскенде біз өз көзқарасымызды дәлелдеп, оған терең бойлай түсеміз. Сонда ғана алған ақпаратымыз сыни тұрғыдан ой елегінен өткен дәлелді, ойға қонымды болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану оқушылардың ақпараттылық құзыреттілігін дамытуда басты құрал болып табылады. Ақпараттық құзыреттілік Сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; Ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түрлендіруге және тасымалдауға, соның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың көмегімен аталған жұмыстарды жүзеге асыруға; Логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдеуге; Өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Ақтөбе қаласының №45 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Табанова Мөлдір Ерболатқызы сындарлы оқыту теориясын-дәстүрлі оқыту теориясымен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, дәстүрлі оқытуда мұғалім білімді дайын күйінде беретін болса, сындарлы оқытуда оқушы өзінің белсенді әрекеттерімен өз бетінше алады деп пайымдайды. Нәтижесінде оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, білімі артып, белгілі бір жетістіктерге жетері анық. Көп ақпаратты талдай, талқылай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйренеді. Бұл технологиямен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезеңін салыстыру оқушылардың оқуға деген ынтасының артқандығын, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасқандығын атап кетуге болады. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін сабақтар барысында түрлі тәсілдерді қолдануды көздеді. Жана сабақ тақырыбын аша алады және жаңа сабақтың мақсатын айқындай алады. Топтық жұмыс кезінде жұмыс үрдісіне байланысты міндеті: оқушылар өз

ойларын ортаға сала отырып, бір-бірімен пікірлеседі, ортақ қорытынды шығарады, бірлесе отырып тақырыптың түсініксіз жерлерін айқындайды, топ мүшелерінің сұрақтарына жауап береді, қорытынды шығарып өз пікірін дәлелдейді. Топтық жұмыстың тәрбиелік мәні өте көп: өзара құрмет тудырады, басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге дағдыланады, өздері бірлесіп құрған ережеге бағынуға қалыптасады. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың ойын дамытып, оларды еркін сөйлеуге, пікірін дәлелдеуге, жұмысын қорғауға үйретеді. Оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікпен, қызығушылықпен және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді.

Осы мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Баймұқанова Ләззат Маратқызы Күнделікті сабақ барысында мұғалім оқушыларды сыни ойландыратын жаңаша әдіс түрлерін қолдана білуі сыныпта оқушылардың танымдық шығармашылық қарым-қатынас күзіреттілігін және пәнге деген қызығушылығын арттыруға жол ашады деп сипаттайды. Сонымен қатар оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін, тез арада дұрыс шешімдер табуға, жағдаяттан шыға білуге, өмірлік көзқарастарын қалыптастыруға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, білімі артып, белгілі бір жетістіктерге жетері анық. Көп ақпаратты талдай, талқылай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйренеді. Бұл жобамен жұмысқа дейінгі және кейінгі кезеңін салыстыру оқушылардың оқуға деген ынтасының артқандығын, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасқандығын байқаған. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін сабақтар барысында түрлі тәсілдерді қолданған. Нәтижесінде оқушы жаңа сабақ тақырыбын аша алады және жаңа сабақтың мақсатын айқындай алады. Топтық жұмыс кезінде жұмыс үрдісіне байланысты міндеті: оқушылар өз ойларын ортаға сала отырып, бір-бірімен пікірлеседі, ортақ қорытынды шығарады, бірлесе отырып тақырыптың түсініксіз жерлерін айқындайды, топ мүшелерінің сұрақтарына жауап береді, қорытынды шығарып өз пікірін дәлелдейді. Топтық жұмыстың тәрбиелік мәні өте көп: өзара құрмет тудырады, басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге дағдыланады, өздері бірлесіп құрған ережеге бағынуға қалыптасады. Әрбір әдіс оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді. Баланың ойын дамытып, оларды еркін сөйлеуге, пікірін дәлелдеуге, жұмысын қорғауға үйретеді. Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болатынын айтады. Сабақ үдерісінде бағаны мен ғана емес оқушылардың да өз жұмысын бағалап отырса білім алуға деген ынтасы, талпынысы, қызығушылығы артатын. Білім алушылар өз білімін арттыруы үшін, бағалауды үйренуі қажет. Сондықтан оқушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған

ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді деген ұсынысын білдірген.

Шалқар қаласының №2 мектеп- гимназиясының шет тілі пәнінің мұғалімі бұл технологияны оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, алған білімдерін сыни тұрғыдан сараптап, өмірлік азық ете білуге, пайдалана білуге үйретеді деп сипаттайды. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясымен жұмыс істеу кезінде оқушылар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Жаңа сабақ барысында қосымша қызықты материалдарды ұсынуға, көлемді қиын тақырыптарды тірек-сызбалар арқылы жеткізуге, өзінің жаңа идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсетуге талпынады. Топпен, жекелей жұмыс жасауға зор ықпалын тигізеді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану кезінде әр мұғалім әрдайым өз бетінше дамып, нәтижеге қол жеткізетіндей жұмыс жасауы керек, ол үшін ізденіп, өзара тәжірибе алмасып, әдістемелік көмек алып тұруы қажет деген ұсынысын білдіреді.

Алға ауданының Бестамақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Исенова Сұлушаш Ихсанқызы, Аққалиева Жеңісгүл Маратқызы сыни ойлау технологиясы сыни ойлаудың дамуын қамтамасыз етуші өлшемдер ретінде когнитивті дағдылар және стратегиялар қолдану қалаған нәтижені алу ықтималдығын күшейтетінің анықтайды. Бұл әдіс білім мазмұнын алмастыруға өз үлесін қосуға шақырады деп пайымдайды. Технологияның мәні қабылданатын ақпараттың көлемін ой тарқатуға бұруда және өзіндік сынау тұрғысындағы өзіндік рефлексивті ойлауды дамытуда және жай ғана дайын білімді қолдануды емес, тапсырмаларды шешуді үйрету арқылы ақпаратпен жұмыс жасау қабілеттерін саналылықпен, жаңа әдістермен әр түрлі талаптармен шындауға үйрету. Аталған технологияны болашақта оқушылардың ой-өрісін дамытуға, алған білімін өмірмен байланыстыруға септігін тигізетіндігін айтады.

Ақтөбе қаласының №10 жалпы білім беретін орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Айбасова Айгерім Ерқосаевна: 1) ең төменгі деңгей – бұл білімдеңгейі. Оқыту – есте сақтауға, жаттауға, тануға, еске түсіруге бағытталады; 2) одан кейінгі деңгей түсіну, таным мақсаты – мазмұнын айту, ақпаратты бір күйден екінші күйге аудару, өз сөзімен жеткізіп айту; 3) қолдану деңгейінде мәселені шешу, нәтиже алу үшін ақпаратты қолдану мақсаты болып табылады; 4) талдау деңгейінде – бөліктерге бөлу арқылы тұтас нәрсені көру, қатысымдықтың ішкі құрылымын табу, себептерін анықтау; 5) синтез деңгейінде – ауызша немесе нақты пән ретінде өзіндік, ерекше туынды жасау; 6) ең жоғарғы деңгей бағалау деңгейінде – бағалау шешімдері қабылданады, қарама-қайшы немесе әртүрлі көзқарастар шешіледі. Талабына сай баланың психологиялық ерекшеліктері мен табиғи қабілеттерін ескере отырып, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, балалардың сабаққа ынта-ықыласын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін кеңейту арқылы шығармашылық қабілетін арттыру, экономикалық, экологиялық,

эстетикалық, халықтық педагогикалық тәрбие беру. Осы жұмыстарды ұйымдастыру барысында мұғалім үшін ең бастысы сабаққа лайықты әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау екенін айтады.

Ақтөбе қаласының №55 жалпы орта білім беретін мектептің химия пәні мұғалімі Ырғызбаева Сәндігүл Пірәліқызының жаңа, әрі пайдалы ізденістерінің бірі – химия сабағында қолданылып жүрген «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясы. Технология 18 елдің тәжірибесіне енгізілген. Бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді. Сабақта қолданылатын СТО стратегиялары туралы: Миға шабуыл стратегиясы – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Бұл әдіс жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызды әдістердің бірі. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандарты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады. Миға шабуыл стратегиясының қағидасы қиын емес. Мұғалім топ құрады да, қандай да бір проблеманың шешімін табуды өтінесіз (айтасыз). Барлық оқушылар өз пікірлерін айта бастағанда, ешкім оның ойын бөліп, өз пікірін айта алмайды және бағаланбайды. Іс-тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер яғни шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады.

Қағидалары: Ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды; Жұмыс пікірдің сапасына емес санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға таңдау болады); Барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы; Белгіленген уақыт сақталуы тиіс. ДЖИКСО стратегиясы – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Қолданылуы: Алдымен сынып 4 топқа бөлініп отырады, бұл жұмыс немесе бастапқы топтар деп аталады. Мәтін немесе тапсырма 4 бөлікке бөлініп дайындалады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді эксперт немесе жанұя топтарын құрады, яғни эксперт топтар басқа топ құрады, мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-ші бөлігін бірінші, 2-ші бөлігін екінші, 3-ші бөлігін үшінші, 4, 5- бөліктерін - төртінші және бесінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Бастамас бұрын бастапқы топтардағы мәтінді мұқият меңгеру қажет, себебі жанұя топтарға түсіндіруге жауапты екенін түсіну керек. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлануға үйренеді. ДЖИКСО стратегиясының тақырыптың мазмұнын жақсы меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді әдіс. Оны мынадай кескін бойынша түсінуге болады. *INSERT*

немесе түртіп алу стратегиясы - түртіп алу әдісі. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды - деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс – оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін, бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Арнайы кесте толтырылады.

Куббизм стратегиясы – ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандай да бір затты жан-жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады. Мысалы: Сипатта (түрі, түсі, көлемі). Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы). Ұсын (қалай, қай жерде пайдаланылады?). Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін). Талда (қалай жасалған, неден тұрады?). Ой толғау (бұл неден жасалған?). Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды. Sinkuein немесе бес жолды өлең стратегиясы – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады. Бес жолды өлеңді құрудың ережесі мынадай: бірінші жолда 1 зат есім, екінші жолда 2 сын есім, үшінші жолда 3 етістік, төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем яғни ойды түйіндеу, бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним сөз жазылады. Мысалы: Не? – Темір. Қандай? – Жылтыр, сұр. Не істеді? – Таттанады, магниттеледі. Түйін – Шаруашылықта көп қолданылады. Синоним – Металл. Келесі Венн диаграммасы стратегиясы. Бұл стратегияның мақсаты – салыстыру, пайымдау. Екі зат немесе мезгілдің (объектінің) айырмашылығы мен ұқсастығы жазылады. Бір біріне айқасқан екі немесе үш шеңбер (тек шеңбер ғана болу керек деген қате түсінік) сызылады. Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады. Мысалы: металл мен бейметалл, оттегі мен озон, алкан мен алкенді және т.б. заттарды салыстыруға болады. Оқушылардың ойлары аршылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады.

Блум таксаномиясы, сұрақтар стратегиясы. Блум сұрақтарды екіге бөледі. Олар жалпақ және жіңішке сұрақтар. Сұрақтар тізімі алдын ала жасалуы тиіс. Алдымен жіңішке сұрақтар, сосын жалпақ сұрақтар кетеді. Жіңішке сұрақтар – еске түсіруге арналған сұрақтар, жауабы нақты цифрмен немесе ия, жоқ деген жауап алынатын сұрақтар. Мысалы: судың қатты күйі (мұз), (ия); -озонның формуласы – O_3 , (ия). Жалпақ сұрақтар – сұрақтың жауабына толық әрі түсіндіре отырып жауап беріледі. Жалпақ сұрақтарды екінші деңгейдегі сұрақтар дейді. Сұрақтың бұл түріне сөзбен ғана емес, басқа формаларда жауап беруге болады. Мысалы: Химиялық реакция теңдеуі арқылы немесе тәжірибелер арқылы жауап беруге болады. Неліктен алкендерге қосылу реакциялары тән болатынын түсіндіріндер? Құрамындағы еселі байланысы болғандықтан, реакцияға түскіш. Алкендердің қос байланысын бромды су мен перманганат ерітіндісінің түссізденуі арқылы анықтауға болады.

T-кестесі стратегиясы: мақсаты: қарама-қарсы нәрселерді, сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты

процестер жүзеге асады. Оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Т кестесін тақырыпты ашарда пайдаланылса, жаңа материалды түсінуге дайындық болады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді. Іс – тәжірибеде үй тапсырмасына да беріліп жүр. Топтастыру немесе кластер стратегиясы – ойды жинақтау, ми қыртысында сәулеленген ойларды топтастыру, ассоциациялау. Бұл стратегия топпен де жұппен де орындала береді. Сабақтың әр кезеңіне де қолайлы. БББ немесе маркировка кестесі стратегиясы – «БББ» - білемін, білдім, білгім келеді деген сөздерден алынған. Бұл кестеде үш бөлік бар. Әр бөлікті мәтінді, не тақырыпты оқып отырып, толтыра отырады. Негізгі қойылатын талап – оқушылардағы ойлар, тезистер, фактілер дәл сол күйінде көшірілмейді, өз ойымен жазылады. Бұл әдіс мұғалімге әр оқушыны бақылауға, оған сабақ соңында баға қоюға мүмкіндік береді. Мүмкін болса кесте сабақ үстінде толтырылады. Ал, үлгермеген жағдайда әр бөлікке бір, екі ой жазылу керек. Толықтыруға үйге беруге болады. Білемін. Білдім. Білгім келеді.

ЭССЕ немесе ой толғаныс стратегиясы – тақырыпқа сай оқушы өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Оқушы өз бетімен жеке жұмыс жүргізеді. Эссені 5-10 минут ішінде тоқтамай жазады. Мұғалім де отырып жазуына болады. Бұл әдісте оқушы бала өз ойын еркін жеткізе білетін болады. Шығармашылықпен жұмыс істеп, сөздік қоры дамиды. Іс-тәжірибе көрсеткендей СТО – технологиясын қолданып жүрген сыныптың оқушыларының даму деңгейі жоғары болады, өзін ортада еркін ұстайды, жеке тұлға ретінде сезінеді. Өзіндік «Мені» дамиды. Оқушының ойлау қабілеті дамыған сайын, оқушы бойында төрт параметр көрсеткіші өседі: Жекеден жалпыға; Дифференциалдықтан сенімділікке; Интуициядан логикаға; Бір перспективадан көп перспективаға қарай дамиды.

Әйтеке би ауданы Северная орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Шолакова Раиса Бабайқызы сыни ойлауды дамыту технологиясы танымдық қажеттілікті қанағаттандырып қана қоймайды, өзін-өзі тануды да үйретеді. Оқушылар өздерінің білімдеріне сенімді болған кезде шығармашылықпен жұмыс жасайды. Нәтижесінде сыни ойлауды дамытатын технологияны сабақтарды қолдану оқушыларды тиімді оқытуға мүмкіндік береді. Оқушылар оқу процесінде нақты және шынайы мақсаттан оқу процесін өздері құрастырады, өзінің даму бағытын өзі бақылайды. Ойлауға икемді болады, жаңа ақпаратты қабылдауға қабілетті болады, жаңа білімді бұрынғы біліммен сәтті байланыстыра алады. Сабақ оқыту процесі ғана болып қоймайды, оқушылардың өздерінің таным процесін зерттеуіне мазмұнды өздері оқып түсінуге мүмкіндік береді. Бұл технология білім алуға, өмір сүруге үйретеді және ХХІ ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келеді. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын қолдану үшін түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдерді сабақты жүргізу барысында қолдануға болады. Мысалы, «Үш түрлі күнделік» әдісі, оқушылар бұл әдісті қолдану кезінде ақпаратты терең меңгереді, сараптайды, жинақтайды, бағалайды, ақпаратпен ынталы жұмыс жасайды, ақпаратты түсініп, өз көзқарасы тұрғысынан рефлексия жасай біледі. Ұсынар ақпарат

туралы өзгелердің пікірін біледі. Мәтінді белгілеп алу, тұжырымдайды, сұрақтар қояды. Өз жұмысын кластастарымен талқылайды, өз білімін, түсінігін кеңейтеді, таным процесінде қарым-қатынасқа үйретеді. Қандай әдіс-тәсіл қолданылса да тиімді оқушыға білімді өзі игеруіне мүмкіндік береді. «Түртіп алу» әдісі, «Бағытталған оқу», «Блум таксономиясы», «Ойлаудың 6 қалпағы» әдістерін тарих сабағында пайдалану өте тиімді екенін айтады.

Милы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Қитарова Айгүл Орынбасарқызы: сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірігіп шығармашылық жұмыс жасау деп сипаттайды. Нәтижесінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттырып, белсенділікке ынталандырды. Оқушылардың білім сапасын көтерді.

Ақтөбе қаласының №47 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Баракатова Айжан Сейтқұлқызы сындарлы оқытуды жүзеге асыруда бағдарламада қамтылған жеті модульді сабақтарда ықпалдастырудың маңызды екенін айтады. Деңгейлі оқыту бағдарламасын қолдану нәтижелілігі – топтық жұмыстармен оқу үрдісінде кездесетін нақты мәселелерді шешу, оның әдіс-тәсілдері арқылы өмірде қолдана білу. Деңгейлі оқыту бағдарламасы оқушы тұлғасының қалыптасуымен оның әрі қарай дамуына септігін тигізеді. Бағдарлама негізінде шетелдік ғалымдардың үздік зерттеу нәтижелелерін оқу процесінде қолдану болып табылады. 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет.

Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл-күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады. Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдердің ішінде диалогтық оқыту тәсілі де тиімділігін көрсетеді. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, «миға шабуыл» логикалық сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асады. Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Кембридж бағдарламасының әдіс-тәсілдерін меңгеруде «Желілік жүйесі» форумына шығып, өзара байланысты үзбеуге болады. Сонымен қатар оқушылармен төмендегідей бағыттарда жұмыстар жүргізуге болады: Оқушы

тұлғасын қалыптастыру (жүрек, ақыл, қайрат); Оқушы «Менін» қалыптастыру; - Оқыту үрдісінде бағалау технологияларының қолдану; Жақын арада даму аймағы әдісімен күрделі мәселелерді үлкендердің көмегімен шешу; Бандура тәсілімен нақты ойды айқындау; Мессердің 3 әңгімесімен зерттеу жұмыстарын жүргізу; Мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс жасауының артуын көтереді; БЛюм, Лессон-стади әдістерін кеңінен қолдану болып табылады; Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы желілік қайымдастықты орнату; Нәтижесінде оқушы-мұғалім-ата-ана үштік одағын қалыптастыру, оқушы алынған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету болып табылады.

Ақтөбе қаласындағы №39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Диханова Бағила Жәнісқызы: Сын тұрғысынан ойлау – сабақтың тақырыбын ашатын, оқушының ой-пікірін қалыптастыратын, түрлі әдістерді қолдана алатын технология. СТО тарих пәндерін өткізуде тиімді әдіс деп пайымдайды. СТО технологиясы оқушының тақырыпты ашуға, талдауға, қорытындылауға және өз ойын еркін жеткізе алуға жеткізеді. Берілген тақырыпқа қосымша деректер жинақтауға, өзінің балама ұсыныстарын енгізуге жетелейді. Мұғалім үнемі ізденісте, дамуда болуы қажет екенін айтады.

Ақтөбе қаласы №32 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Темірова Бақытгүл Акимадинақызының айтуынша, сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушылардың ой-санасының жетілуіне септігін тигізеді, нәтижесі жақсы, оқушылар өз ойларын еркін айта алады. Нәтижесінде ҰБТ-де 100 пайыздық нәтиже берген. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлау технологиясын саяси өмірге көзқарасын қалыптастыруда берері зор екендігін айтады.

Ақтөбе қаласындағы №45 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Жолдасбаева Динара Мырзатайқызы: Бұл технология әр түрлі пәндер саласында қолданылатын түбегейлі жоспарлар мен әдістемелік тәсілдер жүйесі болып табылады. Көбіне Қазақстан тарихы пәнін беруде осы технологияны көп қолданады. Сыни ойлауды дамыту технологиясы үш кезеңнен тұрады. 1 кезең – қызығушылықты ояту; 2 кезең – мағынаны ашу; 3 кезең – ой толғаныс.

Қызығушылықты ояту кезеңінде келесі қызметтер жүзеге асады, олар: дәлелдеме, ақпараттық, сындарлы қарым-қатынас, мақсат қою. Мағынаны ашу кезеңінде жаңа ақпаратпен танысып, пайда болған сұрақтарға жауап іздей отыра, естіген, оқыған мәліметтерді талдайды. Ой толғаныс ойды мұқият таразылауға, бағалауға көмектеседі. Нәтижесінде бұл технология оқушылар тарапынан білім саласында жаңаша ақпараттармен жұмыс жасай білуге, өз ойларын жеткізе білуге, проблемаларды шешуге, қорытынды жасауға, болжамдауға үйретеді, оқушының топтық жұмыста жаңа қырынан ашылуына жол береді. Бұл технологияны қолданарда мұғалім ең алдымен оның алуан әдістерімен таныс болу керек, және бұл әдістерді сабақтың тақырыбына сәйкестендіре отырып, нәтижелі жұмыстың шығуына еңбектенуі қажет екенін айтады.

Осы мектептің тарих пәні мұғалімі Байсеитова Гүлнар Жаппарқызының пікірінше, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім жүйесінің стратегиялық мақсаты – берген білімді, дағдыларды меңгеретін, бәсекелестік

қабілеті мол, шығармашылық бағытта жұмыс істей алатын, тың жаңалықтар ашатын, ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Жалпы алғанда, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда түрлендірілген сабақтың берері мол. Оқушының белсенділігін арттыру, олардың іс-әрекетін басқару арқылы іздестіру, зерттеу, ой таласын туғызумен қатар, сабақты өмірмен ұштастыру, оқу материалының мазмұнын қоршаған ортаның өзгерістерімен, қозғалысымен, шындығымен үнемі байланыстыру - оқыту үрдісінің ең негізгі мақсаты. Қазіргі жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, шәкірттердің бағалауы ерекше орын алады. Сондықтан таңдап алған проблемалық тақырыбы «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту». Мақсаты: өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істей алатын жан – жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу. Міндеті: жеке тұлғаның ойлау қабілетін жетілдіру, интеллектуалды шығармашылық жұмысын қалыптастыру. Тарих сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сабақты түрлендіре отырып, оқушылардың өз қабілетін таныта, дамыта, шыңдай түсу бағытында сабақта сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолданамын. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – сабақ барысында оқушылардың бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыра отырып, белгілі бір идеяны қабылдап, оның неге қатысты екенін зерттеп, оларды салыстыра отырып, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте зерттеуге бағытталған оқыту технологиясы. Сонымен қатар, оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында сабақта әрқилы әдістерді тиімді қолдануға болады. Зерттеу. Деректермен жұмыс. Ауызша журнал. Семинар. Сынақ. Баспасөз. Сайыс.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы қолданылған сабақтың нәтижесін төмендегі сызбадан көруге болады. Мұғалімнің мақсаты: 1. Оқушыға жаңа сабақты өз бетінше меңгерту. 2. Топпен жұмыс жасауға үйрету. 3. Бір-бірін шынайы бағалауға тәрбиелеу. 4. Сабақтың тәрбиелік әсерін жеткізу. 5. Өз көзқарасын қалыптастыру. Сабақтың нәтижелілігі: 1. Қосымша әдебиеттермен жұмыс жасау. 2. Қарым- қатынас жасауды үйренуі. 3. Басқаларды тыңдай білуі. 4. Белсенділігінің артуы. 5. Өз ойын тұжырымдай білуі.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының философиясын терең түсініп, әдістерін тиімді пайдаланған кезде мынадай жетістіктерге жетуге болады: Оқушылар мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады; Өз бетінше ізденуге үйренеді; Сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге үйренеді; Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы жұмыс жасағанда оқушылар өз алдына қойған сұрақтарға жауап іздеп, жан- жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Яғни, оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы оқушымен пікірлесу топтасу. Сын тұрғысынан ойлау мәселесіне байланысты оқушылар өз пікірін еркін сөйлеу арқылы айтуға,

ойын жеткізуге, оны дәлелдей алуға, сонымен қатар қасындағы оқушы пікірін де тыңдауға, сол пікірлерді салыстыруға, басқалармен жұмыс істеуге, қасындағы досына құрметпен қарауға, зер салып тыңдауға, мәдениетті, батыл сөйлеуге, топпен ортақтасып бір тұжырымға келуге мүмкіндік алады. Сын тұрғысынан ойлау оқушыларды қауымдастырып, жұмыс істеуге жетелейді, оқушылардың қызығушылығын оятады, барлық ескі ақпаратты басшылыққа ала отырып, мол ақпараттар ағынынан өзіне қажеттісін таңдап алады.

Осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Данешова Жанна Райымбекқызы: «Сын тұрғысынан ойлауды» дамыту технологиясымен жұмыс істегенде, баланың танымдық белсенділігі, шығармашылығы артады. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Ақтөбе қаласының №56 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Байсеитова Алма Бақытбергенқызы: Жаңа технологияның арқасында оқушының белсенділігі артып, жан-жақты талдауға, ойын ашық айтуға, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауға үйренеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді оқушылар тәрбиелеуге болады. Педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталғанын айтады.

Ақтөбе қаласы №8 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Шамғонов Мейрамбек Қыдырұлы: Сын тұрғысынан ойлау әдісі, оқытуда дамыған технологияға жатады. Бұл иллюстративті-түсіндірмелі, ішінара іздену, проблемалық, пікір - сайыс, ойын, шығармашылық, өзін-өзі дамыта оқыту әдістерінің жиынтығы. СТО жобасы мұғалім мен оқушының белсенділігін арттыруда қолдануға болатын бірден-бір әдіс деп сипаттайды. Жоба 60-қа жуық стратегиялардан тұрады. Солардың ішінде Джиксо – ұжымдық оқыту әдісін қолданатынын айтады. Мақсаты – жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. ДЖИКСО стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ, мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді. Сын тұрғысынан ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның

шығармашылығына сыни карауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады.

Ақтөбе ауданының №40 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Сұлтанова Замзагүл Аманжолқызы СТО технологиясы оқушыларды тақырыпты өз бетімен оқуға, ізденуге, тарихи оқиғаларға сыни көзқараспен қарап, өз ой-пікірлерін қалыптастыруға көп көмегін тигізеді. Осы технологияның арқасында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты, тарихи оқиғаларды сыни талдауды үйреніп келеді, балалардың өзіндік ой-пікірлері қалыптасқанын айтады.

Т. Жүргенов атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Аязбаева Нүрия Қайырбекқызы СТО қолдануда оқушылар әр мәселеге сыни тұрғыдан қарайды, еркін ойлайды, жан-жақты ізденеді, тіл байлығы дамиды, кез келген тарихи оқиғаны белсенді түрде талдай алады, бірін-бірі тыңдап, өзекті мәселелерді тиянақтай білетінін айтады. СТО технологиясында сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет екенін айтады.

Ақтөбе қаласының №8 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Бишенова Айжан Әуелбайқызы: оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда топтық жұмыс арқылы сыныптағы барлық оқушының ынтымақтастықта болуы, үлгерімі жақсы оқушылардың дайындық деңгейі төмен оқушыларға көмектесіп, өз қатарластарымен білімді бірге игеруге мүмкіншілік жасалады. Әсіресе, ұяң, өз пікірін топ алдында баяндай алмайтын оқушыларды қатарға қосудың тиімді жолдарының бірі топтық жұмыстар. Сондай-ақ оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдауға және олардың пікірін құрметтеуге, айтылған өз пікірін еш кедергісіз шешуге топтық жұмыстардың берері көп. Мұғалім тек ұйымдастырушы бағыттаушы сараптаушы ретінде бар жауапкершілікті оқушылардың өздеріне беріп олардың өздерін жеке тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік жасайтынын айтады. Топтық жұмыстар арқылы сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асырғанда нәтижесінде оқушылардың іс-әрекетінде көптеген өзгерістер байқалады. Сабақтар барысында оқушылар топтық жұмыстардың түрлеріне машықтанады. Мысалы, 8-сыныпта өткізілген «Орыс демократиялық мәдениеті және қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов» тақырыбындағы сабағында оқушыларды жануарлар, өсімдіктер, бұйымдар бойынша топқа бөлуден бастады. Сабақ басталғаннан топтағы белсенді оқушылар топтастарын сабақа қатысуға, тапсырманы бірлесіп орындауға итермелеп отырды. Топтық жұмыстарды жүзеге асыруда оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгеруіне бағыт беру үшін сабақтарына постер жасауды жолға қойған. Бұл ретте оқушылар бірлесе мәтінді талқылап, сол мәтін ішіндегі басты идеяларды постерге түсіруді меңгерді. Сондай-ақ сыныптағы белсенділігі төмен оқушылардың жасалып жатқан жұмысқа өзіндік үлесін қосуға тырысқаны байқалды. Бұл оқушының ортаға тартылып, топтық жұмысқа араласа бастағанын аңғартады. Оқушылар сыни ойлау арқылы тақырыптың негізгі түйінін ашуға оны келесі топтарға түсіндіруге мүмкіндік алғанын байқайды. Дәстүрлі сабақтармен сын

тұрғысынан ойлауды үйретуде топтық жұмыстар енгізілген сабақтарда оқушылардың іс-әрекетінде байқалған өзгерістер: сыныпта топтық тапсырма бойынша барлық оқушы сабаққа қатысты. Сабақта сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін ашық сұрақтар қойылды және оқушылар берілген сұрақтарға өзіндік пікірін білдіре алады. Сабақтардың сапалық деңгейі салыстырмалы түрде жоғарылай түседі.

Хромтау қаласының №3 Хромтау орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Абилмаликова Ұшқын Абилмаликқызы Ақпараттық қоғамдағы өмір сүру аса үлкен жылдамдықпен өзгереді, алайда өзгермейтіні – адам құндылығы дейді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында « Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Білім берудің маңызды шарты – оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс - әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқумен жазуды дамыту технологиясын сабақ үстінде оқушыға мынандай мүмкіндіктер беретінін анықтаған: мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға; білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс әрекетті белсене және өз бетінше орындауға; жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға; білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы; құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге; ой - өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін - өздері дамытып, тәрбиелеу.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
2. Сенімділікке тәрбиелеу.
3. Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
7. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру. Өз сабақтарында жаңа педагогикалық әдістердің ішінен сын тұрғысынан ойлау әдісін пайдаланады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға жұмыстар жасай отырып баланың танымдық белсенділігін арттыру, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіншілік беру.

Өз сабағында пайдаланатын стратегиялар түрі: 1. Негізгі ойды суреттеу. 2. Топтастыру. 3. Бес жол өлең. 4. Эссе жазу. 5. Болжам кестесі. 6. Галереяға саяхат. 7. ЖИГСО. 8. Венн диаграмма. 9. Қос жазба күнделік. 10. Авторға сұрақ қою. 11. Әлемді шарлау. 12. Ой қозғау. 13. Оқиға желісі. Нәтижесінде –

оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір - бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастады. Бұрын шығарма, мазмұндама жұмыстарында оқушылар өз ойын білдіруге, әңгіме құрауда көптеген қиындықтарға кездесетін. Қазір күнде өтілген әңгімеден соң оқушылар ой-толғанысын жасап, өз ойын жазбаша білдіреді, кейде мәтіндегі ойға байланысты мақал да кірістіріп жазатынын байқаған. СТО бағдарламасының әдістері арқылы оқушылардың ой - пікірі, көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады. Оқушылардың белсенділігі артады, келесі сабақты асыға күтеді. Олардың тарихи әдебиеті оқуға деген қызығушылығы мен қажеттілігі қалыптасады. Өз пікірін айта алатын, өз көзқарасын қалыптастыра алатын, ұлтын сүйетін оқушы ертеңгі өмірдің ағымына да төтеп бере алатын азамат болады деп біледі.

Ақтөбе қаласының №38 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Қайбалдина Айгүл Өтеумағанбетқызы білім сапасын қамтамасыз ететін мұғалімдер болғандықтан, ең алдымен олар сапалы қызмет көрсетуі тиіс. Оқушыларға «нені үйрету керек» екенін мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасы белгілейді. Ал «қалай оқыту керек» деген сауалға жауапты тек мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсатын болжай, көре алуынан, баланың әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігінен іздеу қажет. Ол үшін өркениетті елдердің жоғары технологиясын меңгеру, дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі мектептің басты мақсаты деп түсініп, Қазақстанда 1997 жылдан бастап қолданып келе жатқан «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасын өз сабақтарында қолданады. Өйткені сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен шығармашылық ойлау. Бірінші қызығушылықты ояту кезеңінде: тарих сабағында қарастырғалы отырған мәселе жайлы оқушы не біледі, нені анықтай алатындығымен басталады. Оқушы өз білетінін еске түсіре отырып, басқаға үйретеді. «Ой шақыру», «Топтастыру», «Терминдер арқылы болжау» т.б. стратегияларды қолданатынын; Екінші мағынаны тану кезеңінде: оқушы жаңа ақпарат ала отырып, тақырып бойынша өзара және топпен, өз бетімен тапсырмаларды орындайды. Бұл кезде «Жұптасып оқу», «Т кестесі», «Сұрақ қою» т.б. стратегияларын қолданады. Үшінші ой толғаныс кезеңінде: оқушы не үйренгендігін саралайтын кезең. Қорытынды кезеңде «Венн диаграммасын» құрады, семантикалық карталарды толтырады. Бұл стратегияларды қолдану арқылы білім беруде – істеген нәрсенің 80%, оқығанының 20%, естігенінің 10 % сақталатынына орай іскерлікпен жұмыс жүргізіледі. Мұғалім үшін баланың қызығушылығы, бейімі, қабілеті және басқа да психологиялық ерекшеліктері басты орында болуы тиіс. Осы ерекшелікті ескеру мен дамыту оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. Оқыту үрдісінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, оқытушы өзінің бар педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, өз қызметін шебер ұйымдастыра отырып, оқушының танымдық іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлап, оны ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін үйретуі, ал оқушы тарапынан белсенділік көрсетуі, сенімділігі шығармашылық әрекетті

қалыптастыруға негіз болады. Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды. Қазіргі педагогикалық технологияларда мұғалім дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істің ұйытқысы. Шығармашылықпен жұмыс істеу кезінде мұғалім мен оқушы арасында бір-бірімен әріптес ретінде жұмыс істеуі шығармашылыққа алып келеді.

Ақтөбе қаласының №4 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Батырова Ақбөбек Мырзабекқызы педагогикалық технологияда сын тұрғысынан ойлауды дамыту білім мазмұнының іс-әрекеті болып табылады. Технология және мұғалім функциясын өзгертеді: ақпарат берушіден менеджерге айналады. СТО - да мұғалімге ең бастысы - оқу процесін басқару. Оқушы міндеті де алмасады: ақпарат қабылдаушыдан ол серіктеске айналады, яғни белсенді ізденушіге айналатынын өз тәжірибесінде байқағанын айтады. Нәтижесінде оқушыларда зерттеушілік, ізденушілік қабілеттері қалыптасып, дамиды.

Ақтөбе қаласының №45 орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Ермаханова Айткүл Әбдікәрімқызы білім беру- бұл жекелеген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді, білім алу ортасын құрады, олардың қалай оқитынын назарда ұстайды. Берілетін тапсырмалар оқушылардың оқу ептілігін дамытуға бағытталуы тиіс. Осы мақсатта білім ортасы құрылып, сол ортада оқушы ақпаратты қабылдайды, оқу үдерісіне белсене араласады. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытатын» технология Халықаралық Оқу Ассоциациясы, Солтүстік Айова университеті мен Хобард және Уильям Смит колледждерінде өңделген. Бағдарламаның авторлары Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит. Бұл технология әр түрлі пәндер саласында қолданылатын түбегейлі жоспарлар мен әдістемелік тәсілдер. Аталған технология білім беруде бірқатар нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп есептейді: білім саласында үнемі жаңарып тұратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай білу, өз ойларын (ауызша және жазбаша) жеткізе білу, айналасындағылармен анық, сенімді, нақты қарым-қатынас жасай білу, түрлі тәжірибелерге, идеяларға өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу, топта бірлесе еңбектену, басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас жасауға үйрену. Бұл технология қазіргі білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан деігейлік бағдарламамен идеялас деп бағалайтынын айтады.

Осы технологияны қолдану барысында ізденіс пен еңбектену арқасында қазіргі таңда өз тәжірибесінде жүйелі дағдылар мен әліс- тәсілдер қалыптасқанын айтады. Оқушылардың пәнге қызығушылығы артты; топпен жұмыс жасай отырып, еркін өз ойын айтуға қалыптасты, өз ойларын(ауызша және жазбаша) жеткізе білуге машықтанды; айналасындағылармен анық, сенімді, нақты қарым-қатынас жасай білуді меңгерді; -түрлі тәжірибелерге,идеяларға өз пікірін пайымдауға жол ашылды; - басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас жасауға үйренгенін байқаған. «Оқу мен

жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытатын» технология оқушы білімін дамытуға, алған білім кез-келген жағдайда қолдана алуға, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға тиімді технология деп есептейтінін, сол себепті әріптестеріне «технология бойынша теориялық түрде қарулану; іс-тәжірибеге енгізу; тәжірибе алмасу; әріптестермен жетістіктерді бөлісу; бастысы ерінбей еңбектену; мектептегі басты тұлға мұғалім» екенін айтады.

Ақтөбе қаласының №13 орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі сыни тұрғыдан ойлау бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған. Бұл технологияның әдіс-тәсілдері оқушыны жан-жақты дамытады деп пайымдайды. Нәтижесінде бұл технология оқушылардың сыни ойлауын, өзіндік пікірін, сыни көзқарасын қалыптастырады. Оқушылар алған білімін өмірмен, қоғаммен байланыстыра алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, тақырыпты жан-жақты талдауға қолайлы технология екенін айтады. Сабақ процесінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін жан-жақты қолдану туралы ұсыныс білдірген.

Ақтөбе қаласының №15 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Арызғұлова Бақытгүл Қожабергенқызы сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты- демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар, өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру деп сипаттайды. Нәтижесінде: - оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; - жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады; - бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді; - жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді; - ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқушы білімді өз ізденісімен, өз біліктілігімен алады, іскерлік дағдылары қалыптасып, артады. СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеге өте ыңғайлы. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады.

Ақтөбе қаласының №15 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Самиянова Ақжарқын Ерiшқызы сыни тұрғыдан ойлауды бағалау айдарында оқушыларымның шығармашылық қабілеттері айқындалды. Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруға арналған тапсырмалар оқушыларын ерекше қызықтырды. Бұрынғы сабақтарда байқалатын «үнсiз» оқушылары азайды. Үздік оқушылардың «тек мен білем» деген түсінігі сейіліп, достарына да көмек қолын соза бастады. Тірек, қозғалыс, ізденістік, көзқарас – оқушыларға өз бетінше ойлауға, құрбыларымен өз ойын талқылауға, қажет шешім қабылдауға,

тақырып бойынша қорытынды жасау және зерттеудегі өз жұмысын бағалауға мүмкіндік береді. Ал істелген жұмыстарына рефлексия жасауға үйренетінін айтады. Нәтижесінде балалар өз пікірлерінің бағаланатынын сезінді, ұшқыр ой білдіруге тырысты, сенімі аз балаларға ішкі уәжін дамытуға көмектесті. Жұптық жұмыста әр бала өз жұбының жауабы үшін жауапкершілік көрсетті. Үнсіз оқушылар да сөйлеуге тырысты. Жұптық жұмыс балалардың бір біріне деген сыйластығын дамытты. Сабақта оқушылардан кері байланыс орнатуға мүмкіндік жасау керек деген ұсыныс айтады.

Осы мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ахметова Алтынай Мақсатқызы деңгейлік бағдарламаның әдіс-тәсілдері оқушылар өздерінің шығармашылық әлеуеттерін көтеру және тәжірибелеріне сыни көзқараспен қарауға дағдыланады. Ең бастысы, оқушылар өздерін жаңа қырынан танып, құндылықтарын нығайта түседі. Оқушылардың шығармашылық әлеуеттерінің тууына арқау болатынын айтады. Нәтижесінде болашақта шығармашыл тұлға қалыптасуына ықпал етеді. Бағдарлама модульдерін тиімді пайдалану туралы Ұсыныс білдірген.

Ақтөбе қаласының №42 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Айтмағамбетова Шынар Кенесбайқызы сабақтарында 7 модульді ықпалдастыра отырып қолданатынын. Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың сыни ойлауы қабілеттерін арттыруды мақсат еткенін. Соның нәтижесінде оқушылардың ойлау сөйлеу қабілеттерін арттыруға осы әдіс тиімділігін айтады.

Әйтеке би ауданының Жабасақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қосымова Гүлжан Бекмұратқызы нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжерибиенің бірлігі. «Сыни ойлау механизмі ойлау операцияларын қосады, ой жүгіртулер және үдерісті анықтаушы дәлелдемелер: мақсат қою, проблеманы айқындау, болжамдар ұсыну, дәлелдер келтіру, оларды негіздеу, зардаптарын болжау, балама көзқарастарды қабылдау немесе қабылдамау. Күрделі проблемаларды талдауға және жағдайларды бағалауға ол негізгі ойды синтездеуге арналған іскерлікке қолдану қабілеттілігін қосады» [Федотовская, 2005] 2013 жылдан бері өз сабақтарымда СТО технологиясын тұрақты әрі жүйелі түрде қолданып келеді.

Сабақтарында стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданатынын айтты. Сабақта қолданып жүрген әдістері: I – қызығушылықты ояту бөлімінде ой қозғау (шақыру). II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең. III - ой толғаныс бөлімінде Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, ізденуіне жол салу.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелері: 1. Оқушы жаңа тақырыпқа сыни тұрғыдан қарай отырып, өзіне қабылдайды, меңгереді. 2.Өз ойларын ашық айта алады. 3. Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары: 1. Психологиялық дайындық. 2. Ой ашар. 3. Үй тапсырмасын тексеру. 4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту. а) Ой қозғау. ә) Өзіндік жұмыс. б) Түртіп алу — + ? v (*INSERT*). II. Мағынаны ашу сатысы. а) Топпен жұмыс. ә) Бес жолды өлең. III. Ой толғаныс сатысы. а) Венн диаграммасы. ә) Бағалау. б) Үйге тапсырма в) Кері байланыс. Аталған технологияларды әр пән бойынша тиімді қолдану жолдары мен методикасы туралы жинақ шығарылса; Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмалар аталған технология әдістеріне сай берілсе деген ұсынысын білдіреді.

Әйтеке би ауданының Сұлукөл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ақылбекова Ардақ Тілеуқабылқызы Сын тұрғысынан ойлау технологиясы менің сабақ беретін пәніме қолайлы әдіс деп сипаттайды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыға ойлануға, өз бетінше ұғынып, талдап ойды жинақтауға, проблеманы шешудің оңтайлы әдіс-тәсілдерін таба білуге дағдыландыратынын байқаған. Осы технологиялар бойынша сабақтар өткізсе және бұған барлық сынып оқушылар мен пән мұғалімдері тартылса деген ұсыныс айтады.

Ақтөбе қаласының №37 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жабағина Мергүл Балтабайқызы бастауыш сыныпта негізгі міндет – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Бұл мәселені алудағы басты мақсаты – оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу. Осы орайда шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс - әрекетін ұйымдастыру сыннан өткен мынадай түрлерін алуға болады: Сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруда «Венн диаграммасын», «Семантикалық картаны», «түртіп алу әдісін», пікірсайысты, салыстырмалы ойлауды, «екі түрлі түсініктеме күнделік» жұмыстарын қолданған жағдайда, оқушылар не нәрсенің болса да жақсы, жаман жағын салыстыру, ненің сапалы, сапасыз екенін саралап, өзіне, өмірге деген көзқарас қалыптастыра бастайды. Тақырып бойынша сын тұрғысында ойлауды сұрақ қою тәсілдері арқылы дамытатынын. Оқушылар өздеріне қойылған сұрақтар арқылы ізденеді, идеяларды жинақтайды, қорытады, талдайды. мақсаты - оқушыларды ойлау саласының ең төменгі деңгейінен жоғарғы, терең ойлау деңгейіне дейін көтермелеп жеткізу. Бұл оқушы деңгейін шығармашылық сатыға көтереді деп атап көрсеткен. Соның нәтижесінде оқушылар кез келген мәселені шешуде сыни ойлау тұрғысынан келе отырып, шығармашылық қатынас жасауға дағдыланады. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушының өз даму деңгейіне сәйкес оны шыңдалып, белгілі жетістіктерге жететінін айтады.

Осы мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қаратаева Гүлнар Амантайқызы бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар, өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастырудеп сипаттайды. Нәтижесінде- оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; - жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады; - бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді; - жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді; - ойы сараланған, дарынды,

шығармашыл тұлға қалыптасатынын байқаған. СТО технологиясы арқылы оқушылар: - Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту; - Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту; - Ақпараттармен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру; - Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Әйтеке би ауданының Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қалиева Алтынгүл Қонысбекқызы сын тұрғысынан ойлау өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала сапасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу. Өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз деп пайымдайды. Нәтижесінде оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды. Технологияның әр түрлі әдіс-тәсілдерімен танысып, теориялық білімдері арта түсті. Әр тақырыптың мәні ашылып, талданды, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары артады. Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, кесте толтыру, сәйкестендіру тестінің нәтижесінде оқушылар өздері ізденеді, шығармашылық тілі дамитынын байқаған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне арналған әдістемелік құралдар көптеп шығарылса деген ұсыныс білдірген.

Әйтеке би ауданының Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қайырбаева Асылгүл Қайыржанқызы сын тұрғысынан ойлау - өз алдына сұрақтарға жауап іздеп, жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отыру. Бала сапасын сол тақырыпқа байланысты ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу. Өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді деп пайымдайды. Нәтижесінде қазақ әдебиетін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, оқушылар өздері ізденеді, шығармашылық тілі дамиды, ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады тілге деген құрметі артады, әр тақырыптың мәні ашылып, талданады, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары артатынын айтады. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте мол, тек әр ұстаз, өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс-әрекет талаптарды орындау мақсатында, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Түрлі сұрақтар арқылы сол тақырыпқа байланысты ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасу. өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетуге септігін тигізеді.

Ақтөбе қаласының №38 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Далеева Светлана Асауқызы сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үрдіс. Оны қолдану нәтижесінде оқушылардың жазбаларында ойланудың табы, сезіледі, оқушылар оқытушы

үшін емес, өздері үшін жазады, өздерінің ішкі жан дүниесіне үңілетінін байқаған. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлау» технологиясын тек сабақ үстінде ғана емес, сыныптан тыс уақыттарда да пайдалануға болады. Арнайы факультатив курс бағдарламасын жасап, бағдарлама бойынша жүргізілген сабақтарды сыни тұрғыдан ойлау жобасының элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асыруға болатынын айтады.

Қарғалы ауданының Әлімбет орта мектеп-балабақшасының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кішкенебай Бақытжан Байдоллаұлы әлемнің дамыған мемлекеттерінде қолданылатын сындарлы (конструктивті) оқыту теориясы негізінде жұмыс жасайды. Бағдарламаның жеті модулінің шеңберінде жұмыс өте нәтижелі екендігіне көз жеткізгенін айтады. Нәтижесінде сындарлы оқыту теориясы оқушының өздігінен, мұғалімнің және сыныптастары мен жақын арадағы даму аймағынан алған білімін өмірдің барлық саласында, үздіксіз қолдануын негізгі мақсат етіп қояды. Оқушыларға өмір бойы дұрыс жол, жақсы бағы-бағдар таңдауға көмектесетін сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады. Қалыптастырушы бағалау оқу барысында баланы ынталандырып, жақсы оқып, үздік болуға жетелейді.

Мәртөк ауданы №3 Мәртөк орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Ботанова Гүлжан Оңғарқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаты-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлауға үйрету, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуға жұмыстар жасай отырып баланың танымдық белсенділігін арттыру, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіншілік беру. Екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға мүмкіншілік беру, яғни жаңа нәрсені ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол арқылы жетістікке қол жеткізу деп сипаттайды. Баланың өзіндік даму және қабілетін дамыту мақсатында «Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жаңа технология элементтерін енгізу арқылы қалыптастыру» атты тақырыбы бойынша бойынша жұмыс істеп жүргенін осы бойынша ұстаздарға арналған әдістемелік нұсқаулар жинағын шығарғанын. 9-класқа арналған емтихан билеттерін құрастырғанын, «Оқушылардың сөйлеу мәдениетін жаңа технология элементтерін енгізу арқылы қалыптастыру», «Қазақ тілін оқытуда қолданылатын қатысымдық тапсырмалар» атты әдістемелік құралдардың авторы екендігін айтады. Дамыта оқыту әдістемесі негізінде өз жұмысымда деңгейлік, ақпараттық, сын тұрғысынан ойлау, Кембридж тәсілдерінің элементтерін қолданатынын. Педагогикалық технологияларды, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы сабақтарын түрлендіре отырып танымды ой қызметін жандандыруға тырысатынын. Оқушыларды ізденуге, өз бетімен жұмыс істеуге жетелей отырып, шығармашылыққа баулып. Өз жұмысымда ұлттық педагогиканы, түпдеректерді, ақпараттық құралдарды қолданып Пәнді оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктеріне көңіл бөлінетіні. Әр сабағын патриоттық сезіммен бастап, патриоттық сезіммен аяқтайтынын. Бекіту сабақтарында оқушымен қарым – қатынасты жүзеге асыру мақсатында ойлау, оқу, тыңдау және жазу, яғни, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің іске асуына ықпал ететінін. Оқушыларды ұлттық

дәстүрмен, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, туған жерінің табиғатымен таныстырып отыратынын. Қазіргі кезде әрбір мұғалімнің жұмысы ғаламтормен тығыз байланысты десем артық болмас. Сондықтан өзара тәжірибе алмасу мақсатында материалдарымды сайт беттеріне жариялағанын айтады. Республикалық, халықаралық сайттардан өзге әріптестері сабақтарын өз тәжірибесінде пайдалануда. Еңбегінің арқасында оқушы білімінің жақсы деңгейде болуына қол жеткізген. Бұған дәлел: оқушылары ҰБТ-ті жақсы тапсырды. 2010-2011 оқу жылында 92,8%, 2013-2014 оқу жылында 100% болды. Оқушылардың оқу жетістіктерінің қорытындысы бойынша мониторинг жүргізіп отырады. Оқушылары мектепішілік, аудандық, республикалық олимпиадаларға, жарыстарға белсенді түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүргенін. Облыстық Абай оқуларында, Облыстық «Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға» атты білім байқауында; Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған облыстық шығармалар сайысында; Халықаралық «Нестандартный урок» сайысында жүлделі орындарға ие болғанын айтады. Облыстық педагогикалық олимпиадада қазіргі білім үрдісіндегі педагогикалық шеберлігін және кәсіби, әдістемелік біліктілігін көрсете алғаны үшін 2-дәрежелі дипломмен марапатталғанын айтады.

Ақтөбе қаласы № 26 орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі Әбішова Айгүл Сақтағанқызы Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда, тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп сипаттайды. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы әр түрлі пәндер саласында қолданылатын түбегейлі жоспарлар мен әдістемелік тәсілдер жүйесі болып табылады. Ол білім беруде төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беруде: білім саласында үнемі жаңарып тұратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай білу, өз ойларын жеткізе білу (ауызша және жазбаша түрде), айналасындағылармен анық, сенімді, нақты қарым қатынас жасай білу, түрлі тәжірибелерге, идеяларға және ұсыныстарға өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу, проблемаларды шеше білу, өз бетінше білім алу, топта бірлесе еңбектену және жұмыс жасау; басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік. Жалпы, Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының 100-ден астам стратегиялары бар. Бір сабақтың үстінде бірнеше стратегия қолдану шарт емес. Тақырыптың мазмұнына қарай 2-3 стратегия жеткілікті. Ал басты мақсат тақырыпты толық ашу. Сабақ соңында міндетті түрде қадамдарды талдау. Сабақтың 3 кезеңді құрылымы сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік туғызады. Сыни ойлау - яғни жаңа білімге бұрынғы өзінде бар білім арқылы келу. Бұл құрылым оқушының өзінде бар білімді жандандыруға мүмкіндік береді, түсініктер мен құбылыстарды қайта жаңартуға әкеледі. Оқу процесінде оқушылар нақты және шынайы мақсаттан оқу процесін өздері құрастырады, өзінің даму бағытын өзі бақылайды, соңғы нәтижені өзі анықтайды. Сонымен сыни ойлауды дамытатын педагогикалық технология жеке тұлғаға бағытталған, оқытуда субъектілік қатынасқа негізделген және бұрынғы мектеп жұмысын шынайы

шығармашылықпен жұмыс жасайтын, мақсатты, мазмұнды әрекетке негізделген оқытуға айналдырады.

Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Жолжанова Гүлжазира Русланқызы оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Оқушының әр нәрседен бір мән табуға мүдделі және білуге құмарлығы болса ғана белсенділік пайда болады. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады. Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, өздік, дербес ізденуге баулимыз. әрбір оқушыны өз беттерімен көркем туындыны оқуға, талдауға, бағалауға жетелейміз. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиеленеді. Оқушылардың өзіндік жұмысына мақсатты бағдарлар, айқын міндеттер қойғыза білуге үйрететінін айтады.

Қазақ тілі сабақтарында бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту қажет деп ойлайтын Байғанин ауданы Баршақұм орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Самарбаева Бақытжамал Мартбайқызы бұл әдіс оқушылар бойында кез келген мәселені жүйелеуге, талдауға, ой толғауға, өз бетімен шешім қабылдауды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Күнделікті сабақ барысында қазақ тілі сабақтарында бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамытуды іс-тәжірибесінде нәтижелі қолданып, оның тиімділігін анықтағанын: Сабақты өткеннен кейін оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның сыни дамуын жан- жақты зерттеп отырғанын оның мақсаты - бірлескен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау олардың дамуына қалай әсер ететінін анықтау. Бұл бақылаулар оқушылардың талпыныстары оқытудың дәстүрлі жүйесіне қарағанда бірлескен оқуда жоғары екенін көрсеткенін айтады. Нәтижесінде: - бірлескен оқу әр оқушының өз қабілетінің ашылуына мүмкіндік береді. -ұжыммен жұмыс жасауды үйренді -мәтінмен өздері танысады,әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы мәтінді зерттейді, талдайды, салыстырады. -ойларын қорытып қағаз бетіне түсіреді; -өз тұжырымдамаларын жасай алуға талпыныс пайда болды; -Зерттеу негізінде берілген сұрақтар бойынша алынған жауаптарын қолдана алды. Сабақ барысында оқушылар жаңа білімді игеру кезінде өз ойлау дәрежесіне сәйкес қабілеттерін көрсете отырып сыни ойлауын дамыта білді. Мұғалім ретінде дүние жүзіндегі білім берудегі жаңалықтарды назарға алып, оның тиімдісін оқушыларға ұсына білуіміз керек. Осы орайда әдістемелік кітапшалар көбірек шығарылып, түрлі семинар,тренингтер жиіірек ұйымдастырылуы туралы ұсыныс айтады.

Ақтөбе қаласындағы №41 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Төрекұлова Лида Төрбекқызы сындарлы оқытудың мақсаты оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білу деп сипаттайды. Басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негізін қамтыған деңгейлік бағдарламаны қолдану арқылы дәстүрлі сабақтар мен бүгінгі тәжірибе негізінде өткізілген сабақтарды

салыстыра отырып, мынадай айырмашылықтарды байқаған. Дәстүрлі сабақтар үрдісіндегі мұғалімнің әдістері мен оқушының іс-әрекетін жеке-жеке сараласақ, мұғалім тақырыпты өзі түсіндіреді, тақырыпты талдайды, оқушыларға әр түрлі тапсырмалар беріп отырады. Ал оқушы мұғалімнің айтқанын қайталайды, түсінгенін айтады, тапсырманы жеке орындайды. Ал Кембридж бағдарламасындағы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулін енгізген сабақтарында мұғалім оқушылардың сыни ойлауын дамытатындай тапсырмаларға бағыттайды, ал оқушылар болса өз ойларын еркін айтып, пікірлерін қорғауға, кез-келген мәселеге сыни көзқарасын білдіре алады. Осы салыстырудан сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғандығын көруге болады. Бағалау барысында бастапқы кезде түсініспеушіліктер орын алды, өйткені балалар өздерін өздері бағалауға, бірін-бірі бағалауға дайын еместігін айтады. Бірақ олардың бірін-бірі шапалақпен марапаттауы, критерийлер арқылы бағалауы, көңіл-күйлерін смайликтер арқылы жеткізуі сәтті шықты. Бағалау кезінде балалар бір-бірінің көңілін қимай артық кетіп жатса да, олардың өз жұмыстарына өздерінің пікір айтып, ұсыныс тастап бағалауы оқытуды бағалаудағы оңтайлы өзгерістердің бірі болған. Оқушыларымның бойындағы еркіндік, сыни пікірлердің тууы, түрлі идеялар мен көзқарастардың қалыптасуын байқалғанын айтады.

Өз сабағында СТО қолданатын Ақтөбе қаласындағы №38 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қуанышкереева Дариға Саинқызы нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, сын тұрғысынан ойлау қабілеті жоғарылап, сөздік қорлары молайғанын. Өз бетінше жұмыс жасап, еркін сөйлей алғанын, топпен жұмыс жасауға дағдыланғанын айтады. Оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеру мақсатында жеке кітапшалар шығарылса, мұғалімдер үшін әдістемелік кітаптар көбірек шықса екен деген ұсыныс білдірген.

Ақтөбе қаласының №55 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Аманова Меруерт Есенқызы сыни тұрғысынан ойлау сабақтары оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, мәселені шеше білу, пікірталас жүргізе білу, басқалармен қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білуге үйрететінін айтады. Мысалы, Абайдың қара сөздері тақырыбындағы сабақта мағынаны ашу сатысында «Кластер» стратегиясын қолданған. Оқушылар «Абай әурешілігі», «замандастары шұғылданған әрекеттер», «нені байқады», «Абай ойы» деген сұрақтар бойынша ауқымды топтастырды. Осылай сабақ құрылымына сәйкес стратегияларды таңдап алу білім алушының сын тұрғысынан ойлау іскерлігінің зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндігін ашады. Бұнда оқушы тек білім алып қана қоймайды, сонымен қатар ұжымдағы қарым-қатынасқа қалыптасады. Бірін - бірі сыйлау, таңдап сөйлеу, өзіндік жұмыс істеу қабілеті дамиды. Қажет жерде өз көзқарасын өзгерту, топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу, ойын қорғай білу қабілетін дамытатынын айтады. Осы технологияның білім беру саласында нәтижелілігін арттыру мақсатындағы басты ұсыныстары - оқу семинарларын өткізу; - практикалық конференциялар ұйымдастыру; - осы технологияға байланысты журналдар шығару.

Ақтөбе қаласы №10 жалпы білім беретін орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шужина Айгүл Мамытқызық қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау тәсілін қолдану нәтижесі жеткіншектер бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатқан: 1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін тапты. 2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тыңдайды). 3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды. 4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз. 5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/. 6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады. 7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгеленің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренетінін айтады.

Ақтөбе қаласындағы №9 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Байманова Нұргүл Қуантайқызы бұл технологияда оқушы өз топшылауын, өз пайымын еркін білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, өз пікірін, өз тоқтамын жасайды. Бұл әдіс шәкірттерге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көз жеткізген.

Ақтөбе қаласы №30 қазақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Сакипова Шынар Серікқалиқызы сын тұрғысынан ойлауға арналған тапсырмалар оқушыларды топпен бірігіп жұмыс жасауға, мәтінді өз бетінше меңгеруге мүмкіндік беретінін; сонымен қатар сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамитынын байқаған. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың еркін ойлау мүмкіндіктерінің ашылуына себеп болған стратегия – ой толғаныс сатысы. Ой толғаныс сатысы кезеңінде, жаңа алынған білімдерді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын: -оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білу; -өз сұрақтарын қою және оған жауаптар табу; - болжау жасай білу және олардың дұрыстығын тестілеу; -жаңадан пайда болған жағдайларды тез түсінуде осы білімді қолдану мүмкіндігі болуы қажет екенін айтады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында оқыту процесінде оқушының ой толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру бұл сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет деп білетін Ақтөбе

қаласы №9 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Таушанбаева Жанна Аманқосқызы ой толғанысты тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн көрсетілімі», «Еркін жазу», «Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Ойлану стратегиясы» т.б. осы сияқты стратегияларды әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданатын. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алатынын байқаған.

Ақтөбе қаласы №34 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдраухова Жайнагүл Жүгінісқызы сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданудағы маңыздылығы: мотивацияның артуы; дербес іс-әрекеттің артуы; ойлаудың белсенді болуы; оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы; логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру екендігін айтады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасатынын байқаған.

Шалқар қаласы Ә. Жангелдин атындағы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Насамбаева Жанар Темірханқызы *RWCT* бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан, әдістерінен, тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту деп сипатайды. Өзі осының 25-ін қолданатынын: 1. Негізгі ойды суреттеу. 2. Топтастыру. 3. Бес жол өлең. 4. Эссе жазу. 5. Болжам кестесі. 6. Галереяға саяхат. 7. РАФТ. 8. Блум жүйесі. 9. ДЖИГСО – 1. 10. ДЖИГСО – 2. 11. Қазымыр оқушы. 12. Автор орындығы. 13. ИНСЕРТ. 14. ВЕНН диаграммасы. 15. Кубизм. 16. Бағытталған оқу. 17. Кідіріспен оқу. 18. Әдебиет үйірмесі. 19. Жол қалдырып жазу. 20. Қос жазба күнделік. 21. Авторға сұрақ қою. 22. Үш қарамды сұхбат. 23. Әлемді шарлау. 24. Ой қозғау. 25. Оқиға желісі. СТО технологиясын қолдану барысында сабақта жеткен нәтижелері: Сабақтың жаңа құрылымы пайда болды. Сабақтың жоспары: 1. Психологиялық дайындық. 2. Ой шақыру. 3. Үй тапсырмасын тексеру. 4. Жаңа сабақ. I. Қызығушылықты ояту. а) Ой қозғау. ә) Өзіндік жұмыс. б) Түртіп алу – + ? v (*INSERT*). II. Мағынаны ашу сатысы. а) Топпен жұмыс. ә) Бес жолды өлең. III. Ой толғаныс сатысы. а) Венн диаграммасы. ә) Бағалау. б) Үйге тапсырма.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде өз сабағында оқушылар арасында: - белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды: - мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға; - бір-біріне құрметпен қарауға; - бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды - өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға; - өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға; - өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға; - достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге ынталанғаны байқалған. Осы технологияның ерекшелігін мына кесте арқылы көрсетеді: *RWCT* сабақтары Мұғалімнің әдістері Оқушының іс-әрекеті Топқа бөліп, ой қозғайды Ұжыммен жұмыс жасайды Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды. Мәтінмен өздері танысады Мәтіндегі ең құнды

нәрсені анықтауды ұсынады. Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға бағыттайды. Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды. Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды Өз ойларын жазуды ұсынады. Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді Ойларын қорытуға бағыттайды. Өз тұжырымдамасын жасайтындығын айтады.

Ақтөбе қаласы №13 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мырзағалиева Гүлназ Сартбайқызы СТО технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру деп сипаттайды. Оқушының өз ойын еркін жеткізуіне жол ашады, талдай, түйін жасай білу дағдысын қалыптастырады. Еркін пікірталасқа түсе алады. Технологияның «Түртіп алуі» «Автордың орындығы», «Венн диаграммасы» т.б. әдіс тәсілдері пән бойынша оқушының жеке көзқарасын дәлелдей білуге төселдіреді. Тіл және әдебиет сабақтарынан оқушылардың тақырыпты дұрыс меңгеруіне және өз бетінше ой қорыта білуіне мүмкіндік береді деп атап көрсеткен. Қостанай облысы №3 Лисаков орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Искужинова Айнагүл Есбергенқызы оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегиясы ішінде ой толғануды тиімді етуге лайықталған «Венн кестесі», «Бес жолды өлең», «Көрнекілік арқылы баяндау», «Семантикалық карта» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылатынын айтады. Мәселен: «Венн кестесі» арқылы өз ойынан қорытып сөз шығару, екі затты салыстырып айырмашылығы, ұқсастығы туралы сөз ойлап табу оқушы үшін үлкен ойды қажет етеді. Бұл стратегиялардың қай-қайсысы болмасын оқушының ізденісін, қызығушылығын дамытады. Пәнге деген өзгеше көзқарас қалыптастырады деп атап көрсеткен.

Ақтөбе қаласы Үш тілде оқытатын №21 орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бижигитова Нұргүл Нұржігітқызы осы технологияны қолдану нәтижесінде оқушылары қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара білетінін; Өз ойларын ашық, нақты және сыни тұрғыдан айта білетінін; Сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілгеніне көз жеткізген.

Ақтөбе қаласындағы №4 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұғыманова Қарлыға Салиханқызының осы технология бойынша қол жеткізген нәтижелері: оқушылар өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білу, айналасындағылармен сенімді, анық, нақты қарым-қатынас жасай білу, проблемаларды шеше білу, топта бірлесе жұмыс жасау, адамдармен сындарлы қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі дамығандығы болып табылады.

Хромтау қаласы №5 гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жанұзақова Торғын Зағытқызы бұл технология сабақ жүйесінде іштей үш кезеңге бөлінеді: «Қызығушылықтарын ояту» кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әр түрлі әдіс – амалдары қарастырылады. Мысалы: «Жүректен жүрекке», «Тілекті тізбек»

немесе сол күнгі тақырыпқа қатысты тренингтер ұйымдастыра отырып, оқушылардың назарын бір тақырыпқа тоғыстыруға болады. «Мағынаны ажырату» кезінде оқушылар белсенді түрде жаңа мәлімет алу әрекетін жүзеге асырады. Бұл кезеңді іске асыру үшін қолданылатын «Кубизм», «Ақылдың алты қалпағы», «Үш түрлі күнделік» т.б. Осы әдіс – тәсілдерді қолдану бұл кезеңді ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, өзін-өзі өзектілендіру, танымдық қабілеттерінің дамуы, шығармашылық іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады. «Ой толғаныс» кезеңінде оқушылар бүгінгі алған ақпараттары бойынша алған білімдерін қорытындылайды. Оқушы алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Эссе жазу, бес жолды өлең» тәсілдерін пайдаланатынын айтады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы бойынша оқытудағы өзгерістің нәтижесінде: сабақта оқушы негізгі роль атқарады; ұжымдық ынтымақтастық қатынас орнады; жаңа мәліметті қызығушылықпен алады; микроклимат өзгереді; оқушылардың жауапкершілігі артты; проблемалық ситуациялардан шығу жолдарын қарастырады; оқушылар жоғары деңгейдегі сұрақтар қоя бастаған. Сонымен қатар Республика, облыс, аудан көлеміндегі түрлі шығармашылық сайыстарға /мәнерлеп оқу, шығармашылық жұмыстар, ақындар сайысы т.б/ қатысушылар саны көбейген. оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, соның нәтижесінде білім сапасында ілгерілеу байқалғанын айтады.

Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Кенжебаева Бибінұр Ормантайқызы қазір кеңінен қолданылып жүрген «ЖИГСО-1», «ЖИГСО-2», Синквейн, БҮҮ, Фишбон, Кластер құру, «Ыстық табурет», «Болжам жасау» секілді әдіс-тәсілдер сабақтарында қолданып жүргенін; Топтық жұмыс жасау арқылы оқушымен жеке жұмыс, жұптық жұмыс жасау арқылы, оқушыны ең алдымен адамгершілікке, татулыққа, өзара көмек беруге тәрбиелейтінін нәтижесінде оқушыларды бірін-бірі тыңдауға, пікірлерін құрметтеуге, сыни ойлауға үйрететінін айтады. Оқушыларға сабақтың түрленіп өтуі өте ұнайды, сабақты қорытқан кезде өздерін, жұбын, тобын бағалаған кезде барынша әділ болуға тырысқандырын байқаған. Ақтөбе қаласы №10 жалпы білім беретін орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Бикмұханова Нелли Жангалиевна СТО технологиясының стратегияларын сабақтарда қолдану дегеніміз оқушының тереңінен әрі жан-жақты ойлауына, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеп, үздіксіз жұмыс жасауына септігін тигізетінін өз тәжірибесінде байқаған. Нәтижесінде әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді; Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді; Ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді /мағынаны тану кезеңінде/; Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайтынын айтады. Ұсынысы: 1. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылау 2. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралау. 3. Білімді өз бетімен

алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттыру. 4. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптастыру деген ұсынысын білдірген.

Ақтөбе қаласы №10 жалпы білім беретін орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Тулеубаева Зирада Қаматқызы СТО қолдануда: 1. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/. 2. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады. 3. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгеленің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді. 4. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды. 5. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 6. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқандай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренетінін айтады.

Темір ауданы Шұбарқұдық № 2 қазақ-орыс орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жұбатырова Гүлнара Смағзонқызы сабақта сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолданатынын: Райэн мен Дэки стратегиясы. Мұнда оқушылар ұқсас екі нәрсенің бір-бірінен айырмашылықтарын көрсете отырып, екеуіне тән негізгі ұқсастықты табады. Мәселен, бүгінгі таңда кеңінен танымал ұялы телефон мен атом бомбасын алалық. Екеуінің де өздеріне тән ерекшеліктері жеткілікті. Ал ұқсастығы – адамның ойлап тапқан жаңалығы. - «Ортада қаламсап» стратегиясы. Бұл әдісті әсіресе әдебиет сабағында жиі пайдаланамын. Жаңа тақырып бойынша өткен ақын не жазушының шығармаларын оқи отырып, қандай жақсы нәрселерді өзімізге керек еттік, нені ұқтық? Әр оқушы топтау жұмысын жүргізетінін айтады.

Әйтеке би ауданы Т. Жүргенов атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шайхина Алтын Жәмиқызы Сын тұрғысынан ойлау негізі - сабақтың үшбағыттық құрылымында - ой шақыру, ойлау, кері байланыс кезеңдерінде берілетін бірнеше тапсырмалар мен тәсілдерді барлық пән мұғалімдеріне қолдануға, осы технологияны тереңірек оқып - білетін көптеген әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар, электрондық оқулықтар қазақ тілінде басылып шығарылса деген ұсыныс айтады.

Оқушыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда РАФТ, *INSERT*, екі түрлі түсінік күнделігі, еркін жазу, дөңгелек үстел, үш қадамдық сұхбат, бес жолды өлең, эссе, түртіп алу сияқты стратегиялардың тиімді де ұтымды жақтарын қолданатын Ақтөбе қаласы №10 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Момышева Гүлдәурен Әділбекқызы. Нәтижесінде сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылардың бойынан белсенділік, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізе алу, өзара сұрақ қойып, дәлелдерді талдау, қарым-қатынас жасау, бірін-бірі тындау, кез-келген мәселені шешіп, мағынасын анықтау үшін саналы түрде, өз беттерінше стратегиялар қолданатынын аңғардым. Өзін жеке дара тұлға ретінде танып, бір-біріне құрметпен қарауға үйренді. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы өзін-өзі бақылау,

бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері және білімді өз бетімен алуға деген ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеттері артқанын айтады.

Симатов Ғалымбек Қуанышұлы Ақтөбе қаласының №15 ОМ-нің 8-9 сыныптары математика пәнінің мұғалімі. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын қолдануды суреттей келе келесідей пікір мен ұсыныс айтады. Сыни тұрғыдан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалуы шарт: 1) сыни тұрғыдан ойлауды тудыру үшін уақыт керек; 2) оқушыларға ойлануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру; 3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау; 4) үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау. Бұл технологияны пайдалану оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен дамуға, қиындықтан қорықпай үйрене білуге мүмкіндік береді. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын сабақта қолдану тиімді.

Жаңбыршина Қайнаркүл Байғабылқызы Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының 5-11 сыныптары математика пәнінің мұғалімі. 2012 жылдан бері осы технологияны қолданып табысты еңбек етуде. Әлемдік білім кеңістігіне ену білім беру жүйесін халықаралық деңгейге жеткізуді, көтеруді талап ететіні сөзсіз. Білімді де білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс екені айқын. Мұғалімдердің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа инновациялық әдіс тәсілдерін кеңінен қолданып, оны үнемі жетілдіріп отыру және меңгеру. Ұстаз үшін бастысы – оқыту әдісін дұрыс таңдай білу. Әр мұғалім өзінің технологияны пайдалану шеберлігіне байланысты. Сол технологиялардың бірі – сыни тұрғыдан ойлау технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Осы жаңа технологияны пайдаланудағы оқушы үшін тиімді тұстарын атап көрсеткен: 1) оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығы артады; 2) танымдық қабілеттілігін қалыптастырады; 3) оқушының өздігінен ізденісіне жол ашады; 4) қосымша мәліметтермен танысады. Бұл технологияның негізгі ұстанымдары: әлсін-әлсін қайталау, міндетті кезеңдік бақылау, тіректерді пайдалану, келіспеушіліктің болмауы, оқушы жетістіктерінің жариялығы, қателерді түзеуге мүмкіншілік жасау, табысқа жетуге жағдай жасау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі. Сыни тұрғыдан ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаумен аяқталады. Сыни тұрғыдан ойлау кез-келген жас аралығына тән. Сыни тұрғыдан ойлау күрделі үдеріс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет.

Ақтөбе қаласы №55 орта мектебінің химия пәні мұғалімі Киынбаева Эльмира Қалбекқызы сыни тұрғысынан ойлау технологиясының зор мүмкіндіктерін өзінің іс-тәжірибесінде қолданып келе жатқан ұстаздардың бірі. Эльмира Қалбекқызының СТО технологиясының тиімділігіне іс жүзінде көз жеткізді: бұл технология оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, ойлау белсенділігін, тапқырлығын, өзіне деген сенімділігін, іскерлік дағдысын қалыптастырады. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақ құрылымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс

кезеңдерінен тұрып, әр кезеңдегі тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, оқушылардың өз ойларын ашық айта білуге тәрбиелейді. Жалпы алғанда, мұғалім «Сыни тұрғысынан ойлау» стратегиясы сабақты жоспарлауда өте тиімді деп есептейді. Мұнда оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады: қызығушылықты ояту; мағынаны тану; ой-толғаныс. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылық қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, өз ойын айту оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын ұмытпау керек. Мұғалімнің іс-тәжірибесінен байқалғандай, бірнеше минут ішінде көптеген шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Қағидасы: ұсынылған пікір бағаланбайды, сыналмайды; жұмыс пікірдің сапасына емес, санына бағытталған (неғұрлым пікір көп болса, соғұрлым нақты шешім қабылдауға болады); барлық пікірлер «бір ауыз сөзбен» жазылып отырғаны жақсы, белгіленген уақыт сақталуы тиіс. Технологияның нәтижелілігі: жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруға, оқушылардың білім деңгейін көтеруге, балаларды шығармашылыққа баулуға, өз ойларын еркін айтуына, тез арада дұрыс шешімдер табуына атсалысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептейді және сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған, бірін-бірі толықтырған ойлау деген пікірде. Ұсынысы: оқушылар жан-жақтан жиналған көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, олардың ішінен қажеттісін, өзектісін алулары қажет.

Ақтөбе қаласы №15 орта мектебінің биология пәні мұғалімі Тыныбекова Айнагүл Иркисбайқызы. Еңбек өтілі 15 жыл. СТО технологиясын 2013 жылдан бері сабақтарында қолданып келеді. Бұл жоба арқылы оқушылар берілген тақырып мазмұнына сын тұрғысынан қарап, өзіне қажеттісін, сапалы шешім қабылдауды, сұрақ қоя білуді, кез келген сұраққа жауап іздеуді үйренеді, ойы дамиды. Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. Технология оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге, қиындықты жеңуге баулиды. Жеті модульмен жұмыс жүргізгенде мұғалімнің тағы бір тапқаны – бағалау. Өткізген сабақтарында топтардағы көшбасшылардың бағалауы және топ мүшелерінің өзін-өзі бағалауы аса тиімді болды. Дәстүрлі сабақта бағалау мұғалімге тәуелді болғандықтан, мұғалім алғашқы сабағында алдымен көшбасшының бағалауын тыңдап және өзінің бағасы ескеріп әр оқушыны бағалағаны – өзінің іс тәжірибесіне енгізген тағы бір жаңалық болды.

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің информатика пәніне сабақ беретін жас ұстаз Насамбаева Алтынгүл Темірханқызының іс-тәжірибесінен. Блум таксономиясы – жеке тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс. Блум таксономиясы негізінен «Сын

тұрғысынан ойлау» технологиясымен тақырыптас, өзектес бір мақсат мүддеге бағытталады. Блум таксономиясы алты кезеңнен тұрады: 1. Білім; 2. Түсіну; 3. Қолдану; 4. Талдау; 5. Жинақтау (синтез); 6. Бағалау.

«Таным мен ойлаудың төмен деңгейі». Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Нәтижесінде оқушылар: қолданылған терминдерді біледі (есте сақтайды және қайталайды); нақты фактілерді біледі; жұмыстың орындалу ретін біледі, негізгі ұғымдарды біледі; ережелерді, қағидаларды біледі.

«Таным мен ойлаудың орта деңгейі». Негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілермен идеяларды түсінетіндігін көрсету. Оқу материалын түсінген ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады: аударма жасау (трансляция) – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.); интерпретация – оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; экстраполяция – (Жорамалдау). Құбылыстың бір бөлігіне қатысты түйіндерді оның екінші бөлігіне тарқату; оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау. Фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсінеді; сөзбен келтірілген материалды, схемалар, графиктер, диаграммаларды түрлендіреді; сөзбен келтірілген материалды математикалық ұғымдарға өзгертеді; берілген ақпарат бойынша болашақта туындалуы ықтимал салдарын сипаттайды. Қалай? Неліктен? Сөйлемді аяқтаңыз; сөйлемді өзгертіңіз; өзара байланысын түсіндіріңіз; айырмашылығын көрсетіңіз; өз сөзіңізбен айтыңыз; графикті, суретті түсіндіріп беріңіз. Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз; Зерттеуіңізді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз; Қолдану Таным мен ойлаудың орта деңгейі. Жаңа білімдерді, әдістерді және ережелерді түрлі нұсқада пайдалану. Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді. Ұғымдар мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады; Заңдар мен теорияларды практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады; Әдіс немесе жұмыс ретін дұрыс қолданатындығын көрсетеді. Жасап көр; таблица, график жаса; қолдану мақсатын түсіндір. Талдау таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау. Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу: бүтіннің бөліктерін ажырату; бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінуден қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Элементтерді талдау, Қарым қатынасты талдау, Ұйымдастыру қағидастарын талдау; Жасырын (көзге көрінбейтін) жәйттерді ашады; Ойдың өрбуінен қателер мен олқылықтарды айқындайды, Фактілер мен

олардың салдарының арасын ажыратады; Ұсынылған фактілердің маңыздылығын айқындайды. Құрылымы қандай? Салдары неде? Топтастырыңыз; салыстырыңыз; себебін талдаңыз. Теореманың екі бөлігін салыстырыңыз. Жинақтау.

«Таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі». Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну; Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру. Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді. Шығармашылық тұрғыдан кішігірім шығарма (эссе) жазады; Тәжірибе жасаудың өзіндік жоспарын ұсынады; Қандай да болмасын проблеманы шешу үшін өз білімдерін шығармашылықпен қолданады. Өз шешіміңізді табыңыз, алгоритм құрастырыңыз, баламасын табыңыз, бөліктерден құраңыз, жүйелестіріңіз, зерттеңіз. 1. Эссе, шығарма, өлең, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу. 2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау). 3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну. Бағалау: таным мен ойлаудың жоғарғы деңгейі. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді. Оқу материалы құрылымының логикасын жазбаша түрде бағалайды; Ішкі немесе сыртқы критерийлерге сүйеніп, оқу материалының маңыздылығын айқындатады; Жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін анықтайды. Білім беру философиясы мен танымдық психология адамның өз қолымен жасағанын есте сақтайтындығын, практикалық әрекеттер арқылы, бірікші кезекте ұжымдық әрекеттер арқылы үйренетіндігін оған өзі жасағаны қызық екендігін дәлелдеді.

Ақтөбе облысы, №38 орта мектебінің информатика пәнінен сабақ беретін тәжірибелі мұғалім Исмағанбетов Ақылбек Бақтыгерейұлы СТО технологиясын өзінің іс-тәжірибесінде қолданып келеді. Бұл бағдарлама заман талабын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруге, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа технологиялардан өзінің құрылымы мен ерекшеленеді. Сабақ жоспары құрылымының өр кезеңінің өзіндік қызметі бар. Ақылбек Бақтыгерейұлының іс- тәжірибесі көрсеткендей, СТО – технологиясын қолданып жүрген сынып оқушыларының даму деңгейі артты, олар өздерін ортада еркін ұстайды, жеке тұлға ретінде сезінеді. Өзіндік «мені» дамыды. Оқушының ойлау қабілеті дамыған сайын, оқушы бойында төрт параметр көрсеткіші өседі: жекеден

жалпыға; дифференциалдықтан сенімділікке; интуициядан логикаға; бір перспективадан көп перспективаға қарай дамиды.

Павлодар облысы, Лебяжи ауданы, Майлыбай ауылының информатика пәнінің мұғалімі Жұмабекова Мадина Оразханқызының СТО технологиясын қолданудағы іс-тәжірибесінен. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты, ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім екенін белгілі. Ол оқушылардың ойлана білуіне, өз оқуына таңдау жасау, басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Сыни тұрғыдан ойлау әдісі оқушының ойын дамытуға көп көмегін тигізеді. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Сын тұрғысынан ойлауға дамыту модулінде мен келесідей: «Қос жазба күнделігі», «Fishbone», «Автор орындығы», «Блум түймедағы», «Екі жұлдыз, бір ұсыныс», «Жіңіше-жуан сұрақтар», «Білемін. Білдім. Білгім келеді», «Венн диаграммасы», «Ашық хат» және т.б. әдіс-тәсілдерді қолданадым. Осының нәтижесінде 2012-2013 оқу жылында басында информатика пәнінен 8-сынып оқушыларының білім сапасы 67 пайыз болса, осы оқу жылында соңында 83 пайызға көтерілді, өсу динамикасы: +16. Ал осы 2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы 100 пайызға жетті, өсу динамикасы: +17. Жалпы информатика пәні бойынша үш жылдық мониторингқа тоқталып өтсем, 2012-2013 оқу жылында мектеп бойынша 62 пайыз болса, 2013-2014 оқу жылындағы көрсеткіш 72,5 пайыз, ал 2014-2015 оқу жылындағы көрсеткіш 76 пайызға жетті. Қарап отырсақ, динамиканың оң бағытта көрсетілген.

АҚШ мұғалімі Дэвид Клустердің ұсынған анықтамасының 5 пункті:

1. Сын тұрғысынан ойлау принциптеріне негізделген болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын тәуелсіз құратын болады. Біз үшін басқа біреу сыни ойлай алмайды, біз барлығын өзіміз үшін жасаймыз.

2. Ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілген пункті болып табылады.

3. Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

4. Сын тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сын тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі. Сонымен қатар, ол сол мәселені шешудің басқа да жолдарының бар екендігін мойындайды да, өзі таңдап алған жолдың басқаларына қарағанда ақылға қонымды екендігін дәлелдеуге тырысады.

5. Сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі немесе философ Хана Арентттің жазуынша «тек кімде кімнің қатысы болғанда ғана кемелге жетуге болады». Басқалар таласып оқығанда, талқылап, қарсы пікір айтқанда немесе ой бөліскенде біз көзқарасымызды дәлдеп, оған терең бойлай түседі. Сыни

тұрғыдан ойлау анықтамасының бес пунктiнiң барлығы оқу әрекетiнiң кез келген түрiнде орын алуы мүмкiн.

Қорытындылай келгенде, сыни тұрғыдан ойлау дегенiмiз – алған бiлiмге сын көзбен қарау, iздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, бiлiмдi саналы түрде алу. Бұл технологияның тиiмдiлiгi – оқушының құзыреттiлiгiн арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар: 1. Жеке тұлғаның жетiлуiне, дамуына бағытталады. 2. Мұғалiм мен оқушылар арасында iзгiлiктi қарым-қатынас орнауы. 3. Оқушының өздiгiнен жан-жақты бiлiм алуына жағдай жасалады. 4. Алған бiлiмге сын көзбен қарау, бiлiмдi сапалы түрде алу. 5. Оқушыны ойын ашық айта алуға, пiкiр айтуға, алмасуға үйренедi. 6. Бiрiн-бiрi сыйлауға баулуы. 7. Мәселенiң ең негiзгi түйiнiн табуға дағдыланады. 8. Оқушының шығармашылық белсендiлiгiнiң артуы.

Ой жүгiрту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерiсi жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не iстеу керек және бұрын ойластырылған әрi рефлективтiк тәсiлмен қалай iстеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады деп сипаттама берген Алматы облысы Қапшағай қаласының орта мектеп-гимназия мектепке дейiнгi шағын орталығының бастауыш сынып мұғалiмi Мұсаева Рая Алмаханқызы мен Бұқпанова Зайгүл Мамытқызы, олар бұл технологияны 2013 жылдан берi қолданып келедi. Сыни ойлау өзiндiк ойлау, сұрақ қою және шешiмiн талап ететiн проблемаларды айқындаудан басталады, сондай-ақ әлеуметтiк ойлау, бiрлесе оқыту идеясы. Оқушы өзi сұрақ қойып, шешiмiн өзi айқындайды. Сыни ойлау мұғалiмдер идея мен тәжiрибенiң әртүрлiлiгiн түсiнгенде және қолданғанда пайда болады деп сипаттайды. Стратегияларды жаңа сабақты өз бетiнше меңгерту үшiн қолдану, мағынаны тану кезiнде түртiп алу әдiсiн пайдалану және мәтiнмен жұмыс жүргiзгенде қолданған тиiмдi. Оқушы тақырыпты өзi оқиды, таныс мәлiметтердi белгiлейдi, бiлмеген мәлiметтердi табады да кестенi толтырады, бiлмегенiн мұғалiмнен сұрайды, ненi бiлгiсi келетiнiн айтады. Мысалы, «Негiзгi және туынды етiстiк» тақырыбындағы сабақта «не бiлемiн?», «не бiлгiм келедi?», «не үйрендiм?» деген сұрақтарға жауап берiп, кестенi толтырды. Осыдан өздерiнiң ойларын ашық жеткiзуiн және әрбiр оқушы негiзгi және туынды етiстiк туралы бiр нәрсе үйренгендiгiн байқауға болады. Жалпы сыни ойлау арқылы оқыту барысында мұғалiмдер: Оқушыларды топқа бөлiп ой қозғатуды; Оқушыларды тақырыпқа қызықтырып бағыттауды; Тақырыптағы ең құнды мәселелердi анықтап ұсынуды, зерттеудi; Оқушылардың өз-өздерiн реттеуге, бағалауға, бiлiмдерiн өз бетiмен саралауға бағыттауды; Оқушылардың, әрiптестердiң, тренерлердiң ұсыныс-пiкiрлерiн қабылдауды; Сыни тұрғыдан ойлай отырып мәдени күнделiк толтыруды үйренетiнiн атап көрсеткен. Алайда бұл кезеңде қиындықтардың да кездесетiнiн: Кейбiр оқушылардың ойлау деңгейлерiнiң төмендiгi; Сөздiк қорларының аздығынан өз ойларын толық жеткiзе алмауы, яғни берген жауаптарына дәлел келтiре алмай қысқа жауап беруi; Оқушының өз-өзiне сенiмсiздiгi, жауабына күмәндануы.т.б айтады.

Оқушының ойлау қабiлетiн байытуға игi ықпал ететiн жаңаша оқытудың

бір түрі – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы деп білетін Қапшағай қаласының орта мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығының бастауыш сынып мұғалімі Байжігітова Бақтыбала Айтжанқызы осы технология арқылы оқушылардың сөйлеу деңгейі жоғарылайды, және де ой ұшқыр демекші оқушылардың ойлау мүмкіндіктері артады. Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік ретінде атап көрсетеді.

Осы технологияны сабақта қолданып жүрген Талдықорған қаласы №24 мектептің шет тілі пәні мұғалімі Сансызбай Жарқын Сансызбайұлы: СТО-технологиясының сабақ кезеңдері: Қызығушылығын ояту – Эвокация; Мағынаны тану – Реализация; Ой толғаныс – Рефлексия; УӘЖ – технология. Осылар арқылы сабақта теория мен практиканы ұштастырып, білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарды толық орындауға мүмкіншілік мол. Оқушының жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай тапсырмаларды беру арқылы ой-өрісі, көзқарасы, білігі дамиды. Нәтижесінде білімді өз ізденістері арқылы қабылдайтын, практикалық жұмыстарды өз бетінше орындай алатын, өзіндік жеке пікірі бар, ұлттық дүниетанымы кеңейген, ұлтжанды азаматтар қалыптасады. Оқушылардың білім сапасы өсіп, нашар оқитын оқушылардың жолдастарының алдында жауапкершілігі арта бастайды. Деңгейлік тапсырмалар үстінде бірін-бірі жақсы зерттеп, өзара адал қызмет етуге ұмтылады, бейімделеді, бәсекелестік пайда болады, тілдері дамиды, оқушының өз-өзін бағалауы мен түзетуі қатар жүреді. Барлық оқушылар әділ бағаланады.

Алматы облысы, Көксу ауданы, Мұсабек ауылындағы Қызыларық орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Досанова Айгүл Абайқызы бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтауда қолданылатын әдіс болып табылады. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді. Сын тұрғысынан ойлау қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді деп сипаттайды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақта қолдану нәтижесінде оқушылардың бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынасын, мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс пайда болуын, келелі мәселелерді өз бетінше шешуге, өз көз қарастарын еркін жеткізуге, сабаққа деген ынтымақ-қызығушылығын арттыратынын байқаған. Сын тұрғысынан ойлау дағдысы нақтылықты, анықтық пен объективтілікті сақтай отырып, сөзді түсіну және пайдалану, дәлелдер мен дәйектерді бағалау, сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстар болуын белгілеу, өз ұстанымдарының бастапқы моделін алынған тәжірибенің нәтижелері жүйесіне енгізу, күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты бір нәрсе туралы парапар пікір қалыптастыруды көздейтінін айтады.

Борамбаева Раушан Жансұлтанқызы Көксу ауданы, Мұсабек ауылы,

Қызыларық орта мектебі 5-11 сыныптары математика пәнінің мұғалімі. Үш жылдан бері «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын қолданып келеді. Мұғалім аталған технологияны қолдану арқылы келесі қорытынды жасаған: Сыни тұрғыдан ойлау – «ойлау туралы ойлану»; сыни тұрғыдан ойлау маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды; сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді; сыни тұрғыдан ойлау технологиясы тиісті ақпарат жинауды, дәлелдерді сыни тұрғыдан талдау мен бағалауды кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар, ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды; сонымен қатар, оқушылар өз ойларын нақты жеткізіп, өздігінен жұмыс жасауға дағдыландырады.

Қапшағай қаласының мектепке дейінгі шағын орта мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі Нұғымарова Бақтыжамал Тұрысбекқызы. Еңбек өтілі 20 жыл. Ол 2013 жылдан бастап бастап СТО технологиясын қолдануда. Сын тұрғысынан ойлау ой жүгірту, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген барлық жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұрын ойластырылған әрі рефлексивтік тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады. Сыни ойлау сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан, ойлаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды, бірлесе оқыту идеясы. Мұғалімдер идея мен тәжірибенің әртүрлілігін түсінгенде және қолданғанда пайда болады. Сыни ойлауға оқыту – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни ойлауға апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ. Стратегияларды жаңа сабақты өз бетінше меңгерту үшін қолданған тиімді. Бақтыжамал Тұрысбекқызы сабақты өз бетінше меңгеру үшін мағынаны тану кезінде түртіп алу әдісін мәтінмен жұмыс жүргізгенде пайдаланады. Оқушы ең алдымен тақырыпты өзі оқиды, таныс мәліметтерді белгілейді, өзі білмеген мәліметтерді табады да кестені толтырады, білмегенін мұғалімнен сұрайды, нені білгісі келетінін айтады. Жалпы, сыни ойлау арқылы оқыту барысында мұғалімдер: оқушыларды топқа бөліп ой қозғатуды; оқушыларды тақырыпқа қызықтырып бағыттауды; тақырыптағы ең құнды мәселелерді анықтап ұсынуды, зерттеуді; оқушылардың өз-өздерін реттеуге, бағалауға, білімдерін өз бетімен саралауға бағыттауды; оқушылардың, әріптестердің, тренерлердің ұсыныс-пікірлерін қабылдауды; сыни тұрғыдан ойлай отырып мәдени күнделік толтыруды үйренеді. Алайда бұл кезде қиындықтар да кездеседі: кейбір оқушылардың ойлау деңгейлерінің төмендігі; сөздік қорларының аздығынан өз ойларын толық жеткізе алмауы, яғни берген жауаптарына дәлел келтіре алмай, қысқа жауап беруі; оқушының өз-өзіне сенімсіздігі, жауабына күмәндануы.

Алматы облысы, Панфилов ауданы Үлкеншыған орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі Искакова Ләззат Есмұратқызы 20 жылдан бері ұстаздық етіп келеді. СТО технологиясын қолданғанына көп болған жоқ. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ. Сондай

педагогикалық технологиялардың бірі – «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы оқушылардың кез келген мазмұн, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға сапалы шешім қабылдауды үйренуі. Аталмыш бағдарлама көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Қызығушылықты ояту – бұл үйрену үрдісі, ол оқушылардың бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Сондықтан да сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады. Жұбымен, тобымен талқылайды.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін, ынта-жігерін арттыру. «Мағынаны тану» сатысында жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Өз бетінше жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Бір тапсырманың соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны тануды жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі,- деп тұжырымдайды мұғалім. Оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады, бұл кемшілікті «Ой толғаныс» кезеңінде жою мүмкіндігі бар. Оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Біліміне өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзіне өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Ләззат Есмұратқызы жетелеу сұрақтары арқылы тақырыптың ашылуына ықпал етеді. Мысалы: ойыңда не сақталып қалды? Тақырып бойынша сені не қызықтырды? Бұл әдіс оқушыларды ұжым болып жұмыс жасауға үйретеді. Ақпараттарды өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Тақырыпты түсінуге, химиялық реакция теңдеулерін жазуға, есептер шығаруға машықтанады. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған тақырыпты түсіну, оны түсінікті етіп орындау, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы сауатты жазу, оқу мүмкіндігі туады. Бағдарлама бойынша оқытудағы өзгерістің нәтижесі: сабақ түбегейлі оқушыға бағытталды; ұжымдық ынтымақтастық қатынас орнады; бұрынғы білімдеріне білім қосты; микроклимат өзгерді; оқушылардың жауапкершілігі артты; күтпеген өзгерістер болу үшін стандартты емес тәсілдер қолданылды; күтпеген өзгерістер көп болды; проблемалық ситуациялар туғызылды; оқушылар жоғары деңгейдегі сұрақтар қоя бастады; мұғалім өзі де өзгерді. Оқушыларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, үздіксіз іс-әрекетке жетеледі. Бағдарлама стратегиялары оқушылардың бірін-бірі тындап, құрметтеуге үйретті. Қуанышпен айта кететін жайт, бұрын үндемей отыратын балалардың сабаққа қызу араласуы. Жай уақытта олар өздерін бұлай көрсетуге бара қоймас еді. Сабақтарды ерекше, жаңа технология жобасымен өтуі оларға еркін сөйлеп,

ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызғандай. Бүгінгі қоғамға да, мектепке де керегі осылар- деп түйіндейді.

Атырау облысы, Құлсары қаласы №21 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Аманиязова Шынар Болатқызы: «Сын тұрғысынан ойлау» - белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау екендігін айта келіп, бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады, бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай, көбінесе ана тілі пәнінде оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданған.

Сабақта қолданып жүрген әдістері мынадай: I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру). II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең. III ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне мүмкіндік беріледі. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру деп тұжырымдайды.

Атырау қаласы №36 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Көптілеуова Балкенже Тажғалиевна сыни тұрғыдан ойлау бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға, және синтездеуге бағытталған пәндік шешім деп біледі. Сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы технологияны қолдану нәтижесінде яғни сыни ойлауда - оқушылар қай нәрсеге болса да терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өзіндік мәнін қалыптастырады, өз ойын тұжырымды жеткізе алады.

Атырау қаласы №36 мектеп- гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Бақтығалиева Кәмшат Бақтығалиқызы: сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге

байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар, басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Осы технологияны қолдану нәтижесінде оқушылары еркін сөйлеуге, ізденуге үйренді. Топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шыңдалады. Сонымен қатар, оқушылар жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш-қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бағдарламасының қай әдісін алсақ та оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін, шығармашылығын жан - жақты дамытатынын байқаған.

Осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Хайруллина Рыскелді Орынбасарқызы жаңа технология туралы СТО жобасының көптеген әдістерімен танысқанын. Бұл әдістер сабақ өту барысында көптеген өзгерістерге әкелді. Уақыттың қалай өткенін білмей қаласыз деп пайымдайды. Нәтижесінде: жүйелі түрде жұмыс істуге; балалардың ойын еркін жеткізуіне; бір-біріне көмектесетініне көз жеткізген. Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту жобасын таратуға мүмкіндік жасау. Мектептен тыс оның ішінде үйірме және факультатив жұмыстарын дамыту туралы пікірін білдіреді.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолданып жүрген осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қабделова Алтынай Гилманқызы сын тұрғысынан ойлау белгілі бір идеяларды қабылдай отырып оның неге қатысты екендігін зерттеу деген тұжырымын айтады. Нәтижесінде, яғни сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді. Сонымен қатар әр сабақта оқушының кез келген мәселеге сыни көзқарасын қалыптастырып, оларды ашық, еркін сөйлеуге баулу – әр оқытушының міндеті екенін айтады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданып жүрген Атырау қаласының Д.Байбосынов атындағы №13 мектебінің тарих пәні мұғалімі Айжарық Ләззат Бисенбайқызы «миға шабуыл» әдісімен жаңа сұрақтарды қолдану, оқу мен жазу арқылы оқушылардың СТО, логикалық ойлауын дамытуда маңызды роль атқаратынын атап көрсетеді. Өз сабағында осы технологияны қолдану нәтижесінде ғылыми жоба, пән бойынша олимпиада мен сайыстарда жүлделі орындарды иеленіп, ҰБТ бойынша көрсеткіштерге қол жеткізгенін сөз етеді. Сондықтан да бұл технологияны тарих пәні сабағында қолданудың тиімділігін айтады.

Атырау қаласының №9 Ш. Уәлиханов атындағы орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімдері Амантурлиева Шынар Несіпқалиқызы, Байбосынова

Айғаным Бақытқызы ағылшын тілі сабақтарында 7 модульді ықпалдастыра қолдану, оқушылардың тілді жетік үйренуіне, сөздік қорын жетілдіруіне ықпал етеді. Сыни тұрғыдан ойлауы дамып, өз бетімен білім алуға үйренеді. Нәтижесінде ағылшын тілінен оқушылардың тілдік дағдысы жетіліп, ағылшын тілінде еркін сөйлеуіне мүмкіндік туды, сөздік қоры молайды. Оқушылар өз бетімен білім алуға ұмтылып, сыни тұрғыдан ойлауы қалыптасқанын байқаған. Ағылшын тілі сабақтарында 7 модульді қолдану, оқушылардың арасында ынтымақтастық орта қалыптастыруына жағдай жасайды. Білім деңгейі артады, оқушылардың сапалы білім алуына ықпал жасайды. Дарынды және талантты оқушылардың өз бетімен білім алуына септігін тигізеді.

Атырау қаласының №5 мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Сүйіншалиева Айнагүл Болатқызы Интербелсенді тәсілдерді сабағында тиімді қолданатынын, нәтижесінде оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға үйренеді. Оқушылардың пәнге деген белсенділігі мен қызығушылығы артатынын айтады.

Облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназияның тарих пәні мұғалімі Оралова Гүлсім Кенжеғалиқызы: мектеп шеңберінде даму бағдарламасын іске асыру - оқыту мен оқу тәжірибесіне жаңа тәсілдерді енгізу, бір немесе екі әріптесіне тәлімгер болу мектептің дамыту үдерісіне қолдау көрсету, бағдарламаның ықпал ету дәрежесін анықтау; оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету деп сипаттайды. Нәтижесінде оқушылардың пәнге қызығушылығы артады, топпен жұмыс жасауға дағдыланады, ойын еркін жеткізе біледі. Өзін-өзі бағалауға және сыныптастарын бағалауға үйренеді. Мұғалімдерді қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектеседі. Теориялық және практикалық кәсіби құзыреттілігін мейлінше тереңдетеді.

Атырау қаласындағы Ш. Уәлиханов атындағы №9 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Каленова Оксана Нысанбайқызы: сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті екендігін айтады. Нәтижесінде Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ал, сабақ сыни тұрғыдан ойлау принциптеріне негізделетін болса, әркім өз ойлары мен пікірлерін және бағалауларын басқалардан тәуелсіз құратын болады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам басқаның көзқарасымен жиі келісе бермейді. Олар не ойлау керектігін өздері шешетін болады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерді қолдану сабақта көп нәтиже беретінін айтады. Осы технологияны қолдану

арқылы оқушының білім сапасын арттыруға сенімді екенін айтады.

Осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Бекежанова Маржан Бекежанқызы: сын тұрғысынан ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра оқыту, оқушылардың жеке топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл стратегия оқушының жекелеген мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашуға бағытталады. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады. СТО жобасы мұғалім мен оқушының белсенділігін арттыруда қолдануға болатын бірден-бір әдіс деп айтады. Бұл әдіс оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жаңа сабақты оқушының өзі меңгеруіне жағдай жасайды.

Атырау қаласының Ш. Уәлиханов атындағы №9 орта мектебінің қазақ әдебиетінің мұғалімі Ұлықпанова Қамқа Кеңесқызы: сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі деп сипаттайды. Қазақ тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжірбиесін сабақтарда қолданатынын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін – өзі тәрбиелейтінін айтады.

Бисенғалиева Гүлфайруз Жанзеленқызы Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназиясының математика пәнінің мұғалімі. Мұғалім сабақтарында «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын қолданады. Сыни тұрғыдан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушының мұғаліммен, сыныптастарымен ерікін сөйлеуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды. Оқушылардың қызығушылығы, өздігінен ізденушілігін, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарау, күрделі мәселелерді шешуге, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлықтарын арттырады.

Жамбыл облысы Тараз қаласы Н. Тлендиев атындағы мектеп-интернаттың бастауыш сынып мұғалімі Досаева Гүлназ Абілханқызы осы технологияны қолданғалы бері оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты, ұйымшылдыққа, бірлесіп жұмыс істеуге, бірін-бірі тыңдауға, өз пікірлерін еркін айта алуға, өз қабілеттерін ашуға септігін тигізгенін айтады. Оқушыны

қызықтыратын түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, сабақ өткенде оқушы тақырыпты өз бетімен оңай меңгере алатынын айтады. Сонымен қатар сабақта «Автор орындығы», «Болжау», «Венн диаграммасы», «Галереяға саяхат», «ЖИГСО 1, 2» стратегияларын үнемі қолданатындығын атап көрсетті.

Тараз қаласының №15 мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Каримова Паляя Мұзаппаровна технологияның негізгі мақсаттарының бірі оқушылардың ойлау икемділігін және шығармашылық іс-әрекетке бағыттайды. Сын тұрғысынан ойлау оқушыны кез-келген мазмұнды сынауға, оны жан-жақты терең зерттеуге, бақылауға, талдау жасауға үйретеді. Блум Таксономиясы бойынша оқушыларды білім деңгейі, түсінім деңгейі, қолдану деңгейі, талдау деңгейі, синтез деңгейі және ең жоғарғы деңгей бағалау деңгейі, яғни қарапайымнан күрделі деңгейге біртіндеп өтуге бағыттап сабақтар өтілгенін; оқушыларға талдау мен синтездеу деңгейінде қиындықтар туындағанмен, бірақ осы технологияны қолдана отырып оқушыларды өз бетінше ізденіп, өзін-өзін бағалау нәтижесіне жеткізгенін айтады. Оқытуда балалардың жаңа тақырыпты жаттап алуын негізге аламыз ба немесе осы түсініктермен не істей алатындарын негізге аламыз ба? Осы сұраққа жауап ретінде Блум Таксономиясын таңдап алып оқушыларға жаңа сабақты оқып үйрену кезінде ең алдымен алдарына міндет қойып, материал бойынша сұрақтар дайындатып, сапалы баға қоя білуі үшін критерий жасалынып үнемі сабаққа қолдану туралы айтады.

Беликова Айгүл Асқарбекқызы Қордай ауданы, Қордай ауылы, №47 ОМ-нің математика пәнінің мұғалімі. Мұғалім өз сабақтарында «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын пайдаланады. Технология ерекшелігі оқушыларды топтық жұмысқа үйретеді. Оқушылар бірін-бірі тыңдап, өз ойларын ортаға салып талқылауды үйренеді. Оқушыларды өз ойларымен бөлісуге, ізденпаздыққа, басқалардың ойларын тыңдауға үйретеді. СТО технологиясы - ол оқушыларға сыни тұрғыда ойлауға көмектеседі.

Тараз қаласының № 34 орта мектебінің тәжірибелі ұстазы Муханбетова Жанна Бектұрғанқызы информатика сабақтарында СТО технологиясын ұтымды пайдаланады. Сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталады, мақсаты – барлық жастағы оқушылар кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бағдарлама құрылымы үш деңгейден тұрады. Сабақтың құрылымы:

1. Қызығушылықты ояту: бұл кезеңде оқушының тақырып туралы не білетіндігі анықталады, белсенділігі арттырады, оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын ояту стратегияларының бірін қолданып, қызықты сұрақтар қою арқылы оқушыларды жаңа сабаққа арту. Бұл жерде дәстүрлі әдістердегі «Кім кезекші?», «Сабақта кім жоқ, неге жоқ?» т.б. деген сұрақтарды алмастырып, керісінше сабаққа жағымды ахуал туғызады. Бұл қызығушылықты ояту кезеңі – «жана білімге көпір салу».

Бұл сәт «Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз» деп дайын дүниені айтып беруден алыстатады. Орнына, білетін білімді еске түсіре отырып, жаңа білімге көпір салу болып табылады.

2. Мағынаны ашу: оқушы жаңа ақпаратты бұрынғы білімімен ұштастыра түседі. Бұл кезеңді іске асыру үшін бірнеше тәсілдер бар. Олар: болжау кестесі, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білуді, өзара оқыту т.б. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану кезеңді ең тамаша кезеңге, яғни оқушының өздігінен білім алу, өзі-өзі өзектілендіру, танымдық қабілеттерінің даму, шығармашылық іс -әрекетінің ояну, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

3. Ой толғаныс: оқуды қорытындылау. Оқушылар өз ойлары мен байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта біліп, өзара алмасады. Оқушы алған білімін пайдалана отырып, шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, көрсетеді, бағалайды немесе «Эссе жазу, бес жол өлең», т.б. стратегияларының тәсілдерін қолданып, қорытындылайды.

Сын тұрғысынан оқыту бағдарламасында информатика сабағында қолдануға болатын стратегиялар өте көп. Жанна Бектұрғанқызы оның 25-ін өз сабақтарында пайдалану арқылы, көптеген жетістіктерге жетті. Ең бастысы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастады. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастады. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш-қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бағдарламасының қай әдісін алсақ та оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамытатынын байқадым. Сондықтан, мұғалімнің мақсаты – информатика пәнін оқыту барысында «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бағдарламасын тиімді қолдануды жалғастыру.

Осы технологияны сабақта қолданып жүрген Маңғыстыу облысы Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылының № 9 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Басенова Ақмарал Камалқызы бұл технология білім беруде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: білім саласында жаңалықтар ағымымен жұмыс жасай білу; өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білу; түрлі тәжірибелерге, идеяларға өз көзқарастарын білдіру; проблемаларды шеше білу; өз бетінше білім алу, топта бірлесіп жұмыс жасауға қабілеттілік. Мұғалімнің әрекеті оқушының сабақ үстіндегі әрекетін ұйымдастыру, нәтижесін бақылау болғандықтан, бұл стратегияларды пайдалану оқушыларды бір нәрсеге түрлі көзқараспен қарауға, бір сұраққа түрлі жауап табуға, өмірде болып жатқан құбылыстарға сыни көзқараспен қарауға үйретеді. Осы технологияны қолдану нәтижесінде оқушылардың тақырыпқа байланысты шағын мәтін құрай алуы, берілген сөздермен бес жолды өлең құрай алуы, ұқсас екі тақырыпты

салыстыра алатыны байқалады. Тақырыпқа байланысты қосымша іздеуді, берілген сұраққа өз пікірін айтуды үйренді. Балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетініне көзі жеткенін айтады. Әдебиеттік оқу пәнін өткен кезде, «Ұзынсары» тақырыбын ашу үшін ребус шешкізіп, жұмбақтар шешуге, тақырыпқа сай мақал-мәтелдер айтқызуға болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың ойлауын дамытуға өз үлесін тигізеді. Мағынаны тану кезеңінде оқушыларға «Өзара оқыту», «Рөлдік ойындар», «Ассоциация» стратегияларын қолдануға болады. Топтық тапсырмалар да беріліп отырған.

Ақтау қаласындағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттың шет тілі пәнінің мұғалімі Жолдасова Ғалия Махмұтқызы сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегияларын қолданады. Соның ішіндегі Жигсо ұжымдық әдісі арқылы оқушылар топпен жұмыс жасап, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптастырып, саналы тәртіп орнады, дұрыс көзқарас қалыптастырды. Ал, *INSERT* оқығанын түсінуге, өз ойын басшылық етуге, ойын білдіруге үйреткенін айтады. Сонымен қатар сыни тұрғысына ойлау технологиясы бойынша сабақ құрлымы қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс кезеңдерінен тұрып, әр кезеңде тәрбиелік және оқу мақсаттары әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, алдыға мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, жоғары ойлау үрдісі негізінде мәселені талқылап, ой қорытындылауға оқушыларды өз ойларын ашық жеткізуге тәрбиелейтіндігін байқаған.

Ақтау қаласының №21 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Қалаубаева Зейнеп Бекмолдақызы бұл технология стратегиялары білім беруді оңайлатады, қызықты ете түседі. Ойлануға, жаңа шешімдер қабылдауға, мәселені басқа жақтарынан бағалауға, болжауға үйретеді. «Бұрыш», «Әдебиет үйірмесі», «Автор орындығы», «РАФТ», «Венн диаграммасы» т.б. стратегиялары тарих сабақтарында қолдануға өте тиімді екендігін айтады. Нәтижесінде дәстүрлі оқыту жүйесі кезіндегі біржақтылық, оқулық аясынан шықпау, бағалау кезіндегі біртектілік, мұғалімнің әдіс-тәсілдері өзгереді. Оқушыға еркіндік беріледі, кейбір стратегиялар бойынша үйге тапсырма бірнеше күн немесе ай бұрын беріледі. Оқушы қызығушылығы артады. Жаңа нәрселерді білуге деген талпынысы күшейеді.

Ақтау қаласының С.Қондыбай атындағы №22 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Тілекбаева Айнұр Амангелдіқызы сыни тұрғыдан ойлау – бұл да қазіргі таңда қызықты технологиялардың бірі. СТО технологиясының түрлі стратегиялары сабақтың түрленіп қызықты өтуіне көп септігін тигізеді. Әсіресе, қызығушылық туғызатын әдіс-тәсілдері оқушылардың сабаққа белсене араласуына көмегін тигізеді. Және қазіргі деңгейлік бағдарламаның әдіс-тәсілдерімен тікелей байланысты деп сипаттайды. Нәтижесінде сабақтың әдістемелік деңгейін молайтады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруға көмектеседі. СТО технологиясын меңгерген мұғалімнің сабағы қызықты жүргізіледі. Оқушылардың өзі осы технологияны пайдаланып өткізген сабақ арқылы сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіреді. т.б артықшылықтары молшылық.

СТО технологиясын меңгерген мұғалімдердің ашық сабақтарын бақылағанда дәстүрлі жүйемен өткізетін сабақтардан мүлдем өзгеше жүргізіледі. Қызықты және оқушылардың сөздік қорын молайтуға көмектеседі. Оқушылар өзінің ойын емін-еркін жеткізіп талдай алады.

Ақтау қаласының №13 гимназиясының қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Тұрбекова Мейрамгүл Бахытқызы. Бұл технологияның мұғалім мен оқушыға берері көп, өз тәжірибесінде оқушыларға алдымен сөз мағынасын, оның шығу этимологиясын таныстыруды жөн санайтынын. Мәселен, Махамбеттің «Еңселігі екі елі, Егіз қоян шекелі» деген өлең жолдарындағы «еңселік» деген сөздердің мағынасын түсіндіру үшін, алдымен «елі» деген саусақпен өлшенетін ұзындық өлшемін түсіндіруден бастаған. «Елі – саусақтың көлденең қалыңдығы, ені» дей отырып, бір саусақ бір елі, ал екі саусақты қатар қою екі елі екенін оқушылармен бірлікте көз жеткізеді. «Адамның бет-пішінінде саусақ арқылы өлшегенде екі елі болатын қай жері?»-деген сұрақ қойылады. Сол кезде оқушылар екі саусақты біріктірген күйі бет-пішіндерінің әр жерін мұрын мен ерін аралығын, көз бен қас аралығын т.б. өлшеп, мәз болады. Содан кейін екі қастың арасын өлшеп көрулерін сұрағанда, «еңселік-екі қастың арасы» деп түсіндіреді. Халқымызда «Өтірік пен шындықтың арасы төрт елі» деген нақыл сөз бар. Оқушыларға саусақ арқылы көрсете отырып, нақыл сөздің мағынасын түсіндіру тапсырылады. Еліні түсінген оқушылар төрт саусақты біріктірген күйі төрт еліні бірден көрсетеді. Ал шындық пен өтірік туралы ой қозғау үшін мынадай сұрақ қойылады: «Көзбен көрген жағдай шындыққа жақын ба, әлде құлақпен естіген жақын ба?». Сол сәтте оқушылар көз бен құлақ арасын өлшеп, оның төрт елі екенін анықтайды да, нақыл мағынасына «көрген адам тек көрген жағдайды айтады, ал естіген адам қосып айтуы мүмкін» деген түсінік берді. Сонымен қатар «Бір елі ауызға екі елі қақпақ», «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» сияқты мақалдарды да талдатады. Бұл тәсілдің ерекшелігі оқушының өзіне еркіндік бере отырып, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландыра отырып, көзін жеткізу деп сипаттайды. Нәтижесінде оқушылары қазақ тілі мен әдебиетінен қалалық, Бітібаева атындағы облыстық пәндік Халықаралық, қазақ тілі пәнінен қашықтық жеке пәндік, 5-7 сыныптар арасындағы қалалық пәндік олимпиадалардан жүлделі орындарға ие болған. Дистанциондық «Наурыз» жарысында да жетістікке қол жеткізген. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы: тиісті ақпаратты жинақтау мен сұрыптауға; нақты және түсінікті сипаттама беруге; белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындауға; шешім қабылдап, дәлелдемелерді бағалау үшін нәтижелерді өз бетінше түсіндіруге; шынайы қорытындылар мен жалпылаулар жасауға; қол жеткізілген тұжырымдар мен жалпылауларды қуаттауға; алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзетуге мүмкіндік беретіндін айтады.

Ақтау қаласының түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Сансызбаева Айтолқын Аңшыбайқызы бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін

айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден – бір тиімді технология. СТО технологиясын пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа технологиялардан өзінің құрылымы мен ерекшеленеді. Сабақ жоспарының құрылымы үш кезеңнен тұрады. Әр кезеңнің өзінің қызметі бар. Жалпы стратегияларының саны 100-ден аса деп атап көрсеткен. Сабақта қолданылатын осы технологиялардың ұтымды өткізілуі мынадай нәтиже берген: оқушылар сыныпта да, мектепте де басқалармен қарым-қатынас жасай біледі; басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауды үйренеді; ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге дағдыланады; оқушының оқу мотивациясы өзгереді, сөйтіп өз бетінше ізденуге үйренеді; ең бастысы, сабаққа қызығушылығы мен балалардың белсенділігі артады. Оқушы тек дайын білімді қабылдаушы, есте сақтаушы ғана емес, ол - өз бетінше ізденуші жеке тұлға, тапқан білімін өмірде қолданушы. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жана тақырыпты, мәтінді өткен кезде СТО технологиясының «Бес жолды өлең», «Ой қозғау», «Бағытталған оқу», «Джигсо», «ББҮ», «Инсерт» әдістері арқылы оқушы ойлана отырып, мәтінге назар аудара отырып меңгереді. Кейіпкерлер бейнесін талдауда «Топтастыру», «Венн диаграммасы», «Ішке-сыртқа», әдістерін қолдану өте тиімді. Оқушылардың ойлануына, сөйлеуіне, талдауына жол ашады. «Болжау», «Ортада қаламсап», «Кубизм», «Автор орындығы», «Соңғы сөзді мен айтайын» әдістерін қолданғанда сөйлеу арқылы сөз байлығы, сөйлеу қабілеті, «Көрнекілік», «Кластер», «Галерея», «Газет шығару», «Жариялау» әдістері арқылы дүниетанымы артады. Сабақтарында жеті модульді де жүзеге асыруға ұмтыламын. Сабағында көбіне оқытудағы жана тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлау, дарынды және қабілетті балаларды оқыту модульдері жүзеге асып жатады. Шығармашылық тақырыбы бойынша атқарылған жұмыстарым арқылы оқушыларды шығармашылық ойлауға, еркін сөйлеуге баулып келемін. СТО - дамыту сабақтарының мақсаты біреу (нақты сабаққа байланысты) Міндеттері үш түрлі болады. Олар: мазмұнға байланысты, СТО ды дамытуға байланысты, топпен жұмысқа байланысты. Сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрғанымен, ондағы қолданылатын стратегиялар ауыса береді. Ал, кейбір стратегиялар кезеңге нақты арналған. Сол себептен, орынымен пайдаланған ұтымдырақ болады. Жоғарғы оқу орнында студенттерге қазіргі технологияларды методика сабағында оқытып, үйретсе. Сонда жас маманға сабақ беру қиынға түспес еді.

Ақтау қаласының С. Қондыбай атындағы №22 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қобланов Жеңісбай Таубайұлы: сыни ойлау – бұл қоғамдағы жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз пайым түсінігі арқылы ешкіммен санаспайтын жеке пікірі, қоғамдағы тұлғаның жеке пікірі. Сыни тұрғыдан ойлау, іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты кездескен кедергілерге өз бетінше пікір білдіру, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай

жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады. Әрбір мұғалім технологияның үш фазасында оқушының тақырыпты терең түсінуіне ыңғайластыра қарастыруы керек. Әйтпесе, бала тақырыптан ауытқып, түсінбей қалуы ықтимал. Сабақ барысында, сабақты жоспарлау барысында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен дұрыс пайдалану қажет деп сипаттайды. Бұл технология «жеке тұлғаны» тәрбиелеуде өзінің құнды жемісін беріп жүр. Оқушылары қалалық, облыстық «Зерде» ғылыми жобалар сайысының, қалалық, облыстық пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері. Бұл технология баланың өзіне деген сенімін арттыруымен қатар, бала белсенділігін шыңдайды. Балаға бірден-бір өзіндік пікір қалыптастыратын, еркін сөйлеуге ықпал ететін, жеке тұлға ретінде баланың мінезін қалыптастыратын технология.

Ақтау қаласы түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Әбдіқалық Валентина Жұмабайқызы сыни тұрғыдан ойлау жазу мен ойлауды, талқылау мен қорытындылауды зерттеу мен бақылау нәтижесінде жүргізуге мүмкіндік беретін, мәтінді оқып, жан-жақты талдау жасауға бірден-бір тиімді тәсіл екендігін анықтаған. Оқушыларды алынған тақырып бойынша қарсы пікір айтуға, пікірсайысқа қатысуға, баламалар тауып, дәлелдей білуге әрі сол арқылы еркін, шешен сөйлеуге дағдыланғанын; тіл және әдебиет сабақтарында жаттығуларды талдауда, тіл ұстарту сабақтарында шығармашылық жұмыстарды орындау үшін аса тиімді тәсіл екенін; сабаққа енжар оқушы енді өзіне берілген сынау, зерттеу, болжау әрекеттерінде белсенділік көрсететінін; оқушы өз ойын дәлелдеу үстінде және өзгенің пікіріне оң және теріс пікір білдіруде тура пікір айтуға дағдыланғанын байқаған. Сабақ жоспарын жасауда Блум таксономиясын қолдану ең жеңіл әрі қызықты тәсіл екендігін: тақырып ішінен тақырып тауып, оқушыларға ұсынылатын тапсырмаларды түрлендіруге көмектесетінін сөз етеді.

Ақтау қаласының «Мектепке дейінгі шағын орталығы және гимназия сыныптары бар №28 орта мектебі» қазақ тілі мұғалімі Ниязмағанбетова Замзагүл Түленқызы өз тәжірибесінде байқағандай жеке тұлғаны сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі үшін мынадай қасиеттері болуы шарт екендігін айтады: жоспарлауға дайын болуы; бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы); қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы); жете түсінуі (өзінің және басқа адамдардың пікірін қадағалау); ымыралы келісімді іздеуі; коммуникативтілігі. Жеке тұлғаны сын тұрғысынан ойлауды дамыту шарттары: сын тұрғысынан ойлауда тәжірибе жинау үшін уақыт және мүмкіндік беру; оқушылардың ойлауына жағдай туғызу; әртүрлі идеялар мен пікірлердің тууына мүмкіндік жасау; оқыту үрдісінде оқушының белсенділігін қолдау; әрбір оқушы сын тұрғысынан ойлауға қабілетті; оқушының өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін бағалау маңызды екендігін айтады.

Ақтау қаласы мектепке дейінгі шағын орталығы және гимназия сыныптары бар №28 жалпы білім беру орта мектебінің орыс тілі пәнінің

мұғалімі Ілесбаева Зибә Іздібайқызы өз тәжірибесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда СТО жобасының көптеген стратегияларын жүйеліқолданатынын айтады. Мысалы: Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру, ой қозғау, «инсерт» кестесі. Берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар, әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға, Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы, қиялдау арқылы сурет салғызу стратегиясын қолданады.

Осы технологияны сабақта қолданып жүрген Мұнайлы ауданы, Басқұдық селосының №9 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Басенова Ақмарал Камалқызы Венн диаграммасы стратегиясы туралы – бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау деп атап көрсеткен. Оқушылардың ойлары ашылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады. «БББ» - білемін, білдім, білгім келеді деген сөздерден алынған. Бұл кестеде үш бөлік. Әр бөлікті мәтінді не тақырыпты оқып отырып толтыра отырады. Негізгі қойылатын талап – оқушылардағы ойлар, тезистер, фактілер дәл сол күйінде көшірілмейді, өз ойымен жазылады. Бұл әдіс мұғалімге әр оқушыны бақылауға, оған сабақ соңында баға қоюға мүмкіндік береді. Мүмкін болса кесте сабақ үстінде толтырылады. Ал, үлгермеген жағдайда әр бөлікке бір, екі ой жазылу керек. Толықтыруға үйге беруге болады. Мұғалім тірек сөздер береді. Оқушылар тірек сөздердің ретін бұзбай әңгіме немесе мәтін құрастырады. Мәтіннің құрамын құруға мән беруге мұғалім назар аударады. Мәтін құрастыру кезінде логикалық ойлау іске қосылады. Әңгіменің мазмұнын жұпта, топта ақылдасады. Осының нәтижесінде оқушының сөздік қоры, тілі, қиялы дамиды. Бұл әдіс мазмұндама және шығарма жазуға жақсы дайындық болып табылады. Т кестесі стратегиясы, Венн диаграммасы стратегиясы, геометриялық фигуралар стратегиясы туралы айтқанда: 1) Т кестесі стратегиясы – мақсаты: қарама – қарсы нәрселерді сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты процестер жүзеге асады. Оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Т кестесін тақырыпты ашарда пайдаланылса, жаңа материалды түсінуге дайындық болады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді. Іс-тәжірибеде үй тапсырмасына да беріліп жүр. Кіші жас оқушыларына кескін, сурет түрінде орындауға болады. 2) Венн диаграммасы стратегиясы – Бұл стратегияның мақсаты салыстыру, пайымдау. Екі зат немесе мезгілдің (объектінің) айырмашылығы мен ұқсастығы жазылады. Бір біріне айқасқан екі немесе үш шеңбер.(тек шеңбер ғана болу керек деген қате түсінік) Екі жағына салыстырылады, ал айқасқан жеріне ортақ қасиеті жазылады. Оқушылардың ойлары аршылып, салыстыру сияқты күрделі операция жүзеге асады. 3) Геометриялық фигуралар стратегиясы – бұл стратегияның құралдары геометриялық пішіндер. Мақсаты: оқушының сөздік қорын, әдеби, мәдени сөйлеу тілін, күрделі ойлау қабілетін дамыту. Себебі бала оқылып отырған мәтіннің кейіпкерлерінің мінез-құлқына, сипаттама бере отырып қорытынды жасайды. Кейіпкерлерді түрлі фигуралардың сипатына

қарай ұқсастығын табады. Жұмыс жұпта немесе топта орындалады. Алғашқы кездерде бүкіл сынып ұжымымен өткізуге болады.

Ақмарал Камалқызы *INSERT* немесе түртіп алу стратегиясы - түртіп алу әдісі екендігін айтады. Қолдарына қарындаш алып, «v»- білемін, «+» - білмеймін, «-» - мен үшін жаңа білім (ақпарат), «?» – мені таң қалдырды - деген белгілерді қойып отырып мәтіннің мазмұнын түсінеді. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жананы түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады. *Sinkuein* немесе бес жолды өлең стратегиясы – оқушы берілген тапсырма бойынша өлең құрастырады. Бес жолды өлеңді құрудың ережесі мынадай: бірінші жолда 1 зат есім, екінші жолда 2 сын есім, үшінші жолда 3 етістік, төртінші жолда 4 сөзден тұратын сөйлем яғни ойды түйіндеу, бесінші жолда тақырыпқа байланысты 1 синоним сөз жазылады. Кім? Ана Қандай? Мейірімді, ақылды Не істеді? Бағады, тәрбиелейді, өсіреді. Түйін Ағайын – алтау, ана – біреу. Синоним Адам. Нәтижесінде оқылған ақпарат туралы өз түсінігін қадағалайды. Бұрыннан таныс мәліметті жаңа мәліметпен ұштастырады. Ұсынылған проблема бойынша жан-жақты түйіндеме жасайды, ақпаратты қысқа, нұсқа жазбаша түрде тұжырымдай алады деген қорытындыға келеді.

Ақтау қаласындағы №10 орта мектептің бірінші санатты, информатика пәнінің мұғалімі Абылова Қоңырша Мұхамедиярқызы өзінің іс-тәжірибесінде СТО технологиясын қолдану арқылы мәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады. Мұғалімнің қолданатын әдістері: «Зерттеушілік әңгіме», «дәйектеу» және «диалогтік оқыту». Технологияны қолданудың нәтижелілігі: оқушылар топта жұмыс істеу дағдыларын игерді; топ психологиясын меңгерді, басқа адамның жауабын және пікірін құрметтеуді, оның жауабын тыңдай білуді, пікірталастарға жоғары дайындықпен, мәдениетті түрде қатысуды үйренді; бұқаралық ақпарат құралдардарының ақпараттарымен жұмыс істеуді, керек материалдарды талдауға қатысуды үйренді; ең жақсы түсініктемелік нұсқаларды табуды үйренді; барлық қорытындыларды бағалау, баламалы интерпретацияларға ашық түрде дайын болуды үйренді; тиянақтылық, жан-жақтылық, сыңаржақты болмау, балама жорамалдар мен кейбір деректердің рас еместігін мойындауды, өзіндік пікір қалыптастыру, өзіндік сана-сезімнің қалыптасуын білді.

Қарағанды облысы Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылындағы Ж. Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Бургакова Күлжан Амирханқызы: сын тұрғысынан ойлау технологиясын қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолдануын көздейтін ойлау түрі деп атап көрсеткен. Балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты, атап айтқанда: тыңдау мен зерттеу арқылы оқу, мәтінге көңіл бөліп, шешім қабылдау үшін тиісті өлшемдерді қолдана білу сияқты дағдылар

қалыптасады. СТО дағдысы мынадай бөлшектерден құрылады: проблемаларды анықтау және оларды шешудің шынайы құралдарын анықтау; тиісті ақпаратты жинау; қорытындылар мен шолу жасау; алынған қорытындылар мен шолуларды сипаттау деп атап көрсеткен.

Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Бабаханова Гүлден Рахимқызы: СТО оқушылардың да мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Жаңа технологияларды пайдалану нәтижесінде оқушылардың еркін сөйлеу, топта жұмыс істеу, бір-бірін сыйлау сияқты қасиеттері қалыптасатынын айтады. Кубизм, кластер, бес жолды өлең, ой шақыру, инсерт, Венн диаграммасы, ББҮ, болжам, автор орындығы сияқты стратегияларды сабақтың әр кезеңдерінде қолдануға болады. Осы технология бойынша әдістемеліктер көбірек шығарылғаны дұрыс екенін айтады.

Ж. Ақылбаев атындағы мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Демесінова Рысгүл Үйсінбайқызы осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше. Оның пікірінше оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Оқушының әр нәрседен бір мән табуға мүдделі және білуге құмарлығы болса ғана белсенділік пайда болады. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында бастауыш сыныпта оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту ойдағыдай жүзеге асырылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған дұрыс екенін айтады. Нәтижесінде мұғалім және сынып оқушылары бірлесіп жұмыс істейді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі деп білетін Ж. Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Аманбекова Айгүл Мекенбайқызы бұл технологияны пайдаланғанда ең алдымен оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білуге болатынын айтады. Оқушы тақырып мәнін өз бетімен меңгеріп түсінеді және бағалай алады. Әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді. Жеке дауысты (кейіпкер, жазушы, бірге оқитын оқушы) қабылдауға үйренеді. Мағынаны тану кезеңінде ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді. Өз ойларын толық, дұрыс тұжырымдайды. Бұл технологияның стратегияларын сабақтың әр кезеңдерінде пайдалануға болатынын айтады.

Қарағанды қаласының №92 гимназиясының тарих пәні мұғалімі Түсіпханов Асет Әбілханұлы: сыни тұрғыдан ойлау ол адамның өмірге көз қарасы. Сын тұрғысынан ойлай білген оқушының бойында өз шығармашылығын дамытуға сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруға болады деген сенім және бұл үдеріс білім сапасының жоғары нәтиже көрісетуіне жақсы әсерін тигізетінін айтады. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылар Қазақстан тарихы сабағында ұлы тұлғалардың

қызметін әлемдік тұрғырдағы қайраткерлер қызметімен байланыстара талдай отырып, жан-жақты талдай білуге үйренеді. Оқушылардың бойында өзіндік пікір, бағалау үрдісі қалыптасып, тұлғаның болмысын тануда ізденушілікке жетелейді. Сол арқылы мен әр сабағымда оқушының сындарлы ойлата отырып, қоғам қатып қалған догмадан тұратын емес, керісінше көп пікірлі ой жаңашылдыққа жетелейтін түсінеді және әр айтылған пікірлердің құнды екеніне көзі жететінін байқаған. Қазіргі кезде баланың жан-жақты дамуына сындарлы ойлаудың маңызы зор.

Қарағанды қаласының №92 гимназиясының шет тілі пәнінің мұғалімі Зейнеғабылдина Жансая Асхатқызы үш деңгейлі курс бағдарламасының технологияларынан «Сын тұрғысынан ойлауды оқыту», «Диалогтік оқыту», «АКТ», «Оқытуды басқару және көшбасшылық» Оқыту үшін бағалау оқытуды бағалау т.б технология тәсілдерін сабағында тиімді қолданады. Нәтижесінде орташа оқитын оқушылар сабаққа белсене қатысып, өздерін басқа қырынан көрсетті. Пәнге деген қызығушылығы артты. Осы технологияларды ағылшын тілі сабағында қолданған тиімді. Оқушы бойында жатқан терең қабілетін жарыққа шығаруға көмектеседі.

Қарағанды қаласының М. Жұмабаев атындағы №39 гимназияның тарих пәні мұғалімі Хасенова Баршагүл Өміржанқызы: Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау деп сипаттайды. Нәтижесінде: мотивацияның артуы; дербес іс-әрекеттің артуы; ойлаудың белсенді болуы; оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы; логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлауда тәжірибе жинау үшін уақыт және мүмкіндік беру; оқушылардың ойлауына жағдай туғызу; әртүрлі идеялар мен пікірлердің тууына мүмкіндік жасау; оқыту үрдісінде оқушының белсенділігін қолдау; әрбір оқушы сын тұрғысынан ойлауға қабілетті; оқушының өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін бағалау қажет деген ұсынысын айтады.

Шет ауданының Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясының қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Түсіпханова Бану Аманқызы: СТО оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады. Ізденеді. өзіндік пікір қалыптастырады. Теорияда алғанын практикада жүзеге қолдана алатынын, нәтижесінде оқушылар осы технологиямен жұмыс жасай алады. Сонымен қатар грант иегерлері мен мамандыққа бейімделетіндігін байқаған. Осы технологияны қолдану, нәтижелі жұмыстарға қол жеткізуге септігін тигізеді. Сапалы білім алуға бағыт береді дейді.

Абай қаласының Абай Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Онтаева Алтын Қайырбекқызы: сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Технологияны жетік меңгеру үшін бірнеше тәсілдер қолданылады. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін осы стратегияларды оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн. Кластер (топтастыру) тәсілінің авторы

американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Мұнда оқушыларға аз таныс, қызықтыратын, энциклопедиялық сипаттағы, яғни құбылыстар туралы мәліметтер жинауға болады. Бұл тәсіл дәстүрлі оқытудағы «оқулықтан пәлен параграфты оқындар» деген тапсырмаға қарағанда тиімді. Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру. Эссе стратегиясын ой толғау кезеңінде қолданған тиімді. Мұнда оқушылар тақырыптық ішкі сырын терең түсініп, өз пікірін, өз ойын дұрыс жеткізіп, оқу материалының негізін анықтап, сол арқылы оларды өмірмен байланысын жазады. Сонымен қатар Кубизм стратегиясы – кубик жасалынып, оның 6 қырына 6 түрлі тапсырма жазылады. Мұғалім кубті ортаға тастап, қай қыры түссе, оқушы сол қырындағы тапсырмаға жауап береді. Білемін. Үйрендім. Білгім келеді. Бұл стратегияны 1984 жылы Чикаго университетінің профессоры Донна Огл шығарған. Оның мақсаты – таным үрдісінде рефлексивтілікті дамыту. Ол үшін төмендегі кестені толтыру керек. Білемін. Үйрендім. Білгім келеді. Топтың мүшелерін дамыту мақсатында уақытты үнемдеу арқылы оқушылардың барлығын тыңдауға мүмкіндік береді. Кестені толтыру барысында ұсыныстар және жаңа ойлар қосуға болады. Концептуалдық дөңгелек стратегиясы кластерге ұқсас, бірақ мұнда бір шоқтан таралуы керек. Оқушылардың танып білу қызметін арттыру үшін қолданылады. Мұғалім алдын ала мәтінді мағынасына қарай бөліктерге бөліп тастайды. Бүкіл сыныптағы оқушыларды топқа бөліп, әр топқа мәтін үзінділерін береді. Әр топ сынып оқушыларға, өздеріне берілген мәтіндерін түсіндіріп шығады. Мұндағы басты мақсат – әр оқушы осы тақырыпты түгелдей қамтуында. Осы орайда «Бұлар қайдан шығады?» тақырыбын топ бойынша бөліктерге бөліп тастап және интерактивті тақтадан жайлаудың суретін көрсету арқылы мәтін құрастыруына жол сілтедім. «Болжам» стратегиясы. Оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу. Осы орайда әр топқа тапсырмалар бере отырып қиялдауына еркіндік берген. Оқушылар арасынан қиялы жүйрік бала дараланып шығатыны сөзсіз. «Пікір алысу» стратегиясы. Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді.

Абай ауданы №9 мектеп-балабақшаның қазақ тілі мұғалімі Оспантаева Раушан Қайроллақызы: Сыни тұрғыдан ойлау - шындалған ойлау немесе ғалымдардың айтуынша, «ойлау туралы ойлану» деп те айтуға болады. Ол баланың маңызды мәселелерді талқылап, тәжірибені ой елегінен өткізуіне баулиды. Оқушыға тиімді ақпаратты жинауға, дәлелдерді талдап, бағалауға, өзіндік болжам жасауға, оны қайта қарауға көмектеседі, үйретеді. Сыни ойлай білетін бала үнемі сұрақтар қойып отырады, жаңаны іздейді, сол мәселені шешуге тиімді стратегияларды өзі таңдайды. СТО стратегияларын тұрақты әрі жүйелі түрде пайдаланатын мұғалім әркез шәкірттеріне тың ақпарат береді, өйткені олар пәннің кең және нақты білімін ұсынады. Олар басқа ақпарат көздеріне назар аударады, сол арқылы алдындағы оқушылары оқуға өздігінен

келеді. Ал, оқуды өзі қалап, асқан құлшыныспен келген бала белгілі мақсатты көздейді және ол үлкен табыстарға қол жеткізеді. Нәтижесінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегияларын тұрақты қолдану оқушылардың «Менін» ашуға түрткі болды. Олай дейтінім, ауылдық жерде балалар тұйық, ұяң, ұялшақ болып келеді. Өз пікірін еркін айтуға қысылады. Кей балалар ауызша сөйлеуден гөрі өз ой-пікірін жазбаша білдіргенді ұнатады. Осындайда «Еркін жазу», «Синквейн» стратегияларын пайдалануы олардың шығарма жазуға, өлең шығаруға бейім екендігін байқатты. «Рөлдік ойындар», «Оқуды драмалау» әдістері арқылы оқушылардың әртістік қабілеттерін көріп білуге болады. Оқушылары облыстық, республикалық көркем оқу байқауларына қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр. Бала өзі үшін маңызды болып табылатын мәселені талқылап, бағалауының әсерінен ғылыми-зерттеушілік жоба жұмыстарын жасады. Бұл мақсатқа қол жеткізу кезінде оқушылары оқшауланып қалған жоқ, керісінше олар «оқу қоғамдастығын» құра отырып, білім алды, табысқа жеткенін айтады. Бұл оқушылардың күнделікті қарым-қатынас кезінде мұғаліммен әңгімелері, сұрақтар қойып, оларға жауап бере алуы, мәтіндерді түсініп, олардан қажетті ақпаратты ала білуі, хабарламалар мен тұсаукесерлер дайындап жаза білуі, т.б. Балалармен пікірталастар ұйымдастыру арқылы олардың ойлау және сөйлеу тілін дамытады, өз болжамын жасай білуге үйретеді, жазбаша жұмыстары арқылы бала қиялын шарықтатады. Ең бастысы, оқу материалын таңдау кезінде оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейлерін басты назарда ұстаған жөн. Ал тапсырмалар сөйлеу дағдыларын ғана емес, танымдық дағдыларын да қалыптастыруы керек. Ол үшін мұғалім сабаққа дайындалу барысында өзіне мынадай сұрақтар қоюы абзал: «Сабақтың мақсаты мен міндеті қандай? Оқушыларға не үйрете аламын? Сабағымнан қандай нәтиже күтемін? Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту үшін қандай сұрақтар қоюым керек? Ол үшін қандай тапсырмалар дайындауым қажет?» Үнемі өзіне осындай сұрақтар қойып, үздіксіз ізденіс үстінде болуы қажет екенін айтады.

Абай ауданы Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мұқашева Қорлан Маралқызы сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасауға, және өз алдына оқып сыни пікір жасауға үйренетінін айтады. Бұл технология арқылы оқушылар еркін ойлайды, жан-жақты ізденеді, тіл байлығы дамиды, белсенділігі асады, шығармашылықпен жұмыс жасауы артады, бір-бірін тыңдау, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасады.

Қарағанды қаласы №45 гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Әлімбаева Зауреш Рақышқызы: «Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын» өз тәжірибесінде қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жаңа сабақты өз бетінше меңгеру, мағынаны тану кезінде түртіп алу немесе INSERT стратегиясын пайдаланады. Ой қозғау стратегиясында «Бұл туралы не білетін едік, есімізге түсірейікші?» - деп 2-3 минут оқушыларды ойлана білуге бағыттайтынын айтады. Ой-толғанысында оқушылар өтілген мәтіннен не әсер еткенін, қандай

ой түйгенін жазуға үйренеді. Алғашқыда оқушылар мәтіннің мазмұнын қысқаша жазып келіп жүрді. Бірте-бірте мәтіндегі өзін толғандырған нәрсені де айта алатын болған. «ДЖИКСО» әдісінде мәтінді топқа бөліп оқу оқушылардың жауапкершілігін арттырады. Мұғалім оқушыларға белгілі бір тақырыпты ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алады. Өтілетін тақырып әр қырынан ашылады, жан-жақты сипатталып, қорытындыланады. Сабақтарында жиі қолданатын «Галлерияны аралауда» суреттерді оқушылардың өздері салатын болды, эссе мен 5 жол өлең жазуда да шығармашылық қабілеттері дамығанын байқаған.

Қарағанды облысы, Абай қаласы, №5 Абай Құнанбаев атындағы орта мектебінің 5-11 сыныптары математика пәні мұғалімі Оразбекова Рауана Төлеукутовна: «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын шығармашылықпен падалануда. Қазіргі акпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады. Математика сабағында сын тұрғыдан әр түрлі стратегияларды, жаңа акпараттық технологияларды, (интерактивті тақтаны) қолдана отырып, өз бетінше жұмыс істеу факторы - есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзыреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту. Математика сабағында оқушылар өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын дамыту, баға жетпес құндылықтардың бірі. Яғни сыни тұрғысынан ойлаудың «Ақылды доп» стратегиясы арқылы С деңгейлі оқушыны сабаққа араластыруға және ол оқушының жауапкершілікті сезінуіне қол жеткізуге, үлестірме қағаздар арқылы өз бетінше ойланып, жұбымен ойласып, ой түйіндеуіне мүмкіндік беріледі. Сабаққа рефлексия жасауда «ББҮ» стратегиясына оқушылардың жазған жазбаларына қарап оқуды қаншалықты игергені және әрі қарай не істеу керектігі анықталады. «Алтын медальмен» марапаттау арқылы қызығушылығын арттырып, бағдаршам, қол сигналы , екі жұлдыз бір тілек айту арқылы оқушыларды бағалау барысында шынайылыққа тәрбиелуге болады. С деңгейлі оқушылар үшін қиынды қағаздармен жұмыс ұйымдастырылып, олардың жеке сыни тұрғыда ойлануына жағдай жасалады. Нәтижесінде сыныптағы 12 С деңгейлі оқушылар саны тоқсан соңында 10-ға төмендеді. Осындай сабақтар нәтижесінде: оқушылардың қызығушылығы артады; С деңгейлі оқушы жауапкершілікті сезінді, өздігінен жұмыс істеуді, кері есеп құрастырып, сұрақ қоюды үйренді; оқушылар өз-өздерін смайликтермен бағалау арқылы деңгейлерін анықтайды, әрі қарай қалай оқу керектігін білуге қалыптасады.

Қостанай облысы Қостанай қаласы М. Хакімжанова атындағы №20 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ахметова Шолпан Бурабайқызы СТО технологиясының негізгі мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұнын түсінікке сыни тұрғыдан қарап, бір пікірдің беруін таңдауға, сабақтарда сапалы шешім қабылдауға үйрететінін айтады. Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, шыңдалған, бірін-бірі толықтыратын ойлау деп білемін. Бұл технология 3 деңгейден тұратын оқу мен

үйренудің үлгісі. Көп ақпаратты, талдай, жинақтай отырып ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Осы технологияны қолданудың жетістігі сабақ барысында «кубизм», «эссе», «Жигсо-1, -2», «топтастыру», «болжау» стратегияларын пайдаланудың нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы оянып, сабаққа толық қатысып, жауапкершіліктері артты. Осындай жұмыстардың түрленіп жүру нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті, шығармашылық қабілеті, өз пікірін айта алуы жоғары деңгейге көтерілді. СТО технологиясын қолданудағы нәтиже: оқушыларға ойлана отырып, ойын ашық айтуға еркін ойлауға мүмкіндіктер берілді; әр түрлі пікірлер тыңдалды; үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекеттері байқалды; оқушылар сенімділікпен жұмыс жасады; топпен жұмыста бір-бірін құрметтей білгенін айтады. Сонымен қатар, шәкірттері пәндік олимпиадаларға, ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Сондай-ақ, ұстаздар үшін де өте тиімді деп санайды. Өзінің конференцияларға баяндамалар дайындауда, әдістемелік тақырыпты қорғауда, әдістемелік байқауларға қатысуда осы жобаның идеяларын қолана отырып, нәтижеге жеткенін айтады.

Осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Түлекина Ханзада Сариновна дамыта оқыту негізінде, СТО технологиясы бойынша балаларға терең білім беруді көздейді. Озық әдістерді игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу әрбір ұстаздың міндеті деп есептейді. СТО технологиясының бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен тұрады. Дұрыс ұйымдастырылған сабақта оқушылардың даму деңгейіне сәйкес ойы да шыңдалады, белгілі бір жетістіктерге жетеді.

Сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибесіне енгізу нәтижесі оқушылар бойында мынадай іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты: әрбір оқушы бір-бірінің пікірімен санасады, құрметпен қарайды; өз ойын еркін айтады, сыни ойлайды, пікір алмасуға үйренеді; мұғаліммен еркін сөйлеседі, мәселелерді шешудің жолдарын іздестіреді, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйренеді. Нәтижесінде оқушылары қалалық, аймақтық ғылыми «Зерде» конференцияларында, олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып өзі қалалық, аймақтық «Зерттеуші-мұғалім» сайысына қатысқандығын айтады. Осы технологияны қолдануда сабақта мұғалім тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балаладың жеке қасиеттерін, қабілеттерін дамытып; үнемі оқушының даму деңгейін бақылап, зерттеп отыруы тиіс деген ұсыныс айтады.

Қостанай қаласының №30 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Галиева Кульжанат Жүнісқызы бұл стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, іздемпаздыққа баулиды. Бұл стратегияда оқу мен жазу қатар жүреді, оқушы оқығанын қағаз бетіне түсіреді, осыдан оқушының қаншалықты білімді екені байқалады. Осы технологияны қолдану нәтижесі көрсеткендей оқушылар бұл стратегияларды әдебиеттік, дүниетану, қазақ тілі пәндерінде жиі қолданғандықтан, өз бетінше кейіпкерлерге хат жаза алады, хабарландыру құрастырады, жарнама жасай алады. 3-сыныптан бастап оқушылар берілген оқиғаларға пікір жаза алады, мәтіндегі кейіпкерлердің жан -

дүниесін түсінуге тырысады. Осы технологияны пайдалана отырып, қалалық мәнерлеп оқу, шығармалар сайысында оқушылар жетістіктерге жеткені. «Зерде» ғылыми-зерттеу жұмыстарында оқушылар ортаға шығып сөз саптау шеберлігімен, сөздік қорларының молдығымен көзге түскені, жүлделі орындарды иеленгені айтылады. Осындай жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың арқасында оқушылардың белсенділігі артып, жан-жақты дамиды, пәнге деген қызығушылықтары арта түседі. Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді де, білікті оқушыларды тәрбиелеуге болады. Ол үшін ең бастысы мұғалім үнемі ізденіс үстінде болуы қажеттігін ескертеді.

Сын тұрғысынан ойлау – бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс деп сипаттайды Қостанай қаласы №122 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Майшина Анар Қасымбекқызы. СТО балаларды өз тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беріп ынталандыратынын, қызығушылығын оятып, олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытатынын айтады. технологияны қолдануда оқушыларға бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау қажеттігін ұсынады.

Осы технологияны сабағында кеңінен қолданатын Қостанай қаласы №10 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ещанова Раушан Тапековна сын тұрғысынан ойлау дегеніміз педагогтің бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игеруі. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі: I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру). II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең, кластер т.б. III - ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол ашылады деп пайымдайды. Осы технологияны қолдану нәтижесінде: оқушылардың бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың қалыптасқанын, өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға; бір-біріне құрметпен қарауға; өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға; өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға; мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға; достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге; белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланғаны айтылады.

Лисаковск қаласы әкімдігі білім бөлімінің №3 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Досмұхамедова Айгуль Айтжановна ана тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлау жобасын қолдану арқылы оқушылардың тілін дамытудың теориялық тұжырымдарын, әдістерін, қорытындысын бастауыш мектеп іс-тәжірибесінде, жоғары оқу орындарында, студенттер курстық жұмыс, баяндама жазу барысында, ғылыми конференцияларда осы саладан білім, білік, дағдыларын жетілдіру мақсатында пайдалануға болатындығын айтады. Сын тұрғысынан ойлау жобасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізетін болсақ, онда: оқыту үрдісін ұйымдастырудың жаңа әдіс, тәсілдері мен формаларын тиімді

пайдалануға; оқушыларды өз бетімен ізденуге, олардың ойлау қабілеттерін арттыруға; берілген оқу материалын толық меңгеруге, өз бетімен білім алуға, сөйтіп білім сапасын арттыруға және тілін дамытуға қол жеткізуге болады деген өз пікірін білдірген.

Қостанай ауданы, Заречное селосындағы мемлекеттік тілде оқытатын Заречный орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Мамытова Гүлжанат Рыскелдіқызы өз сабағындағы оқу үшін бағалау мен оқытуды бағалау тәсілі арқылы оқыту өте маңызды қадам болды. Оқушылар жаңаша бағалауға көбірек қызыға қарайды. Өздерін басқа түрден таниды. Білімдерін бағалау оқушылардың таңғалысын тудырады. Себебі, бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген оқушылар, енді оқушылар өздері бір - біріне баға қоюға болатындарын білгенде қызығушылықпен қарады. Оқушылар бір бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты нығайтты. Бағалауда оқушылар өз-өздерін, бір-бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгереді. Сабақта оқушылардың білімдерін бірлесе бағалау өте тиімді әрі пайдалы екендігін айтады. Сонымен қатар сабақ барысында жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу. Критериалды бағалауды тереңірек түсіну туралы ұсыныс білдірді.

Осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Саржанова Аягөз Серікқызы осы технологияны қолданудың нәтижесінде сынып оқушыларына зерттеушілік әңгіме тиімді болғанын түсінеді. Себебі оқушылар ақылға қонымды мәлімет ұсынып қана қоймай, бір-біріне сұрақ қойып, айтқандарын дәлелдей білді. Ең бастысы келісімге келу, келмеу емес, сол келісімге ұмтылу екендігін байқайды. Жаңаша оқытуда сыныбында топтық оқыту әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне көмектесуге, бірінің ойын бірі бөлмей тыңдауға, біреудің пікірімен санасып, өз пікірін де білдіре білуге, бір-бірін бағалауға үйреткенін айтады. Сондықтан оқушылардың бойында сабаққа деген жауапкершіліктері арта түскені байқалған. Осы технология бойынша ұсыныстары: өз-өздерін, сыныптастарын дұрыс бағалай білуді қалыптастыру; Оқушылардың сөйлеу тілін диалог, жұппен жұмыс арқылы дамыту; Критериалды бағалауды кеңінен қолдану.

Қостанай ауданының Заречное ауылындағы мемлекеттік тілде оқытатын Заречное орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Шорманова Амина Мүсірқызы сабақта «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын» қолданады. Ол «Қарама-қайшылықты табу», «Иә» немесе «Жоқ», «Ыммен сөз жасыру», «Жақсы тілек – жан жылуы», «Менің көршімнің жетістіктері», «Мен өзіме және басқаларға тілеймін» деген жұптық жұмыстар арқылы іске асады. Сабақта қарастырылғалы тұрған жағдай жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген әдістерді (стратегиялар) қолданады. Оқудағы өзгеріске жетелейтін оқушыларға қалай оқу керектігін үйрететін бірден бір тәсіл ол – топтық жұмыстарды ұйымдастыру екендігі айтады.

Топтағы талқылау, топтағы пікірлер, оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыра отырып, оқу мен оқудағы болып жатқан өзгерістер туралы пікір алмасуға үйренді. Төрт топқа бөліп отыру, топтың ережесін айту, топтық жұмыс жасау (қажетті құралдар: ватман, түрлі-түсті маркерлерді қолданып, әр топ өз фантазияларына қарай суретпен, қара сөзбен, схемамен жазып шығарады). Жұмысты ортада қорғау, бағалау (бағалау түрлерін көрсету), қорытынды жасау. Қазір модуль бойынша оқытуда бағалау, оқушы сабақта не үйренгеніне байланысты. Формативті бағалау: қолпаштау, бағдаршам, смайликтер арқылы, басбармақ, екі жұлдыз, бір тілек арқылы бағалау. Рефлексия қолайлы оқу үшін оқушыларға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан бағалау ізгі болуы керектігін айтады. Нәтижесінде оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі.

Жітіқара қаласы Естай Есжанов атындағы №9 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қазанбаева Жанна Жамантайқызы: сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойларын дамытып, бұрынғы алған білімдерін, жаңа алған білімдерімен астастыра жүзеге асауына мүмкіндік беретінін айтады. Бұл теория оқушыларды алған білімдерін өмірде пайдалануға дағдыландырады. Сындарлы оқыту теориясы ұстаздар үшін де өте тиімді. Осы бағытта жұмыс істегені өзінің жемістерін әкеле бастады. Оқушылар дайын білім алмай өздері үнемі ізденуге дағдыланып кетті. Сабақтар дәстүрлі түрде өтпейді, оқушылар үшін өте қуанышты, өйткені олар сабаққа асыға келеді, жай келмей үй тапсырмаларын шығармашылықпен орындап келеді. Оқушылардың бойында білім терең қалыптасады. Олар өздерінің көзқарастарын дұрыс өзгерте алады. Құрдастардың арасында бірін-біріне көмектесіп жұмыс жасауға үйренді. Оқушылары өздеріне және өзгелерге баға қойып оларды дәлелдеп бере алады. Өзін -өзі реттеу үдерісі жақсы өтеді. Үндемейтін оқушылар ашылып, нақты өзгерді, енді олар ойларын жеткізе біледі, пікір алмасады, қорытындылайды, себебі, өзі күнделікті әр сабағына рефлексия жасап, әріптестерімен ақылдасып, сабақтар құрастыратынын; Оқушыларын сыни тұрғыдан ойлануға үйретіп, жан-жақты ойластыру, проблеманы шешуге жол табуға бағыттайтындығын айтады. Сондықтан сындарлы оқыту теориясы бойынша оқытқан мұғалім өзі де сыни тұрғыдан ойлауы керек, өйткені әр қадамға алдын ала болжам жасап отырғанда ғана сапалы жүйелі түрде сабақтарын құруға болатыны, нәтижесінде білім де сапалы болатынын өз тәжірибесінде байқаған.

Осы технологияны өз сабағында тиімді қолданатын Арқалық қаласы №4 орта мектептің Егінбаева Айнұр Қаппаровна сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деп сипаттайды. Оны тиімді қолдануда

оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артып, кейбір оқушылардың шығармашылығы да арта түскен. Сыни тұрғыдан ойлау оқушыға еркін, нақты ой айта алуға үйретеді. Сондай ақ оқушы сыныптасымен жұптық жұмыста да, топтық жұмыста да өз ойын айтып дәлелдей алады, өз-өзіне баға беріп, сыныптастарын да бағалай алады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді екенін айтады.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама деп пайымдайтын Қостанай облысы, Арқалық қаласы №4 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Жүнісова Анар Талапқызы мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау маңызды мәселелерді талқылауды және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сондықтан да бұл әдіс-тәсілді үнемі сабақта қолданып отырған дұрыс екеніне көз жеткізген.

Сын тұрғысынан ойлау – бақылаудың тәжірибенің ойлау мен талқылдау нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға бағытталған пәндік шешім деп білетін Арқалық қаласының №10 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Аймағамбетова Күлшат Татранқызы Бұл технологияны пайдалану оқушылардың білім деңгейін арттыруда, ізденуге, ойларын дамытуға тұлғаның бағыттарын қалыптастыруға ықпал еткенін. Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – оқушыларды өз беттерінше шығармалар жазуға, шығармашылықтарын дамытуға септігін тигізгенін байқаған. Сонымен қатар бұл технологияның барлық түрлері оқушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылықтарын дамытуға, өз ойларын еркін айту біліктерін қалыптастырады.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданатын Жетіқара қаласының №2 орта мектебінің астауыш сынып мұғалімі Құсайнова Нұрсұлу Қылышбайқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясы да дамыта оқытуды көздейді деп сипаттайды. Оқушы өз ойын айтып, дәлелдейді, әр-түрлі пікірлер айтады, идеялар ұсынады. Өз түсінігін басқамен бөлісіп, ортаға салынған деректерді талқылайды, ойын кеңейтіп даму жолына түседі. Оқушы сыныптасының ойын тындап, санасады, құрметтейді. Түрлі сызбалар сызып дұрыс ойды дәлелдейді, жинақтайды. Дәптермен жұмыс жасаудың орын алғаны жөн. Оқушылар мақал-мәтелдер, өлең, әңгімелер, мінездемелер, хат жазып өз ойларын, көзқарастарын жеткізеді. Ережелерді жазып, мысалдармен бекітіп отыратынын айтады. Осы технологияны қолдану нәтижесінде «Атамекен» облыстық интеллектуалдық ойынынан 7 оқушы 2 орын алды.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын 2014-2015 оқу жылының басынан бастап пайдаланған Жетіқара ауданы Забеловка орта мектебінің бастауыш

сынып мұғалімі Күшебаева Зәуре Қабдырахманқызы осы технология: балаға белгілі бір тақырып бойынша сұрақ қоюға, ең бастысы салыстыра білу, себепті байланыстарды білу және нәтиже шығара білуге, ақпаратты шығармашылық қайта өңдеу, оқушылардың ізденіс қабілетін дамытуға көмектеседі. Осы педагогикалық технологияның ерекшелігі, оқушы оқу кезінде осы процесті өзі бақылай алады, өзі соңғы нәтижені белгілейді. Оны сабақта тиімді пайдалану оқушылардың таңдауын дамытуға ықпал етеді, олар оны өз бетімен жасайды. Қатысушылардың бір-біріне сенімін қалыптастырады. Оқушылардың жаңа сапалы сыни тұрғыдан ойлауы, оқуға деген қызығушылығы пайда болады. Әр сабақты әр жағынан көрсетуге ықпал етеді және оқушылар үшін жемісті болып табылады.

Осы технологияны өз сабағында тиімді қолданып жүрген Лисаковск қаласы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Кубенова Гүлнара Жұмабекқызы бастауыш сыныптарда сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру, оқушы бойындағы талпынысты қолдау, ізденіс жұмыстарына баулу, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, білімге деген құштарлықтары, жасаған жұмыстарына талдау жасап, өз ойларын ойлап қорытындыға келуіне мүмкіндік береді. Құзыреттілікке бағытталған қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталатынын көрсетеді. Осы технологияны қолдану нәтижесінде «мұғалім мансабы: кәсібилік және көшбасшылық» аймақтық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып «Сын тұрғысынан ойлаудың жаңашыл көзқарасы» тақырыбында үздік баяндамасы үшін 3 дәрежелі дипломмен марапатталғанын айтады.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сыни тұрғысынан ойлау технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлануға» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды деп білетін Рудный қаласы №18 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Букаева Шынар Калиаскеровна сыни тұрғыдан ойлау модулін пайдалану келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін: білім саласында үнемі жаңартып тұратын ақпараттар ағынымен жұмыс жасай білу, айналасындағылармен анық, нақты, сенімді қарым-қатынас жасай білу, түрлі тәжірибелерге, идеяларға және ұсыныстарға өз пікірін пайымдау негізінде жеткізу, проблемаларды шеше білу, өз бетінше білім алу, топта бірлесе еңбектену және жұмыс жасау, басқа адамдармен сындарлы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік. Сонымен қатар болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді пайдалану қазіргі заман талабы екендігін айтады.

Рудный қаласы №15 орта мектептің 15 жылдық еңбек өтілі бар бастауыш сынып мұғалімі Салтенова Нургуль Сақтағанқызы СТО технологиясы дегеніміз – бұл ең алдымен оқушының өз ойы. Яғни оқушыларға өз беттерімен ойлап,

әртүрлі сұрақтарға шешім қабылдауға уақыт беру. Екіншіден оқушыларды сыни ойлануға жол ашады. Үшіншіден қандайда бір мәселені шешуге бағытталады. Төртіншіден оқушылар оқи отырып, пікірталаса отырып, өз ойларын анық жеткізуге нақты бағытталады деп сипаттама берген. Баланы бастауыш сыныптан бастап шығармашылық ойлауға, өз бетіне шешім қабылдай алуға, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатпен «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» 2011-жылдан бастап сабақтарында қолдана бастағанын. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін алдына белгілі міндеттер қойғанын. Олар: технологияны оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; нәтижесін анықтау. Бұл технология несімен өзіне баурап алғандығын сұрақ- жауап ретінде көрсетеді: «СТО-ды дамыту» технологиясы немен қызықтырады? Кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен. Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен. «СТО дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар? Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы (қызығышылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс).

1-кезең - Қызығушылықты ояту. Бұл үйрену үрдісі. Оқушының бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Сондықтанда сабақта қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты - үйренушінің белсенділігін, ынта-жігерін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады. Жұбымен, тобымен талқылайды. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады. Жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны бұрынғы алған біліммен ұштастырады. Мысал үшін әдебиеттік оқу пәні бойынша қазақтың ұлы ақыны А. Құнанбаевтың Крыловтан аударған аудармасы «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы туралы. Қызығушылықты ояту сатысы бойынша: - шегіртке мен құмырсқа туралы не білетіндерін сұрадым. Мұнда оқушылар екеуінің де жәндік екенін, далалық жерде тіршілік ететінін айтып, ойларын дәптерге жазып алды, жұпта талқылады, осылайша ойлары ашылып, жаңа білім жайлы ақпарат жинады.

Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның 2-кезеңі «Мағынаны тану». Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетінше жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқу стратегиялары бар. Соның бірі *INSERT*. Ол бойынша оқу тақырыбымен яғни «Шегіртке мен құмырсқа» мысалымен танысу барысында, *Y* - білемін; - - білмеймін; + - мен үшін жаңалық; ? –мені таң қалдырды; белгілерін қоя отырып, мысал өлеңді оқу тапсырылады. *INSERT*-оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Сонымен, педагогикалық жаңа технологиялардың барлығы жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін және біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейтін, берілген материалды жедел, әрі сапалы меңгертуге бағытталған әдіс-тәсілдер.

Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға, қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болады. Нәтижесінде: оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді; жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылады; бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренеді; жағымды қарым-қатынасқа бейімделеді; ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасады.

Жітіқара қаласы №2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Ұзақбаева Жүзүмгүл Жеткергенқызы «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибесіне енгізу нәтижесі оқушылар бойында іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқатты деп атап көрсеткен. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келгенін айтады: Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін тапты. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тындап, талқылау (өздері талдайды, бір-бірін тындайды). Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралайды. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттыратынын. Білім дәрежесі деңгейін саралау өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгеленің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқандай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді. Оқушылар көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдай отырып, өзіндік ой мен пікірді қалыптастыруды көздейтінін айтады.

Қостанай қаласының №5 мектеп-гимназиясының жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Жақанова Майра Сапарбекқызы оқушының сыни ойлауын қалыптастыруда, оқушының ойлай және ауызша сөйлеу тілін дамытуда Кембридж бағдарламасы бойынша 7 модуль идеясын ұштастырып, топтық жұмыс арқылы білім беріп жүргенін айтады. Бұл технология заман талабына сай білім беруді ұйымдастыруда оқушының сыни ойлауын, өзін-өзі бағалауын, өзіне деген сенімділігін, өзіндік білім алу дағдысын қалыптастырып, өзіндік жеке пікірі бар тұлға болуып қалыптасуына оң нәтиже беретіндігін байқаған.

Сонымен қатар нәтижесінде Коучинг, тәлімгерлік үдерісі, мастер класс арқылы әріптестерінің тәжірибесінің дамуына өзгерістер енгізу шараларын: 1. Республикалық ұстаздар сайтына «Дүниетану» пәнінен «Құстар» тақырыбында; 2. Халықаралық ИНФО-урок сайтына «Қазақ тілі» пәнінен

қайталау сабағы; 3. қалалық семинарда инклюзивті оқытудан мастер класс; Облыстық «Қостанай дарыны» электронды басылымына «Лессон стади сабақта зерттеу тәсілінің тиімділігі зерттеу» мақаласы жарық көргенін айтады.

Сондай-ақ осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Нургожина Гүлбану Әбикенқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін ЖИГСО, ассоциация, ВЕНН диаграммасы, семантикалық карта, эссені негізгі пәндерді оқыту барысында қолданып жүргенін айтады. Осы технологияларды қолдану барысында оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытылып, жеке жұмыс істей білуге мүмкіншілік туғаны; Оқушылар өзара бірі-бірін бағалай біліп, сөздік қорлары дамығанын байқаған. Бастауыш сынып оқушыларына бұл технологияны қолдану өте тиімді, өйткені оқушының жеке жұмыс істей білуіне көп мүмкіндіктер бар екенін айтады.

Бұл технологияны қолданып жүрген Қостанай қаласы №1 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Кожухова Анар Бакытбекқызы күнделікті сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі мақсат-міндеттері: сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. *RWCT* бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Сабақтың мақсаты: қызығушылықты ояту – сұрақ қою; мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу; ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы арқылы жеке тұлғаны әлеуметтендіру және зерттеу; «Мағынаны ашу» кезеңнің мақсаты: жаңа ақпаратпен танысу; жаңа ақпараттармен өз білімімен ара-қатынас белгілеу. Жеке тұлғаның іс-әрекеті қолдануға болатын әдістер мен тәсілдер мұғалім ұсынған белсенді оқыту әдістерін қолданып, жаңа тақырып материалдарын тыңдайды, оқиды; жаңа ақпараттардың мәнін түсіну барысында мәтін шетіне белгі қояды немесе жазып алады; қарастырылған материалдармен жұмыс істеу барысында өз түсінгенін қадағалайды, алдына қойған мақсаттарына жету үшін белсенді әрекет етеді. Белсенді оқу әдістерін қолдану: инсерт; екі жақты күнделік; қосымша журнал; сабақтың бірінші кезеңінде қойылған сұрақтарға белсенді түрде жауап іздеу және т.б. Бұл кезеңде жаңа ақпараттармен, ойлармен танысады, тиісті тақырыпқа байланысты кино көру, дәріс, әңгіме, тыңдау немесе тәжірибе-эксперимент жасау, мультимедиялық құралдарды пайдаланады. Сабақта жұмыс дара және жұп түрінде жүргізіледі. Үшінші кезең «Ой толғау». Кезеңнің мақсаты: қабылданған жаңа және ескі түсініктердің ара қатынасын ашу. Оқылған

материалды талдау және қорытындылау. Тақырыпты мұнан әрі меңгеру бағытын анықтау. Мағынаны тану кезеңінде білімге сүйене отырып, бұрын және сабақ барысында не үйренгенін салыстырады. Қарастырған тақырыптың мәнін толық түсіну және өзіне қойылған мақсатты іске асыру үшін жана тақырыпты талдайды, қажеттісін іріктеп алады. Өзіне қойған сұрақтарға мағыналы жауап алғандарын бағалайды. Алған білімдерін өмірмен байланыстырады, қорытынды нәтиже шығарады, өз бетімен жаңа идеяларды ойластырады. Топта оқылған ақпаратты талдау, түсіндіру, шығарманы өңдеу жұмысын жүргізеді. Осы технологияны қолдану бойынша ұсыныстар: оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін оқыту стратегияларын оқыту үрдісінің әр кезеңінде сабақтың мазмұнына қарай пайдаланған жөн. Сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада: мотивацияның артуы; дербес іс-әрекеттің артуы; ойлаудың белсенді болуы; оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы; логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі, білімді игеруі әрі қарай дамиды.

Жетіқара қаласы №2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мұнарбаева Амангүл Мырзабайқызы оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының стратегияларын сабақтарда қолдану дегеніміз оқушының тереңінен әрі жан-жақты ойлауына, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеп, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – бұл ең алдымен оқушының өз ойы. Яғни оқушыларға өз беттерімен ойлап, әртүрлі сұрақтарға шешім қабылдауға уақыт беру. Бұл технологиясының мақсаты балалардың келешек өміріне қажет қимыл әрекеттері яғни жан- жақты ойлау арқылы дұрыс шешім қабылдай алуға үйретеді. Осы технологияның стратегияларын сабақта тиімді қолдану нәтижесінде оқушылары аудандық олимпиадаға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Соңғы уақытта оқушылары ғылыми жобаларға белсене қатысып жүргенін, нәтижесі «Қасиетті қара сабын» тақырыбымен облыстық ғылыми жобалар сайысында 3 орынға ие болғандығын айтады.

Арқалық қаласының Б. Алтынсарин атындағы гимназияның шет тілі пәнінің мұғалімі Оспанова Айым Мұратқалиқызы ағылшын тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжірибесін сабақтарда қолданады. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін-өзі тәрбиелейтінін байқаған.

Арқалық қаласының Ш. Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Мамырбаева Әсел Қуатқызы оқушылардың да, мұғалімдердің де білім алу және білім беру процесінде кез

келген мәселені талқылауды, басқалардың идеяларын ой елегінен өткізіп, сыни тұрғыдан қарау болып табылады. Нәтижесінде оқушыларды сыни ойлап, Кез-келген мәселені талқылайтынына көз жеткізген. Әр оқушының деңгейіне қарай бағдарлама дайындау қажет. Ол үшін әр оқушының жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі бағыттағы бағдарлама құруды ұсынады.

Арқалық қаласы Ш.Уәлиханов атындағы №1 орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Кожина Фарида Қойшыбайқызы оқушылар сыни тұрғыдан ойлай отырып, сабақты зерттейді, бақылайды, талдайды, әр түрлі стратегиялар арқылы өзінің ойлау негіздерін сыни тұрғыдан дамытады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы деп сипаттайды. Осы технологияны қолданғаннан бері әр оқушының сабағында алға қарай ілгерілеушілік байқалғанын, сонымен қатар оқушылар үнемі белсенділік танытып, оқушылар арасында көшбасшылық пайда болғанын айтады. Нәтижесінде: оқушылар күні бұрын берілген тапсырмамен де, сабақ үстінде берілген тапсырмалармен қосымша ізденеді, өз бетімен дайындалады. Оқушы өз қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік беріледі. Өз өміріне, қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.

Жітіқара қаласы №9 орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Махшатова Айбала Абылқасымқызы «Сындарлы оқыту теориясы» бағдарламасында - білім беру әдістемелері арасында сындарлы оқытуға негізделген тәсілдер кең тараған. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтатынын айтады. Сонымен қатар бұл мақсат күрделі болуымен қатар, көп еңбек етуді талап етеді, алайда дұрыс тәсілдер қолданылған жағдайда бүкіл мектеп шеңберінде өзгеріс жүргізілуіне ықпал ете алады. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Бағдарлама нәтижесі мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады.

Осы мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Қожахметова Қымбат Сейтчанқызы сабақта қолдану нәтижесінде оқушылар жұппен, топпен бірігіп жұмыс жасауға дағдылану арқылы пәнге деген қызығушылығы артады, тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді қасиеттерді дамытады. Мысалы: белгілі бір тақырып бойынша әр оқушы өз ойын айта біліп, топ мүшелері оған топтық көмек

қарекетін жасайды. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыра алатындай ашық сұрақтар, деңгейлік тапсырмалар және оқушыны сыни тұрғыдан ойландыра отырып, оқушының қай деңгейде екендігін анықтауға болады. Топта жоғары және төмен оқитын оқушы бірге жұмыс істесе, төмен оқитын оқушыға түсініксіз жерлерін, ақыл-кеңес сұрауға мүмкіншілік беріледі. ағылшын тілі сабағында 2 оқушы бірге топта жұмыс істеп, төмен оқитын оқушының білім сапасы көтерілді, сабақтан қорытынды шығарғанда өзін-өзі бағалайды. Өзіне анализ жасап, келесі сабаққа өзіне жоспар құрайтынын айтады.

Рудный қаласының №7 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Сүгірбаева Таңшолпан Мейрамқызы: сын тұрғысынан ойлау мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды деп атап көрсеткен. Нәтижесінде оқушылардың шығармашылығы, қызығушылығы артып, соның арқасында халықаралық пәндік қашықтық олимпиадалардың жүлделі орындар иегері атанды. Қалалық пән олимпиадаларының жеңімпаздары атанғанын айтады. Жұмыс талдау кезінде оқушылар мұғалімдермен пікір таласқа қатыса отырып, өздерінің бастапқы қорытындыларын талдау және қайта қарау арқылы өзінің оқу үдерісін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатану үдерістерін барынша түсінуге ұмтылатындығын байқаған.

Қостанай ауданының Н. Наушабаев атындағы Затобол орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Жарлыков Қайсар Қуанышұлы: сыни тұрғыдан ойлауға үйрету модулі оқушының еркін сөйлеуге, пікір алмасуға, сыныптастарының ойын тыңдауға, проблеманың шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деп сипаттайды.

Қостанай қаласының Сырбай Мәуленов атындағы гимназиясының тарих пәні мұғалімі Қалмағанбетова Ақерке Дәулетқызы *RWCT* бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. Сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада: - мотивацияның артуы; - дербес іс - әрекеттің артуы; - ойлаудың белсенді болуы; - оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан - жақты дамуы; логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу. Тарих сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжербиесін сабақтарда қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп,

қорытындылайды. Өз ойын жеткізіп, негізін ашады. Сондай-ақ оқушылар топпен жұмыс істегенде пікір алмаса отыра, өз пікірін де дәлелдей алады.

Арқалық қаласының М. Әуезов атындағы №5 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Какенова Әйкерім Тарбақбайқызы: сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының әдістерін сабақтарда қолданудың тиімділігін айтады. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану негізінде оқытудың әр түрлі формаларын қолдана отырып оқушылардың бір-бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Ізденіске баулып, естіп көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретеді. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, сұрақ беріп, жауап алуға мазмұндық толық түсінуге жағдай жасалынған. Оны қолдану нәтижесінде: оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастағанын байқаған.

Жітіқара қаласы №2 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Сақтағанов Болат Баязитұлы: сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін ділірек қарастыруды және сол ділелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні – бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы - білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты - демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар, өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау» сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті. Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен, жұппен, жеке жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен және жұппен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамыта алады. Сабақтарыда Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, *INSERT* кестесі, ББҮ стратегияларын қолданатынын айтады. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» тарих пәнін оқытуда қолданатынын айтады. СТО бағдарламасы негізінде өткізілген сабақтар оқушының тақырыпты толық меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және уақыт үнемдеуге өте ыңғайлы болды. Бұл технологияны пайдалану жеке тұлғаның ойлау қабілетін дамытуға, эстетикалық тәрбие, коммуникативтік қабілеттерін шыңдауға,

қолайлы шешім қабылдай алуға, ең бастысы, білім сапасын арттыруға негіз болды. Нәтижесінде: оқушы еркін сөйлеп, өз ойын жасқанбай айтуға үйренді; жұппен, топпен жұмыс істей отырып, бірін-бірі сыйлауға, шешімі табылмай жатқан мәселені ақылдасып шешуге ұмтылды; бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренді; жағымды қарым-қатынасқа бейімделді; ойы сараланған, дарынды, шығармашыл тұлға қалыптасты.

Арқалық қаласының Ы. Алтынсарин атындағы гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Жандильдина Балкенже Еламанқызы: сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткізгенін айтады. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталады.

Осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Молдахметова Роза Карбозовқызы: «Сыни ойлау» түсінігіне анықтама бере отырып белгілі ғалым Дайана Халперн «ол ойлаған нәтижеге жету үшін танымдық техникаларды пайдалану арқылы шығармашылықпен әрі қарай бағыттай ойлану» деген пікір білдіреді. Сыни тұрғыдан ойлау-оқушының креативтік қабілетін дамытудағы бірлен-бір негіз болып табылады. Мақсат-оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, өзіндік пікір қалыптастырып, саналы шешім қабылдауға сабақта үйрету деп пайымдайды. Нәтижесінде Сабақтан сын тұрғысынан ойлауды бірлескен топпен жұмысты, дарынды балалардың қабілетіне лайық күрделі тапсырмалар бергенін. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын аңғарғанын. Қазақстан тарихы сабақтарында жеті модульді ықпалдастыра отырып, сыни тұрғыдан ойлауды жүзеге асыруды көздейтінін айтады. Оқушылардың берілген тапсырмаға сын көзбен қарап әрекет етуін. Сынып арасынан тез ойланып, шешімін тауып, басшылық көрсетіп, ұйымдастырушылық қабілеті бар оқушылар өздігінен байқалып, бір-бірімен ақылдасып, ой бөлісетіндерін. Нәтижесінде оқушылар ойнап отырып, ойлау арқылы сабақты бастау оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, қызығушылығын оятқанын айтады. Дайана Халперн сыни тұрғыдан ойлауды күтілетін түпкі нәтижеге қол жеткізудің мүмкіндігін ұлғайтатын когнитивтік техникалар мен стратегияларды қолдану деп қарастырады. Келесі қадам «Ой қозғау» оқушылардың сын тұрғыдан ойлауы қаншалықты деңгейде екенін анықтау үшін 3-4 топқа бөліп,

тапсырмалар беріледі. Мақсаты сыни тұрғыда пікірлесе отырып, әңгімелесу барысындағы ынтымақтастық әрекетін бақылау. Кері байланысты оқи отырып, сындарлы оқыту теориясы бойынша өтілген сабақтың оқушылар үшін қызықты да, нәтижелі болғанын білген. Сабақтың соңғы бөлігі Рефлексия жазу. Оқушы өз-өзіне сыни көзбен қарай отырып, «не түсіндім?», «сабақтан не алдым?» деген сұрақ төңірегінде ой қалыптасады. Сабақ үрдісінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыта отырып, әрбір сабағында басқа модульдермен ұштасуына ықпал ететінін айтады.

Жітіқара қаласының №9 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Малайдарова Гүлзат Нұрболатқызы: сын тұрғысынан ойлау оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойын толықтыруға, жинақтауға мүмкіндік беретін технологияның бір түрі деп сипаттайды. Әр сабағында сын тұрғысынан ойлауды қолдану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізе алған. Сабаққа деген қызығушылықтары артты, жүйелеп сөйлеуге дағдыланды, тақырып бойынша ойын қорытындылауы жетілгенін айтады. Кепілдеме ретінде топтық жұмыстың түрін дамытуға, түрлендіруге, әдіс-тәсілдерді нақтылауға ат салысу туралы ұсынысын білдірген.

Арқалық қаласының №6 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Қарашинова Алмагүл Серікбайқызы СТО сабақта оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырып, оқушының зерттей білуге, оқу мен жазуды дамытуға, тұжырым жасауда маңызды екендігін айтады. Нәтижесінде оқушылар мәселеге сыни көзбен қарайды; шешім қабылдайды; сенімге негізделген қарым-қатынаста болады; белсенді іс-әрекет жасайды; алған білімді өмірмен байланыстырады. Сын тұрғысынан ойлауды оқушылардың қызығушылығын ояту, ой толғау кезінде қолданады. Жеке тұлғаның қабілетін жандандырады, білім прагдимасы қалыптасатынын айтады.

Қостанай қаласының Сосна орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Шайкенова Асима Аманжолқызы: сыни тұрғыдан ойлау бұл саналы мағынаны іздеу өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп өзіндік қате сенімнен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан ойлау жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізіп негізін ашу, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, дәлелдейді, пікірі алмасады, ортақ пікірге келеді. Мақсатқа жетеді, өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді. Ойлауды дамытады, қызығушылық артады. Кез келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін-өзі тәрбиелеу арқылы нәтижесіне жетуге мүмкіндік алады. СТО нәтижесі арқылы оқушы тұлға болып қалыптасады. Ұсыныстары: мұғаліммен еркін сөйлесіп пікір алмасу; бір-біріне құрметпен қарау; жұмыс жасап отырған технологиямен дәстүрлі сабақтан шығатын нәтижені салыстыру кесте арқылы мониторинг жасау; достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесу.

Қарасу ауданының Октябрь орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Наурызбекова Бахыткүл Алпысбайқызы: СТО көп ақпаратты талдай, жинақтай

отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Осы технологияларды сабақта пайдалана отырып, жетістіктерге қол жеткізген. Оқушылар түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Облыстық «Астана-менің мақтанышым» атты шығарма сайысы; аудандық ғылыми жоба; аудандық олимпиада; аудандық Абай оқулары; Педагогикалық технология оқу үрдісімен – мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Сабақ барысында жана педагогикалық технологияларды қолдану оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттырып, сабақтың көрнекі өтуін қамтамасыз етеді. Бұлай оқытудың бастапқы идеясы оқушыларды дайын, жаттанды білімменен сусындату емес, керісінше механикалық деңгейдегі сұрақтардан туындайтын жоғары деңгейдегі яғни сыни тұрғыдан ойлануға түрткі болатын «... не болар еді?», «қалай өзгертуге болады?», «егер де ... сен не істер едің?» деген сияқты сұрақтарға оқушылар жауап бере отырып, өзі ізденіп, өзі қызыға оқитын өздерінің ойын пікірталаста еркін айта білетін, өз біліміне өзі жауап беретін жеке тұлғаны елімізде тәрбиелеп шығару.

Қостанай қаласының №115 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдуллина Зоя Мағзымқызы: сын тұрғысынан ойлау технологиясы бастауыш сынып оқушыларымен қолдануға өте тиімді. Себебі жаңа өсіп келе жатқан буынның білімге деген құштарлығын жан-жақты дамытуға септігін тигізеді деп пайымдайды. Бұл технологияны қолдану барысында бірінші сынып оқушыларының әріп тануға, жазып үйренуге, танымдық қабілеттерін арттыруға көп көмегін тигізгенін айтады. Бұл технологияны мектеп қабырғасындағы барлық оқушыларға қолданған тиімді. Бірақ өсіп келе жатқан жаңа буынға мұның әсері зор. Сондықтан да сын тұрғысынан ойлау технологиясын әлі де жетілдіріп, болашақта қолдану туралы ұсыныс білдірген.

Қостанай қаласының №115 орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі Исембаева Сандуғаш Болатқызы: оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушыларды шапшаң ойлауға, шығармашылыққа бейімдеу. Балалардың білімге деген қызығушылығын оятады деп пайымдайды. Нәтижесінде балалардың сабаққа деген қызығушылығы артты. Зейіні төмен оқушылардың өзі сабаққа белсене қатыса бастағанын байқаған. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақта кеңінен қолдану туралы ұсынысын білдірген.

Қостанай қаласындағы №1 мектеп-лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Рахымова Эльмира Ерсәлімқызы: 1. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы - оқушының өз бетімен оқу, өз-өзін тәрбиелеу, өздігінен дамуын қамтамасыз етеді, кез келген мазмұнға, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, алған білімдерінен сапалы шешім қабылдау дағдыларын дамытуға үлкен ықпалын тигізетін педагогикалық технологиялардың бірі. 2. Интерберленді әдіс технологиясы - таным әрекетін ұйымдастыруға, оқушының істі ұйымдастыра білу қабілетін дамытуға, барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасауға, әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасауға ықпал ететін технологиялардың бірі деп пайымдайды.

Нәтижесінде Сын тұрғысынан ойлау технологиясын орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту үрдісінде қолдану барысында оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, іздемпаздылыққа баулиды, оқушының еркін және терең ойлауына үлкен мүмкіндік ашады, берілген мәселе бойынша жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Қазақ тіліне деген қызығушылықты оятуда тиімді, оңтайлы әдіс-тәсілдердің молдығы. СТО әдіс-тәсілдерін сабақта жүйелі түрде қолданылса, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады, сөздік қорлары молаяды, бір-бірімен пікірлесе отырып еркін сөйлеу, өз ойын жеткізе алу дағдылары қалыптасады.

Берілген технологияларды қолдану барысында әр мұғалім келесі ұсынымдарға назар аударғаны жөн: 1. Бұл технологияларды жүйелі қолдану үшін уақыт керек. 2. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру. 3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау. 4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау. 5. Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. 6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Қарасу ауданы Шелғашын орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жәнібекова Балжан Әбдікәрімқызы: Сын тұрғысынан ойлауды үйренген оқушы «Оқушы-компьютер-мұғалім» жүйесін қалыптастырады. СТО-ның әдіс-тәсілдерінің қазақ тілі пәніне ықпалы, әсері шексіз. Ол баланың еркін ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Осы технологияны сабақта қолданудан күтетін нәтижелерді: өз қабілеттеріне қарай сапалы білім; еркін әрі сыни ойлай білетін, белсенді және білікті; өзін-өзі тани алатын, өзіне сене отырып, біліміне жауапкершілікпен қарайтын; өз мүмкіндігінше сенімді және жоғары баға беретін; танымдық белсенділігі жоғары, өз ісіне сыни тұрғыдан қарай білетін тұлға қалыптастыру. Маған бұл жаңа ойлар қаншалықты әсер етті деген сауалдар төңірегінде ойлауға үйренеді. Өз іс тәжірибесінде ана тілі сабағынан өткізген В.А. Сухомлинскийдің «Ақ шаш» деген сабағында: оқушыларды әр түсті фишкалар арқылы топқа бөлу, балалар фишка түстес көрсеткіші бар партаға барып отырады. Сабақта қолданылатын стратегиялар: «Болжау» стратегиясы; «Екі жақты күнделік» стратегиясы; «Топтастыру» стратегиясы; «Әдебиет үйірмесі»; «Бес жолды өлең» стратегиясы. Сабақ – ұстаздың көп ізденуінен, көп еңбектенуінен туатын педагогикалық шығарма. Модульдің негізгі мақсаты сабаққа жаппай оқушының қатысуы арқылы дәрісті, негізінен диалог түрінде ұйымдастырады, есте сақтау, қайталау мен оқушының сөздік қорын молайтуды оң жолға қою. Әсіресе, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда бұл модульдардың берері көп. Жалпы қазіргі заманғы әдіс-тәсілдер бойынша баланың өзі ізденіп, өз бетінше білім алуы үшін әрекет жасаушы болса, мұғалім тек бағыттаушы, дұрыс жол нұсқаушы, ұйымдастырушы. Топпен жұмыс барысында ынтымақтастық атмосферасының құрылғаны да байқалды. Мұндай жұмыстар барысында «Автор орындығы», РАФТ, ИНСЕРТ, дискуссиялық карта, Венн диаграммасы, Блум өлшемдері, Жигсо әдісі, т.б. әдістерін қолданған. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлау әдісі бойынша өтілген сабақтарында қалған модульдерді де еркін енгізуге болатынына көз жеткізген.

Сабақ барысында, әсіресе 4 деңгей тапсырмасын орындағанда, дарынды балалар көзделеді. Олар аудандық, облыстық олимпиадаларға, байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Қостанай қаласының №9 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Скендирова Гүлбейне Айтбайқызы: сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады. Қызығушылығын ояту; мағынаны тану; ой толғаныс. Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. «Қызығушылығын ояту» кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушы білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтам?», және «Оқушы не ұтады? деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. «Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындаған сұрақтарға оқушылар өз ойларын білдіріп жауап береді. Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығымен мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде пікір-сайыс немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгендік болып табылады. Осы технологияның арқасында оқушылары облыстық ғылыми жұмыстан (1-орын), қалалық пәндік олимпиададан (3-орын), облыстық жыр мұшайрасынан (бас жүлде), қалалық Абай оқуларынан (2-орын) жүлделі орындар алып жүргенін айтты. Сыни тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы: нақты мақсат қоюға дағдыланады. Өзіне деген сенімі артады. Оқу процесіне белсенді қатысады. Жолдастарының пікірін сыйлайды. Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі. Сараптауға, бағалауға дағдыланады. Пәнге деген қызығушылығы артатынын өз тәжірибесінде байқаған.

Қостанай ауданы Совхозный орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дүйсекова Тулеухан Ауезханқызы: сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін сыныбында Ө. Қанахиннің «Туған жер» деген әңгімесін алған. Оларға жұппен елес жетегіне еріп көрейікші. Туған жер дегенде көз алдымызға не елестейді? Оны алдарында жатқан қағазға түсірулеріне болады деп үш топқа бөліп тапсырма берген. Бірінші топ: мәтіннен «Жарық дүниеге келген сәтіңнен бастап, тәйтай басып жүріп кеткеніне» дейін жазған жолдарын тауып оқу. Екінші топ. Мәтіннен автордың жазғы ауыл табиғатын суреттеген жерін тауып оқу. Үшінші топ: автордың «Әрбір адам үшін туған жерден ыстық, қадірлі, қымбат ештеңе жоқ» деген жерін тауып оқиды. Олардың ойында тез тауып оқу және басқа топтан бұрын айту, бәсекелестік мәселесі туындаған. Туған жер

туралы қойылған жалпы сұраққа толық жауап берген. Тіпті Айғаным туған жері қала болса да ауылды жақсы көретінін айтқан. Мұғалім оған кері байланыста сұрақ қойған. Неге саған қала ұнамайды? Ол қаланың үйі тар, көшеге шығып, достарымен еркін ойнай алмайтынын айтқан. Қалған балалар ауылда тұратындарына қуанатындарын айтса, Мирас «маған қаланың суының іште ағып тұратыны, су тасымайтындығы ғана ұнайды» деп өз ойын білдірді. Үш топқа тағы тапсырма берілген. Бірінші топ: туған жер туралы өлең, екінші топ: отан, ел, жер туралы мақал-мәтел. Үшінші топ: сурет салу. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы бойынша оқушылар ойларын тиянақтап, басқаларды бақылап, қатысушылардың ойларын төзіммен тыңдауы жайлы сезім қалдырды. Оларға да осылай жұмыс істеу, ақылға қонымды мәселелер шешуге көмектесетініне көздері жетті. Балалар өздерінің пікірлерінің қаншалықты құнды екенін сезінді. Сабақта өз ойларын қорқа айтатын оқушыларға ойларын айтуға сенім туғызды. Бұл стратегия оқушылардың пікірлерін жеткізуге көмектескенін айтады.

Арқалық қаласы М. Әуезов атындағы №5 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұрбалиева Гауһар Сағынтайқызы: сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының тиімді жақтары: 1. Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады. 2. Сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіншілігі молаяды. 3. Оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады. 4. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды деп атап көрсеткен. Өз тәжірибесінде байқағандай, сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары: 1. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру. 2. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау. 3. Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау. 4. Оқушыларға мысқылсыз еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру. 5. Сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету. 6. Кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімдік білдіру. 7. Сыни ойлауды бағалау. 8. Тиімді сыни ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек екенін айтады.

Арқалық қаласы №4 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қойшұғылова Зақария Қойшығұлқызы: «Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жанашыл идеялар мен келешекке ашық болады» деп сипаттайды. Олар өздерінің жобаларын талқылайды, ұсыныстарын білдіреді әрі нәтижесін жариялайды, сөйтіп «кері байланыс» жасайды. Бұл әдіс оқушылардың сөз саптау шеберлігін арттырады, сыни тұрғыдан ойлауға төселдіреді, шығармашылық әрі танымдылық қабілетін ұштауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылар өзара ынтымақтастық атмосферасында жұмыс жасауға дағдыланып қана қоймай, бірін-бірі өзара бағалауға төселеді.

Уақытты ұтымды қолдана білуге қалыптастыратынын байқаған.

Арқалық қаласы № 4 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Смағұлова Көпей Файзоллинқызы: СТО нәтижесінде сабақта оқушылар ізденіс жұмыстарына төселе отырып, білімдерін тереңдетуге қызығушылық танытады. Нәтижесінде 2-3 оқушы ғылыми жоба жұмысымен айналысы бастады, қалалық, облыстық олимпиада жүлдегері атанды. Халықаралық олимпиадаға қатысуға ниет білдірген. Көпшілігі шығармалар сайысына қатысатын болған. Жұмыстарын баспасөзге бере бастағанын байқаған.

Жетіқара қаласы № 2 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Байменова Сара Бекбаулқызы Сыни тұрғыдан ойлай білетін адам сұрақтар қоя біледі: -Мен не білемін? Мен жаңадан нені білдім? Менің білімім қалай өзгерді? Мен осы біліммен не істей аламын? Осындай сұрақтарды өзіне үнемі қойған адам өз ісін сараптайды деп атап көрсеткен. Нәтижесінде: «Зерде»өңірлік ғылыми жобалар сайысында Қадірбекова Камила 1 орын, «Живое слово» аудандық прозалар сайысында 1 орын алып, облысқа өткенін айтады. Бала өз қылықтарын сынға салуға, жақсы жаманды айыра білуге үйренеді.

Осы технологияны қолданатын Федоров ауданы №2 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Өтегенова Айнұр Жақсылыққызы: Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды, пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін-өзі тәрбиелейді дейді.

Арқалық қаласы №4 орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Саматова Гүлжанат Шағалиқызы: осы технологияны қолдану қушылардың ойлау мен жазу арқылы ой-өрісін дамытады. Шығармашылыққа баулиды. Шағын ой толғаулар жазуға машықтандырады. Өз пікірі мен қоғамға деген көзқарасы қалыптасады. Тұлғаның өз «менін» дамытады. Сонымен қатар оқушы жас ерекшелігін де ескерген дұрыс. Жеңілден күрделіге адымдау керек: Сөйлем құрау, сурет арқылы әңгіме ойлау оны жазу. Кейіпкерлерге түр, мінез беру. Талдау, ой толғау, хат жазу, құттықтау жазу, шығарма жазу. Шығарма тақырыбына байланысты көркемсөз іздену, оны мәнерлеп оқу, жаттау деп ұсыныс айтады. Қостанай облысы Арқалық қаласы Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ахметжанова Гүлдерай Хамидоллақызы сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаңа, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс-әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу. Осы технология бойынша оқушы – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім – әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы деп сипаттайды.

Арқалық қаласы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Боқанова Айгүл Ахметсапина: тілдік материалдарды сатылай

кешенді талдау технологиясының ерекшелігі - оқушылар түсіндірген материалды толық түсініп, жүйелі меңгереді, шығармашылық жұмыстарды өздігінен орындауға бейімделеді. тіл сабақтарында жүргізілетін грамматикалық талдаулар оқушылардың тіл байлығын, сөйлеу мәдениеттерін арттырып, шығармашылық ойлауға дағдыландырады деп сипаттайды.

Рудный қаласы №15 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ержігітова Анар Сабырқызы технологияның мақсаты: Оқушыларды ойын ашық айта алуға, пікір алмаса білуге үйрету; Мәселені сын тұрғысынан шешуге дағдыландыру; Ұжымда өз ойын ашық айтып қана қоймай, оны дәлелдей білуге бағыттау; Бір-біріне сыйластықпен қарап, пікірін құрметтеуге баулу деп сипаттайды. Нәтижесі: қалалық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері арасында өтілген «Ұлы мәртебелі – Ұстаз» байқауында жүлделі I орын (2012 ж.); Қала, облыс деңгейінде ашық сабақтар мен шеберлік сыныптар; оқушылары қала, облыс, республика деңгейіндегі пән олимпиадалары мен ғылыми конференциялардағы жетістіктері екенін айтады. Технология бойынша тірек-сызбалар, шығармашылық жұмыстарға негізделген тапсырмалар мектеп оқулығына, ал технологияның кейбір элементтері (мысалы концептуалдық кесте, ИНСЕРТ әдісі, егер де мен...) сияқты түрлері пән олимпиадаларының тапсырмаларына енгізілсе деген ұсынысын білдіреді.

Жетіқара қаласы № 2 орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Қалиева Гүлшат Елжанқызы бұл технология бойынша оқытудың нәтижелерінде: қазақ тілі және әдебиет сабағының мазмұны мен сапасы артты; оқушылардың дара ерекшеліктеріне сай ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды; оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады; оқушының жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады; өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өрбіте алады; білім алушы өзі талдау жасайды, қорытынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады; ауызша, жазбаша сөйлеу тілдері дамиды, лексикалық қоры байды; қазақ тілін үйренуде қызығушылығы, өз күшіне деген сенімділігі пайда болады; өз ойын дәлелдей білетін, шағын зерттеулер жүргізе алатын болады.

Жетіқара қаласы № 2 орта мектептің қазақ тілі мұғалімі Дүйсенова Назымгүл Бекбаулинқызы: коммуникативтік құзыреттіліктің төрт аспектісін сабақтың әр кезеңінде, әр түрлі стратегияларды қолдана отырып, дамытуға болатынын; Мысалы, сабақтың қызығушылықты ояту кезеңінде жазбаша байланысу аспектісінің 1 деңгейін қалыптастыруда ассоциация жасату. Сондай-ақ, «Торлы талқылау кестесі», «Құндылық шебі», «Ортақ тізім жасау», «Топтастыру» стратегиялары арқылы жүзеге асыруға болады. 2 деңгейді жүзеге асыруда «Түртіп алу», «Бірлескен жоба», «Еркін жазу», «Т -кестесі», «Концептуальды кесте», «Семантикалық карта», «Бес жолды өлең» пайдаланудамын. 3-деңгейде «Қос жазба күнделігі», «Дөңгелек стол», «Дәлелді эссе», «РАФТ» стратегияларын қолдануға болады. Бұл технологияны пайдалану үшін ұстаз әр тапсырманы қызықты, шығармашылық қабілетін дамытатын қылып дайындау керек. Тапсырманы берген уақытта оқушылардың қабілеттерін ескеру керек. Ұстаз бұл технологияны толық меңгерсе сонда ғана

оны енгізуі тиімді болатынын айтады.

Қостанай қаласы №8 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ержанова Махаббат Маратқызы: жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады. Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясын өз сабақтарында қолдану арқылы оқушыларда психологиялық ахуал қалыптасқанын; өзін жеке дара тұлға ретінде танып, бір-біріне құрметпен қарауға үйренгенін; сыни тұрғыдан ойлау арқылы өзін-өзі бақылау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері, білімді өз бетімен алуға деген ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеттері артқанын байқаған.

Қамысты ауданы Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұртазина Гүлмира Аманжолқызы бұл технологияны қолданғанда жағымды нәтижелерге қол жеткізгенін Оқушыларының шығармашылық қабілеттері артып, ойлау, пайымдау шеберліктері дамыған. Оқушылары өлең шығарып, шығарма жазумен айналыса бастағанын байқаған. «Абай әлемі» атты аудандық байқауда оқушылары I, II-орындарды иеленді. Жеңістің 70 жылдығына арналған шығарма сайысында бір оқушысы III орын алғанын айтады.

Қостанай қаласындағы №9 орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Жүнісова Әлия Ертасқызы: сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғым кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортана, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс-әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу туралы ұсыныс білдіреді. Қостанай облысы Жітіқара қаласы №2 орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Серғазина Әсия Викторқызы орыс тілі мен әдебиет сабақтарында СТО қолдана отырып оқушыларға шығармашылық бағыт-бағдар бере отырып, үздіксіз іс-әрекетке жетелегенін. Бағдарлама стратегиялары оқушылардың бірін-бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретті. бұрын үндемей отыратын балалардың сабаққа қызу араласуы көрінді. Сабақтарды ерекше, сыни тұрғыдан ойлау технология жобасымен өтуі оларға еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызғанын айтады.

Арқалық қаласы Б. Майлин атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Құлжанова Айнұр Хамитқызы *RWCT* әдістерін қолдану арқылы әдебиет пәніне деген оқушылар қарым-қатынасының өзгергенін және алған білімдері туралы өз көзқарасын айта алатынын, жаңа сабақта білімді және шығармашылықпен, сыни тұрғыдан ойлай отырып қорытынды жасайтынын айтады. Сонымен қатар кітапқа сүйіспеншілігін артып, ойлау және шығармашылық қабілеттері, қиялын, есте сақтау қабілетін дамытқанын және пікірін қалыптастыру, ойын еркін жеткізуін мадақтау, бір-бірімен ынтымақтастықты дамытуға көмектесу, сауатты жазуға дағдыландырғанын байқаған.

Жакенов Әсет Бауыржанұлы Қарабалық ауданы №3 Қарабалық орта

мектебінің 5-11 сыныптары мұғалімі. Мұғалім «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының қолданылуына келесі тұрғыда сипаттама береді. Сыни тұрғыдан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» көшу деп аталады. Сабақта оқушылар стратегиялар түрінде жұмыс жасайды: 1. Негізгі ойды суреттеу. 2. Топтастыру. 3. Бес жол өлең. 4. Эссе жазу. 5. Болжам кестесі. 6. Галереяға саяхат. 7. РАФТ. 8. Блум жүйесі. 9. ЖИГСО – 1. 10. ЖИГСО – 2. 11. Қазымыр оқушы. 12. Автор орындығы. 13. Инсерт. 14. Венн диаграммасы. 15. Кубизм. 16. Бағытталған оқу. 17. Кідіріспен оқу. 18. Әдебиет үйірмесі. 19. Жол қалдырып жазу. 20. Қос жазба күнделік. 21. Авторға сұрақ қою. 22. Үш қарамды сұхбат. 23. Әлемді шарлау. 24. Ой қозғау. 25. Оқиға желісі. Сын тұрғысынан ойлау барысында оқушылар нақты зияткерлік істер атқарып, шынайы өмірлік мәселелерді шешеді.

Құлбаева Ақерке Есімжанқызы Жітіқара ауданы, Степной селосының «Степной орта мектебінің» 5-11 сыныптары мұғалімі. Мұғалім сабақтарында «Сыни тұрғыдан ойлау» технологисын қолданады. Бұл технологияның қызықтыратыны ол оқушылардың өздігінен ізденуі және дәлелдеу жүргізулеріде. Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының арқасында балалар сабақтан тыс уақытта көп оқып, өздігінен дайындалатын болады.

Байнақатова Жұлдызай Қуандыққызы Жітіқара ауданы, Степной селосының «Степной орта мектебінің» бастауыш сынып мұғалімі. Мұғалімнің «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясына қатысты өз тәжірибесіне байланысты пікірі. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген. Қазіргі тұлғаның алдында негізгі маңызды біліктілігі бұл жаңа ақпаратты тауып, өңдеу және өз мақсатында қолданысын табу. Сондықтан білім беру жүйесі бастауыштан жаңа технологиялармен ұштасып берілгені жөн, себебі дәл осы кезде оқушының тұлғасы қалыптаса бастайды. Сыни тұрғыдан ойлау деген- әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау үш бөліктен тұрады: біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады; екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тын идеялар ойлап табуы мүмкін; үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сыни тұрғыдан ойлау» арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Негізгі міндеті – шығармашылық ойлауды, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту. Бұл технология -

оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді технология.

Қарабалық ауданы, №3 орта мектебінің мұғалімі Тотыбекова Ақмарал Қызылбайқызының іс-тәжірибесін ұсына отырып, сыни ойлау туралы өз пікірін білдіреді. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын ортаға еркін жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау, өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол үнемі диалогтың, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Сыни тұрғыдан оқу мен жазудың көмегі зор. Оқушы жеке жұмыс істеуге жаттығады, өз ойын көпшілікке жеткізуге ықпал етеді. Мұғалім сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек деп есептейді. Өзінің шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Сұрақ, әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, оны іске асыруына жол көрсетеді. Алдағы болатын құбылысты болжау үшін қиялға ерік береді, ал ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланысты. Ақмарал Қызылбайқызының пікірінше, оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Оқушының әр нәрседен бір мән табуға мүдделі және білуге құмарлығы болса ғана белсенділік пайда болады. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелілік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, осы жүйені қолдану арқылы оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытуды ойдағыдай жүзеге асыруға болады. Мұғалім химия сабақтарын «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибесіне енгізу нәтижесінде оқушылардың бойында іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынына көз жеткізген.

Қызылорда облысы_Арал ауданының №82 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сармурзаева Данагүл Толыбайқызы: сын тұрғысынан ойлау технологиясы заманауи оқытуға жетелейтін сипаттайды. Оқушылардың қызығушылығы, топтасып жұмыс жасауы, бірін-бірін тыңдауы, шығармашылықпен жұмыс жасауы және өз бетінше пікір айта білулері қалыптасады. Әр сабақта оқушылардың білімге деген құштарлығын оятып шығармашылық қабілетін арттырып, өзін-өзін тани білуге дағдыландырады.

Қызылорда қаласының №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернатының шет тілі пәнінің мұғалімі Оңғар Жансая Бегалықызы, Мұқтар Әлия Мұқтарқызы, Шоханова Жазира Төлепбергенқызы ағылшын тілін оқытуда тәжірибені шындай түсуде көп жеңілдік ашқан технологиялардың бірі – осы технология. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады: - ассоциация; - бірлестік қызмет; - көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау деп сипаттайды. Осы технологияны қолдану нәтижесінде - оқу үрдісінде қызығушылық артады; -

оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады; - оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі. Меңгерудің әр кезеңдегі деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа технологиялар жүйесін оқу процесіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтады. Түсіндіре баяндау арқылы тірек желілерін келешекті оза оқыту. Бұл технологияда С.Н. Лысенкова бойынша материалды меңгеру үш кезеңнен тұрады - алдынала даярлық; - жаңа ұғымдарды дәлелдеу, оларды жинақтау, қолдану; - оқу іс-әрекеті және ойлау әдістерін дамыту. Оқу материалдарын осылайша деңгейлеу білімді ұзақ уақыт есте сақтауға мүмкіндік беретінін айтады.

Қызылорда қаласының №6 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Ешпанова Шара Жеткербайқызы: сындарлы оқыту теориясының негізгі идеясы дайын білімдер емес, оқушының өзінің ізденуіне өмірлік тәжірибеде оқушыны да оқытушының өзгеруі. Оқытудың бұл түрінде оқушылар маңызды рөл атқарады. Басты міндет оқушы сабақ тақырыбын сыни тұрғыдан ойлана отырып өзі ашып, өз бетімен меңгеріп және өзі бағалай алатынын айтады. Сындарлы оқытудың жеті модулін сабақтарда қолдану арқылы мен оқушылардың қазіргі уақытта оқушыларға қажетті дағды және қасиеттер қалыптасқанын, нәтижесінде ҚББ-нің құрмет грамотасымен, 2013 жылы Облыстық семинарда № 198 орта мектеп базасында 9 сыныпта ағылшын тілі сабағын өткізгенін. оқушылары Республикалық олимпиададан жүлделі орын алған, 2013- 2014 оқу жылдарында ҰБТ- да грант иегерлері болған.

Арал қаласының №19 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Төлеуова Жұмагүл Көпжанқызы осы технология оқушылардың сыни тұрғыдан ойланып шешім қабылдауына септігін тигізетінін айтады. Нәтижесінде үлгерім көтерілді. Оқушылар сыни тұрғыдан тапсырмаларды өз беттерінше деңгейлеріне сәйкес орындай алғанын байқаған. Бұл технологияны тарих және география сабағында қолданған тиімді, дарында оқушы анықталады деген ұсыныс білдіреді.

Жалағаш қаласы Т. Жүргенов атындағы № 123 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ахметова Айнұр Ысқаққызы: сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді деп сипаттайды. Сындарлы оқыту теориясының 7 модулін сабақтарда жүйелі қолдану нәтижесінде оқушылардың қызығушылығы, ізденімпаздығы артты. Олар сабақта табысты оқу ортасын құру арқылы топта жұмыс істеуге, бірін-бірі, өзін-өзі формативті түрде бағалауға, өзгенің ойын, көзқарасын сыйлауға, қарсы пікір айтуға дағдыланды. Сыныптағы озат оқушылардың саны артып, С деңгейлі оқушылардың өзі сабаққа белсенді қатысқанын байқаған. Желілік қауымдастықтағы ұстаздар өз тәжірибелерімен, оқыту мен оқудағы жетістіктерімен бөлісу арқылы тығыз жұмыс жасау қажеттігін айтады.

Осы педагогикалық технологияны өз сабағында 2013жылдан қолданып келе жатқан Қызылорда қаласының №101 орта мектебінің 5-9 сыныптардағы тарих пәнінің мұғалімі Айтуарова Гүлназ Рахметуллақызы сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушылардың пікірін ашық білдіруге, ұшқыр ойлауға, жаңа ақпарат көздерін ашуға бейімделуіне әсер ететінін айтады. Сонымен қатар оқушылар сабақта өздерін еркін ұстап, ойларын ашық жеткізе алатын дағдыға жеткендігі байқалған. Осы әдіс-тәсілдердің үздіксіз жүзеге асуы үшін оқулықтар өз деңгейінде болуын қалайды.

Қармақшы ауданы №80 мектеп- гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Айтжанова Салтанат Айтуарқызы: заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Осы мақсатта бұл технологияны қолданылу нәтижесінде оқушылары тарих, құқық пәндерінен аудандық олимпиададан жүлделі орынды иеленді. ҰБТ-де 11 сынып оқушылары жоғары балл көрсетті. Технологияның әдіс-тәсілдерін тереңірек пайдаланса, өз жемісін беретінін айтады.

Қызылорда қаласының №39 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Мырзатаева Дина Қыпшақбайқызы СТО арқылы оқушылардың оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дағдыларын қалыптастыра отырып, өздігінен білім алуына мүмкіндік жасайтынын айтады. Нәтижесінде оқушылардың шығармашылық жұмыстары облыстық, республикалық баспасөз беттерінде жарияланған. Гуманитарлық пәндерді оқытуда, оқушылармен топтық, жұптық жұмыс жасау арқылы шығармашылығын дамытуда тиімділігі зор екенін байқаған.

Қызылорда қаласының №101 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Есжан Айнұр Бақытбекқызы сыни ойлаудың дағдыларын дамыту, сыныпта тиісті орта жасауды үйретеді. Мұғаліммен оқушы бірге жауапты болатынын айтады. Нәтижесінде оқушының қызығушылығы оятылды, пәнге деген ынтасы жоғарыларды, өздігінен бағалау тәсілдерін үйреніп, өз сұрақтарына өздері жауап беруге дағдыланғанын байқаған. сын тұрғысан ойлау әдісі одан әрі қарай жетілдіріп, мұғалімдер арасында тәжірибе алмасып отырса деген ұсынысын айтады.

Қызылорда қаласының С. Сейфуллин атындағы №4 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Сматава Манат Шамбековна: сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжербиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады: Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Екіншіден,

сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыруы, тың идеялар ойлап табуы мүмкін. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзілетінін айтады. Нәтижесінде үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Ұсыныстары: сын тұрғысынан ойлау технологиясын озық педагогикалық технология ретінде күнделікті пайдалану қажет. Сындарлы оқытудың негізінде осы СТО бағдарламасы пайдаланылған. Сондықтан, СТО бағдарламасын тиімді пайдалану қажет.

Қызылорда қаласының №6 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі: Айтбаева Жанат Қожашқызы: сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету деп сипаттайды. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. Сындарлы оқыту теориясымен таныса келе, оқушыға нақты, нәтижелі білім беруді мақсат еткен мұғалімнің өзі өзгеруге тиіс екендігіне көз жеткізді. Оқытудың бұл түрінде оқушылар өте маңызды роль атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Бұл жердегі мақсат-оқушы сабақ тақырыбын сыни тұрғыдан

ойлана отырып, өзі ашып, өз бетімен меңгеруі, түсінуі және бағалай алуы болып табылады.

Қызылорда қаласының №101 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Қартанбаева Зейнет Мұқтарқызы сын тұрғысынан ойлауды дамыту теорияларын басшылыққа алады. Мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Сын тұрғысынан ойлау ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған осы жобамен жұмыс жасау барысында көз жеткізгенін айтады. Нәтижесінде оқушылары ҰБТ дан 25 ұпай жинаған. Ұсыныстары: оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Әйтпесе, жаңа жүйенің құны болмайды.

Осы мектептің тарих пәні мұғалімі Сахимова Айгерім Мұхамадалиевна: СТО мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету деп сипаттайды. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде сабағында оқушылар арасында: бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды; өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға; бір-біріне құрметпен қарауға; өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға; өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға үйренгенін байқаған. Бұл технологияны барлық мұғалімдер қолданып сабақ берсе мектептің білім деңгейі жоғарылайтынын айтады.

Қармақшы ауданы №121 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Қасымханова Қаракөз Қасымханқызы: ғылымдану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып табылады. Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін-өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту. «Мен» менталитетін қалыптастыру білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау – бүгінгі таңдағы мұғалімнің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті. Заманауи сабақ оқушыдан нені

талап етеді? Оқуда жетекшілікті қабылдау; оқуда жетекшілікті іздеу; өз оқуы үшін жауапкершілікті өзіне алу; өздігінен басқара оқуын көрсету; өз оқуын бағалау және оқуды жалғастыру үшін қажетті оқудағы қажеттіліктерді анықтау; өз оқуын бірізді бағалау және оқудағы қажеттіліктерді анықтау; оқу үрдістерін түсінудің жоғарғы деңгейін және оқуды басқарудағы автономиялықты көрсету; Жаңа идеялар мен үрдістерді әзірлеуге тұрақты қызығушылығын және оқу үрдістерін түсінудің жоғарғы деңгейін көрсету; сабақтың мақсатына жетуде тапсырмалардың дұрыс орындалуын; мектеп өмірінде алған білім-біліктерін пайдалана отырып, жағдаяттарды шеше алу; берілген тақырыптағы жүйеленген тапсырмаларды нақты орындау алу; алты деңгейдің де тапсырмасын берілген мерзімде орындап шығу; өз оқуын уақытты тиімді ұйымдастыру және жеке немесе топтарда басқару арқылы ұйымдастыра алуы қажет; өзінің оқу үрдісін, қажеттіліктерін ұғыну; қол жетерлік мүмкіндіктерді анықтау; сәтті оқу үшін кедергілерден өтуі. Осы талаптарды орындай отырып, заманауи сабақтың мақсатына жетуге болады.

Арал ауданының №19 орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанзакова Рахия Қадырбергенқызы: СТО оқушылар сыни тұрғыдан ойланып шешім қабылдауына септігін тигізетінін айтады. Соның нәтижесінде оқушылардың сабақ үлгерімі көтерілді. Оқушылар сыни тұрғыдан тапсырмаларды өз беттерінше деңгейлеріне сәйкес орындай алғанын байқаған. Бұл технологияны қазақ тілі сабағында қолданған тиімді, дарынды оқушы анықталатынын айтады.

Арал ауданы №68 Қосаман орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шарапатова Ақмарал Мұратбайқызы: СТО технологиясын оқу барысында оқушылармен диалогтік жұмыс жасау барысын, әңгімелерді көрініс түрінде көрсету арқылы оқушыларды қызықтыра алғанын айтады. СТО технологиясын сабағына пайдалану өте тиімді екенін айтады. Нәтижесінде осы технологияны пайдалану барысында оқушылар бір-бірімен топтаса, ұжымдаса жұмыс жасауды үйренетінін байқаған.

Қаратерең қаласының №82 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Құлдиярова Гүлсара Елубайқызы: технология заман талабына сай оқу үрдісіндегі оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін дамытады. Жаңа технология бойынша СТО-ның түрлі стратегияларын пайдалана отырып, сыни ойлауға қалыптастырады. СТО-ның түрлі стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқанын, түрлі әдіс -тәсілдерді қолдану арқылы күнделікті мәселені шешуге, жауапты шешім қабылдауға, шығармашылыққа баули отырып, жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашқанын. Шындалған ой айту, кез келген мәселені жауапкершілікпен шешім қабылдай білуге үйренгенін байқаған. СТО стратегиясы жаңа технология талабына сай оқушылардың білім деңгейін көтеруге тиімді. Осы әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқыту процесіне мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болатынын айтады: ойды жинақтап, түйіндей алады; айналаны тануға құштарлығы оянады; өмірге құштарлығы оянып, жаңаша көзқарас қалыптасады; шығармашылық қабілеттері дамиды.

Жаңақорған қаласының негізгі білім беретін № 221 Аққұм мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Бердіқожаева Меруерт Өмірзаққызы: бүгінгі заман талабының басты ұстанымдарының бір-білім беруде жаңа технологияларға сүйене отырып, оқытудың ақыл-ой тәрбиесіне негізделген жаңаша әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану. Сындарлы оқыту оқушының идеясы мен сыни көзқарастарын дамытады. Әлемнің қозғаушы күші сұрақ және сыни көзқарастың оянуы десек ең бастысы сабақта олардың пікірімен есептесіп, кері байланыс орнатқанда ғана шәкірт жүрегіне жол табатынын әрі жекелеген оқушылардың жаңа білімді қабылдау ерекшеліктерін ұғынатынын айтады. Жаңа технологияның басты мақсаты - баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Бағдарлама жеті модульден тұрады. Жеті модульді білім беруде тиімді пайдалана отырып, біріншіден сабақ жоспарын өзгерткен. Екіншіден, жаңа сабақты өздеріне оқытып, бір-біріне түсіндіру әдістерін СТО стратегиялары арқылы жүзеге асырады. Өзінің ұстанымы - іздену, табу, нәтижеге ұстаз үшін нәтижеге жету - шәкіртінің білімді өздігінен алуы және алған білімін қажетіне қолдануы. Білім сапасын көтеруде топқа бөліп оқытуда біріншіден, оқушылар топпен, ұжыммен жұмыс істеп үйренеді. Екіншіден, өз ойын ашық, еркін жеткізе алады. Үшіншіден, шапшаңдыққа, өз ойын тез жинақтап жеткізуге қалыптасады, идея туындайды. Төртіншіден, бала жалықпайды, сабаққа қызығушылығы оянады. Бағдарлама негізінде педоқулар ұйымдастырылып, online байқаулар және сабақтар ұйымдастырылса деген ұсынысын айтады.

Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізген Қызылорда қаласы №. 4 мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Алпысова Әлия Қырғызбайқызы: соның нәтижесінде оқушылардың әңгімені оқып танысуын, мазмұнын ашатынын, кейіпкерлерді салыстыра отырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алатынын байқаған. Оқушының оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауын дамыту, қиялын шарықтату және сезімін оятатынына көз жеткізген. Топтық жұмыс үрдісіне байланысты жұмыс жасауды игереді, Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады, Тақырыптың түсініксіз жерлерін айқындайды, Топтастарының сұрақтарына жауап береді, Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейтінін айтады. Сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт тиімді пайдаланып, ізденіс керек. Оқушыларға ойланып – толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру керек. Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдай отырып, өзара талдауға апару керек. Үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс – әрекетін қолдау керек. Кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау керек. Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету туралы ұсыныс айтады.

Қызылорда қаласы №6 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұрмұратова Жанат Есентайқызы СТО бағдарламасын пайдалану нәтижесінде сабақтың жаңа құрылымы пайда болады. Психологиялық дайындық жасау, қызығушылығын ояту, ой қозғау, өзіндік жұмыс, түртіп алу, топпен жұмыс, бес жолды өлең, Венн диаграммасы т.б. сабақ жоспарындағы кезеңдер

қамтылатынын; Нәтижесінде: топқа бөлінген оқушылар өз бетінше ұйымдасып ой қозғайды, тақырыпқа қызығушылықпен бағытталады, мәтіндегі ең қызықты, құнды нәрсені анықтайды, кейіпкер ерекшелігін тануға бағытталады, мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақтар қоя біледі, өз ойларын еркін жаза білуге бейімделеді, ойларын қорытуға үйренетінін айтады.

Жалағаш ауданы №201 орта мектеп-лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қанбаева Шолпан Қырғызбайқызы: сын тұрғысынан ойлау технологиясы - оқушылардың сыни ойлау мүмкіндігін ашатын, бір-біріне сыни баға бере білетін, еркін сөйлей, ойын дәлелдей алатын, өмірге бейім, ұшқыр ойлы, шығармашыл тұлғаны тәрбиелейтін технология. Оны қолдану нәтижесінде оқушылары білімділік олимпиадалардың, республикалық ғылыми жобалардың жеңімпаздары, сонымен қатар облыстық, республикалық жыр-мүшайрада жетістікке жетіп жүргенін айтады.

Жалағаш қаласы Т. Жүргенов атындағы №123 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қосжанова Салтанат Орынтайқызы осы технология бойынша желілік қауымдастықтағы мұғалімдердің нәтижелі оқытуға бағытталған жұмыстары жинақ болып таратылу арқылы бірлесе жұмыс жасаса, оқушы жұмыстарын көрсететін семинарлар, тренингтер жиі ұйымдастырылса табысты оқу ортасын құруға ықпал етер еді деген ұсынысын білдіреді.

Ерекешева Жазира Мұхитқызы, Арал ауданы Қаратерең ауылының коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 5-7 сыныптарының математика пәнінің мұғалімі. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы сабақта білім беру мен тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу мақсатында табысты пайдаланылатын нақты әдістемелік тәсілдер жүйесін ұсынады. Мұғалім жеке тұлғаны қалыптастырып, оған сапалы білім беру мақсатында оқу мен жазу арқылы «сыни тұрғысынан ойлау» әдіс-тәсілдерін жүйелі пайдалану арқылы оқушыларды тынымсыз білім алуға баулуда. Сабақтары алуан түрлі, әсерлі әрі мұғалімнің шығармашылығы арта түсуде. Оқушылардың ойлау қабілеті артып, есте сақтау қабілеті дами түсті. Аталған технология оқушыны дербес немесе ұжымда шығармашылықпен жұмыс істеуге, алған білімін өмірде пайдалануға үйретеді.

Кенжебаев Жәнібек Серікбайұлы Қызылорда облысы, Қызылорда қаласының №4 С. Сейфуллин атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі. Сындарлы оқыту теориясындағы жетістікке жетелейтін жеті модульдердің бірі «Сыни тұрғыдан ойлауға» үйрету басқа модульдермен де тығыз байланысты. Оқушылар сабақта қалай оқу керектігін меңгереді, яғни метатаным пайда болады, өздері үдеріс барысында ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді, ал бұрынғы дәстүрлі оқыту процесінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту үдерісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Оқушыны өздігінен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет екенін аңғара отырып, жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдістер сұрақ-жауап, әңгімелесу, диалог жүргізу болып табылады. Мұғалім көбінесе оқушылардың ауызекі сөйлеуіне мән беруі керек. Топтық жұмыс арқылы

«оқушы мен оқушы» арасында, «оқушы мен мұғалім» арасындағы диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізіледі. Сабақтардың барысында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, соның ішінде ұтқырлық, сынаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана сезім секілді ерекшеліктерге мән бере отырып, сабақ барысында әрдайым оқушылардың белсенді болуына, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегияларды қолдана алуына мүмкіндіктер мен жағдай жасауды қамтамасыз етуді мақсат ету керек.

Арал ауданы, Қосаман ауылы мектебінің биология пәні мұғалімі Сүйіндікова Жазира Аманжанқызы СТО технологиясын 2011 жылдан бері қолданып келеді. Бұл технологияны сабақта қолдану арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауы дамиды. Технологияны қолдану барысында оқушылардың білім сапасы көтерілді. Тақырып бойынша өз беттерінше ізденіп, тереңірек меңгеруге дағдыланып, өз ойларын ашық айта алатын болды. Мұнда енжар, үндемейтін оқушы болмайды. Мұғалім сабақта «Инсерт» кестесін, сәйкестендіру кестесін, Жигсо әдісін, семантикалық кестені, т.б. қолданады.

Қызылорда қаласындағы №4 С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің жоғары санатты информатика пәнінің мұғалімі Омарова Салтанат Күнтуғанқызы СТО технологиясын өзінің іс-тәжірибесіне енгізіп, қазірде оның нәтижесін көріп жүрген тәжірибелі ұстаз. Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады: Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған

ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. СТО технологиясы туралы өзінің білген-түйген тәжірибесімен бөлісе отырып, Салтанат Күнтуғанқызы өз ұсыныстарын келтіреді: Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Осы технологияны тиімді қолданып жүрген Павлодар қаласының Қ. Бекқожин атындағы №12 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сарсекеева Қарлығаш Қайыртайқызы бұл технология оқушы бойында коммуникативтік құзыреттілікті арттыратындығын айтады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясында жеткен нәтижесі: оқушылар өз пікірін дәлелдей алады; болжам жасау арқылы елесі, қиялы дамиды; ұйымшылдыққа үйренеді; оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды деп атап көрсеткен. Сын тұрғысынан ойлау әдістерін пайдалану арқылы сабақтарының қызықты тартымды әсерлі болғанын; оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеттері дамып, өздеріне берілген сұрақтарға тынымсыз жауап іздеп, күннен-күнге талпыныстары арта түскенін байқаған.

Екібастұз қаласының №25 қазақ қыздар гимназиясының тарих пәні мұғалімі Қаржасбаев Тимур Қайроллаұлы «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп сипаттайды. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технология арқылы оқушылармен жақсы жұмыс істеуге және олимпиадаларда, ҰБТ-де жоғарғы нәтижелерге жетіп жүргенін айтады.

Павлодар қаласының №24 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Рахимжанова Рысты Нажмиденқызының іс-тәжірибесінен: СТО технологиясы оқушыларды ұжыммен жұмыс жасауға үйретеді; Оқушылардың ойлау қабілетін дамытады; Қосымша ақпаратпен белсенді жұмыс жасауға үйретеді. Оқушылар өз ойларын ашық білдіре алады; Шығармашылық, зерттеу, саралауды үйренеді; Оқушының топпен жұмыс жасай отырып белсенділік қабілеті дамиды. Сонымен қатар, осы технологияға байланысты арнайы жабдықталған кабинеттер арналса деген ұсынысын да білдірген.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданындағы Майлыбай орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Түсүтаева Динара Қадірқызының іс-тәжірибесінен. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған жұптық әңгіме – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Нәтижесінде сыни тұрғыдан ойлауды жұптық әңгіме арқылы дамытуда балалар бір-бірін зейін қойып тыңдауға (себебі мұнда олар мұғалім рөлінде болады), жауап беруге үнемі дайын болуға (себебі міндетті түрде

сұрайды) үйренеді. Оқушылар сөйлесуге, сұрақ қоюға, жауап беруге, өз пікірін дәлелдей алуға, диалог құрастыруға үйренеді. Жұптық жұмыс түрлерінің балалардың сөздік қорларын байытуға, оны әңгіме, шығарма жазғанда, мәтінді аударғанда, өлең жаттағанда маңызы зор екені түсінікті. Шет тілі пәндерде «Серпілген сауал», «Конвер-сұрақ», «Рөлдік ойындар», «Бірге ойлаймыз» т.с. әдіс-тәсілдерді қолданғаны жөн. «Тындап отырған үштік», «Құпия зат», «Мозаика» әдіс-тәсілдер осы пән бойынша тиімді екенін айтады.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданы Шарбақты орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Әмренова Махаббат Қайратқызы сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Шығармашылық жұмыстар оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың мақсаты – әр түрлі жастағы оқушыларға кез-келген мазмұны сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Бұл бағдарламаның 25-ін пайдаланады. Сабақта: негізгі ойды суреттеу; топтастыру; бес жол өлең; эссе жазу; Блум жүйесі; ЖИГСО-1; ЖИГСО-2; Инсерт; Венн диаграммасы; Кубизм; үш қарамды сұхбат; әлемді шарлау; ой қозғау; оқиға желісі стратегияларын қолданады. Нәтижесінде: оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастады.

Павлодар облысы, Май ауданы Малайсары орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Иманбаев Нұржан Берікұлы: сын тұрғысынан ойлау – ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Бұл оқыту «қарапайымнан күрделіге» деп аталатынын айтады. Сын тұрғысынан оқыту бағдарламасы стратегиялардан тұрады. Бұл бағдарламада қолдануға болатын стратегиялар өте бар. Өзі оның 25 пайдаланады. Сабақта пайдаланатын стратегиялар түрі: 1. Негізгі ойды суреттеу. 2. Топтастыру. 3. Бес жол өлең. 4. Эссе жазу. 5. Болжам кестесі. 6. Галереяға саяхат. 7. РАФТ. 8. Блум жүйесі. 9. ЖИГСО – 1. 10. ЖИГСО – 2. 11. Қазымыр оқушы. 12. Автор орындығы. 13. Инсерт. 14. Венн диаграмма. 15. Кубизм. 16. Бағытталған оқу. 17. Кідіріспен оқу. 18. Әдебиет үйірмесі. 19. Жол қалдырып жазу. 20. Қос жазба күнделік. 21. Авторға сұрақ қою. 22. Үш қарамды сұхбат. 23. Әлемді шарлау. 24. Ой қозғау. 25. Оқиға желісі. Оқушылардың таным белсендігін, ойлау қабілетін арттыру үшін қазіргі кезде кең тарай бастаған «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» негізгі мақсаты: білімге кұштар, ой-өрісі еркін дамыған ашық қоғам азаматын тәрбиелеу. Ол

үшін мына қағидаларды берік ұстанатынын айтады: оқушы мен оқытушы арасындағы тепе-теңдік жағдай; екі тұлға да үйренушілер, үйретушілер; оқушы мен оқытушы арасындағ өзара сыйластық; оқушыны өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін құрметтеу; оқушының ойлау, талдау, іздену қабілеттерін арттыру; сабақта шешуші рөл оқытушы емес, керісінше оқушы екендігі туралы пікір қалыптастыру; әрбір оқушының білім дәрежесін басқа оқушымен салыстыру емес, оқушының кешегі нәтижесін, бүгінгі және ертеңгі нәтижелерімен салыстыру арқылы даму динамикасына мониторинг құру.

Павлодар облысы, Май ауданы, Қазан орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Асанова Назым Серікханқызы «Мұғалім- мектептің жүрегі, әдістеме- оның тірегі» деп, сабақты түрлендіріп өткізу де, жаңа әдістерді қолдануда өз нәтижесіне жету үшін, мен өз кәсіптік шеберлігімді арттыру мақсатында осы оқу жылы педагогикалық оқулар, мұғалімдердің пәндер олимпиадасына, сабақ панорамасы сайысына, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, ашық сабақтар өткізген. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының жаңашылдық элементі – әрбір тұлғаның дербес дамуына бағытталған әдіс-тәсілдерді қолданады. Сын тұрғысынан ойлаудың әрбір стратегиясы оқушының шығармашыл әлеуетін ашуға бағытталған. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл технологияның тиімділігі оқушылардың алған білімдерін практикада қолдана алу дағдыларын іске асыруында. Өзі әрбір сабағында осы озық технологияларды пайдаланып, кез-келген сабағында тақырып бойынша «қандай жаңалықтар шығуда, қандай жұмыстар атқарылуда» деп бастау дәстүрге айналды. Шәкірттерінің жеке бас тұлғасының дарындылығын дамытуға аса көңіл бөледі. «Дамыта оқыту» белгілі бір идеяны қабылдай отырып, ойын қарсы қою, салыстыру, оны жүйелілікпен пайдалану, баланың ойын шындатып, кез-келген мәселені сын көзбен қарайтынын айтады. Салыстыра зерттеуге үйренуде, бірлесіп білім алуда жауапты әрекет қалыптасады. Ал мұғалім талқылау, қорытынды шешім шығару көмекші міндетін атқарады. Сонда «Дамыта оқыту» бағдарламасы негізінде қалыптасқан пікірталастың ерекшелігі екі одан көп топтың бір-бірімен ізденіске негізделген сайысқа түседі. Ахмет Байтұрсыновтың «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ, шеберліктің белгісі-түрлі әдісті болу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану қажет» деген сөздері шығармашылық балаларды айқындау мен дамытудағы ұсынылатын әдіс-тәсілдерде шек болмайтынын айқындайды. 2015 жылғы наурыз айында өткен аудандық пәндер олимпиадасында тарих пәнінен III дәрежелі орынға ие болған. «Ziat» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылған «Жас педагогтардың ашық сабақтарының панорамасы» атты III Республикалық мұғалімдер сайысында «Жас педагогтың шығармашылық бастамасы» бойынша тарих пәнінен III орын иеленген. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың логикалық қисынды ойлау қабілеттері жетілдіреді. Технологиялар бойынша оқу құралдары шығарылса; семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылса деген ұсынысын білдіреді.

Павлодар облысы, Май ауданы, Қаратерек орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Самрах Бақытхан Самрахұлы: сын тұрғысынан ойлау дегеніміз бақылау, талдау нәтижелерін сыни көзқараспен қарастырады, оқушылардың логикалық ойлау әрекеттерін дамытады, Блум таксаномиясының мақсаттар жүйесіне негізделіп, оқушылардың білімді өз бетімен шешуді қамтиды деп сипаттайды. Нәтижесінде оқушы өз білімін терең игереді, өз-өзіне есеп береді. Оқушының логикалық ойлау дағдылары қалыптасады; эссе, шығарма жазуды өз ойын дәлелді жеткізуге көмектесетін технология. СТО технологиясының негіздемесін білу, кезеңдерін білу керек; әр сабақты Блум таксаномиясының жүйесіне салу керек деген ұсынысын білдіреді.

Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Тлеубаева Әлия Алибайқызы: Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жиі қолданылып жүрген әдістердің бірі – стратегиялар. Олар: 1. Қызығушылықты ояту («Ой қозғау», «Ой шақыру», «Миға шабуыл») стратегиясы. 2. «Топтастыру» (Жинақтау әдісі). 3. «Insert» стратегиясы. 4. «Нартәуекел», 5. «Шығармашылық» стратегиясы. Тірек-сызбалар әдісі ең қолайлы және тиімді әдіс болып табылады. Олар: түсіндіру, тірек-сызбалар, символдар, оқулықпен жұмыс, өзара бақылау қағаздарын толтыру т.б. Тірек формалары әртүрлі, бірақ жалпы принцип айқын көрсетілген: ең нашар оқушы тақтада тұрып еркін жауап береді. Танымдық іс- қимыл сатылы түрде дамиды. 1. Теориялық оқу. 2. Өздік жұмыс. 3. Бірінші қайталау (Конспектін түгел игергендігі жөніндегі бақылау). 4. Тірек конспекті арқылы ауызша жауап беру. 5. Екінші қайталау (алдын-ала берілген сынақ сұрақтарына дайындалу және бақылаудың барлық түрін пайдаланып, ойын элементтері арқылы да (сайыс, ребус шешу, т.б.) қорытындылау. Сабақта осындай инновациялық технологияларды пайдалану оқыту тиімділігін арттыратынын айтады. Нәтижесінде: уақыт үнемделеді. Оқулықтағы тұтас тарауды қамтитын көлемді дүниенің басты мәселелерін бір сызбаға шоғырландыру оқушының ойын жинақтауға, кеңейтуге, жаттандылық сияқты жаман әдеттерден сақтандырады, салыстырмалыққа үйретеді, тарихи құбылыстарға талдау жасай білуге, т.б. үлкен көмек береді. Бұл әдіс тест тәсіліне көмекші құрал қызметін де атқарады. Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін (жады, ойлау, зейін, елестеу, қабылдау) дамытады. Берілген білімді сапалы, жүйелі меңгереді, белсенді сөздік қорын ауызша, жазбаша тілін дамытады. Білімнің өмірмен байланыстылығын сезінеді. Ғылыми-әдістемелік, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс жасай алады. Ең жоғары нәтижеге жеткен бала білімді, іскер, шығармашыл және дарынды субъект ретінде танылады, яғни шығармашыл тұлға қалыптасады. Жаңа технологиялар оқушының бойында қызығушылық тудырады сөзсіз. Бұл технологиялардың тиімділігі: оқушы бойында сабаққа деген қызығушылықты арттырады, оқушының өз жұмысына жауапкершілікпен, тиянақтылықпен қарауына әкеледі. Оқушылардың ортасында бәсекелестік пайда болады. Оқытудың озық технологияларын пайдалана отырып оқушыларды сабақ процесі кезінде өздігінен жұмыс істеуге жол ашады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып,

адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті. Сондықтан, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Заман талабына сай әр оқытушы өзі жүргізген пәндер бойынша жаңа технологияларды тиімді пайдаланса, онда болашақ маманның білім сапасын тереңдетіп, пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қайырбекова Алмагүл Бекболатқызы: Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру. Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті. Тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі *INSERT*. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», - - «мен үшін түсініксіз», + - «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. *INSERT* – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылатынын айтады. Осы технология бойынша өткізілген сабақтар нәтижесінде оқушылардың білімге деген қызығушылық қабілеттері артып, шығармашыл, ізденгіш, біреудің пікірін сыйлай білетін, құнды пікір айта

алатын, көпшіл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік берді.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданының Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Өмірханова Гүлнар Мәдениетқызы сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деп сипаттайды. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Мұғалім бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отыруы тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау маңызды мәселелерді талқылауды және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Ол бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде берілген ақпаратты ойлауға, талдауға, бағалауға бағытталған. Балаларды диалогпен дәйектер, талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда олардың оқуы тиімдірек және зиятты жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғы шарты оның қағидаларында, яғни, стратегияларында. Стратегия дегеніміз - философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 80-нен аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге, СТО технологиясын пайдалана отырып, сабақ құрылымын жоспарлауға шығармашылықпен қарау, т.б. мүмкіндіктерге қол жеткізе болады. «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясынан, стратегияларын сабақта қолдану барысында көрсеткен нәтиже: оқушының оқуға қызығуы артады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады. Сабақ оқушының ой-өрісін дамытып, жан-жақты, терең білім алуына, жағдай жасап қана қоймай, оқушы бірде басқаға көмектессе, бірде басқаның көмегін өзі алады. Оқу білімді өз ізденісімен, өз білімділігімен алады, іскерлік

дағдылары қалыптасады. Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Осы тәсілдерді мұғалім іздену арқылы жетілдіре түседі. Қызықты сабақ болса оқушының сол пәнге қызығуы артып қоймай, мұғалім жаналығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады. «Сын тұрғысынан ойлау» жүйесі оқытуды жаңаша ұйымдастырудың негізгі міндеттерін: қызығушылықты ояту, мазмұнды ашу, рефлексия (ой-толғаныс) жүзеге асыруды қамтамасыз етіп оқушылар оқу үрдісін басқарысып қана қоймай, көбіне дербес басқаратын болады, жеке жұмыстың көлемі азайып, ұжымдық іс-әрекет білім игеруде орта қарым-қатынасына құралына айналады, балалардың деңгейіне қарап сараланып, ерекшелігіне қарап даралануы мұғалім емес, балалардың өз еркімен жүзеге аса бастайды.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Малыбай орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Набибуллина Зульфия Минигараевна СТО сабақта тиімді қолдануда жеткен нәтижелерін көрсетеді: Сабағында сабақтың жаңа құрылымы пайда болған. Сабақтың жоспары: 1. Психологиялық дайындық. 2. Ой ашар. 3. Үй тапсырмасын тексеру. 4. Жаңа сабақ. I. Қызығушылықты ояту. А) Ой қозғау. Ә) Өзіндік жұмыс. Б) Түртіп алу - +? v (*INSERT*) II. Мағынаны тану сатысы. 1. Топпен жұмыс. 2. Бес жолды өлең. III. Ой толғаныс сатысы. 1. ВЕНН диаграммасы. 2. Бағалау. 3. Үйге тапсырма. Өз тәжірибесін зерттеп, зерделеу нәтижесінде 2012 жылы «Нәтижеге бағытталған білім» кітабында «Педагогикалық тәжірибедегі инновация» сериясында (облыстың білім беру жүйесіндегі мұғалімдердің инновациялық тәжірибесі жинағы). «Бастауыш сыныптағы тіл сабақтарында сын тұрғысынан ойлау әдістерін қолдану арқылы оқушылардың тілін дамыту» баяндамасы және сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша даярланған «Педагогика хабаршысы» газетінде мақаласы жарық көрген №13 2012 ж. «Дүниетану сабақтарында оқушылардың сыни ойлау негіздерін қалыптастыру» атты, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған көмекші әдістемелік құралын шығарған. технологияның тиімділігі: Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларға сапалы білім беріледі. Білім сапасы сынып бойынша 85 пайыз, жеткілікті жоғары деңгейде, үлгерімі 100 пайыз болған.

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Егіндібұлақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Еңсебаева Гүлмира Қалиқызы сабақ беретін сыныптары үшін сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту тиімді екенін айтады. Сыныпта оқушылар көбінесе өз ойын ашық айтуға бейім. Ал сол айтқандарын жазуға келгенде бастапқы ойын ашып жаза алмайтынын байқағаннан кейін, оқушыларды өз деңгейінде жазуға машықтандырған. Сол себептен сын тұрғысынан ойлау арқылы ойын, жазу дағдысын қалыптастыра отырып, неге солай? сенің пікіріңше қалай? деген екі түрлі түсініктеме күнделігін қолдану арқылы эссе жазу, еркін жазу, ақынға хат жазу сияқты түрлі әдіс-тәсілдер арқылы дамытқан. Сонымен қатар, жаңа тақырыпты меңгертуде ДЖИКСО ұжымдық оқыту әдісін қолданады. Бұл әдіс үлкен тақырыпты меңгергенде қолайлы. Бұл жағдайда топ басшылары өздерін мұғалім ретінде сезінді. Оқушылар рөлге, таймкиперлер

уақытты бақылап отырды. Бұл әдіс мазмұнды жетік меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді деп сипаттайды.

Павлодар қаласы №27 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Теміржанова Меруерт Әсетқызы: СТО шығармашылықты ынталандыратын психологиялық тәсіл. Топтық пікірталас тудыра отырып, өз ойларын көпшілік алдында айта алмайтын оқушылар ашылып, басқалармен бірігіп сөйлей бастайды. Досымен ой алмасқан оқушы, барлық топпен жеңіл қатынасқа түседі. Жеті модульге сүйене отырып, репродуктивті оқытудан конструктивті оқытуға көше отырып, жұмыс жүргізу, білім сапасы жоғары деңгейде болуына септігін тигізеді. Мұғалім осы технологияны қолдануда сабақтың уақытын көбейтсе, *Lesson Study* туралы көп ақпарат берілсе деген ұсыныс айтады.

Павлодар қаласы Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абаева Алмагүл Тұрлыханқызы жұптық жұмыстар орындау кезінде оқушыларға «Инсерт», «Жұптық диалог» т.б. стратегияларын қолдану тақырыпты терең талқылауға мүмкіндік беретінін; осы технологияны қолдануға арналған қазақ тіліндегі аудио-, видео әзірлемелер кешені жасалса, жүйеленсе деген ұсыныс айтады.

Павлодар қаласы Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қасыбаева Майра Бағдатқызы сабақтарында әртүрлі Блум өлшемдеріне негізделген сұрақтар, оқушылардың біріге отырып, білім алуларына ықпал ететін әр түрлі тапсырмалар арқылы диалогтік оқыту әдістерін енгізгенін айтады. Мысалы, қазақ әдебиеті пәнінен 5-сыныпта өткізілген І. Жансүгіровтің «Күй» поэмасы бойынша балалар күйдің адам денсаулығына қандай пайдасы бар? Неліктен күй нарды идірді? деген бір жуан, бір жіңішке сұрақтар қоя отырып, оқушылар бір - бірімен жарыса отырып, жауап беріп, қызу талқыға түсті. Сабақ барысында оқушылардың білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Диалог арқылы оқыту оқушыларға логикалық тұрғыдан ойлауға, қоршаған әлемнің ғажайып бейнесін жасай алуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді және оқушылар жеңілден күрделіге бағытталған сұрақ қоя отырып, оның дұрыс жауап беруіне мүмкіндік алады оның өзіне деген сенімі артып, алған білімін қолданып, талдай алатындығын байқағанын айтады.

Павлодар қаласы Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының қазақ тілі мұғалімі Ахметова Гүлзина Қабдрахманқызы бағдарламаның «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулін басшылыққа ала отырып, «Блум таксономиясы бойынша сабақ жоспарлаудың мұғалім құзырлығын арттырудағы рөлі», «Критерийлер арқылы бағалау – сапалы білім өлшемі», «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау», «Өзін-өзі бағалау – оқушы динамикасының кілті», «Оқу үдерісіндегі өзін-өзі бағалаудың орны» атты тақырыптарда коучинг сабақтар өткізгенін айтады. Сын тұрғысынан ойлауға арналған тапсырмалар оқушыларды топпен бірігіп жұмыс жасауға үйретеді. Мәтінді өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сонымен

қатар сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды деп атап көрсеткен.

Павлодар қаласындағы № 22 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абылғазина Құралай осы технологияны қолданғаннан бері оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артқанын, олимпиада, ғылыми жоба жеңімпаздары бар екендігін айтады. Оқушылар өз ойларын еркін айта алады. Түрлі оқуларға қатысады. Тәжірибемен бөлісуде көрсеткен ашық сабақтарының баспа бетінде жарияланғанын, республикадан шыққан «Инновациялық сабақтар» жинағына сабағы енгенін айтады. Сын тұрғысынан ойлау баланы еркін сөйлеуге, топта, жұпта өз ойын айта алуға, мол материалдан қажеттісін сұрыптап алуға үйретеді. Көптеген стратегияның әрбір сабаққа қажеттісін алып, тиімді қолдана білу қажет деген ұсынысын білдіреді.

Павлодар қаласындағы №22 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Құнирова Райхан Сәдуақасқызының іс-тәжірибесінен. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мұғалім: 1. Оқушы өмірге деген өз ойын білдіретін жазу стилін тапқызу. 2. Жаңа білім бойынша өз жобалары, модельдері, болжамдарын тыңдап, талқылауды өздеріне ұсыну, бір-бірін тыңдату. 3. Өзіндік қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенін саралату. 4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттыру. 5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптастыру/. 6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыландыру. 7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгелердің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйрету қажет екенін айтады.

Май ауданы Қаратерек орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі Сембаева Сайран Қанатайқызы СТО арқылы оқушы өз білімін терең игереді, өз-өзіне есеп береді. Оқушының логикалық ойлау дағдылары қалыптасады; эссе, шығарма жазуды өз ойын дәлелді жеткізуге көмектесетін технология деп сипаттайды. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Алина Мөлдір Маратқызы сын тұрғысынан ойлау – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауы. Оқушылардың іскерлігін, мүмкіндігін ескеріп, бағыт-бағдар беру, ой-өрісін дамытатындай логикалық ой тастау әрбір ұстаздың міндеті деп атап көрсеткен. Мұғалім «Эссе жазу, бес жол өлең», «әңгімелесу», «топтастыру» т.б. стратегияларды қолданатынын және оқулықта берілген ұлы ғалымдардың нақыл сөздеріне талдау жасау арқылы сабақты қорытындылайтынын; нәтижесінде оқушының ойлау қабілетін арттыруға, өз ойын ашық айтуға ықпал жасайтынын мәлімдейді. Аталған стратегияларды пайдалана отырып, мұғалім көптеген жетістіктерге жеткенін;

оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір-бірімен пікір таластыру, ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптасқанын; өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастағанын; шығарма, мазмұндама жұмыстарында оқушылар ой-толғанысын жасап өз ойын жазбаша білдіретіндігін; кейде мәтіндегі ойға байланысты мақал да кірістіріп жазатынын айтады.

Сейтенова Анар Ғазизқызы Павлодар облысы, Май ауданы, Қаратерек ауылындағы Қаратерек орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясын қолдайды. Заман талабына сай қажетті жанартылған өзгерістер мен ізденістер қарастырып отырады. Білім берудің мақсаты, мазмұны өзгерді. Соған сәйкес оқытудың жаңа технологиясы енгізілуде. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өздігінен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сыни тұрғыдан ойлау - сынау емес, шындалған ойлау. Оқушылар бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайында өздерінің даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Сабақ барысында бұл технологиямен жұмыс жасау кезінде оның баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өздігінен білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтуге болады. Сондай-ақ бұл технологияны қолдануға дейінгі және қолданудан кейінгі кезеңін (аралығын) салыстырсақ, оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығының, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының негізгі философиясы - ашық қоғамда өмір сүретін шығармашыл тұлға қалыптастыру. Технологияның стратегияларын әр сабақтың мақсат-міндетіне сәйкес тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Сонда ғана оқушының оқуы мен жазуына, тілдік әрекетіне өзгеріс енгізуге болады. Өз ойын айтуға еркіндік берілгенін бала сезінгенде ғана ашылады.

Павлодар қаласының Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының жоғары санатты, тәжірибелі ұстаз Кенжебаева Даметкен Камариденқызының сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудағы педагогикалық іс-тәжірибесінен. СТО технологиясын информатика сабақтарында қолданудың нәтижелілігі: оқушылар практикалық іс-әрекетте болды; белсенділігі артты; білім және іскерлік дағды қалыптасты; басқаларды тыңдай біледі; өз ойын тұжырымдай біледі және ашық айтуға үйренді; қарым-қатынас жасауға үйренді; топ ішінде өзара пікірталастар мен талқылауларға қатысады; өз достарына және мұғалімге

сұрақ қоя алады; белсенділіктерімен жауапкершіліктері жоғарылады, шығармашылықты ойлауға үйренді; өз пікірін ұстанады; көшбасшылық қасиеттері дамыды, достарына көмек көрсетеді; сыныптастарының жұмысын және өз жұмыстарын бағалайды; өзін-өзі бағалайды; өз-өзіне сенімділіктері артты. Оқушылар әр қырынан көрініп шығармашылық жұмыстарды орындап ғылыми жоба жазуға ұсыныстар білдірді, КИО олимпиадасына 10-сыныптың 3 оқушысы қатысып, «Үздік нәтиже» алса, 8-сыныптан 1 оқушы облыстық олимпиадада III орынға ие болды. Жалпы информатика пәні бойынша білім сапасы 69%-дан 100%-ға көтерілді. Қорыта келгенде, Даметкен Камариденқызының сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушыларды өзін-өзі реттеуге, олардың ішкі потенциалының «ашылуына» көмегі өте зор екендігіне көзі жетіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, оқушылары «игі қабылдайтын оқушылар» санатынан «ықпал ететін» оқушылар санатына көтерілгенін айқын көрсетіп тұр. «Тауларды орнынан қозғалтатын адам алдымен кіші тастарынан бастайды» деп ұлы ғұлама Конфуций айтқандай, ұлы өзгерістерге деген өзінің кішкене үлесі өз нәтижесін көрсете алды деп есептейді. Алдағы уақытта мектептің дамуына ықпал ететін, оқушылардың білім сапасын арттыратын, көшбасшылық дағдылардың тиімді жолдарын жоспарлап, оның орындалуына септігін тигізетін жолдарын іздеп, мектебінің жаңа белестерге жетуіне көшбасшы мұғалім ретінде өзінің сүбелі үлесін қосқысы келеді.

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласының №37 гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ағыбаева Ғалия Мұбаракқызы сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын технология деп сипаттайды. 2008 жылдан бастап қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы өз іс-тәжірибесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын басшылыққа алып, стратегияларын сабақтарында тиімді қолданатынын айтады. Жинақталған іс-тәжірибенің нәтижесінде әдебиет пәнінен 6-сыныпқа арналған жұмыс дәптерін құрастырғанын, онда әдебиет сабағында оқушылардың жекелей, жұппен, топпен жасайтын жұмыс түрлерін ұсынғанын айтады. Мысалы, «екі жақты түсініктеме күнделігі», «семантикалық карта», «көрнекілік», «РАФТ», «эссе», «әдебиет үйірмесі» т.б. стратегиялар. Бұл жинақ оқушыларды өз бетімен жұмыс жасау, ойланту, өз пікірін, көзқарасын қорғауға үйрету арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған шығармашылық жұмыстарымен құнды деп айтады. Дәптермен жұмыс істеу барысында оқушылар ойын жүйелі жеткізуге, талдауға, дәлелдеуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға, бағалауға үйренетін байқаған. Бұл технология қазіргі уақытта ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламасында жеті модульдің бірі ретінде оқытылады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, белгілі бір нәтижеге жету үшін сабақтың әр кезеңінде стратегияларды тиімді қолдана білу қажет деген ұсынысын білдіреді.

Көшерханова Ләззат Нұрмағанбетқызы Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласы, №1 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі. «Сыни

тұрғыдан ойлау» технологиясында топпен жұмыс істеуді ұсынады. Мұғалім оқушыларды математика сабағында сыни ойлауға, топпен жұмыс істей отырып өздігінен білім алуға, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді. Мұғалім – оқушыларға бағыт бағдар беруші болса, ал оқушылар өз ойларын еркін жеткізе білуге, кез келген жағдаятқа сыни көзқараспен қарап, берілген жағдаятқа байланысты өз пікірлерімен бөлісе отырып, топпен ортақ шешім таба біледі. Пікірлесу арқылы өздерінің пікірлерін топ алдында қорғай алуға дәлелдер таба біледі. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушы мұғалім берген дайын білімді ғана алумен шектелмей, білімді өзі алуға талпынады. Әсіресе топпен жұмыс кезінде оқушы басқа пікірлерді де талдай алу қабілеті, яғни кез келген жағдайға өзінің көзқарасымен пікірін білдіріп, ашық сөйлеуге, дәлелдеу арқылы ізденіс жасау арқылы зерттеу жасауды үйренеді.

Астана қаласындағы №50 Райымбек батыр атындағы Қазғарыш мектеп-лицейінің шет тілі пәні мұғалімі Тапиева Тәттігүл Ұбайдоллақызы шет тілі сабағында баланың тілін дамыту жұмыстарына көп көңіл бөледі. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолдану нәтижесінде оқушылардың ағылшын тілі сабағында сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Оқушыларға тапсырмалар беру арқылы әр түрлі жұмыстар атқарылады. Өз бетімен, жұппен, топпен жұмыс жүргізіледі. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылығы дамиды. Бір ғана сабақта бірнеше тапсырма орындайды. Оқулықтағы тапсырмалар, жаттығулар, тыңдап түсіну, мәтінді оқып, кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп, қорытып, өз ойын ортаға еркін жеткізе алады. Сонымен қатар, оқушыларды ұжым болып, жұмыс жасауға үйретеді. Ақпаратты өз бетінше меңгеруге жағдай жасайды. Сөз астарын, күдіретін түсінуге бағыттайды. Сондай-ақ, әдістің тиімділігі – сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды, оқыған мәтінді түсіну, оны түсінікті етіп айтып беру, оған қатысты ойын, пікірін білдіру арқылы оқушының тілі дамиды. Бірін-бірі әділ бағалайды. Осылайша ұйымдастырылған оқу сабақтары арқылы сауатты оқушы қалыптастыру мүмкіндігі туады. Ағылшын тілі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану тиімділігінің арқасында мұғалім оқушының нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі. Соның нәтижесінде оқушыларда намыс оянады, басқалардан қалып қалмауға тырысады. Бұл технология біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға көмектеседі. Ол оқушының ынтасын, қабілетін, белсенділігін көтереді, әр оқушының жоғары деңгейде білім алуына мүмкіндік береді. Шет тілі сабағында оқушылардың мәдени, рухани дамуына үлкен мүмкіндік тудырады. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, балалардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастыруда дәстүрлі оқыту мен дамыта оқытудың айырмашылығын салыстыру кестесі арқылы көрсетуге болады. Бұл жүйемен жұмыс жасағанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, сабақты соған сай өзгертіп отыру керек.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиясы (АКТ)

Жалпы ақпараттық-коммуникативтік технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

Бұл технологияны пайдаланудың негізгі мақсаты:

1. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу:

- сабақты қызықты етіп өтікізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;

- білім сапасының көтерілуіне жағдай жасау;

- оқыту процесінің сапасын арттыру;

- пәнаралық байланысты тереңдету;

- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

2. Оқушыны заман талабына сай жан-жақты дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге икемдеу, даярлау.

- коммуникативтік қабілеттерін дамыту;

- өздігінен ізденуге, шешім қабылдай білуге бағыттау;

- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану, киноларды, видеороликтерді көрсету, сабаққа байланысты музыкаларды тыңдату арқылы эстетикалық тәрбие беру;

- пәнаралық байланыс орнату;

- ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты өңдей білуге үйрету.

АКТ-ны пайдалануда сабақтың мынадай ерекшеліктері бар:

1. Мұғалім оқушыға сұрақ қойып, тез арада оқушы оған жауап береді;

2. Мұғалім тапсырманың дұрыстығын тексереді;

3. Оқушының компьютермен жұмыс барысында пайда болған қиындықтарды уақытында шешуге болады;

4. Кейбір амалдарды оқушы өз бетінше орындайды, компьютерді жұмыс істеуге үйренеді;

5. Сыныптағы оқушылардың барлығынан жауап алуға болады және алған білімдерін практикамен ұштастырады;

6. Білімі төмен оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді [5].

Ақмола облысы

Осы технологияны сабағында қолданатын Степногорск қаласының №9 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Алиасқарова Жанар

Абдикаппарқызы: қазіргі заманғы білім беру технологияларының бірі – ақпараттық-коммуникативтік технологиясын пайлану арқылы сабақ өткізу. Ол оқушының пәнге қызығушылығын арттырып, интеллектуалдық, шығармашылық белсенділігін, дарындылығын дамыту факторларының бірі, сондай-ақ ұстаз үшін шеберлік пен сауаттылығын арттыра отырып, даму бағытына сәйкес іздемпаздылыққа үйрету құралы. Ақпараттық оқытудың тиімділігін келесі бағыттарға бөлуге болады: - білім, білік дағдыны игеру үшін қажетті қор ретінде оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды, - ақпараттық технология оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдысын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу деп атап көрсетеді. Жанар Абдикаппарқызы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өткізген бір сабағын үлгі ретінде ұсынады.

Математика. 3-сынып.

Сабақтың тақырыбы: 5-ке көбейту және бөлу.

Сабақтың мақсаты:

1) Білімділік: санды 5-ке көбейту және бөлудің тиімді әдістерін қолдану арқылы сабақты меңгерту.

2) Дамытушылық: оқушылардың ойлау танымдық қабілеттерін, белсенділігін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3) Тәрбиелік: шапшаңдыққа, ұқыптылыққа, ынтымаққа, достыққа баулып тәрбиелеу. Халқымыздың салт-дәстүрін құрметтей білуге баулу.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс.

Сабақтың түрі: шығармашылық сабақ.

Пәнаралық байланыс: ана тілі, музыка.

Сабақтың көрнекілігі: жұмбақ есептер, слайдтар, асықтар, жетондар.

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық дайындық.

Әрбір адам - туысым, досым, жұрағат.

Әрбір сабақ - үйрену, ұғу, ұлағат.

Әрбір сөзің - шындық, бірлік, адамдық.

Әрбір ісің - тілек, тірлік, адалдық.

Сабақтың мақсатын хабарлау. Санды 5-ке көбейту және бөлу амалдарына есептер шығару. Ендігі кезекті оқушыларға береміз, әр топ өзін таныстырып шықсын.

I топ. «Адал достар» тобы.

Ертеректе Әйтімбет деген шешен достықтың 2 түрін атады. Бірі-адал достық, екіншісі – амал достық.

Адал достық өмірлік нұсқа, амал достықтың өмірі қысқа болады деді.

Біздер осы адал достықты таңдай отырып, өз тобымызды «Адал достар» деп атаймыз.

II топ. «Инабатты достар» тобы.

Біз балдырған баламыз,
Досты көп табамыз
Қашан да, қайда да,
Достар бір-біріне
Сенімді боламыз.
Біз «Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды» - деген мақалды үлгі етеміз.

III - топ: «Қамқор достар» тобы.

Балдырған балалар
Достықты бағалар
Есіңе сақтағын:
Адал бол, қамқор бол

Өтірік айпағын
Сөзіңнен қайтпағын
Әрқашан тілектес,
Досыңа көмектес.

Біз «Аққуды атпайды,
Достықты сатпайды» - деген мақалын ұран етеміз.

IV топ: «Мейірімді достар» тобы.

Екі деген екі дос
Бірін-бірі қимайтын
Артық кемді етпей сөз,
Бірін-бірі сыйлайтын.

Біздің ұранымыз:
Жүз сом ақшаң болғанша,
Жүз досың болсын.

Әр топ өзінің тобымен таныстырып шығады.

Үй жұмысын тексеру. Үй жұмысын тексеруде «Асық таңдау» ойыны ойналады. Дорбадағы асықтар сандармен белгіленген, осы асықтарды ала отырып үй жұмысын дәптерден оқып шығады.

$6*5=$	$7*5=$	$8*5=$	$9*5=$
$30:5=$	$35:5=$	$40:5=$	$45:5=$
$30:6=$	$35:7=$	$40:8=$	$45:9=$
$5*6=$	$5*7=$	$5*8=$	$5*9=$

Математикалық жұмбақтар.

Әр топқа математикалық жұмбақтар жасырылады, осы жұмбақтардың шешуі бүгінгі сабақтың тақырыбына байланысты.

I топ

Бір топ бала тоғаннан,
15 балық ұстадың
Бөліскенде оларды,
Тиді әркімге үш балық. (5)

II топ

Жаңа ғана шалғында,
Алты бұзау жүр еді.
Әлде шаршап қалды ма,
Жатып қапты біреуі
Нешеуі енді жайылып,
Жүргенін айт, айырып. (5)

III топ

Мұз айдында 7 бала
Асыр сап жүр сырғанап
Сырғанамай 2 бала
Жағалауда тұр қарап,
Енді осы бар баланың
Санын айтсаң,жарады (5)

IV топ

Талдан ұшты топ торғай
Емес бірақ көп торғай
Алдында оның бастаушы
Артында төртеу -қостаушы
Ойың жүйрік болса егер,
Торғай нешеу,есепкер? (5)

Берілген математикалық жұмбақтың шешуі неше болды?

- 5.

- Бес саны туралы не айта аласыңдар?

- «5» жақсы баға, әр қолымызда 5 саусақ бар т.б.

Оқулықпен жұмыс.

Дәптерімізді ашамыз,

Қолға қалам аламыз

Салақтықтан қашайық,

Әдемі етіп жазайық - дей отырып бүгінгі күнді, ай аттарын дәптерге жазамыз.

№1 есеп. «Бірлік болмай, тірлік болмас» дей отырып оқулықтағы есепті біргелікте отырып орындаймыз. (Слайдта есептің берілуі тақтада тұрады, соған қарап оқушылар шартын құрып шығарады).

Жаңа жылдық шыршаны безендіру үшін әрқасысына 10 ойыншық салынған 5 қорап және тағы да 25 ойыншық сатып алынды. Шыршаны безендіруге барлығы неше ойыншық сатып алынды?

№ 2 есеп. Топпен жұмыс. Берілген есепті әр топтан бір оқушы ауызша орындайды.

Бағасы	Саны	Құны
5 теңге	7	?
5 теңге	?	35 теңге
?	7	35 теңге
5 теңге	10	?

Сергіту сәті

Орманның біз емшісіміз,

Тоқ - тоқ - тоқ!

Құрт біткенді жоқ етеміз,

Жоқ - жоқ - жоқ !

Тоқ - тоқ - тоқ !

Жоқ - жоқ – жоқ !

№ 3 есеп. Ноутбукпен жұмыс. Әр топ оқушылары өз ноутбуктарында берілген есептерді орындайды.

I топ.

$5*7$

$5*6$

$5*2$

$5*5$

II топ.

$35:7$

$30:7$

$10:2$

$25:5$

III топ.

$35:5$

$30:6$

$45:5$

$15:3$

IV топ.

$7*5$

$6*5$

$9*5$

$3*5$

№ 4 есеп. Жостикпен жұмыс істеу. *(Интерактивті тақтада орындайды)*
Есеп тест түрінде беріледі, әр оқушы өз бетінше есепті орындайды.

$5 \text{ см} * 5 = ?$

A) 35 см

B) 45 см

C) 12 см

D) 25 см

$6 \text{ см} * 5 = ?$

A) 22 см

B) 35 см

C) 30 см

D) 245 см

$250 \text{ см} : 5 = ?$

A) 30 см

B) 50 см

C) 40 см

D) 15 см

$300 \text{ см} : 5 = ?$

A) 60 см

B) 10 см

C) 20 см

D) 40 см

$8 \text{ см} * 5 = ?$

A) 25 см

B) 45 см

C) 40 см


D) 50 см

Поэзия минуты. Компьютерде Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мәнерлеп оқылады. Оқушылар осы өлеңнен бүгінгі сабаққа байланысты бес асыл істі, бес дұшпанды табады.

Ноудбукпен жұмыс. *(Ғаламтор сайттарымен жұмыс)*. Әр топ оқушылары ғаламтордан Абай Құнанбаев туралы толық мәліметтер жинап, басқа өлеңдері тауып, оқып береді.

Шығармашылық тапсырма. *(Бейне таспада берілген тапсырманы оқушылар өз топтарымен орындайды)*.

Тоғыз шырпыдан 5 үшбұрыш құрастыру керек.



№ 7 есеп. «Дос таңдау» ойыны. Әр топтан бір оқушы басқа топтан өзіне дос таңдайды да, оған теңдеу есебін береді. Ол оқушы осы есепті интерактивті тақтаға орындайды.


I топ. $45:a=5$

II топ. $x*5=25$

III топ. $40:a=5$

IV топ. $4:x=16$

Сабақты қорытындылауда «Бәйге» ойыны ойнатылады. Бұл ойында әр топтан екі оқушы екі сұраққа жауап береді. Сұрақтың екеуі бейне клипте, екеуі ауызша болады.



- 1) Сол жақтағы 10 - 30: 5;
- 2) Ортадағы 30 - (бейне клип) 2 литрлік шырыннан 5-еуі неше литр?
- 3) Ортадағы 50 - 500:100;
- 4) Оң жақтағы 20 - (бейне клип). Менің қолымда 4 дәптер, осындай дәптерден 5 рет алатын болсам неше дәптер болады?
- 5) Сол жақтағы 40 - 5:5+5;
- 6) Ортадағы 20 - (бейне клип). Асанда 45 асық бар, егер 9 бала тең бөліп беретін болсақ әр бала неше асық алады?
- 7) Ортадағы 10 - 2*5+10;
- 8) Оң жақтағы 30 - (бейне клип) Біздің сыныпта 3 қатарда 5 партадан бар, сыныпта барлығы неше парта бар?

Оқушыларды бағалау, сабаққа белсене қатысқан топты мадақтау.

Үйге № 5 есепті шығару.

Сабақты мынадай өлең жолдарымен аяқтау.

Есептеуге жүйрік болсаң жасыңнан,

Математикаға орын берсең басыңнан.

Барлық ғылым саған үйір болады.

Досың солар табылатын қасыңнан.

Степногрск қаласы Ақсу ауылының №1 орта мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Ходжамұратова Жадыра Есенбекқызы. АКТ технологиясын қолдану қазіргі заманда сабақ өтуде өте тиімді болып саналады. АКТ-ны қолдана отырып, мәселен видео, аудио құралдарын арқылы сабақ өтілсе, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады деп айтады. АКТ технологиясын қолдана отырып, оқушыларға сындарлы білім беру нәтижесінде олар алған білімдерін өмірде қолдана алады. Оқушылар ғаламтор желісінен керекті мағлұматтар жинап, сабақта белсенді бола бастады. Сабақта барлық оқушылар өздерін жан-жақты көрсете бастады. Оқушылар онлайн тапсырмалар орындап, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар алып жатқанын айтады. Әрбір сабақты осы технология құралдары арқылы өтілсе, сабақ өте сәтті де пайдалы болмақ. Мысалы, онлайн тапсырмалар, аудио-, видеоматериалдар, power point бағдарламасы арқылы таныстырылымдар жасау оқушылардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытады.

Егіндікөл ауданы №1 Егіндікөл орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Абишева Бақытгүл Карбозовна Ақпаратты коммуникативтік технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтармен интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге және компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол деп сипаттайды. Нәтижесінде әр тапсырманы АКТ-ны тиімді пайдалана отырып, оқушыларға қалам ұстата келе интербелсенді тақтада жазғызуды жөн деп санап, солай өткізуге тырысқан. Бұл жерде

байқағаны оқушылар жай тақтадан гөрі интербелсенді тақтада флипчартпен жұмыс жүргізгенді жақсы көреді. Қатты қызығады. Дарынды оқушыны тақтаға тартып, өзге тапсырма беріп, тың ақпараттар жинату арқылы үлгерімі төмен оқушыларға да ой тастап, сол бағытқа бұрылуына септігін тигізді деп ойлайтынын. Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі: пән бойынша базалық білімді меңгереді, алған білімдері жүйеленеді, өзін-өзі бақылау дағдылары қалыптасады, оқуға деген ынтасы артатынын айтады. БҰҰ-ның шешімімен «XXI ғасыр - ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы деп атап көрсеткен.

Степногорск қаласының Заводской орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Каримов Қайрат Қайыргелдіұлы сабақ барысында интерактивті тақтаны, бейне жазбаларды, деректі фильмдерді қолдану, абақты тындап қана қоймай, елестету, салыстыру мүмкіндіктері нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген белсенділігі, қызығушылығы артады. Оқушылар сабаққа белсене қатысы отырып уақытын үнемдеуге дағдыланады. Сабақты себепсіз босатпауға тырысады. Галамтор беттерінен сабаққа қатысты қажетті материалдарды табуға үйренеді. Мұғалім сабаққа алдын-ала өзі дайын болуы керек; слайд беттері сабақтың тақырыбына сай жасалуды; оқушыларға берілген тапсырмалар жас ерекшелігін ескере отырып жасауды ұсынады.

Жарқайың ауданы Тассуат негізгі мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жұмабаева Сайрангүл Серікқызы Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін:

1. Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
2. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
3. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
4. Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.
5. Кейбір оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
6. Сын тұрғысынан ойлауды бағалау.

Ал, оқушыларға байланысты: - сенімділікпен жұмыс жасау; - бар ынтасымен оқуға берілу; - пікірлерді таңдау, құрметтеу; - өз пікірін ашық білдіруді талап ету қажет деген ұсынысын білдірген.

Бурабай ауданы Зеленый бор мектеп-гимназиясының мұғалімі Тұрғанбаева Мақпал Бердібекқызы химия пәні сабақтарында ақпараттық технологияны қолданады. Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын оқып-үйрену мектепте химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер болып табылады. Заттар

әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы зор. АКТ технологиясының ерекшеліктері: жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті, танымдық белсенділігі, өзіне деген сенімі артады, қосымша материалдарды артығымен пайдаланады; құжаттармен жұмыс істегенде уақытын үнемдейді; ақпараттық жаңа бағдарламаларды, жаңа ақпараттық технологияларды үйренуге мүмкіндік алады; оқу процесіне қатысушылардың: әкімшілік – мұғалімдер, оқушы – ата-ана арасындағы тығыз байланысқа мүмкіндік туады. Мұғалім сабақтарда жаңа технология әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай тиімді жақтары бар екеніне көз жеткізді: оқушылардың оқуға деген ынтасы арта түсті; әр оқушының жеке қабілеті айқындалды; үлгерімі нашар оқушыға көңіл бөліп, оларға көмектесу мүмкіндігі туды; жақсы оқитын оқушының тереңірек білім алуына жағдай туды; әр оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланды; оқушының өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік берді. Мұғалімнің АКТ технологиясын оқу процесінде қолданғысы келетін ұстаздарға айтар кеңесі мен ұсынысы: оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындауға болады. Осы технологияны қолдану барысында оқушылардың деңгейлеріне аса көңіл бөлу қажет. Осыған байланысты, Мақпал Бердібекқызы күнделікті сабаққа мультимедиа (видео-, аудио қондырғылары мен теледидар, электрондық оқулықтар), зертханалық тәжірибелер, компьютер жүйесі (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта), анықтамалық мәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректер қоры), интернет және т.б. көрнекі материалдарды көптеп пайдалану жақсы нәтиже бермек деп өз ұсынысын айтады.

Бурабай ауданы Оқжетпес орта мектебінің мұғалімі Әбдіқалықова Гүлдана Нұрғалиқызының пікірінше, ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйретіп, бағыт-бағдар беруші – мұғалім. Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Гүлдана Нұрғалиқызы өз іс-тәжірибесінде оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б.), ақпараттық технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шараларды қолданады.

Ұсынысы: Оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімдеу қажет. Оқушының ақпараттың қажет кезін сезінуіне, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілеттілігін арттыру үшін ақпарат сақталатын дәстүрлі, автоматтандырылған заманауи құралдарын тиімді пайдаланудың барлық жағдайларын жасау қажет.

Қазалы ауданы №266 мектеп-лицейдің шет тілі пәнінің мұғалімі Жалғасова Ботакөз Алматқызы сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту, диалогтық оқыту, дарынды және талантты оқушылармен жұмыс, оқу үшін және оқыту үшін бағалау, сабақ үрдісінде АКТ қолдану, оқушыларды көшбасшылыққа баулудың маңыздылығын айтады. Осы жеті модульді қолдану барысында оқушылардың білім дәрежесінің жоғарылағаны, олардың ойлау қабілеттері дамығаны, өзара бірлесе отырып жұмыс жасау нәтижесінде сөйлеу дағдыларының дамығаны байқалады. Осы сындарлы оқыту технологиялары кеңінен оқытылып, таратыла берсе деген ұсынысын білдіреді.

Жақсы ауданы Киров ауылы, Киров мектеп-бақшасының математика пәнінің мұғалімі Қуанышбекова Ардақ Іргебайқызы «Ақпараттық-коммуникациялық технология» өте тиімді деп есептейді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқыту барысында ғылыми жетістіктерді пайдалану, оқытуды жетілдіру мақсатында жаңа сандық технологияларды қолдану бойынша көмек көрсетуге арналады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта пайдалану: сабақты көрнекіліктермен қамтамасыз етеді; дидактикалық материалдар көп болады; білім алу жоғары талғамға сай, биік эстетикалық тұрғыда болады, себебі сабақтарда ақпарат тек мәтін түрінде емес, музыка, анимация, бейнематериалдар түрінде де беріледі; оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстары ауқымды; жеке тұлғаға бағытталған білім беру болып табылады. Компьютерді жаңа білімді беруде, қайталауда, бекіту, қорытындылау, бақылау кезінде де пайдаланған орынды. Мұндағы көздеген мақсат – оқушылардың білім алуына және дұрыс жұмыс жасауына жағдай жасау. Әрбір сабақта мүмкіндігінше түрлі презентациялар әзірлеп, қосымша электрондық оқулықтар пайдаланған дұрыс. Ал презентация жасай алмайтын мұғалімдерге немесе мүлдем уақыты тығыз кезде, интернет көздерінен тақырыпқа сай дайын презентацияларды көшіріп алуға, қазіргі ақпарат заманында кез-келген тақырыпқа мәлімет тауып алуыңызға болады.

Ақкөл ауданы Айтпай Кұсайынов атындағы орта мектептің физика пәні мұғалімі Базылова Бибігүл Сарсембекқызы. Ол АКТ-ны 2012 жылдан бастап қолданып келеді. Сабақ үстінде қажетті ақпаратты интернеттен іздестіреді; қабықша-бағдарламаларды қолданып, тестілер құрастырады (*VIP*-тест); сабақ үстінде *Web*-сайттар материалдарын қолданады. (виртуалды зертханаларда жұмыс жасау); интербелсенді тақтамен жұмыс істейді. Бұл технология арқылы оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін, қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, өздігінен жаңа білім алу, әртүрлі ақпарат көздерімен

жұмыс істеу, өздігінен шешім қабылдау дағдылары және өз өзіне деген сенімділігі пайда болды. Базылова Бибігүл Сарсембекқызы АКТ-ны қолдану кезінде сергіту жаттығуларын жасап отырады.

Ақтөбе облысы

Ақтөбе қаласының №34 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сағынтаева Калия Сағынтайқызы. Компьютермен оқыту технологиясы – оқушыны субъект дәрежесіне көтеретін жеке тұлға ретінде дамытуға игі ықпал ететін, оқушының өз бетімен білім іздеуіне мол мүмкіншіліктер табатын білім беру әрекеті. Компьютермен оқыту технологиясында оқушының жеке басына көп байланысты болатын ерекше психофизиологиялық процесс өтеді. Компьютердің жүздеген мүмкіншіліктерін қажетті тетіктер арқылы басып үйренген оқушы, бір жағынан, қазақ тілінен белгілі бір білім мазмұнын игеріп жататын болса, екінші жағынан, жасанды интеллектімен «тіл табысып» жататыны анық. Компьютермен оқыту технологиясында оқушының өз бетімен жұмыс жасау дағдылары жетіледі деп атап көрсеткен. Бұл технологияны қолдану нәтижесі оқушының өз бетімен білім іздей алатын болуы көзделетін негізгі нысан ретінде қойылады. Компьютермен оқыту барысында білім алудың жасанды сипатын барынша табиғиландыруға жағдай жасалынады. Сол табиғилықтың өзі компьютермен оқытудың гуманистік сипатын көрсетеді. Компьютермен оқыту технологиясында үлкен үш кезең анықталады. Ол кезеңдер іштей кіші кезеңдерге бөлінеді: дайындық кезеңі; компьютерде өз бетімен білім алу кезеңі; білімін бақылау мен түзету кезеңі. Компьютермен оқыту технологиясындағы мұғалімнің оқыту қызметі: талдау-болжау қызметі; жобалау қызметі; коммуникативтік қызметі; дидактикалық қызметі; бақылау-түзету қызметі; психологиялық демеу болу қызметі; ұйымдастырушылық қызметі. Өскелен ұрпақты ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейге биік азамат етіп тәрбиелеуде компьютерлік оқыту технологиясының атқаратын рөлі зор. Ұтымды қолданылған әдіс-тәсілдер арқылы оқушының талабын өсіріп, білім алуға ұмтылдырып, келешегіне жол ашады. Қазіргі таңда барлық орта мектептер жаңа инновациялық оқыту технологиясы бойынша жұмыс істейді. «Инновация» термині латын тілінен алынған, ол «жаңару, өзгеру» мәнін береді. Бұл түсінік ХХІ ғасырдағы зерттеулерде пайда болып, белгілі бір мәдениеттің кейбір элементтердің бірінен екіншісіне енгізу дегенді білдіреді.

Ақпараттық қоғам жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының қарқындап, оны қолданудың іргелі ұғымдарын өскелең ұрпаққа қалыптастыруды талап етеді. Бұл талап білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағытына айналып отыр. Бастауыш сыныптарда пәндерді оқыту сапасын арттыруға ақпараттық-коммуникациялық құралдарының мүмкіндіктерін қолдану қажет деп ойлайтын Ақтөбе қаласы №45 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қалдыбаева Мереке Сыдыққызы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқу үрдісінде пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмысы; аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; білім, білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; шығармашылық

есептер шығару; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы деп атап көрсеткен. Ақпараттық технологиялар оқушылардың тұлғалық сапаларын дамытуға, сақтауға және ашуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақтөбе қаласы №24 лингвистикалық гимназияның шет тілі пәні мұғалімдері Елеуова Қаламқас Көбегенқызы, Сурабалдинова Гүлсім Әлжановна, Төремұратова Нұржауған Жомартқызы. Шет тілдері пәндерін оқытудағы оқушылардың оқу іс-әрекеттерінің нәтижелері үшін тиімділігін, бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да талап ететіндігін айтады. Шет тілдері пәнінің жас мамандарының тәжірибесінде ақпараттық-коммуникативтік құралдарды пайдалана отырып, қолданатын әдіс-тәсілдерін жан-жақты көрсету, тарату туралы ұсынысын білдіреді. Осы мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Абдиреева Жұлдыз Амангелдіқызы осы технология туралы сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үрдісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. Нәтижесінде оқушыға бүкіл өміріне жеткілікті білім береді, мазмұндық оқытуды жүзеге асырады. АКТ енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы тиіс деген ұсынысын білдіреді.

Ақтөбе қаласы №24 лингвистикалық гимназияның мұғалімі Байбулова Шамшат Молдағалиевна, Қобланова Айгүл Аубикеровна Технологиялық білім класта АКТ-ны қолдану жөніндегі білімдерді қамтиды. Техникалық жағынан сауатты болу оқушылардың сандық құралдарды пайдалана білуін білдіретінін айтады. Ал өздерінің әріптесі Есенжолова Асем Нұрлыбекқызы осы технологияны қолдану *Wiki* бір топ адамға *HTML* немесе басқа бағдарлама тілін білмей-ақ, *web*-сайтты бірлесіп дамытуға мүмкіндік береді. Оқыту барысында технологияларды тиімді қолдану маңызды болып саналады деп пайымдайды. Сонымен қатар оқушыларды тарту және оларды әрекеттерге қатыстыру үшін, оларда біреудің жұмысын өзгертуге және оны өз түсінігімен ауыстыруға жеткілікті сенімділігі болуы тиіс деген ұсыныс айтады. Осы мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Қалиева Сақыпжамал Жарасқановна ақпараттық технология оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал. Бұл тапсырма оқушылардың «өзін-өзі жетілдіру» ретінде қаралады деп атап көрсеткен.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданатын Ақтөбе қаласының №14 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Жылқыбаева Гүлдана Бақбергенқызы Ағылшын сабақтарында АКТ-ң әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жан-жақты,

жаңашыл жеке тұлғаны қалыптастыруды, жаңа ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру қажеттігін айтады. Өз тәжірибесінде оның өте тиімді және пайдалы екеніне көз жеткізген.

Білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану негізінен адамдардың білім көкжиегін кеңейтіп, олардың техникалық және әлеуметтік үрдістерін басқару мүмкіндігін дамытатын, ақпаратты жинап, ұйымдастырып оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуға мүмкіндік береді деп білетін Ақтөбе облысы, Шалқар қаласының №2 мектеп-гимназиясының шет тілі пәнінің мұғалімі Тұралина Салтанат Әлімқұлқызы ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, жеке тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, мұғалімге бүгінгі таңдағы адамзаттық ақпараттық жетістіктерінің алуан түрінде жол таба алатын, өз бетінше ойлай білетін жаңа адамды қалыптастыруға септігін тигізеді деп атап көрсеткен. Мұғалімнің өз жұмыстарының әдістері мен ұйымдастыру түрлерін түбегейлі өзгертуге, оқушылардың жеке қабілеттілігін дамытуға, оқудағы пәнаралық байланысты күшейтуге, оқу процесін ұйымдастырудағы бір бағыты электронды оқулықтар үнемі жаңадан жаңа дүние жасауы, қоғамның талабына сай мұғалім жаңаша көзқарасты, терең ойлы болуы керек. Сондықтан заман талабына сай жас ұрпақты көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын дәрежеге жеткізу жолында бірқатар жұмыстар өз нәтижесін береріне сенімділігін білдірген.

Ақтөбе қаласының №31 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Құсмағанбетова Сұлжан Сырымқызы ақпараттық-жобалау әдісіне ізденіс, зерттеу, мәселелік әдістер, шығармашылық жұмыстар жататынын айтады. Жобалау ұғымы негізінде - мәселенің нәтижесіне болжау бағыттылығы жатыр. Сондықтан мұғалім жетекшілігімен оқушылар жобалау мәдениеті механизмін меңгереді. Мәселелерді тауып оларды шешуге үйренеді, жан-жақты алған білімдерін қолданады Жобаның түрлерін тандайды: оқушы санына байланысты моно, жұптық, топтық; ұзақтығына байланысты қысқа уақытылы, орташа уақытылы (апта), ұзақ уақытқа (1 жыл); мазмұнына байланысты зерттеушілік, шығармашылық, практикаға бағытталған, ақпараттық; аймаққа байланысты аудандық, қалалық, облыстық халықаралық Жоба нәтижеге бағытталған. Жобалаушы қандай қадамдарды жасағанда мақсатқа жететінің тандай алады. Жобаны сатылап жүзеге асыруға болады: I. Изденіс – мәселені анықтау, идеалды жағдайды модельдеу, тақырып анықтап, мақсат қою; II. талдамалық кезең – барлық ақпаратты терең талдау, жобаның міндеттерің анықтау, әр кезеңдегі жұмысты бөлек жазу, алатын өнімді жоспарлау. III. Практикалық этап-жоспарланған жұмысты орындау, әр этаптағы жұмыс бөлек жазылады, қажетті өзгеріс енгізу. IV. Презентациялық кезең. V-ші кезең өнімді бағалау деп атап көрсетеді. Ақпараттық жобалау технологиясы тарих сабақтарында пайдалануға өте қолайлы әдістің бірі деп есептейді. Сабақта қысқа мерзімді жобамен қатар, әр тарауға байланысты орта мерзімді жобалар көбірек қолданады; қандайда болсын мәселені талдау барысында оқушылар сыни ойлау негізінде ақпаратты

таңдау, іріктеу, талдау, өзгерту, сақтау, модельдеу, тасымалдауға үйренеді; алдарына мақсат-міндеттер қоя біледі және оған жету жолдарын, зерттеу әдістерін анықтай алады; презентация барысында өз ойларын, пікірлерін дәлелдеуге машықтанады, гипотеза-болжау жасай алады, жұрт алдында сөйлеу мәдениетін меңгереді, алған білімдерін өмірде қолдануға үйренеді, демек қажетті құзыреттіліктерге ие болады; тек кітаптағы жазылған мен ғана шектелмей, тарихи мәселелерді терең, жан-жақты талдауға мүмкіндік алады. Осы айтылғандардың арқасында оқушы практикалық кезеңнен (тест, бақылау, сынақ т.б.) сүрінбей өтеді; дарынды таланттарын анықтауға мүмкіндік береді. Осының негізінде ғылыми жобалармен әр түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген оқушылары баршылық екенін, ҰБТ-дан жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін, ең бастысы – оқушының өзіне деген сенімі нығаяды, шығармашылық ізденіс дағдыларын меңгеріп, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасатынын айтады. Мұғалімнің ұсынысы: мәселені ұсыну барысында мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеруі қажет; зерттеу мәселесінің мәнді болуы, оқушылардың зерттеу -ізденісі жөнінде біліктілігі болуы; мәселе бойынша нәтиженің тәжірибелік танымдық маңыздылығына назар аудару; ақпаратты дұрыс іріктеп тандауға бағыттау; оқушылардың дербес іс-әрекетін (жеке дара, жұптық, топтық) көңіл аударып, бағалау кезінде ескеріп отыру; әр кезеңнен кейінгі алынған нәтижені мұғаліммен бірлесіп талдау және жүйелеп жинау қажет; жобаның тақырыптарын тандау барысы әр түрлі болуы мүмкін: берілген бағдарлама бойынша тақырыпты тереңдеп меңгеру мен қатар, тарихқа қызығушылығына байланысты мәселелерді тандауға болады; іс-әрекеттердің нәтижеге жеткізетін тәсілдерін тандау, міндетті түрде презентациялау және қорытынды шығару қажет; бағалау кезінде рейтинг жүйесін қолданған тиімділеу.

Ақтөбе қаласының №10 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Қайсарова Гүлдәурен Тұрарқызы. Электрондық оқыту технологиясы – бұл мультимедиялық оқытудың бір түрі. Электрондық оқытудың негізгі мақсаты: «оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілеттерін дамыту». Нәтижесінде шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді, дәстүрлі оқулықта көп ізденісті қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі, гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді, жобалайды, әңгімелейді, т.с.с. (мультимедия технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді), әрбір оқушыға дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді, белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туатынын айтады. Ұсынысы: қазіргі электронды оқыту технологиясын өз сабақтарында тиімді пайдаланса, оның сапалы екеніне көздері жетеді. Сондай-ақ өздері іздене отырып, оқушыны да іздендіруге жол ашады.

Әйтеке би ауданының Жабасақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қосымова Гүлжан Бекмұратқызы. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ технологиясын қолдану маңызды деп ойлаймын. Интербелсенді тақта мен

ғаламтор желісі мүмкіндіктерін пайдалану жетістікке жетелері сөзсіз. *Word* бағдарламасы әрбір сабаққа қажетті түрлі мәтіндік материалдар құру үшін керек, *Excel* кесте, сызба, график, тест құру үшін, *Pomer Point* оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстарына сабаққа қажетті материалдар әзірлеу үшін керек. Ақпараттық технология қазіргі заман талабына сай пайдалану мүмкіндігі мен тиімділігі білім беруде оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ақпараттық коммуникативтік технология сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттің іздеу жүйесі арқылы қызықты мәліметтер, көрнекіліктер таба аламыз. Сол жағынан да сабаққа дайындалу барысында әдістемелік көмек береді. Компьютер арқылы тұсаукесер сабақтарын, компьютерлік формадағы бақылау сабақтарын дайындауға болады деп сипаттайды. Бұл технологияның тиімділігі, оқушы мұғалімнің бағыт – бағдар беруі арқылы өз бетімен ізденіп, жаңа мәліметтер алып, еңбектену арқылы игереді. Білімді меңгере отырып, оқушы сын көзбен қарауға, өз ойын еркін айтуға, өз құқықтарын қорғай білуге, ақпарат көздері арқылы ізденуге, білімін толықтыруға жәрдемдеседі. Нәтижесі көріне бастады: 1. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. 2. Өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізуге дағдыланды. 3. Ғаламтордан тың материалдар тауып, сабақ барысында қолдана алатын деңгейге жетті. 4. Тест құру, кестелер, сызбалар дайындайтын болды. Ұсынысы: 1. Аталған технологияларды әр пән бойынша тиімді қолдану жолдары мен методикасы туралы жинақ шығарылса; 2. Оқулықтағы жаттығулар мен тапсырмалар аталған технология әдістеріне сай берілсе.

АКТ арқылы интерактивті әдістерді жиі қолданатын Ақтөбе қаласындағы №47 мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Естілеуова Ақмарал Сағадатқызы технологияны қолдану нәтижесінде оқушылардың өзара ынтымақтастығы, пікір алмасуы, тыңдау әдебі, сөйлеу мәдениеті қалыптасатынын айтады. Мысалы 11-сыныпта өткізген сабағының нәтижесі мынадай: Қазақ тілі сабағында оқушыларды үш топқа бөліп, оларға үш түрлі зат (палантин, қаламдар салатын пенал, оқушы портфелі) ұсынған. Оларға берілген тапсырма заттың атауын, өндірілген орнын, тұрмыста қолданылуын, шығу тарихын табу болған. Интернет ресурстарды тиімді пайдалана отырып, осы заттардың шығу тарихына қатысты өте қызықты мәліметтер жинақтап, постерлерін қорғаған. Оқушылардың іздену, зерттеу, өзара жұптасып жұмыс істеу үстінде олардың іскелік қатынасы мен ынтымақтастықтың орнағаны, сонымен қатар ортақ еңбек нәтижесіне деген жауапкершілігі байқалған. Сабақ соңында барлық оқушы тұлғалық қасиеттерінің ерекшелігіне қарай бағаланғанын айтады.

Ақтөбе қаласының №18 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Мұқанова Әсел Боранбайқызы ақпараттық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып табылды. Тарих сабақтарында ақпараттық коммуникативті технологияны келесі нұсқауларда қолданылады. Ал оның ең көп тараған түрі – мультимедиялық презентациялар, флеш-фильмдер. Келесі

сабағында қолданатын әдіс – мультимедиялық карталарды қолдану. Сонымен қатар, мұғалім өзінің педагогикалық іс-тәжірибесінде оқу-әдістемелік құралдарды да жиі қолданатынын, берілген материалды терең бекіту мақсатында сабақта тестер мен тренажерларды, кроссвордтарды қолданатынын айтады. Ақпараттық технологияны және ашық бағалау жүйесін қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғарлатуының тиімді жолдары болып табылады. Оқушылармен материалды игеру процесін психологиялық түрде жеңілдетеді. Нәтижесінде пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көзқарасын кеңейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі артады. Тарихты оқуға және үлгерімді жоғарлату қызығушылығы туады. Теориялық материалды толық игеру болады. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өңдеу. өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы қалыптасады. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнің де еңбек өнімінің жоғарылайды. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдіру. Сонымен қатар, мұғалім оқыту процесін жоғары деңгейге көтерудің негізгі әдісі ретінде проблемалық шығармалық әдісті пайдаланады. Бұл әдісті қолдану барысында өтілген әрбір сабақ сұхбат түрінде өтіп, сабақ беру барысында зерттеушілік үрдісті жетекшілікке алады. Бұл әдістің ерекшелігі – оқушыны оқыту процесіне қызықтырады. Сабақтың белгілі бір тақырыбын бастау барысында оқушыларға проблемалық сұрақ немесе проблемалық тапсырма беріледі. Компьютерлік техниканың функционалдық мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек, себебі, компьютерлік техника оқушыға, оның ізденіс және зерттеу жұмыстарын жүргізуге, орта құруына мүмкіндік береді.

Хромтау қаласы №3 орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі Мусина Гүлжанат Әбдісадыққызының іс-тәжірибесіне назар аударайық. Мұғалім химия сабақтарында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, өздік жұмыстың көлемін көбейтуге болады деп есептейді. Химия мұғалімі АКТ қолдану арқылы әртүрлі сабақтарға презентациялар дайындап, интерактивті тақта мүмкіндіктерін шебер қолдана білсе, сабақтың тартымды әрі қызық өтетіні анық, әрі оқушы белсенділігін арттырады. Әр сабақта интернет, электрондық почта, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана білуі тиіс. Кез-келген пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді тереңдетіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануы мен проблемалық жағдайдан шыға алуымен айқындалады. Интерактивті тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Өз басым интерактивті тақтаны әр сабақ барысында соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын. Оқушылар сабақта

интерактивті тақтаның элементтерін пайдалану, дайындалған арнайы тапсырмаларды тыңдап қана қоймай, көздерімен көріп, оны жетік түсінуге дағдыланады. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, мұғалім сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге ізденуге, қорытынды жасауға, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап, түзетуге мүмкіндік береді. Сабақта жаңа әдістер мен техникалық жетістіктерді, оның ішінде интерактивті тақтаны пайдалану сабақ өтудің тиімділігін арттырып, білім-білік дағдыларын дамытып, оқушының танымдық шеңберін кеңейтіп қана қоймай, осы құралмен жұмыс істеуге баулиды. Электрондық оқулықтар бойынша оқушылар тапсырманы қызыға орындайды, пәнге қызығушылығы артады, оқу материалын тереңірек меңгеруге талпынады. Сонымен бірге өз қатесін өзі табады және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Электрондық оқулықта өте көп көрнекілік материалдар қамтылады. Бұл көрнекіліктердің дидактикалық мәнін ашады. Мұндай көрнекіліктердің бәрін кәдімгі оқулықта беру мүмкін емес. Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау және сөйлеу жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Мысалы, сегізінші класқа арналған химия оқулығындағы бірінші тарауда «Элементтердің валенттіліктері бойынша химиялық қосылыстардың формуласын құру» тақырыбын оқушылар меңгергенде «молекула конструкторы» жаттықтыру мультимедиалық бағдарламасының көмегімен молекулалардың графикалық формулаларын өздері сызып дағдыланады. Мұндай тәсіл оқушыларды қызықтырады және химиялық элементтердің валенттіліктері есте жақсы сақталады. Оқушының химия пәнін меңгеруіне қолданбалы түрдегі компьютерлік графикалар мен анимациялардың көмегі көп. Мысалы, әр химиялық элементтердің кеңістіктегі құрылысын жасауға болады. Атомдар әрекеттескен кезде олардың арасында химиялық байланыс түзіледі. Химиялық байланыс түзілгенде сыртқы қабаттағы электрондар өзгеріске ұшырайды. Осының бәрін оқушы компьютерлік бағдарламадан көріп, алдын ала заттардың физикалық және химиялық қасиеттерін болжап отырады. Жалпы, оқушылардың ақпараттық негіздерінен алған білімдері негізінде оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, құлшынысы оянады; шығармашылық қабілеттері артады; жылдам ойлауға машықта оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады; химиялық технологияны меңгеруге ұмтылыс пайда болады. Мұғалім өз тәжірибесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны күнделікті сабақ беру үрдісінде тиімді пайдалана отырып, көптеген нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыстарды жолға қойған. АКТ технологиясын қолданудың нәтижелілігі: 1. 2012-2013 оқу жылында «Ғылыми-жаратылыстану білімі: мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға «Химия пәнін

оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы баяндамасы ұсынылды. 2. 2012-2013 оқу жылында «On –Line» жүйесі бойынша облыстық семинар-конференцияда «Натрий және оның қосылыстары» тақырыбында ашық сабақ берді. 3. 2013-2014 оқу жылында «білімділер» порталы ұйымдастырған республикалық ұстаздарға арналған бәйгесінің «Үздік презентация» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды. 4. Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Интерактивтік жабдықты қолданатын үздік пән мұғалімі» аудандық байқауында интерактивті тақтаны жүйелі және мақсатты қолдана білгені үшін I дәрежелі дипломмен марапатталды. 5. Республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық «Химик анықтамалығы» журналының «Үздік слайд-2013» сайысына белсене қатысып, құрмет грамотасымен марапатталды. 6. 2014-2015 оқу жылында республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық «Химик анықтамалығы» журналындағы «Үздік слайд-2014» сайысына белсене қатысып, журнал дискісіне жарияланған мазмұнды-танымды слайд-презентациялар үшін мақтау қағаздарымен марапатталды. 2014-2015 оқу жылында Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығында «Химия сабақтарының топтамасы» электрондық құралы шығарылды.

Ақтөбе қаласы №31 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Гаюпова Ақсамал Ұлғасырқызы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиясын» пайдалануда келесі пікірлер мен ұсыныстарын білдіреді. Ақпараттық коммуникациялық технология электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, электрондық оқулықтарды ақпараттық технология интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге негізделінеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар, коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. АКТ-пайдалану мұғалімге оқушының оқу пәніне деген қызығушылығын арттырады. Онлайн тест тапсырмаларын орындау, интернет олимпиадаларға, байқауларға, презентация-жобаларға қатысу мүмкіндіктерін береді. Мектептегі АКТ-мен оқытуда материалдық базаны нығайтып, сапалы білімге қол жеткізуге болады, іштей және қашықтан оқыту түрлерін дамыту қажет.

Шакратова Зәйтүнқарлығаш Қуанышқызы Темір ауданы Шұбарқұдық ауылы Шұбарқұдық №2 орта мектебінің 5-7 сыныптарында биологиядан сабақ береді. Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қоғамдағы өзгерісті танып білуге және оларды тез қабылдауда мол мүмкіндік береді. Жоспарланған сабақты тиімді өткізуге көмектеседі, оқушының ой өрісінің дамуына, зерттеулік жұмыстар жүргізуіне ықпал етеді. Бағдарлама соңында мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді және сыни тұрғыдан пайдаланушыларға айналады. АКТ технологиясын қолданудың тиімділігі:

1) Оқытудың көркемділігін арттырады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді.

2) Оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқу материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады.

3) Оқушылардың ғылыми- дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыра отырып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұранысын қанағаттандырады.

4) Мұғалімді техникалық жұмыстан босата отырып, үнемдеген уақытта олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

5) Мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді.

Өздігінен білім ала алатын, логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру үшін жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолдану қажет. Компьютерді қолдану негізінде мектеп пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады. Мұғалімнің пікірінше, мектептегі ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне мұғалімдердің сенімі мол деп есептейді.

Ақтөбе қаласындағы №13 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Утепбергенова Гүлнар Бақытжанқызы АКТ-ны өз тәжірибесінде қолданады. Ақпарат технологиясы ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Нәтижесінде, оқушының өз бетімен жұмыс істеуі дамиды, уақыты үнемделеді, керек материалдарын жедел түрде алады. Бұл технология оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа тәрбиелейді.

Алматы облысы Панфилов ауданының Пенжім орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бейсебек Жазира Жұмағазықызы осы технологияны қолдану нәтижесінде: оқушылардың шығармашылық әлеуметі дамыды, коммуникациялық әрекеттерге қабілетті болуы, әр түрлі салада зерттеу қызметі дағдылары, оқу қызметі мәдениеті дамыды; оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін қарқынды дамытады және оның тиімділігі мен сапасын арттырады қазіргі қоғамның ақпараттануымен байланысты пайда болатын әлеуметтік тапсырысты орындауда өте тиімді және сонымен қатар уақытты үнемдейді. Бала көрнекілікті өзі жасай алады; оқушының компьютерлік сауаттылығы ашылды; білім, білік дағдылары, коммуникативтік қабілеттері дамығанын айтады.

Атырау қаласы Абай атындағы жалпы қазақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Төлегенова Алтын Хадимқызы оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану оқу процесін жаңа оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашып келеді, бағыттайды. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы мол. Сонымен бірге оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамыту, оқу қызметінің

мәдениетін қалыптастыру, дербес жұмыстарын ұйымдастыруда және оқушы белсенділігін арттыруда маңызы зор деген тұжырым жасайды. Қостанай қаласы №11 орта мектептің музыка пәннен мұғалімі Сакенова Жанат Амангелдиновна оқушылар АКТ-ны пайдалана отырып, реферат, презентация, музыканы тауып ізденулеріне мүмкіндіктері мол. Компьютерді пайдалана отырып оқушылар виртуалды мұражай залдарына кіріп (мысалы, музыкалық аспаптар мұражайына), композиторлардың шығармашылығын оқып үйренуде тиімді жақтары көп. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету әр педагогтың басты мақсаты деген тұжырым айтады.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Жамбыл облысы Тараз қаласының Н. Тілендиев атындағы мектеп-интернатының шет тілі пәнінің мұғалімі Орынбаева Ардақ Абдраимовна ағылшын тілі сабағында жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру негізінде СТО және АКТ-ны таңдағанын, нәтижесінде оқушылар ағылшын тілі сабағында өтілетін тақырыпқа сай өзіндік көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, шығармашылық қабілетін дамытатын, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға бола алатын байқаған. АКТ технологияларын меңгеру мақсатында әртүрлі әдістемелік материалдарды, еңбектерді, зерттеулер мен озық педагогтардың ғылыми мақалаларын, ғылыми еңбектерімен танысып, материалдарды саралап, жинақтағанын, сонымен қатар мектепшілік бірнеше ашық сабақтар көреткенін айтады.

Жамбыл облысы, Мерке ауданындағы №9 Савва мектебінің химия пәнінің мұғалімі Абуталиева Дамира Мейрамбекқызы 2010 жылдан бастап АКТ технологиясын педагогикалық химия сабақтарында тиімді қолдануда. Мұғалім өз көзқарасын С. Бичтің «Әлем өзгергендіктен, сіз өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, балаларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгеретін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз» деген көзқарасымен үндестіреді. Заманауи сабақты, әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда, АКТ-сыз өткізу мүмкін емес. Өйткені осы пәндер арқылы баланың әлемнің біртұтастығы туралы көзқарастары қалыптасады. Десек те, бүгінгі таңда химия пәнін оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі орын алып отыр. Соңғы жылдары мектептегі химиялық білім берудің құрылымы өзгеріп, пәнді оқытуда бірізділік жүйесінің орнына пәнді оқытудың шоғырланған жүйесі енгізілді, яғни оқу материалының көлемі едәуір ұлғайтылды, сондықтан мемлекеттік стандарт талаптарына сай игеруге бөлінген уақытты мұғалім жеткіліксіз деп есептейді. Мұғалім бұл мәселені тиімді шешу жолдарының бірі – оқу процесіне ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізу деп есептейді. Қазір кез-келген оқушы сандық технологияларды өте жақсы меңгерген, компьютерлік сауаттылықтары жоғары деңгейде, интернеттен қажетті ақпаратты табады, әрі оларға виртуалды әлемде тіл қатысу шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа

қарағанда қызықтырақ. Мұғалім олардың осындай мүмкіндіктерін өз оқуларын жақсартуға неге пайдаланбасқа деген пікірде. Мұғалімнің пайындауынша, бұл технологияның маңызы ерекше, себебі, АКТ химия пәнін оқытуда күрделі материалды баланың түсінуіне, абстрактылы ұғымдарды, заттың құрылысын бейнелейтін микроәлемге үңілуге ықпал етеді, мектепте қолдануға тыйым салынған реактивтермен эксперименттерді виртуалды лаборатория немесе бейнетәжірибелер көмегімен көрсетуге мүмкіндік береді. АКТ сабақтардың ақпаратпен қанығуына әсер етіп, оқулық шеңберінен шығуға, оның мазмұнын толықтырып тереңдетуге, оқушыларға оқытылып жатқан құбылыстар мен процестер туралы шынайы ақпарат беруге мүмкіндік ашады. Оқушының компьютермен тілдесуі өзін белгілі бір үлгі бойынша әрекет етуге дайын тұлға ретінде сезінуге емес, өзіндік шығармашылық қабілеттерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын жүзеге асыруға, білім алып, өзіндік тәжірибесімен бөлісуге көмектеседі. Мұғалім бұл технологияны өз тәжірибесінде қолдана отырып, АКТ оқушылардың ынтасын арттыруда таптырмас құрал болғанын және оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына негіз болғанын. Олардың барлық деңгейдегі танымдық белсенділігі, үйдегі дайындық, бірлесе жұмыс істеу дағдылары артты. Осы уақыт аралығында мұғалімнің жұмысы нәтижесіз болмаған. АКТ технологиясының нәтижелілігі: Виртуалды лаборатория бағдарламасын қолдана отырып, «Химиялық тепе-теңдік және оның ығысуы» тақырыбындағы сабағы үздік деп бағаланды. Сыныптан тыс уақытта, сабақ барысында оқушылар «UStudy» тест орталығымен, www.5plus.kz веб-сайтымен байланыса отырып, өз білімдерін жыл бойы шыңдады. Соның нәтижесінде оқушылар жыл сайын ҰБТ бойынша 100% білім сапасын көрсетуде. АКТ-ны қолдану оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытты. Нәтижесінде оқушылары қашықтық, пәндік олимпиадаларына қатыса отырып, олардың бойында пәнге деген қызығушылық сезімдері оянды. Сабақта АКТ-ны қолдануға байланысты Дамира Мейрамбекқызының ұсыныстары:

1. Мұғалім әрдайым өзінің АКТ құзыреттілігін жетілдіріп отыруы қажет.
2. Сабақта АКТ-ны қолдану үшін жоспарлау кезінде пәндік білім мен оқыту технологиясының біртұтастығын қамтамасыз ету керек.
3. Оқушылардың АКТ-ны қажетті дәрежеде меңгермей, оның мүмкіндіктерін игермеген болса, пәнді оқытуда АКТ-ны пайдалану нәтиже бермейтінін ескеру қажет.
4. «Ғажайыпты компьютер емес, мұғалім жасайды» деген қағиданы ескере отырып, сабақты қай кезеңінде де АКТ-ны қолдану табысқа әкелетінін білу, яғни мақсат пен күтілетін нәтижелерге жету жолдарын алдын ала білу.

Қарағанды облысы, Шет ауданы Қаражал ауылының Ақжал орта мектебінде информатикадан сабақ беріп жүрген жас ұстаз. Ол өз сабақтарында оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологиясын қолданып жүр. Барлық дерлік оқыту технологияларының көздеген мақсаты – оқушылардың өз бетімен білім алу, білім іздеу дағдыларының қалыптасуы десек, компьютерлік оқыту технологиясының талайы осы мақсатқа лайықталғанын көру қиын емес. Осы компьютерлік оқыту технологиясының философиялық негіздемесін гуманистік

көзқарастан туындаған. Осы жерде компьютерді сабақта көп қолдану оқушыны басқа адам түгілі, өзінен, өзінің нақты өмірінен де алыстатып, виртуалды өмірге әкетеді деген көзқарастар пайда болуы мүмкін.

Бірақ, кибернетика ғылымының негізін қалаған Винердің пікірінше, компьютердің қанша дамыған түрі болса да, адамның миына еш жете алмайтының айтқаның есте сақтау керек. Компьютермен оқытуда оқушының өз бетімен білім іздей алатын болуы - көзделетін негізгі нысан ретінде қойылады. Компьютермен оқыту барысында білім алудың жасанды сипатын барынша табиғи қылуға жағдай жасалынады. Информатиканың негізгі ұғымдарын ерте бастан оқытудың қажеттігін мынадан-ақ көруге болады: білім берудің алғашқы кезеңінде информатиканың әдістерін меңгерген оқушы мектептің қалған сатыларындағы білім алуда (атап айтқанда, түрлі пәндердегі сабақтарда) адам қызметінің түрлі салаларында компьютерді пайдалану дағдысын меңгереді. Біріншіден, жалпы білім берудің информатиканы оқытудағы басты мақсаты ойлаудың операциялық стилін қалыптастыру болса, ол орындалды. Екіншіден, бастауыш мектепте информатика курсы өткізу көптеген пәндер бойынша мектептің оқу бағдарламасын айтарлықтай өзгертуге алып келеді. Бұл жерде мынаны ұққан жөн: «информатика» мектеп пәндерінің бірде-бірін алмастыра, мектеп пәндері жалпы жүйесіндегі оқулықтарының бірде-біреуінің ролін атқара, мектептегі гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің ара қатынасын қайта бөліске сала алмайды. Ол тек қана мектепте оқылатын әрбір пәнге жаңа, әрі жетілдірілген сипат беріп, мұғалімнің қолына кілт ұстатады. Осы кілтті дұрыс пайдалана білген мұғалім оқушыларының алдында өз пәнінің мәнін терең әрі тиімді түрде аша түседі.

Қостанай облысы Наурызым ауданы, Қараменді ауылындағы Жамбыл орта мектебінің жас маманы, информатика пәнінің мұғалімі Омаров Бағдат Амантайұлы өз сабақтарында АКТ технологиясын аса тиімді қолданып жүр. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Бүгінде мектептерді компьютерлендіру толықтай аяқталды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі енгізілуде. «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» делінген. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «*E-learning*» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен оқушыларды ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді. Информатика сабағында ақпараттық

технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Информатика сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмысы; аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; экономикалық тиімділігі; іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену; Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже: жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру. Осы айтылғандардың бәрін ескере отырып, жас ұстаз Бағдат Амантайұлы АКТ технологиясының мүмкіндіктерін оқушылардың заман талабына сай, өмірге қажетті біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына жұмсағысы келеді.

Арқалық қаласы Б. Майлин атындағы №3 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Елтебаева Гүлсін Түкенқызы ақпараттық технологияның арқасында әрбір тәлімгердің тек дәстүрлі ақпарат көздерімен ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі емес ақпарат көздерімен жұмыс істеуге мүмкіндіктері бар. Оқушыларға тақырып көлемінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады. Білім деген бір — бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орындарында отырып қол жеткізуге болады. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың тарамдалуымен оқу материалының сапасын арттырады деп пайымдайтын АКТ қолдану нәтижесінде мұндай сабақтарда оқушылардың тапсырылған жұмыстарға іскерлігі қалыптасады. Болашақ өмірінде белгілі бір кәсіби мамандықты таңдап алуға септігін тигізетінін айтады. Интерактивті тақтаны пайдалану: - Интерактивті тақта – басқаруға мүмкіндік беретін экран, көп функциональды, сабақ барысында қолданатын қажетті құралдардың бәрі кіреді, атап айтқанда; бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды. слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады. Сабақта *Aktiv Vote* тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады. *Aktiv Wand* сілтеу таяқшасының көмегімен тышқанның қызметін атқару және кішкентайларға да тақтаның жоғарғы бөлігіне қол жеткізу мүмкіндігі туады.

Лисаковск қаласының №3 орта мектебінің 1-9 сыныптардағы технология пәнінің мұғалімі Балмағамбетов Төрехан Садуович ақпараттық – коммуникативтік технология көмегімен орындалатын жұмыстар өзінің кез

келген формасында тиімдірек орындалады, адамның дамуына әсерін тигізеді. Ақпараттық технологияның артықшылығы ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығушылығын арттырады, өз бетінше оқып-үйренуі жүзеге асады, нәтижесін бірден көруі, жіберген немесе дұрыс меңгермеген тақырыптарды қайтадан оқу мүмкіндігі, оқу үрдісін басқару мүмкіндігі, бұрын алған білімдерін кеңейтеді деп пайымдайды. Нәтижесінде Мектеп қабырғасында Сызу бейнелеу өнері пәнін ақпараттық-коммуникативті технологияны жүйелі қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қана қоймайды, оның логикалық ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Оқушы ешкімнің көмегінің өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Сызу бейнелеу өнері пәнінің тарауына арналған электрондық оқулықтар: оқу материалы (кескіндер; кестелер; графиктер; бейнелер); өзіндік білімді тексеру жүйесі; өзіндік бақылау жүйесі; бейнелеу өнері тест сұрақтары; сурет терминдері; сызу тест сұрақтары; сызу көрнекілігі, сызбалар деп атап көрсеткен. Көбіне практика жүзінде қолмен сызу, сурет салу көрме ұйымдастыру керек болады сондықтан, бірге жүріп отырған дұрыс деп ойлайтынын. Дегенмен қазіргі жағдайда технология заманында автокад, фотошоп пайдалану керек деген ұсынысын білдірген.

Осы технологияны тиімді қолданып жүрген Қостанай қаласының №115 орта мектебінің шет тілі мұғалімі Сұлтанғалиева Гүлнұр Қуанышқызы Бұл технологияны қолдану барысында оқушылардың танымдық-белсенділігі артады. Оқушылардың ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттері және зейіні дамиды. Оқушылар заманға сай жаңа технологияларды қолданып, презентациялар, флип-чаттар жасайды. Бұл технологияларды қолдану барысында, оқушылар қалалық және облыстық, қашықтықта өтетін олимпиадаларға қатысуда. Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану технологиясы орта және жоғары буын оқушыларына өте тиімді екендігін айтады.

Сарыкөл ауданы Сарыкөл орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Танкебаева Гүлияр Есенғалиқызы қазір шет тілін оқыту әдістемесінің деңгейі жоғары. Тілді оқытуда интерактивтік тәсіл, ойындар, екеуаралық пікірталастар, сонымен бірге ақпараттық технология, интернет, компьютер қолданылуда. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл сабақтарының лексика бөлімін меңгертуде ақпараттық технологиялардың алатын орны зор. Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның мүмкіндіктері: оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру; Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралап оқытудың, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі; жүйенің басқару құрылымы арқылы оқытушының өз ойын, көзқарасын, өз кезегінде материалдық ұсынылымын, әр түрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін

ұсынуға мүмкіндік алуы. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау. Қазақстан Республикасының мемлекетаралық тілі – ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда: лексиканы оқып үйретеді; сөйлеу ырғағын; диалог, монолог және рөлдік ойындарды («*A visit to the doctor*», «*At the taxi*», «*Farmer*») хат жазуға үйретеді; («*Letters in the mail*» тақырыбы бойынша электронды есептеу машинасының операторы тобына сабақ) грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектесетінін айтады. Нәтижесінде тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.

Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезендерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушыға үйретуге тиісті ақпараттармен білім қорын жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану – оқытудың тиімді әдістерінің бірі. Мысалы: ағылшын тілін үйретудің тиімді әдістерінің бірі – шет ел тілінде ән үйрету. Гүлияр Есенғалиқызы ән үйрету арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттіліктерін қалыптасатынын айтады. Мысалы, мұғалім өз сабағында тақырыпқа сай шет ел тілі сабақтарында әндерді пайдаланғанда, оны мұқият таңдап алады. Өйткені жаңа лексиканы немесе грамматикалық материалды бекіткен кезде әнге берілетін тапсырмалар оқушының деңгейіне қарай таңдалады. Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді деп есептейді. Ғылыми білім беруде интерактивті тақтаның мүмкіндігі мол. Интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқушы білім кеңістігіне еркін бойлай алады. Атап айтсақ, оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда қолданылатын ақпараттық коммуникациялық технологияларды, оның ішінде интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттыратынын байқаған. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек. Шетел тілін оқытудың басты мақсаты – оқытушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту. Осыған сәйкес оқыту мазмұнына

қарапайым коммуникативтік біліктілікті, қажетті жағдайда ауызша және жазбаша (сөз, тыңдап түсіну, оқу, жазу) өзара мәдени қарым-қатынас процессінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамсыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білім, білік дағдылар енеді.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Жітіқара қаласының №2 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Абдиярова Ұлбосын Саудабекқызы лексиканы меңгерту үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Нақты мағыналы сөздерді суреттер, зат, макет арқылы түсіндірген жөн. Абстракттілі мағыналы сөзді түсіндіру үшін аударманы қолдану және тіл көрнекілігі арқылы түсіндіру қажет. Ал тіл көрнекілігі дегеніміз – сөздің мағынасын контекст арқылы, синонимдер мен антонимдер, сөздің құрамдас бөліктерін талдау арқылы түсіндіру. Тіл көрнекілігінің тиімділігі сөздердің мағынасын сабақта тек шетел тілінде түсіндіріледі де, жаңа сөзбен оның мағынасы арасында байланыс жасалады. Сөйтіп сабақта шетел тілі атмосферасы жасалады. Бірақ бұл тәсілдің кемшілігі – оқушылар жаңа сөздің мағынасы ана тілінде оған балама тапқандай түсінеді, яғни оны бәрібір ана тілінде аударды. Мысалы, ағылшын тілі сабағында 7-11 сыныптар үшін арнайы электронды әдістемелік құралдың құрылымы мынадай: оқушы мектеп бағдарламасындағы «Саяхат», «Білім», «Денсаулық», «Қоршаған орта», «Жастар және уақыт» деген негізгі тараулармен жұмыс істеуіне мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, мұғалім әрбір тараудан оқушы мынадай мәліметтерді жеңіл және шұғыл түрде таба алатынын айтады. Жаңа АКТ сабақта пайдаланудың тиімділігі: Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді; Ақыл-ойын дамытады; Шығармашылық белсендігін арттырады; Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; Тіл байлығын жетілдіреді; Жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Жетіқара қаласының №2 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Қабылова Сәния Әмірханқызы сабақта ақпараттық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, оқушының ақпараттық ізденіс қабілеті арттыратынын айтады. Нәтижесінде өз мектебінде «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – ізгілікті білімінің негізі» әдістемелік айлығында өткен «Үздік сабақ» сайысынан III орынға ие болғанын, аудандық «Интерактивтік құралдарды пайдаланатын ең үздік пән мұғалімі» сайысына қатысқанын, облыстық «Елтану» атты қашықтық олимпиададан оқушысы III жүлде орынға ие болғанын, оқушылары облыстық, республикалық интеллектуалдық ойындарға қатысатынын айтады. Ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың сөздік қорын молайту, сөйлеу тілінің грамматикасын қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айту, диалогтік сөйлеуді қалыптастыру, түсінгенін айта білу, сауатты жазуға дағдыландыру, дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өмірге деген көзқарасын жан-жақты дамытып, шығармашыл тұлға болуға қалыптастырады деп пайымдайды. Сабақтарында презентация және флипчарттармен жұмыс жасайтынын, сонымен қатар, сабақ үстінде әртүрлі тапсырмаларды интернет сайттарынан On-line түрінде енгізетіні. Оқушыларға сайттармен жұмыс жасау өте ұнайды,

өйткені әр тақырыпқа бірнеше тапсырмалар беріледі және жұмысты орындап болған соң өз нәтижелерін баға ретінде көреді. Жиі қолданатын сайттар: *english-basis.ru*; *agendaweb.org*; *hurryenglish.ru*; және т.б. АКТ-ны сабақта пайдаланудың тиімділігі: оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді; ақыл-ойын дамытады; шығармашылық белсендігін арттырады; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығын жетілдіреді; жан-жақты ізденушілігін арттырады.

Қарасу ауданының Октябрь орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қожахметова Ақжібек Мырзалықызы қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын ақпараттық технологияларды пайдалана отырып өткізу оқытуда күшті стимул деп есептейді. Осындай сабақтардың нәтижесінде оқушылардың психикалық үрдістерінің белсенділігі артады: түйсік, назар, жад, ойлау; танымдық қызығушылықтың серпілуі белсендірек және жылдамырақ болады. Адам өзінің табиғатынан көзге көбірек сенеді, және ақпараттың 80% ол көру анализаторлары арқылы қабылдайды. Ақпараттық технологияларды пайдаланып өткізілетін сабақтардың дидактикалық артықшылығы – сол ортада болу әсерін жасау («Мен мұны көрдім!»), оқушылардың қызығушылығы оянып, көбірек біліп, көбірек көргілері келеді. Оқушылардың білімін, дағдысын, біліктілігін қадағалауды ұйымдастыруда компьютермен тестілеуді пайдаланамын. Компьютердің көмегімен тестік қадағалау оқушылардың білетіні мен білмейтінін, дәстүрлі әдістен қарағанда, тез және әділ табуға мүмкіндік береді. Оқыту үрдісін ұйымдастырудың бұл әдісі қазіргі кездегі ақпаратты меңгеру жүйесінде қолайлы, әрі оңай деп сипаттайды. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану – бұл қазіргі күн ағымына еліктеу емес, мұғалімнің көпқисынды шығармашылық жұмысын компьютердің мойнына арту емес, тек оқыту үрдісін қарқындыландыру, танымдық әрекетті белсенділендіру, сабақтың тиімділігін арыттыру құралдарының бірі деп түсінгеніміз жөн деп айтады.

Қостанай қаласының №115 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Байменова Марзия Мағауқызы сабақ барысында ақпараттық технологиялық құралдарды қолдану, заманға сай оқушылардың ақпараттармен толығырақ танысуына көмегін тигізеді деп пайымдайды. Нәтижесінде оқушылар осы технологияларды қолдану барысында, қалалық ғылыми жұмыстан «Зерде» жүлделі орындар алды. Оқушылардың сабаққа деген белсенділігі артты. Бұл технологиялар бастауыш сынып оқушыларына өте тиімді және қолайлы екендігін айтады.

Қостанай ауданы Н. Наушабаев атындағы Затобол орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұржанова Сәндігүл Түйебайқызы ақпараттық технологияларды пайдалануда мынадай нәтижелерге қол жеткізгенін: оқу материалын терең түсіну, оқу мотивациясының артуы, алған білімнің неғұрлым ұзақ уақыт есте сақталуы, заман талабына сай күнделікті сабақ барысында бейне және аудио-кұрылғыларды, теледидарды, компьютерді, сондай-ақ электронды оқулықты, интерактивті тақтаны қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген белсенділігін арттырып, ең бастысы олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайтынын айтады.

Қостанай қаласы С. Мәуленов атындағы гимназияның мұғалімі Асылбеков Мирлан Арыстанбекұлының іс-тәжірибесінен: «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Оқытудың компьютерлік технологиясы оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдарын ашады. Мен өзімнің тәжірибемде: дәстүрлі (оқулық, көрнекілік құралдар, электрондық оқулықтар). компьютерлік (презентация, дисктер, мультимедиа құралдары). Интернет-технологияны (интернет дербес ақпарат көзі ретінде, *e-mail* - ақпарат алмасу құралы ретінде, т.б.) жиі пайдаланамын. Проблемалық оқыту – дамыту құралы, себебі адам бірнәрсені түсінгісі келгенде ғана ойлай бастайды. Проблемалық оқыту – оқу проблемасын шешу кезінде оқушының өздерінің іздестіру әрекеті арқылы жүзеге асырылатын оқушы мен мұғалімнің одақтық білім алу процесі.

Арқалық қаласы М. Әуезов атындағы №5 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Оташева Күләш Сабыржанқызы оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлген. Барлығы да жазғандарын сабақтан соң топ мүшелері өз ойларын, жазған жұмыстарын талдау барысында жақсы жазылған жұмысты таңдай алатын болды. Бір-бірінің пікірін мұқият тыңдауға үйренді. Оқушыларды топқа бөлу барысында мынандай жетістіктерге жетуге болады:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.
2. Тақырыптық түсініксіз жерлерін айқындайды.
3. Топтарының сұрақтарына жауап береді.
4. Барлық оқушылар жұмыс істей бастайды.
5. Қорытынды шығарады.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шыңдалады. Оқушылар жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш-қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» бағдарламасының қай әдісі болса да оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамытатынын байқаған.

Қостанай қаласындағы №16 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ибраева Мархабат Датрқызы осы технология арқылы қазақ тілінен грамматиканы оқыту барысында кесте арқылы, гиперссылка арқылы үйрету, ал әдебиет сабақтарында ақын-жазушылардың өмірбаяндарымен қоса шығармаларын өту барысында кестелер арқылы, сурет, графика арқылы, ғаламтордан ақпаратты қолдану өте тиімді деген ұсыныс білдіреді. Қостанай облысы, Әулікөл ауданы №2 Аманқарағай орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нұрғожина Гүлзира Әбікенқызы жаңа ақпараттық технологияны

пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді деп сипаттайды. Нәтижесінде 2014 жылы «ZIAT» ғылыми-әдістемелік орталығының Республикалық ғылыми жобасында, III Республикалық оқушылардың «Жас ғалым» атты ғылыми жұмыстар сайысында, 2015 жылы «Абай оқулары», аудандық «Яссауитану» байқауларынан, аудандық балалар күніне арналған «Шабыт» фестивалінен жүлделі орындар алып, облыстық байқауға өткенін; «Қазақ тілі пәнінен білімді меңгеру жағдайында бақылау түрлері» атты 8-сынып оқушыларына дидактикалық материал құрастырып, Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасына өз жұмысын ұсынғанын, қазақ тілі мен әдебиет пәндерінен бірнеше сабақтары «45 minut.kz.kz.», «ustaz.kz», «Копилка уроков - сайт для учителей» сайттарында жарық көргенін айтады.

Жітіқара қаласы №9 орта мектептің орыс тілі мұғалімі Сағынаева Марина Бекназарқызы жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшеліктеріне тоқталады: АКТ оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Орыс тілі сабақтарын компьютер көмегімен оқытуда мультимедиялық презентацияны қолдану ерекше екенін айтады. Сабақта видеофильмдер, көркем фильмдердің фрагменттері, боялған кестелерді, карталарды анықтап көрсету арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыруға болады.

Жұмағазы Индира Мұхамбетқызы 15 жылдан бері Жітіқара қаласындағы №2 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Қазіргі заман оқушысының танымдылық, шығармашылық қабілетін дамытудың тура жолының бірі – ақпараттық-коммуникативтік технология әдістерін сабақтарда қолдану. Мұғалім өзінің де, оқушыларының да пәнге деген қызығушылығының жаңа бір деңгейге шыққанын айтады. АКТ әдістерін қолданып оқитын оқушылардың оқу сапасы да жоғары, сабаққа деген мотивациясы да жоғары болуы – ақпараттық-коммуникациялық технологияның артықшылықтарының бірі деп есептейді. АКТ технологиясын қолданудың нәтижелілігі: 2013-2014 оқу жылында оқушылары «Құмырсқаның біз білмейтін сырлары», «Алоэ – ғажайып өсімдік» және «Үй өсімдіктері адам өмірінде» атты аудандық ғылыми жоба жұмыстарын қорғап көзге түссе, облыстық «Қостанай Дарыны» ұйымдастырған биологиядан қашықтық олимпиадаларына және КИО интернет олимпиадасына қатысып, арнайы сертификаттармен марапатталды. Жалпы пәндерді оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: оқушының өз бетімен жұмыс істеуі; аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу; білім, білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру; шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру; қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі; экономикалық тиімділігі; іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен

тапсырмаларды оқып үйрену; қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі.

Жітіқара қаласы №2 орта мектебінің физика пәнін оқытатын мұғалім Тәжібаева Гүлмира Темірханқызы АКТ технологиясын 2007 жылдан бері қолдануда. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны. Нәтижесінде осы технологияны Гүлмира Темірханқызы (2007-2010ж.) пайдалана отырып, көптеген жетістіктерге жетті. Оқушылары физика және информатика пән бойынша мектепішілік, аудандық, қашықтық олимпиадаларға, мектепішілік, аудандық, облыстық жобаларға қатысты. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдалана отырып, сабақтың уақытын үнемдеуге, оқушыларға өз бетінше ақпарат алуға, сабақты құрастырған кезде көптеген қызықты мәліметтерді, видеобейне, флеш анимацияларды, электрондық оқулықтарды пайдалануға мүмкіндік берді. Осы бағытта физика пәнін оқытуда қолдануға ұсынылады.

Бұл әдісті химия сабақтарында қолданып жүрген ұстаздардың бірі Қызылорда облысы Қызылорда қаласының №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының химия пәні мұғалімі Болатқызы Салтанаттың пікірінше, осы әдіспен жұмыс жасағанда оқушылардың бұрынғы білімдері проблемалық ситуацияны тани бастайды, оқу проблемасын сезініп, оны шешу жолдарын қарастырады, шығармашылық сипатты өзіндік іздестіру әрекеті дамиды, өзіндік бақылау, өзіндік рефлексия жасау қабілеттері дамиды. Проблемалық оқытуды жүзеге асырудың кезеңдері: проблеманы қабылдауға әзірлік; проблемалық ахуал туғызу; проблеманы тұжырымдау; проблеманы шешу кезеңдері; таңдап алынған шешімнің дұрыстығын мүмкін болса іс жүзінде дәлелдеу.

Қызылорда қаласындағы №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернатының шет тілі пәнінің мұғалімі Көлбаева Оразкүл Абдурахимқызы, Орманова Ақерке Абайқызы, Ещанов Ғалымжан Мырзахметұлы бұл технология презентациялар технологиясы, бір жағынан, оқушыларға түрік тілі сабағынан жаңа материалды (бейнелеулер, суреттеулер, дидактикалық материалдар, т.с.с.) көрнекілік көрсету құралы болатын болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалды дайындауды және оны қолдану процесін де жеңілдетеді. Алдын-ала жүргізілген тәжірибелер, презентациялар технологиясын түрік тілі сабағында пайдалану балалардың оқуға деген ынталылығын арттырып, сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз етіп, оған дайындалу мерзімін қысқартады, ең бастысы – мұғалімдерді жаңа ақпараттық желілік технологияларды пайдалануға дағдыландыратынын айтады. Нәтижесінде компьютерлік технологияларды үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру мақсатында пайдалану, біріншіден, оқытушының жұмыс өнімділігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі; екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып,

балалардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады; үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кеңінен де пайдалануға болатындай жағдай туғызады. Сонымен қатар, меңгерудің әр кезеңдегі деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, мотив, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ағылшын тілін оқытудағы жаңа технологиялар жүйесін оқу процесіне енгізу білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Т. Жүргенов атындағы орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Аязбаева Нүрия Қайырбекқызы ақпараттық технология білім беру процесінде жаңа ақпараттық технология көмегімен орындалатын кез келген мәлеметтерді оқушыларға тиімді етіп беретін білім беру процесіндегі әдіс-тәсіл деп сипаттайды. Ақпараттық технология арқылы оқушылар көптеген мәліметтерді көзбен көре отырып, таниды. Күнделікті сабаққа видео-, аудио қондырғылары мен интерактивті тақтаны, компьютерлік желіні қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Қазіргі заман талабы бойынша білім беруді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі – оқу үрдісіне электронды оқулықтарды енгізу. Кез-келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық пен еңбек етуіне жағдай жасайды. Ақпараттық технологияны пайдалану кезінде оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру қажет. Мысалы, үйге тапсырма берген уақытта оның үйінде ақпаратты өңдейтін, саралайтын құралдардың болуы (компьютер, интернет желісі) және оқушыларға жеке тапсырмалар беру қажет екенін айтады.

Шиелі ауданы №45 мектеп-гимназияның қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахметова Сандуғаш Маралқызы қазіргі заман талабына сай АҚТ-ны қолданатынын айтады. Заманауи технологияларды қолдану оқушылардың білімін жан-жақты қалыптастыру, зертханалық лабораториялық жұмыстарын жасау арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге септігін тигізгенін байқаған. Қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын жоғарлатуға жұмыс жасау, ол үшін сапалы интерактивті тақталар болса деген ұсыныс айтқан.

Абдукамалова Гүлназ Оразбайқызы Қызылорда қаласы №4 дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернатта 20 жылдан бері биологиядан сабақ береді. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар мұғалімге өз пәнінің мазмұнын толығымен жеткізіп, қалыптастыруда оқушыларға ғылыми ұғымдарды жеңілдетуге мүмкіндіктер беретін маңызды көмекші құрал болып саналады. Оқушыларға сапалы білім беруде қазіргі заман мұғалімі АҚТ құралдарын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Мысалы: АҚШ-тың *PASCO SPARK Science Learning System*, *SPARKvue*, *Xplorer GLX* сынды АҚТ құрылғылары қазіргі таңда мектептерде қолжетімді. Бұл – оқу үдерісін арттыруға бағытталған бағдарламалық және практикалық жұмыстар мен жаттығулар жасауға негізделген құралдар. Зерттеу әдісі биологияны

оқытудағы басты үдеріс болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытып, сапалы білім беруде әрбір ұстаз алдында өз бетімен білім ала алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлға қалыптастыруда оқытудың қандай инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологияларын өз тәжірибемде қолдансам деген сыни көзқарас, мақсат және міндеттер тұр. Мұғалім бұл міндеттерді шешуде ақпараттық ресурстарды және техникалық жабдықтарды қолдана білу үздіксіз сапалы білім берудің негізгі шарты деп санайды. Оқушылардың оқу үдерісінде ақпаратты қалай қабылдайтындығы туралы АҚШ-тың ұлттық зертханаларының зерттеулері бойынша оқушылардың 10 %-ы тек оқу арқылы қабылдаса, 75-80 %-ы практика-тәжірибе барысында қалыптастырады екен. Осындай мәліметтерді негіздеу мақсатында, Гүлназ Оразбайқызы АКТ және оның ресурстарын қолдана отырып, зерттеушілік тапсырмаларды орындауда оқушылардың қаншалықты практикалық дағды қалыптастыра алатындығы туралы өз іс-тәжірибесінде рефлексия жасайды. Мұғалім үшін теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы – оларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін, оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жасалатын жағдай. АКТ құралдары мен ресурстарын қолдану арқылы оқушылардың уақытты тиімді пайдалану, мәліметтерді жинау, біріктіру, графикалық демонстрациялау, өз деректерін жинауға, талдауға негізделген есептеулер мен қорытынды жасауға үйренетіндігін көрсетті. АКТ ресурстары мен құрылғыларын биология сабағында қолдану – оқушылардың олармен жұмыс жасауда зерттеушілік дағдыларын қалыптастыратын, зерттеу барысында мәліметтерді талдау, жіберген қателерінен дұрыс болжамдар жасау, салыстыра отырып қорытынды жасау дағдыларына алып келетін оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдердің бірі.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы, №3 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Қайрханова Айгүл Сейсенайқызы ақпараттық технологияны сабақтарында қолдану нәтижесінде білім сапасы артуда. Жаңа ақпараттық технологияны сабақ беруде қолданудың негізгі мақсаттары: ғылыми-дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, практикалық және бағдарлы бағыттарға даярлау. Компьютермен жұмыс жасау ұстанымдары, ақпаратты беру тәсілдері және түрлі мәселелерді шешуде ақпараттық технологияның негізгі кезеңдері туралы білімдермен қамтамасыз ету, компьютерді түрлі практикалық міндеттерді шешуде сапалы, әрі тиімді құрал түрінде қолдану дағдыларын қалыптастыру, сабақтарда компьютерді, интерактивті тақтаны немесе басқа да ақпараттық технология элементтерін пайдаланса, олардың мүмкіндіктері: сабақ уақыты үнемделеді, тақтада жазылған тапсырмалар бойынша оның шығарылуы және тақтада сақталған шешім қосымша сабақтарда көмектеседі. Компьютерлік технология мен мультимедиялық құралдардың жылдам дамуы мұғалімдердің осы мүмкіндіктерді сабақтарында қолдануы талап етілуде. Ақпараттық технологиялар әртүрлі ақпарат көздеріне жол ашып, оқушылардың өзіндік жұмыстарының тиімділігін арттырады, оқушылар мен педагогтардың

шығармашылығына жол ашады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу үрдісін ұйымдастыруда ақпараттық технологиялар оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіртіп, оларды жоғары білімділік нәтижеге жеткізетін құралға айналады. Сонымен қатар осы мезетте оқушылардың шамадан тыс жүктелуін жою мақсаты қойылады. Осы мәселелердің барлығын іске асыру қазіргі заманғы білім беру технологияларын, соның ішінде ақпараттық технологияны белсенді түрде енгізгенде ғана мүмкін болады.

Ақтау қаласы №11 мамандандырылған физика-математикалық мектептің физика пәнінің мұғалімі Абылғазиева Саруа Қабдулқызы интерактивті оқыту технологиясын 2008 жылдан бастап өзінің педагогикалық іс-тәжірибесінде қолдануда. Бұл технология оқушыларды жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай дамыта оқыту арқылы өз бетімен іздендіруге жағдай жасайды. Нәтижесінде оқушылардың жаңа білім меңгеруге деген ынтасы артты, білімдері бекіді, оқу үлгерімдері жақсарып, білім сапасы артты, пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба байқауларына қатысып, жүлделі орындарды иеленді.

Интерактивті әрекет барысында оқушылардың сөйлеу, түсіндіру, талдау әрекеттері, диалогтік қатынас арқылы белсенділіктерін дамытуды назарда ұстайды. Сабақ процесінде жеке, жұптық, топтық жұмыстарды үйлестіріп отырады. Нәтижесінде сынып оқушылардың оқу үлгерімдерін жақсартып, білім сапасы арттырды. Олардың жаңа білім меңгеруге деген ынтасын арттырды, қызығушылығын тудыру арқылы жаңа сабақты өз бетімен іздену арқылы, әрі сыныптастарымен бірлескен түрде меңгеруге деген ынтасын тудырды.

Павлодар облысы Ақсу ауданының Дөнентаев атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Ақылбеков Данияр Болатұлы өз сабағында Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану оқушының интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізетінін айтады. Өйткені ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту анықталады. Ақпараттық технология оқушыларды ізденімпаздыққа үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құзыреттілігін арттырып, пайдалану арқылы ғылымның кез-келген саласын жылдам дамытып, одан нақты тиімді нәтиже алуға болады. Осы технологияны қолдану бойынша мұғалімнің ұсынысы: Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналар еді.

Май ауданы Қаратерек орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Камзин Қуаныш Серікбайқызы. Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видео құралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық

технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Жаңа технологиясы меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізді. Жаңа ақпараттық технология құралдарын қолдау адамзаттың әртүрлі сферасында, соның ішінде білім беру саласында көптеген өзекті маңыздылыққа қол жеткізіп отырғаны белгілі. Білім беруді ақпараттандыру: әр бір адамға білім алудың өзіне тиімді жолын таңдауға мүмкіндік беретін білім берудің ашық жүйесін орнықтыруға; білім алудың техникасын түбірімен өзгертуге; оқыту үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру; электрондық білім беру пайдалану арқылы даралап оқытуға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар артықшылықтар басым болды.

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау: музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейне клиптер, слайд шоу.

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алды.

3. Жүйенің білімді бақылаумен тез арада нәтиже алуы, орындалған жаттығулардың бағалануы. Бұл технология негізінде білім сапасын арттыру жұмыстарының мысалы ретінде тек білім беру саласында басқаруды автоматтандыру болғанын айтады. Нәтижесінде ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультимедиялық құралдарда сабақ кезеңдерінде пайдалану кезіндегі бұл құралдардың тиімді тұстарын атап көрсетсек, олар:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- тынымдық қабілетін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді.

Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – қолданушыны керекті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпындыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда есептеу техникасының өте жылдам дамып, оны ғылымның кез-келген салаларына қолданып, одан нақтылы нәтижелер алуымызға байланысты ғылым мен білімді одан әрі терең меңгертуде ақпараттық технологияларды қолданғанымыз аса маңызды. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол екенін айтады.

Екібастұз қаласының №17 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Адуова Замзагүл Әжібайқызы қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны қолдану, интерактивтік модульдік технология қағидаларын іске асыру

оқушылардың танымдық белсенділіктерін, білім сапасын, қазақ тіліне деген қызығушылығын жоғарылатуға көмектеседі. Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. яғни, ақпаратпен жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар. Мысалы, күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғылар мен теледидарларды, компьютерлерді, интерактивті тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім көз жеткізіп отыр. Ақпараттық технологияның кез келген түрінің қарқындап өсуі сапалы білім берудің бірден-бір қайнар көзі. Ақпараттық технологияны тілді игеруде пайдалану - тілді үйретудің ең төте де оңай жолы деп пайымдайды. Бұл технологияның тиімділігі оқушылардың өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға ұмтылып, тілге деген қызығушылығы оянып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді және мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Электрондық оқулық мектеп оқушыларын ақпараттық технологияны ерте меңгеруге көмектесіп, ОЖСБ мен ҰБТ тақырыптарына байланысты сұрақтарға өз бетімен білімдерін толықтыруына мүмкіндік береді. Сабақта оқушылардың шығармашылығын дамытып, өз бетімен ізденуге, алған білімін ұштауға, жеке тұлғасын, қабілетін, ынтасын, рухани әлемін дамытуға септігін тигізеді.

Павлодар қаласы №22 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ақпанова Айжан Хабибуловна оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологияларының бағыттары: а) электронды оқулықтар; ә) телекоммуникациялық технологиялар; б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар; в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет. Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары: олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады деп сипаттайды.

Павлодар қаласы №2 жалпы орта білім беру мектебінің математика пәнінің мұғалімі Наманаева Айнұр Қапезқызы ақпараттық технологияны пайдалануда сабақтың сапасы артып, уақытты үнемдеуге назар аударады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады: ақпараттық технологиялар арқылы, білім сапасы көтерілді; оқушылардың пәнге қызығушылығы артты; ақпараттық мәдениеті дамыды; сабақта уақыт үнемді пайдаланылды; оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамиды. Ақпараттық құзыреттілік – өзінің оқу қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпаратты қолдануға, логикалық операцияларды қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге, өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға; Коммуникативтік құзыреттілік – өзіндік пікірін білдіруге, түрлі

көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе білу. Пәндік құзыреттілік мақсатқа жетуде алған білім, біліктігі мен өмірлік тәжірибесін байланыстыру қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Ақсу ауданы Дөнентаев атындағы орта мектептің физика пәні мұғалімі Мүшкенова Эльвира Шүкірқызы сабағын ақпараттық-коммуникативтік технологиясымен оқытады. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. АКТ-лар оқу әрекетіндегі оқушылардың өзіндік іске асыруын, өзіндік ұйымдастыру қабілетін, белсенділік, шығармашылық үшін жаңа мүмкіндіктер беретін өнімді ақпараттық оқыту өрісін құруға көмектеседі; АКТ-лар информатиканың жобалау әдісін оқытудағы педагогикалық технологиялардың бірі ретінде қолдануға көмектеседі.

Павлодар қаласы №25 жалпы орта білім беру мектебінің Ахметжанова Гүлзат Нұрсапақызы физика пәнін АКТ-сы арқылы оқытады. Ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлайды. Дербес сыни тұрғыда ойлай білуге, пайда болған мәселелерді көре білуге және жаңа технологияларды пайдалана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға, өзінің алған білімдерін қоршаған ортада қай жерде, қалай пайдалануға болатынын саналы түрде түсіну білуге үйретеді.

Май ауданы, Қаратерек жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәні мұғалімі Камзина Аида Айдаргазинқызы АКТ-сымен 2012 жылдан бері оқытады. Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Ақпараттық технологиялардың ішіндегі мультимедиялық құралдарда сабақ кезеңдерінде пайдалану кезіндегі бұл құралдардың тиімді тұстарын атап көрсетсек, олар: оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады; тынымдық қабілетін қалыптастырады; этнопедагогикалық тәрбие береді; оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды; оқытушының уақытын үнемдейді; оқулықтан тыс, қосымша мәліметтер береді; ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Павлодар қаласы №2 орта мектебінің жоғары санатты информатика пәнінің мұғалімі Досанова Гүлбаршын Қуандыққызының іс-тәжірибесінен. АКТ технологиясын өзінің көп жылғы іс-тәжірибесіне енгізіп, Елбасымыздың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» халыққа жолдауында 2015 жылға қарай білім беру ұйымдарының 50 пайызы электронды оқулықты пайдаланып, 2020 жылға қарай оның саны 90 пайызға артады делінген. Жоғарыда атап өткендей, әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейінде Республика мектептерін

көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталынып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты – оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі адам ресурстарын арттырудың ұстанымдарын, шығармашылық ойлауды қалыптастырудың теориясын басшылыққа ала отырып әлемдік бәсекелестікке лайықты жаңа тұлғаны субъект ретінде тәрбиелеу болып отыр. Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына өсіп келе жатқан жеке тұлғаны субъект ретінде жан-жақты дамыту мәселесін қойып отыр.

Қазіргі оқушы: шыдамды, тапқыр; Дарынды, белсенді; Ізденімпаз, талапты; Өз алдына мақсат қоя білетін болуы керек. Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагог қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б, тіркестермен тығыз байланысты. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыруға болатын жаңа кезеңге енді. Қоғам мұғалімнен жоғары білімді, сапалы маман болуымен қатар жан-жақты, қоғам жағдайында өмірге толыққанды адам тәрбиелеуді талап етеді.

Әр мұғалім заман талабына сай білім беруде шығармашылықпен айналысып, оқу-тәрбие процесінде жаңа технологияны шебер қолданғанда ғана білімі мен білігі жоғары жетекші тұлға тәрбиелеп шыға алады. Тапсырмаларды орындау кезінде балалардың қызығушылығы жоғары, белсенді болады. Тәжірибе көрсеткендей, әдеттегі бірсарынды, сабақта үндемей отыратын оқушылар ойын кезінде өте белсенді болатын кездер жиі кездеседі. Олардың әрекеттері еркін және батыл болып, ойлаудың тереңдігін көрсете бастайды.

Ойын элементтерін сабақта дұрыс пайдалану нәтижесінде оқушылардың: Өз бетімен оқуға дағдыланады. Шығармашылық ізденіске жетелейді. Өз ісіне деген сенім пайда болады. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді. Шығармашылық белсенділіктері артады. Гүлбаршын Қуандыққызы сабақтарында ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып, келесі нәтижелерге қол жеткізді: Ақпараттық технологиялар арқылы, білім сапасы көтерілді; Оқушылардың пәнге қызығушылығы артты; Ақпараттық мәдениеттілігі дамыды; Сабақта уақыт үнемді пайдаланылды; Оқушылардың коммуникативтік қабілеттері дамыды.

Мультимедиалық технология

Ақтөбе облысы Шалқар қаласындағы №1 мектеп-гимназияның жоғары санатты информатика пәнінің мұғалімі Туралина Лаура Әлімқұлқызы өз сабақтарында мультимедиалық технологияны тиімді қолданып жүр. Қазіргі заманғы аудио, теле, визуальдық және виртуальдық коммуникациялардың білім беру оқыту процестерінде қолданылуын мультимедиалық технологиялар деп аталады. Ал осындай технологияларды қолдана отырып өткізілетін сабақтар медиа, мультимедиа сабақтар деп аталады. Мультимедиа – бұл компьютерлік технология мен бірге ақпараттық орта мүмкіндіктерін және графика, текст, видео, фотография, анимация, дыбыстық эффектілерді қолдану. «Мультимедиа» термині ХХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап енгізіле бастады. *Multimedia* – (ағыл.) көпкомпоненттік орта (текст, графика, видео және мультипликация). Бұл технология білім беру жүйесін ақпараттандыруға, білім сапасын арттыруға, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге, электрондық есептеуіш техникамен жұмыс істеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивтік құралдарды қолдануға, интернет желісін пайдалануға, телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда елімізде оқыту теледидарын құруға негізделген технологияның бірі. Қоғамның ақпараттандырылуы, жаңа медиа технологиялар білім беруге қойылатын талаптарды да өзгертеді.

Еуропа Одағының құжаттарында «медиа технология» алынған ақпарат негізінде өздерінің ой-пікірлерін айтуға қабілетті, ақпарат құралдарына сыни және өзіндік көзқарасы бар отандық азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиақұзыреттілікті дамытуға бағытталған оқыту технологиясы ретінде айқындалады. Мультимедиалық технологиялар адам қызметінің көптеген бағыттарына төңкеріс жасады. Білім беруде мультимедиалық технологиялар ең ауқымды технологиялардың бірі. 2007 жылы өткізілген Бірінші медиа-сабақтар Фестивалі Қазақстан Республикасында үлкен резонанс туғызып, оқыту процесіне медиатеchnологияны енгізу бұл- телерадио, бейне-аудио, интернет сабақтарын, электрондық оқу құралдары мен қашықтан оқыту жүйесін қолдануға, жүзеге асыруға, дамуына ықпал етіп, кең мүмкіндік беретінін дәлелдеп берді. Лаура Әлімқұлқызы бұл медиатеchnологияны өз мектебінде 2012-2013, 2013-2014, 2014-2015 оқу жылдары бойынша өткізілген «Мектептің медиаорталық мекеменің жанашылдық білім іс-әрекетінің нәтижесі тәріздес» эксперимент нәтижесінде 3 жыл қатарынан қолданып келеді. Негізінде медиатеchnология қолдану аясына мыналар жатады: Интернеттен сабаққа қатысты материалдар, бастысы бейнематериалдармен жұмыс жасау; Басқа мектептегі оқушылардың сабағына виртуалды қатысу, пікір алмасу, видеоконференциялар ұйымдастыру; Офистік бағдарламалар арқылы көркемдік, есте қаларлық сабақтар ұйымдастыру; Flash технологиясы арқылы электронды ресурстар дайындау. Медиатеchnология арқылы өткізілген медиасабақ, соңғы ғылыми жетістіктер дәлелдегендей, ақпаратты көрнекі қабылдау принципіне негізделген және ол оқушының алған білімін тереңірек

түсіну мақсатында индуктивтік, дедуктивтік тәсілдерді пайдалана, олардың әртүрлі танымдылық қасиеттерін екпінді түрде дамытуға, танымдық үрдісін басқарудың түрлі-түрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл медиатеchnологияны қолдану барысында екі сыныпты қатар салыстырғанда, медиатеchnология арқылы өткізілген медиасабақта берілген тапсырма жай сабақта түсіндірілген сабақтан нәтижелілігі, сыныптың сапалық көрсеткіші және оқушының меңгеру деңгейі жоғары болады. Медиатеchnологиямен өткізілген сабақтарда мұғалім, негізінен, тапсырмаларды берудегі, нәтижелерді белгілеп баға қоюдағы қиын жұмыстардан босатылып, кеңесші ролін атқарады. Ал берілген уақыттан тапсырманы ерте бітірген оқушылармен жеке кеңес өткізу мүмкіндігіне ие болады. Дәл осындай сабақтарды өткізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, оның ішінде оқушы өзінің ақпараттық сауаттылығын пайдалана отырып, виртуалды әлем мүмкіндіктерін игеруге кең мүмкіндік алады. Ең беделді медиапедагогтардың және медиатеоретиктердің бірегейі Л. Мастерман (*L. Masterman*) қазіргі әлемдегі медиатеchnологияның маңыздылығы мен басымдығын айқындайтын себебін негіздеп берді: 1. Медианы тұтынудың жоғары деңгейі және қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарының шектен тыс көптігі. 2. Медианың идеологиялық маңыздылығы, өнеркәсіптің саласы ретінде олардың аудиторияның санасына ықпалы. 3. Медиаақпарат санының жылдам өсуі, оны басқару және тарату тетіктерінің күшеюі. 4. Негізгі демократиялық процестерге медианың ену интенсивтілігі. 5. Барлық салада визуалды коммуникация мен ақпарат маңыздылығының артуы. 6. Болашақ талаптарға сәйкес бағдарланған оқушыларды оқытудың қажеттілігі. Мұғалімнің ұсынысы: Кез келген мұғалім медиатеchnология туралы, медиа сабақтарды өткізу мүмкіндігін төмендегі көрсетілген Интернет ресурстарынан алуына болады. <http://www.school.edu.ru/default.asp>. <http://www.1september.ru/>, <http://www.internet-school.ru/>, <http://www.it-n.ru/>. <http://www.mediaedu.ru/>.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Қараевтың насихаттап жүрген деңгейлеп оқыту технологиясының басты ерекшелігі: оқушыны жан-жақты мүмкіндігін ескере отырып, жеңілден ауырына қарай деген принципті қолдана отырып, жүйелі түрде қойылатын мақсат – білім, білік дағдыларын тұрақты болуына, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің дамуына ықпал ету. Ол үшін оқушылар мынадай әдіс тәсілдерді қолдану қажет: берілген тапсырмалардың ерекшелігіне көңіл бөлу; берілген тапсырма қызықты, маңызды болған кезде ғана оқушылардың сабаққа

қызығушылығы артады.

Оқыту технологиясының негізгі сатылары:

1. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
2. Төменнен, жоғарыға қарай деңгейлік тапсырмалар беру.
3. Оқушылардың тақырыптан алған білімдерін бекіту.
4. Оқушылардың білімдеріне сай үлестірмелер тарату. Яғни, «5», «4», «3»-тік білімге сай.
5. Оқушылардың білімін қолма-қол бағалау.

Педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Өйткені қазіргі экономикалық жағдай оқушының жаңа үрдістерін талап етуде. Сондықтан ғылыми ізденіс барысында педагогика саласындағы оқытудың деңгейлік жүйесі оқушыларға ғылым негізін меңгерудің негізі тиімді жолы болып табылады. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Сонымен бірге қазіргі жаңа технологиямен оқыту барысында компьютерлер мен оларды басқарушы алгоритмдер біздің қоғамымыздың маңызды бөлігіне айналды. Олай дейтініміз, бүгінгі таңдағы жаңадан шығып жатқан электронды оқулықтар оқушының жаңаша оқытылуын, жаңа оқу әдістерін, жаңа мазмұнды қажет етеді. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты – әрбір оқушы өзінің даму деңгейінің оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету [6].

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялын, ойын ұштайды.

Оқушының білімді меңгеру сатысы:

1. Шығармашылық.
2. Эвристикалық.
3. Алгоритмдік.
4. Оқушылық деңгей.

Оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту үшін қажет:

1. Өз бетінше тапсырма беру (тарихи есептер, логикалық есептер).
2. Тарихи мағлұматтарға байланысты рефераттар қорғау.

Деңгейлеп оқыту барысында оқушылардың есте сақтау қабілеті жақсарып, өз эмоциясын өзі басқара білетіні, зейіннің тұрақтылығы, ойлауы дамидыны байқалады. Бірінші деңгей тапсырмаларды білімнің минималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшеліктеріне сай болады. Екінші деңгей тапсырмалары түрленіп, күрделене түседі. Бірінші деңгейден бастау алған сөйлесу үшінші деңгей оқушылардың шығармашылыққа деген мотивтердің айқын қирінуімен логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, ісіне талдау жасай білуімен, білімді жаңа жағдайға

пайдалануымен сипатталады. Танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі жұмыстарды іздеп өз бетімен орындайды. Төртінші деңгей дарынды, ізденімпаз, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналады.

Оқыту практикасында деңгейлеп оқыту технологиясын енгізу оқу ақпараттары көлемінің ұлғаюы, оқушыларға түсетін «салмақтың» артуы басты себеп болды. Деңгейлеп оқыту – оқытылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әртүрлілігі жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты - әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз ету.

Деңгейлеп оқытудың ерекшеліктері:

1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді.

2. Деңгейлеп оқыту әртүрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3. Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақыты мен күшін дұрыс пайдалануына мүмкіндік береді.

4. Оқушының жеке тәжірбесіне негізделген оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін [7].

Ақмола облысы Ерейментау қаласының №1 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Мұқашева Торғын Боранбайқызы деңгейлеп-саралап оқыту:

1. Түрлі сынып құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі оқыту жағдайларын жасау.

2. Сыныптарда оқытудағы әдістемелік, педагогика-психологиялық және ұйымдастыру шараларын қамтамасыз ету.

Саралап оқытудың негізгі түрінің бірі-жекелеп оқыту. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей, сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс екенін айтады. Технологияның өзіндік ықпалы зор. Оқушыларға өздік жұмысын ұйымдастырып өткізуге көмегін тигізді. Оқушылар өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізді. Сабағында оқушылардың бір-бірін бақылау мүмкіндігі олардың арасында жарысу жағдайын туғыза отырып, әр оқушы өзінің ілгерілеу динамикасын жоғары бағытта көрсетуге ұмтылады. Әр жаңа тақырып бойынша жасалған деңгейлік жұмыстардың үш деңгейге бөлінуі үй жұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Диагностикалық әдіспен оқушының ойлау-логикалық қабілетін зерттеген. Әр тарау бойынша берілген деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі сол тоқсан

аяғында жақсы көрсеткішке жетті. Қараевтың деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы мынандай 4 түрге бөлінген:

1. Репродуктивті деңгей-жалпыға бірдей стандартты білім негізінде тапсырма беріледі. Мұнда тапсырмалар оқушылардың алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқушыға байланысты.

2. Алгоритімдік деңгей-мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған ақпаратты пайдалана отырып орындайды.

3. Эвристикалық деңгей-оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді қолдана отырып жауап береді.

4. Шығармашылық деңгей-оқушының таза өзіндік шығармашылығын байқатады. Деңгейлеп, саралап оқыту әр оқушының белсенділігін оятады. Сыныптағы барлық оқушы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Оқушы өз бетімен жұмыс жасау кезінде тиянақтылыққа, ұстамдылыққа үйреніп, жауапкершілігі артады.

Ақкөл қаласындағы Ақкөл орта мектептің химия пәнінің мұғалімі Сайфидинова Дана Қалқаманқызы білім беруде деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолданады. Дана Қалқаманқызы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын өзінің іс-тәжірибесінде қолдануда оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгеруін мақсат етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деп бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І деңгейден бастап орындайды және «3» деген бағамен бағаланады. І деңгейлік тапсырмаларды орындау Мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Әрбір оқушы І деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда үлгерімі төмен, «баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса, не істеуге болады деген сұрақ туындайды. Мұндай жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Мұғалімнің ұсынысы: деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, онымен қоса ғылыми-әдістемелік құжаттармен және ұсыныстармен қамтамасыз етілсе, онда дәстүрлі оқытудың төмендегідей мәселелерін шешуге болады: оқушылардың 100 пайыздық үлгерімі қамтамасыз етіледі; оқушылардың жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік туады (үй тапсырмасы азаяды); оқушылардың оқу қызметтерінің нәтижелері әділ бағаланады; оқушыларда сәтсіздік, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады; дарынды оқушылар дер кезінде анықталып, оларды дамытуға жағдайлар жасалады; танымдық процестерді, оқушылардың таным қабілеттерін зерттеу әдістері жүйеленеді; олимпиада, конференция жүлдегерлері, шығармашылық жұмыстардың жеңімпаздар саны артады.

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының №45 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Суликанова Қаракөз Тубасовна бір сыныпта, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әр түрлі деңгейде игере алу

деңгейлік саралау деп аталады. Деңгейлік тапсырмаларды пайдалану арқылы балалар жаңа тақырып бойынша өз ойларын ашық айтуға, өз бетімен жұмыс жасауға және оған қорытынды жасауға үйренеді. Үй жұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Өздігінен ізденіп, пікір таластыру деңгейіне де жетіп, үнемі даму үстінде болатын тұлға тәрбиеленеді. Оны қолдану нәтижесінде әр оқушы өзінің деңгейін біліп алға деген ұмтылыс болады. Жасаған әр дұрыс тапсырмасына қуанады. Бұл технология арқылы класындағы оқушылардың деңгейін ғана біліп қоймай, сонымен қатар олардың дарындылықтарын да анықтай алатынын. Баланы керекті бір салаға бейімдеуге мүмкіндік беретінін айтады. Оқушының қиын ситуациялардың шешімін тез арада қиналмай табады. Бұл технологияның әдістері арқылы оқушыларды бағалаған кезде тақтаға деңгейлерін іліп қойса, балалардың арасында өзара сайыс туындайды және бойында бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға болады. Оқушыны еңбекқорлыққа үйретеді. Пәнге деген қызығушылық пайда болатынын айтады.

Әйтеке би ауданының Абай атындағы орта мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Есентемірова Айжамал Жаксыбекқызы саралап-деңгейлеп оқыту арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін жетілдіретінін айтады. Оқушы осы технология арқылы жаңа материалдарды арнайы программа арқылы тез меңгере алады. Технологияны қолдана отырып, ағылшын пәнінің оқу сапасын, оқушылардың шығармашылық деңгейін көтеру мақсатына жету үшін оқушылармен жеке дара жұмыстар ұйымдастырған. Бұл технологияда жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау екендігін айтады. Ағылшын тілінен оқушының білім сапасын жетілдірудегі жетістіктер деңгейлеп оқыту технологиясында жүйелі әрі үзіліссіз дамытуды көздеген төмендегідей жұмыстар құрылыммен іске асады: жаңа тақырыпты өткен тақырыппен байланыстыра отырып ұғындыру әрекеті; жалпы білімді игертудегі деңгейлік тапсырмалар түрлері(I,II,III деңгей); тест тапсырмалары; өзіндік жұмыс: қатемен жұмыс. Қорыта келгенде, мұғалім саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы – оқушылардың білім сапасын арттырудың негізгі кепілі екенін айтады.

Темір ауданының №4 Шұбарқұдық орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Айтжанова Гүлжан Мұқанқызы өз сабағында деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын, оқу циклінің ұдайы қайталанатын оқу модульдеріне сәйкес модульдік технологияны, дамыта оқыту технологиясын, сындарлы оқыту технологиясын және жетістікке жетелейтін оқыту технологиясын қалданатынын айтады. Ағылшын тілі сабағында әр оқушының деңгейіне байланысты Ж.А. Қараев технологиясына сүйене отырып, деңгейлік тапсырмалар дайындайды. Нәтижесінде ағылшын тілі сабағында диалогтық қарым-қатынас арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастырып, шығармашылыққа баулиды, сабақта алған білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, сыни көзқарастарын дамытатынын байқаған.

Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Далеуова Зәуреш Асанқызы «Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы» жаңаша өзгеше мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуге талап етеді. Технология әдісінің ерекшелігі – сабақ барысында оқушы бірнеше деңгейде жұмыс жасай алады. Бұл технологияның басты мақсаты – оқушыларды жікке бөлуді болдырмау, сабақта барлық оқушы оқу қабілетіне қарамастан жұмысты бірінші деңгейден бастайды және оны орындауға міндетті, одан жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Технологияның ерекшеліктері: білім стандартына сай толық нәтиже береді; мақсатты диагностикаға қарай ден қоюға және оқу нәтижесін шынайы дәл бағалауға қол жеткізеді; дидактикалық үрдістің тұтастығын айқындайды; оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайды. «Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы» оқыту әдісінің құндылығы: жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау арқылы дарынды баланы таңдауға мүмкіндік береді; оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг ұпай жинау әдісіне баулиды.

Әйтеке би ауданының Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қайырбаева Асылгүл Қайыржанқызы балалардың логикалық ойлауын дамытуға, оқу белсенділігін арттыруға деңгейлеп оқыту ерекше әсер береді. Деңгейлеп оқытуда көзделетін мақсат – балаға білімді даяр түрде берілмей, мұғалім баяндап бермей, олардың алдына белгілі проблеманы міндетті қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау деп сипаттайды. Нәтижесінде баланың білетіні мен білмейтінің және проблемалы міндетті шешуге дайын тұрған тәсіл болғандықтан, проблемалы жағдай пайда болады, осыған орай, баланың ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Осы технологияларды қолдана отырып, шығармашылық іс-әрекет талаптарды орындау мақсатында, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Жан-жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Түрлі сұрақтар арқылы сол тақырыпқа байланысты ой шақыру, ойын тұжырымдау, қасындағы балалармен пікірлесу, топтасуы, өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жететінін айтады.

Ақтөбе қаласындағы №8 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Байменшина Мөлдір Әбілғазықызы деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеу деп атап көрсеткен. Оқушыларға берілетін деңгейлік тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады: I деңгейдегі тапсырмаларға: 1) жаттап алуға лайықталған болуы; 2) алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі; 3) тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек; II деңгейдегі тапсырмаларға: 1) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет. 2) оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет.

Бұлар : логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар. III деңгейдегі тапсырмаларға: 1) танымдық-іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп , тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс; 2) әртүрлі әдіс, тәсілдермен шешілетін есептер; 3) өздігімен мысалдар мен есептер құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар. Ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар. IV – шығармашылық деңгей тапсырмалары: 1) оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін бомаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген. 2) олимпиадалық есептер; 3) берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау. Яғни бұл тапсырмалар оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болатынын айтады.

Ақтөбе қаласы №51 гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Байғазина Сайлаубике Сағынғалиқызы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті 3 деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – класс оқушыларын «қабілетті-қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын жұмысты 4 деңгей бойынша орындайды. Әрбір оқушы бір деңгейді орындауға міндетті. Сонымен қатар жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулиды деп сипаттайды.

Оқушылары осы технологияны қолдану барысында төмендегідей нәтижеге жеткен: 1. Әр тапсырманы орындап болғаннан кейін жіберілген қателіктерге талдау жасалады. Келесі тапсырманы орындау кезінде оқушылар қателерін қайталамауға тырысты. 2. Әрбір оқушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланды. 3. Оқушының Жеке өзіндік қабілеті айқындалды. 4. Алға ұмтылысы, талпынысы және іштей бәсекелестігі артты. 5. Оқушының ойлау қабілеті жетілді. 6. Уақытты үнемдеуге үйренді. Сонымен қатар 3-сыныптың қазақ тілі пәнінен 2 нұсқада төрт деңгейге негізделген деңгейлік тапсырмалар әдістемелік құралы облыс көлемінде шығарылып, таратылғанын айтады.

Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Кенжебаева Бибінұр Ормантайқызы деңгейлеп оқыту технологиясымен жұмыс жасағанда ерекше ұнаған тұстары: оқушы білімді деңгейіне қарай көрсете алады, өзара білімдерін салыстыра отырып, жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындауға талпынады. Бағалаған кезде де, бағалау парағындағы шкала бойынша тиісті бағасын алады, бағаға деген реніш тумайды. Шығармашылықпен жұмыс жасауға да талпынады. Арасынан көшбасшылар суырылып шығып, мұғалімге көмекші де бола алады. Әр оқушы

өзі жеке папка арнап, өз жетістіктерін саралап, кемшіліктерін де айқын көріп отыратынын айтады.

Ақтөбе қаласы №55 жалпы орта білім беретін мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Қалиева Манат Шайхеевна деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын оқу-тәрбие процесіне енгізіп және ғылыми-әдістемелік құжаттар мен ұсыныстармен қамтамасыз етілсе, онда дәстүрлі оқытудың төмендегідей мәселелері шешілетінін айтады:

- оқушылардың 100 пайыздық үлгерімі қамтамасыз етіледі;
- оқушылардың жүктемесін оңтайландыруға мүмкіндік туады (үй тапсырмасы азаяды);
- оқушылардың оқу қызметтерінің нәтижелері әділ бағаланады;
- оқушыларда сәтсіздік, қорқыныш, мазасыздық сезімі жойылады;
- дарынды оқушылар дер кезінде анықталып, оларды дамытуға жағдайлар жасалады;
- танымдық процестерді, оқушылардың таным қабілеттерін зерттеу әдістері жүйеленеді;
- олимпиада, конференция жүлдегерлері, шығармашылық жұмыстардың жеңімпаздарының саны артады.

Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі – дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Болашақта оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтік талап-тілектерді ескере отырып дамыту, ғылыми жетістіктер мен педагогикалық тәжірибелерді жаңартуға, мұғалімдерді ақпараттық қамтамасыз етуді, біліктілігін үздіксіз көтеруді қажет етеді деп атап көрсетеді.

Киикбаева Айгүл Камаланқызы – Ақтөбе қаласының №55 ОМ-нің математика пәнінің мұғалімі. Деңгейлеп-саралап оқыту барысында біріншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады; екіншіден әр оқушы өзіне тән қарқынмен, өз білімінің деңгейінде жұмыс жүргізе отырып, сабақта қойылған мақсатқа жету үшін қажетті қабілеттерін, білік дағдыларын қалыптастырады. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, толық орындап болғаннан кейін келесі деңгейге көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайды туғызады және әр оқушы деңгейіне байланысты бағаланады, сонымен қатар әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне де деңгейлік тапсырмалардың ықпалы зор.

Абуова Қарлыға Қоғабайқызы – Ақтөбе қаласы №37 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі. «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І-деңгейден бастап орындайды. І-деңгейдің тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І-деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І-деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы

деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. I-деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы - оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолдананылаты рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өздігінен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударады. Болашақта оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтік талап-тілектерді ескере отырып дамыту, ғылыми жетістіктер мен педагогикалық тәжірибелерді жанартуға, мұғалімдерді ақпараттық қамтамасыз етуді, біліктілігін үздіксіз көтеруді қажет етеді.

Тұрарова Гүлжанат Тәңірбергенқызы – Ақтөбе қаласының №55 ОМ-нің математика пәні мұғалімі. Деңгейлік оқыту технологиясы - оқуды бағалау және оқытуды бағалау; дарынды және талантты балаларды оқыту; сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер; оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту; АКТ-ны қолдану және көшбасшылық модульдерінің мәнмәтініне негізделген. Бұл технология педагог кадрлардың біліктілігін одан әрі көтеріп, оқытуды жақсартуды көздейді. Деңгейлік оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану нәтижесінде оқушылардың сыни ойлауға үйренуі, адамгершілік тұрғысынан бір-біріне деген жанашырлық, достық қатынаста болып, өз білімдерін ортаға салып, өзіндік пікірлерін айтып, балалардың болашақта қоғамдық ортада өзіндік ой пікірі бар тұлға болуына септігін тигізеді. Сонымен бірге оқушының білімінің қай сатыда екендігін, әрі қарай қалай жылжу керектігін, яғни өзін бағалауға үйретеді. Оқушыны жалпы өмірге деген құлышынысын оятуға ықпалын тигізеді.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын Ақтөбе қаласы №40 орта мектебінің химия пәні мұғалімі Шамшина Жарқыра Қайырханқызы да өзінің педагогикалық іс-тәжірибесінде қолданып келеді. Мұғалім деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының міндетті шығармашылық деңгей талаптарына жеке тоқталып, олардың оқушының білім сапасын көтеруге ықпалы зор екендігін атап көрсетеді. Әрбір оқушы I деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Бұл технология оқушылардың тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне талдау жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Оқушының білімді меңгеру сатысы мынадай деңгейлерден тұрады: 1) Оқушылық; 2) Алгоритмдік; 3) Эвристикалық; 4) Шығармашылық. Барлық оқушылар жұмысын бір мезгілде бастап, әрқайсысы білім игерудегі өз қабілетіне қарай өз биігіне жетеді. Бірінші деңгейдегі тапсырмалар жаттап алуға лайықталған болуы және жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек. Екінші деңгейдегі тапсырмаларға өткен материалдарды реттеуге, жүйелеуге берілген тапсырмалар және оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырмалар жатады. Үшінші деңгейдегі

тапсырмалар: танымдық-іздену, түрлі тәсілдермен шешілетін есептер, өздігінен мысалдар мен есептер құрастыру; өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар. Төртінші деңгей тапсырмалары: олимпиадалық есептер; берілген тақырыпқа өз бетімен реферат, баяндамалар дайындау. Мұғалім деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын өзінің іс-тәжірибесінде қолдана отырып, оның нәтижелілігіне көзі жеткен: оқушының өз қабілетіне, болашағына деген сенімі артады; оқушының пәнге қызығушылығы артып, оқуға ынталандырады; оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастық қарым-қатынасы мен достығы нығаяды; оқушының өз білімін өзі бағалай білуіне, бағаның әділдігіне, білім көрсетудің әділ сайысына мүмкіндік береді.

Атырау облысы Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Байдешева Гүлшат Мұхамбетжанқызының деңгейлеп-саралап оқыту технологиясына байланысты іс-тәжірибесінен. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, косымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. I репродуктивтік деңгей. Бірінші деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Барлық оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті, ал жоғары деңгейлік тапсырмаларды да орындай алуы қажет. Оқушылар жұмысты бір мезгілде бастап, білім игерудегі өз қабілеттерін анықтайды. Міндетті деңгейді толық меңгергеннен кейін келесі деңгейге өтеді. II алгоритмдік деңгей. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыра отырып, оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін екінші деңгей тапсырмаларын орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек. III ізденіс (эвристикалық) деңгейінде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек. IV шығармашылық деңгей. Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Олимпиадалық есептер, шығармашылық тапсырмалар—оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өздігінен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Алгебра, геометрия сабақтарында бұл технологияның пайдасы қазіргі кездегі алгебра, геометрияны терең меңгеруге, жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді. Қызықты тапсырмалар мен жаттығулар түрлері білімді меңгерумен қатар, оқушылардың танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін арттырады. Оқушылардың ойлау қабілетін күшейтеді, күрделендіреді. соның әсерінен ойлау жүйесін дамытады. Оқушылардың алған білімдерін тереңдетеді, сабақтың сапасын жақсартады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Еспосынова Бақытгүл Бержанқызы – Атырау қаласы, №9 Ш. Уалиханов атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі. Ж.Қараевтың

деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өздігінен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын, жақсы оқитынына қарамастан жұмысты І-деңгейден бастап орындайды. І-деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. І-деңгейді орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушы І-деңгейді орындауға міндетті және одан жоғарғы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға құқылы. Деңгейлеп-саралап оқытуда оқушы өз қабілетіне, болашағына сенеді, ынтасы артады, оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынас достығы нығаяды. оқушы өз білімін өзі бағалауды үйреніп, баға әділдігіне көзі жетеді. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы мектеп курсына пайдалануға қолайлы. Жақсы нәтиже береді.

Осы технологияны сабағында қолданып жүрген Алматы облысы Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығының шет тілі пәні мұғалімі Нұрлыбаева Ләззат Асқарқызы мұндағы мұғалімнің негізгі мақсаты: оқушы өз бетімен көп ізденіп оқиды, өзін-өзі танып дамытады, қоғамға қызмет етуге талаптанады. Мұғалім өз ісінде бала бойындағы пікірін, көзқарасын тындап, бағыт беруі керек. Мұғалім оқушы бойында көшбасшылық қабілетін дамытатынын айтады. Нәтижесінде оқушылар өз бетінше жұмыс істеуге, бір-бірлерін бағалауға, сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланғанын байқаған. ОМЖ мен ҚМЖ жоспарларының жазылу үлгісі бірдей болса деген ұсынысын білдіреді.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын Қарағанды облысы Қарағанды қаласы №92 гимназиясының 20 жылдан бері ұстаздық етіп келе жатқан химия пәні мұғалімі Ысқақова Зәмзагүл Бақтыбайқызы 5 жылдан бері өз сабақтарында пайдаланып келе жатыр. Зәмзагүл Бақтыбайқызының ойынша, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдалану нәтижесінде дарынды оқушылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түсті; үлгерімі төмен оқушылар оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылды; күшті топтарда оқуға деген ынта арта түсті; білім дәрежесі бірдей оқу топтарында оқу жеңілдеді. Технологияны қолданудың нәтижелілігі: оқушылар қалалық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді; 11 сынып оқушылары ЖОО-на оқуға түсуге жеңілдіктер алды; білім сапасы артып, ҰБТ-дің сапалық көрсеткіші жоғарылады: 2013-2014 оқу жылында химия пәнінен орташа ұпай 18 болса, білім сапасы 100 пайызға жетті, ал 2014-2015 оқу жылында химия пәнін таңдаған «Алтын белгі» иегері 25 ұпай жинап, 100 пайыздық сапалық көрсеткішке ие болды. Ұсынысы: Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолдану арқылы оқу процесінде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін, оқушылардың табиғи қабілеттеріне, қызметтеріне сәйкес жоғары

деңгейге көтерілуіне, әрі дарындылық, таным, ойлау қабілеттерінің ашылуына толық жағдай, яғни оқу-техникалық, әдістемелік көмектен басқа, психологиялық демеу де жасалуы қажет.

Қарағанды қаласы №92 гимназияның жоғары санатты дүние тану нәнінің мұғалімі Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын өзінің іс-тәжірибесінде қолданып жүр. Профессор Ж. Қараевтың біз қолданған деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударады. Деңгейлік тапсырмалар төмендегі ретпен қарастырылады: I – репродуктивтік деңгей. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Барлық оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті. Оқушылар жұмысты бір мезгілде бастап, білім игерудегі өз қабілеттері анықтайды. Міндетті деңгейді толық меңгергеннен кейін келесі деңгейге өтеді. II–алгоритмдік деңгей. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыра отырып, оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін екінші деңгей тапсырмаларын орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек. III–ізденіс (эвристикалық) деңгейінде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек. IV–шығармашылық деңгей. Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Олимпиадалық есептер, шығармашылық тапсырмалар–оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технология сапалы білім негізі бола алады. Бүгінгі күннің басты мәселесі – әлемдік білім беру кеңістігіне сай сындарлы білім бере отырып, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту арқылы білімді жетілдіру. Оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету мақсатында мұғалім оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін ескеру керек. Әсіресе оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап ететін деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау. Оларды өздік жұмыстар, таратпа материалдар, тестік және үй тапсырмалары түрінде беруге

болады. Әр тарау бойынша дұрыс құрастырылған деңгейлік тапсырмалар сапалы білім негізі бола алады, өйткені ол оқушының білім сапасының дамуын, логикалық ойлауын, дағдысын қамтамасыз етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы оқушының белсенділігіне аса назар аударылды. Сондықтан мұғалім өз іс-тәжірибесінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуды, өздігінен жұмыс жасауға дағдыландыру жүзеге асыру мақсатында деңгейлік тапсырмалар құрастырып, топтық, жұптық жұмыстарда пайдаланған. Оқушылардың теориялық және практикалық білімдерін ұштастыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін ой-өрісін дамыту қажет. Осылай құрастырылған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осындай тапсырмаларды жүйелі түрде орындап отыру мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында көрсетілген білім беру мазмұнын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету міндеттеріне де жауап береді. Функционалдық сауаттылықтың маңызы жеке тұлғаның оқу әрекетін өздігінен жүзеге асыру қабілетінен көрінеді, яғни біз атап өткен сындарлы оқыту, сонымен қатар білімін өмірде тұрақты пайдалана алуы, әлеуметтік қарым-қатынаста, түрлі өмір жағдайларында мәселелерді шешу үшін икем-дағдыларды жүзеге асыру болып табылады. Ел үшін бұл стратегиялық маңызды мәселені шешуде жеке тұлғаның жігерлілігі, шығармашыл ойлау қабілеті және дәстүрлі емес шешімдерді таба білуі, кәсіби бағытты таңдай білуі, өмір бойы оқуға дайын болуы басты функционалдық сапа болып танылады. Аталған барлық функционалдық икем-дағдылар бастауыш сыныптарда қалыптасады. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда да біз ұсынып отырған жұмыс оқушылардың жан-жақты дамуына түрткі болары сөзсіз.

Қостанай облысы Арқалық қаласының М.Әуезов атындағы №5 орта мектебінің 20 жылдық еңбек өтілі бар бастауыш сынып мұғалімі Мекебай Жұмакүл Шүкірқызы деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді. 1) Деңгейлік оқыту әр оқушыға өз мүмкіндігін пайдаланып білім алуына мүмкіндік береді. 2) Деңгейліп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 3) Деңгейлеп саралап оқытуда білімді игерудің үш деңгейгі қарастырылады деп сипатама берген. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдаланудың нәтижесі: оқушы өз білімінің деңгейіне жұмыс істейді; оқушы өз бетімен жұмыс істеу кезінде тиянақтылыққа, ұқыптылыққа, ізденушілікке дағдыланады; оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнайды деп атап көрсеткен. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдалану барысында төмендегі жағдайларға: 1) тапсырмалардың мазмұндық жүйесіне; 2) оқушының тұлғалық ерекшелігіне; 3) түпкі нәтижеге назар аудару қажет деген ұсыныс айтады.

Рудный қаласының №7 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Исмагулова Айдана Туленбайқызы саралап оқыту технологиясы арқылы оқушылардың шығармашылық, ойлау, болжау жасау қабілеттері дамиды, алдын ала

тапсырмалар арқылы оқушыларды өздігінен жұмыс жасау біліктіліктері дамиды деп айтады. Нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, білім сапасы артып, пән олимпиадасында жүлделі орындар алып, әр деңгейдегі қашықтық олимпиадаларға, сайыстарға қатысқандығын айтады.

Қостанай ауданының Н. Наушабаев атындағы Затобол орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Дулыбай Әйгерім Алпысқызы бұл технологиямен жұмыс барысында оқушылар бір-бірінің алға жылжуын бақылау мүмкіндігіне ие болып, олардың арасында жарысу жағдайы туады. Әр оқушы өзінің ілгерілеу динамикасын жоғары бағытта көрсетуге ұмтылады. Әр жаңа тақырып бойынша жасалған деңгейлік жұмыстардың үш деңгейге бөлінуі, үй жұмысын жақсы ұйымдастыруға және реттеуге мүмкіндік береді. Себебі, тақырыпты меңгеудегі төрт деңгейлік тапсырмалар үлгісі өте жақсы оқушыға есептеліп, соған сәйкес құрылғандықтан, бұл жұмыстарды толық, сабақ үстінде орындап бітіруге, барлық оқушылардың мүмкіндігі жете бермейді. Сондықтан да, олар үйде өз бетімен немесе сабақтан тыс уақытта мұғалімнің көмегімен аяқтауға беріледі. Ең жоғары деңгейдегі шығармашылықты қажет ететін тапсырмаларды, дарынды да, еңбекқор оқушылар орындай алады деп сипаттайды. Деңгейлік саралау оқушылардың білімін жаңа әдіспен, яғни рейтинг жүйесі бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Деңгейлік тапсырмаларды орындаған оқушылар басқа оқушының берілген тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын өз бетімен бақылап отыра алады. Нәтижесінде оқушылардың табиғи қабілеттері мен дарындылық қасиеттерінің ашылуына жақсы жағдай жасалады. Жаңаша өзгерген мақсат оқушылардың өздігімен танып, іздену іс-әрекетінің әдістерін меңгерулерін талап етеді. Бұл жағдайда бірінші орынға оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылады. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері болып, оқытудың дербес және топтық түрлері табылады. Оқытудың бұл түріндегі ең бастысы – оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйене отырып, өз беделі мен қадір-қасиетін сезімін дамыту. Оқытудың фронталды түрі, бағыт беру, талқылау, түзету енгізуде ғана пайдаланылады.

Қарасу ауданының Октябрь орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Наурызбекова Бахыткүл Алпысбайқызы оқытудың жаңа технологиясының бірі-педагогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі іліміне сүйене оқыту екендігін айтады. Нәтижеге жету үшін оқушылардың білімі мен деңгейіне байланысты тапсырмалар құрастыру қажет. Оқушының ойлау және сөйлеу тілін дамыту мақсатында деңгейлік тапсырмалар беру ұсынылады. Сол арқылы оқушының деңгейі анықталып, білімін тереңдетіп, белсенділігін күшейтеді. Деңгейлік тапсырмаларды дайындап, оқушылармен жұмыс жүргізудегі негізгі мақсат – баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Қостанай қаласы М. Горький атындағы гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ташетова Жанар Хамитқызы деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі – оқушыларға арналған

деңгейлік тапсырмалар орындау. Оларды өздік жұмыстар, үлестірмелі материалдар, тестік және үй тапсырмалары түрінде беруге болады. Әр тарау бойынша дұрыс құрастырылған деңгейлік тапсырмалар сапалы білім негізі бола алады, өйткені ол оқушының білім сапасының дамуын, логикалық ойлауын, дағдысын қамтамасыз етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы оқушының белсенділігіне аса назар аударылды. Сондықтан өз іс-тәжірибесінде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту өздігінен жұмыс жасауға дағдыландыру барысында іске асырылатын деңгейлеп оқыту технологиясының да элементтерін қолданатынын айтады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі: сынып оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы; білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы; оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы; оқушылардың оқуға ынтасы мен пәнге қызығушылығының артуы; оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы; оқушы белсенділігінің оянуы; алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы; оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкершілігінің артуы; оқушы мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың орнауы. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының мұғалімдерге тиімділігі: деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы; оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі; білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі; оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы; оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытуы; дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы; олимпиадалық, шығармашылық жұмыс жеңімпаздарының саны артуы. Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса, баға біліміне қарай қойылады. Сабақ барысында сыныптағы барлық оқушының білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы – оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. бұл технология бойынша деңгейлік тапсырмалар рейтинг-ұпай – балл жинау әдісімен бағаланады, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне, тапсырмаларын орындауда қолданған тәсілдеріне анализ жасап, қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Қарасу ауданы Шелғашын орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жәнібекова Балжан Әбдікәрімқызы оқушылармен белсенді жұмыс жасау негізінде педагогикалық технологияларының бірі-деңгейлік саралау технологиясының элементтерін қолданады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. 1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана

отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді. 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балараға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Деңгейліп оқыту технологиясы тиімді нәтижелі болу үшін: а) жеке тұлға ерекшеліктеріне; б) психологиялық даму ерекшеліктеріне; в) пән бойынша білімді игеру деңгейіне көңіл бөліп отырады. Деңгейлеп оқыту технологиясының өзіндік ықпалы зор. Оқушыларға өздік жұмысын ұйымдастырып өткізуге көмегін тигізеді.

Оқушылар өздік жұмыстарын орындап, білімдерін мониторингтік жүйе арқылы өздері бағалап, диагностикалауға қол жеткізеді. Жаңа тақырыпты оқушылар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгереді. Деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятады. Қайталау мақсатында өткізген сабағынның құрылымы ұжымдық оқыту, саралап, деңгейлеп оқыту. Тарау бойынша топқа бөліп, әр топқа осы тақырып бойынша деңгейлік тапсырмалар береді. 8 сыныпта «Оқшау сөздер» тарауын қорытындылау сабағында деңгейлік тапсырмалар беріледі. I деңгей бойынша сұрақтар бойынша 13 сұрақ қойылады. 13 сұраққа 5 балл беріледі. II деңгей бойынша семантикалық карта толтыру. Оқушы өзі ізденіп картаны толтырып береді – 10 балл. III деңгей. Одағай сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап жазындар – 15 балл. IV деңгей – шығармашылық деңгей. Мұнда оқушылар өздері дайындаған мән жазбаларды қорғап шығады – 20 балл.

Қостанай қаласы №11 орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі: Жүсіпова Алма Шоқаевна деңгейлеп оқыту әр оқушының белсенділігін оятатынын айтады. Оқушы сабаққа бұрынғысынан тиянақты дайындалып, сабақ барысында ұпайлар жинауға тырысады. Оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың бір саласы – деңгейлеп, саралап оқытуда мұғалімнің байқағаны бойынша технологияның тиімді жақтары көп: 1) сыныптағы барлық оқушы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Оқушы белсендігін оятады. 2) Оқушы өз білімінің деңгейіне байланысты ііс-әрекеттерді орынадайды. 3) Оқушыны өз бетімен жұмыс істеу тиянақтылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеп, жауапкершілігін арттырады.

Ұябаева Гүлбаршын Жақсылыққызы Арқалық қаласы Б. Майлин атындағы №3 жалпы орта білім беретін мектебі, 5-11 сыныптары математика пәні мұғалімі «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясын тұрақты түрде қолданып отырады. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, косымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Олимпиадалық есептер, шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болып табылады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технология сапалы білім негізі бола алады.

Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса, осыған байланысты баға біліміне қарай қойылады. Сабақ барысында сыныптағы барлық оқушының білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы – оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады. Оқыту технологияларын сауатты қолдана білген әр ұстаздың білім беру үрдісі нәтижелі және сапалы болатыны сөзсіз. Тек қана осындай ұстаз сабағында жеке тұлғаның білім, білік, дағдысын қалыптастырып, өздігінен даму бағдарын анықтап, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп дамытатын тұлға тәрбиелей алады.

Қожахметова Анар Қасымжомартқызы Әулікөл ауданы Аманқарағай селосы №2 орта мектебі 8-11 сыныптары физика пәні мұғалімі екі жылдан бері деңгейлеп оқытуды пайдаланады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты болып білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру табылады. Әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етуі керек. Деңгейлеп оқыту технологиясы деңгейлік тапсырмалар арқылы іске асады. Себебі сабақтың ерекшелігі және оның тиімділігін арттырудың негізгі тәсілдерінің бірі-оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар орындау. Деңгейлеп оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. I деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. Барлық оқушы бірінші деңгейлік тапсырмаларды орындауға міндетті, ал жоғары деңгейлік тапсырмаларды да орындай алуы қажет. Оқушылар жұмысты бір мезгілде бастап, білім игерудегі өз қабілеттері анықтайды. Міндетті деңгейді толық меңгергеннен кейін келесі деңгейге өтеді. II деңгей. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыра отырып, оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін екінші деңгей тапсырмаларын орындау кезінде күрделі материалдарды реттеуі және жүйелеуі керек. III деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек. IV шығармашылық деңгей. Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Олимпиадалық есептер, шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу. Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Ұтымды пайдаланылған педагогикалық технология сапалы білім негізі бола алады. Деңгейлеп оқыту технологиясының тиімділігі:

деңгейлеп оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы; оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі; білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі; оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы; оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытуы; дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы; олимпиадалық, шығармашылық жұмыс жеңімпаздарының саны артуы. Қорыта айтқанда, жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялардың алатын орны ерекше. Педагогикалық технологиялардың принциптері – оқытуды ізгілендіру болып табылады. Оқыту технологияларын сауатты қолдана білген әр ұстаздың білім беру үрдісі нәтижелі және сапалы болатыны сөзсіз.

Алтынсарин ауданы Жаңасу негізгі мектебінің химия пәні мұғалімі Еришева Гүлнұр Амантайқызы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағыттайтынына аса сенімді. Оқушылардың оқу деңгейінің бірінғай болмауына және қабілеттеріндегі айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты жақсы оқитын және нашар оқитын оқушылар пайда болатыны белгілі. Осыған орай, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы әр оқушының қабілетіне, мүмкіндігіне, деңгейіне қарай оқытуды көздейді. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолданудың нәтижелілігі: оқушылардың білімге деген ынтасы арта түсті; нашар оқитын оқушылар оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылды; әрбір оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланды; жақсы оқитын оқушылар өз қабілеттері мен икемділігін одан әрі бекіте түсті. Сонымен қатар, Гүлнұр Амантайқызы деңгейлеп саралап оқыту технологиясы мұғалім шеберлігін жетілдіруіне, оқушының ойлау қабілеті мен шығармашылық қабілетінің дами түсуіне ықпал жасайтынына өзінің іс-тәжірибесінде көз жеткізіп отыр.

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы №140 орта мектептің шет тілі пәні мұғалімі Нұрманова Мереке Серікбайқызы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді деп сипаттайды. Оны қолдану нәтижесінде оқушы сабақ процесінде ойын еркін жеткізе алады, сыни тұрғыдан ойлана алады, тақырыпты өз бетінше меңгеріп, түсініп бағалай алады. Оқушылар бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастыра жүзеге асыра алатынына көз жеткізген. Сабақ барысында формативті бағалау түрлерін жүйелі қолданып нәтижеге қол жеткізуді ұсынады.

Қарғабаева Айжан Темурқызы Қызылорда қаласының №10 дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернатының математика пәнінің мұғалімі. Мұғалімнің «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясына байланысты келесі ұсыныстарды айтады. Оқыту технологиясын пайдалану – оқушы ынтасын басатын, объективті емес, жіберген қателіктері үшін жазалауға бағытталған бағалау тәсілін өзгертуді талап етеді. Таным процесі үстінде кез

келген тұлғаның белсендік көрсетуге, әлде бір себептермен қате жіберіп алған жағдайда оны өзі түзетуге құқығы бар болуы тиісті.

Саралап, деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясында алынған нәтиже сәйкесті меңгеру деңгейлері түрінде анықталады. Бұл жағдай:

- 1) оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;
- 2) алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;
- 3) оқу процесінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;
- 4) бағалаудың жетелеушілік қасиеті;

5) дамыта оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға ыңғайлы жағдайлар жасалуы және т.б. себептерге байланысты оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды.

Меңгерудің әр кезекті деңгейіне өтіп отырған сайын ынта, белсенділік, білік пен дағды да өсіп отырады. Ендеше оқыту технологиясын оқу процесіне енгізу – білім сапасын қажетті деңгейде қамтамасыз етуге оны көтеруге, тіпті басқаруды қамтамасыз етеді. «Деңгейлеп-саралап оқыту» технологиясы оқушының оқу материалын қажетті минимум деңгейінде меңгеруіне жағдай жасайды.

Павлодар облысы. Павлодар қаласының Қ. Бекхожин атындағы №12 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Макшар Жанар Макшарқызы осы технология арқылы білім беру жеке тұлғаны деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытуға; оқушыларды топпен жұмыс арқылы деңгейлік тапсырмалар беріп, оқушылар өзара тексеріп бағалауға; оқыту оқушылардың сабақ барысында бірнеше тапсырма орындауына мүмкіндік беретінін айтады. Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады. Олардың жаттанды сөзбен сөйлемей, ойларын жинақтай отырып, өзіне ұғынықты сөзбен жеткізуге үйренеді. Дарынды оқушыларды деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарлығымен қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде қабілетіне мүмкіндігіне қарай жұмыс істей алады.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Май ауданы Қазан орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Шонова Гүлнара Қабдрашқызының пікірінше, деңгейлеп оқыту оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейіне оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етуі. Бастапқы ғылыми идеялары: 1. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып білім алуға жағдай жасап, мүмкіндік береді. 2. Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді. 3. Деңгейлеп саралап оқыту құрылымында білімді игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылады: ең төменгі (минималды базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей. Базалық деңгей мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақыты мен күшін дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. 4. Оқушының жеке тәжірибесіне негізделген деңгейлеп оқыту технологиясы тиімді де нәтижелі болу үшін: жеке тұлға ерекшеліктеріне; психикалық даму ерекшеліктеріне есте сақтау қабілетінің ерекшелігіне, ойлану қабілеті, зейін ерекшелігіне, өзінің эмоциясын басқара білуіне; пән бойынша білімді игеру деңгейіне; оқушының білімімен іс-әрекет тәсіліне назар аударып, көңіл бөлу керек. Соның нәтижесінде оқушылары «Облыстық интеллектуалдық марафонының», республикалық «Кенгуру-математика» марафонының жүлдегерлері атанған. Гүлнара Қабдрашқызы деңгейлеп оқыту технологиясы бойынша оқытқанда оқушының білім деңгейін анықтау қажет және деңгейлік тапсырмаларды оқушының білім деңгейіне орай құрастыру қажет екенін айтады.

Екібастұз қаласының №17 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кабулава Самал Жексенбайқызының пікірінше, бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылу қажет деп есептейді. Бұл технология бойынша сабақта барлық оқушы тапсырманы І деңгейден бастап орындайды. Шығармалар, шығармашылық тапсырмалар – оқушылардың біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу нәтижесінде білім сапасы, білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттері бағаланады. Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу қажет. Сабақ барысында өздігінен еңбектенуге, шығармашылықпен ізденуге, қорытынды жасауға машықтанады. Тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек. Мұғалім білімі нашарларға көмек беріп, қабілеттілермен жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы математика пәнін оқуға деген қызығушылығын, белсендігін арттырады. Тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргізуі керек. Мұғалім уақыт талабына сай өз тәжірибесінде деңгейлеп оқыту технологиясын қолданып жүргенін айтады. Өз тәжірибесі бойынша орыс тілінде білім алатын топтардағы қазақ және кәсіптік қазақ тілінде деңгейлеп оқыту технологияның элементтерін жиі қолданады. Осы технология бойынша сабағында ұжыммен жұмыс; топпен жұмыс; жеке оқушымен жұмыс; дарынды оқушы дайындау бағытында жұмыс жасайтынын айтады.

Екібастұз қаласының №17 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Салібекова Айгүл Әлібекқызы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыландыру барысында өз іс-тәжірибесінде педагогика ғылымының докторы, профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясын қолдана отырып сабақ жүргізетінін айтады. Деңгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсат – баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге қызығушылығын арттыру, оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайту болып табылады. Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше

деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі, соның нәтижесінде оқушыларда намыс оты оянып, басқалардан қалып қоймауды ойлап, өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды, әрі тырысады. Деңгейлік тапсырмалар – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Деңгейлік әдістің маңыздылығы – оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу-танымдық күзінеттілігі қалыптасады. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекеше мән берілген. Оқу іс-әрекетінің негізгі түрі оқушылардың өздігінен орындайтын жұмысы болып табылады. Деңгейлеп оқыту технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған. 1-деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарттық деңгей, бұны орындауға барлығы міндетті. 2-3 деңгей бірте-бірте күрделенеді және бұл тапсырманы орындауға оқушылар құқылы, ал 4-деңгейді шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шығады деу артық. 1-2 деңгейді түгел жуық орындайды да, озат оқытындар алға кетеді 3-сыныпта «Менің отбасым» тақырыбы бойынша деңгейлік тапсырмалар I деңгей:

1. Мәтінде не туралы айтылған?

2. Мәтінді пайдалана отырып, сөздердің дұрыс-бұрыстығын анықта.

II деңгей: 1. Мәтінді оқып, орыс тіліне аудар.

2. Мәтіннен туыстық атауларды тауып жаз.

III деңгей: 1. Мәтіннің мазмұнын айт.

2. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.

3. Берілген сөздермен сөйлем құрастыр.

IV деңгей: 1. «Менің отбасым» деген тақырыпқа ой-толғау жазу. Бұл технология бойынша оқыту оқушыны күштеп оқудан аулақтатып, өз бетімен оқуына, ақпаратты өз бетімен өңдеуге, ешкімнің көмегінсіз өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыландыратынын айтады. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдалану – білім сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Май ауданы Қазан орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Теміржанова Гүлдана Қазболатқызы деңгейлік тапсырмаларды орындау жұмысы – оқушыны өзіндік ізденуге, ойлау дағдыларын дамытып, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттайтын мұғалім мен оқушы арасындағы жұмыстардың бір түрі. Бұл технологияны пайдалануда қол жеткізген жетістіктері: аудандық Мұқағали оқуларында, «Жарқын болашақ» олимпиадасында, «Сөз шеберлері», «Тілші әдебиетшілер», «Әнші бұлбұлдар» конкурсында жүлделі орындарға ие болғаны айтылады.

Ж.Қараев пен Ж.Кобдикованың «Үш өлшемдік оқыту» технологиясы

Ж.А. Караевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы» қазір Қазақстанның бар аймағында ғылыми–тәжірбиеден, сынақтан өтіп, оқыту жүйесінің белсенді әдісіне айналды. Үш өлшемді әдістемелік жүйеде, оқыту келесі формула бойынша анықталады: мақсат – мотив – іс-әрекет – рефлексия – теориялық білім. Ж. Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Жалпы сабақ жоспарын кейінгі кезде мұғалімдер көбіне Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын бойынша дайындайды. Ол оқушылардың тақырыпты меңгеру үшін өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Ж.А. Караевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе педагогикалық технологиясы» қазір Қазақстанның бар аймағында ғылыми тәжірбиеден, сынақтан өтіп, оқыту жүйесінің белсенді әдісіне айналды. Үш өлшемді әдістемелік жүйеде, оқыту келесі формула бойынша анықталады: мақсат – мотив – іс-әрекет – рефлексия – теориялық білім. Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады. Жалпы сабақ жоспарын кейінгі кезде мұғалімдер көбіне Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын бойынша дайындайды. Ол оқушылардың тақырыпты меңгеру үшін өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударылды.

Ж. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясының дидактикалық матрицасының әр деңгейінің сипаттамасына сай білімді меңгеру деңгейлерінің талаптарын ұсынамыз:

1-деңгей: оқушылық деңгей – репродуктивтік деңгей:

- жаттап алуға лайықталған анықтамалар, тұжырымдамалар, ережелер т.б.
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауға арналған сұрақтар;
- тапсырмалар жаңа тақырып үшін тиімді және өмірмен байланысты болуы керек. Жаратылыстану пәндерінде мұндай талаптар жаңа тақырыпты игеру соңында орындалатын ұқсас тапсырмалар құру арқылы жүзеге асырылады және олар оқушының өзі қорытып шығарған ереже, анықтама, заңдарын бекітуге арналады.

2-деңгей: алгоритмдік деңгей – елеулі белгілерді есте сақтау дағдысына негізделеді:

- өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар, бірақ оларды орындау үшін алған білімдерін түрлендіріп, тереңдете пайдалануды қажет етеді. Жаратылыстануда мұндай іс-әрекетке келтірілетін тапсырмалар: мәтінмен берілген есептер, тапсырмалар, сұрақтар, тәжірибелер т.с.с.

- оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда

біздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескеріп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады. Бұлар: логикалық есептер, ребустар мен сөзжұмбақтар.

3-деңгей: тапсырмалары – эвристикалық танымдық іздену түрінде орындалатын тапсырмалар:

– танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін (заңдылықтар шығару, анықтамалар, формулаларды жаттау, т.с.с.) жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс. Мұнадай жұмыс – анализ бен синтез, салыстыру арқылы тақырыптағы негізгі білімді анықтау, қорытындылау, әр түрлі әдіс тәсілдермен есептер шығару, ребустар, сөзжұмбақтар құрастыру, проблемалық жағдайларды шешу, дағды қалыптастыруға арналған сұрақтар;

– өздігімен мысалдар мен есептер, сұрақтар құрастыру және оны өздігімен шығару, өмірден алынған мәліметтер негізінде диаграмма, графиктер салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекі құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

4-деңгей: шығармашылық деңгей: оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген: теореманы дәлелдеу, заңдылықтарды мұғалімнің көмегінсіз қорытып шығару, олимпиадалық тапсырмаларды орындау, өздігінен тақырыпқа реферат, баяндамалар дайындау [8].

Төменде осы әдіске негізделіп дайындаған Жамбыл облысы Шу ауданы М. Мақатаев атындағы тірек мектептің (ресурстық орталық) дайындаған сабақ жоспарларын ұсынамыз (4-кесте).

«Солтүстік Қазақстан қалалары» тақырыбы бойынша сабақ жоспары. География пәнінің мұғалімі З.А. Манасбаева.

4-кесте – «Солтүстік Қазақстан қалалары» тақырыбы бойынша сабақ жоспары

I кезең
Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін өткізеді; б) өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды үйде аяқтап келу дәрежесі тексеріледі; в) төмендегі «Көпір» тапсырмаларын тексереді (алдымен жеке тексеріп шығады, сосын жаппай тексеру жүргізеді). «КӨПІР» тапсырмаларын келесі сұрақтарға жауап беру арқылы тексеру: 1. Қазіргі уақытта Солтүстік Қазақстанда неше қала және кент бар? Ж: <u>23</u> қала мен <u>12</u> кент. 2. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі қанша қала бар? Атаңдар. Ж: <u>2</u> қала. Олар: Көкшетау, Степногорск.

II кезең



Жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өздігінен меңгеруіне жағдай жасау:
 а) оқушылар төмендегі қадамдар бойынша «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толықтырады (10 минут);
 ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.

1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнынан Кім? Не? Кімнің? Кімге? Кімді? Кімде? Кімнен? Кіммен? Қандай? Қай? Қашан? Не істеді? сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.


Бос орынға тиісті сөздерді жаз.

1. Астана (778 мың адам) – республика астанасы – Қазақстанның географиялық орталығында, ірі көлік магистралдарының тоғысқан жерінде орналасқан.
2. 1950 жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі тың және тыңайған жерлерді игеру орталығы болды. Астана мәртебесін алғаннан кейін жылдам көркейіп, өсе бастады.
3. Астана – республикамыздың ірі өндірістік, ғылыми және мәдени орталығы. Қалада ауыл шаруашылығы машиналарын шығару, сонымен қатар тамақ және жеңіл өнеркәсіптері дамыған. Астана мәртебесін алуына байланысты құрылыс индустриясы да жылдам қарқынмен дамып келеді.
4. Қала маңызды әуе жолдарының, теміржол магистралдары мен мемлекеттік маңызы бар автокөлік жолдарының қиылысында орналасқан ірі көлік торабы болып табылады.
5. Франция жерінде өткен Халықаралық көрмелер бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясында ЭКСПО Халықаралық көрмесі 2017 жылы Еуразия жүрегі Астана қаласында өтетіндігі мәлім болды. Сессияға қатысушы мемлекеттердің 103 дауысын жинаған Қазақстан халқы үшін үлкен мәртебе. Бұл «Болашақтың энергиясы» тақырыбын көтеретін жауапкершілігі мол көрме тек Астананың ғана емес, тұтас Қазақстанның да дамуына қосымша серпін береді.
6. Халқының санының өсуі, негізінен, облысаралық көші-қон арқылы жүзеге асырылады.
7. Қысқаша тарихи анықтама: 1830 ж. – Ақмола бекінісі. 1862 ж. – Ақмола қаласы. 1961-1992 жж. – Целиноград. 1992 ж. – Ақмола қаласы. 1997 ж. Ақмола қаласы – ҚР астанасы. 1998 ж. – «Астана» атауы берілді. 1999 ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына медаль мен «Бейбітшілік қаласы» атағы берілді.
8. Ақмола облысының солтүстігінде облыс орталығы - Көкшетау қаласы орналасқан (141 мың адам). 1941 жылы Көкшетауға эвакуациямен Подольск іс машиналарын шығару зауытының жұмысшылары мен құрал-жабдықтары тиелген эшалон келді. Ол механика зауытына келіп орналасты да, бірден әскери-қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті.
9. 1960-1970 жж. Ескі, қайта жабдықталған және жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары іске қосылды.
10. Радиозауыт, оттегімен демалатын аппаратура шығаратын зауыт, Васильков кен – байыту комбинаты және т.б. жұмыс істей бастады.
11. Экономикалық ауданның шығысында Павлодар облысы орналасқан, онда Қазақстанның әсем қалаларының – Павлодар орын тепкен (334 мың адам). Біздің ата-бабаларымыз қала үшін ең қолайлы жерді – Ертіс өзенінің жағалауын таңдап ала білген.
12. Павлодардың қолайлы географиялық жағдайы, тас көмір, мыс, алтын, күміс және басқа да сирек кездесетін металдардың мол қоры өткен ғасырдың өзінде шетелдік іскер топтардың назарын аударған болатын. Ал 1950 жылдардың ортасынан бастап қалада өнеркәсіп дами бастады.

	<p>Мысал. <u>1955</u> жылы тұңғыш машина <u>жасау</u> зауытының (қазір трактор зауыты) <u>құрылысы</u> басталды. <u>1968</u> ж. оның конвейерінен <u>алғашқы</u> трактор шығарылса, ал <u>1969</u> ж. <u>мыңыншы</u> машина жасалып <u>шықты</u>. Зауыттың қуаты одан кейінгі уақытта <u>жылына 55</u> мың дана шығаруға дейін жетті.</p> <p>13. Қуатты <u>құрылыс</u> материалдары өнеркәсібін құру тек қалада <u>емес</u>, бүкіл <u>экономиканы</u> қайта құруда шешуші <u>рөл</u> атқарды: Ермак МАЭС – нін, ферроқорытпа, <u>алюминий</u> және <u>трактор</u> зауыттарының <u>құрылыстары</u> басталды.</p> <p>14. Павлодар – ірі <u>мәдени</u> және <u>ғылыми</u> орталық: онда екі университет, <u>Ресей</u> ЖОО-ның <u>филиалдары</u>, екі театр (Қазақ музыкалық драма және Орыс драма театрлары), көркемөнер және <u>көне</u> тарихи-өлкетану <u>мұражайы</u> және т.б. бар.</p> <p>15. <u>Қостанай</u> қаласы (219 мың адам). Бұл Солтүстік Қазақстанның ірі <u>өнеркәсіп</u> және <u>мәдени</u> орталығы. Қаланың іргесі <u>1897</u> ж. қаланды. Ол кезде мұнда жыл сайын <u>жәрменке</u> өткізілетін. Жергілікті ауыл шаруашылық шикізатының негізінде <u>ұсақ</u> кәсіпорындар – тері <u>илейтін</u> зауыт, <u>бу</u> диірмендері жұмыс істеді.</p> <p>16. Өткен ғасырдың <u>ортасынан</u> бастап, <u>темір</u> (Соколов - Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындарын <u>игерудің</u> нәтижесінде <u>теміржолдар</u> салынып, қала жылдам <u>дами</u> бастайды. Соңғы жылдары <u>тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіп дамыды, <u>ет</u> консервілеу комбинаты, <u>кондитер</u> фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) <u>шұға</u> кәсіпорны, <u>аяқ</u> киім және тігін фабрикалары жұмыс істейді.</p> <p>17. Петропавлды (205 мың адам) «<u>Республиканың</u> солтүстік <u>қақпасы</u>» деп орынды атайды. Ол <u>1752</u> ж. салынған, Петропавл атауын <u>1807</u> ж. алған. Қаланың транзиттік ЭГЖ өте <u>қолайлы</u>. Оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында <u>орналасуы</u> қаланың <u>сауда</u> орталығы ретінде жылдам өсуіне әсерін тигізді.</p> <p>18. Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u> мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>. Қалада <u>мұнай</u> -газ өнеркәсібі, <u>отын</u>-энергетика, көлік және сонымен қатар <u>агроөнеркәсіп</u> кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал-жабдық шығаруға <u>маманданған</u> машина жасау кәсіпорындары мен <u>ет</u> комбинаты бар.</p> <p>19. Солтүстік экономикалық ауданда қалалар <u>көп</u>, ірілері <u>2</u> қала: Республикамыздың астанасы – <u>Астана</u> қаласы мен аймақтың ірі <u>өндірісті</u> қаласы – <u>Павлодар</u>. Қалалардың <u>мамандану</u> құрылымы әр түрлі: <u>металлургия</u> (қара және түсті), <u>машина</u> жасау; <u>мұнай</u> өңдеу және <u>ауыл</u> шаруашылығы <u>шикізатын</u> өңдеу.</p>
<p>2-қадам: теорияны «Түсіну» үшін Неге? Неліктен? Себебі? Не үшін? Дәлелде. Түсіндір. сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына қойылады</p>	<p>Себебін анықтаңдар.</p> <p>1. Неліктен Астана жылдам көркейіп, өсе бастады? Ж: Астана <u>мәртебесін</u> алғаннан кейін жылдам <u>көркейіп</u>, өсе бастады.</p> <p>2. Не себепті Астана ірі көлік торабы болып табылады? Ж: Қала маңызды <u>әуе</u> жолдарының, теміржол <u>магистральдары</u> мен мемлекеттік маңызы бар <u>автомобиль</u> жолдарының <u>қиылысында</u> орналасқандықтан.</p> <p>3. Неліктен ЭКСПО Халықаралық көрмесі 2017 жылы Еуразия жүрегі Астана қаласында өтетіндігі мәлім болды? Ж: себебі, Франция жерінде өткен <u>Халықаралық</u> көрмелер <u>бюросы</u> Бас ассамблеясының 152 – <u>сессиясында</u> сессияға қатысушы мемлекеттердің <u>103</u> дауысын жинаған.</p> <p>4. Не себепті экономикалық ауданның шығысында Павлодар облысы</p>

<p>(мақсаты оқушылардың білімін тереңдету)</p>	<p>орналасқан, онда Қазақстанның әсем қаласы – Павлодар орын тепкен? Ж: Себебі, біздің ата-бабаларымыз қала үшін ең қолайлы жерді – <u>Ертіс</u> өзенінің жағалауын таңдап ала білген. 5. Не үшін өткен ғасырдың өзінде шет елдік іскер топтардың назарын аударған болатын? Ж: Себебі, Павлодардың <u>қолайлы</u> географиялық жағдайы, тас көмір, <u>мыс</u>, алтын, <u>күміс</u> және басқа да <u>сирек</u> кездесетін металдардың <u>мол</u> қоры . 6. Не себепті өткен ғасырдың ортасынан бастап қала жылдам дами бастады? Ж: Себебі <u>темір</u> (Соколов-Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындарын <u>игерудің</u> нәтижесінде <u>теміржолдар</u> салынып, жылдам <u>дами</u> бастады. 7. Не үшін Петропавл қаласының транзиттік ЭГЖ өте қолайлы? Ж: Себебі, оның <u>Транссібір</u> және <u>Трансказакстан</u> теміржолдарының <u>қиылысында</u> орналасуы.</p>
<p>3-қадам: теорияны «Талдау» үшін 1. Салыстыр, 2. Айырмашылығы неде? 3. Ұқсастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады</p>	<p>Қостанай Петропавл</p>  <p>«Республиканың солтүстік қақпасы» мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал – жабдық шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындары мен <u>ет</u> комбинаты бар. Маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>.</p> <p><u>темір</u> (Соколов-Сарыбай) және <u>асбест</u> (Жітіқара) кен орындары. <u>Тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіп дамыды, <u>ет</u> консервілеу комбинаты, <u>кондитер</u> фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) <u>шұға</u> кәсіпорны, <u>аяқ</u> киім және <u>тігін</u> фабрикалары жұмыс істейді.</p> <p>Ірі өнеркәсіп және мәдени орталық.</p> <p>Көкшетау Павлодар</p>  <p>Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. <u>Ауыл</u> шаруашылығы <u>машиналарын</u> шығару, сонымен қатар <u>тамақ</u> және <u>жеңіл</u> өнеркәсіптері</p> <p>оттегімен <u>демалатын</u> аппаратура зауыты және <u>радиозауыт</u>, <u>Васильков</u> кен-байыту комбинаты т.б. жұмыс істейді.</p> <p><u>Ермак</u> МАЭС –і, <u>феррокорытпа</u>, алюминий және <u>трактор</u> зауыттары, <u>құрылыс</u> материалдары өнеркәсібі.</p> <p>Ірі мәдени және ғылыми орталық.</p> <p>Тақырыптың басты идеясын жаз. Ұқсастығы: <u>Солтүстік</u> Қазақстан <u>қалалары</u>. Ерекшеліктері: 1. Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. 2. Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі <u>көлік</u> торабы.</p>

	3. Қостанай - ірі өнеркәсіп және мәдени орталық. 4. Көкшетау- Васильков кен – байыту комбинаты. 5. Павлодар - ірі мәдени және ғылыми орталық.	
4-қадам: теорияны «Жинақтау» үшін Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясын» жазған жауабына қойылады.	Картаға Солтүстік Қазақстан қалаларын түсір.	
	Қаланың пайда болған уақыты.	Даму тарихы
	Астана. 1830 ж. – Ақмола бекінісі.	1862 ж. – Ақмола қаласы. 1950 жылдары қала еліміздің солтүстігіндегі тың және тыңайған жерлерді игеру орталығы болды. 1961-1992 жж. – Целиноград. 1992 ж. – Ақмола қаласы. 1997 ж. Ақмола қаласы – ҚР астанасы. 1998 ж.- «Астана» атауы берілді. 1999 ж. ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына медаль мен «Бейбітшілік қаласы» атағы берілді.
	Көкшетау.	1941 жылы Көкшетауға эвакуациямен Подольск іс машиналарын шығару зауытының жұмысшылары мен құрал-жабдықтары тиелген эшелон келді. Ол қалада істеп тұрған механика зауытына келіп орналасты да, бірден әскери-қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. 1960-1970 жж. Ескі, қайта жабдықталған және жаңа өнеркәсіп кәсіпорындары іске қосылды.
	Петропавл. 1752 ж. салынған.	Петропавл атауын 1807 ж. алған. Қаланың транзиттік ЭГЖ өте қолайлы. Оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында орналасуы қаланың сауда орталығы ретінде жылдам өсуіне әсерін тигізді.
	Қостанай. Қаланың 1897 ж. іргесі қаланды.	Ол кезде мұнда жыл сайын жәрмеңке өткізілетін. Жергілікті ауыл шаруашылық шикізатының негізінде ұсақ кәсіпорындар – тері илейтін зауыт, бұ диірмендері жұмыс істеді. Өткен ғасырдың ортасынан бастап, темір (Соколов - Сарыбай) және асбест (Жітіқара) кен орындарын игерудің нәтижесінде теміржолдар салынып, қала жылдам дами бастайды.
Павлодар. Біздің ата-бабалар ымыз қала үшін ең қолайлы жерді – Ертіс өзенінің жағалауын таңдап ала білген.	1938 жылы Павлодар облыс орталығы болған. 1950 жылдардың ортасынан бастап қалада өнеркәсіп дами бастады. Мысал. 1955 жылы тұңғыш өнеркәсіп кәсіпорынның – машина жасау зауытының (қазір трактор зауыты) құрылысы басталды. 1968 ж. оның конвейерінен алғашқы трактор шығарылса, ал 1969 ж. мыңыншы машина жасалып шықты. Зауыттың қуаты одан кейінгі уақытта жылына 55 мың дана шығаруға дейін жетті.	
Оқулықпен жұмыс. (5 минут): төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беру» тәсілдеріне сәйкес, рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.		

<p>5-қадам. Практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалармен бекіту жүргізіледі). Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады.</p>	
<p>6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?) деген тапсырма.</p>	<p>Қалай ойлайсың? Павлодар қаласын өнеркәсіпті қала ретінде тану дұрыс па? Ойыңды дәлелде. Ж:</p> <hr/>
<p>III кезең</p>	
<p>Деңгейлік тапсырмаларды орындап, балл жинау. III кезең (кері байланыс-бағалау кезеңі): Жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзіреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында орындайды 3 минут қорытынды жасалады. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтап келеді. Қорытынды балл саны дәстүрлі бағаға айналдырылып, келесі сабақтың басында сынып журналына қойылады, мониторингке тіркеледі</p>	
<p>I деңгей (5 балл)</p>	
<p>1-қадам: теория бойынша «Білу» үшін тақырып мазмұнына Кім? Не? Кімнің? Кімге? Кімді? Кімде? Кімнен? Кіммен? Қандай? Қай? Қашан? Не істеді? Сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктелінуі керек.</p>	<p>Тест (дұрыс жауаптың астын сыз) 1-тапсырма: 1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 2. Жергілікті темір кені (Соколов-Сарыбай) және асбест (Жітіқара) кен орындарын игеруге байланысты дамыған қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 2-тапсырма: 3.Солтүстік Қазақстанның әкімшілік орталығы: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 4.Ақмола облысының орталық қаласы: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 3-тапсырма: 5. Маңында «Бурабай» курорты орналасқан қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 6.Астанаға ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем қаласы» атағы берілген жыл: а)1830; ә)1961; б)1992; в)1997; г) <u>1999</u>.</p>

	<p>4-тапсырма: 7. Солтүстік Қазақстандағы халқы ең көп қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай. 8. Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында орналасқан қала: а) Көкшетау; ә) <u>Петропавл</u>; б) Павлодар; в) Астана; г) Қостанай.</p>
<p>2-қадам: практика жүзінде «Қолдану» (оқулықпен жұмыс. II кезеңнің 5-қадамындағы қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)</p>	<p>5-тапсырма: Астана қаласының қысқаша тарихи анықтамасын жаз: Астана <input type="text"/> 1830ж – Ақмола бекінісі. 1862ж - Ақмола қаласы. 1961 – 1992жж – <u>Целиноград</u>. 1992ж – <u>Ақмола</u> қаласы. 1997 – Ақмола қаласы – ҚР <u>астанасы</u>. 1998ж - «Астана» атауы берілді. 1999ж – ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына <u>медаль</u> мен «Бейбітшілік қаласы» <u>атағы</u> берілді.</p>
<p style="text-align: center;">1-аралық нәтиже:</p> <p>Бірінші деңгейдегі қалыптасқан күзиреттілік (білім, біліктілік) деңгейінің сапалық өлшемі (бірінші аралық өлшемі):-«дұрыс», «толық» деген білім сапасының түрлерімен сипатталады (Ю.К.Бабанский).Оқушының бұл алғашқы қадам нәтижесінің сандық өлшемі- бес балл- «сынақтан өтті» - «қанағаттандырылдық» білім деңгейінің өлшемі - « білім деңгейінің өлшемі - «3» журналға қойылады, егер келесі деңгей тапсырмаларын меңгере алмаса.</p>	
<p style="text-align: center;">II деңгей (5 балл+4 балл=9 балл)</p>	
<p>3а-қадам: теорияны «Түсіну» үшін неге? Неліктен? Себебі? Не үшін? Дәлелде, түсіндір сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына қойылады (оларды тереңдету үшін)</p>	<p>Себебін анықта.</p> <p>1. Астана мәртебесін алуы неге себепші болды? Ж: Астана <u>мәртебесін</u> алғаннан кейін жылдам <u>көркейіп</u>, өсе бастады.</p> <p>2. Қала маңызды әуе жолдарының, теміржол магистральдары мен мемлекеттік маңызы бар автомобиль жолдарының қиылысында орналасуын түсіндір? Ж: Себебі, Астана ірі көлік <u>торабы</u> болып табылады</p> <p>3. Франция жерінде өткен Халықаралық көрмелер бюросы Бас ассамблеясының 152 – сессиясында сессияға қатысушы мемлекеттердің 103 дауысын жинағаны неге себепші болды? Ж: <u>ЭКСПО</u> Халықаралық көрмесі 2017 жылы <u>Еуразия</u> жүрегі Астана қаласында өтетіндігіне себеп болды.</p> <p>4. Не себепті, біздің ата-бабаларымыз ең қолайлы жерді – Ертіс өзенінің жағалауын таңдап ала білген? Ж: Себебі, қолайлы <u>географиялық</u> жағдайы, тас <u>көмір</u>, мыс, <u>алтын</u>, күміс және басқа да <u>сирек</u> кездесетін металдардың мол <u>қоры</u> болуынан.</p> <p>5. Неліктен Ермак МАЭС – нің, феррокорытпа, алюминий және трактор зауыттарының құрылыстары басталды? Ж: Себебі, бүкіл экономиканы <u>қайта</u> құруда шешуші <u>рөл</u> атқарды.</p> <p>7. Жергілікті темір кені (Соколов - Сарыбай) және асбест (Жітіқара) кен орындарын игерудің нәтижесінде теміржолдар салынуы неге себепші болды? Ж:Себеб, өткен ғасырдың <u>ортасынан</u> бастап қала жылдам <u>дами</u> бастады.</p> <p>8. Оның Транссібір және Трансқазақстан теміржолдарының қиылысында орналасуы неге себепші болды? Ж: Себебі, көлік <u>торабы</u>, Петропавл қаласының транзиттік ЭГЖ өте <u>қолайлы</u>.</p>

<p>3б-қадам: теорияны «Талдау» үшін</p> <p>1.Салыстыр,</p> <p>2.Айырмашылығы неде?</p> <p>3.Ұқсастығы неде?</p> <p>4.Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек.</p> <p>2 -кезеңде Венн диаграммасы арқылы орындалған тапсырманы кесте түрінде беріп, баланың білімін тексеруге болады.</p>	<p>Солтүстік Қазақстан қалаларын салыстыр. Айырмашылығы мен ұқсастығы неде?</p>															
	<p>Қалалар.</p>	<p>Кәсіпорындар.</p>														
	<p><u>Астана</u></p>	<p>Мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік, агро-өнеркәсіп кешендері үшін құрал – жабдық шығаруға маман-данған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты орналасқан.</p>														
	<p><u>Көкшетау</u></p>	<p>Радиоауыт, оттегімен демалатын аппаратура шығаратын зауыт, Васильков кен – байыту комбинаты.</p>														
	<p><u>Петропавл</u></p>	<p>Қалада мұнай – газ өнеркәсібі, отын – энергетика, көлік және сонымен қатар агроөнеркәсіп кешендері үшін (трактор тіркемелері, ауыл шаруашылық құралдарына қосалқы бөлшек) құрал – жабдық шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындары мен ет комбинаты бар.</p>														
<p><u>Қостанай</u></p>	<p>Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары. Тамақ және жеңіл өнеркәсіп дамыды, ет консервілеу комбинаты, кондитер фабрикасы, мауыты (машинамен түтілген) шұға кәсіпорны, аяқ киім және тігін фабрикалары.</p>															
<p><u>Павлодар</u></p>	<p>Ермак МАЭС –і, ферроқорытпа, алюминий және трактор зауыттары, құрылыс материалдары өнеркәсібі.</p>															
<p>Тақырыптың басты идеясын жаз.</p> <p>Ұқсастығы: Солтүстік Қазақстан қалалары.</p> <p>Ерекшеліктері:1. Астана – ел орда. Ірі <u>өндірістік</u>, ғылыми және мәдени орталық. 2.Петропавл қазіргі кезде маңызды <u>өндірістік</u>, мәдени орталық әрі ірі көлік <u>торабы</u>. 3. Қостанай - ірі <u>өнеркәсіп және мәдени</u> орталық. 4. Көкшетау- реакрациялық аудан. 5.Павлодар - ірі мәдени және <u>ғылыми</u> орталық.</p>																
<p>4-қадам: практик жүзінде «Қолдану». II-кезеңдегі қарапайым тапсырмаларының өзгертілген жағдайдағы нұсқалары орындалады.</p>	<p>Бұл қай қала?</p> <p>1.Шағын қала. Мұнда Васильков кен – байыту комбинаты жұмыс істейді –<u>Көкшетау</u>.</p> <p>2.Қала Есіл өзенінің жағасында орналасқан, ауыл шаруашылығы машиналарын шығару дамыған – <u>Астана</u>.</p> <p>3.Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, көмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар – <u>Павлодар</u>.</p> <p>4.Қала темір мен асбестің кен орындарын игерудің нәтижесінде дамыды – <u>Қостанай</u>.</p>															
<p>2-аралық нәтиже:</p> <p>Екінші деңгейде қалыптасқан құзіреттілік деңгейдің сапалық өлшемі (екінші аралық өлшемі): - оқушының бірінші деңгейдегі «дұрыстылық» пен «толықтылық» деп аталатын білім сапасының түрлеріне «тереңділік» пен «әрекеттілік» сияқты түрлері қосылады. Білім, біліктілік сапасының сандық өлшемі- алғашқы жинаған 5 баллға + 4 балл = 9 балл = «4», яғни «жақсы» деген баға журналға қойылады, егер оқушы келесі деңгейді меңгере аламыз.</p>																
<p>III деңгей: (5 балл + 4 балл + 3 балл = 12 балл)</p>																
<p>5-қадам теорияны «Жинақтау» үшін</p>	<p>Сөзжұмбақты шеш:</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 20%; text-align: center;">¹П</td> <td style="width: 20%;"></td> <td style="width: 20%;"></td> <td style="width: 20%; text-align: center;">⁴П</td> <td style="width: 20%;"></td> <td style="width: 20%; text-align: center;">⁶Қ</td> <td style="width: 20%;"></td> </tr> <tr> <td colspan="7">1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:</td> </tr> </table>		¹ П			⁴ П		⁶ Қ		1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:						
¹ П			⁴ П		⁶ Қ											
1.«Республиканың солтүстік қақпасы» аталатын қала:																

<p>қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр тағы тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясын» жазған жауабына қойылады.</p> <p>II кезең 4-қадамда «жинақтауға» берілген тапсырма басқа формада беріліп, баланың білім деңгейі бағаланады</p>	Е		³ К	А		О	2. Халықаралық көрме.
	Т		Ө	В	⁵ С	С	3. Шағын қала. Мұнда Васильков кен-байыту комбинаты жұмыс істейді.
	Р		К	Л	Т	Т	4. Қаланың экономикалық дамуына қолайлы ЭГЖ, өмірдің, мыстың, алтынның мол қоры ықпал етеді. Алюминий зауыты бар қала?
	О	² Э	Ш	О	Е	А	5. Ақмола облысының құрамында облыстық дәрежедегі екі қаланың бірі?
	П	К	Е	Д	П	Н	6. Соколов - Сарыбай КБК, және асбест (Жітіқара) кен орындары орналасқан қала.
	А	С	Т	А	Н	А	
	В	П	А	Р	О	Й	
	Л	О	У		Г		
					О		
					Р		
				С			
				К			
<p>6-қадам: практика жүзінде «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің?) деген тапсырмаларды орындату арқылы оқушының жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін (практикасы бойынша) өмірдегі жағдаяттарды шешуге қолдана алу дәрежесі бағаланады</p>	<p>2-тапсырма: Сен қалай ойлайсың? Астананы жиырма жылдан кейін қандай күйде елестетесің? Ж:</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>						

Осы мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі С.А. Өмірбекованың «Деепричастие как особая форма глагола» тақырыбы бойынша сабақ жоспары.

I этап. (5-7 мин.) Задания на актуализацию знаний

1. Задания на актуализацию знаний.

1. Причастие — это особая *форма* глагола, которая обозначает признак предмета по действию . Причастие имеет признаки глагола и прилагательного.

2. На какие группы делится причастие?

Причастие бывает действительные и страдательные

3. Причастие имеет признаки глагола и прилагательного. Как прилагательное обозначает признак предмета, изменяется по родам, числам и падежам.

4. Причастие с зависимыми словами называется причастным оборотом.

5. В предложении причастный оборот выделяется с двух сторон запятыми.

II этап (Синектическая часть). Самостоятельное усвоение новой темы. Отводится всего 20-25 минут.

Сегодняшний урок мы посвятим изучению деепричастия. Попробуйте освоить эту тему самостоятельно, заполните пропуски на втором этапе.

1. Деепричастие – это особая форма глагола, обозначающая в предложении добавочное действие.

2. Деепричастие отвечает на вопросы что делаю? Что сделаю?, имеет признаки глагола и наречия.

3. Как и глаголы, деепричастия бывают несовершенного и совершенного вида.

4. Как наречия деепричастия не изменяются по по родам, числам и падежам;

5. В предложении выполняют функцию обстоятельства, поясняют сказуемое.


6. Деепричастия с зависимыми словами называется деепричастным оборотом.

7. Деепричастие всегда выделяется запятыми.

8. Деепричастный оборот является одним членом предложения-обстоятельством.

Сравните деепричастия в предложениях

Смеясь, он рассказывал Забыв дома ключ, он сильно о своих приключениях. разволновался.



Сходства:

- образованы от глаголов;
- на письме выделяется запятыми;
- являются обстоятельством.

Заполни таблицу.

Отражаясь в воде, пригорюнившись, качая вершинами, убежав от всех, устремив взгляд, облетая с деревьев, ощущая тревогу, прислушиваясь к шорохам, погружившись в раздумья, напомнив о брате.

Деепричастия совершенного вида	Деепричастия несовершенного вида
Пригорюнившись	Отражаясь в воде

Подчеркни деепричастия, определи вид, выдели суффиксы.

Песенное дерево наша береза. Красотой и чистотой покорила душу, наполняя (НСВ, суфф.-яя-) ее восторгом. Береза красива всегда. Рождаясь (НСВ, суфф.-я-) маленькой травинкой, она уже через три-четыре года становится березкой. Коричневый ствол быстро светлеет, от лета к лету становясь (НСВ, суфф.-я-) все ярче. Метели и пыльные ветры секут ствол, сдирая (НСВ суфф.-я-) лоскутки бересты, а он только белее становится от этого хлеста.

Образуй от глаголов деепричастия, определи вид, выдели суффиксы.

1. (Перестать) переставая читать люди перестают мыслить.
2. Делай великое (не) (обещать) не обещая великого.
3. (Одарить) одарив предохранила его от глупых поступков.
4. (Научиться) научившись управлять своими чувствами можно многого добиться.

1-пороговый уровень (5 баллов).

Тест

1. Укажите глагол, от которого деепричастие образовать нельзя.
А) волноваться;
В) беречься;
С) шептать;
Д) таять;
Е) быть.
2. Укажи деепричастия несовершенного вида:
А) играя;
В) увидя;
С) просохши;
Д) увидевши;
Е) спеша.
3. Выбери предложение с деепричастным оборотом (знаки препинания не расставлены)
А) Ребятишки прыгали любуясь на елку.

- В) Ребятишки прыгали и любовались на елку.
- С) Прыгающие ребятишки любовались на елку.
- Д) Прыгая ребятишки любовались на елку.

3. Укажите предложение, в котором деепричастие не обособляется.

- А) К рассвету догорев погасла лампа.
- В) Облака уходят тая в завлекательную даль.
- С) *Отдыхают журавли обычно стоя.*
- Д) Пошумев река успокоилась вновь легла в берега.
- Е) Промелькнул гремя Чонгарский мост.

4. Укажите количество пропущенных запятых в предложении:

Вронский остановил кучера не доезжая до аллеи и отворив дверцу на ходу выскочил из кареты и пошел в аллею ведущую к дому.

- А) две;
- В) три;
- С) четыре;
- Д) пять;
- Е) шесть.

От указанных глаголов образуйте деепричастия совершенного вида по модели основа инфинитива+ -в-, -вши-, -ши-.

Выскочить, замахнуться, прищуриться, остаться, установить, возратить, перемыть, приблизиться, закипеть, коснуться, подумать.

2-алгоритмический уровень (5+4 балла)

Спиши предложения, объясняя расстановку знаков препинания при деепричастиях, или их отсутствие.

1. Листва берез висит не шелохнувшись. 2. Уже третий день не переставая моросил дождь. 3. По поляне не торпясь бежал какой-то зверь. 4. Он без всякой цели прошелся по всем комнатам и дойдя до своей кровати повалился на подушку.

2. Образуйте от глаголов деепричастия. Укажите вид деепричастий.

Держать-придержаться, просыпаться-проснуться, делать-сделать, плавать-поплыть.

3-задание. Обведи кружком номера предложений с деепричастным оборотом.

- 1. Ключка, выпавшая из рук игрока, покатила по льду.
- 2. Преследуя зверя, охотники вышли к реке.
- 3. Веткой, отломленной от дерева, охотник отметил след.
- 4. Шепча какие-то заклинания, он вышел из избушки.
- 5. Лавина, устремляясь вниз, сносила все на своем пути., вихрь промчался над деревней.
- 6. Берег оставался позади, и все быстрее над миром опускалась ночь.

4- задание. Образуй от глаголов, данных в скобках, соответствующее деепричастие.


Дядюшка, не (*ответить*), улыбнулся. Ни на кого не (*глядеть*), он настроил гитару. (*Отстаивать*) локоть и (*подмигнуть*), взял один звонкий,

чистый аккорд. Песня расходилась, (*открывать*) что-то необъяснимое.

3-эвристический уровень (9+3 балла)

1-задание. Заполни таблицу

Составь блок-схему, расскажи по схеме о способах образования деепричастия совершенного и несовершенного вида



Прочитай сказку, которую написал ученик, «переведи» ее на язык науки.

Сказка о Деепричастии

Деепричастие было сыном Наречия и генерала Глагола, славного многими победами. Когда ребенок вырос, он стал адъютантом своего отца и служил не молчаливым исполнителем, а добавочным действием при Глаголе. Деепричастие умело воодушевлять войска своим появлением на поле боя, а если и это не помогало, то, по поручению отца, приводило резерв-Деепричастный оборот. И оно само, и Деепричастный оборот выделяются на письме запятыми, так как это - гвардия, которую Глагол вводит в бой в самый нужный момент. Таким образом, Деепричастие и Деепричастный оборот-это обстоятельства, которые решают исход сражения.

Ответ: Деепричастие-особая форма глагола, которая обозначает добавочное действие и имеет признаки не только глагола, но и наречия. Деепричастие с зависимыми от него словами образует деепричастный оборот. Одиночные деепричастия и деепричастные обороты выделяются на письме запятыми. Деепричастный оборот является одним членом предложения-обстоятельством.

«Қырғыз АКСР-ның құрылуы және Қазақ АКСР-ның пайда болуы» тақырыбы бойынша сабақ жоспары. Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі Адишев Б. (5-кесте).

5-кесте – «Қырғыз АКСР-ның құрылуы және Қазақ АКСР-ның пайда болуы» тақырыбы бойынша сабақ жоспары

Сабақтың мақсаты	1920-1930 жылдары Қазақстанда жүргізілген индустрияландыру саясатының жетістіктері мен зардаптарын түсіндіру. Республикадағы экономикалық саясатты халық мүддесіне сай жүргізу тәңірегіндегі ұлт қайраткерлерінің көзқарасы мен оқушылардың патриоттық сезімін ояту	
Сабақтың түрі	Аралас сабақ	
Сабақтың әдісі	Баяндау, сұрақ-жауап, ой толғау, автор орындығы, кесте толтыру, тақырыптық теннис т.б	
Пәнаралық байланыс	Қазақ әдебиеті, дүние жүзі тарихы	
Сабаққа қажетті көрнекіліктер мен құралдар	1, 2, 3 номерлі сандар, доп, плакаттар, кресло, микрофон, плакаттар т.б.	
Күтілетін нәтиже	XX ғасырда Республикадағы қоғамдық-саяси өмір жайлы, ашаршылыққа қарсы күрестер, жер-су реформасы кезіндегі саясат жайлы өз ойларын еркін айта алады.	
Сабақтың кезеңі:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдастыру	1. Сәлемдесемін 2. Топқа бөлемін. 1, 2, 3 номерлі сандарын таратып беремін, сол сандар бойынша оқушылар топқа бөлінеді. 3. «Мен сияқты жаса» жаттығуын жасай отырып, сыныпта жағымды ахуал қалыптастырамын. Оқушыларға дөңгеленіп тұрады. Жүргізуші бір жаттығуды көрсетеді, басқалар қайталайды (жүргізушіні ауыстырып отыруға болады)	Оқушылар сәлемдеседі. 1, 2, 3 номерлі сандары бойынша оқушылар топқа бөлінеді. Оқушылар дөңгелектеніп тұрады. Жүргізуші бір жаттығуды көрсетеді, басқалар қайталайды, сонан соң жүргізуші ауыстырылып отырады
Үй жұмысын тексеру	Үй жұмысын пысықтауға арналған сұрақтар Азамат соғысы деп қандай соғысты айтамыз? Азамат соғысының негізгі оқиғаларын атап көрсетіндер. Соғыс жылдарындағы	Берілген сұрақтарға ойланып, жауап береді.

	экономикалық саясаттың бағыты қалай болады.					
Өткен сабықпен жаңа сабақты байланыстыру сәті	Бүгінгі сабақта Қырғыз АКСР-ның құрылуы және Қазақ АКСР-ның пайда болуы туралы қарастыратын боламыз дей отырып, жаңа сабақты бастаймын.	Тыңдайды, бар назарларын сабаққа аударады.				
Білім	ЖИГСО Жаңа тақырыпты меңгеруде сыныпты №1, №2, №3, №4 нөмірленген оқушыларға бөлемін. Сонда бір топ, яғни үй тобы №1, №2, №3, №4 нөмірленген 4 оқушыдан құралады. Жаңа сабақты меңгеруде осы нөмірленген бірдей санды оқушыларды бір топтарға біріктіремін. Нөмірленген оқушылар тапсырманы орындап болған соң өз үй тобына қайтады. Онда олар кезек-кезек өздерінің реті бойынша басқа оқушыларға түсіндіріп, жазғызады.	Оқушылар оқиды, тақырыптың мазмұнын түсінеді				
Түсіну	Әр нөмірге төмендегі үлгідегідей тапсырма беремін. Ол үшін оқушылар дәптерлерін 3-ке бөледі. <table border="1" data-bbox="373 1440 825 1529"> <tr> <td>№1</td> <td>№2</td> </tr> <tr> <td>№3</td> <td>№4</td> </tr> </table>	№1	№2	№3	№4	Дәптерлеріне жазып отырады
№1	№2					
№3	№4					
Қолдану	Нөмірленген оқушылар бірігіп өздеріне берілген тапсырманы мұқият орындап, өз үй тобында түсіндіріп беруі керек. Есте сақтау үшін жазып алуға болады.	Өз тобында түсіндіреді				
Талдау	Әліпби желісі Оқушыларға 5 әріп айтуды тапсырамын және сол әріптен басталатын тақырыптан не түсінгендерін айтуды тапсырамын.	Айтылған әріптеріне қатысты бүгінгі сабақтан түсінгендерін жинақтайды.				

Жинақтау	Тақырыптық теннис. 3 адамнан топқа бөлінуді, 2 ойыншы және судья болуды тапсырамын.	Оқушылар бір-біріне допты лақтыра отырып, бүгінгі сабақтан түсінгендерін айтады. Топтың үшінші қатысушысы сөздерді жазады және есеп жүргізеді
Баға беру	Ой қорыту 1. Тұман шанью Мөдені Юечжі еліне аманатқа бере отыра не себептен ол елге шабуыл жасады деп ойлайсыңдар? 2. Ғұн империясы б.з.б 55 жылы екіге бөлінді?	Сұраққа жауап береді, өз ойларын айтады
Бағалау	Топтағы оқушыларды белсенділігіне және жұмыс жасауына қарай бағалау парағы арқылы бағалаймын	Оқушылар бағалау парағын толтырады, қорытынды бағаны күнделіктеріне қойғызады
Үй тапсырмасын беру	<ul style="list-style-type: none"> • Тақырыпты оқу; • Тест құрастырып келу 	Күнделіктеріне жазып алады
Рефлексия	Бүгінге сабақтағы түйінді ойларын жазуды тапсырамын.	Сабақтағы түйінді ойларын жазады.
Кері әсер парағы	Кері әсер парағын толтыруды ұсынамын.	Сабақта алған өз идеяларын жазады

«Сақ, сармат тайпаларының археологиялық ескерткіштері» тақырыбы бойынша дайындалған жұмыс дәптері. «Қазақстан тарихы» пәнінің мұғалімі Абдиқасымов Қ.Б. (6-кесте).


6-кесте – «Сақ, сармат тайпаларының археологиялық ескерткіштері» тақырыбы бойынша дайындалған жұмыс дәптері

Оң жақ бағандағы тапсырмаларды құрастырушы мұғалімдердің есіне	І кезең. Төмендегі «Көпір» тапсырмаларын оқушылар үйде орындап, бүгінгі сабаққа дайындалып келеді. Мұғалім алғашқы 5-7 минутта: а) ұйымдастыру сәтін; б) алдыңғы тақырыптың ІІІ кезеңінің үш деңгейлік тапсырмаларын үйде аяқтап келу дәрежесін тексергеннен кейін в) «Көпір» тапсырмаларын тексереді)
«Көпір» тапсырмалары өткен тақырыптар	Сұрақтарға жауап бер: 1. Б.з.д. І мыңжылдықта Қазақстан жерінде, Орталық Азияда, кейінірек Ауғанстан мен Солтүстік Үндістанда қандай (<u>сақ</u>) тайпалар мекендеген?

<p>бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау тапсырмалары</p>	<p>2. Дәл осы заманда Солтүстік Қара теңіз, Днепр өзені бойын қандай (<u>скиф</u>) тайпалар мекендеген?</p> <p>3. Геродот қай (<u>сақ және скиф</u>) тайпалардың туыстығын көрсете келіп, оларды ортақ қандай («<u>сколот</u>») атпен де белгілі екендігін айтады?</p> <p>4. Көне парсы жазба ескерткіштеріне жататын қандай («<u>Бехистун</u>», «<u>Персеполь</u>») жазуларда тур тайпаларының ортақ атауын қалай (<u>сақа</u>) деп береді.</p> <p>5. Кейінірек табылған жазбаларда сақтарды неше (<u>үш топқа</u>) бөледі. Олар қалай аталады? (<u>парадарайя</u> сақтары, <u>тигрохауда</u> сақтары және <u>хаомаварга</u> сақтары)</p> <p>6. Қазақстан және оған көршілес аймақтарда қашан (<u>ерте темір дәуірі</u>) б.з.д. I мыңжылдықтың басында басталып, қашанға (<u>б.з. I</u> мыңжылдықтың орта шеніне) дейін жалғасады.</p>
<p>II кезең (топтық жұмыс) жаңа сабақты топтық жұмыс барысында оқушылардың өз бетімен меңгеруіне жағдай жасау:</p> <p>а) оқушылар төмендегі «Білу», «Түсіну», «Талдау», «Жинақтау» тәсілдеріне сәйкес тапсырмаларын өздері толтырады (10 минут);</p> <p>ә) жауаптарын мұғаліммен бірге талдайды (10 минут). Нәтижесі ауызша марапатталады.</p>	
<p>Теориясы: «Білу» (тақырып мазмұны бойынша <u>кім? Не? Қандай? Қалай? Нені? Қашан? Не істеді?</u> Сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпарат іріктеліну керек)</p>	<p>Бос орындарға керек сөздерді қой:</p> <p>1. Парадарайя сақтарының мекендеген жері ... (<u>Қара теңіз</u>) жағалауы деп есептейді.</p> <p>2. Тиграхауда сақтарының негізгі орналасқан жері ... (<u>Каспий теңізінің шығысынан Жетісуға дейінгі аймақ</u>) деп көрсетеді.</p> <p>3. Хаомаварга сақтары ... (<u>Әмудария мен Мұрғаб</u>) өзендерінің жағалауларында орналасқан.</p> <p>4. Савромат, сармат тайпалары ... (<u>Каспийдің солтүстік-батысынан Азов теңізіне дейінгі</u>) аралықты жайлаған.</p> <p>5. Бұлардан солтүстікке қарай Жайық өзені бойына қарай ... (<u>аргиппейлер</u>) орналасқан.</p> <p>6. Аргиппейлерден шығысқа қарай ... (<u>исседондар</u>) жайлаған.</p> <p>7. Олардан солтүстік-шығысқа қарай ... (<u>аримаспылар</u> мен «<u>алтын қорығансамұрық</u>») тайпалары орналасқан.</p> <p>8. Ғалымдардың тұспалдауы бойынша, ... (<u>аргиппейлер</u>) қазіргі Солтүстік, ... (<u>исседондар</u>) - Орталық, ал ... (<u>аримаспылар</u>) Шығыс Қазақстан жерін мекендеген.</p> <p>9. Бұл аталған тайпалар Қазақстан жерінде ... (<u>б.з.д. VIII-IV</u>) ғасырлар аралығында өмір сүрген.</p> <p>10. Сақтар мен үйсіндер өмір сүрген (б.з.д.VIIIғ.-б.з.Vғ.) көшпелі қоғамда ... (<u>малға жекеменшіктің</u>) шығуына</p>

	<p>байланысты қоғам ... (<i>байлар мен кедейлерге</i>) бөлінді.</p> <p>11. Сақтардың мемлекеттік құрылымынан олардың көршілері ... (<i>Ахеменидтік Иран</i> мен <i>Грек-Бактриялық</i>) мемлекеттердің әсерін байқауға болады.</p> <p>12. Антикалық авторлардың дерегі бойынша, сақтарда ... (<i>патшалар</i>) мен ... (<i>патшайымдар</i>) болған.</p> <p>13. Сақ патшалары ... (<i>соғыс пен бейбітшілік</i>) мәселесін шешті, басқа елдерге елші тағайындады, сырт елдермен ... (<i>одақ</i>) құру мәселесіне басшылық жасады ... <i>әскерді</i> басқарды.</p> <p>14. Патшаны бір ... (<i>рудан</i>) сайлады.</p> <p>15. Сақ патшасы елді өзінің ... (<i>сатрантары</i>) (қызметшілері) арқылы басқарды.</p>
<p>Теориясы: «Түсіну» (Неге? <u>Неліктен?</u> <u>Себебі?</u> Не <u>үшін?</u> сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарын тереңдету үшін қойылады)</p>	<p>Себебін анықта:</p> <p>1. Сақ, сармат тайпаларында әлеуметтік теңсіздік неден пайда болды? Ж. Түскен жауынгерлер арасында тең бөлінбейтіндіктен, қоғамда <i>бай-кедей</i> топтар қалыптаса бастады.</p> <p>2. Сақтарда мүлік теңсіздігі болғанын не дәлелдейді? Ж. Берел, Шілікті Бесшатыр, Есік, Тарбағатайдағы <i>«патша қорғандары»</i> дәлелдейді.</p> <p>3. Сақ мемлекетінде неге құлдар аз болған? Ж. <i>Көшпелі елдерде</i> құлдық отырықшы елдердегідей аса дамымаған.</p> <p>4. Сақ мемлекетінде діни істермен кімдер айналысты? Ж. Діни сенімді ұйытып отырған - <i>абыздар, бақсылар</i>, ем-домшылар болды.</p>
<p>Теориясы: «Талдау» (1. <u>Салыстыр</u>, 2. <u>Айырмашылы</u> <u>ғы неде?</u> 3. <u>Ұқсастығы</u> <u>неде?</u> 4. <u>Тақырыптың</u> <u>басты</u> <u>идеясын жаз</u> деген тапсырмалар. Немесе 1-3 тапсырмалар ды Венн диаграммасы арқылы</p>	<p>Топтастыр:</p> <p>Тақырыптың басты идеясын жаз: Сақ және сармат тайпалары өзара <i>мәдени-этникалық</i> жақын, <i>туыстас</i> тайпалар болған.</p>

қамтуға болады.																																																																									
<p>Теориясы: «Жинақтау» (Қорытынды шығар, анықтама бер, мазмұнды жүйеле, кестені, тірек сызбаны, сөзжұмбақты толтыр немесе өзің құрастыр, тағы с.с. басқа түрдегі тапсырмалар оқушының жоғарыдағы «тақырыптың басты идеясын» жазған жауабына қойылады)</p>	<p style="text-align: center;">Сөзжұмбақты шеш: «өнер»</p> <ol style="list-style-type: none"> Орталық Қазақстанды мекендеген тайпа? Теңіздің арғы жағындағы сақтар? «Персеполь» «Бехистун» жазуларында тур тайпаларының ортақ атауы? Каспийдің солтүстік-батысын мекендеген тайпа? Шығыс Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпасы? Исседондардың солтүстік-батысында мекендеген көршілері? <div style="text-align: center; margin-top: 20px;"> <table border="1" style="border-collapse: collapse; margin: auto;"> <tr><td></td><td></td><td></td><td>и</td><td>с</td><td>С</td><td>е</td><td>д</td><td>о</td><td>н</td><td></td></tr> <tr><td>п</td><td>а</td><td>р</td><td>а</td><td>д</td><td>А</td><td>р</td><td>А</td><td>й</td><td>я</td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td>с</td><td>а</td><td>Қ</td><td>а</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>с</td><td>а</td><td>р</td><td>м</td><td>а</td><td>Т</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>А</td><td>р</td><td>и</td><td>м</td><td>а</td><td>с</td><td>п</td><td>ы</td></tr> <tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>а</td><td>Р</td><td>г</td><td>и</td><td>п</td><td>п</td><td>е</td><td>й</td></tr> </table> </div>						и	с	С	е	д	о	н		п	а	р	а	д	А	р	А	й	я					с	а	Қ	а					с	а	р	м	а	Т											А	р	и	м	а	с	п	ы						а	Р	г	и	п	п	е	й
			и	с	С	е	д	о	н																																																																
п	а	р	а	д	А	р	А	й	я																																																																
			с	а	Қ	а																																																																			
с	а	р	м	а	Т																																																																				
					А	р	и	м	а	с	п	ы																																																													
					а	Р	г	и	п	п	е	й																																																													
<p>Оқулықпен жұмыс (5 минут): төмендегі «Қолдану» және оқушының тақырып мазмұнына «Баға беруі» тәсілдеріне сәйкес, яғни рефлексия жасауға, эссе жазуға арналған, практика жүзінде бекіту тапсырмалары орындалады. Нәтижесі ауызша марапатталады.</p>																																																																									
<p>Практикасы: «Қолдану» (оқулықпен жұмыс жүргізу барысында тек қарапайым тапсырмалар мен бекіту жүргізіледі. Дайын формулалар арқылы есептер шығару орындалады)</p>	<p>Сәйкестендіру тесті:</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr><td style="width: 5%;">1</td><td style="width: 60%;">Бесоба</td><td style="width: 35%;">А аргиппей</td></tr> <tr><td>2</td><td>Шілікті</td><td>Б аримаспы</td></tr> <tr><td>3</td><td>Бесшатыр</td><td>В сармат</td></tr> <tr><td>4</td><td>Берел</td><td>Г</td></tr> <tr><td>5</td><td>Есік</td><td>д тигрохауда</td></tr> <tr><td>6</td><td>Аралтөбе</td><td>е апасиак</td></tr> <tr><td>7</td><td>Байгетөбе</td><td></td></tr> <tr><td>8</td><td>Мұртты обалар</td><td>Жисседон</td></tr> <tr><td></td><td>Бабіш молда</td><td>з савромат</td></tr> </table> <p style="text-align: center;">(1-б, 2-д, 3-а, 4-е, 5-ә, 6-з, 7-в, 8-г, 9-ж.)</p>			1	Бесоба	А аргиппей	2	Шілікті	Б аримаспы	3	Бесшатыр	В сармат	4	Берел	Г	5	Есік	д тигрохауда	6	Аралтөбе	е апасиак	7	Байгетөбе		8	Мұртты обалар	Жисседон		Бабіш молда	з савромат																																											
1	Бесоба	А аргиппей																																																																							
2	Шілікті	Б аримаспы																																																																							
3	Бесшатыр	В сармат																																																																							
4	Берел	Г																																																																							
5	Есік	д тигрохауда																																																																							
6	Аралтөбе	е апасиак																																																																							
7	Байгетөбе																																																																								
8	Мұртты обалар	Жисседон																																																																							
	Бабіш молда	з савромат																																																																							
<p>Практикасы: «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не</p>	<p style="text-align: center;">Сен қалай ойлайсың? Ерте темір дәуірі тайпаларының Еуразия</p>																																																																								

<p><u>істер</u> _____ <u>едің?</u> деген тапсырмалар оқушыға жоғарыда алған білімін (теория бойынша) және біліктілігін (практикасы бойынша) <u>өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады</u></p>	<p>халықтары мәдениетіне әсері қандай болды? Сақ, сармат тайпалары Еуропа, Азия жеріндегі елдермен тығыз қарым-қатынаста болды, оған дәлел – сақ, сармат <u>қорымдарынан</u> табылған түрлі әшекей бұйымдар, шыны ыдыстар т.б. заттар.</p>
<p>III кезең (кері байланыс – бағалау кезеңі): жеке жұмыс. Жоғарыда меңгерген мазмұнды үш деңгейге іріктеп (әр деңгейдің білімділік, біліктілік, яғни құзыреттілік деңгейін анықтайтын тапсырмалар) оларды біртіндеп орындату арқылы балл жинату барысында оқушының құзыреттілік деңгейін анықтап, әділ бағалау жүзеге асырылады. Бұл тапсырмаларды оқушылар сабақтың соңына дейін қалған 15 минуттың 12 минутында орындайды + 3 минут қорытынды жасалады. Қалған тапсырмаларды үйде аяқтап келеді.</p>	
<p>I деңгей (5 балл)</p>	
<p>Теориясы: «Білу» (тақырып мазмұны бойынша <u>Кім? Не? Қандай? Қалай? Нені? Қашан? Не істеді?</u> сияқты сұрақтарға жауап беретін толық ақпараттар іріктелініп II кезеңдегіге қарағанда керісінше қойылады)</p>	<p style="text-align: center;">1-тап: Сұрақтарға жауап бер.</p> <p>1. Сарматтардың басқа елдермен байланыста болғанын не дәлелдейді? Ж. Қорымдардан табылған <u>әшекей заттар, шыны ыдыстар</u> тағы басқа жәдігерлер сарматтардың басқа өркениеттермен байланыс орнатқанын көрсетеді.</p> <p>2. Сақ қоғамында қанша әлеуметтік топ болды? Ж. Сақ қоғамында негізгі үш әлеуметтік топ болды – <u>абыздар</u>, көсемдер мен <u>жауынгерлер</u> және қауымның <u>еркін</u> мүшелері.</p> <p>3. Сақтар туралы негізгі дерек көздері қай елдерде табылды? Ж. Сақтар туралы құнды деректер ежелгі <u>грек</u>, рим, <u>парсы</u> жазбаларында кездеседі.</p> <p>4. Сақ қоғамында ерлер мен бірге әйелдер де жауынгер болғанын не дәлелдейді? Ж. Ерлер мен қатар әйелдер <u>де қаруымен</u> жерленген.</p>
<p>Практикасы: «ҚОЛДАНУ» (II кезеңдегіге қарапайым тапсырмалар үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)</p>	<p>5-Топтастыр.</p>  <pre> graph TD A([Сақ қорымдары]) --- B[Есік] A --- C[Шілікті] A --- D[Бесшатыр] A --- E[Аралтөбе] A --- F[Тарбағатай] </pre>

II деңгей (5 балл + 4 балл = 9 балл)																																																													
Теориясы: «Түсіну» (неге? <u>Недіктен?</u> <u>Себебі? Не үшін?</u> сұрақтары оқушының жоғарыда берген жауаптарына оларды тереңдету үшін қойылады)	<p>1. Жаяу Мұсаның түрмеге отыру себебі неде? Ж: Себебі, Жаяу Мұса өзінің өнерімен әлеуметтік әділетсіздікке қарсы әрекеттер жасайды. Осы мәселе оның әйгілі «<u>Ақ суса</u>» атты әнінде айқын көрініс табады. Осыған байланысты Жаяу Мұсаға патша саясатына наразы адам деген айып тағылып, Тобылға жер аударылды.</p> <p>2. Не үшін Нұрмағамбет Баймырзаұлын Балуан Шолақ деп атап кеткен? Ж. Себебі, алып <u>күш</u> иесі және қолының <u>саусақтары</u> үсіп қалған екен.</p> <p>3. Ақжігіт Қорамсаұлын не себепті халық Ақан сері деп атаған? Ж. Қазақтың дәстүрлі <u>сал-серілік</u> әдет-ғұрпын барынша сән-салтанатпен ұстаған Ақжігіт жүйрік ат, қыран бүркіт, <u>құмай</u> тазы баптап, <u>аңшылық</u> дәстүрді кәсіп еткені үшін, халық оны қадірлеп «Ақан сері» деген ат берген.</p> <p>4. Ықыластың «Жарым патша» деген күйін не үшін жазған? Ж. Ықылас «Жарым патша» күйін тәкаппар, менменсіген <u>байларды</u> кекетіп шығарған.</p>																																																												
Теориясы: «Талдау» (1. Салыстыр, 2. Айырмашылымы неде? 3. Ұқсастығы неде? 4. Тақырыптың басты идеясын жаз деген тапсырмалар болу керек. Немесе 1-3 тапсырмаларды Венн диаграммасы арқылы қамтуға болады.)	<p>Семантикалық карта: + белгісін қою арқылы белгіле.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>ескерткіш атаулары</th> <th>Аргип пей</th> <th>Арима спы</th> <th>Тигро хауда</th> <th>Сар мат</th> <th>Исседон</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>«Бесоба»</td> <td>+</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Бесшатыр»</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Шілікті»</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Берел»</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>+</td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Аралтөбе»</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Есік»</td> <td>+</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Бәйгетөбе»</td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>«Боралдай»</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>+</td> </tr> <tr> <td>«Сынтас»</td> <td></td> <td></td> <td>+</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	ескерткіш атаулары	Аргип пей	Арима спы	Тигро хауда	Сар мат	Исседон	«Бесоба»	+					«Бесшатыр»						«Шілікті»			+			«Берел»				+		«Аралтөбе»		+				«Есік»	+					«Бәйгетөбе»		+				«Боралдай»					+	«Сынтас»			+		
ескерткіш атаулары	Аргип пей	Арима спы	Тигро хауда	Сар мат	Исседон																																																								
«Бесоба»	+																																																												
«Бесшатыр»																																																													
«Шілікті»			+																																																										
«Берел»				+																																																									
«Аралтөбе»		+																																																											
«Есік»	+																																																												
«Бәйгетөбе»		+																																																											
«Боралдай»					+																																																								
«Сынтас»			+																																																										
Практикасы: «ҚОЛДАНУ» (II кезеңдегіге қарапайым тапсырмалар)	<p>Өз білімінді тексер: «ия» немесе «жоқ» деп белгілеу арқылы.</p> <p>1. Гректер сақтарды «скиф» деп атаған. ия жоқ 1 1</p> <p>2. Исседондар Жетісуды мекендеген.</p>																																																												

үлгісіндегі тапсырмалар орындалады)	Петропавлда, Көкшетауда көрмеде жұртқа таныстырылды 2 2 3. Сақтарда үш әлеуметтік топ болды 3 3 4. Шілікті қорымы Батыс Қазақстанда табылды. 4 4 5. «Алтын адам»Есік қорымында табылды. 5 5 6. Сақтарда мүлік теңсіздігі болған жоқ 6. Сарматтар Скифияны жаулап алды. 6.....6
III деңгей (9 балл + 3 балл = 12 балл)	
Теориясы: «Жинақтау» (Қорытынды шығаруға бағытталған: <u>мазмұнды жүйеле, анықтама бер, кесте, сызба, ребус шеш.</u> Деген сөздер тапсырма шартында болу керек)	1. Сақ, сармат тайпалары басқа өркениеттермен тығыз байланыс орнатқан, өз басқарушысы, әскері, діні, байлары мен кедейлері бар әскери-демократиялық мемлекеттер болған. 2. Ерте темір дәуіріндегі Қазақ жерін мекендеген тайпалар мол мұра қалдырды. Оған дәлел – <u>Есіктен</u> табылған «алтын адам», <u>Шығыс Қазақстандағы</u> «патша қорғандары».
Практикасы: «Баға беру» (Сен қалай ойлайсың? Не істер едің? деген сияқты тапсырмалар өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады.	Сен қалай ойлайсың? Сарматтардың сақтармен байланысы болды ма? Сарматтардың шығыс тобының тарихы Орталық Азия мен Хорезм, Сырдария бойы <u>сақтарымен</u> байланысты болды.

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Ш. Қалдаяқов ауылындағы В.И.Пацаев атындағы орта мектептің 20 жылдан бері ұстаздық етіп келе жатқан Тәңірбергенова Айжан Жаймұратқызы «Үш өлшемдік оқыту» технологиясын биология сабақтарында тиімді қолданып келеді. Оқушылары өзінің шамасы жетерлік, өзі меңгере алатын тапсырманы орындап, өзін-өзі бағалай отырып, өз жұмысына өзі қорытынды шығарады. Оқушының оқу процесінде өздігінен білім жинап, белсенді түрде өз бетінше қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беріледі. Бақылау жұмыстарында оқушы өзіндік жұмыстарды орындау арқылы білімін дұрыс бағалайды. Үш өлшемдік технологияның тиімділігі: оқу үрдісінің негізгі жетістіктерімен олардың арасындағы байланыстарды жүзеге асыру; оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды беруде оның мүмкіндігін ескеру; қабылдауы мен сұранысына жауап беруде сыйластықпен қарау; оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға түрткі болу және дамыту, өз бетінше жұмысқа дағдыландыру, оқушының жеке қабілетін анықтауға мүмкіндік беру. Мұғалім бұл технологияны, белгілі бір тарауды аяқтағаннан кейін, әсіресе қорытынды сабақтарға, бақылау жұмыстарына қолдану тиімді деп санайды.

Зулкашева Айзада Дуйсенбайқызы Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар ұлттық гимназиясының биология пәнінің 1-

санатты мұғалімі. Технологияны қолдануда оқушылары да, мұғалім өзі де көптеген жетістіктерге жеткен. Биология пәні бойынша жыл сайын оқушылардың білім сапасы 100 %-ды көрсетіп жүр. Оқушылары облыстық, республикалық және халықаралық байқаулардан орын алып жүр. 2011-2012 оқу жылында шәкірті «Жайық өзенінің төменгі ағысындағы бекіре тұқымдастарының таралуы мен тұрақтандыру жолдары» тақырыбы бойынша облыстық ғылыми жоба жарыстарына қатысып – III орынды, «Жоғары сапалы ауыз су – денсаулық кепілі» тақырыбы бойынша – I орынды, «Құрманғазы ауданының ауа бассейнінің қазіргі жағдайы» тақырыбы бойынша III орындарды иеленді. Оқушысы республикалық ғылыми жоба бойынша III орынмен марапатталды. 2014-2015 оқу жылы шәкірті «Атырау облысы бойынша асқазан-ішек жолдарының үдемелі ойық жара ауруларының негізгі себептері және оның алдын алу жолдары» тақырыбы бойынша облыстық ғылыми жоба жарысынан III орынды иеленді. Халықаралық ғылыми жоба жарысынан Елеубаева Мадина мен Амангелдиева Нұрайна «Ғарыш кеңістігіндегі ғарыш қалдықтары, ғарыш транспорттарының Жер атмосферасына әсері және оны шешу жолдары» тақырыбы бойынша II орынға ие болды. 2011 жылы «Дарындылық мәселесіне жаңаша көзқарас» жөніндегі халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, «Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру жолдары» тақырыбындағы баяндамасы дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарының іс-тәжірибесі жинағына енді. «Қанайналым жүйесі және жүрек қызметі» тақырыбында, «Электронды тест тапсырмалары» атты Front Page бағдарламасы бойынша 8 сыныптарға арналған электронды оқулықтары және биология пәні бойынша флипчарттар жинағын құрастырып, сабақтарында тиімді пайдаланып жүр. «Биология және салауаттылық негізі» ғылыми-педагогикалық журналдың 2012 жылдың 2 санында «Танымдық тапсырмалар» атты еңбегі жарық көрді. 2013-2014 оқу жылында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы «Білім беруде рухани тәрбиенің маңыздылығы: ізденістер мен тәжірибелер, жаңа бағыттар» облыстық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, «Өзін-өзі тану арқылы адамгершілік-рухани құндылықтардың жаңаруы» тақырыбындағы баяндамасы жинағына енді. 2014-2015 оқу жылында «Өсімдіктер физиологиясы» тақырыбы бойынша элективті курсқа арналған авторлық бағдарламасы жарыққа шықты. Биылғы оқу жылында «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық байқауға қатысып, I орынды иемденді. «Жыл мұғалімі-2015» облыстық байқауында «Жаңашыл мұғалім» номинациясымен марапатталды. Сабақта жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты компоненті – дамыта оқыту. Негізгі мақсат – жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Бұл үшін мұғалім жаңашыл, шығармашыл болуы керек. Айзада Дуйсенбайқызы оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы, салмақты ойлауға, өз ойын қорытуға, өз бетінше ізденуге тәрбиелейтін Ж. Қараев пен Ж. Кобдикованың оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясының әдіс-тәсілдерін биология сабақтарында қолдану тиімді деп санайды. Бұл технология оқушылардың әр түрлі іс-әрекет түрлерінде өзін-өзі

байқау мүмкіндігі арқылы болашақ қызмет аясын саналы түрде таңдап алуы үшін жақсы мүмкіндіктер туғызады деп есептейді.

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы №14 орта мектебінің биология пәнінің жоғары санатты мұғалімі Макратова Динара Манарбекқызының іс-тәжірибесінен. Қазіргі таңда еліміздің мектептерінде дүниежүзілік тәжірибелерде өзін ақтаған оқыту технологияларымен қатар, қазақстандық педагог-ғалымдардың да технологиялары белсенді түрде қолданып жүр. Соның ішінде профессор Ж.А. Қараевтың «оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын Динара Манарбекқызы өзінің іс-тәжірибесінде қолданып жүр. ҮӘЖ педагогикалық технологиясы бойынша сабақты өту барысы төмендегідей болуы шарт. I кезеңнің (5 – 7 минут) мақсаттары: а) Ұйымдастыру (үй жұмыстары тексеріледі); б) алдыңғы өткен тақырып бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды аяқтау дәрежесін тексеру (алған ұпайлар саны қосылып, журналға тиісті бағасы қойылады); в) «Көпір» тапсырмалары тексеріледі. Бұлар – өтіп кеткен тақырыптардан бүгінгі сабаққа негіз болатын тапсырмалар. II кезең (20 – 25 минут). а) Өз бетімен жаңа тақырыпты меңгеру (5 – 7 минут). Оқушыға зерттеушілік әдістің алгоритмі бойынша іріктелген сұрақтарға жауап беру ұсынылады; б) жұмыс нәтижесін мұғаліммен бірігіп талқылау (5 – 7 минут). Негізгі мақсат – ой туғызу, оқушыға өзіндік ой-пікір, қорытынды шығаруға мүмкіндік беру; в) алған жаңа теориялық білімді практика жүзінде пысықтау, жаттығулар орындау, мысал есептер шешу. (8 – 10 минут). (Жаңа тақырып бойынша баға қойылмайды, ол үшін төмендегі үшінші кезең ұйымдастырылады. Мұндай әрекет технологияның басты ерекшелігі болып табылады). III кезең (кері байланыс) – технология бойынша нәтижеге бағытталған бөлім. (12 минут + 3 минут қорытынды шығаруға арналады). Бұл кезеңнің негізгі мақсаты: 1) деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында II кезеңде алған білімдерін дәлелдеп, қабілетіне қарай тереңдету, оқу жетістіктерін 12 - ұпайлық рейтинг жүйесі бойынша әділ бағалау болып табылады. 2) Оқушыларға үш деңгейлік тапсырмалар ұсынылады Мұғалім өз тәжірибесі арқылы үлгерімі нашар оқушылардың өзі ең болмағанда «оқушылық» деңгейіне сәйкес білімді толық меңгеретініне көз жеткізді. Оқушының даму бағдары анықталып, өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптасады. 3) Саралап-деңгейлеп оқыта отырып, оқушылардың орындаған тапсырмалары арқылы олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім оқу материалының оқушы үшін қай жері қиындық туғызғанын анықтап, қосымша тапсырмалар арқылы білім деңгейін арттыруға жағдай жасайды. 4) Олимпиадаға, ғылыми жобаға қатысатын оқушыларды анықтауға мүмкіндік туғызады. 5. Журналда баға қоры толық болады.

Мысабаева Ұлмекен Дайрабайқызы – Қызылорда қаласы №10 орта мектебінің биология пәні мұғалімі, еңбек өтілі 20 жыл. «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясымен 2008 жылдан бері жұмыс істеуде. Балаға білім деңгейіне байланысты үш деңгейлік тапсырма беру арқылы білімдері бағаланады. Бірінші деңгейді орындамай, екінші деңгейге көшпейді,

оқушылардың білімі толық бағаланады. Оқушылардың білім сапасына әсер етіп, білім алуына толықтай септігін тигізді. Оқушылардың білім сапасы көтерілді. Әр оқушы өз деңгейі бойынша жұмыс жасай біледі. «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясының жұмыс жасау барысында оқушылардың білімін тексеруде көп пайдасы бар. Әр оқушының білім деңгейі анықталып, олардың тақырыпты меңгеруіне деңгейлік тапсырмалардың әсері зор. Бұл технологиямен жұмыс жасау мұғалімге өте ұнайды, шығармашылық шабыт береді.

Караевтың «Деңгейлеп оқыту» технологиясын Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернатының физика пәні мұғалімі Костанова Айымгул Шеркешбайқызы 2010 жылдан бастап қолданып келеді. Мұғалім аталған технология бойынша оқушыларға деңгейлеп тапсырма беру арқылы білімін бағалауға және біліктілік деңгейін байқауға үйретеді. Сонымен қатар, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға, білім алуға деген саналы көзқарастарын, танымдық, ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыруға, өз бетінше жұмыс жасауға үйретеді. Нәтижесінде оқушылардың ақыл-ой, еңбек, адамгершілік, ұйымшылдық, эстетикалық тәрбиесі қалыптасып отырады. Ақыл-ой тәрбиесі оқушылардың ғылыми жүйесін дамытады. Осының негізінде олардың ғылыми көзқарасы, зерттеушілік қабілеті, танымдық іс-әрекеті қалыптасады, бақылау, жазып алу, өзін-өзі дамыту дағдыларын игереді.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мыңбаев ауылындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығының физика пәнін оқытатын Сағатбекова Әсем Ошанбайқызы – деңгейлеп оқыту технологиясының зор мүмкіндіктерін 2015 жылдан бастап қолданып келе жатқан ұстаздардың бірі. Әсем Ошанбайқызы бұл технологиясының тиімділігіне іс жүзінде көз жеткізді: Мұғалім жедел ойлаушы шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушы, нақты бағыт-бағдар беруші болып табылады. Мұғалім оқушылардың бойында көшбасшылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары сатысына шығаруды және ізденуді, білуге үйретіп, қалыптастырды. Бұл технология арқылы оқушылардың құзыреттілігін дұрыс дамытып, оны іс-тәжірибеде пайдалануын, қолданылуын үйретті.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Алматы облысы Жамбыл ауданы Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектептің шет тілі пәні мұғалімі Қосжанова Гүлнар Шарипбайқызы. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқытудың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясын қолданады. Бұл технологияда әуелі күнтізбе жоспары құрылады. Ол үшін дәстүрлі оқытудағы екі бақылау жұмысының арасында өтетін оқу материалын «Модуль» деп қарастырып, оның құрылымы анықталады, әр модульдің соңында үш сабақ ерекше болады: қорытынды өзіндік жұмыс сабағы; қатемен жұмыс сабағы; бақылау жұмыс сабағы. ҮӘЖ пед.технологиясында деңгейлік тапсырмалар орындалады, оқушылар өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады, балдықжүйемен бағаланады. Нәтижесінде оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артты, білім сапасы артады. Өзін-өзі бағалауға, жұппен жұмыс

істеуге, тиянақтылыққа тәрбиеленеді. Өз бетінше ізденіп жұмыс істеуге, ойын толық жазуын, өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді. ҮӘЖ пед технологиясы бойынша нақты білімі бағаланады, ашық журнал арқылы әділ бағаланады, жұмыс дәптерлер де оқушылар мен мұғалімдерге жұмыс жасаған тиімді, әрбір оқушының үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындауына жағдай жасау арқылы оның қабілетіне сәйкес жеке құзырлылығын дамытуға болады.

Осы технологияны сабақта қолданып жүрген Талдықорған қаласы №24 мектептің шет тілі пәні мұғалімі Сансызбай Жарқын Сансызбайұлы «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясының тиімділігі: оқушылардың өздігінен білім алуына, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге жан-жақты мәдениетті шығармашыл, құзырлы тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор екенін айтады. Үш кезең бойынша берілген тапсырмалар бойынша өз бетімен жұмыс жасауға, жақсы ұпай жинауға, жинақылыққа, шапшаңдыққа, білімділікке ұмтылдырады. Әр оқушы барлық пәннен екіліксіз оқуға кепілдік алды. Оқушының бір бағытта болса да, қабілеті ашылды. Дарынды бала жан-жақты оқуға мүмкіншілік алды. Балл жинау арқылы оқуға деген қызығушылығы артты. Білім дайын күйінде ұсынылмайды, бала тыңдаушы, мұғалім-информатор емес, керсінше бала – зерттеуші, ізденуші, мұғалім оқушы іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін, дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы» не «жаман» ұғымының болмауы балаларды танымдылық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады. ҮӘЖ технологияларын оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жасауына ықпал етеді. ҮӘЖ технологиясы бойынша үш деңгейдегі тапсырмалардың нәтижесі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқасында ғана өз жемісін береді.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының №13 гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Айтжанова Шынар Қуатбайқызы «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы 1998-1999 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж.Қараевтың «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгертуді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударады. Аталған технология бойынша күнтізбелік жоспарды жасау барысында ең алдымен барлық тақырыпты модульге бөлу керек. Модуль дегеніміз не? Модуль – бұл үлкен, ауқымды тақырып немесе бірнеше параграфтан тұратын тарау. Бұл жоспарлаудың ерекшелігі, әрбір тарау (немесе модуль) үш қорытынды сабақпен аяқталады: 1. Деңгейлік тапсырмалардан тұратын тақырыптық өзіндік жұмыс; 2. Қатемен жұмыс (Коррекциялық); 3. Деңгейлік тапсырмалардан тұратын бақылау жұмысы. Бұл технология бойынша міндетті түрде бақылау жұмысына дайындық ретінде бір сағат өзіндік жұмысқа және бір сағат қатемен жұмысқа бөліну керек. Бұл екі

сағатты бағдарлама бойынша берілген жалпы сағат көлемінен мазмұны бір-біріне жақын тақырыптарды біріктіру арқылы шығаруға болатынын айтады. Нәтижесінде бұл әдіс оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне, сөйлеу шеберлігінің артуына, оқушының өз бетімен жұмыс жасауына үлкен ықпал етеді. Осы технологияны оқу үрдісіне енгізу барысында білім сапасының да айтарлықтай артқаны байқалды. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мектебімізде 1 тоқсан аяғында оқу сапасы 70% болса, жыл соңында 95%-ға жетті. Деңгейлеп оқыту барысында оқушылардың есте сақтау қабілеті жақсарып, өз эмоциясын өзі басқара білетіні, қабылдауының күшеюі, зейінінің тұрақтылығы, ойлауы дамитыны анық байқалған.

Ақтау қаласы №11 мамандандырылған физика-математикалық мектепте физика пәнін оқытатын мұғалім Абылгазиева Саруа Кабдуловна интерактивті оқыту технологиясымен 2008 жылдан бастап қолдануда. Бұл технология оқушыларды жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай дамыта оқыту арқылы, өз бетімен іздендіруге жағдай жасайды. Нәтижесінде оқушылардың жаңа білім меңгеруге деген ынтасы артты. Осыдан білім одан әрі бекіді, оқушылардың үлгерімдері жақсарып, білім сапасы артты. Пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауына қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы №6 Шалқар орта мектебінің бастауышы сынып мұғалімі Еришова Асемгүл Сарсенғалиқызы өз сабақтарында қолданатын үшөлшемдік әдістемелік жүйесі технологиясы туралы былайша сипаттайды: I кезеңде көпір тапсырмалары беріледі, жаңа тақырыпқа кіріспе ретіндегі өткен тақырып бойынша тапсырмалар алынады. Мұғалім жүйелі түрде өткенді пысықтауға арналған тапсырмаларды орындауды талап етіп отырса, оқушының барлығы, соның ішінде нашар оқушы да дайындалып келуге мәжбүр болады, нәтижесінде әрбір оқушының белсенділігі мен жауапкершілігінің артатындығын айтады. Осы технологияны қолданудың нәтижесінде мұғалім жаңа тақырыпты дайын түрде бермей, оқушылардың өздеріне күш салып, қаншалықты меңгергендігін қадағалайды. Ол тек көмектеседі, қосымша фактілер береді, демек мұғалім оқушылардың танымдық қызметін тек басқарады, бағыт-бағдар береді. Оқу жетістіктерін 12 ұпайлық жүйесі бойынша әділ бағалау болып табылады. Оқушыларға үш деңгейлік тапсырмалар беріледі. Сабақ барысында әр деңгей тапсырмасының дұрыстығын тексергеннен кейін, тақтада ілініп тұрған «Ашық журналға» + белгісін оқушылардың өздеріне қойғызып отырады. Оның ерекшелігі, әрбір тарау немесе модуль үш қорытынды сабақпен аяқталады: өзіндік жұмыс, коррекциялық жұмыс, бақылау жұмысы. Оқушының қабілетіне қарай білім алуын, оны ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасау керектігін айтады.

Ақтөбе қаласы №37 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Абуова Карлыға Коғабайқызы деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында ұнайтыны – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Мұғалім бұл технологияны 2012 жылдан бері қолдануда. Мұғалім оқушының өз

бетімен білім алуудағы белсенділігіне аса назар аударады. Бұл технологияда болашақта оқыту мен тәрбиелеуді, әлеуметтік талап-тілектерді ескере отырып, дамытуды, ғылыми жетістіктер мен педагогикалық тәжірибелерді жаңартуға, мұғалімдерді ақпараттық қамтамасыз етуді, біліктілігін үздіксіз көтеруді қажет етеді.

Атырау қаласының №9 Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Масабаева Айнұр Серікқызы ағылшын тілі сабағында 3 өлшемді оқыту технологиясын қолдана отырып, оқушылардың деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы ағылшын тілінің білімі жақсарғанын айтады. Нәтижесінде оқушылардың білім деңгейі артқан, деңгейлік тапсырмаларды орындай отырып оқушылар жоғары баға алуға ұмтылады. Мұғалім үш өлшемді технологияны қолдануда оқушылардың ойлау дағдысы қалыптасып, еркін сөйлеу, өз ойын жеткізу қабілеті жақсарды деп мәлімдейді.

Қарағанды қаласы №92 гимназияның жоғары санатты, тәжірибелі мұғалімі Жексенбина Нұргүл Бахарамқызы 5-7 сыныптардың информатика сабақтарында деңгейлеп оқыту технологиясын қолданады. Деңгейлік-саралап оқыту технологиясы – оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда бірінші орында оқушы туралы және өз бетімен білім алуудағы белсенділігіне баса назар аударады. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялын, ойын ұштайды.

Оқушының білімді меңгеру сатысы: 1. Шығармашылық; 2. Эвристикалық; 3. Алгоритмдік; 4. Оқушылық деңгей. Оқушылардың шығармашылық қызметін дамыту үшін: Өз бетінше тапсырма беру (тарихи есептер, логикалық есептер). Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының басты мақсаты – сынып оқушыларын «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмайды. Бұл әдістің тиімділігі оқушы жаңа тақырыптан алған білімін бекітіп, практикада қолдана білуге жаттығады, жеке баға үшін оқып жүруден құтқарады, түсініп оқуға ұмтылады, бір сабақтың үстінде берілген материалдарды толық қамтуға мүмкіндік туады, өз бетімен шешім қабылдауға дағдыланады. Деңгейлік тапсырмалар мен жұмыс жасау арқылы оқушылардың шығармашылығыда арта түседі. Атап айтсақ, информатика пәні бойынша оқушылардың түрлі сайыстарға, ғылыми конференцияларға және де олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп, жетістіктерге жеткізіп отырды. Д. Пойа айтқандай, «Егер мұғалім өз пәніне шын ықыласымен берілсе, онда бүкіл сыныпта бұл пәнге ынтасымен берілетін болады. Расында да, пәнді сүйю және оны терең білу-мұғалімге қажетті шарт, алайда бұл жеткілікті емес. Мұғалім өзінің пәнге деген қызығушылығын өз оқушыларының бойына сіңіре білу қажет. Жалпы технологияны қолдану сабақтың сапасын көтеруге, оқушылардың білімге деген оқу-танымдық қызығушылығын арттыруға, қазіргі қоғам талабына сай білім

алуына көп әсерін тигізеді. Ұсынысы: Заман талабына сай білімді, білікті, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Қостанай облысы, Әулікөл ауданы №2 Аманқарағай орта мектебінің Кужахметова Анар Қасымжомартқызы физика пәнін деңгейлеп оқыту технологиясын пайдалана отырып оқытады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, өз бетінше ізденуін арттыра отырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Кужахметова Анар Қасимжумартовна осы технологияны қолдана отырып, нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты, сапасы І тоқсанда 46,2 %-ды құраса, ІІІ тоқсанда 60,8%-ды құрады. Оқыту технологияларын сауатты қолдана білген әр ұстаздың білім беру үрдісі нәтижелі және сапалы болатынын мұғалім іс-жүзінде дәлелдеуде.

Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, № 2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сәрсембина Зинагүл Евентайқызы «Үшөлшемді әдістемелік жүйе (ҮӘЖ)» технологиясының жоғары сұранысқа ие екенін түсіндіреді. Отандық педагогикалық технологиялардың ішінен жоғары сұранысқа ие болып жүрген технологиялардың бірі педагогика ғылымының докторы Ж. Караевтың оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» технологиясын деңгейлік бағдарлама бойынша ІІ (негізгі) деңгей курсынан өтіп, өз сабақтарында қолданып жүргенін айтады. ҮӘЖ технологиясы негізінде тақырыпты меңгеру екі бөлімнен тұрады. Бірінші синектикалық бөлім екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңде ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі, үй жұмысы тексеріледі, жаңа тақырыпқа көшу үшін проблемалық ситуация анықталады. Екінші кезең жаңа тақырып бойынша анықталған проблеманы шешуге арналады. Бұл кезеңде оқушылар топтық жұмыс барысында түрлі интербелсенді әдістер арқылы тақырыпты өздігінен меңгереді. Бұл әдіс қадамдарының орындалу реті Б. Блумның «Толық меңгерту теориясындағы» аралық мақсаттардың ретімен сәйкес келеді. Бірақ, мұнда олардың реті ауыстырылады: білу, түсіну, қолдану, жинақтау, қолдану, баға беру. Негізінде алдымен мақсаттар тізбегіндегі алғашқы төрт қадам арқылы тақырыптың теориялық бөлімін меңгерту, содан кейін оны практикада бекіту көзделеді. Тақырыпты меңгерудің нәтижеге бағытталған бөлімінде кері байланыс жүзеге асырылады. Бұл кезеңде меңгерілген білім және біліктілік тапсырмалары олардың күрделілік дәрежесіне сәйкес үш деңгейге іріктелініп қайтадан орындалады. Дұрыс орындалған тапсырмалар, олардың күрделілік критерийіне сәйкес бағалану қажет, яғни тапсырманың сапасы өлшенеді. Үш деңгейлік тапсырмаларды біртіндеп орындау барысында балл жиналады. Сол арқылы критериалды бағалау жүйесі енгізіледі. Оқушының оқу жетістігі оның алған тек білім сапасымен ғана өлшенеді. Әр деңгейдің нәтижесіне сәйкес, оқушының білім, біліктілігі және оларды күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдаяттарды шешуде қолдана білу құзіреттілік немесе функционалдық сауаттылық деңгейі өлшенеді. Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясын қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын жүзеге асырудағы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге болады: нәтижеге бағытталған бәсекеге қабілетті сапалы білім алуға; тұлғаның функционалдық сауаттылығын дамытуға жағдай жасалады; білім беру жүйесінің дамуын болжауға және қадағалауға қолайлы жағдай туады; білім беру жүйесінің сапасын әділ бағалайтын Ұлттық бағалау жүйесі құрылады.

Астана қаласы Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі Асқарбекова Балымкүл Дайрашқызы үшөлшемді әдістемелік жүйесін ең тиімді жүйе деп сендіреді. Ж. Қараевтың үшөлшемді әдістемелік жүйесі нақты пәндерді оқыту үшін ең тиімді жүйе. Осы жүйе арқылы әрбір сабақта тапсырмаларды 1-ші, 2-ші, 3-ші деңгей бойынша дайындауға болады. Оқушы тапсырманы 1-ден бастап орындайды. Әр сабақта, әрбір тақырыпты өткенде өзінің деңгейінің қандай екенін өзі анықтап отыруына мүмкіндігі бар. Бала осы деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы өзіне өзі баға қойып, білімін өзі бағалап отырады. Себебі, 1-ші деңгей «3»-тік баға деңгейінде, 2-ші деңгей «4»-тік баға деңгейінде, 3-ші деңгей «5»-тік баға деңгейінде жасалады. Әрбір тапсырманың соңына бір шығармашылық тапсырма қосылады. Үш деңгейді де орындап шыққан бала шығармашылық тапсырманы, яғни олимпиада да кездесетін есепті шығара алады. Ж. Қараевтың технологиясын сабақта қолданғалы сыныптарда білім сапасы едәуір артты. Оқушылар еркін еш қадалағалауды қажет етпей-ақ өз деңгейін көрсету мақсатында тапсырмаларды аса қызығушылықпен орындайды. 11-сынып түлектері Ұлттық бірыңғай тестілеуде 98,5 – 100 % арасында білім сапасын көрсетті. Қорытындылай келе, Балымкүл Дайрашқызының мынадай пікірін ұсынады: Ойшылдардың сөзімен айтсақ, «Шәкірт – нығарлай беретін ыдыс емес, керісінше, тұтандыруды қажет ететін шырақ». Олай болса, мектеп – конвейер емес, керісінше, кең түрде ойлай алатын жеке адамды қалыптастыратын орта. Сол себепті, мектепте білім беру ісіндегі басты міндет - оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға, көшбасшы етіп әзірлеу. Сондықтан, сабақ түрі жаңа заман талаптарына сай өзгеріп, жаңа технологиямен жаңарып отырса, жас жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы ерекше болатынында сөз жоқ. Егер әрбір күні сабағыңызға жаңаша өзгеріс енгізіп, өткізіп отырсаңыз, біріншіден, баланың сіздің сабағыңызға деген қызығушылығы артады, екіншіден, өзіңіздің шеберлігіңізді шыңдайсыз.

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы №11 орта мектебінің математика пәні мұғалімі Архабаева Жұпар Көпбайқызы 2005 жылдан бастап «Модульдік оқыту» технологиясын қолдану бойынша насихаттау жұмысын жүргізіп келеді. Модульдік оқыту технологиясы оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуға, білімді өздігінен меңгеруге қолайлы жағдай туғызады. Модульдік оқыту технологиясының бір ерекшелігі – оқушылардың танымдық қызметін арттырады. Тағы бір ерекшелігі – дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндік береді. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспе,

сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлім. Модульдік оқытудың мүмкіншіліктері: әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға, өздігінен білімді меңгеруге мүмкіндік береді: әр түрлі категориядағы балаларға, олармен жүйелі түрде жұмыс істеуге, әр оқушыны назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік береді; тапсырмалардың күрделене түсу жүйесімен берілуін қамтамасыз етеді; бірде-бір оқушы бейтарап қалмайды, қойылған проблеманы шешуге әрбір оқушы өз үлесін қосады; тақырыпты толық және терең оқуға; өздігінен ізденуге; жүйелі білім алуға; ойды дамытуға; оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға; оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға; оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттауға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан облысы Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Ермағанбетова Әлия Ағантайқызы «Модульдік оқыту технологиясын» келесідей сипаттайды. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Модульдік оқыту – бұл тіл үйренушінің өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі.

Бұл технологияның мақсаты: 1) тіл үйренушінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдайлар туғызу; өздігінен білім ала білуі, өзін-өзі басқара алуы; 2) өзін-өзі анықтай алуы; 3) өзін-өзі реттей білуі; 4) өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу; 5) өзіне-өзі баға бере білуі.

М.М. Жанпейісованың модульдік интерактивтік оқыту технологиясының тиімділігі: тіл үйренушінің танымдық қабілетін дамыту; танымдық процестерді дамыту; оқуға қызығушылық таныту; белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамыту; «Қазақ тілі» пәнін оқыту процесін жандандыратын, сапасын арттыратын әдістің бір түрі осындай технологиялық оқу құралдары. Сонымен, қорыта айтқанда, қазіргі қоғам талабына сай, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану керектігі сөзсіз. Оқытушының әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай шеберлікпен тиімді қолдануы оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал етеді. Жаңа технологияларды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы жоғарлайды. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды.

Қостанай облысы Жітіқара қаласы №9 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Алиева Күнжамал Сәуленқызы өз тәжірибесінде модульдік оқыту технологиясын қолданады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту. «Модуль» сөзі оқытудың мазмұны мен технологиясын білдіреді. Ал «технология» - гректің «шеберлік» деген сөзі. Технологияны қолданудағы мақсаты: модульдік оқыту технологиясы ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани келбетінің қалыптасуына әсер етеді, өзін-өзі дамытып,

оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыра білуге көмек көрсетеді. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқытудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін оқытушының берген нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, отансүйгіштікке, өздігінен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, оқушылардың ойлау, елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі. Модульдік оқыту – технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Модульдік оқыту технологиясы

Модульдік оқу технологиясы АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылған білім игеру жүйесі. Бұл технологияның мәні – оқушы модульмен жұмыс орындау барысындағы нақты мақсатқа өз бетінше (не белгілі шамада мұғалім жәрдемімен) жетеді (П. Юцявичене, Т.И. Шамова). Модуль – мақсатқа орайластырылған оқу мазмұны мен оны меңгеру жолдарын (технологиясын) біріктірген түйін, топ (блок).

Бұл технологияға орай оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі.

Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі.

М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясының негізі баланың тұлғасын алға қояды, бұл жаңа білім парадигмасына сай келіп отыр. Модульдік технологиясының басты ерекшелігі – оның тек қана білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының

алуан түрлерін ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзентілдіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттануға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталады.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану:

- Оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға.
- Танымдық процестерді жетілдіру.
- Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға.
- Белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін ұстартуға.
- Тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны білу, қарым – қатынас, ойын, танымдық, өзін- өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұйымның нықталатын, біршама дербес бөлігі. Модуль – қандай да бір жүйенің, ұйымның анықталатын, бірнеше дербес бөлігі. Оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесс түзу.

Оқушылардың әрбір модульде өткен тақырыптардан алған білімдерін тексеру мақсатында тест жұмыстары қолданылады. Тест жұмыстары модульге негізделіп құрастырылады. Бұл жұмыс модульді қорытындылауда, нәтиже сабақта жылдық қайталау кезінде қолдануға өте ыңғайлы. Тест жұмыстары оқушылардың білімін пән бойынша аз уақыт аралығында тексеруде мұғалімге де, оқушыға да көмектеседі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптастасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Я.А. Каменскийдің, И. Герbartтың дәстүрлі объект–субъектілері педагогикасының орнын басқасы басты, ол бала оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін өзі өзектілендіруге, өзін тануға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің манызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер - оқытушы мен оқушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы, дамуын қойып отыр. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшілігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы [9].

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады. Кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Оқу модулінің ерекшілігі – жалпы сағат санына қарамастан , кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.

Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңғырту идеясы алынған. Оның мазмұнына:

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою;

2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
3. Оқушылардың білім деңгейін алдын ала бағалау;
4. Оқу әрекетінің жиынтығы;
5. Нәтижені бағалау [10].

Ақмола облысы Жарқайың ауданы Тассуат негізгі мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жұмабаева Сайрангүл Серікқызы бұл технологияның тиімділігі – оқушылар өткен материалдарды үнемі қайталап жаңғыртып отырады және теориялық алған білімдерін түрлі ойын түрлері арқылы тәжірибеде қолданады. Ең бастысы, сауаттылықтары, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік талдауларды игерді. Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі «Тұлғаның танымдық қаблеттерін және танымдық процестерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, тұлғаның қажеттілігін қанағаттандаруға белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы» деп сипаттайды. Сайрангүл Серікқызы «Модульдік оқыту технологиясын» қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жеткен: аудандық қаңтар оқуларында «Модульдік оқыту технологиясының элементтерін сабақта қолдану» деген тақырыпта өз тәжірибесімен бөлісті; 2009 жылы «12 жылдық мектепте оқушының тұлғаға бағдарланған оқу процесін ұйымдастырудағы мұғалімнің күзиреттілігі» деген баяндамасы «Түпкі нәтижеге бағытталған білім берудегі мұғалімнің күзиреттілігі» атты облыстық ғылыми-теориялық конференция материалдарында жарық көрді, сонымен қатар қазақ тілі пәнінің білім сапасы 65-70 % құрайды; ҰБТ-дің нәтижесі жоғарылады; аудандық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды; өзінің сабақтарын ақпараттық жүйе арқылы «45минут.kz» және «ustaz.kz» сайтына жіберіп отырады; аудандық «Инновациялық ойлар» байқауынан II орынды иеленіп, облыстық байқаудан сертификат алды.

Ақтөбе облысы

Ақтөбе қаласының №34 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Жасағанбергенова Айгүл Назарқызы АҚШ пен Батыс Еуропада 1960 жылдары дәстүрлі оқуға балама ретінде ұсынылған білім игеру жүйесі ретіндегі модульді оқу технологиясын өз сабағында қолданатынын айтады. Бұл технологияның мәні: оқушы модульмен жұмыс орындау барысындағы нақты мақсатқа өз бетінше (не белгілі шамада мұғалім жәрдемімен) жетеді. (П. Юцявичене, Т.И. Шамова). Модульдің құрамы: әрекеттің мақсаттық жоспары, ақпарат қоры, дидактикалық мақсатқа жетудің әдістемелік көрсетпелері. Бұл технологияға орай, оқу мазмұны өз алдына белгілі жинақы құрамға келтірілген ақпараттық топ (блок) күйінде беріледі. Ол ақпарат оқу мазмұнының көлемін ғана емес, әдістері мен олардың игерілу деңгейін де көрсететін дидактикалық мақсатқа сәйкес меңгеріледі. Модульдік оқуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі. Бұл технологияны қолдану нәтижесі оқушыны эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді; ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін тәрбиелейді, халықтық

педогогикамен қаруландырады, терең білім береді; оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады, осы сатыға жеткізуші дәнекер-ойдың модулі деп түйіндеуге болады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Сонымен қатар модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, отансүйгіштікке, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың ойлау, елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі. Әр оқушының кемінде мемлекеттік стандарттық деңгейде білім алуына кепілдік береді.

Жаңа форматтағы технологиялар - жеті модульді ықпалдастыра отырып оқытуды қолданатын Ақтөбе қаласындағы №26 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Алитұрлиева Тасбике, Макашова Дана Михаилқызы нәтижесінде оқушылар өз бетінше, топта достарының ортасында жұмыс істей білуге үйренгенін, өзара диалогқа түсіп, өз ойын дәлелді түрде жеткізе білуге дағдыланғанын байқаған. Оқу үшін бағалау оқушыларды жауапкершілікке үйретті. Олар өзіне де, достарына талап қоя білді. Әр бағаның маңызын түсінді, сонымен қоса, оның қойылу себебін де түсіндіре алды. Оқушылар топтасып тапсырмалар орындай отырып, өздерінің көшбасшылық қабілеттерін танытты. Әсіресе, тұйық балалар көбіне ерекше көрінді. Олар өздерін достарына тыңдата білді. Әр сабақтың, әр тапсырманың негізгі мәнін ұғынды, Оқушы үніне құлақ сала отырып оқыту арқылы оқушы жанына терең үңілуге болатынын, сонымен қатар осы технологиямен жұмыс істейтін мұғалімдер арасында жиі кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, идеялар банкі құрылса деп ұсыныс айтады.

Алға ауданы Бестамақ орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дәулеталин Қанат Сағынғалиұлы саралауға нақты критерийлер мен дискриторлар жасақталып ұсынылса деген ұсынысын білдіреді.

Ақтөбе қаласы №51 гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Базарғалиева Жанна Шаймерденқызы модульдік технологияда пән бағдарламасындағы білім мазмұны тараулар бойынша жіктеліп, берілетін білім көлеміне қарай сағат саны белгіленеді. Тарау бойынша жүйелі жоспар жасалады. Онда модульдік технологияға тән 3 кезең сақталады (кіріспе сабақ, екеуара сөйлесу кезеңі, қорытынды). Кіріспе сабақта тірек-сызбалар мен кестелер арқылы жаңа білім түсіндіріледі. Оқушыларға алдағы сабақтардың өтілетін түрі кесте бойынша көрсетіледі. Алдын ала тақырып бойынша білім мазмұнын анықтайтын 10 сұрақ беріледі. Қорытынды бөлімге 2 сағат бөлінеді. Оқушылардың екеуара сөйлесу кезінде алған білімінің деңгейі жазба жұмыстары, тест тапсырмалары, деңгейлік тапсырмалар арқылы бақыланады. Қорытынды бөлімде алынған баға негізгі баға болып есептеледі. Екеуара сөйлесу кезеңінде өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау түрлері жүреді. Бұл оқушылардың өзіне деген сенімділігін

арттырады. Оқушы кластасының алдында жауап беруге талаптанады. Сондықтан берілген тапсырманы өз бетінше түсініп оқып алуға тырысатынын байқаған. Осы технология бойынша білім алған оқушылар ҰБТ қорытындысы бойынша жоғары деңгей көрсетіп жүргенін айтады.

Ақтөбе қаласы №55 жалпы орта білім беретін мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Кабенова Жанат Абылқайыровна модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: 1. Уақыт үнемделеді. 2. Сабақтың сапасын көтереді. 3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады. 4. Оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Модульдік оқыту технологиясын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу ерекшелігі мынада: 1. Оқу материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы беру. 2. Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіріп үнемі қайталап отыру. 3. Оқушыларды білімге қызықтыру және бірлесе отырып жұмыс жүргізуге үйрету. 4. Оқушылардың бұрыннан игерген білімдерін тереңдете түсу. 5. Оқушының білім деңгейін дәл анықтау деп атап көрсеткен.

Ақтөбе қаласының №37 орта мектебінің тәжірибелі мұғалімі Кенжебаева Ботагөз Аділғазықызы химия сабақтарында модульдік әдісті 4 жылдан бері қолданып келеді. Ботагөз Аділғазықызының модульдік оқыту дәстүрлі сабақтың құрылымын өзгертуге, оқушылардың тұрақты тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру үшін уақыт үнемдеуге, оқу үрдісінде жеке тұлғалық бағдар беру идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп есептейді. Модульдік әдіс оқушыларды теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді. Жаңа технологияларды пайдалану мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыруға, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасайды. Химия сабақтарында модульдік әдісті қолдану барысында оқушылар теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, шығармашылық жұмыстармен айналысуына мүмкіндік туды. Жаңа педагогикалық технология мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартып, сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік берді. Мұғалім модульдік технологияны пайдалана отырып сабақтарды жүргізу оқушының оқу-танымдық әрекетін жандана түсті, алға қойған мақсатына толықтай жетуге жағдай туғызды, шығармашылығын арттырып, пәнге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік берді.

Әйтеке би ауданы Ақкөл ауылы Абай атындағы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Мұстафина Айнагүл Жаншеевна М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының» элементтерін сабағында үнемі пайдаланып келеді. Жаңа заманға бейімделген рухани бағытта өзін-өзі жетілдіре алатын тұлғаны оқытып-тәрбиелеуде жеке пәндерді меңгертуде бұл технологияның маңызы зор. Математика пәні бойынша сабақта жана материалды жинақтап, тарауларды блоктап түсіндіру арқылы уақыт ұтымды пайдалынады. Топпен жұмыс жасай отырып, адамгершілік қасиеттері қалыптастырылады. Деңгейлік тапсырмаларды, күрделендірілген деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы шығармашылығын дамыту.

Осы технологияны сабағында тиімді қолданып жүрген Алматы облысы Панфилов ауданы Үлкеншыған орта мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Зайнауудинова Шахибам Зайнауудиновна модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы – жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Оқушыларға тілдік коммуникативтік білім беруде модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде қолданылады. М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту жүйесі арқылы тіл дамыту іске асады. Модульдік оқытуда интерактивті тақтаны пайдалану өте тиімді. Өйткені, қажетті сызбаларды, электронды оқулықты, зертханалық тәжірибелерді керек болған жағдайларда пайдалануға мүмкіндік береді. Модульдік оқытудың ерекшелігі: мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады деген сипаттама береді.

Сонымен қатар модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: 1. Уақыт үнемделеді. 2. Сабақтың сапасын көтереді. 3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады. 4. Оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады. Сондықтан да модульдік оқыту технологиясын сабақта қолдану ағылшын тілін оқытуда сабақтың білім сапасын көтерудің факторы болып табылады. Модульдік оқытудың сөйлесу бөлімінде оқушылар көбінесе топтарға бөлініп, өтілген материалды қайта жаңғыртып, терминдерді, негізгі ұғым-ережелерді біледі. Модульдік оқыту технологиясын енгізу – оқу материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы беру; жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіріп үнемі қайталап отыру; оқушыларды білімге қызықтыру және бірлесе отырып жұмыс жүргізуге үйрету; оқушылардың бұрыннан игерген білімдерін тереңдете түсу; оқушының білім деңгейін дәл анықтау.

Панфилов ауданы Жаркент орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Тоқтасын Гүлнар Азатбекқызы Коструктивті білім беру технологиясы негізінен жеті модульді қамтиды. Бүгінгі заман талабына сай оқушылардың өз бетімен білім алуын, ақпаратты өз бетінше талқылап, басқаға үйрете отырып өзі де меңгеруге жетелейді. Іс-әрекетте өзіне де, өзгеге де сын тұрғысынан қарауға, ойлауға мүмкіндік береді. Оқушылардың топта жұмыс жасау кезіндегі өз міндетін, топ мүшесі ретінде дұрыс әрі жауапкершілікпен атқаруға жетелейді деп сипаттайды. Коструктивті білім беру технологиясын қолданғалы оқушылардың өздігінен шешім қабылдап, білімді өз бетінше алу белсенділіктері артты. Сонымен қатар, білім сапасының артуына да оң ықпал етті. Коструктивті білім беру технологиясының қолжетімділігі өте жоғары екендігін айтады.

Панфилов ауданының Үлкеншыған орта мектебінің қазақ тілі пәнінің

мұғалімі Байбатырова Гүлдана Игібайқызы педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып, білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту деп сипаттайды.

Модульдік оқыту технологиясының тиімділігі: 1) қысқаша сызбалар арқылы түсіндірілуі; 2) оқушылардың әрбір сабақта іс-әрекетін бағалау үшін диалогтық қарым-қатынас негізінде танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру; 3) барлық тақырыптар бойынша тест, сынақ жүргізу. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың ойлау, елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынтасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі. Әр оқушының кемінде мемлекеттік (стандарттық) деңгейде білім алуына кепілдік береді. Модельде 3 деңгейлік тапсырмалар: тест сұрағы, сынақ тапсырмасы, шығармашылық жұмыс бойынша жұмыс жүргізіледі. 3 деңгей – мемлекеттік стандарт деңгейі, бұны барлық оқушылар орындауы, білуі міндетті. 2 деңгей – бұған қарағанда күрделірек, ал 1 деңгейді – өзіндік пікірін жеткізе алатын, өз ойын шығармашылықпен дәлелдей алатын қабілетті, озат оқушылар ғана орындай алатынын айтады. Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: 1. Уақыт үнемделеді. 2. Сабақтың сапасын көтереді. 3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады. 4. Оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады деп көрсеткен.

Талдықорған қаласының №20 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Анисова Үміт Төлендіқызы Кембридждің 7 модулі *AQCI-Argument - Дәлел Question - Сұрақ Connection -Байланыс Implication*-Ізденіс. Қорытынды *PISA* - әдісінің артықшылығы 1. Жаңа шығарма, мәтінді оқып танысуда, оқушылардың іштей түсініп оқуын, түсінгенін жазбаша түрде жеткізе білу дағдыларын жетілдіруге болады және сыни ойлау көзқарасын қалыптастырады. 2. Өз ойын жинақтап, дәлелдер келтіре отырып, сын тұрғысынан ойын жүйелеуге, талдау жасауға үйренеді; 3. Автор сөзін, аргументтеріне, өз ойы мен түсінігін, дүниетанымын қосып талдап, қорытынды жасайды деп пайымдайды. Мәтіндегі әр абзац астарлы сұрақ қойып, оған өзі жауап іздейді, сұрақты бір-біріне қоюға немесе сыныпқа қоюға болады. Нәтижесінде бала алаған білімін өмірмен байланыстырады, мектептен тыс өмірде де қолдана алады, шығармашылыққа баулиды.

Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Ермағанбетова Әлия Ағантайқызы «Модульдік оқыту технологиясын» келесідей сипаттайды. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Модульдік оқыту – бұл тіл үйренушінің өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі. Бұл технологияның мақсаты: 1) тіл үйренушінің өзін-өзі дамытуына қолайлы

жағдайлар туғызу; өздігінен білім ала білуі, өзін-өзі басқара алуы; 2) өзін-өзі анықтай алуы; 3) өзін-өзі реттей білуі; 4) өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу; 5) өзіне-өзі баға бере білуі. М.М. Жанпейісованың модульдік интерактивтік оқыту технологиясының тиімділігі: тіл үйренушінің танымдық қабілетін дамыту; танымдық процестерді дамыту; оқуға қызығушылық таныту; белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамыту; «Қазақ тілін» пәнін оқыту процесін жандандыратын, сапасын арттыратын әдістің бір түрі осындай технологиялық оқу құралдары. Сонымен, қорыта айтқанда, қазіргі қоғам талабына сай, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану керектігі сөзсіз. Оқытушының әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай шеберлікпен тиімді қолдануы оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал етеді. Жаңа технологияларды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы жоғарлайды. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды.

Жамбыл облысы Қордай ауданының Дінмұхамед Қонаев атындағы №1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мұңайтбас Өркен Орынбасарұлы модульдік оқыту технологиясы (МОТ) блоктік оқытуға жатады. Ол үш бөлімнен тұрады: 1. Кіріспе бөліп; 2. Диалогтік бөлім; 3. Қорытынды (бақылау) бөлімі. Белгілі бір блокте оқытарда оқушыларды алдымен модульге енгізеді: сол блоктағы тақырыптар жөнінде қысқаша мәлімет беріледі. Диалогтік бөлімге сағаттың көбі беріліп, оқушылар әр түрлі жұмыстар жасау арқылы түсінігін кеңейтеді. Бұл жерде сындарлы оқытуды қолдануға болады. Соңғы бөлімде 1 - 2 бақылау жұмысы алынып, оқушы білімі тексеріледі деп сипаттайды. Нәтижесінде Оқушылар диалогтік оқытуда топтық, жұптық, жеке жұмыстар атқарады. Өздігінен іздену қабілеті артады. Топтық жұмыста бәсекеге қабілеттіліктің артуымен бірге, бір-біріне үйрету, көмектесу сезімдері де оянып, өзін-өзі және құрбыларын сыни тұрғыдан бағалау қабілеттері дамиды. Сабақтық мазмұндылығымен қатар, сапасы көтеріледі, оқушылар қызығушылықпен жұмыс жасайды. Оқытудың белсенді тәсілдерін кеңінен қолдануға мұғалімнің мүмкіншілігі артады.

Қарағанды облысы Осакаровка ауданы №21 Сарыөзек орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Аманжолова Балжан Аманжолқызы модульдік оқыту технологиясын сабағында қолданатынын нәтижесінде Сабақ бойынша сапалық көрсеткіші артты. ҰБТ бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізгенін. Оқушылар өз беттерімен шығармашылық ізденістерге талпынғанын байқаған. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді таңдау арқылы уақытты тиімді пайдалануға қол жеткізуге болатынын айтады.

Осакаровка ауданы №21 орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Тойшан Дина Хуанарқызы бұл пәннің мазмұнын нақты білуге Модульдік оқыту технологиясының ықпалы зор екенін айтады. Ол білім алушылардың рухани мұраның негізгі құндылықтарын игеру арқылы шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына ықпал етті. Қазақстандық музыка өнерінің шынайы құндылықтарын ажырата білуге, қазіргі қоғамдағы музыка өнерінің маңызы

жайында көзқарас қалыптастыруға, әлем халықтарының музыкасының сан алуандығын сезінуге, басқа халықтардың музыкасымен мәдени байланыстарды таба білуге, музыканы өз жақындары мен достарына деген көзқарасын білдіретін тәсіл ретінде пайдалануға, музыкалық шығармаларды талдау барысында өз білімдерін пайдалануға көп әсер еткенін айтады.

Осы технологияны өз сабағында кеңінен қолданып жүрген Қостанай облысы Жітіқара ауданы Забеловка орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Хамитова Гүлдана Әлібекқызы модульдік технологияның мазмұнына:

1. Оқытудың жалпы мақсатын қою.
2. Жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу.
3. Балалардың білім деңгейін алдын-ала бағалау.
4. Оқу әрекетінің жиынтығы.
5. Нәтижені бағалау жататынын атап көрсеткен.

Осының арқасынды оқу процессі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Қайта жаңғыртатын оқу циклі ретінде оқу модулі үш құрылымдық бөлімнен тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі және қорытынды. Кіріспе бөлім (модульге, тақырыпқа енгізу). Сөйлесу бөлімі (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру). Қорытынды бөлім (бақылау). Осы технологияны сабақтың әр бөлімінде қолдануға болады. Сабақ тиімді, нәтижелі, әрі қызықты өтуге атсалысады. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Модульдік оқытудың ерекшелігі: мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытуда тағы бір ерекшелік бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылатындығын айтады. Осы технологияны қолдану нәтижесінде, яғни модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: 1. Уақыт үнемделеді. 2. Сабақтың сапасын көтереді. 3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады. 4. Оқушылардың белсенділігін мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі.

Қостанай қаласындағы №9 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Жақалақова Салтанат Қонақбайқызы АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, сабақ беруге көмектесетін маңызды құрал болып табылады. АКТ енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығы оларды тиімді қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқыту және оқу үдерістерін жақсартуға жағдай жасайды. Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерді қолданған кезде анықтаушы фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып табылады. Сабақтың басты міндеттерінің бірі-пән мазмұнын меңгере отырып, модульдермен жұмыс істеу болып табылады. Тарих сабағында оқытудағы Кембридж тәсілі бағдарламасының идеяларын басшылыққа алған. Мұнда оқушылардың пәнді

терең түсіну қабілетін дамытып қана қоймай, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалануға жетелейді. Жеті модульді сабаққа енгізу, дәстүрлі әдістен ерекшелігі оқушыны қозғалысқа түсіреді. Сабақтағы топтық жұмыстардың пайдасы оқушылар жалпы жұмысқа қосатын үлесін анықтайды, сондықтан сабаққа бар ықыласымен кіріседі және оқушылардың өздеріне деген сенімі нығаяды. Жұмыс істеу барысында оқушыларымда өзгерістер және тың серпіліс пайда болғанын байқаған. Талдау, пікір бөлісу, топта жұмыс істеу, ізденуге, әр оқушының пікірін тыңдауға мүмкіндік беретінін. Топта белгілі бір сұрақтарды талқылау кезінде көбірек ақпарат алғанын айтады. Балалардың сабаққа деген ынтасы артып қана қоймай, белсенділігі, қызығушылығы артады әрқайсысы өзін тұлға сезініп, өзіне деген сенімі, жауапкершілігі артқаны байқалған. Сондықтан осы модульдер арқылы балалар өз білімін жан-жақты көрсете білді білгенін зерттеген, жұмыстарымен таныстыруға мүмкіндік жасау керектігін білген.

Әр сабақта тапсырмаларды алдын-ала беру арқылы оқушыларға қосымша материалдарды алудың, табудың жолын көрсете білген. Жаңа сабақ барысында оқушылардың әкелген материалдары негізінде оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктері дамиды, пәнге деген қызығушылықтары артады, ақпаратпен жұмыс істеуді меңгереді, нақты мәліметтер мен деректерге сүйеніп, материалды талдауға, сараптауға, дәлел келтіруге ақпарат көздерімен жұмыс жүргізе білуге дағдыландыра білген. Міне, осындай оқытудың жаңа технологияларының бірі – интерактивті оқыту әдісінің тиімділігі оқушының өз ойын еркін, жүйелі айтуына көз жеткізген. Бірлесе жұмыс істеу арқылы оқушылардың арасында ынтымақ-бірлікті, әдептілік қасиеттерін қалыптастыра білген. Әр топтағы жұмыс нәтижесін бағалайтын бір жүйе дайындап алу шарт, оқушылар жолдастарының жұмыстарын талдай отырып, ойларын ашық айтуға үйрете білген. Жеті модульді пайдалану арқылы сабақтағы өзгерістер оқушылардың да сабаққа деген қызығушылығын арттырғанын айқындай отырып, оны сабақтарын бақылаған. Сабақта тапсырмалар беру арқылы, топтарға бөлген кезінде оқушылар өз ойын толық жеткізе біліп, талқылай білген, бірін-бірі бағалай отырып, сыни ойлауы қалыптаса түскен.

Қостанай қаласының Чапаев орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жүнісова Гүлбаршын Қабылжанқызы модульдік оқыту технологиясы Негізгі зерттеушілері: Дж. Блок, Б. Блум, М.М. Жанпейісова Мақсаты: Тұлғаның танымдық қабілеттерін танымдық жағдайлар арқылы модульдік сипатта дамыту. Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, ұйымның нақты біршама дербес бөлігі. Ғылыми идеясы:

1. Модульдік оқыту – іс-әрекет принципіне негізделген: оқушының жүйелі түрде жүргізілген белсенді іс-әрекет білім мазмұны сапалы меңгеріледі.

2. Модульдік оқыту – дамыта оқыту идеясына негізделген: бұл мұғалімнің оқушыға беретін көмегінің мазмұнын саралап, оқу әртүрлі формада (жеке, топтық, жұптық) ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Модульдік оқыту негізіне бағдарламалы оқыту алынған: бұл іс-әрекеттегі нақтылық логика, белсенділік және оқушының жұмыс мүмкіндігі,

қарқыны, нәтижелерін салыстыру, өзін-өзі бақылау. Модульдік оқыту технологиясының құрылымы: 1. Кіріспе кезең (модульге, тарауға ену); 2. Сөйлесу кезеңі (диалогты қарым-қатынас арқылы оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру); 3. Қорытынды кезең (бақылау, бағалау). Модульдік оқыту технологиясы – баланың белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, бала өз әрекетін жоспарлай, талдай, өзі бақылай білуге үйренеді. Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшелігі – мұғалімнің даярлық жүйесі. Мұғалім бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алғаннан соң, оның мақсатын, мазмұнын және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрайды. Бұл технология бала тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға: танымдық процестерін дамытуға; жағымды қызығушылық қалыптастыруға; белсенді сөздік қорын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға: тұлғаны қиындықтарға даяр болу және білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқу модулінің сөйлесу бөлімін даярлағанда мұғалім оқу материалының негізгі мазмұнын бөліп, құрастырады. Мұнда оқушылар оқу материалына қайта оралып, пысықтап, бекіту үшін оның әр сабақта жеке бөліктермен берілетінін біледі, бұл бөліктерде қысқаша сыйымды түрде тұтас тараудың мазмұнын беріледі.

Қостанай қаласы Лисаковск қаласы №3 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қамбарова Ақбаян Болатқызы модульдік оқыту – бұл тіл үйренушінің өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі. Бұл технологияның мақсаты:

1. Тіл үйренушінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдайлар туғызу. Өз бетінше білім ала білуі, өзін-өзі басқара алуы.

2. Өзін-өзі анықтай алуы.

3. Өзін-өзі реттей білуі.

4. Өзіне-өзі сенімді болуға тәрбиелеу.

5. Өзіне-өзі баға бере білуі.

Міндеттері: 1. Тіл үйренушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді жұмыс жүргізу.

2. Тіл үйренушілерге өзіне сын тұрғысынан қарау түсінігін қалыптастыру. Өңгіме, пікірталас, іскерлік ойындарды, тәрбиелік жұмыстарды кеңінен пайдалану деп сипаттайды.

Жітіқара қаласы, №9 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Алиева Күнжамал Сәуленқызы өз тәжірибесінде модульдік оқыту технологиясын қолданады. Педагогикалық үрдістің тиімділігінің артуына мүмкіндік беретін білім беру мен тәрбие бірлігін сақтай отырып, оқушыға берілетін білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір жеке тұлғаның ерекшелігін ескере отырып білімділігіне сәйкес бағдар беру, танымдық ізденімпаздығын дамытудағы оқытудың прогрессивтік қадамының бірі – модульдік оқыту. «Модуль» сөзі оқытудың мазмұнын мен технологиясын білдіреді. Ал «технология» гректің «шеберлік» деген сөзі. Технологияны қолданудағы мақсаты: модульдік оқыту технологиясы ұстаздың интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани келбетінің қалыптасуына әсер етеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін

тиімді ұйымдастыра білуге көмек көрсетеді. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқытудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – белгіленген деңгейіне жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін оқытушының берген нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, отансүйгіштікке, өздігінен білімін жетілдіруге баулып, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылардың ойлау, елестету мен есте сақтау қабілетінің, ынасының, белсенділігінің, білім сапасының дамуына көмектеседі. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Қызылорда облысы Арал ауданы №19 орта мектебінің шет тілі пәні мұғалімі Алденова Фарида Конаевна модульдік оқыту технологиясы оқыта отырып, ойындар арқылы оқушы білімін нәтижеге бағыттауға негізделгенін. Оқушы еркін ойын білдіреді, жеке топтық жұмыстар арқылы ұжымдастыққа тәрбиеленеді деп атап көрсетеді. Соның нәтижесінде үлгірім 100% оқушының білім деңгейі көтерілді. Білу деңгейінен қолдану деңгейіне жеткен оқушылар басым болғанын айтады. Оқушылар мәтінді бір-біріне түсіндіреді, сондықтан ағылшын тілі сабағында қолдану тиімді екендігін айтады.

Қызылорда қаласының Ж. Нұрсейітов атындағы №233 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Мұсаева Гүлмира Шарапатқызы модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі ол тұлғаның танымдық қабілеттерін яғни ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға бағытталған деп сипаттайды. Нәтижесінде модульдік оқыту технологиясының барысында оқушылар жеке жұмыс істеу мүмкіндігін, өзара сөйлесу, өз ойларын ашық айтуға болады. Сөздік қорын дамытады. Тапсырмаларды үш деңгейлік саралап беру әдісі негізінде оқушылардың білім деңгейін арттыруға болады. Танымдық процестер алады, зейіні дамытады. Шығармашылық қажеттілігін қалыптастырады. Өзара қарым-қатынас Қиындықтарға дайын болу, оқуға жағымды қызығушылығын қалыптастырады.

Жалағаш ауданы, Ақсу ауылының №116 орта мектебінің мұғалімі Бақтыбаева Шынар Тайшыққызының модульдік технологияны қолданудағы іс-

тәжірибесін негізге ала отырып, модульдік оқытудың құрылымына жан-жақты талқылайды. Модульдік оқыту технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген, білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады. Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы. Оқу модулі, негізінен, үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу бөлімі және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әртүрлі: ол оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсетті. Оқу модулінің өзгешілігі: жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге асырылады. Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар.

Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білгі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, зертханалық жұмыстар немесе эксперименттік есептер оқу пәнінің ерекшелігіне орай, оқу модулінің қорытынды бөлімінде беріледі. Модульдік оқыту – жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын

бірден-бір технология. Модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады: 1. Уақыт үнемделеді. 2. Сабақтың сапасын көтереді. 3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады. 4. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады, сондықтан оқу үлгерімі көтеріледі. Модульдік оқыту технологиясын енгізу арқылы білім беру мен тәрбиелеудің ерекшеліктері: Оқу материалдарын белгілі бір жүйеге келтіріп, тірек-сызба арқылы беру; Жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту, еске түсіріп үнемі қайталап отыру; Оқушыларды білімге қызықтыру және бірлесе отырып жұмыс жүргізуге үйрету; Оқушылардың бұрыннан игерген білімдерін тереңдете түсу; Оқушының білім деңгейін дәл анықтау. Модульдік оқытуда интерактивті тақтаны пайдалану өте тиімді. Өйткені ол қажетті сызбалар, электрондық оқулықтар, зертханалық тәжірибелерді қажет болған жағдайларда пайдалануға мүмкіндік береді. Модульдік оқытуда мұғалім көп сөйлегеннен гөрі, баланы көбірек тыңдауға мүмкіндік береді; Модульдік оқытудың тағы бір ерекшелігі бағалау парағын қолдану болып табылады. Сабақ жеке жұмыс, топпен жұмыс болуы мүмкін. Бала ескерусіз қалмас үшін әр жұмысқа балл қою арқылы қорытынды баға қойылады. Қазіргі таңда оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар, оларға өмірге қажетті, өз болашағына азық болатын тәрбие беруді де мықтап қолға алудамыз.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы «Мектепке дейінгі шағын орталығы және гимназия сыныптары бар №28 жалпы білім беру орта мектебі» қазақ тілі пәнінің мұғалімі Оразова Ұлдай Жексенғалиқызының осы бағдарламаны қолдану негізінде байқаған өзгерістері: оқушылардың белсенділігі артты; сабаққа қызығушылығы күшейді; ізденімпаздық қабілеті дамыды; сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптасты; ойларын еркін жеткізуді, жазуды үйренді; ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіре білді; рефлексия жазуды үйренді; өзін-өзі шынайы бағалауды үйренді; оқушының жеке қабілеті айқындалды; оқушылар топтық жұмыстарда көшбасшы бола білді; өзін-өзі реттей және бағалай отырып, кез келген тығырықтан шыға алуды үйренді; алған білімдерін өмірде қолдануға үйренген. Сонымен қатар бұл бағдарламаны қолдану барысында әр оқушының деңгейін ескерген жөн. Соған байланысты сабақта деңгейлік тапсырмаларды орнымен ұтымды қолданып, берілген тапсырманы орындауға нақты уақыт белгілеу қажет. Мұғалім әрдайым оқушының тақырыпты меңгеруімен қатар, оны күнделікті өмірмен ұштастырып, болашақта алған білімін өмірде қолдануына бағыттауы шарт деген ұсынысын білдірген.

М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» екінші тілді оқытуда сөйлеуге үйретуді негізге алады деп сипаттайтын Павлодар облысы Ақсу қаласындағы лицейдің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мырзабекова Динара Сағиденқызы сабақта модульдік технологияны, деңгейлік тапсырмаларды қолданатынын. Сабақтарында өткен сабақты қайталау, грамматикалық тапсырмаларды меңгеру, ауызша бірінші деңгейлі сұрақтарға жауап беру сияқты жұмыс түрлерін орындағанда оқушылардың біліктері жақсы қалыптасты. Деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы әр оқушы өз деңгейіне дейін тапсырмалар орындап, өзін-өзі бағалай біледі, модульдік технология

бойынша оқушылардың әр тақырып бойынша білімі, сөздік қоры жақсарғанын айтады. Модульдік оқытуда мұғалім мынадай жұмыстар атқаруы тиіс: Оқу модулінде сабақтың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты әрбір оқушының қабілетіне, түсінуіне ерекше көңіл бөлу. Тақырыпқа сай жаңа сөздерді тіл үйренушілерге меңгерту; Сөздер, сөз тіркестері арқылы сөйлем құрау; Грамматиканы тірек сызба арқылы түсінікті етіп үйрету; Деңгей бойынша оқушылардың қабілетіне сай тапсырма беру. Тақырып бойынша өз ойларын дұрыс жеткізе білуге баулып, сауатты жазуға дағдыландыру. Оқушылардың бір-бірімен диалог құру арқылы сұхбаттасуына көмектесу деп атап көрсетеді. Мемлекеттік тілді оқыту жүйесіне модульдік технологияны пайдалану тілді саналы меңгеріп, байланыстыра сөйлеуде ғана емес, өскелең ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда ықпалы зор екенін айтады.

Май ауданы Малайсары орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Құдайбергенова Ғалия Қалманқызы бұл технология нәтижесінде сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Оқу бөлімінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білгі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс екендігін айтады.

Екібастұз қаласы №11 орта мектебінің математика пәні мұғалімі Архабаева Жұпар Көпбайқызы 2005 жылдан бастап «Модульдік оқыту» технологиясын қолдану бойынша насихаттау жұмысын жүргізіп келеді. Модульдік оқыту технологиясы оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуға, білімді өздігінен меңгеруге қолайлы жағдай туғызады. Модульдік оқыту технологиясының бір ерекшелігі – оқушылардың танымдық қызметін арттырады. Тағы бір ерекшелігі - дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндік береді. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлім. Модульдік оқыту – әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға, өздігінен білімді меңгеруге мүмкіндік береді. Модульдік оқыту – әр түрлі категориядағы балаларға, олармен жүйелі түрде жұмыс істеуге, әр оқушыны назардан тыс қалдырмауға мүмкіндік береді. Модульдік оқыту технологиясы тапсырмалардың күрделене түсу жүйесімен берілуін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясында бірде бір оқушы бейтарап қалмайды, қойылған проблеманы шешуге әрбір оқушы өз үлесін қосады. Модульдік оқыту: тақырыпты толық және терең оқуға; өздігінен ізденуге; жүйелі білім алуға; ойды дамытуға; оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға; оқушылардың функционалдық сауаттылығын

арттыруға; оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттауға мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Дарынды балаларға арналған Дарынды балаларға арналған №34 арнайы мектеп-лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Матыбаева Анар Алпысбайқызы бұл модульдарды қолдану орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиет пәнін жүргізетін ұстаздар үшін үлкен мүмкіндік береді. Дұрыс қолдана білсе, сөзсіз оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары, білімге ықыласы, ынтасы артады. Сонымен қатар, оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын біреудің сөйлеген сөзін, жазғаның түсіне алатын дәрежеге жеткізеді. Оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай алып, басқаларды тындап, кез-келген жауапқа сыйластықпен, түсіністікпен қарап, өз ойын топ алдында ашық айта алуға, бір-бірінің жауаптарын бағалауға, өз бетінше ізденуге үйренетінін өз тәжірибесінде байқаған. Нәтижесінде: қазақ тілінен облыстық, Қ. Бітібаева атындағы қазақ тілі және әдебиет пәнінен халықаралық олимпиадада, «Жарқын болашақ» конкурсы, облыстық «Сәлем, Наурыз» сайысында (өлең шығару), ғылыми жобалар сайысы «Изменение ориентиров профессионального развития педагогов новый тренд в образовании» атты Республикалық вебинарға қатысып, өз ойларын қазақ тілінде жеткізгенін, қазақ тілінен интеллектуалды «Айналайын» олимпиадасында жоғары көрсеткішке қол жеткізгенін айтады.

Астана қаласының Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп – лицейінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі – Ермағамбетова Айдын Қабдрашқызы Модульдік технология бойынша оқыту нәтижесінде оқушылардың еркін сөйлеу арқылы ойын жүйелі жеткізуі. Зерттеу жұмыстарына белсене қатысуы нығайғанын. Оқушылар олимпиада аудандық, қалалық пән жарыстарының, ғылыми жоба, шығарма жарысы, мәнерлеп оқуларының жүлдегерлері болғанын айтады. Әдістемелік қоржын толыға түседі, оқыту шеберлігі жүйеленеді. Мұғалімнің шеберлігі тұрақтанады. Ғылыми жобалар жасауға, өз тәжірибиімен алмасуға мүмкіндік туады.

7 модуль технологиясы

Ақтөбе қаласы №15 орта мектебінің биология пәні мұғалімі Тыныбекова Айнагүл Иркесбайқызының ұстаздық етіп келе жатқанына 15 жылдан асты. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын 2013 жылдан бері сабақтарында қолданып келеді. Бұл технология:

- 1) Сын тұрғысынан ойлау.
- 2) Дарынды және талантты оқушыларды оқыту.
- 3) АКТ-ны пайдалану.
- 4) Топтық жұмысты ұйымдастыру.
- 5) Көшбасшылық.
- 6) Кері баланыс орнату.
- 7) Жас ерекшеліктерге сай оқытуды қамтитын 7 модульден тұрады.

Мұғалім сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, ойды шыңдау деп есептейді.

Бұл жоба арқылы оқушылар берілген тақырып мазмұнына сын тұрғысынан қарап, өзіне қажеттісін, сапалы шешім қабылдауды, сұрақ қоя білуді, кез-келген сұраққа жауап іздеуді үйренеді, ойы дамиды. Сын тұрғысынан ойлай отырып, өзіндік белсенділіктің болуы да білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, ізденуге, қиындыққа төзуге үйретеді. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес. СТО оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге, қиындықты жеңуге баулиды. Жеті модульмен жұмыс жүргізгендегі мұғалімнің өз іс-тәжірибесіне қосқан жаңалықтарының бірі – бағалау. Айнагүл Иркесбайқызының өткізген сабақтарында топтардағы көшбасшылар және топ мүшелерінің өздерін-өздері бағалауы сәтті өтті. Дәстүрлі сабақта бағалау мұғалімге тәуелді болғандықтан, 7 модуль технологиясын қолданған алғашқы сабағында алдымен көшбасшының бағалауын тыңдап және өз бағасын қоса ескеріп, содан кейін ғана әр оқушыға баға қойылды.

Алтаева Ләззат Жұмабайқызы Ақтөбе қаласындағы №30 орта мектепте информатика пәнінен оқушыларға 15 жылдан бері сабақ беріп келеді. Сабақ беруде деңгейлік технологияны қолданып, өзінің іс-тәжірибесіне енгізуде. Мұғалімнің білім беруі мен оқытудың кәзіргі замандағы әдістері негізгі жеті модульге бөлінеді: Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер; Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету; Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау; Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану; Талантты және дарынды балаларды оқыту; Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру оқыту; Білім берудегі басқару және көшбасшылық. Бұл жеті модульде қарастырылатын білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер – «Диалог негізінде оқыту және оқу» және «Қалай оқыту керектігін үйрету».

Білім беру мен білім алу барысында оқушылардың өзара білім алмасуын, оқушымен мұғалімнің арасындағы байланыстың негізгі құралы бұл – диалог екенін меңзейді. Яғни, осы диалог сабақ барысында тиімді қолданылса, оқушылар өздерінің ойларын, көзқарастарын жан-жақты, еркін айтуына, дамуына көмектеседі. Ал «Қалай оқыту керектігін үйрету» оқушылардың алған білімдерін есте сақтап, қосымша өздігінен ізденіп оқуға, яғни, білім жинау жауапкершілігін түсінуге мұғалім қандай іс-әрекет жасауын қарастырады. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – оқушылардың да, мұғалімдердің де білім алу және білім беру процесінде кез-келген мәселені талқылауды, басқалардың идеяларын ой елегінен өткізіп, сыни тұрғыдан қарау. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру, шешім қабылдамас бұрын саналы оймен қорытындылау дағдыларын дамытуды қарастыратын модульдің 1, 3, 5, 6 түрлерін қамтыған. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау – оқыту процесінде балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, онда

мұғалімдер мен оқушылар үшін осы түсініктің мәнін білу аса маңызды, себебі ол оқыту барысында ілгері қадамдарын айқындау мен оған қолдау көрсету үшін қажет ұғым болып табылады. Модульдің бұл түрінде – мұғалімдер мен балалар үшін өздерінің қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету өлшемдерін түсіну не үшін керек екенін білу маңызды. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды тиімді қолдануды қажет етеді.

Сабақ процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізген кезде, теориялық және тәжірибелік білімдердің бүртұтастығы оларды ойланып қолдануды қамтамасыз етеді, ал бұл оқу және оқыту үдерістерін жақсартуға жағдай жасайтын болады. Мектептегі технологияларға мыналар жатады: Теледидар бағдарламалары; Сандық теледидар; Интернет; Ұялы телефон; Ұтқыр қондырғылар; Компьютер, ноутбук. Қазақстанның жан-жақты дамып, көркеюі үшін талантты да қабілетті оқушыларды тауып, оларды білім беру барысында дамыту өте маңызды. Талантты және дарынды балаларды оқыту – мұғалімдерден едәуір күрделі ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап етеді. Дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін. Жоғары деңгейлі қабілеттері бар оқушыларды табуға арналған бес өлшем: Жады және білім – тамаша жады және ақпаратты қолдану; Ақпаратты пайдалану – түйінді идеяларды анықтай білу, түрлі көздерден алынған ақпараттарды таңдай және тиісінше өңдей алу қабілеті; Ойлау жылдамдығы – олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ шешімдерге тез келеді; Проблемаларды шешу – олар ақпаратқа қосымшаларды енгізеді, сәйкессіздікті көрсетеді, мазмұнын тез түсінеді; Қиындыққа қызығушылық – қызығушылықты арттыру үшін олар аса қиын ойындарға және тапсырмаларға ұмтылады. Оқыту барысында әр оқушыны жан-жақты зерттей келе мұғалім осы өлшемдерге дәл келетін оқушыны тауып, және де сол өлшемдерді өзгертуге, қолдануға болатын тиімді, әр қилы тапсырмалар қолдану керек.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру – бұл модуль талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбымен тығыз байланысты, себебі екі модуль де оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты болып отыр. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу балалар дамуында оқудың қолжетімділігі дәрежесін анықтайтын кезеңдеріне қатысты «Білім беру мен

оқытудағы жаңа тәсілдер» модулімен тығыз байланысты. Әртүрлі жастағы балаларда байқалатын метасана (тұлғаның өзін-өзі тануы және өз когнитивтік үдерістері мен стратегиясын қарастыру) деңгейіне, балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы да әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай беріледі. Білім берудегі басқару және көшбасшылық – білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды.

Бағдарлама жеті модульден тұрады: 1) оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, 2) сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, 3) білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау, 4) АКТ-ны қолдану, 5) талантты және дарынды оқушылармен жұмыс, 6) оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты білім беру және оқыту, 7) білім берудегі басқару мен көшбасшы-лығы. 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады. Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдердің ішінде диалогтық оқыту тәсілі де тиімділігін көрсетеді. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, «миға шабуыл» логикалық сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асады.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының танымдық қабілетін дамыту, саналы деңгейге көтеру — бүгінгі күнгі күрделі мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау арқылы өзін-өзі таныған, ақыл-ойын жан-жақты дамытқан «Мендік» пікірі қалыптасқан оқушы тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттер жүктейді. Жаңашыл іс-әрекетке жетелейді. Кембридж бағдарламасының әдіс-тәсілдерін меңгеруде «Желілік жүйесі» форумына шығып, өзара байланысты үзбеуге болады. алыстағы ақпарат көздерін пайдалану, түрлі жүйелерге ену арқылы өз бетімен іздену, сұраныс бойынша ақпарат алу, интернет тарапында берілген тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, ақпаратты кез-келген арақашықтықта тез арада жеткізу, өзі оқып отырған тілде электронды пошта арқылы хат алмасу, ақпараттың қажетті түпнұсқасына қосылу. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Егер «жеке тұлға» ұғымының мазмұнын талдап, түсінік беретін болсақ: «жеке тұлға – бұл адамның психикалық, рухани мәні, ол, әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән.: адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы; өзіне және өзімен өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі; іс жүзіне

асырылып жүрген әлеуметтік рөлдер қызметінің жүйесі, мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы; айналадағы қоршаған әлемді және онда өзін-өзі жете түсінуі; қажеттілік жүйесі; шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы; сыртқы жағдайларға әсерінің жиынтығы; және т.б. (Г.К. Селевко).

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығарып, таратуында. Педагогикалық технологиялар ғылымға мықтап енген. Бұл педагогикалық технологиялар оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, танымдық процестерді – жады, ойлау, зейін, елестету қабілетін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, белсенді сөздік қорын, ауызша, жазбаша тілін дамытуға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оны жеңе білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі реттеу қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар өзара сөйлесудің, оқыта үйрету ойындарының артықшылығын көреді. Бұл оқушылардың өз күшіне сенуіне және оларда оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға ықпал етеді. Дарынды балалар сабақта жүйелі түрде, үнемі аса жоғары күрделілік деңгейінде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады, бұл олардың интеллектуалдық қуатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

7 модульді сабақта көп пайдаланатын Ақмола облысы Егіндікөл ауданы Жаңақоныс негізгі мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Құсайынова Гүлмира Түлеубайқызы 5 жолды өлең, Эссе жазу оқушылардың тек шығармашылығын ғана емес, сөздік қорларының артуына да көп көмегін тигізеді. Өз беттерімен іздену тіл байлығының артуына ғана емес, баланың ойының дамуына да өте пайдалы. Бағалау критериилері мен АКТ-мен жұмыс жасау уақытты үнемдеуге көмектеседі деп атап көрсеткен.

Қасымова Дина Амангелдіқызы Қарағанды қаласындағы № 39 гимназияның жоғары санатты, информатика пәнінің мұғалімі. Ұстаз өзінің іс-тәжірибесімен бөлісе отырып, 7 модуль технологиясын қолдану нәтижесінде оқушыларымен қоса өзінің де көзқарасы өзгергенін айтады. Мәселен мұғалім: оқушылардың өз бетімен белсенді, танымдық қабілеттерін дамытуды ұйымдастырушы, өздігінен дамуы үшін жағдай жасаушы, оқушының бойындағы шығармашылық қабілеттерін әрі қарай жетілдіру жолдарын қарастырушы, оқушының өз ойын білдіру және өзгені тыңдай білу, өз білімін бағалай білуші ретінде оқушының жан-жақты дамуын қарастырушы, өз жұмысыма сыни көзбен қарау және баға беруші ретінде өзгерген. Күнделікті сабақтарында 7 модульді ықпалдастырып енгізеді. Сабақта тек білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, оқушылардың шығармашылық қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырады. Мұғалім үшін оқушылардың ойын дамыту, белсендігін қалыптастыруда шығармашылық жұмыстарды тиімді жүргізе білудің маңызы ерекше болып табылады. Оқу үрдісінде жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдану – мұғалімнің шеберлігін шыңдау, біліктілігін арттырудың бірден-бір жолы болып табылады. Оқытудың басты ерекшелігі – оқушылардың қарым-қатынасы арқылы тілін дамыту, оқушының дамуына жағдай жасау, оқушы оқушымен, топпен, ұжыммен,

мұғаліммен қатынаста болуына жағдай тудыру. Сондықтан топтарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың өзара қарым-қатынасын ескеріп, олардың бір-бірімен білім алмасуын, жеке тұлғасын дамытуға ықпал жасауына көңіл бөлемін. Сыныпты топтарға бөлмес бұрын, мұғалім ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін әр түрлі тренингтер өткізеді. Қорыта айтқанда, Дина Амангелдіқызы оқушыларымен бірге өзі де жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігін қоса ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеруді тәжірибелі ұстаз басты міндеті деп санайды.

Степногорск қаласы А.Косарев атындағы № 9 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Кожаметова Нұргүл Темірбаевна, I санатты тарих пәнінің мұғалімі, III деңгейде сертификатталған мұғалім.


Сабақ 7 модуль бойынша құрстырылған. Осы сабақты облыстық тарих пәні мұғалімдерінің біліктілік арттыру курсына көрсетті және жоғары ғылыми-теориялық және практикалық деңгейде өткізгені үшін білім бөлімінің грамотасымен марапатталған (7-кесте).

7-кесте – 7 модуль бойынша құрстырылған сабақ жоспары

Сабақтың тақырыбы:	Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері	
Жалпы мақсаты:	Сабақтың мақсаты: 1. Оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын таныстыру, маңызы мен тәрбиелік мәнін ұғындыру 2. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, әр түрлі жағдайлардан шыға білетін әділ, шешен тұлға қалыптастыру. 3. Оқушыларды жан-жақты білімді болуға, адамгершілігі мол, салт-дәстүрді құрметтейтін, сақтайтын, келесі ұрпаққа жалғастырушы азаматты тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтижесі:	Өз халқымыздың салт-дәстүрлерін білумен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын орындау, әрі дамыту әрбір ұрпақтың міндеті екенін түсінеді.	
Сабақтың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, ақ парақшалар, маркерлер, карта, бағалау парағы, оқулық, көркем әдебиет, слайдтар, суреттер	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Жеке, жұппен, топпен жұмыс, топтастыру	
Кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылар іс-әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Сәлемдесу, психологиялық ахуал: өзін-өзі реттеу. Армысың, ардақты аспан – ата!	Оқушылар

<p>(1,5 минут)</p> <p>Қызығушылығын ояту (10 минут)</p>	<p>Армысың, қасиетті жер – ана! Армысың, шұғылалы алтын күн! Күліп шықты күн бүгін! Оқушыларды жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлу. Бағалау парақтарын тарату. Үй тапсырмасы: «Мен саған, сен маған»</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақтың киіз үйінің қанша мың жылдық тарихы бар? (2 мың жылдан астам) 2. ХҮ-ХҮІ ғасырларда киіз үйдің қандай түрлері болған және қанша қанатты болған? (түркілік және моңғолдық, 4, 8,12,18, тіпті 30 қанатқа дейін болған) 3. Отырықшы баспананың қандай түрлері болған? (қыстау, қыстақ-қоныс, тастан, топырақтан салынған бекінісі бар уақытша қорған және қала (кент)) 4. Үй жылытатын пештің неше түрі болған? Қандай? (тік мұржалы қазандық, бірнеше құдықты қабырғасы бар қазандық және темір пеш) 5. Қазақтың дәстүрлі киімдері нешеге бөлінді? Қандай? (ерлер киімі, әйелдер киімі) 6. Қандай ұлттық тағам түрлерін білесіңдер? (еттен және сүттен жасалынған) 7. Ыдыс-аяқтар неден жасалынған? (теріден, ағаштан және сүйектен жасалынған) 8. Қандай қару-жарақтары болған? (Бес қару: ату қарулары (садақ, жақ, жай), түйрегіш қарулар (найза, сүңгі, жыда), кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), шабу қаруы (айбалта), соғу қаруы (шоқпар, күзгі). <p>«Ой қозғау»</p> <ul style="list-style-type: none"> - Құрметті оқушылар! - Мына әнге назар аударыңдаршы? (Ән «Қазақтың салт-дәстүрі») - Ән не туралы? - Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар? - Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері - Бүгінгі сабағымыздың мақсатымыз халқымыздың салт-дәстүрлері мен асыл мұралары туралы молырақ мәлімет алу. Қазақ халқының салт дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының түрлері өте көп. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Қазіргі таңда осы дәстүрлер жаңаша жақсылықтармен толысып, салт-санамызға сіңіп, қастерлі қасиетке айналып келеді. 	<p>топтарға а бөлінеді .</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>
---	--	--

	<p>- Балалар әдет-ғұрып дегенді қалай түсінеміз?</p> <p>- Салт - дәстүр дегенді қалай түсінеміз?</p> <p>- Әдет-ғұрып ұзақ тарихи мерзімде біртіндеп қалыптасып, халықтың санасына сіңіп, қай ұлттың болсын ұлттық болмысын құрайды және оны басқа этностардан ерекшелендіреді.</p> <p>- Салт-дәстүр дегеніміз – халықтың жөн-жоралғыларының, ұстанымдарының жиынтығы. Салт-дәстүрлер халықтың өмір-тұрмысынан, шаруашылық-тіршілігінен, қалыптасқан қоғамдық қатынастарынан, дүниетанымынан туындайтын мәдени құбылыс.</p>	
<p>Мағынаны тану 15 минут</p>	<p>Мағынаны тану</p> <p>I. Мәтінмен жұмыс</p> <p>Әр топқа мәтін таратылады</p> <p>Әр топқа тарауларды таратып беріп әр топқа тапсырма беру.</p> <p>1 топ. Қазақтардың қонақжайлылық қасиеті және өзара көмек жөніндегі әдет-ғұрыптары.</p> <p>2 топ. Әдептілік пен сыпайылық, үлкендерге құрмет әдет-ғұрпы.</p> <p>3 топ. Отбасы және неке саласындағы әдет - ғұрыптар мен салт - дәстүрлер. Бата беру. II. Көрініс көрсету.</p> <p>1-топ «Тыштырма» (дәстүр)</p> <p>2-топ «Тұсау кесу» (салт)</p> <p>3-топ «Ат қою» (ғұрып)</p> <p>III. Кластер:</p> <p>Сәлем беру. Айдар. Тілашар. Байғазы. Ат қою. Кіндік кесер. Базарлық. Қырқынан шығару. Шілдеhana. Кекіл. Тыштырма. Бесікке салу. Қалжа. Көңіл айту. Көңіл сұрау сөздерін дәстүр, салт, ғұрып сөздеріне топтастыру керек.</p>	<p>Оқушылар жеке, жұппен, топпен жұмыс жасайды.</p> <p>Оқушылар ар мәліметтерді дәптерлеріне жазып алады.</p>
<p>Ой толғаныс</p> <p>10 минут</p>	<p>IV. Қорытынды жабық тест</p> <p>1. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын - сауық, той атауы -... (шілдеhana).</p> <p>2. Нәресте туған сәтте оның кіндігін әйелдер (кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу - мәртебелі, абыройлы іс қалай аталады? (Кіндік кесер).</p> <p>3. Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептелетін салт қалай аталады? (Бесікке салу).</p> <p>4. Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады. ол сәбидің жан-жүйесінің қалыптасып дені сау болып</p>	<p>Оқушылар берілген тапсырмалар бойынша жұмыс жасайды.</p>

	<p>өсуіне деген ақ тілектен шыққан салт қалай аталады? (Қырқынан шығару).</p> <p>5. Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып (Тұсау кесер).</p> <p>6. Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кісілерге қойғызып батасын алған ғұрып қалай аталады? (Ат қою).</p> <p>7. Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп қою қалай аталады? (Айдар).</p> <p>8. Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны не дейді? (Кекіл).</p> <p>9. Балалардың, жастардың жаңа киімі үшін берілетін ақшалай, заттай сый. (Байғазы).</p> <p>10. Ауыл тұрғындары ешқандай ақы алмастан бірлесе жұмылып, біреудің белгілі бір жұмысын бітіріп береді. Мәселен, олар біреудің қысқы баспанасын немесе мал қорасын салып беруге, сондай-ақ құдығын қазып беруге жұмыла көмектеседі. Бұл ғұрып қалай аталады? (Асар).</p>	
3 минут Рефлексия	<p>Кері байланыс парағы</p> 	Бүгінгі сабақта алған әсерлеріңді білдіреді
Бағалау. 4,5 минут	Қорытынды бағалар айтылып, журналға қойылады.	
Үйге тапсырма 1 минут	Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын басқа халықтардың әдет-ғұрыптарымен салыстырып, қосымша материалдар жинақтау	Оқушылар күнделіктеріне жазады

Степногорск қаласындағы № 9 орта мектебінің I санатты, III деңгейде сертификатталған «География» пәні мұғалімі Кайыпназарова Гүлзат Мадиярвнаның білім алушыларды пәнге қызықтыру арқылы, табиғаттың күрделі де сан-қилы құбылыстары мен заңдылықтарын ұғындырып, сапалы білім беру үшін заманауи педагогикалық технологияларды ұтымды қолдану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді, сонымен қатар жаңа технологияны сабақта пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірге пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына ықпал

етеді деп тұжырымдайды.

Төменде берілген сабақ 7 модуль бойынша құрастырылған сабағы қала мұғалімдерінің арасында өткізілген қалалық «АКТ-ны қолдана өткізілген заманауи география сабағы» конкурсында ІІ орынға ие болған (2015 жыл), қалалық білім бөлімінің дипломымен марапатталған.

8-сынып. Тақырыбы: Алаптар бойынша ірі өзендерге сипаттама.

Сабақтың мақсаты: Солтүстік Мұзды мұхиты алабына жататын және ішкі тұйық алаптарға жататын өзендердің ерекшеліктері жайлы мәлімет жинақтап, физикалық, кескін картамен жұмыс жасай білу дағдыларын қалыптастыру. Өзендердің қазіргі экологиялық жағдайы туралы білімдерін жүйелеу (8-кесте).

Міндеттер: 1. Оқушылардың үй тапсырмасын түрлі-түсті қағаздарға жазылған сұрақтар арқылы сұрай отырып, сол түсті телпек кигізу арқылы топқа бөле қызығушылығын ояту.

2. Жаңа тақырыпқа оқушылардың білетін білімі арқылы кіру.

3. Оқушылардың өздерін-өздері оқыту арқылы білім беруге ықпал жасау, сыни тұрғыдан ойлау процестері арқылы әр баланы қамтуға жағдай жасау.

4. Жаңа сабаққа белгілі бір ой қорытындылар жасау.

5. Оқушыны сыни ойлауға, ұғым түсініктерді зерделеуге, мағлұматтар жинақтауға ынталандыру.

8-кесте – 7 модуль бойынша құрастырылған «География» сабағының жоспары

Күтілетін нәтиже	Атласты, физикалық карталарды пайдалана отырып ірі өзендерге сипаттама бере біледі. Алаптар бойынша ірі өзендерді кескін картаға нақты түсіру дағдылары қалыптасады.
Мұғалім үшін оқу нәтижелері	1. Оқушылардың бірін-бірі оқытуы арқылы аталған тақырыпты меңгеріп шығу 2. Мұғалім оқушылардың өздігінен білім алуына бағыттап отыру 3. Оқушылардың өзін және сыныптастарын бағалау мүмкіндіктерін жасау
Сабақта туындаған негізгі идеялар	1. Оқушының өмірдегі біліміне, білетініне сүйену 2. Жаңа теориялық ақпаратты беру арқылы оқушыға жаңа ойлау дағдысын, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал жасау 3. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы проблемалық сұрақтарды шешуге итермелеу.
Мұғалімдер үшін оқу нәтижелері	1. Оқушылар жаңа тақырыптың мақсатын өздері анықтауына жағдай тудыру 2. Оқушылардың бірін-бірі оқытуы арқылы аталған тақырыпты меңгеріп шығу 3. Мұғалім оқушылардың өздігінен білім алуына бағыттап отыру

	4. Оқушылардың өзін және сыныптастарын бағалау мүмкіндіктерін жасау	
Күтілетін нәтиже	Топтық жұмыстар негізінде географиялық нысандарды анықтауы, өзендердің маңызын түсінуі, деңгейлік тапсырмалар арқылы тақырыптық жаңа терминдерді тиімді пайдалануға деген түсініктерінің қалыптасуы	
Тапсырмалар Электрондық оқулық беттерінен жүктелген дерек көздер	Деңгейлік тапсырмалар 1) өзендер мен көлдерді бөлек бағандарға орналастыру 2) Сөйлемдерді толықтыру 3) Кескін картаға ірі өзендерді түсіру Түрлі күрделіліктегі электрондық оқулықтан тапсырмалар – 2, 5, 8, 9, 10, 11-ші тапсырмалар орындалады	
Ұйымдастыру кезеңі (5 мин)		
Мұғалімінің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
Түрлі түсті қағаздар түсімен телпектер беру арқылы 4 топқа бөлу, кемеше-житондар беру арқылы формативті бағалау	Оқушылар ортаға шығып түрлі түсті қағаздарды алады, олардағы жазылған сұрақтарға жауап бере сол түстей телпек киеді және дұрыс жауап үшін кеме-житондарын алып формативті бағаланады, соң телпек түстері арқылы 4 топ құрайды.	
Ой шақыру әдісі ақ, қызыл, сары, көк түсті қағаздарға сұрақтар жазылып, оқушылар өз қалауымен түсті таңдай тұрып сұрақтарға жауап береді	3 мин Оқушылар өздігінше жаңа тақырыптың мақсатын анықтайды	
«Қазақстанның ірі өзендері» слайд-презентация көрсетіледі, тақырыпқа қысқаша түсінік беріледі	Презентациядағы көрген өзендерін оқулықтағы суреттермен салыстыра отырып зерттейді, алдынан білетін білімдерімен байланыстырады, талқылайды, бір-біріне сұрақ қоя отырып түсінеді. Оқушылар түсті қағаздарға жазылған сұрақтарға жауап береді. Оқушылар өткен сабақ тақырыбына байланысты сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа тақырып айлы ой қозғайды.	
Негізгі бөлім		
«Сырдария өзені» бейнеролигі көрсетіледі	Бейнероликтегі көріністерге байланысты сұрақ-жауап түрінде жұмыс атқарады	
Мағынаны тану (20 мин)		

<p>«Алты телпек» әдісі арқылы мәтінді оқушыларға бөліп беру және талдау жасауларына ықпал ету.</p> <p>Топтар бойынша деңгейлік тапсырмалар</p> <p>1) өзендердің және көлдердің аттарын бағанға бөліп жазу;</p> <p>2) сөйлемдерді толықтыру;</p> <p>3) алаптар бойынша ірі өзендерді кескін картаға түсіру.</p> <p><i>Әр топ жеке, жұппен және топпен орындайды.</i></p> <p><i>Әр топ жеке қорғайды</i></p>	<p>Оқиды, ойлайды, әр топ өз міндеттері аясында ойларын ортаға салып пікір алмасады, ойларын қорытады, постерге түсіріп, қорғайды.</p> <p>Еліміз аумағындағы өзендер мен көл аттарын бөлек бағана етіп жазу, сөйлемдерді толықтырып жазу, ірі өзендерді кескін картаға түсіру, қорғау. Қорғау кезінде айтылған мәліметтерді орындарында отырған оқушылар дәптерлеріне түртіп алады.</p>																				
<p>Ой қорыту(5 мин)</p>																					
<p>Электрондық оқулық бойынша интербелсенді тақтада тақырыптық тапсырмалар беріледі.</p>	<p>Әр оқушы өз қалауымен интербелсенді тақтадан тапсырманы таңдап алады, орындайды.</p> <p>Тапсырманы орындау кезінде айтылған мәліметтерді орындарында отырған оқушылар дәптерлеріне түртіп алады</p>																				
<p>Бағалау (2мин)</p>																					
<p>Бақылайды, бағалайды</p>	<p>Алдарына берілген топтық бағалау парақшасы бойынша,өздерін және сыныптастарын бағалайды</p> <table border="1" data-bbox="571 1272 1401 1617"> <thead> <tr> <th data-bbox="571 1272 746 1482">Оқушының аты-жөні</th> <th data-bbox="754 1272 954 1482">Топта сөйлеп, идея айтқанды бағала</th> <th data-bbox="962 1272 1193 1482">Белсенділігін бағала</th> <th colspan="2" data-bbox="1201 1272 1401 1361">Мұғалімнің бағалауы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="571 1494 746 1529">1</td> <td data-bbox="754 1494 954 1529"></td> <td data-bbox="962 1494 1193 1529"></td> <td data-bbox="1201 1494 1281 1529"></td> <td data-bbox="1289 1494 1401 1529"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1541 746 1576">2</td> <td data-bbox="754 1541 954 1576"></td> <td data-bbox="962 1541 1193 1576"></td> <td data-bbox="1201 1541 1281 1576"></td> <td data-bbox="1289 1541 1401 1576"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1588 746 1624">3</td> <td data-bbox="754 1588 954 1624"></td> <td data-bbox="962 1588 1193 1624"></td> <td data-bbox="1201 1588 1281 1624"></td> <td data-bbox="1289 1588 1401 1624"></td> </tr> </tbody> </table>	Оқушының аты-жөні	Топта сөйлеп, идея айтқанды бағала	Белсенділігін бағала	Мұғалімнің бағалауы		1					2					3				
Оқушының аты-жөні	Топта сөйлеп, идея айтқанды бағала	Белсенділігін бағала	Мұғалімнің бағалауы																		
1																					
2																					
3																					
<p>Оқушылардың алған әсерлері</p>	<p>Жазба түрінде оқушылар сабақ туралы, ондан алған әсерлері туралы жазып, кері байланыс парағын толтырады</p>																				
<p>Үйге тапсырма (2 мин)</p>																					
<p>Үй тапсырмасын оқушыларға беру</p>	<p>Күнделікке жазады</p>																				
<p>Кері байланыс(3 мин)</p>																					

Мұғалім түсіндіреді	Кері байланыс парағын толтырады Кері байланыс парағы. Оқушының аты-жөні _____		
	Сабақта не ұнады, немесе жақсы болды?	Не ұнамады, немесе жаман болды?	Сабақта нені өзгерткің келеді, сенің қалауың?

«Ақ телпек» - алап бойынша бір ірі өзенге сипаттама бере отырып, өзеннің статистикалық деректеріне көп мән беруі керек. СТАТИСТИКАЛЫҚ.

«Сары телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, оның тіршілікке пайдалы жақтарын баса көрсетуі керек. СӘТТІЛІК.

«Көк телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, өзен суының біз үшін не қажеті бар, не үшін пайдалануымызға болады, ол өзен болмаса не болар еді? деген сұрақтарға жауап беру керек. АНАЛИТИКАЛЫҚ.

«Қызыл телпек» - алап бойынша ірі өзенге сипаттама бере отырып, бұл өзен болмағанда не болушы еді? Табиғат, жануар, өсімдік дүниесі қандай өзгеріске ұшырар еді?- деген сұрақтарға жауап беру керек. СЕЗІМТАЛ.

Оқушылардың жаңа тақырыпты өз бетімен меңгеруі процесіндегі пайдаланылған сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының бірі – «Алты телпек» стратегиясы. Әрбір топ-бастарындағы киіп отырған телпек түсіне байланысты өздерінің орындайтын міндеттері болады. Мәтінді меңгергенде топ сол міндеттерге мән беруі керек және жұмысын қорғағанда оны дәлелдер келтіріп түсіндіруі қажет. (Жоғарыда әр телпектің міндеті жеке көрсетілген).

Есіл, Каспий, Теңгіз, Нұра, Іле, Шағалалытеңіз, Ертіс, Марқакөл, Жайық, Балқаш, Сырдария, Арал, Сасықкөл, Зайсан, Жем, Сағыз, Бурабай, Жасылкөл, Қорғалжың, Тобыл, Шу, Ойыл, Қаратал, Лепсі, Алакөл, Есіккөлі, Үлкен Алматыкөлі, Ор, Жаңадария.

Бұл тапсырмада оқушыларға жоғарыда көрсетілген өзендер мен көлдерді бөлек бағандарға қатесіз бөліп тізуі қажет. Өткен тақырыппен жаңа тақырыпты байланыстыра отырып, оқушылардың есте сақтау, номенклатура жаттау қабілеттерін нығайтады.

1. Қазақстан өзендері ... алабына және ... алаптарға жататын өзендер.
2. Еліміз аумағында ірілі-ұсақты ... өзен бар.
3. Қазақстан аумағында ұзындығы ... км-ден асатын ... өзен бар.
4. Олар: ..., ..., ..., ..., ..., ..., ... өзендері.
5. Ертіс өзені ... мемлекеті аумағында ... өзеніне қосылып барып ... мұхитына құяды.
6. Ертіс өзенінің бойында ..., ..., ... ірі СЭС орналасқан.

7. Жайық өзені ... тауынан басталып, ... теңізіне құяды.

8. Сырдария өзені ... тауларынан бастауын алады, еліміз аумағындағы ұзындығы ... км.

«Сөйлемдерді толықтыр» тапсырмасы да жаңа тақырыпты бекітуге бағытталған. Бұл тапсырманың мақсаты еліміз аумағындағы өзендердің негізгі және статистикалық анықтамаларын жаттап, есте сақтауларына ықпал ету және күнделікті өмірде қажет болғанда пайдалана білуге дағдыландыру.

«Бағалау парағында» топ басшысына сабақтың бас кезінде таратылып берілген парақтарды сабақ барысында толтырып отырып, соңында оқып шығады. Бұл әдіс оқушыларды өзін-өзі, сыныптастарын әділ бағалауға дағдыландырады. Өз іс-әрекетіне сын көзбен қарауға, кейінгі сабақтарда белсенділік көрсету қажет екендігін оқушы өздігінен түсінеді. Оқушылардың бағалауы, сабақ барысында мұғалімнің формативті бағалауы жиынтықталып, суммативті баға қорытындалады.

9-кесте – Рефлексия парағы

Сабақта не ұнады, немесе жақсы болды?	Не ұнамады, немесе жаман болды?	Сабақта нені өзгерткің келеді, сенің қалауың?

Оқушылардың сабақ жөніндегі ой-пікірлерін толық түсініп, оны келешек сабақтарға пайдалану мақсатында жүргіздім. Оқушылар өз ойларын, ұсыныстарын толық ашып жазған, осы рефлексия парақтарындағы оқушылардың ұсыныс-пікірлерін болашақтағы сабақтарды жоспарлау кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Степногорск қаласындағы М. Горький атындағы №2 орта мектебінің өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Омарова Сағдат Бекенқызы оқушылардың өздігінен білім алу қабілеттерін жетілдіруге, ең бастысы бұл жүйе жастардың құзіреттілігін бағалаудағы ЭЫДҰ ұзақ мерзімді стратегиясын қамти отырып, оқушылардың білім жетістіктерін бағалайтын халықаралық бағдарламасын меңгере алу үшін осы сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға көңіл бөлу қажет екендігін айтады.

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қорашы ауылының Қарабұлақ орта мектебінде биология пәнінен сабақ беріп жүрген жас ұстаз Ермұқанова Анар Маратқызы өз сабақтарында сындарлы оқыту технологиясын тиімді пайдаланып жүр. Сындарлы оқыту оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамытуға, алған білімдерін сыныптан тыс жерде тиімді қолдана білуге негізделген. Бұл технологияда қарастырылған жеті модуль идеялары сабақта өзара тығыз байланыста болады. Мұғалім кез-келген сабақты жоспарламас бұрын «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулін ескерген тиімді деп санайды. Қазіргі педагогика және психология ғылымдары балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың рөлін айрықша көрсеткен. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтаудағы

баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады.

Осының негізінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуін мынадай кезеңдерге бөлу қабылданған:

- 1) төменгі сынып шағындағы кезең (7 жастан 11 жасқа дейін);
- 2) негізгі мектеп шағындағы жеткіншектік кезең (12 жастан 15 жасқа дейін);
- 3) орта мектеп шағындағы жасөспірімдік кезең (15 жастан 18 жасқа дейін).

Жоғарыда аталған кезеңдерді ескере отырып, сонымен қатар әр пән мұғалімі мектеп психологымен сынып оқушыларына топтық, жұптық тапсырмалар дайындауда балалардың темпераментін анықтап алудың маңызды зор. Себебі баланың еркін жұмыс жасап, бір-біріне қолдау көрсетуде жұбының, серіктестерінің рөлі зор болады. «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модульін өз сабақтар топтамасына кіріктірген кезіндегі алға қойылатын мақсат: оқушылардың танымдық даму бағытын анықтау, ортамен байланысын нығайтып, білімді бойына сіңірту, зияткерлік қабілеттерін дамыту. Сындралы оқыту технологиясын қолданудың нәтижелілігі: оқушылардың танымы артады; ортамен өзара байланысы нығайып, білім алуға құштарланады; оқуға ынтасы, өзіне деген сенімділігі артады; өзін-өзі бағалау арқылы өз еркімен зияткерлік қабілетін дамытады. Жас ұстаз жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу модульін өз сабақтарына қалай кіріктіргенін американдық психолог Кохлбергтің «өнегелі даму» теориясымен сәйкестендіре отырып баяндайды. I деңгей –Нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау. «Тілалғыштық және жазалау» деп аталатын 1-кезеңі сабақтың кіріспе бөлімімен байланысты. Оқушылары тілалғыш, айтқаныңды ынтамен орындайтыны, шынайы сөйлейтінін ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру кезінде түрлі тренингтер ұйымдастыру барысында ортамен өзара байланыста мінез-құлықты зерделейтін бихевиористикалық бағыты жүзеге асады. Осының нәтижесінде оқушылар өздерін танып біледі, бірін - бірі тәрбиелейді. Одан әрі бүгінгі білімді меңгеруге оқушының ынтасы артады. 2-кезең. Тұлғалық ерекшелену және өзара әрекеттесу. «Өнегелілік дамудың осы кезеңінде балалар дара көзқарастарды ескереді, қылықтар туралы жеке қажеттіліктерге қаншалықты сәйкес келетініне қарай ой білдіреді» деп көрсеткендей, сыныптағы озат оқушылардың бәрі бірдей талантты емес немесе А деңгейіндегі оқушылардың барлығының метатанымы бірдей болмайды, олардың ішінен тұлғалық ерекшелену байқалады. Мұғалім өз тәжірибесінен мысал келтіреді: тұлғалық ерекшеленудің дәлелі жаңа тақырыпты таныстыру барысында оқушылардың қызығушылығын арттырып, танымын кеңейту үшін жас ерекшеліктеріне сай тандап алынған тапсырмада «Қай маман иесінің қолында бактериялар көп» деп проблемалық сұрақ қойылды. Мұғалім оқушылардың алдарына етікші, кассир, аула тазалаушы, пионист, мүсінші маман иелері жазылған кеспе қағазды ретімен орналастыруды сұрады. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, топта қызу талқылау жүрді, яғни «зерттеушілік әңгіме» өтті.

Мұғалім бірінші топтан неге бұлай орналастырғанын сұрағанында В деңгейіндегі оқушы «бұрын ақша қолдың кірі» деген сөзі тез жұмсалып кетеді, қолда тұрмайды деп түсінген болсам, осы микроағзалар тарауынан білім алуда өз ойымды екінші жағынан өзгертіп, «ақша бір адам қолынан екінші адам қолына өтеді, есепші сол айналымнан келген ақшаны қолымен санайды, әр адам қолында бірнеше миллион бактерия бар, ол бактериялар әрине ақшаға жабысады, осылайша есепші бактерияның өз қолына жұқтырылғанын білмейді де. Бірақ ақша туралы айтылған екі ой да дұрыс деп ойлаймын» - деп өз пікірін айтқанда, өзге оқушылар бірінші орынға аула тазалаушыны қойғанын, өз ойларының қате екенін айтқан. II деңгей – Дәстүрлі моральдік пайымдау. 3-кезең. «Тұлғааралық қатынастар». Бұл сатыда даму әлеуметтік тұрғыдан күтілетін нәтиже мен рөлдерге қол жеткізуге шоғырланады делінген. Жаңа сабақты игеру бойынша 6-сыныптың «Вирустық аурулар» тақырыбында өткізілген сабағында, материал оқулықта аз қамтылғандықтан, оқушыларға жасына сай игере алатындай кеспе қағаздарға мәліметтер жазып, өз беттерімен игеруге тапсырма бердім. Мазмұнымен танысып болған соң мұғалім «үшеуі қонақта, біреуі үйде» әдісін пайдаланды. Оқушылар бар ынтасымен бір-біріне өз білгендерін түсіндіре білгенін мұғалім сабақтың қолдану кезеңіндегі жұптық тапсырмадан байқады. Бірінші жұп «Ес картасы» бойынша жұмыс жасаған А деңгейіндегі және В деңгейіндегі оқушылар тапсырманы сыны тұрғыдан ойлауының тереңдігін көрсетіп, жоғары деңгейде орындады. Және де бұл тапсырмада А деңгейіндегі оқушы талантылығын дәлелдеп, тапсырманың орындалу тәртібін сақтап, яғни география пәнімен байланыстырып, жер шарын салу және шартты белгілермен белгілеуді ұсынды. Екінші жұпта бір оқушы А деңгейіндегі темпераменті сангвиник бала – қозғалғыш, көптеген қызық әңгімелерді айтуды ұнататын оқушы және жұбы флегматик типіне жататын, баяу, істі ойланып, төзімділікпен орындайтын, жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнататын оқушы, бірақ бұл да А деңгейіне жатады. Бұл жұптың осы ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалім рөлдік ойын – «тұмаудың алдын алу» тапсырмасын бергенінде, флегматик типті дәрігер мен қозғалғыш типін көрсететін сангвиник науқас рөлінде ойнап, тақырып мазмұнын кіріктіріп, әдемі диалогқа түсті. Сынып оқушыларына олардың диалогқа түскен әңгімелері ұнағанын айтып, олардың жұмыстарын «от шашу» арқылы бағалады. Үшінші жұпта холерик өкілі тездігімен көзге түсетін А деңгейіндегі оқушы болса, оның жұбы – меланхолик, психикалық процесстер өте баяу жүреді, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды деп мектеп психологы сипаттаған С деңгейіндегі оқушы болды. Бұл жұпқа шығармашылық жұмыс тапсырылды. Тапсырманы сәтті орындап, екі оқушы да 4 жолды өлең ұйқасын жазды. Мұнда С деңгейіндегі оқушының дарындылығын дамытуға А деңгейіндегі талантты оқушының ықпал етуі арқылы да жүзеге асыруға болатындығы байқалды. Төртінші жұпта екеуі де баяу, жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнататын – флегматик типіне жататын, оқушыларға жалпы қорытынды тапсырма орындауды бердім. Бақылау жүргізгенімде, екеуі де оқу озаты болып жүрген оқушылардың бірі ғана көшбасшылық танытып, тапсырманы жүргізіп отырды.

Бұл жерде бір оқушыдан талантты және жинақылықты талап ететін көшбасшы қасиеті байқалды. Төрт жұпта өз тапсырмаларын шебер ұйымдастырып, жақсы баяндай білді. Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды жоғары деңгейде орындағанына қарап, жұптық жұмыста темперамент типтерін ескере отырып, жасына сай материал дайындау арқылы оқу үдерісін жақсартуға болады деген ой түйіндейді. Білімді бірлесіп игеруге, оқушылар уақытпен жұмыс жасай білуге дағдыланады. 4-кезең – Әлеуметтік тәртіпті қолдану. Өнегелі дамудың бұл сатысында, мысалы «Ойлаудың үш бұрышы» әдісін қолдана отырып, топтық тапсыра беруде С деңгейіндегі оқушының өзі жұмысқа тартылады. Оның жұмыс жасауын А деңгейіндегі оқушы бақылап отырады. Себебі, уақытты үнемді пайдалана білетін топ мүшелері төменгі деңгей сұрақтарын құрастыруды С деңгейіндегі оқушыға тапсырады. Оқушылардың бұл іс-әрекеті дәстүрлі моральдық пайымдаудың осы бірінші кезеңіндегі конформизм ұғымына сәйкес келеді. Себебі «конформизм» ұғымы топтық қысыммен қадағаланып отыратын топ мүшелерінің кірігуін сақтап қалу мақсатында жеке адамды сол нормалардан таймауға мәжбүрлейді. III деңгей – Нормативтіктен кейінгі моральді пайымдау. 5-кезең – Әлеуметтік шарт және жеке құқықтар. Бұл кезеңді сабақтың рефлексия бөлімімен байланыстырып, оған дәлел ретінде А, В, С деңгейіндегі оқушылардың жазған пікірлері, яғни ойларынан алшақтықты көреміз. А, В деңгейіндегі оқушылардың ойы болашаққа болжам, екінші В және А деңгейіндегі оқушылар өз білгенін жүзеге асыруды алдағы уақытқа жоспарласа, үшінші С деңгейіндегі оқушылар өз пайымдауымен бүгінгі алған білімін ғана білдіреді. 6-кезең – Кохлберг бойынша моральдік пайымдаудың соңғы деңгейі әмбебап этикалық қағидаттарға және абстрактілі пайымдауға негізделеді. Бұл кезеңде «адамдар, егер олар қағидалармен және заңдармен келіспесе де, әділдіктің үйреншікті болған қағидаттарына сүйенеді» делінген. Сабақтарда пайдаланған әдіс-тәсілдерге сай бағалаудың түрлерін қолдануда сыныптың АВС оқушыларының сабаққа қаншалықты қатысқаны көрінеді. Сабақтың әр кезеңінде қолданылған бағалау оқушылар үшін де қызықты болып, алға ұмтылушылық байқалды. Осы «жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулін сабақтарға кіріктіру жастарына сай қосымша материалдарды қамтуда, сұрақтарды қоюда балалардың оқу және проблемаларды шешу қабілеті, яғни танымдық дамуы артады, гуманистік психологияның негізін қалаушы Маслоу мен Роджерстің еңбектерінде көрсетілген танымдық дамуының нәтижесінде – адамның өсуі болатынын, адам зейінінің дамуының негізін салушылар Хаген мен Хейлдің селективті зейіннің дамуы жүретіндігін байқадым. Мұғалім бұл қабілеттерді одан әрі дамыта жұмыс жүргізгенде, оқушының болашағы жарқын болатынына сенімді. Себебі, оқушылар білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, еркін, жарқын тұлға қалыптасатынына көз жеткізіп отыр.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мыңбаев ауылындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Айдаболова Раушан Ұбайдоллақызы. Оқушы мен мұғалім арасында достық пен ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасатынын айтады. Олар 7 модуль

бойынша жұмыс жасау барысында көшбасшылық, конструктивті әдіс-тәсілдерді, топпен жұмыс істеуді, нақты ситуацияларды анықтауды, АКТ-ні пайдалану арқылы презентациялар, жобалар жасап бейімделеді, бір-біріне көмек көрсетуді меңгереді деп пайымдайды. Нәтижесінде оқушылар ситуациялық тапсырмалар, топтық және жұптық жұмыстар арқылы шешу жолдарын үйренді, АКТ-ні пайдалана алады, тақырып бойынша жобалар, презентацияларды жасайды, мұғалімнің курстан алған білімдерін сабақта пайдалану барысында оқушылар бойында диалогтік оқыту, көшбасшылық және басқару, жасерекшеліктеріне сай тапсырмаларды орындау, дарынды және талантты оқушыларды анықтау, өзін-өзі бағалау және түрлі тапсырмалар орындай алатын болды. Осы технология бойынша оқушы білімін бағалау стандарт жасалып дұрыс жолға қойылса деген ұсынысын білдірген.

Жоғары санатты мұғалім Борханова Мейрамгүл Айтбайқызы Қарағанды облысы, Қарғалы ауданы, Жарлы ауылының Нүркен Әбдіров атындағы №10 орта мектебінде 20 жылдан бері биология пәнінен сабақ беріп келе жатқан тәжірибелі ұстаз. Қазіргі білім беру саласында әр түрлі өзгерістердің енуіне байланысты, талап та өзгеруде. Осы мақсатты жүзеге асыруда Мейрамгүл Айтбайқызын да оқушылардың білім деңгейін қалай арттырсам, қалай оқытсам деген мәселелер толғандырады. Осыған байланысты ол сындарлы оқытудағы 7 модульді ықпалдастыра оқыту оқушылардың білімін көтеруінің бірден-бір тиімді жолы және бұл әдіс-тәсілдерді биология пәнінің мақсатына сай келеді деп еспетейді. Мұғалім бұл мақсатты жүзеге асыруда сабақ кезінде орындалатын сарамандық, зертханалық сабақтар, топсеруен, үйірме жұмыстарын орындау барысында осы технологияның әдіс-тәсілдердің тиімді пайдалануға болатынын түсінді. Сабақ кезінде оқушылар топтық, жұптық және жеке жұмыстар арқылы бірін-бірін оқыту және бағалау арқылы алған білімдерін практикамен ұштастыра отырып, өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе жасау, эксперимент қою сияқты жұмыстарды меңгерді және іздену арқылы қосымша әдебиеттермен жұмыс жасап үйренді, сыни ойланып, жан-жақты дамиды, топта белсенділік көрсету арқылы пәнге деген қызығушылықтары оянып, шығармашылыққа және ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Әрбір өткізген сабақтарыма сын тұрғысынан қарап кеткен кемшіліктерге талдау жасалынады. әрбір өткізген сабақтан кейін «Бүгінгі сабағым қалай өтті?, мақсатыма жеттім бе? Оқушыларға қалай әсер етті? Зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамытуда тапсырмалардың тиімділігі қалай болды? Оқушыларға ынтымақтастық орта ұйымдастыра алдым ба деген» деген сұрақтар қою арқылы өткізген сабақтарымызға рефлексия жасауға болады. Қазіргі таңда әр оқушының ойы, өзіндік көзқарасы мұғалім үшін өте құнды екеніне көз жеткізіп отыр. Мұғалімнің ұсынысы: Әрбір оқушыны өз ойын қысылмай айтуға және оқыту үшін бағалау арқылы олардың білімін шынайы бағалауға қол жеткізуге болады. Инновациялық процестерді тиімді пайдаланып, оқушылардың білім сапасын арттыруды өзіміздің негізгі ұстанымызға айналдыруымыз керек.

Қостанай облысы, Жітіқара қаласындағы №2 орта мектебінің батауыш

сынып мұғалімі Жиенбаева Назира Алдиярқызы төмендегі модульдер сабақтың табысты өтуіне мүмкіндік беретінін атап көрсеткен: 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Әр оқушының сабаққа белсенді қатысуына жағдай жасауға мүмкіндік туғызады. Сабақ формасының өзгеруі оқушылардың сабаққа деген көзқарасын өзгертіп, қызығушылығын арттырды. Білім оқушыларға дайын күйінде берілмейді, тек белсенді әрекеттер арқылы игеріледі, оқушылар өзара қарым-қатынаста болып, бір-бірімен диалогқа түседі. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. Диалог – сын тұрғысынан ойлауды дамытудың басты жолы. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету – оқушылардың өз пікірі мен ойын жүйелі, толық жеткізу, терең ойлау, өзгелердің пікірі мен көзқарасын қабылдау, өмірдегі өз құндылықтарын танып-білу дағдыларын арттыру. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. Топтық, өзіндік критериалды бағалау нәтижесінде оқушыларда өзінің және өзгенің жұмысына сыни көзқарас қалыптасады. Оқушылар сын көзбен қарауға талпынып, өздерінің кемшіліктерін көріп, түзетуге тырысады. Оқушылар алдына мақсат қояды, сол мақсатқа жету үшін оның өлшемдерін де білуі қажет, олар бағалау процесінің маңыздылығын түсініп, әділ бағалауға тырысады. Өзін-өзі бағалағанда оқушыда әртүрлі сұрақтар туындайды. Мен өз ойымды толық жеткізе алдым ба?, жауабымның дұрыстығына нақты дәлелдер келтіре алдым ба?, мен жаңа тақырыпты қандай деңгейді меңгердім және қалай? қаншалықты белсенділік таныттым?, өзгелердің пікірін тыңдай алдым ба? неге үй тапсырмасын орындауда салғырттық таныттым? Осының нәтижесінде бала жауапкершілікті сезінеді, өз білімін жетілдіру қажеттігін түсінеді, талдау жасауды, өз білімін басқалармен салыстыруды, білім алу барысында шешімдерді қабылдай білуді үйренеді, дағдыланады. Оқыту үшін бағалау арқылы оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылықтарын арттыруға болады. 4. Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану. Қазіргі ақпараттық техниканың дамуына байланысты сабақтарды ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану өте тиімді болып саналады. 5. Оқушылардың көшбасшы болуына да АКТ мүмкіндік береді. Өйткені оқушы үйінде ақпараттарды өзі іздестіре отырып, өздігінен меңгереді де оны сыныптастарына көрсетіп, қандай мүмкіндіктері бар екенін түсіндіре отырып, оларды үйретеді. 6. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу модулі «Талантты және дарынды балаларды оқыту және оқыту» мен «Оқудағы жаңа тәсілдер» модулімен тығыз байланысты. Осы модульде оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты және түрлі жастағы балаларда байқалатын метасана деңгейі, балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы, әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай берілген. Іс-тәжірибе жүргізу барысында тапсырмалардың оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы өте маңызды, олардың сол тақырыпты қабылдауы, түсінуі, есте сақтауына мән берілуі керек. Әр бала ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдайды. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру олардың өз қабілеттіктерін көрсете алуына жағдай жасайды. 7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық – білім берудің кез келген жүйесіндегі тұрақты даму мен өзгерістердің сырттан енгізілуі мүмкін

емес, олар нақты сыныптардағы мұғалімдердің тәжірибесі мен түсініктеріндегі өзгерістерден бастау алуы керек деген тұжырымға саяды. Білім беру сияқты көшбасшылық та адамның тұрақты дамуына әкелетін негізгі қабілеті болып табылады. Оқу үдерісіне осы модульді енгізу нәтижесінде сабақ жандана түседі. Сабақтың алдына қойған барлық мақсаттар мұғалімнің оқыту процесін дұрыс басқаруымен заманауи, жеке тұлғаға бағытталған оқушылардың белсенді жұмысының формасына ие болады. Модульдің дидактикалық бағыты — мұғалімнің балалар ұжымын құрып, олардың мақсаты мен міндетін дұрыс белгілеуді үйретіп, балаларды өздігінен жұмыс жүргізуге, әр баланың дамуы мен ерекшелігін есепке алу, психологиясын сезе білу, оған әсер етудің тиімді тәсілдерін іріктеуі арқылы іске асыру қажет. «Мұғалім бағыттаушы, бала өздігінен білім алушы қызметтерін атқарған кезде заман талабына сай тұлға қалыптасады» деген идеяға сүйеніп. Бағдарлама модульдерін терең меңгере отырып, сабақ құрылымын жаңаша жоспарлау педогогикалық іс-тәжірибені дамытуға көмектескенін. Талантты және дарынды балаларды оқыту модулін пайдалану нәтижесінде дарынды және талантты оқушыларды анықтап, олардың жетістіктерге жетуіне мүмкіндік туғанын оқушылары аудандық пән олимпиадасы, V Аймақтық ғылыми-практикалық конференциясында жүлделі орындарды иеленген). Бағдарламаның жеті модулін сабақтарында ықпалдастыра отырып, тиімді пайдалану арқасында оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, білім сапасы айтарлықтай жақсарғанын айтады. Нәтижесінде, оқушылар өз беттерінше ізденеді, бір-бірін, өздерінің жұмыс нәтижесін, жетістігін көре алады, зерттеушілік, шығармашылық жұмыспен шұғылдана алады, пәнге, сабаққа қызығушылығы артып, мақсатқа, табысқа жетуге ұмтылады, топпен жұмыс жасауға төселді, диалогқа түседі, топтық жұмысқа өз үлесін қосуға тырысады. Осы нәтижелерді көріп, мақсатқа жеткеннен кейін ол осы еңбегі арқылы жан-жақты дамыған, қалай оқу керектігін түсінетін және өзін-өзі реттей алатын тұлғаның қалыптасуына ықпал ете алдым деп есептейді. Сонымен қатар деңгейлік бағдарламалардың жеті модулін іс-тәжірибесінде қолдану арқылы өзін де кәсіби тұрғыда өскенін, қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларына арналған қазақ тілі пәнінен қосымша дидактикалық жинақ құрастырып жатқанын айтады.

Қостанай қаласының №9 орта мектебінің 20 жылдық еңбек өтілі бар бастауыш сынып мұғалімі Досанова Гүлмира Нұғұманқызы ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени мұраларды жадында өшпестей етіп сақтаған күзиретті жеке тұлға қалыптастыруда оқытудағы жаңа тәсіл 7 модульді өз сабақтарында тиімді пайдаланып жүргенін айтады. Осы технологияны қолданудағы қол жеткізген нәтижелері: Оқушының пәнге деген қызығуы артты; Оқушының шығармашылық қабілеті дамыды; ізденушілік қабілеті артады; жауапкершілігі жоғарлайды; Ақпаратты бағдарлау біліктілігі қалыптасады; Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті артады деп атап көрсеткен. Бұл технологияны қолдану бойынша ұсыныстары: 1) Оқушылар топтық жұмыстар жасай отырып, бірі-білмегенді екіншісінен үйреніп, жақын арадағы даму аймағы қалыптасуына бағыттау 2) Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен

қайталауды емес құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап ету. 3) Оқыту дара тұлғаға бағытталу қажеттігіне қол жеткізу. 4) Топтық жұмысты барлық пәндерді оқытуда қолдану.

Осы технологияны өз сабағында тиімді қолданып жүрген Рудный қаласындағы №2 Қашар орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Алтынбаева Жанар Елжанқызы бұл 7 модуль бойынша оқыту дегеніміз: 1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық арқылы жүзеге асады деп пайымдайды. Осы технологияны қолдану нәтижесі: Сабақтарында СТО әдістерін қолданған өте тиімді болды. Біріншіден, жеке, жұппен, топпен жұмыс барысында баланың белсенділігін, сабаққа қатысуын бақылауға болады. Өйткені бірін-бірі оқыту арқылы ойлау қабілеттері дамиды. Әр оқушының жауабы тындалуы қажет, әр топ мәселе бойынша өз ойларын ортаға салуы маңызды. Ой шақыру кезеңінің басты міндеті – алдағы жұмыстарға оқушылардың қызығушылығын ояту, дайындау. Қай тәсіл болса да, ол тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталады. Сабақтарында түрлі суреттер, ұлы адамдың сөзімен, ойландыратын тұжырымдамаларды пайдалана отырып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырғанын. Іс-әрекетті ой елегінен өткізу кезеңінде жаңа ақпараттар кездестіреді, алға қойған міндеттерді шешуге ынталанды, осыны іске асыру барысында мұғалім берген мәліметтерге, оқулықтағы мәтіндерге сүйенеді. Сабақта берілген тақырыпты алдымен жеке, содан кейін жұпта, ұжымда талқылатып жұмыс жасайды. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезініп, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әр топқа берілген тақырыпты жеке оқып, содан кейін өзге топқа реттік нөмірлер бойынша топталып, өз тақырыптарын түсіндіреді. Бұл есте сақтау, негізге алу, түсіндіруді арттырады, яғни жаңа ақпараттарымен бөліседі. Тақырыпты қаншалықты түсінгендерін флипчартқа түсіру арқылы жеткізеді. Рефлексия кезеңінде оқушылар алған жаңа ақпараттарды, жаңа білімді реттейді, өз пікірлерін дәлелдеп айтады. Манағы флипчартқа түсіргендерін топпен қорғайды. 7 модульді қолдана отырып, өзінің де көптеген қызықты идеяларын жүзеге асыру жөнінде белсенділігі арта түскенін байқаған.

Қостанай қаласындағы С. Мәуленов атындағы гимназияның тарих пәні мұғалімі Бейсенова Сандуғаш Аяпбергенқызы тарих пәні мұғалімі ретінде ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени мұраларды жадында өшпестей етіп сақтаған құзіретті жеке тұлға қалыптастыруда оқытудағы жаңа тәсіл 7 модульді өз сабақтарында пайдаланып жүргенін айтады. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске асады. Саралай келе әр сабақта бір немесе бірнеше модульді бірден қолдануға болатынын анықтаған. 1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек. 2. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс. 3. Балалардың оқуға деген ынтасын

күшейту керек 4. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет. 5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керектігін айтады. Сонымен қатар топтық жұмыс арқылы оқушыларды диалогқа түсіру үшін мұғалім ашық және жабық сұрақтар ретін оқушылардың жас ерекшеліктерін, қабылдау деңгейін ескеру қажет. Оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыс жасағанда диалогқа түскені жөн. Себебі қабілеті әртүрлі оқушылар, бір-бірімен жұмыс жасағанда, әрқайсысы өз пікірлерін айтады, яғни жауапкершілікті сезінеді. Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалау, немесе топаралық бағалау жүзеге асады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың белсенділігі, шығармашылығы артады. Топтық жұмысты жүзеге асыру, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, мүмкіндік береді. Себебі оқушыға сыни ойлауын жүзеге асыратындай тапсырма бергенде ғана, оқушы ойланады. Сыныпта мұғалім оқушылармен интерактивті тілдесу арқылы тиімді әңгіме үлгісін жасай алатын, оқыту үшін зерттеуге және өзара ынтымақтастыққа ықпал ететін жағдай жасауға міндетті деп атап көрсеткен.

Қостанай облысы, Арқалық қаласының Ш. Уәлиханов атындағы №1 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Бикенова Шынар Хамитқызы ең алдымен деңгейлік бағдарлама негізіндегі 7 модуль, соның ішінде сын тұрғысынан ойлау, блум таксаономиясы, диалогтық оқыту, АКТ күнделікті сабақта әр элементтерін қолданатынын. Нәтижесінде технологияларды үнемі қолдану, оқушылардың қазіргі заман талабына сай еркін ойын жеткізе білуге, өз алдына білімді игеруге үйренеді, үйренгенін тәжірибеде қолдана алатындай деңгейге жеткізеді. Ұсынысы: Оқушы өз ойын еркін жеткізе білуі үшін жағымды психологиялық ахуал орнауы тиіс. Қате айтылған пікірді, ойды жайлап, дұрыс бағыттау білу үшін де мұғалімнің өзі жан-жақты, өз пәнін жетік меңгере білуі қажет.

Қостанай облысы, Амангелді ауданындағы Амангелді орта мектебінің жоғары санатты мұғалімі Абдикова Кәмшат Шөптібайқызына биология сабақтарында жеті модульді пайдаланып жүргеніне көп уақыт болған жоқ. Мұғалімге 7 модуль бағдарламасының оқушылармен ашық түрде ой бөлісіп, әріптестерімен әдіс-тәсілдерді алмасуда және ең тиімді әдістерді жинақтап оқытуда және оқудағы қиыншылықтарды жоюға мүмкіндік тудыратындығы ерекше ұнайды. Сонымен қатар, мұғалім топтық жұмыста жұмыс істеуді, әрбір әріптестің, әрбір оқушының пікірін сыйлау білу керектігін, әркімнің пікірі құнды екендігін, өз пікірін жеткізе білуді, сабақта бойынша бұл әдіс-тәсілдерді қалай жүргізу керектігін ұғынады. Осы бағдарламаны меңгеру барысында Кәмшат Шөптібайқызы әр сабағын жанаша түрлендіріп құруға, оқушының қажеттіліктері мен ата-ананың сенімінен шығуды, мектепте білім сапасының жоғары деңгейде үйретудің тиімді тәсілдердің пайдалана отырып, білім берудің жана тәсілдерін меңгерді. Мұғалімнің даму жұмысына жаңа тәсілдерді өткізу, бағалау, талқылау, қолдану жатады. Осы технологияны қолданудың нәтижесінде дарындылықты қалай анықтауға болатынын, оқушыны қалай әділ, шынайы бағалауға, сыни тұрғыдан ойлауына қалай бағыт беруге болатын

үйреніп, оны күнделікті топ арасындағы жұмыстарда тиімді қолдануда. «Әлемнің өзгеруін қаласаң, сол өзгерудің алғашқысы өзін бол» деген қағиданы бетке ұстай отырып, мұғалім өз кәсібіне деген жаңаша көзқарасты қалыптастырды. Бұл өз кезегінде мектептегі тәжірибе кезінде коучин, сессиялар өткізу арқылы мектеп ұжымын дамытуға, әр мұғалімнің кәсіби шеберлігін жоғарлатуға және оқыту мен оқудағы әдіс-тәсілдерін жаңартуға септігін тигізері сөзсіз.

Қостанай облысы, Амангелді жалпы білім беретін орта мектебінің биология пәні мұғалімі Абдикова Кәмшат Шөптібайқызы биология сабақтарында 7 модуль технологиясын тиімді пайдаланып жүр. Бұл технологияны қолдану барысында мұғалім оқушыларымен ашық түрде ой бөлісіп, әріптестерімен әдіс – тәсілдерді алмасуға мүмкіндік туғызды және ең тиімді әдістерді жинақтап оқыту мен оқудағы қиыншылақтарды жоюға мүмкіндік тудыратындығы маған қатты ұнады. Курс барысында мұғалімнің тоқып-түйгені: топтық жұмыста жұмыс істеуді, әрбір әріптестің, әрбір оқушының пікірін сыйлау білу керектігін, әркімнің пікірі құнды екендігін, өз пікірімді жеткізе білуді, сабақта 7 модуль бойынша әдіс-тәсілдерді қалай жүргізу керектігін ұғынды. Бағдарламаның негізгі мазмұны жеке жеті модуль аясында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді зерделеуді үйретуде. Мұғалімнің пікірінше, бұл курстың пайдасы мол, мәселен, құбылмалы осынау өмірде оқушыларды қалай оқу керектігіне үйрету, яғни олардың оқу үдерісін түсінуі, нені оқу керектігін түсінуі, оқу үдерісін қалай құрылымдау керек екендігі туралы ұғым қалыптасады және оқу нәтижелілігін бағалау мүмкіндігін игеруін үйрететін және оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыра алатын педагог мамандар дайындалып шығады. Осы бағдарламаны меңгеру барысында мұғалім әр сабағын жаңаша түрлендіріп құруға, оқушының қажеттіліктері мен ата-ананың сенімінен шығу, мектепте білім сапасының жоғары деңгейде үйретудің тиімді тәсілдердің пайдалана отырып, білім берудің жаңа тәсілдерін меңгерді. Осы бағдарламамен жұмыс істеу нәтижесінде Кәмшат Шөптібайқызы дарындылықты қалай анықтауға болатынын, оқушыны қалай әділ, шынайы бағалауға, сыни тұрғыдан ойлауына қалай бағыт беруге болатын үйреніп, оны оқу процесінде топ арасындағы жұмыстарда жиі қолдануда. Елімізде қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде, білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру, жаңа технологияларды енгізу, компьютерлендіру бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға жол ашуда. Мұғалім оқушылардың өз бетімен білім алуын қамтамасыз ете отырып, олардың өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттауы қажет. Осы жайттарды ескере отырып, жеті модуль аясында мұғалім өзі де көп нәрсені үйрене отырып, шәкірттеріне де жеке оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді зерделеуді үйретуде.

Қостанай облысы, Жітіқара қаласындағы №9 орта мектебінің информатика пәнінің жоғары санатты мұғалімі Орынбасарова Бикен Ізтілеуқызы – жаңа технологияларды өз практикасына енгізіп, оны жемісін көріп жүрген тәжірибелі ұстаз. Сындрлы оқыту теориясы бойынша 7 модульді оқу мен оқытуда тиімді қолдану. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету – бақылау, тәжірибе,

толғану және ой жүгірту нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтауда қолданылатын әдіс. Дарынды және талантты балаларды оқыту-балаларға барынша жоғары жетістіктерге жету үшін қолайлы орта жасалатын тәсіл. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу туралы ең маңызды ақпаратты оқытудың танымдық теориясы арқылы анықтауға негізделеді. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау әдістерді және мүмкіндіктерді іске асыруда жақсарту мүмкіндіктерін бағыттауы әрекет. Диалогтік оқыту – балалардың өзара қарым-қатынаста оқудың маңыздылығын дәлелдеп шығатын модуль. Оқыту мен оқудағы АКТ-на пайдалану – теориялық және тәжірибелік білімдердің біртұтастығын дұрыс қолдануда оқу үдерісін жақсартуға жағдай жасайтын әдіс. Бикен Ізтілеуқызының инновациялық технологияны қолданудағы жетістіктері: «Оқыту мен оқудағы білім мен дағдылардың тең дәрежедегі маңызы, ортақ әдіс-өзік тәжірибе, ұстаз келбеті» мақаласы – Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, 2014 жыл; ««Рефлексік шығу» оқушының қызметін түсіну тәсілі іспетті», облыстық семинар, 2014 жыл, желтоқсан. «ИКТ-компетентность педагогических работников на основе внедрения системы электронного обучения в организациях образования», 2014 жыл, тамыз; «Әр түрлі ықпалдағы көзқараспен білім беру кеңістігін және жеке тұлғаны дамыту», халықаралық конференция, 2015 жыл, қаңтар. Қорыта келе, Бикен Ізтілеуқызы «Сындарлы оқыту теориясын меңгеру арқылы әрбір оқушының жеке даралығына қатысты жағдаяттарды шешу үшін ынтымақтастық оқу ортасын құрылады, өзара қарым-қатынас жасалады. Әрбір оқушының топтық жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға жағдай жасай отырып, жеке жүргізілетін зерттеулерге оқушылардың ата-аналардың, мұғалімдерді қатыстыру арқылы барынша ауқымды мағлұмат алуды көздейді. Ынтымақтастық орта құру, оны басқару және нақты жоспарлау барысында әрбір оқушының мүмкіншіліктерін барынша жетілдіруді көздейтін, оны тиімді қолдануға бағытталған әдіс» деп есептейді.

Қызылорда облысы. 7 модульдік технологияның оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау тәсілін сабағында қолданып жүрген Қызылорда қаласының №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының шет тілі пәнінің мұғалімі Баймаханова Сара Ділдахметқызы білім беру саласында әлемдік жоғары деңгейде жоғары жетістікке қол жеткізіп жүрген көптеген танымал оқыту әдістемелерінің бірі оқу үшін бағалау модулі екенін айтады. Оқушының ынтымақтасуын арттыруда бағалаудың маңыздылығы неде? Осы сұраққа жауап іздеуде көптеген әдебиеттер мен журналдарды оқып, ғалымдардың зерттеулерін жан-жақты саралап, маңыздылығының ерекше екеніне көз жеткізген. Бағалау - оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы болып табылады. Бағалау - оқушының білім деңгейінің сапасын, дәрежесін анықтау. Оқушының алдымен өзіне деген көзқарасының қалыптасуына, білім деңгейінің өсуіне жол ашады. Бағалауды оқушының оқу - таным әрекетінде қарастыратын болсақ, оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгергенін, дайындық деңгейін мен дамуын, білімдерінің сапасын, білім пен дағды көлемін анықтай алатынын айтады. Жұптық, топтық жұмыстарды қолдана отырып,

формативті және критерий арқылы бағалау кез келген мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді. Себебі, ағылшын тілі сабағына деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру үшін бағалау критерийлерін пайдалана отырып, топтық жұмыспен тапсырманы орындау, жұппен, деңгейлік тапсырма, жеке жұмыс істетуді ерекше қызықтыратыны белгілі болды. Және де бір себебі, формативті бағалау суммативті бағалаумен салыстырғанда оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты жылдам қамтамасыз етеді. Сабақ барысында оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалау арқылы өз ойларын ашық айтуы байқалған. Бұл модуль идеялары өзін ғана емес оқушыларды да қызықтырған, яғни сабақ үдерісінде оқушылар тақырыпты түсінгенін немесе түсінбеген жерлерін байқауға болады. Алғашқыда оқушылар дәстүрлі сабақтағыдай бағаланғанын қалады. Сондықтан өзі ағылшын тілі пәнінен бағдарламадан тыс материалды игерудегі көзқарасын кеңейтетін тапсырмалар арқылы мақсатын жүзеге асырған. Күтілетін нәтиже оқушы тыңғылықты дайындалуға үйренетінін айтады.

Қызылорда қаласындағы №4 мектеп-интернаттың химия пәні мұғалімі Құлтанова Жанар Жәнібекқызы 7 модуль технологиясы туралы өзінің іс-тәжірибесімен бөліседі. Мұғалім өмірлік іс-тәжірибеге оқытуды ғылыми ізденістермен ұштастыру арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатынына сенімді. Химияны оқытуға зерттеу әдістерін енгізу оқу әрекетінің мотивациясын күшейтуге оң әсерін тигізеді. Оқушылардың жаратылыстану бағытындағы зерттеу жұмыстарын жүргізуі нәтижесінде алынған ғылыми білімнің кіріктіріліп енгізілуі оқу үдерісінің сапасын жақсартып, оқушылар білімінің нәтижелілігін арттырған. Оқу үдерісінде оқушылардың өзін-өзі дамытуына бағытталған шығармашылық, зерттеу және ұжымдық жұмыс мәселелеріне үлкен мән беріледі. Бұл технологияны қолдану нәтижелілігі: оқу жұмысының мотивациясы күшейіп, білім алу көрсеткіші жоғарылады, балалар білім алу жұмысында өз бетімен әрекет ету дағдысы қалыптасты.

Ерманова Сымбат Нұрғалиқызы Қармақшы ауданында № 121 орта мектепте биология пәнінен сабақ береді. Ол өз сабақтарында 7 модуль технологиясының диалог, сыни тұрғыдан ойлау, бағалау, АКТ стратегияларын көбірек пайдаланады. Сабақ барысында диалог арқылы оқытудың тиімділігі – оқушы өз ойын еркін жеткізе алады, жоғары деңгейде ойлануға машықтанады. Мұғалім диалог арқылы оқыту дарынды және талантты балаларды анықтауға да зор маңызы бар екенін оқушыларының жетістіктері арқылы байқап отыр. Нәтижесінде оқушы өз ойын ашық айтып, сыни ойлауды, өз ойын ашық айтуды, бірін-бірі бағалауды үйренді. Топтық, жұптық, ұжымдық жұмыстарда ынтымақтастық атмосфераны үнемі тудырып отырады. Сабақтарда барлық жеті модульді кіріктіруге тырысады. Үнемі диалог, бағалау, көшбасшылық, сын тұрғысынан ойлау модульдерін пайдаланады. Диалог әдісі оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады. Білімге құштарлықты дамытады, зерттеуге ынталандырады. Бір-бірінің идеяларын құрметтеуіне, бағалауына ықпал етеді. Сабақ барысында формативті бағалауды қолданады. Сабақ соңында кері байланысты үнемі орнатады, рефлексия

жазуға жаттықтырады.

Қызылорда қаласы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатының география пәні мұғалімі Амантаев Асхат Нарықбайұлы өзінің іс-тәжірибесінде 7 модуль технологиясын қолданады. 7 модульді технологияның мақсаты коучингтегідей жаңа әдіс-тәсілдерді үйрету емес, жаңа білімді, ақпаратты баланың өзіне игерту. Асхат Нарықбайұлы осы мақсатты ұстана отырып, оқушыларды сыни тұрғыда ойлануға, бірін-бірі, өзін-өзі бағалауға, АКТ мүмкіндіктерін қолдануға, дарынды балалардың қабілеттерін ашуға, топпен жұмыс жасауға, диалогке түсу кезінде жауапкершілік сезімін қалыптастыруға дағдыландырды. Нәтижесінде ол оқушылардың еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға үйретеді. Оқушылардың топта жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, топтық жұмысты ұйымдастыра отырып, қызығушылығын арттыру арқылы, әлеуметтік ортаға бейімдеу. Зерттеудің нысаны – топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, шығармашылық ойлауын дамыту, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының №8 жалпы білім беру орта мектебінің химия пәні мұғалімі Уәлиева Гүлшат Жанболатқызының 7 модульді қолданғанына көп болмаса да, Гүлшат Жанболатқызы бұл технологияның берері мол деп есептейді. Мұғалім сабақтарында 7 модульді қолдана отырып сабақ жүргізеді. Қазіргі уақытта сыни тұрғыда ойлау, оқуды бағалау, оқу үшін бағалау, АКТ, яғни осы жеті модуль арқылы сапа мен үлгерімді көтерудің тиімді жолдарын қарастыру үстінде. Технологияның нәтижелілігі: химия пәні бойынша оқушылардың білім сапасы едәуір көтерілді. Мұғалім технологияның жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы болашақта өз ісінің жоғарғы нәтижесіне қол жеткізуді мақсат етеді және оқу процесінде 7 модуль технологиясын қолданудың әдістемелік, техникалық жағдайларын жасау өз жемісін береді деген сенімде.

7 модульдік технологияны сабақта қолданып жүрген Павлодар облысы Май ауданы Қазан орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Нажмиденова Жанар Камалиденқызы осы 7 модуль бойынша сабақтарды қызғылықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдердің ішінде диалогтық оқыту тәсілі де тиімділігін көрсетеді. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, «миға шабуыл» логикалық сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақта оқушылардан жиі тақырып бойынша жеке, жұптық, топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлерін алып

отыратынын. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Бұл модульдерді сабақта мұғалім ұтымды пайдалана білсе, оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыстануға үйренетіндігі, сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігін айтады. Оқытудың нәтижесінде оқушылар, сыни тұрғыда ойлануға, бірін-бірі, өзін-өзі бағалауға, АКТ мүмкіндіктерін қолдануға, дарынды балалардың қабілеттерін ашуға, топпен жұмыс жасауға, диалогке түсу кезінде жауапкершілік сезімін қалыптастыруға дағдыланғанын. Бірлескен топ жұмысында оқушылар бір-бірімен ой бөлісіп, бір-бірімен тәжірибе алмасып, алынған ақпаратты топ болып түсініп, талдап салыстырып болжамдар жасай отырып ортақ шешімге келеді. Нәтижесінде оқушы еркін, өзіндік дәлелдемелерін анық жеткізе білетін сенімді, сыни ой-пікірі мен көзқарастары дамыған болып қалыптасады. Оқытудың нәтижесінде оқушылары жаратылыстану пәнінен халықаралық «Адам және табиғат» ойын сайысынан; Республикалық «Зерек» атты оқушылардың ғылыми жұмыстарының сайысынан жүлделі орындарға ие болғанын атап көрсетті. 7 модульді оқыту технологиясына байланысты дидактикалық құралдар жарияланса дұрыс болатын еді деген ұсынысын білдіреді.

Павлодар қаласының Қазан жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Аушаихова Әсем Тасболатқызы жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болады. Жеті модульдің ішінде «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» атты модуліне жеке тоқталады: Әлеуметтік – сындарлылық тұрғыдан оқытуды түсіну осы бағдарламада айтылған «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзіндік байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту», метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрену» деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік – сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды бөлігі болып табылатынын айтады. Оқыту – жекелеген құбылыс пен дағды емес, ол оқушылардың оқуға деген қабілетін ашуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені екенін. Нәтижесінде оқушылары Облыстық халықаралық «Кекнгуру» математик сайысынан, жаратылыстану пәнінен халықаралық «Адам және табиғат» ойын сайысынан жеңімпаз атанғанын атап көрсетті.

Май ауданы Қазан орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Какержанова Диана Ерболатқызы 7 модульді ықпалтастырып, сабақта мұғалім ұтымды пайдалана білсе, оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренетіндігі, сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасында ынтымақтастық орнап, сабақтың тиімділігі арта түсетіндігі байқалады. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Кембридж оқу бағдарламасының мақсаты – жалпы

білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру және Кембридж университеті тәсілінің теориялық негіздерін үйрену. Басты міндеті – мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау. Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұны жеке жеті модуль түрінде берілген, олар оқыту барысында аралас түрде ұсынылады: 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. 7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық. Бұл әдіс сонымен қатар топ болып ынтымақтастықпен бірігіп жұмыс жасауға, ойын еркін ортаға салуға, бірінен- бірі үйренуге септігін тигізеді. Яғни, топтық жұмыс арқылы оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу, проблемаларды шешу және топ ішінде шығарманы жан-жақты талдауға көмектеседі. Топтық жұмыстың артықшылығы: оқушылар өзара достық қатынаста болады; бір-бірінен сұрай отырып білімдерін жетілдіреді өзгелерге ойын жеткізу үшін өз шешімін дәлелдеп үйренеді; менен сұрап қалады-ау деп қорықпайды, топ болып жауап береді; оқушылардың мектепке деген көзқарасы өзгереді. Уақыттары қызықты әрі тиімді өтеді. топтық жұмыста бос отыратын оқушы болмайды. Білімді жеке тұлғаға бағыттау арқылы өзін-өзі таныған, ақыл-ойын жан-жақты дамытқан өзіндік «Мендік» пікірі қалыптасқан оқушы тәрбиелеу мұғалімдер алдына тың міндеттер жүктейтіндігін айтады. Оқытудың нәтижесінде оқушыларыдың сабаққа деген қызығушылықтары артты, білім сапасы 9,1%-ға өсті, пән олимпиадаларынан және түрлі марафондарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды, соның ішінде халықаралық «*British Bulldog*» интеллектуалдық конкурсы жүлдегерлері; Қазақстандық интернет олимпиадасында «Аудандық ең үздік нәтиже» номинациясы иегерлері атанды. 7 модульді оқыту технологиясының тиімділігі осы тәжірибе барысында байқалып, оқушылардың оқуға деген қызығушылығы мен қатар шығармашылық деңгейі де көтерілді. Әр оқушы өзінің деңгейіне, білім дәрежесіне байланысты тапсырмалар орындай отырып, әлсіздер білім алуға ұмтыла түседі, көшбасшылардың өзіне тән деген сенімділіктері арта түсті. Нәтижесінде, жан-жақты шығармашылық іс-әрекеті бар тұлға қалыптасады. Осы арқылы оқушыларда және мұғалімде оң өзгерістер байқалады: - үнсіз оқушы мен мінсіз оқушылардың өзара байланысы нығаяды; - ұғыну, түсіну, талдау, дәлелдеу, бағалау дәрежелері қалыптасады; - топтасып, жұптасып жұмыс жасау кезінде ынтымақтастық атмосферасы орнайды; - әр топ мүшесі ойын толық, жүйелі, нақты айта біледі; - сабаққа деген қызығушылығы артады. сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білім деңгейлерінің қандай деңгейде екені, белгілі бір мәселеге байланысты сұрақтар қойып, білімдерін жүйелеп, өз түсінгенін өзгертуге, басқаның пікірімен санасуға толықтай мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен қарап, сыни тұрғыдан ойлай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу

мүмкіндігін ұлғайтады.

Павлодар облысы, Екібастұз қаласының тарих пәні мұғалімі Исина Орынбасар Ташмұхамбетовна жеті модуль оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға, түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға, оқу үдерсін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен қамтамасыз ету. Оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалауға үйрету. Жеті модуль оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Жеті модуль оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, өз пікір көз қарыстарын нақтылап айтады деп пайымдайды. Жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер сабақтарда өзара байланыста болады. Осы жаңа технологияны қолданғанда оқушыларда сенімділік, өз ойын ашық айтуға, өзін басқа қырынан бағалай білуге, топта, жұпта жұмыс істеуге оқушылар дағыдалады. Жеті модульді қолданғанда, төмен оқитын оқушыларға сенімділік пайда болып, оқу сапасы артқанын айтады. Жеті модульдің барлығында қарыстырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатына қарамастан (Диалог арқылы оқыту). Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін тәсіл дейді.

Павлодар қаласының №25 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Смағұлова Қымбат Ерболатқызы 7 модуль бойынша сабақтарды қызықты етіп өткізу үшін үнемі оқушылардың сабақтан жақсы әсер алуына байланысты инновациялық технологияны қолдану қажет. Бағдарлама оқушыларға қалай оқу керектігін үйретіп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ой-пікірін жеткізе білетін ынталы сенімді болуды қалыптастырады. Күнделікті сабақтарда сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру білімге құштарлықтарын, көңіл күйлерін жақсартуына оң әсерін береді. Ынтымақтаса жұмыс істей отырып, олар бір нәтижеге жету үшін топ ережелерін сақтауды үйренеді. Өз-өздерін реттеулері мен көшбасшылыққа ұмтылулары, дарындылары айқындала бастады. 7 модульді қолдана отырып, өзінің де көптеген қызықты идеяларын жүзеге асыру жөнінде белсенділігі арта түскендігін айтады. Балаларды ынталандыру мақсатында формативті бағалаудың орны ерекше. Өйткені, әр топ қорғаған сәтте оқушылардың бір-біріне қошеметтеп, күш жігер беріп отыратындарын Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайтынын айтады.

Павлодар облысы, Лебяжин ауданындағы Жамбыл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Исағұлова Гүлнара Өмірзаққызы. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Әр оқу модулінде сағат саны әр түрлі болады. Бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Негізінен 7-12

сағаттан тұратын оқу модулі тиімді. Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады. Кіріспе бөлімінде оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша /10-20 минут ішінде/сызба, кесте және т.б.белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылардың танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Сонымен қатар, осы бөлімде ойынның белсенді және ойын формаларын кеңінен қолданылады. Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Оқушылардың білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сынақ, шығарма және диктантты қолдануға болады. Осы бөлімде барлық оқушыларға бірдей мемлекеттік білім стандартына сай тапсырмалар берілетінін айтады. Нәтижесінде бұл технологияны қолдану – оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын, белсенділігін арттырды. Оқушылар оқу процесінде ойынға қатысып, неғұрлым аз шаршайды, көбінесе жағымды эмоциялар алып, қанағаттанады. Оқушылар топта, жұпта жұмыс істеуге, бір-бірін тыңдауға, бір-бірін оқытуға, бағалауға үйренді. Сабақ барысында оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте -13-тен 24 ретке дейін – қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сөйлесу бөлімінде әр оқушы өзінің қалай және немен шұғылдануы тиіс, сабақ барысында не істеуі керек екенін біледі, өйткені оқушыларды алдын-ала сабақ ережелерімен немесе оның құрылымымен таныстырады. Мұндай тәсіл оқушы тұлғасын дамытуға жағымды әсер тигізеді. Осы технологияны қолдану - дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Бұл технологияда мұғалім қызметі негізінен мынандай әрекеттерден тұрады: 1. Балаларды оқу мақсаттарымен таныстыру. 2. Сыныпты мазмұны жақын тақырыптар тобы немесе тарау бойынша жасалынған жалпы үлгімен таныстыру. 3. Мұғалімнің оқу материалын қысқаша баяндауы /сызбалар, кестелер жәе т.б/ 4. Өзара сөйлесу негізінде оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру және әрбір оқушының қызмет нәтижесін әр сабақта бағалап отыру. 5. Жалпы тақырыпқа, тарауға 4-7 рет қайта оралу негізінде оқу материалын оқып -үйрену. 6. Тұтас тақырып бойынша тестілеу. 7. Тақырып бойынша тұтас немесе «релелік» сынақ /диктант, бақылау жұмысы және т.б/ жүргізу. Мұндағы оқу модулінің ерекшелігі - жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе бөлімге сабақтың 1-2 сағаты, қорытынды бөлімге - 2-3 сағаты беріледі, ал қалған уақыт /3-17 сағатқа дейін/ сөйлесу бөліміне қалдырылады.

Павлодар облысы Екібастұз қаласының №26 мектеп- гимназияның қазақ тілі пәнінің мұғалімі Қалиева Анаргүл Сатыпалдықызы Үшінші деңгей бағдарламасы бойынша сабақта жеті модульді қолданатынын, нәтижесінде

қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушылардың білім сапасы көтерілді, топта өз пікірін ашық айта білуге, шығармашылық қабілеті дамыды. Әр пән мұғалімі өз сабағында жеті модульді жүйелі пайдаланаса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Сындарлы оқыту технологиясы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарабұлақ орта мектебінің жас ұстазы Ермұқанова Анар Маратқызы сындарлы оқыту технологиясын оқу процесінде үш жылдан бері қолданып келеді. Сындарлы оқыту оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамытуға, алған білімдерін сыныптан тыс жерде тиімді қолдана білуге негізделген. Бұл технологияда қарастырылған жеті модуль идеялары сабақта өзара тығыз байланыста болады. Мұғалім кез-келген сабақты жоспарламас бұрын «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулін ескеру керектігін ескертеді. Қазіргі педагогика және психология ғылымдарының зерттеулері негізінде анықталған жасөспірімдердің өсіп-жетілу кезеңін ескере отырып, әр пән мұғалімі мектеп психологымен балалардың темпераментін анықтап алуы өте маңызды рөл атқарады. Себебі баланың еркін жұмыс жасап, сыныптастарымен топтық, жұптық тапсырмалар дайындауда, бір-біріне қолдау көрсетуде жұбының, серіктестерінің рөлі үлкен. Бұл модульді Анар Маратқызының өз сабақтар топтамасына кіріктіргенде алдына қойылатын мақсаты: танымдық даму бағытын анықтау, ортамен байланысын нығайтып, білімді бойына сіңірту, зияткерлік қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтижесі: оқушылардың танымы артады; ортамен өзара байланысы нығайып, білім алуға құштарланады; оқуға ынтасы, өзіне деген сенімділігі артады; өзін-өзі бағалау арқылы өз еркімен зияткерлік қабілетін дамытады. Әрі қарай мұғалім жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу модулін өз сабақтарына қалай кіріктіргенін американдық психолог Кохлбергтің «өнегелі даму» теориясымен сәйкестендіре отырып баяндайды. I деңгей –нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау. «Тілалғыштық және жазалау» деп аталатын 1-кезеңі сабақтың кіріспе бөлімімен байланысты. Оқушылары тілалғыш, айтқаныңды ынтамен орындайтыны, шынайы сөйлейтініні ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру кезінде түрлі тренингтер ұйымдастыру барысында жүзеге асады. Осының нәтижесінде оқушылар өздерін танып біледі, бірін-бірі тәрбиелейді. Одан әрі бүгінгі білімді меңгеруге оқушының ынтасы артады. 2-кезең. «Тұлғалық ерекшелену және өзара әрекеттесу». Өнегелілік дамудың осы кезеңінде балалар дара көзқарастарды ескеріледі, мінез-құлықтары қаншалықты сәйкес келетініне байланысты, сыныптағы озат оқушылардың бәрі бірдей талантты емес немесе А деңгейіндегі оқушылардың барлығының метатанымы бірдей болмайды, олардың ішінен тұлғалық ерекшелену байқалады. II деңгей. Дәстүрлі моральдік пайымдау. 3-кезең. «Тұлға аралық қатынастар». Бұл сатыда даму әлеуметтік тұрғыдан күтілетін нәтиже мен рөлдерге қол жеткізуге шоғырланады. 4-кезең. «Әлеуметтік тәртіпті қолдану». Мысалы «Ойлаудың үш бұрышы» әдісін қолдана отырып, топтық тапсыра беруде С деңгейіндегі

оқушының өзі жұмысқа тартылады. Оның жұмыс жасауын А деңгейіндегі оқушы бақылап отырады. Себебі, уақытты үнемді пайдалана білетін топ мүшелері төменгі деңгей сұрақтарын құрастыруды С деңгейіндегі оқушыға тапсырады. Оқушылардың бұл іс-әрекеті дәстүрлі моральдық пайымдаудың осы бірінші кезеңіндегі конформизм ұғымына сәйкес келеді. Себебі, «конформизм» ұғымы топтық қысыммен қадағаланып отыратын топ мүшелерінің кірігуін сақтап қалу мақсатында жеке адамды сол нормалардан таймауға мәжбүрлейді. III деңгей. «Нормативтіктен кейінгі моральді пайымдау». 5-кезең. «Әлеуметтік шарт және жеке құқықтар». Бұл кезеңді сабақтың рефлексия бөлімімен байланыстыруға болады, оған дәлел ретінде А, В, С деңгейіндегі оқушылардың жазған пікірлері, яғни ойларынан алшақтықты көреміз. А, В деңгейіндегі оқушылардың ойы болашаққа болжам, екінші В және А деңгейіндегі оқушылар өз білгенін жүзеге асыруды алдағы уақытқа жоспарласа, үшінші С деңгейіндегі оқушылар өз пайымдауымен бүгінгі алған білімін ғана білдіреді. 6 – кезең. Кохлберг бойынша моральдік пайымдаудың соңғы деңгейі әмбебап этикалық қағидаттарға және абстрактілі пайымдауға негізделеді. Бұл кезеңде адамдар, егер олар қағидалармен және заңдармен келіспесе де, әділдіктің үйреншікті болған қағидаларына сүйенеді. Сабақтарда пайдаланған әдіс-тәсілдерге сай бағалаудың түрлерін қолдануда сыныптың АВС оқушыларының сабаққа қаншалықты қатысқаны көрінеді. Сабақтың әр кезеңінде қолданылған бағалау оқушылар үшін де қызықты болып, алға ұмтылушылық байқалады. Осы «жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулін сабақтарға кіріктіру кезінде оқушылардың жастарына сай қосымша материалдарды қамтуда, сұрақтарды қоюда олардың оқу және проблемаларды шешу қабілеті, яғни танымдық дамуы артады. Гуманистік психологияның негізін қалаушы Маслоу мен Роджерстің еңбектерінде көрсетілгендей, танымдық дамуының нәтижесінде адамның өсуі болатынын, адам зейінінің дамуының негізін салушылар Хаген мен Хейл көрсеткендей селективті зейіннің дамуы жүретіндігін байқадым. Анар Маратқызы оқушылардың бұл қабілеттерін одан әрі дамыта жұмыс жүргізсе, олардың болашағы жарқын болатынына сенімдімі. Себебі оқушылар білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, еркін, жарқын тұлға қалыптасарына көз жеткізіп отыр. «Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулін қолдануда мұғалімнің жеткен жетістіктері: ортамен өзара байланыс орнап, бихевиористикалық бағытты жүзеге асырды; жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар беру арқылы оқушылардың танымдық дамуы артты; оларды шығармашылық жұмыс жасай білуге жетелейді; оқуға ынтасы, өзіне деген сенімділігі артты; жауапкершілікті сезіне білді; тұлғаның өзін-өзі тануы жүзеге асырылды; өзіндік рефлексия жасауға дағдыланды.

Ақтөбе қаласының №32 мектеп-гимназияның шет тілі пәнінің мұғалімі Көмекбаева Лира Бисенбиевна сындарлы оқыту теориясына негізделген жеті модуль тұрғысынан оқыту мен оқудың теориялық негіздері бойынша терең түсінік қалыптастырады және құзырлылыққа жол ашады. Сындарлы оқыту технологиясы оқушылардың ойлауын дамыту әрі олардың бұрынғы алған

білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және құрбы-құрдастарынан әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтау арқылы алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымдамаға негізделген. Оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін реттеп отыруға, ынталандыруға, білімді игертуге, түзету, және оқытуды бағалау сияқты әртүрлі тәсілдер арқылы идеяларды түсіндіре білудің техникалық, тәжірибелік дағдылары мен тәсілдерін білуге үлкен мүмкіншілік алғанын. Нәтижесінде оқушылар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы білім жинақтай алды. Әрбір оқушымен болатын кері байланыс сабақтың табыстылығын анықтауда үлкен көмек болды. Тәжірибені зерттеу және жетілдіру, жақсарту мақсатында *Lesson Study* тәсілі мұғалімнің өсу жолына, ізденуіне тиімді әрекеттер арқылы бағытталуға, оқушының мүмкіншіліктерін білуге, оқытудың жаңа тәсілдерін бірлесіп әзірлеу үшін маңызды тәсіл ретінде кәсіби өсуге көмектесті. Орта мерзім және қысқа мерзім жоспарларында жеті модульді кіріктіру өз оқу үдерісіне оң ықпал етті. Оқушылар қадағалау жолымен алынған деректерді негізге алуға, проблемаларды анықтауға олардың шешу жолдарын тиімді іздеуге, дәлелдерді сын тұрғысынан талдауға, бағалауға үйренді. Сандық технологияны қолдануда жоғары құзыреттілікке жетті. Қалыптастырушы бағалау оқушыларға нәтижесін жақсарту үшін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Рефлексивтік оқытудың дағдылары қалыптасты. Оқушылар білім алуда белгілі бір құзыреттілікке қол жеткізді. Күнделікті қоршаған шынайы өмір тұрғысынан нақты пікір қалыптастыра алды және білімдерін реттеуге үйренді деп атап көрсетеді.

Қарғалы ауданы №2 Бадамша орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Қалдыбекова Әлия Сайпенқызы осы технологияны қолдану нәтижесінде тапсырманы орындау жоспарын құру дағдысын қалыптастырады; өзінің білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды таңдай алады; проблемаға қатысты шешім қабылдай алады; берілген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады; қарама-қарсы көзқарастады талдай алады; құбылыстарды салыстырып, олардың ортақ және жеке ерекшеліктерін анықтай алады; проблемалық сұрақтарды талдай алады; проблемаға қатысты шығармашылық көзқарасын білдіре алады; Жекеленген пәндерді сапалы оқытуда деңгейлі курс бағдарламасы негізіндегі тиімді әдістерді қолдану арқылы сапалы оқыту жүйесін қалыптастыруда; Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін, сыни ойлауын, өзін-өзі реттеуін, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруін дамыту арқылы үздіксіз білім алуына инновациялық әдіс-тәсілдерді, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануда; Жеке тұлғаның сапалы білім алуына жетекшілік ету сыни ойлауын, өзін-өзі реттеуін жетілдіруде маңызды екенін айтады.

Байғанин ауданы Баршақұм ауылының тәжірибелі ұстазы Қартабаева Нұрсұлу Сайлаубайқызы сындарлы оқыту технологиясын 2013 жылдан бері қолданып келеді. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Американдық ғалым Хеттидің айтуынша, орта білім беру

жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал білім беру әдістемелері арасында сындарлы теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету – Кембридж бағдарламасының негізгі идеясы болып табылады. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер оқушының қалай оқу керектігін үйреніп, еркін, өзіндік пікірін жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптасуын қамтиды. Екі жарым мың жыл бұрын Қытай ғұламасы Конфуций былай деген екен: «маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін!». Нұрсұлу Сайлаубайқызының да осы тәсілдерді қолдануда қызығушылығы жоғары, мақсаты айқын, өздігінше қорытынды жасап, өзгенің пікіріне баға бере алады. Олай болса, мұғалімнің әдістемелік ізденісінің, қолданатын әдіс-тәсілдерінің сабақ беретін аудиторияға әсер етпей қоймасы анық. Әр оқушы мінсіз оқушы болуға талпынады. Мұғалімнің осы әдіс-тәсілдерді қолдану барысында биология пәні бойынша оқушылардың пайыздық сапа көрсеткіші жоғарылады, екі оқушысы Халықаралық «Зерек» интеллектуальдық марафонында ІІІ орын иеленсе, Нұрсұлу Сайлаубайқызының өзі «Заманауи жаңа сабақ үлгілері» облыстық байқауына қатысып, ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталған. Аудандық пәндік олимпиадада екі оқушысы ІІ және ІІІ орын иеленді. ҰБТ нәтижесі бойынша да оқушылары таңдау пәнінен жоғары көрсеткіштер көрсетіп жүр. Мұғалімнің ұстанымы – ізденіс, еңбекті серік қылып, алдағы асуларды бағындыру. Нұрсұлу Сайлаубайқызы 7 модуль технологиясында қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болғандықтан, әлі де болса қазақ тілінде әдістемелік құралдар көптеп шығарылса, семинарлар жиі ұйымдастырылып тұрса деген ұсынысын білдіреді.

Ақтөбе қаласының №36 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Ноғаева Захира Төребаеқызы сындарлы оқыту теориясы мұғалім оқушыларға қажетті мәліметтерді, өзіндік іздене алатындай және болашақ өмірде қолданатындай етіп, сабақты жоспарлау арқылы оқушылардың алған білімдерін өздері жүйелей алуға бағыттайды. Сындарлы оқыту теориясын қолдану нәтижесінде алдымен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы жақындай түседі, оқушылардың тек пәндік ерекшеліктерін анықтап қана қоймай, олардың ұйымдастырушылық, ән айту, спортпен айналысу сияқты біршама қосымша қызығушылықтарын байқайды. Сабақтарын жоспарлау кезінде оқушылармен бірге, осы ерекшеліктерді де ескеріп, қолданып отырады. Қазіргі кезде оқушыларға жаңа игерген материалды түсініп қоюдың өзі жеткіліксіз. Себебі, математикалық кез келген ұғымды, жаңа тақырыпты түсіндіргенде бірден өмірмен байланысын немесе практикадағы қолданысын айту қажет. Сондықтан оқушыларды кез келген математикалық терминмен немесе ұғыммен таныстырғанда, анықтамасы мен негізгі қасиеттерінен бөлек, қосымша тарихын, өмірде қолдану салаларын қарастырып мысалдар келтіріп кету керек.

Атырау облыстық дарынды балаларға арналған интернаттық мекемесі бар

ұлттық гимназияның мұғалімі Жұмағалиева Салтанат Асылғайынқызының іс-тәжірибесіне назар аударсақ: «Сындарлы оқыту теориясы» бағдарламасы 7 модульге негізделген. Сабақтың мақсаты «SMART» критерийлеріне сай анықталады. Орта мерзімді жоспар мен қысқа мерзімді жоспарлар – сапалы білім негізі. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасы оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір- көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы «конструктивті» теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқытудың мақсаты - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Бұл бағдарлама жеті модульге сараланған. 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Оның бірі – диалог. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың шәкірттердің өзіндік ой - пікірін жүйелі дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрену» оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді. Сындарлы оқыту технологиясы оқушының сындарлы ойлауына, білімді өз бетімен алуына көмектеседі. Мұғалім оқушыларды әр сабақта бірлескен топтық жұмыстарға бөліп, 7 модульді ықпалдастыра отырып өткізеді. Алған білімдерін кез келген жағдайда, сыныптан тыс жерде пайдалана алады.

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Жарлы ауылының Нүркен Әбдіров атындағы №10 орта мектебінің биология пәнінен сабақ беретін тәжірибелі ұстаз Жиенқұлов Қымбат Құдайбергенұлының іс-тәжірибесінде көзі жеткендей, сындарлы оқытудағы жеті модульді ықпалдастыра оқыту – оқушылардың білімін көтерулің бірден-бір тиімді жолы және бұл әдіс-тәсілдер биология пәнінің мақсатына тұспа-тұс келеді. Мақсатты жүзеге асыруда сабақ кезінде орындалатын сарамандық, зертханалық сабақтар, топсеруен, үйірме жұмыстарын орындау барысында осы әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға болады. Сабақ кезінде топтық, жұптық және жеке жұмыстар арқылы бірін-бірін оқыту, бірін-бірі бағалау арқылы алған білімдерін практикамен ұштастыра отырып, өздігінен бақылау жүргізу, қарапайым тәжірибе жасау, эксперимент қою сияқты жұмыстарды меңгереді және іздену арқылы қосымша әдебиеттермен жұмыс жасап үйренеді, сыни ойланып, жан-жақты дамиды, топта белсенділік көрсету арқылы пәнге деген қызығушылықтары оянып, шығармашылыққа және ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Мұғалім әрбір өткізген сабақтарына сын тұрғысынан қарап, жіберген кемшіліктеріне талдау жасайды. әрбір өткізген сабақтан кейін «Бүгінгі сабағым қалай өтті?, мақсатыма жеттім бе? Оқушыларға қалай әсер етті?. Оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық

қабілеттерін дамытуда тапсырмалардың тиімділігі қалай болды? Оқушыларға ынтымақтастық орта ұйымдастыра алдым ба?» деген сұрақтар арқылы өткізген сабақтарына рефлексия жасап отырады. Қазіргі таңда әр оқушының ойы, өзіндік көзқарасы мұғалім үшін өте құнды екеніне көзі жеткізген. Сондай-ақ әрбір оқушыға өз ойын қысылмай айтуға және оқыту үшін бағалау арқылы оқушылардың білімін шынайы бағалауға қол жеткізуге болатыны жөнінде ой бөліседі.

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы №121 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Байказакова Орынгүл Телкараевна. Сындарлы оқытудың мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдерімен астастыра жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Сындарлы оқыту теориясында оқушылар өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сыни тұрғыдан сапалы шешім қабылдауға үйренді, оқушылар ашық сұраққа өмірден мысал келтіре отырып, салыстыра алады деп сипаттайды. Сындарлы оқыту теориясының тәсілдерін тарих сабағында әдіс тәсілдерін қолдану арқылы оқушылар қызығушылығы арттыруда маңызы зор. Қазіргі оқушылар оқулықпен шектеліп қалмай АКТ материалдарын пайдалану, сол сабаққа байланысты көп нәрсені ұқтыруға, тәжірибелік жұмыстарды көбірек жүргізуге мүмкіндік береді. 7 модульді пайдалана отырып оқушылардың сабаққа қызығушылығы артқандығы, өз ойын еркін айтуы, топтық, жұмысқа дағдыланғандығын байқаған. Білім сапасын көтеруде, оқу әдісін жандандыру мақсатында болып отырған қазіргі кезеңде өзіндік жұмыс оқушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілетін арттыруға, жетілдіруге көмектеседі. 7 модульді ықпалдастыра отырып, қысқа мерзімді жоспар жасайды. Әр сыныпқа жас ерекшеліктеріне қарай жаңа әдіс тәсілдерді қолданады. Әр қорытындылау мақсатында оқушыларға эссе тапсырады. Эссе өзіндік критерийлер арқылы бағаланады. Сонымен қатар сабақ барысында блум таксономиясын үнемі қолданады. Осы әдістерді үзбей пайдалану арқылы келешекте өткізіліп жатқан жұмыстың құндылығы оқу-тәрбие үрдісінде оң ықпал жасап оқушылардың тарих пәніне қызығушылығы арта түседі, яғни тұлғаның білім деңгейі көтерілетініне көз жеткізген.

Жалағаш қаласының Т. Жүргенов атындағы № 123 орта мектептің мұғалімі Дошимова Күләш Ұзаққызы сындарлы оқытуға негізделген сабақтарында оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойлануға, білімдерін толықтырып және алған білімдерін өмірде пайдалана білуге үйретеді. Мұғалім сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың көшбасшылығын дамыту мақсатында химия сабақтарының топтамасын өткізді. Нәтижелілігі: оқушылар өз ойын еркін айтуға, қарсы пікір айтуға үйренді. Топтаса және бірлесе жұмыс жасау, бірін бірі тыңдау дағдыларын меңгеріп, үйренді.

Бейсенова Шахизат Аманжолқызы Қызылорда қаласындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, 5-11 сыныптары физика пәні

мұғалімі. Сындарлы оқыту теориясына негізделген білім алудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамытады, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді. Осы теорияны ұстанған мұғалім оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтып, сабақтарында оқушы бойындағы идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруды талап етеді. Мұндай талаптар оқушылардың оқыған тақырыбы бойынша алған білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, өзіндік ой пікірін, көз қарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін кеңейтуге негізделіп құрылуы қажет. Ал оның өзі мұғалімдерге мына басымдықтарды міндеттеп отыр: жеке оқушының сабақ тақырыбын қабылдау ерекшелігін зерттеуді; оқушылардың білім алудағы түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізуді; кейбір оқушылар үшін тақырыпты оған ыңғайлы, оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгертуді. Міне, сондықтан әрбір мұғалімнің өзіндік ұстанымы болуы қажет. Мұғалім ұстанымы дегеніміз оның көзқарасы, белгілі бір шешімдер қабылдай білуі, сыныптағы іс-әрекеттерді түсінуі. Сабақ барысында оқушылардың бағалауды қалай қабылдайтындығына назар көбірек аударылады. Оқушы жауаптарының Блум таксономиясындағы ойлау деңгейлеріне сай келуіне тоқталып, жинақтау дағдысын меңгеруде сәл қиыншылықтар байқалғандығына тоқталады. Тәлім алушы топтық тапсырмаларларда атқарылған жұмыстарды алдын-ала белгіленген критерийлері бойынша бағалау жақсы өткендігіне тоқталады. Бұл тапсырманы жеңіл орындау себебі қарсы топтардың жұмысын, берілген бағалау парағындағы критерийлер арқылы оңай бағаланатындықтары және неліктен солай бағалағандықтары туралы түсініктеме бере отырып, балдарын қойып өтеді. Бағалаудың оқушыларды ынталандыруға, қызықтыруға, бір-бірінің жұмысын талдай білуге көп ықпалы болатындығын түсінеді. Блум таксономиясының 6 ойлау деңгейі бойынша оқушылар үшін дайындалған тапсырмаларға сәйкес олардың бірін – бірі, өзіне – өзі, топтарды өзара бағалауы үшін арнайы бағалау парақтары қолданылды. Бұл бағалау парақтарында бағалаудың критерийлері жазылып отырды. Оқушылар осы топтық, жұптық жұмыс кезінде формативті бағалауды орындаған кездерінде алдын ала дайындалған критерийлерді оқи отырып, бағалады, бір – біріне деген сыни көзқараспен қарап отырды, бір – бірінің пікірлері мен санаса білді, сынға оң көзқараспен қарады. Сабақ соңында кері байланыс жасайды, яғни оқушылардың ойын білу үшін сабақ бойынша пікірлерін жаздыртып алды. Осы пікірлерді талдай отырып, келесі сабақта нені көрсету қажеттігін (оқушыларға ұнаған тұстарын) және нені қысқарту қажеттігін (ұнамаған тұстарын) анықтап, оқушы пікірімен санасады.

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылы №1 жалпы білім беру орта мектебінің биология пәні мұғалімі Балғалиева Айгүл Қуанқызы, еңбек өтілі 15 жыл. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Оқыту туралы сындарлы

түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап ете отырып, қарастырады. Биология сабақтарында қолданудың нәтижелілігі өмендегідей: оқушылары 2013 оқу жылында жаратылыстану-математика пәні мұғалімдерінің олимпиадасында география пәні бойынша аудан және облыстан I орын, 2014 оқу жылында биология бойынша мұғалімдерге арналған I республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып, қала/аудан бойынша ең жақсы нәтиже көрсетті. 2013 жылы география бойынша мұғалімдерге арналған I республикалық қашықтық олимпиадасына қатысып, облыс бойынша жақсы нәтиже көрсетті. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастырылуын талап етеді. Айгүл Қуанқызы әлемдік тұжырым мен заманауи көзқарастар туралы ойын қорыта отырып, мұғалім өзгеруі керек, ал оқу мен оқытудың жеті модулін ұштастыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу көпшіл тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді деп есептейді.

Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, №37 гимназиясының математика пәнінің мұғалімі Солтанаева Ардақ Сабырханқызы ынтымақтастық оқу пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия деп есептейді. Сындарлы оқыту теориясының оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері модулі бойынша ынтымақтастық оқу технологиясы - өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы. Барлық жағдайларда адамдар топтарға бірлескен кезде ынтымақтастық адамдардың топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтей отырып жұмыс істеу тәсілін ұсынады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алады. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы ымыраға, пәтуға жетуге негізделген. Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін оқушылар тобы дегенді білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады. Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай: 1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады. 2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді. 3. Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады. 4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік гимнастика кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады. Ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды

және оны қорғай білуді үйренетіндіктен, олардың алдына әлеуметтік, сондай-ақ эмоционалды тапсырмалар қойылады. Сол арқылы, білім алушылар өздерінің ұғым-түсініктерін қалыптастырып, және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Яғни, ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады. Топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін, бастапқы кезеңдерде барынша көп қолдау көрсету талап етілуі мүмкін. Сабақ аяқталған соң оқушылар топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлану үшін түрткі жасау керек. Жоспарланған жұмыс ұтымды, тиімді болу үшін белгіленген тапсырмалар мен топтың қызметі стратегиялық тұрғыдан дұрыс құрылуы тиіс, олар топта тиімді жұмыс істеуге ынталандырып, қолжетімділікті қамтамасыз етіп, жоғары деңгейдегі оқытуды, ойлауды және түсінуді дамыту үшін қолданылады.

Дамыта оқыту технологиясы

Дамыта оқыту технологиясы – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында. Мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс тәсілінде, т.б.

Мақсаты: бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік сияқты т.б. қасиеттерді сіңіру.

Бұл бағдарлы идеялар бүгінгі білім беру аясында қолдау табуда. Педагогика ғылымының зерттеушілері тәлім-тәрбие беру үрдісінің негізгі мақсаты оқушы тұлғасын дамыту деп таниды. Бірақ, тұлға дамуы туралы ізденушілігі әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Оқушы тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Сондықтан мектептің мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін тұлғаның дамуын көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет [11].

Дамыта оқыту – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесінде көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдайлар жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы; көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторларында, мұғалімнің рөлімен атқаратын қызметінде, мазмұнында, дамытудың негізгі факторында, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде, оқу үрдісінің мүшелерінің

әрекеттестік ерекшеліктерінде, олардың қарым-қатынас сипатында, танып-білу үрдісін ұйымдастыру және ондағы коммуникациялық түрлерінде, т.б.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау, сондай-ақ сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісі мен шығармашылығын дамытады. Дамыта оқыту жүйесінде қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей берілуі тиіс.

«Дамыта оқыту» технологиясын қолданушы әрбір мұғалім сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс-тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс. Бағдарлау-мотивациялық кезең - оқу міндеттерін қою кезеңі. Дәстүрлі педагогикалық үй тапсырамасын тексеру барысының орнына алынған бұл кезең іштей екі құрылымға бөлінеді.

Оқушылардың білімдерін бір деңгейге алып келу. Оқушыларды жаңадан түсіндіретін тақырыпқа логикалық бірізділікпен алып бару үшін, өткен сабақтың материалымен тығыз байланыстыра отырып жаңа тақырыпты игеруіне қажетті тірек білімдердің барлығы өзектілендіріледі. 1. Оқушылардың барлығын бірдей деңгейге жеткізіп алу үшін мұғалім алдың ала оқушылардың есіне түсіретін, толықтыратын, бірдей мәреге жеткізетін тетік сұрақтар мен тапсырмалар даярлайды. 2. Оқу міндеттерін айқындау. Оқушыларға мазмұндық жағынан тізбектеле құралған сұрақтар легі арқылы мұғалім оқушылардың өздеріне ОМ анықтауға басшылық жасайды. Соның негізінде оқушылардың жаңа тақырыпқа қарай бет бұруына жағдай жасайды дағы, жаңа тақырыпты танып-білу мотивациясын қалайды. Негізінде осы екі құрылым арқылы 1-кезеңде 7-8 тапсырма орындалады. Соның ең соңғысында оқушыға сұрақ қойылады немесе тәжірибе көрсетіледі. Оқушы неге таң қалады? Өйткені, оқушыға соңғы тапсырма мүлде таныс емес, Шындығында, бұл сұрақ өткеннен туындап тұрады. Ал мұғалім өткен және әлі өтіліп бітпеген оқу материалын шебер байланыстырып, сұрақ қою арқылы оқушылар үшін проблемалық жағдаят туғызады. Проблемалық жағдаяттар туғызу – сабақтың ең күрделі де маңызды бөлшегі болып табылатындықтан, бұл сәттің айқын өтілуіне үлкен мән бере қарау керек. Өйткені, басты тетік осы проблемалық жағдай туғызуда жатыр. Жаңа тақырыптың сәтті меңгерілуі осы түйінделген проблемалық жағдаяттың қалай және қандай мазмұнда жасалғандығына тікелей байланысты. Мәселен, оқушылардың білетін біліміне сүйене отырып, жетекші сұрақтар мен тапсырмалар арқылы біртіндеп тереңдей берген проблемалық жағдаят туғызу сәтін мұғалім тұтас бір көрініс ретінде оқушыларға сезіндіруі керек. Оқушылардың осы сәтті сезінуі мұғалімге олардың таңғалысымен немесе кез болған проблеманы шеше алмаған қиналысымен танылады. Мұндай ерекше сәтті туғызуда бастауыш сынып мұғалімі сол пәннің ішкі заңдылықтарын тауып ала білуі керек және мұғалім сол сәтте өзінің сезімпаздығын қоса жұмсауы керек. Туындаған проблемалық жағдаят оқушыларды осыны туғызған себептерді іздеуге күшті түрткі болады. Ал мұғалімнің сезімге толы сөзі мен

түсіндіру барысы оқушылардың танымдық, ізденімпаздық қабілеттерін оятып, іске қосуға күшті фактор ретінде қызмет атқарады [12].

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Бұлақтыкөл орта мектебінің физика пәнін оқытатын мұғалім Нұрмағанбетова Ботакөз Сқаққызы 2008 жылдан бері дамыта оқыту технологиясын қолданып келеді. Дамыта оқыту технологиясы – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Оқушының тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырады. Дамыта оқыту сабақтары ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Бұл оқыту технологиясы баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік-ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

Осы технологияны сабақта қолданып жүрген Байғанин ауданы Қопа орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Қобжанова Үміт Сесенқызы ең алдымен, шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді. Оқушы ойын осылайша шыңдауға мүмкіндік туады деп біледі. осы технологияларды қолдану барысында оқушылардың білім сапасы артып, сыныптың сапасы 100% болғанын, олимпиадаларан (аудандық, облыстық) жүлделі орын алғанын айтады. Нәтижесінде технологияларды мұғалім дұрыс талдай білуі керек. Аталған технологияларды тиімді қолдана білу қажет екенін айтады.

Ақтөбе қаласының №34 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сағынтаева Калия Сағынтайқызының сабақта қолданатын дамыта оқыту технологиясының дәстүрлі оқытудан айырмашылығы оның көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында, мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс-тәсілінде, т.б. дамыта оқыту жүйесінде біріншіден – білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы күрделі мәселелерді шеше отырып, өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізеді. Үшіншіден – оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Дамыта оқыту технологиясын қолданғанда әр түрлі проблемалар туындайды. Сондықтан да проблемалық оқытуды жүргізу бірнеше кезеңдерден тұрады: 1. Проблеманы қабылдауға дайындық (күнделікті өмірде игерілген білімдерін еске түсіру, білімді өзектендіру); 2. Проблемалық жағдаятты құру (бұл өте күрделі және жауапты кезең, проблеманы шешуге оқушының күші жететіндей болуы керек); 3. Проблеманы тұжырымдау (туындаған проблеманың жағдаяты негізінде танымдық есеп немесе тапсырма түрінде тұжырымдау); 4. Проблеманы шешу

үдерісі. Бұл бірнеше сатыдан тұрады: - болжам айту; - әр болжамды тексеру мақсатында оны шешудің жоспарын жасау; - болжамды растау немесе жоққа шығару; 5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу (практика жүзінде дәлелдеу ұтымды). Оқу үдерісін ұйымдастырушы рөлін атқаруда мұғалім жетекші және серік ретінде болуы керек, бірақ білім көзі болу кері әсер етеді. Оқушы шеше алатындай түсінікті нақты тапсырмалар берілуі керек деп пайымдайды. Дамыта оқыту технологиясы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту, жан-жақты терең білім беру арқылы меңгерген білім, білік дағдыларын тексеруге мүмкіндік мол. Оқушыларды белсенді танымдық қызметке жетелеу. Жаналыққа бетпе-бет келу. Шешімнің жарқ етуі. Шығармашылық акт. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Құрғақ ойлау мен жаттап алудан гөрі оқушының өз ізденіс нәтижесі. Оқушының өзіне деген сенімінің артуы. Оқушылардың ой-өрісінің кеңеюі, өз бетімен жұмыс істеу қабілетінің артуы, логикалық ойлауларының дамуында бұл технологияның маңыздылығы айтылады.

Осы технологияны өз сабағында қолданып жүрген Ақтөбе қаласының №13 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Дарханбаева Айнагүл Иманбайқызы дамыта оқыту технология барысында оқушының өзін өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалатынын атап көрсеткен. Оқушыларды даму деңгейіне байланысты жоғары орта төмен деңгейлерге бөліп жекелей деңгейлік тапсырмалар дайындайтынын айтады. Мысалы ана тілі пәнінде Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбына 1. Міндетті деңгей. Жақсы жаман қылықтар 5 дұшпан 5 жақсы істі ата. 2. Алгоритмдік деңгей. Өз бойындағы жақсы жаман қылықтарды ата. 3. Эвристикалық деңгей Жақсы жаман істер туралы мақал-мәтел жинастыру. 4. Шығармашылық деңгей. Абай туралы материалдар жинастыру. Бұл принципті балалардың теорияны жаттауы, терминдерді есте сақтауы деп түсінбеген жөн. Керісінше, оқыту барысында қарапайым бақылаулар, зерттеулер жасау арқылы, өмір заңдылықтарына көздерін жеткізу, қорытынды жасауға дағдыландыру қажет.

Ақтөбе қаласының бастауыш сынып мұғалімі Наурызбаева Мереке Бекмұрзақызы өзі қолданып жүрген дамыта оқыту технологиясы туралы Л.В. Занков жүйесіне сәйкес келеді деп есептейді. Бастауыш мектептің негізгі мақсаты - баланы жалпы дамыту қажет. Ал жалпы даму деп байқампаздығын, ойлауын дамыту және практикалық іс – әрекетті меңгеруі қабылданады. Сондай – ақ ақыл, ерік – жігері, сезімдерінің дамуы алынады деп сипаттайды. Сабақта осы технологияны қолдануда проблемалық баяндау, ізденушілік, зерттеушілік әдістері арқылы оқушының өз пікірін жеткізе білуіне, тұжырым жасай білуіне, логикалық ойлау қабілетін дамытуға қол жеткізгендігін айтады. Оқушының қабілетін ашып, жан-жақты дамытатындықтан бұл технологияны пайдалау әсіресе бастауыш класта тиімді екенін атап көрсеткен.

Әйтеке би ауданы Абай атындағы орта мектептің шет тілі пәнінің мұғалімі Ильятаева Гүлмира Қайырбекқызы дамыта оқытудағы негізгі мақсат: жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі басқара алатын механизм құрып, адамгершілік-танымдық қасиеттерін дамыту деп есептейді. Бұл оқыту

барысында мұғалім ұстанымы: дос, көп нәрсені білетін, терең білімді ақылшы болу екендігін айтады. Нәтижесінде дамыта оқыту арқылы сабаққа дайындық барысында оқушылар оқиды, жазады, топпен жұмыс жасайды, өз іс-әрекетін сараптап, жан-жүрегімен сезіне алатын, жоғары білімді ұрпақ тәрбиеленеді.

Әйтеке би ауданының Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Сұлтанова Әсем Атабайқызы дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек деп есептейді. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады деп сипаттайды. Нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, рефлексия қалыптасатыны байқалған.

Ақтөбе қаласының №15 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Сартаева Гүлзада Сапарғалиқызы дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланатындығын айтады. Бұл принципте жеңіл-желпі тапсырмалар орнына, баланың тапқырлығын зерделілігін дамытатын шығармашылық тапсырмалар орындау үлкен нәтиже беретінін байқаған. Дамыта оқыту технологиясын сабақта қолданған тиімді, оқушыларды өз бетінше ізденуге, шығармашылық қызығушылығын оятуға, жай тапсырмадан күрделі тапсырмаға ауысуға және іздену арқылы өмірмен байланыстыра отырып, өз көзқарастарын айта білуге үйретеді.

Ақтөбе қаласының №30 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Абдуллина Динара Ысқаққызы дамыта оқыту технологиясын күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе деп есептейді. Оның нәтижесінде оқушылар өзін-өзі өзгертуші дәрежесіне көтеріліп, соған жетуге жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторы оқушы тұлғасын дамыту болып табылады. Дамыта оқыту технологиясын өз сабақтарында пайдаланған кезде оқушылар сөйлеуге дағдыланды. Өз ойларын ашық білдіруге, қосымша материалдар ізденуге дағдыланды. Оқушылардың логикалық қабілетін дамытуға, бір-бірімен байланыс жасауға жақсы екенін айтады.

Қарғалы ауданы В.И. Пацаев атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Молдашева Салтанат Бауетдинқызы педагогикалық технологияның бір түрі дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру алға қойылады. Дамыта оқыту жүйесінің тағы бір ерекшелігі сынып оқушыларын жақсы-жаман деп бөлмей, олардың жетілуі дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Әр оқушының өз қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол өзін дамыта алады. Ол үшін баланың жауабы мұқият тыңдалып, дұрыс мақталып, қатесін ептеп түзету керек. Сын тұрғысынан дамыту сынақ емес, ой-өрісті шыңдау. Нәтижесінде оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға мүмкіндік береді, әртүрлі идеяларды, пікірлерді қабылдайды, белсенді іс-әрекетті қолданып, бір-бірінің жауабына жасалған оқушылардың сынын дәлелді, дәйекті болуын талап етеді. Сын

тұрғысынан ойлауды бағалап, сенімділікпен жұмыс жасайды, пікірлерді тыңдайды, құрметтейді, өз пікірін ашық білдіруін талап етеді.

Осы мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Бабаниязова Асемгүл Сансызбайқызы дамыта оқытудың мақсаттары: оқушы субъекті, яғни, ол өзін-өзі дамыта алады, жетілдіреді, тәрбиелей алады, мұғалім мен оқушының арасында «субъектаралық» қатынас болуы керек деп сипаттайды. Дамыта оқытудың басты ұстанымдары (принциптері): -сабақтың құрылымын проблемалық сабақ ретінде құру ұстанымы; -оқушылардың ойлау қызметін белсендіруде көрнекі-нақты, практикалық, көрнекі-бейнелі, дерексіз, абстрактылық, теориялық сияқты түрлі ой операциялары мен ой амалдарын қолдана отырып сапалы түрде теориялық ойлауын дамыту ұстанымы; -пәнді оқытуда индивидуалдық және саралай оқыту талаптарын ескеру ұстанымы; -оқушылардың тілдік құбылысты оқып-меңгеруіндегі ой қызметінің қадамдық, сатылық, алгоритмдік, эвристикалық, проблемалық, шығармашылық қызмет түрлерін қалыптастыру ұстанымы; -оқытудың тарихилылығы ұстанымы; оқытудың ғылымилылығы мен жүйелілігі ұстанымы. Осы ұстанымдар негізінде пәнді дамыта оқыту әдіс-тәсілдері, құралдар және оқытудың негізгі формалары, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың құрылымы, оқушыларының ізденімдік қабілетін дамытуға арналған басқа да жұмыс түрлері анықталған. Нәтижесінде оқушы өзін-өзі дамытады, жетілдіреді, тәрбиелейді; баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал етіледі; білім дайын күйінде ұсынылмайды, бала – тыңдаушы, мұғалім – информатор емес, керісінше бала – зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы, мұғалім – оқушы іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші болатынын айтады.

Ақтөбе қаласы №14 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Абдина Жанат Шайыбекқызы дамыта оқытуда мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істейді. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы. баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы, себебі әр оқушының өзінің, «жақын даму аймағы» бар, онда жалпы тәсілмен жұмыс істеуге болмайтынын айтады. Дамыта оқыту жетекші роль атқаратын, ол балаға жанама түрде әсер ететін, баланың ішкі жан сарайының ерекшелігі оқытудың оған өтуіне жол беретінін, оқыту тиімділігінің көрсеткіші, мақсаты баланы жалпы дамыту екенін іс жүзінде дәлелдеді деп атап көрсетеді.

Осы технология бойынша білім сапасын арттыру жолдарын қарастырған Ақтөбе қаласы №51 мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Мүсірепова Айгүл Қарабайқызы әліппеге дейінгі кезеңнен бастап түрлі дидактикалық дамытпалы ойындар, шығармашылық тапсырмалар қолданған. Атап айтқанда, «Әріптерді сөйлет» ойынында әріптерден сөз құрау тапсырылады. «Адасқан сөздер» дидактикалық ойынында оқушылар орны ауысқан сөздерден сөйлем құрайды. «Не артық?» ойны барысында ерекшеленіп тұрған әріпті атау тапсырылады. Сондай-ақ, сөздік диктант жазғанда жұмбақтар жасырып, шешулерін жазғызған. Сауаттылығын арттырумен бірге ой өрісін дамыту көзделіп отыр. «Жасырын дыбыс» деген ойын барысында жаңылтпаштан жиі қайталанған дыбысты табу тапсырылады. Білімді тиянақтау кезеңінде кесте бойынша

сұрақтың дұрыс жауабын табу сәйкес номерін жазу керек деп тапсырылады. Сөзжұмбақ шешу, сөзжұмбақ құрастыру, ребус шешу, құрастыру. Логогрифтер, шарада, метаграммалар, филворд, т.б. Математика сабағында логикалық есептер, шығармашылық тапсырмалар қолданады. Сонымен қатар оқушылар математикада басқатырғалар, ребустар, лабиринттер, сиқырлы шаршылар шешеді. Дүниетану сабағында семантикалық картамен жұмысты кеңінен пайдаланатынын айтады.

Ақтөбе қаласы №55 жалпы орта білім беретін мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Таниева Бибігүл Серікқызы әр пән мұғалімі өз іс – тәжірибесінде дамыта оқыту технологиясын басшылыққа алу; дамыта оқыту технологиясы негізінде құрастырылған сабақтарды өткізу арқылы іс – тәжірибе алмасуды жетілдіру; дамыта оқыту технологиясын үй тапсырмасын берген уақытта тиімді пайдалану; сабақ түсіндіру барысында мұғалім оқулықта берілген тақырыптан тыс материалдарды кеңінен қолдану туралы ұсынысын білдірген.

Ақтөбе қаласы №36 қазақ орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі Еркінова Гүлназ Қасымқызы дамыта оқыту технологиясын өз сабақтарында қолданып келеді. Бұл технология барлық педагогикалық технологиялардың жиынтығы болғандықтан пайдасы, нәтижелігі өте жоғары екенін айтады. Оны қолдану нәтижесінде бірнеше оқушылар түрлі танымдық сайыстар мен олимпиадалардан жүлделі оралғанын айтады. Осы технологияларды тиімді қолдану үшін ұстаздарға әдістемелік көмектер берілсе, жағдайлар жасалса деген ұсынысын білдірген.

Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебінің биология пәні мұғалімі Түрікпенбаева Алтынгүл Тегінбайқызының іс-тәжірибесінен. Тәлім-тәрбие беру процесінің негізгі мақсаты оқушы тұлғасын дамыту болып табылады. Бірақ, тұлғаны дамыту туралы ізденушілік әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Оқушы тұлғасын дамыту – ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Сондықтан мектептің алдына қойған мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін тұлғаның дамуын көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалық ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа өз ойы мен пікірін білдіре жауап беруге дағдыланады. Дәстүрлі оқытуды салыстырмалы түрде сипаттар болсақ, дәстүрлі сабақтарда мұғалімнің міндеттері мен атқарар істері ұшан-теңіз: мұғалім тыңдайды, сұрақ қояды, жазады, түсіндіреді, көрсетеді, тексереді, бағалайды. Оқушы мұғалімге кедергі келтірмей, тып-тыныш тындау керек. Ендігі жағдай басқаша. Мұғалім – ақылды, бірақ барлығын өзі айтып бере салмайды. Ол өз пәнін жетік біледі, Бірақ өз білімімен таңқалдыруға тырыспайды. Мұғалім мәселе қояды, ойлаудың жолдарын ашады, әрекеттің барысына бағдар береді, жетектейді. Осылайша оқушы қоғамда, ғылымда әлдеқайда шешілген, бірақ ол үшін жаңа идея болып табылатын

проблеманы шешуге кіріседі. Дамыта оқыту идеясы алғашқылардың бірі болып, 1959-1960 жылдары қолға алған академик Л.В. Занковтың басшылығымен жасалды. Бұл жүйе дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен, өзгешеліктерімен айқындалады: оқу мазмұнындағы өзгешеліктер; мақсаттағы айырмашылықтар; дидактикалық принциптердегі өзгешеліктер; әдіс-тәсілдердегі ерекшеліктер; оқытуды өзгеше ұйымдастыру; мұғалім еңбегінің нәтижелілігін анықтаудың жаңа көрсеткіштері; мұғалім мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынас. Л.В. Занковтың жүйесіне сәйкес, мектептің негізгі мақсаты – баланы жалпы оқытып дамыту. Ал жалпы даму деп оқушының байқампаздығын, ойлауын дамыту және оның практикалық іс-әрекеттерді меңгеруі, сондай-ақ, ақыл, ерік-жігері, сезімдерінің дамуы алынады. Занков жүйесіндегі ерекше тоқталуды қажет ететін кейбір принциптердің мәнін ашайық. Жоғары күрделілікте оқыту принципі. Бұл қағида баланың қиындатылған тапсырмаларды орындауға мүмкіндігінің бар екеніне көз жеткізеді. Шведтік нейробиолог Холгер Хиден өз зерттеулерінде баланың миындағы клеткалардың бір-бірімен байланыстыратын талшықтар (нейрондар) тек ойлау әрекеті болған жерде ғана молайып, жиелей түсетіндігін, сондықтан өте жас кезде баланың миын жұмыс істеуге ынталандырып отыру керектігіне назар аударады. Белсенді ой қызметінсіз клеткалар бай талшықтар құрай алмайтындығын, содан барып олардың қызметі төмендеп, бара-бара жойылатындығына көз жеткізуге болады. Ғылымда белгілі себептермен аңдар арасында қалып қойған балалардың қайта адам қалпына келе алмауының басты себебі де осында болуы мүмкін. Дамыта оқыту жүйесінің авторлары баланың ойлауын абстрактіден қарапайымға қайта жетелейді. Мысалы: биология сабағында заттар мен құбылыстардың тек сыртқы қасиеттерін ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі байланыстарын, заңдылықтарын меңгеру оқушылардың дүниетанымын тереңдетеді. Мысалы, мұғалім жыл мезгілдері немесе фотосинтез туралы тақырыпты меңгеруде, жаз бойы жасыл болып жайқалып тұрған ағаш жапырақтарының күз түсе сарғайып, ал қыста мүлдем түсіп қалатындығы неге байланысты екендігіне тоқталады. Сөйтіп, қоршаған ортада жүріп жатқан құбылыстардың заңдылықтарға тәуелді екендігіне оқушылардың көздерін жеткізіп, өздігінен қорытынды жасауға дағдыландырады.

Ақтөбе қаласы, №2 орта мектебінің география пәні мұғалімі Каренова Ботакөз Серікқызы дамыта оқыту технологиясының мүмкіндіктерін 2014 жылдан бастап қолданып келе жатқан ұстаздардың бірі. Дамыта оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушының пәнді оқып-үйренудегі теориялық ойлауы дамиды және оқушыға берілетін білім бұрынғыдай репродуктивтік жолмен емес, керісінше, арнайы ұйымдастырылған баланың жан-жақты теориялық іс-әрекеті арқылы көрінеді екенін айтады. Ботакөз Серікқызының сабақтарында оқушының география пәніне деген қызығушылығы артқан, оқу үлгерімі жақсарған. Оқушылары көптеген ғылыми жобаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Сондықтан да мұғалім дамыта оқыту технологиясын биология сабақтарында қолдану тиімді деп санайды.

Алға ауданы Бестамақ орта мектебінің география пәні мұғалімі Өтегенова Гүлзада Гумарқызы дамыта оқыту технологиясын 1998 жылдан бастап қолдануда. Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту процесінде оқушының теориялық және өнімділік ой құрастыру әрекеттерін, танымдық қабілеттерін белсендіру және оқушылардың танымдық қызығулары мен оқуға деген ынтасын дамытқан. Оқу материалын игеруде және оқу іс-әрекетінде жете ұғынуға талпындыру бойынша қызығушылықты ояту сатысында бұрынғы білетін білімі мен жаңа білімді байланыстыру «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Болжау» әдістері арқылы оқушыларына пәнін оқытқан. Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттері қалыптасады. 1) Өз бетінше ойлану біліктері мен ізденімпаздығы. 2) Оқуға деген қабілетінің артуы. 3) Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті. 4) Басқа оқушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарау және оқушының өз ойының дербестігі. Технологияны қолданудың нәтижелілігі: Оқу процесінде алған мәліметтерді пайдаланады: ойланады, алған білімін іштей дайындайды, ойша салыстыра отыруға бейімделеді. Оқушы сабақта алған мәліметтерді өздігінен қорытуға ұмтылады: өз ойларын дамытуға ұмтылады, өз ойларын дамытады, өз бетінше бағалайды. Алған білімін салыстыра отырып, бағалауға тырысады (талқылау арқылы бағалап үйренеді). Осы технологияны қолдана отырып, мұғалімдер сыныптағы жұмыстарын жоспарлап, өз сабақтары мен орта мерзімді жоспарларының сапасын жақсартуға ұмтылады.

Ақтөбе қаласы №51 гимназияның жоғары санатты, 20 жылдық еңбек өтілі бар, биология пәнінің мұғалімі Айбасова Даметкен Елеуқызының іс-тәжірибесінен. Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторына олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі жатады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз. Біріншіден, дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп, олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады. Екіншіден, дамыта оқытуда оқушы жоғары қиындықтағы мәселелерді шеше отырып, өзінің санасының жетілгенін байқап, білімге деген құлшыныстары одан сайын арта түседі. Әр оқушы өзінің деңгейіне дейін дамуына қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, күштарлығын арттырады. Үшіншіден, оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің іс-әрекеті. Сол себепті, дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайын арттыру, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын алға қояды. Төртіншіден, дамыта

оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стилі бұл жерде тиімсіз, оқушы – «орындаушы», мұғалімнің тасасындағы «объект» емес. Ол – өз пікірін ашық айта алатын, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген тұлға. Жаңа сападағы оқытуды түсінуге қиын етіп жүргізу, теориялық білімнің жетекшілік рөлі оқушыға кері әсер етеді. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу, оқушының ізденуі оқу процесін жандандырады. Мұғалімнің өзінің түсіндіруі – дамудың қауіпті жауы болып есептелінеді, мұнда оқу процесін оқушы сезінбейді, ол өзін оқу іс-әрекетінің субъектісімін деп сезінеді. Жаңа технологияны қолдану нәтижесінде оқушы материал қайткенде есімде жақсы қалады, жаңа не нәрсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді. Оқытудың жаңа технологиясы барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істейді. Оқушыларды қабілетіне қарай бөлуге жол берілмейді. Бала басқа балалармен ынтымақтастықта дамиды.

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп интернатының информатика пәнінің мұғалімі Ахрап Бақытгүл Берікқызы жас ұстаз, педагогикалық дамыта оқыту технологиясын меңгеріп, өз сабақтарында тиімді қолдануда. Дамыта оқыту технологиясы – күрделі құрылымды, біртұтас педагогикалық жүйе. Оның нәтижесінде әр оқушының өзін өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, оқыту барысында соған лайық жағдай жасалады. Дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында. Мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс тәсілінде, т.б. Бірақ, тұлға дамуы туралы ізденушілігі психологияның айтуы бойынша, әр адамның өз қолында, оны сырттан әсер ететін күшпен дамытуға болмайды. Осы пікірден туған білім беру мақсатының басқа да тұжырымы бар. Оқушы тұлғасын дамыту, ол оның толық өзіндік қалыптасуының, өзіндік жетілуінің амалы ретінде қарастырылады. Мұғалімнің ұсынысы: мектеп мақсаты баланың табиғи күштері мен мүмкіншіліктерінің өзіндік ашылуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Ол үшін тұлғаның дамуына көздейтін білім беру үрдісін, ұйымдастырудың түрлі әдістері мен амалдарын анықтап, жүзеге асыру қажет.

Ақтөбе облысы, №15 орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Рахметова Мариямкүл Кожбанқызы сындарлы оқыту технологиясын өзінің іс-тәжірибесінде қолданып келеді. Бұл технологияны оқытудың міндеттері: педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, қазақстандық мұғалімдерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу; әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсету; мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыруға; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір

сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз ету. Әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін білім берудегі инновациялық үдерістерге қолдау көрсетілді. Мұғалімдерді оқушылардың бойында өз бетімен білім алу, өзін-өзі реттеу дағдылары қалыптастырылды; түрлі адамдармен тиімді диалог жүргізе алатын, қазіргі заманда табысты өмір сүруге дайын, сандық технологияларда құзырлылық танытатын белсенді азамат, болашақ маман ретінде қалыптасуға көмектесетін оқу үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті біліммен және практикалық дайындықпен қамтамасыз етілді.

Алматы облысы Қапшағай ауданының Шеңгелді ауылындағы Қ. Жалайыр атындағы №6 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Сақтағанова Мариям Бахтиярқызы сабақта қолданып жүрген дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік берілетіндігін айтады. Дамыта оқыту – дәстүрлі оқытуға соңғы уақыттарға дейін балама жүйе деп қарастырылды. Оның нәтижесінде әр оқушы өзін - өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған оқыту барысында лайықты жағдайлар жасау үлкен нәтиже бергендігін атап көрсетті.

Қапшағай қаласындағы Қ. Жалайыр атындағы №6 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Жұмалиева Сауле Жарылқасымқызы осы технологияны қолдануда. Баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. «Дамыта оқыту дегеніміз – ақыл – ойдың дамуының көрсеткіші ретінде анықтай, қорытындылай алу дағдысы» деп білетін дамыта оқытуда баланың ізденушілік – зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстайды. Осы технологияны қолдануда оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы ролінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын дәлелдей білуге үйретіліп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға өз септігін тигізгенін айтады. Дамыта оқыту технологиясы нәтижесінде оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы беретінін анықтаған.

Атырау облысы Атырау қаласының №36 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Туспаева Маруся Шамшаровна бұл жүйе дәстүрлі оқытудан төмендегі ерекшеліктерімен, өзгешіліктерімен айқындалады. Оқу мазмұнындағы өзгешеліктер; - Әдіс-тәсілдердегі ерекшеліктер; - Оқытуды өзгеше ұйымдастыру; мұғалім мен оқушы арасындағы жаңаша қарым-қатынасы. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар проблемалы, ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Оқушы да ондай сұраққа

өз ойын, өз пікірін білдіре жауап беруге дағдыланатынын айтады. Дамыта оқыту жүйесінің авторлары бала ойлауын абстрактіден қарапайымға қайта жетелейді. Мысалы: «А» әріпін өткенде алманы көрсете тұрып, оның не екенін, дәмі, түрі, формасы қандай екенін сұрағаннан гөрі, ол туралы не білетінін, не айта алатынын сұрап білудің баланы дамыту үшін тиімділігі зор екенін айтады.

Құрманғазы облысы Еңбекші жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ергалиева Алтын Шайхимовна дамыта оқытуда баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды деп сипаттайды. Сонымен қатар дамыта оқытудың түпкі мақсаты - әр пәнді оқытудың тиімді әдістерін, түрлерін тандап пайдалануға үнемі нысана тірек болып отырады. Дамыта оқытудың түпкі мақсатының бірі оқушыларды әртүрлі ситуацияларды талдап, одан қорытынды шығару. Дамыта оқытудағы ең басты нәрсе оқушыларды шығармашылық әрекет жағдайына енгізу екенін айтады. Баланы ынталандыру, көкірегіне сенім ұялату, әрбір оқушының жеке және дара ерекшелігін ескеру, оқушымен ұнамды қарым-қатынас жасау. Оқытудың бағдарламалық, проблемалық, ақпараттық түрлеріне негіздеп, күнделікті сабақты тиімді бөлімдеріне қарай бағдарлап оқыту қажеттігі туралы айтады.

Осы мектептің 20 жылдық еңбек өтілі бар жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімі Өтеуғалиева Сауле Марданқызы бұл технологияны қолдануда оқушының ойлау белсенділігі артады, өз ойын жеткізе және қорытынды пікір айта алады, сөздік қоры артып, сөйлеу тілі дамиды, шығармашылық қабілеті шыңдалады, өзіндік ой-пікірі қалыптасатынын байқаған. Дамыта оқыту жеке тұлғаның ойлауын, танымын, есте сақтау қабілетін, эмоциясын, сезімін, жан дүниесін, тілін, ерік-қайраты, мінезін, дарынын дамытуға бағытталуы тиіс екенін айтады.

Қарағанды облысы. Дамыта оқыта отырып оқушылардың құзыреттілігін дамытуды алдына мақсат етіп алған Қарағанды қаласының №101 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі Нұрғалиева Ақмарал Қайроллақызы. Ол бастауыш білім беру деңгейінде қолданылатын оқыту технологиялары негізгі талаптарға сәйкес болуы керек: оқу үрдісінде білім алушылардың өздерін еркін сезінуіне жағдай туғызу; оқушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, күтілетін нәтижелерге жетуге талаптандыру; жеке бас дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану; өз бетімен жұмыс істеп, шешім қабылдауға мүмкіндіктер туғызуды атап көрсетеді. Аталған талаптардың бәріне жауап бере алатын технология ретінде дамыта оқыту технологиясын тандағанын айтады. Жалпы «дамыту», «даму» терминдеріне баланың белгілі мөлшерден шығып, саналы іс-әрекет сатыға ауысуы деп анықтама беріледі. Дамыта оқыту технологиясын көрнекті ғалымдар Л.С. Выготский, М.Я. Лернер, Л.В. Занков, В.В. Давыдов, Д.Б. Эльконин толық зерттеп, дәлелдеген. В.В. Давыдов «Дамыта оқыту дегеніміз – ақыл – ойдың дамуының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы» – дейді. Дамыта оқытуда баланың

ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға деген ынтасы артып, білім алуда әрекет жасайды. Дамыта оқыту жүйесіндегі сабақтардың типологиясы: Оқу міндетін қою сабағы, модельдеу сабағы, түсінікті нақтылау сабағы, нақтылау сабағы, бағалау сабағы болып табылады. Аталған сабақ түрлері оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға өз септігін тигізеді. Бастауыш сыныптардан бастап дамыта оқыту технологиясын оқушының түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттай жұмыс істеу талап етіліп отырғанын айтады. Оқушы құзыреттіліктеріне мүмкіндік беру саласы: Проблеманы шешу ақпараттық Коммуникативтік түрлі жағдайларда проблеманы анықтауға, шешім қабылдауға Өз әрекетіне мақсат қоюға өзін-өзі бағалауға өз әрекетін басқамен салыстыруға қойылған міндетке сәйкес әдістерін таңдауға сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде шешім қабылдауға ақпараттардаы өзбетімен табуға, талдауға, іріктеуге, түрлендіруге, тасымалдауға коммуникациялық технологияларды қолдануға ақпаратты өндеп, қолдануға қазақ және басқа тілдердегі жазбаша коммуникация түрлерін қолдануға тілдік қатынастық стилдерімен жанрларын қолдануға әдептілік нормаларына сәйкес пікір білдіруге басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарастағы адамдармен сұхбат жүргізіп, шиеленіскен ахуалды шешуге мүмкіндік беретініне көз жеткізген. Соның нәтижесінде оқу мәтінін қою сабағында: I. Табыс ситуациясын тудыру кезеңінде оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізеді, яғни білетіндері сараланады. Осы кезеңде оқушылардың ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту көрініс береді. II. Интеллектуалдық шиеленіс кезеңінде оқушылардың ізденіс зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруда салыстырады, топтардың жауаптары тыңдалып, шешімдері тыңдалады. Осылайша сабақ мақсатын оқушылар өздері айтады. Бұл кезеңде оқушылар алдарына қойылған проблемаларды анықтап, топтың шешімі арқылы мақсат қояды. Яғни, проблеманы шешу құзыреттіліктері қалыптасады. III. Оқу міндетін қою кезеңінде жеткіліксіз білімдерін өздері меңгереді. Оқулықтан тиісті ақпаратты тауып, қажеттісін сызба арқылы береді.

Осы технологияны сабағында қолданып жүрген Қарағанды қаласындағы №8 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Шурабаева Нұргүл Нұржанқызы дамыта оқыту технологиясын дәстүрлі оқыту технологиясымен салыстыра оқытуды қалданатынын айтады. Сонымен қатар дәстүрлі оқытудан бірте-бірте дамыта оқытуға көшуді, дамыта оқытуды одан әрі арттыруды ұсынады. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дәлелдеудің негізгі факторы олардың білімі мен дәрежесі ғана емес, сонымен бірге баланың маңызды психикалық қызметтерін ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі болып саналады.

Қарағанды қаласының №92 гимназияның шет тілі пәні мұғалімі Туғамбек Әмина Төлеутайқызы бұл технологиямен оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін

дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттері дамиды деп айтады. Дамыта оқыту нәтижесінде оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады.

Абай ауданы П. Корниенко атындағы орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Зейтова Анар Амантайқызы бұл оқыту түрі оқушылардың ой-өрісін жетілдіріп, оларды жеке адам ретінде қалыптастырумен оқушының сана-сезімін тәрбиелеп, оның білімге деген құштарлығын, өздігінен оқып үйрену белсенділігін, еңбексүйгіштігін, орныдалатын жұмысқа деген жауапкершілігін арттыру мен қиындықтарды жеңе білуге баулумен ұйымдастырыла жүргізілетінін айтады. Өз тәжірибесінде «Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» атты тақырып бойынша жұмыс істейтінін, бұрын да қолданып жүрген жұмыс түрлеріне қоса курста алған сын тұрғысынан ойлау технологиясының элементтерін сабақта пайдалану нәтижесінде Шағын Ғылыми Академия ұйымдастырған байқауларда ғылыми жобаларды қорғау барысында облыс көлемінде жүлделі орынға және сертификаттарға ие болғанын айтады.

Қостанай облысы Арқалық қаласының М. Әуезов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қожынбаева Алмагүл Темірханқызы дамыта оқыту технологиясы бастауыш сыныптар үшін аса қалайлы технологияның бірі екенін айтады. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бығылаушы емес, танымдақ іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйтқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісін көзін ашысы шығармашылығын дамытады. Бала өз ойын еркін айтуға дамытады, мүмкіндік беретінін айтады. Сонымен қатар оқыта отырып дамыту мәселесіне арналған зерттеулер дәстүрлі оқытуға өзгерістер енгізуге ықпалын тигізді. Оқыту барысында баланың ақыл-ойын, танымдық үрдістерін дамытып қоймай, баланың әр түрлі әрекеттің субъектісі болып қалыптасуын қамтамасыз етуді алдыңғы қатарға шығарды. Еркін ойлап, өзін еркін сезіну оның жеке қасиеттерін әрі қарай дамытуға қалайлы жағдайлар туғызады.

Осы технологияны өз сабағында қолданып жүрген Қостанай қаласының №5 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Шалтенова Күлтай Гаппазовна бұл технологияда оқушылар шапшаң әрі түсініп оқулары керек Бұл технология арқылы оқушыларды тез оқумен бірге тез жазуға да үйретеді. Шығарма жазғанда оқушыларға көп көмегін тигізеді. Оқушылар оқу жылы аяқталғанда дұрыс, түсініп оқып, сауатты жазып шығатынына көз жеткізген. Нәтижесінде осы технологияны қолдана отырып, 2013-2014 оқу жылында облыстық «Қостанай дарыны» өткізген «Ең үздік авторлық» жұмысында 2 орын алғанын айтады. Коммуникативті дағдыларды дамыту мақсатында, қосымша сабақ беру шеңберінде актерлік шеберлік арқылы оқушылардың эмоциясы мен тілін дамыту туралы ұсынысын білдіреді.

Осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қазиева Ұлжан Исаевна дамыта оқу технологиясы мәтінмен жұмыс істей білу; - қажетті жылдамдықпен үнсіз

оқи алу және оқыған мәтіннің мазмұнын жоғары деңгейде түсіне білу; - оқығаны туралы өз тәжірибесін жазбаша түрде көрсете білу; - белгілі бір тақырып бойынша өз ойын шығармашылықты жеткізе білу екенін айтады. Технологияның нәтижелілігі: оқушы өз бетінше оқылған уақытты қадағалайды; оқушылардың өз бетінше уақыт бойынша іштей жылдам оқуының деңгейі артады; мәтін мазмұнының тереңдігін сұраққа жауап беру арқылы анықтайды; мәтін бойынша оқушы бір-біріне жауап беруге үйренеді; белгілі тақырыптың мазмұнына сай мини шығарма жаза білетінін байқаған. Дамыта оқыту технологиясын бастауыш сынып оқушыларына қолдану жылдам оқуы мен мәтін мазмұнын толық түсінуіне мүмкіндік береді.

Осы технологияны сабағында қолданып жүрген Қостанай облысы, Жетіқара қаласының №2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Тұрмұрзинова Алмагуль Бердешовна дамыта оқыту рефлексияға қабілеттілік сияқты бағалы сапаны қалыптастыратынын айтады. Рефлексия – өзінің психикалық жағдайы туралы ойлануы, өзінің толғаныстарын тандай білуге бейімділік. Бала өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын реттеп отырады. Л.В. Занков оқушыларының ерекшелігі ақыл-ой жұмысына құштарлықтары. Бала өз бетімен білім алуға ұмтылады. Білімді өз бетімен алу көңілге жақсы сезім ұялатады. Өзін жақсы көру достық, өмірді сүю сияқты қасиеттердің негізі екендігін айтады. Нәтижесінде дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы бала мен оқытушының арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді деген идеяның дұрыстығына көз жеткізген. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, бала – «орындаушы», «оқытушының тасасындағы» объект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тындап, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападағы субъект. Нәтижесінде оқушылар өз бетінше қосымша ізденіп, шығармашылық қабілеттері арттырды, ғылыми жоба сайыстарына қатысты. Осы технология бойынша: дамыта оқытуда мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істеу керек. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы, баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы, себебі әр оқушының өзінің «жақын даму аймағы» бар, онда жалпы тәсілмен жұмыс істеуге болмайды екенін айтқан. Л.В. Занков жүйесі. Оның тұжырымдамаларының дидактикалық принциптері: оқытуды түсінуге қиын етіп жүргізу; теориялық білімнің жетекші рөлі. Теорияны құрғақ жаттамай, ондағы мәнді байланыстарды, заңдылықтарды ашу; оқушының ізденуі; мұғалімнің өзінің түсіндіруі; дамудың қауіпті жауы; оқу процесін оқушылардың сезуі. Оқушы өзін оқу іс-әрекетінің субъектісімін деп сезінеді. Материал қайткенде есінде жақсы қалады, жаңа не нәрсе білдім, менің дүние туралы түсінігім қалай өзгерді, мен өзім қалай өзгердім деген сұрақтарға жауап береді; барлық оқушыларды дамыту үшін жүйелі түрде жұмыс істеу керек екенін айтқан. Қабілетке қарай бөлуге жол берілмейді. Бала басқа балалармен ынтымақта дамиды.

Осы технологияны өз сабағында тиімді қолданып жүрген Жетіқара қаласы №2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Артикова Коммуна Заядиновна

дамыта оқыту технологиясы оқушылардың ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін арттырады. Ізденушілік, зерттеушілік, қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік береді деп атап көрсеткен. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларын оқытуда дамыта оқыту технологиясының маңызы зор. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған оқушы өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Оның негізгі көрсеткіштері: оқушылары облыс көлемінде өткен «Қазақстанның индустриалды-инновациялық табысты дамуының кепілі- болашақ ұрпақтың зияткерлік әулеті» атты оқушылардың ІІ-ІІІ- аймақтық аймақтық ғылыми практикалық конференциясына, Қайырымдылық акция мақсатында облыс көлемінде өткен «Ауру балаға көмектес!» суретшілер сайысына, «Ақбота» Республикалық интеллектуалдық ойынна, 2015 жылы «Қазақстанның индустриалды- инновациялық табысты дамуының кепілі- болашақ ұрпақтың зияткерлік әулеті» Тобыл Еслямғалиұлы Даулетбаев атындағы ІV Аймақтық ғылыми- практикалық оқушылар конференциясына, «ZIAT» Ғылыми-әдістемелік орталығымен ұйымдастырылған Республикалық «Зерде» атты оқушылардың ғылыми жұмыстар сайысында жүлделі орындарға ие болғанын айтады. Дамыта оқыту технологиясын қолдану барысында 2013 жылы – «Киіз үй мәдениеті» атты таңдау курсы бойынша авторлық оқу-әдістемелік кешенін құрастырғанын айтады. Нәтижесінде дамыта оқыту технологиясы оқушылардың ізденгіштік-зерттеушілік іс-әрекетін арттырады. Оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы зор деп біледі.

Жетіқара қаласындағы №2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Бисембаева Асия Масалимовна Дамыта оқыту технологиясы баланың табиғи қасиеттері мен күштерінің ашылуына бағытталады. Бір оқушының тіл байлығы, ойын қызықты да жүйелі бере білуі, екіншісінің математикаға қызығушылығы байқалса, келесі біреуі өнерге құштар, айналадағы дүниенің, табиғаттың жұмбақ күштерін білуге ұмтылатындары да бар. Барлық оқушының жан-жақты дамуына жағдай жасалғанда білімді, өнерлі жеке тұлға дамуын табады деп пайымдайды. 4 сыныпты аяқтап отырған оқушыларының дамуын бағыттай отырып, төмендегідей нәтижелерді байқағанын: «Ақбота» республикалық интеллектуалдық ойынына, қазақ тілі, математика пәндерінен аудандық олимпиадаға қатысып жүлделі орындарға ие болғанын айтады.

Осы технологияны қолданып жүрген Қостанай қаласы №8 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Аманбаева Гүлназ Қайыржанқызы сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады. 1. Оқу мақсаттарының қойылуы. 2. Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру. 3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б. Элконин – В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі құрылымдары. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ

үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді деп сипаттайды. Нәтижесінде дамыта оқыту технологиясының қолданылуы: 1. түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; 2. оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады; 3. олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады; 4. оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар; 5. оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді; 6. оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады; 7. жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады. Сонымен қатар дамыта оқыту арқылы сабаққа дайындық барысында оқушылар оқиды, жазады, топпен жұмыс жасайды, өз іс-әрекеттерін жинақтап, жан-жүрегімен сезіне алатын, жоғары білімді ұрпақ тәрбиеленеді. Дамыта оқыту жеке тұлғаның ойлауын, танымын, есте сақтау қабілетін, мінезін, шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Сондықтан дамыта оқыту ең алдымен, оқушылардың санасын, ойлау қабілетін дамытуды көздейді.

Арқалық қаласының М. Әуезов атындағы №5 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Айманова Кульшан Искендириевна дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдап, көзқарасын құрметтей білуге үйренеді.

Арқалық қаласы М. Әуезов атындағы №5 орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Сейдалина Ұлтуған Байжігітқызы дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығы: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында дамытушылардың негізгі факторында. Мұғалімнің рөлі мен атқаратын қызметінде, әдіс тәсілінде деп сипаттайтын дамыта оқыту технологиясының нәтижелерін: 1. түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; 2. оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады; 3. олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады; 4. оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар; 5. оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді; 6. оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады; 7. жеке тұлғалық сипатын

дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады деп атап көрсетеді.

Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Ж.Нұрсеитов атындағы №233 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Абдрахманова Зауре Абдысадыққызы осы технология бойынша мұғалім дамыта оқыту технологиясын барлық пәндерді оқыту барысында қолдана алады. Оқушының өзі қалаған бағытында дамуына жағдай жасауға болатынын айтады. Сабақта қолданып жүрген дамыта оқыту технологиясы бала бойына өркендік, мақсаткерлік, ар-намыс, сенім, мақтаныш, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік қасиеттер дамытуға, баланы оқыта отырып, жалпы дамытуға бағытталғанын айтады. Сонымен қатар Дамыта оқыту жеке тұлғаның барлық сапаларын сәйкестікке дамытуға бағытталған. Дамыта оқыту дәстүрлі оқытуға балама жүйе. Дидактикалық құралдардың дамуға әсері зор екенін байқаған. Осы технология бойынша оқыту дамудың алдында жүруі керек деген ұсынысын білдірген.

Қармақшы ауданының №85 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Жиенмұратова Асылгүл Алданқызы дамыта оқыту технологиясын қолданған кезде оқушылардың өзіндік жұмысын жүргізуіне оң ықпалын тигізеді. Оқушылардың ой өрісін шыңдауға, өз ойын ашық жеткізуге мүмкіндік беретінін айтады.

Қармақшы ауданы Қуандария ауылының №186 орта мектебінің мұғалімі Егізбаева Жазира Уәлиханқызы өзінің іс-тәжірибесімен былайша бөліседі: Дамыта оқытуды баланың ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұстайды. Ол үшін бала өзінің осы кезге дейінгі білетін тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, содан барып оның білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей құрамдас бөліктерден тұратын болады: оқу мақсаттарының нақты қойылуы; Оны шешудің жолын бірге қарастыру; шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл үшеуі-дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде ғана болады. Шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын білуге үйреніп, әр оқушыға өз ойын, өз пікірін айтуға мүмкіндік беріледі. Дамыта оқыту технологиясын қолдану барысында баланың бойындағы дарындылықты дамытуды қалыптастыру дағдыға айналды. Сөздік қоры дамыды. Оқушының сезіміне әсер етіп, логикалық ойлау қабілеті артты. Жалпы оқушының жандүниесін дамыды. Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қолдану.

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Ж. Қалдығараев атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Бөкенбаева Тәнзира Ахметқызы білім беру жүйесін қайта құру бастауыш мектептен басталатыны белгілі. Соған орай білім

берудің жаңа технологияларын (сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, ойын арқылы оқыту, дамыта оқыту) мақсатқа сай қолданғанын айтады. Оқытудың жаңа технологиясының негізгі мақсаты – жеке адамның жоғары дәрежеде жан-жақты дамуы үшін негізін жасау. Барлық оқушылардың дамуы үшін Л.В. Занков жасаған жүйенің ерекшелігі - балаларды жақсы, нашар оқушыға бөлмеу. Осыған байланысты мысалы сабақта оқушыларға бір сюжетті суретті көрсетіп әңгіме жүргізеді. Суретте не көріп тұрмыз? Сұраққа бірден жауап ала алмауымыз мүмкін, себебі көп нәрсенің суреті тұр. Қайсысын бірінші айту керек? Міне, осы жерде көмекке келетінін. Алақандарыңды бір-біріне жақындатсаңдар ортасында кішкентай саңылау қалады. Бұл саңылау сендердің бейнекамераларың. Осы бейнекамераларың арқылы суреттегі бір зат қана көрінетіндей етіңдер де, енді қарандар. Оқушылар не көргендерін жарыса айта бастайды. бұл атауларды тақтаға жазып, оларды дөңгелете сызатынын. Содан соң балалармен бір логикалық схема жүргізетінін айтады. Біз қай дөңгелекті бір- бірімен байланыстыра аламыз? - деп сұрақ қояды. Бала екеуін таңдайды. неліктен ол екеуін таңдадың? Мысалы: Балалар әлі ешкім байқамаған сөздерді байланыстыруға немесе ешкім байқамаған суретті байқауға тырысады. Бұл ойынды әрі қарай жалғастырып кете отырып, ойынға қатыса алмай қалған баланы тартуға болады. - Ал, енді бір сәтке көздеріңді жұмып, елестетіңдер. Сендер де осы сюжеттің ішіне кіріп кеттіңдер делік: - Айналада не боп жатыр? Нені сезіп тұрсың? - Мен таза ауа сезіп тұрмын. Балықтың жүзгенін көрдім. - Жапырақтар сыбырлайды. - Шомылғым келіп кетті ғой! Балалар қиялданады, сондықтан олардың жауаптары қызық, әр түрлі, тіпті күтпеген жауап та болуы мүмкін. Себебі, дөңгелектерді сызықтармен байланыстырғанымыз бекер болған жоқ. «Өрмекші өрмегінде» әрбір дөңгелек пен әрбір сызық балалардың шығармашылық қиялына түрткі болады. Сабақ материалдарын жеделдете түсу. Оқушылардың білім деңгейі мүмкіндік беріп тұрса, бір мақсатты көздейтін жаттығу, әңгімелерді соза бермей, оларды топтастырып, қалған уақытта оқушының ой-өрісінің дамуына әсер ететін түрлі тапсырмаларды ойластыратынын. Әдебиет сабақтарында шығарма мәтіндерді оқып, түсініп қана қоймай оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға бағыт беріп отыраатынын айтады. Мысалы: «Екі дос» әңгімесінде «Батырдың досын құтқару үшін жау ортасына келгені дұрыс па?» деген проблемалық сұрақ төңірегінде балалар өз пікірін, ойларын білдіруге, дәлелдеуге тырысады. Дүниетану сабағында Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары тарауын өткенде шөл өсімдіктері мен сулы жердің өсімдіктерін салыстыра отырып, неліктен сулы жердің өсімдіктері биік және жапырақтары жалпақ, ал шөлді жердің өсімдіктері аласа, тікенекті келетін себебін өздері анықтауға, өткен сабақтарды естеріне түсіріп, өсімдік жапырағы буландырғыш қызметін атқаратындығын, ал шөлді жердің өсімдіктері судың тапшылығына бейімделіп, жапырақтары суды үнемдейді, - деген қорытындыны өздері жасайды. Бастауыш сыныпта қолданылатын технологиялар: Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың: өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу; ұқсас құбылыстар арқылы

арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады. Ойын арқылы оқыту технологиясы. Ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімдік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Дамыта оқыту технологиясы. Дамыта оқытуда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің осы кезеңге дейінгі тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезініп, одан әрі білімін толықтыруға әрекеттенеді. Нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың: өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу; ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу, проблеманы шеше білу, пікірталасты жүргізе білу қабілеті қалыптасады.

Атырау қаласының Абай атындағы жалпы қазақ орта мектебінің қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Төлегенова Алтын Хадимқызы дамыта оқытудың дәстүрлі оқытудан ерекшелігі: көздеген мақсатында, мәнінде, мазмұнында, дамытудың негізгі түрлері, әдіс-тәсілдерінде, оқушының білім алу белсенділігінің түрінде, танып-білу үрдісін ұйымдастыру түрлерінде, т.б. Сабақта дамыта оқыту технологиясын пайдаланудың тиімді жағы оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, яғни ақыл-ойы мен өзіндік тұжырымы арқылы жаңа тақырыпты саналы түрде меңгеру дағдыларын қалыптастыратынын айтады. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулып, олардың белсенділігі мен дербестігін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын айтады.

Павлодар облысы Павлодар қаласы Қ.Бекқожин атындағы №12 орта мектептің жоғары санатты бастауыш сынып мұғалімдері Шаханова Майда Кайниденовна мен Кенжебаева Светлана Кузаировна осы технология бойынша оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ процесін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам ролінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Сабақтың алғашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабаққа деген қызығушылықтары оянады, ішкі түрткілері пайда болады. Әр оқушының өзінің деңгейіне дейін дамуға қол жеткізе алады. «Жақсы оқушы», «Жаман оқушы» ұғымының болмауы, балаларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, күштарлығын арттырады; оқушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудағы оқыту әдістері оқушыны белсенді жұмыс жағдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды, дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-

қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді деп атап көрсетті.

Осы технологияны сабағында жүйелі қолданып жүрген Май ауданы Жылтыр жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Заирова Гүлжан Сайлаубаевна дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл - ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Дамыта оқыту технологиясы оқушы құзыреттілігін дамытуда аса маңызы бар технология деп сипаттайды. Дамыта оқыту технологиясының нәтижелері:

1. Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

2. Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;

3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;

4. Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;

5. Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;

6. Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады;

7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Осы технология бойынша ұсыныстары: Дамыта оқыту оқушылардың ізденгіштік - зерттеушілік іс-әрекетіне тән. Оған тән сипаттар: - оқушының алдына ізденуді жүзеге асыру қажеттілігін тудыру керек; - іс-әрекеттің бастапқы кезеңі – оқушылардың алдына олардың әрекет жағдайын жаңаша талдап, оны жаңаша түсінуді талап ететін оқу міндеттерін қою; - осы міндеттерді шешуді, яғни іздену іс-әрекетін ұйымдастыру, мұнда үлгі көрсетуге болмайды, сондықтан мұғалім оқушыларды іздену іс-әрекетіне таратуы қажет ол үшін екі шартты орындау керек. 1) Мұғалім өзара ізденуге басқарушы болмай, шын мәнінде қатынасушы болу керек. 2) Ол оқушылар жүргізіліп жатқан ізденуді шын мәнінде жүзеге асыру керек, оларға дұрыс шешім көрсету керек. Дамыта оқытудағы басты іс-әрекет диалог, пікірлесу, пікір таласы.

Павлодар қаласы №25 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Айтказина Самал Оспанқызы дамыта оқыту, біріншіден, білім алушының жеке қабілетін анықтауға, екіншіден, білім алушылардың бір-бірінен қалмауына мүмкіндік берсе, үшіншіден, әр білім алушы өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады, төртіншіден, әр білім алушы өз деңгейімен бағаланатынын айтады.

Павлодар қаласы К. Бекхожина атындағы №12 орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Рахметова Динара Сағымбайқызы дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Оқушылардың өнерге деген құштарлығы артып, сахна мәдениетін игеруге

бейімделеді. Еркіндікке. өздерін әдемі ұстай білуге үйренеді. Шығармашылық қабілеттері дамып, ән айтуға деген сүйіспеншілігі арта түседі деп атап көрсеткен.

Ойын арқылы оқыту технологиясы

Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз – педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Оқытудағы негізгі мақсат – сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету. Сөйлей білуге машықтандыратын ұтымды әдістердің бірі - ойын. Оқушының шаршауын сейілттіп, қызығушылығын арттыратын ойындар сабақта үлкен рөл атқарады. Ойындар сабақтың тиімділігін, шәкірт санасын арттырумен бірге оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар ойын оқушының сөйлеу қабілетінің даму әрекетін тездетеді, танымын күшейтеді. Ойынды өткізудің психо-дидактикалық талаптарын мұғалім естен шығармауы керек. Осы тұрғыдан ойын оқушының жас ерекшелігі мен қабілетінің даму әрекетіне әсер ететіндей, оның мүмкіншіліктеріне сай болуы керек. Ойнау арқылы оқушының сөйлеуге деген ішкі жан дүниесі, ынтасы, іздену дағдысы қалыптасады.

Сабақ үстінде оқушылар ойынды тапсырма ретінде қабылдайды. Ойын арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар пәнге деген қызығушылығы артады. Бастауыш сынып әдістемесінде бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, арман-мұратын бейнелесе, шынайы өмірде сол арман қиялын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп сабақ үстіндегі бейнелі ойын, қатысымдық әрекеті іс жүзінде шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес [13].

Ойынның мақсаты – ойын технологиясы арқылы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Сабақ үстінде ойын технологиясын қолданудың негізгі шарттары:

- ойын оқушылардың алдына тапсырма ретінде қойылады.
- оқушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады.
- оқу материалы ойын құрамы ретінде қолданылады.
- оқу әрекетіне ойын жұмыс элементті ретінде кіреді.
- ойын нәтижесі бірден шығарылып отырылады [14].

Қарағанды қаласының №8 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Манарбекова Іңкәр Манарбекқызы өз сабақтарында ойын арқылы оқыту технологиясын қолданады. Ойын технологиясы арқылы ойын балаларын дамыту өте тиімді тәсіл екендігін, сондықтан бір ғана ойын түрлерін емес, көптеген ойын түрлерін қолдану керектігі туралы ұсыныс білдірген.

Павлодар облысы, Лебяжье ауданындағы Шарбақты орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Уалиханова Гүлден Саятқызы ойын арқылы оқушылар: нақты қызмет тәжірибесін меңгереді; олар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді; оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді; оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады; уақытты үнемдеуге үйретеді; оқушылар үшін психологиялық жағымды; ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді; оқушылар үшін қауіпсіз; кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады; ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек; кейбір ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі; ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренетінін айтады. Сонымен қатар ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Осы технологияны сабағында қолданып жүрген Қостанай облысы, Жетіқара қаласының №2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Тұрмұрзинова Алмагүл Бердешовна ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игеру мүмкіндіктері мол болады. Сабақта мұғалімнің диктаторлық ролі жойылып, оқушылар серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артатынын айтады. Нәтижесінде ойнау барысында сөзге араласушы жандардың басты назары әңгіменің мазмұнына ауады; аталған технологияларды іс-тәжірибеде қолдану арқылы тілді әлеуметтік тұрғыдан қолдануда барынша сезімтал болуға үйретеді, оқушыларды қызығушылығын қалыптастыруға оң әсерін тигізеді, әдеттегі жағдайға қалыптасуға қиын қабілеттерді бойға сіңіруге кең жол ашады, ойындық рольдерді жүргізу кезінде оқушылардың бойында тілді үйретуге байланысты шығармашылық қабілеті дамыды; ойында оқушылардың барлығы жұмысқа белсене кіріседі: ойындар тілді үйретушілердің бір-бірімен және оқушылармен қарым-қатынасқа түсу ынтасын арттырады. Әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың біріі – дидактикалық ойындар екенін оны кеңінен қолдануды айтады.

Осы технологияны өз сабағында қолданып жүрген Қостанай облысы, Жетіқара облысы №2 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Мұнарбаева Амангүл ойын – балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту» деп өзінің проблемалық тақырыбыма сүйенетінін. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Нәтижесінде тиімді қолданылған ойын мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені төменгі сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез серігіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойын технологиясын қолдану туралы: Қазақ тілі пәнінің фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларын оқытқанда тақырыпқа орай әртүрлі әдіс-тәсілдермен, шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады. Фонетика саласы бойынша «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

1. Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

2. Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.

3. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздер ойлап жаз. Мысалы: нан, қазақ, қырық.

«Дыбыс таңдау ойыны». Ойынның шарты бойынша таңдаған дыбыстан ғана басталатын сөйлем жазу. Мысалы: Қойдан қалып қойған қозыны Қанат қораға қамап қойды.

«Адасқан әріптер» ойыны, дыбыстарды тиісінше тіркестіріп сөз жаса.

1. р, о, б. (бор).

2. а, ш, а, ғ. (шаға, ағаш).

Лексика бойынша «жалғасын тап» ойыны. Тақтаға белгілі мақалдардан екіден сөз жазылады. Оларды қалған оқушылар тауып, қосып айтулары тиіс.

1. Ұяда... .., Ұшқанда

2. Көп ... Терең

«Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан-жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал-мәтелдерді кім біледі?

«Жылдам жауап» ойыны. Оқушыларға әзіл аралас сұрақтар беріледі. Сұраққа толық тұрақты сөз тіркестерімен және мақал-мәтелдермен дұрыс әрі жылдам жауап берілуі керек. Бастауыш сынып оқушыларын ойната отырып, ойландырып, балаға тәрбиелік мәні зор ойындар арқылы дамытуға болады. Бұл кезде жақсы оқушы дамып, нашар оқушы қалып қоймайды. Жақсы оқушы мүмкіндігіне дейін дамып, нашар оқитын оқушы өз мүмкіндігінше іс-шараларға араласып, өз үлесін қосып отырады. Ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Сөйтіп оқушы ой-

өрісін ойын арқылы дамытады.

Қостанай қаласы №18 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Ахметова Айсұлу Талғатқызы кіші мектеп жасындағы балаларды оқытудағы әдіс-тәсілін, сабақты ұйымдастыру кезіндегі қолданылатын тәсіл-ойын технологиясы. Ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттырып, таным, есте сақтау қабілетін, логикасын дамытады. Ойын технологиясының ерекшелігі – әрекеттік сипаты. Ойынды балалар өздері шығарып, ережелерін белгілейді деп сипаттайды. Нәтижесінде ойын технологиясы арқылы оқушылардың сабаққа деген белсенділігі, қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеті дамиды. Балалар сабақты асыға күтеді. Сондықтан да сыныпта және сыныптан тыс уақытта ойын технологиясын пайдаланудың маңызы зор деп біледі. Кез келген ойын технологиясын пайдаланған кезінде, мұғалім немесе тәрбиеші жетекшілігімен, технологияға эмоциялық мән беру арқылы орындалады. сонда балалардың қызушылығы артып, сабаққа көңіл-күйлерін аударады, оқуға деген талпынысы артады.

Қостанай облысы, Жетіқара қаласының №2 орта мектебінің шет тілі пәнінің мұғалімі Қабылова Сәния Әмірханқызы Ойын арқылы оқыту технологиясы дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жетуге. Ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімдік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың есте сақтау, тез қимылдап шапшаң жұмыс істеуге, бір-бірімен бәсекелесу, ребус, сөзжұмбақтарды құрастыруды және берілген тапсырмаларды меңгеруге жол береді. Сондықтан сабағында әр түрлі ойындарды қолданатынын, әсіресе лексикалық, грамматикалық және рольдік ойындар. Осы ойындар тақырыптарды тез меңгеруге көмектесетінін байқаған. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Ақтөбе қаласының №2 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Жылқышиева Динара Сырғабекқызы оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататын белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктерді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты берік меңгерту, саналарында сақталып қалуға жұмыс жасау. Сондықтан ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді деп сипаттайды. Нәтижесінде сабақта ойын элементтерін пайдалану сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі. Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың

тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Ойын арқылы оқушылар: нақты қызмет тәжірибесін меңгереді; бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселерді өз бетінше шеше білуге үйренеді; оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік алады; әрекетке негізделген оқу көлемін басқарады; уақытты үнемдеуге үйренеді т.б. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

Павлодар облысы Екібастұз қаласының №17 орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Әбішева Гауһар Құдабайқызы сабақта ойындарды қолдану оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі деп ойлайды. Ойын баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі. Ойындағы оқиға-жайлар сабаққа әр қилылық нәр береді, сабақты қызық етеді, оған эмоциялық бояу береді деп сипаттайды. Сабақты ойын баласы тез шаршап жалықпайтындай, оның денсаулығына, жүйке жүйесіне нұқсан келмейтіндей етіп ұйымдастыру да мұғалімнің білім деңгейіне, тәсіліне, шеберлігіне байланысты. Ойын әдісін сабақтың кез келген кезеңінде тиімді пайдалануға болады. Қазақ тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті - ойын болса, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланылатын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, ойынның негізгі формуласы тыңдаушыны тіл үйренуге қызықтыру және осы тіл үйрену сабақтарын ойын ретінде өткізу арқылы меңгерту. Сонымен қатар, ойын жаңа сабақ материалын еш қиындықсыз, оның күрделі, ал сөздері қиын немесе көп болғанына назар аудартпай-ақ қабылдауға мүмкіндік жасайды.

Қарағанды облысы Осакаровка ауданының Русская Ивановка негізгі мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Геман Дана Ерденқызы мұғалім ойын технологияларын пайдалана отырып, баланың әр қырынан көрінуіне (интеллектуалдылық, шығармашылық, эмоционалдылық, коммуникативтік) және оның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, оқуында пайда болатын әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды. Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын бірудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мұғалімнің міндеті. Оқу процесін жандандыру құралдарының ішінде ойын, ойын арқылы

оқыту ерекше орын алады. Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда, оқушылар ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алады. Дидактикалық ойындар-оқытудың маңызды құралы. Дидактикалық ойындар-оқыту мақсатын жүзеге асыруға арнайы арналған ойындар. Дидактикалық ойындар байқампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Оның мақсаты: жаңаша білім беру мазмұнына көшу, нақты іс-әрекет жүргізу, ізденушілікпен жұмыс істейтін оқушы тәрбиелеу. Міндеттері: Оқушының қызығушылығын арттыру, Іскерлік ойындар ұйымдастыру, Теория мен практиканы ұштастыру. Бұл жерде мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушыларды бақылайды, бақылау нәтижелерін өңдейді, алған нәтижелерді хабарлайды. Оқушының іс-әрекеті: Оқуға оң көз-қарас, жаңаны танып білу, икемділік пен дағдыларын игеру, өз жетістіктерін өздері бақылау. Іскерлік ойындар: симпозиум, аквариум, ұжымдық әрекет. Іскер ойындарының құрылымы: Талдауға проблема беру, Оқушыларды топқа бөлу, проблеманы талдау, сынып алдында шешімін айту. 1-9-сыныптарда оқушыларды қазақша сөйлеуге үйретуде ойын элементтерінің үлкен әсері бар. Сабақ үстінде оқушы ойынды ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру мақсатында сөздерді (аудармаларымен) жаттайды. Сюжетті суреттер арқылы сөйлемдер құрастыру, Сергіту ойындары, жаңылтпаш, жұмбақ, Алфавиттік жұмбақтар метаграмма, анаграмма кроссворд ойындары ұйымдастырылады.

Жұмаева Айнұр Құдайбергеновна Ақмола облысы Степногорск қаласы №1 Ақсу орта мектебінің «Математика» пәні мұғалімі.

Математика сабақтарында «Ойын технологиясын» кеңінен қолданады. Ойын арқылы оқыту оқушының пәнді терең түсіну қабілетін, ойлау дағдысын дамытуды қамтамасыз етуге, сонымен қатар пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды. Балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ойын түрін қолдану арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруды жүзеге асырып жүрген мұғалім. Айнұр Құдайбергеновна ойын арқылы оқыту технологиясының үшке бөлінетінін: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық түрлерін атап көрсеткен. Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері оқушылардың математикалық ұғымдарын кеңейтіп, ойлау қабілеттерін арттырып, есептеу дағдыларын шыңдай түседі. Математика сабағында қазақтың ұлттық ойындары қолданылады. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» ойыны белгісіз санды табуға арналған ойын. Бұл ойын түрлеріне сыныпты толық қатыстыруға болады. Кестедегі белгісіз сандардың орнына «Ақсүйек» тығылып жатыр. Кім дұрыс шығарса, сол табады. Кім ақсүйекті көп тапса, сол ұтады. Ойын үрдісінде балалардың осыған дейінгі алған білімдері мен түсініктері тереңдей түседі, жаңа білім игеріледі.

«Сақина тастау» ойынының дидактикалық мақсаты: берілген мысалды тақтаға шығарып, сақинаны өзі қалаған оқушыға салады. Ойын осылайша жылдам түрде жалғасады. Ойынды басқара жүріп, мұғалім оқушының жеке басының ерекшелігіне, оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына

ықпал жасайды.

Степногорск қаласы А.П. Гайдар атындағы №8 орта мектебінің «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі Ләбаева Әлия Сәбитқызы орыс тілінде оқыттын мектеп оқушыларына мемлекеттік тілді үйретуде сабақтарын ойын элементтерін модульмен ұштастыра отырып түрлендіре қолдану жақсы нәтиже береді деп есептейді. 5-сыныпта ойын технологиясын қолдану арқылы өткізген сабағын ұсынады.

Сабақтың тақырыбы: Алтын күз.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды жаңа сөздермен таныстырып, сөйлемдерді талдауға үйрету.

Сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойын технологиясы арқылы балалардың сабаққа қызығушыларын арттыру.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Модульдің құрамын түсіндіру.

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

IV. Грамматикалық тақырып. Мұғалім тақтада берілген сызбалар сызбалар бойынша грамматикалық тақырыпты түсіндіреді. Оқушылар осы сызбаларды дәптерлеріне көшіріп жазады. Мұғалім грамматикалық тақырып бойынша сұрақтар қояды, оқушылар сұрақтарға жауап береді.

Бастауыш

Пысықтауыш
Анықтауыш
Толықтауыш

Баяндауыш

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады. Сол байланыстың негізінде сөйлемдегі сөздердің белгілі орын тәртібі болады. Сөздердің орын тәртібі сөйлем мүшелері ыңғайында былай болады.

1. Бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады.

2. Толықтауыш өзінің толықтайтын сөзінен, анықтауыш өзінің анықтайтын сөзінен, пысықтауыш өзінің пысықтайтын сөзінен бұрын тұрады.

Мысалы: Жаңбыр жиі-жиі жауады.

V. *Сөздік жұмыс.*

Топ-топ – группой

Ерекше – особенный

Егін даласы – посевное поле

Қайнау – кипящий

Үздіксіз – непрерывно.

1. Осы сөздердің мағыналарын түсіндіру, аудару.

2. Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды;

- оқушылар мұғалімнен кейін сөздерді дауыстап оқиды;


- тізбекпен оқиды.

3. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрау.

4. Сөйлемдер құрау.

5. Жаңа сөздерді сөздік дәптерге жазу.

VI. Лексикалық тақырып. Тақтада берілген сызба бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.



а) Оқушылар тақтадағы сызбаға қарап, жаңа тақырыпты мұқият тыңдайды. Сызбаны дәптерлеріне көшіріп жазады.

ә) Мәтін бойынша «Мәтін құра» ойыны.

Ойынның шарты:

Оқушылар «Күз» мәтінін іштей оқып, суреттердің орнына тиісті сөздерді қойып шығады. Қолдарына қалам мен қағаз алады. Әрбір оқушы мәтінге сұрақ жазып, парақты бүктеп, оны жүргізушіге береді. Бірақ мұның алдында мәтінді тағы бір рет жылдам оқып шығады. Сосын жүргізушіден кез келген парақты алып, жауабын ойластырады. Енді оқушылар жауаптарын өзара талдап, мәтіндегі тәртібі бойынша түзетеді. Осы түзетілген тәртіппен олар мәтінді әңгімелеп, соңынан оны жауап үлгісімен салыстырады. Әңгімелеуге кіріседі. Жүргізуші ең белсенді ойыншыны анықтайды.

Жауап үлгісі.

Күз

Күз келді. Күн суыта бастады, аспанды *бұлт* қаптады. Жиі-жиі *жаңбыр* жауады. *Жапырақтар* сарғайып жерге түсіп жатыр. Олардың түстері әр түрлі: сары, қызыл, жасыл. Олар жерге жайылған *кілемге* ұқсайды. *Құстар* топ-топ болып, жылы жаққа ұшты. *Адамдар* да жылы киіне бастады. Адамдардың күзгі еңбектері де ерекше. Егін даласында – қайнаған қызу еңбек. *Комбайндар* мен тракторлардың гүрілдеген даусы үздіксіз естіліп тұр.

VII. Сергіту жаттығу.

Өлеңді жаттау.

Алтын күз

Сары алтындай сары күз,

Қамбадағы дәніміз.

Шелек-шелек балымыз,

Ағыл-тегіл ағымыз.

Жаздай күткен бәріміз

Сары алтындай сары күз.

Алтын ұя-мектепте

Сабақ бастар шағымыз. (Мұзафар Әлімбаев)

VIII. 3-тапсырманы орындау. Сөйлемдерді дұрыс құрау. Дайындыққа 5 минут уақыт беріледі. Содан кейін бір-бірін жауап үлгісі бойынша тексереді.

Жауап үлгісі

1. Күзде күн қысқарады, түн ұзарады.
2. Күзде құстар жылы жаққа ұшады.
3. Күздігүні диқаншылар егін жинайды.
4. Бақтарда жеміс-жидек піседі.
5. Жиі-жиі жаңбыр жауады.
6. Күз айлары – жылдың ең бір ғажайып айлары.

IX. Бекіту. Сыныптағы оқушылар екі-екіден отырады. Әр оқушы өз тапсырмасын алады. Дайындыққа 5 минут уақыт беріледі. Содан соң оқушылар бір бірінің тапсырмасын жауап үлгісі бойынша тексереді.

X. Үй тапсырмасы. Сөздерді жаттау. Күз туралы әңгімелеу.

М.М. Жанпейісованың модульдік технологиясында ерекше орын алатыны – ойын деп білетін Ақтөбе облысы Хромтау қаласы №4 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ермұханова Альмира Жоланқызы оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әртүрлі белсенді жұмыс түрлерін (топтық, жеке және жұппен, ұжыммен жүргізілетін жұмыстар, пікірталастар, диспуттар) қолданатынын, ол баланың сөздік қорын, тілін дамытатынын айтады. Сабақта диалогтік бөлімінің оқу модуліндегі қазір кеңінен қолданыла бастаған ойын түрлері: «Аукцион», «Баяндама», «Сиқырлы сандықша», «Білім биржасы», «Тұлғаны танып біл» «Брейн-ринг», «Даналық ағашы», «Бақытты сәт» т.б. оқыта үйрету ойындар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында үй жұмысын тексеруде «Брейн-ринг», «Өз жартыңды тап» ойындарын жүргізуге болады. «Брейн-ринг» ойынында қатысушыларға жетондар таратылады, үстелдің үстінде деңгейлік тапсырма жазылған карточкалар жатады. Әр дұрыс жауапқа фишка беріледі, содан екінші нұсқаға көшеді. «Өз жартыңды тап» ойынында оқушылар кез келген түсті таңдайды. Содан кейін оның түсі бойынша серігін іздеп, жұмыс істейді. Мәтінді жылдам, мұқият оқып шығады. Әр қайсылары мәтін бойынша қиын сұрақ құрап, қағазға жазады. Сұрақты сандықшаға салады. Мәтінді тағы да оқып шығып, әр оқушы сандықшадан сұрақ жазылған қағазды алып, дауыстап жауап беруі керек. Сонымен қатар, «Сөздердің дұрыс жауабын тап» ойыны. Тақтаға 2 оқушы шығып, жарысып көреді. Кім көп сөздердің аудармасын біледі екен. Бұл ойындар оқушыларға этикалық тәрбие береді. Оқушылар сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, мәдениетті сөйлеуге үйретеді. Егер сабақ сайыс, жарыс түрінде құрылған болса, әрине әрбір бала алға түсуге, жеңімпаз атануға ұмтылады, ал ол үшін білімді болу керек, яғни балалар мұны түсініп, сабаққа қатысуға тырысады. Сонымен оқу процесінде ойын ойнау аса маңызды. Рольдерде ойнау оқушы үшін пайдалы, себебі ол

өзінің үйренген білімін өзі өскен ортада, нақты ситуацияларда, өз өмірінде қолдана алады. Оқушы тез және ұтымды сөйлеуге үйренеді. Ойлау бірте-бірте қазақшаға ауыса бастайды. Ойын ойнау кезінде бұрынғы сөздер, грамматикалық материалдар қайталаынады. Оқушының ауызекі сөйлеу дағдысын, ауызша және жазбаша сауаттылығын, өз бетімен жұмыс жасау іс-әрекеттерінің нәтижесін байқағанын: 1. Қазақ тілінде еркін сөйлеседі. 2. Өз ойларын ауызша, жазбаша баяндай алады. 3. Оқушылардың белсенділігін арттырады. 4. Оқу мотивациясы жоғарланады. 5. Неғұрлым аз шаршайды. 6. Оқу қызметін көбінесе жағымды эмоциялар алады, қанағаттанады дейді.

Ақтөбе қаласы №2 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Айжарықова Акерке Әділбекқызы кез келген дидактикалық ойын арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді. Ойынның сабақ басында қолдануы өткен сабақты еске түсіреді. Сабақтың ортасында көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтасын арттырады. Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді дейді. Ойынның негізгі формуласы тыңдаушыны тіл үйренуге қызықтыру және осы тіл үйрену сабақтарын ойын ретінде өткізу арқылы меңгерту. Сонымен қатар, ойын жаңа сабақ материалын еш қиындықсыз, оның күрделі, ал сөздері қиын немесе көп болғанына назар аудартпай-ақ қабылдауға мүмкіндік жасайтынын айтады.

Қостанай облысы Лисаков қаласы №3 орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Башеева Ақжамал Абенқызы мектептегі музыка сабағында да ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді ести білуге үйретуге болады. Бастауышта оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка сабағында да ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте мұғалім сабақ алдында не сабақты қорытындылар сәтте пайдаланады. Сондай ойындардың бірі – «Ойлан, тап!» жұмбақ ойыны. Жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады.

Қарағанды қаласының №92 гимназиясының бастауыш сыныбының мұғалімі Қаймолла Айнұр Төлеуғазықызының сабақтарында ойын түрлерін пайдалану көрініс табуда. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылады. Сондай-ақ мұғалім ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады. Ойындарды таңдауда оқытудың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарына жетуге бағытталған мазмұндық-мотивациялық аспектіге сүйену қажет. Яғни олар: оқушының жас ерекшеліктері, білім, іскерлік және дағдының көлемі, оқушының даму деңгейі мен психикалық жай күйі; оқып-үйренетін материалдың сипаты мен мазмұны, сол сабақтың мақсаты; нақты ойын жағдайындағы ерекшеліктер. Қандай да болсын ойын түрлері баланың пәнге деген қызығушылық қабілетін оятатындай деңгейде болуы тиіс екенін айтады.

Мұқышев Гүлмира Миращқызы Қостанай облысы Арқалық қаласының №5 орта мектебінде оқушыларға информатикадан сабақ беріп келе жатқанына көп болмаса да, заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын өзінің іс-тәжірибесіне енгізу әрбір мұғалімнің міндеті деп санайды. Осыған байланысты, көптеген технологиялардың ішінде ойын технологиясын өз сабақтарына батыл енгізуде. Ойын дегеніміз – баланың жас ерекшелігіне қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын – төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, оладың ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А.С. Макаренко: «Ойын – балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады.» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойынның да өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, жадысын, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Ойын түрлері көп: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойын есептер, ұлттық ойындар, т.б. Бұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады. Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніліп отырады. Ойынды математика сабағында пайдалана отырып, балаларды саналы ойлауға үйретеміз. Нәтижесінде балалардың қаншалықты білім меңгергенін анықтауға болады. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай

қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте, болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдісі. Ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әртүрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды. Мұғалім өз сабақтарында ойынның көптеген түрлерін, оның ішінде ұлттық ойындарды да кіріктіріп, сабақтарында жиі пайдаланады. Сабақта оқушылардың алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздейді.

Қостанай облысы Арқалық қаласындағы М. Әуезов атындағы №5 жалпы орта білім беретін мектебінің 15 жылдық тәжірибесі бар, физика пәні мұғалімі Такетова Тансұлу Дүйсенбекқызы ойын технологиясын өз сабағында 2013 жылдан бастап қолданады. Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттердің қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістерінің бірі. В.А. Сухомолинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ» және болуы да мүмкін емес. Ойын балалар үшін оқу да, еңбек те болып табылады. Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды женудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. А.С. Макаренко: «Ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады,» - деп балалар ойынын жоғары бағалаған. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніліп отырады. Ойынды физика сабағында пайдалана отырып, балаларды саналы ойлауға үйретеміз. Нәтижесінде балалардың қаншалықты білім меңгергенін анықтауға болады. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-

әректтері табиғи бірлікте, болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Оқушылардың кейбіреулері мұғалімнің түсіндірген сабағын тез ұғады, кейбіреулері керісінше. Сондықтан барлық оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді. Сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлу қажет. Баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Павлодар қаласындағы Қалижан Бекқожин атындағы №12 жалпы орта білім беру мектебінің I санатты 15 жылға дейін тәжірибесі бар, денешынықтыру пәні мұғалімі Саматова Күсни Мұхамедмансұрқызы. Асық ойыны негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жазды күні тақыр жерде ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Асық ойынының ұштабан және алтыатар деп аталатын өте кең тараған түрлері болған Ұштабан ойнау үшін тақыр жерге көлденең сызық сызылады да, оған әр ойыншы бір бірден арасын сиректеу етіп кеней тігеді. Содан соң ойнаушы балалардың барлығының сақаларын біреуі жиып иіреді. Қімнің сақасы шықса сол бірінші болып сақасын көннен алысырақ жерге иіреді. Сақасымен тігулі кенейді атып, ұштабаннан артықтау жерге жіберуі керек үш табаннан кем, немесе сақасы кенейге тимей кетсе, ойынды сақасы шыққан келесі ойыншы бастайды. Ойын көндегі кенейді ұтып біткенше созылады. Алтыатар ойыны бұдан басқаша. Көндегі кенейдің бір шетіне түпте қалған (сақасы шықпаған) баланың сақасы тігіледі. Кенейдің арасында саңлау болмай тіркестіріле қойылады. Көннің екі жағына 1 м жерден су (сызық) ал 5-6 м жерден қарақшы белгілейді. Кімде кім түптегі сақаны жұлып кетсе (судан шығарса) бүкіл кенейді сол алады. Ал сақаға тимей кенейді ұшырса, оның судан шыққаны ғана соныкі болып табылады. Ату саны-6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі. Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті

қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

Ақтөбе қаласы №2 мектеп-гимназиясының «Технология» пәнінің мұғалімі Күлмұқанова Марал Абылхановна өзінің сабақтарында ойын технологиясының элементтерін қолданады. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері – мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті – балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз етуінде. Оқушылар: нақты қызмет тәжірибесін меңгереді; тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді. Оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді. Оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады. Уақытты үнемдеуге үйретеді. Оқушылар үшін психологиялық жағымды. Ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді. Оқушылар үшін қауіпсіз. Кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады. Ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек. Кейбір ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі. Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді. Ойынның, сабақтағы ойын элементтерінің оқушылардың ынтасын тартып, пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталуы керек. Әр ойынның тәрбиелік, білімділік, дамытушылық маңызын алдын-ала жете түсініп, оның балаларға қандай нәтиже беретіндігін анықтау. Ойын жүргізетін орынның мүмкіндігі, ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай болуы, алдын – ала әзірлеу. Сыныптағы оқушылардың жас, психологиялық ерекшеліктеріне, білім деңгейлеріне, сөздік қорына сәйкес келуі. Ойын кезіндегі қозғалыс, техникалық қауіпсіздіктен қамтамасыз ету. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын

барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ойынның тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Павлодар қаласы Қ. Бекқожин атындағы №12 жалпы орта мектебінің жоғары санатты дүниетану мұғалімі Мұқышева Бақыт Құмаркенқызының іс-тәжірибесінен. ойын арқылы баланың психикасы мен ойлау қабілетін дамыту. Сондай - ақ, оқушылардың оқу материалдарын жақсы қабылдауына әсерін тигізетін тиімді әдістердің бірі – ойын. Ойын – баланы адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Сабаққа ойын мен ойын тәсілдерін енгізу оқуды қызықты етіп, балалардың сергек болуына, оқу материалын қабылдау барысындағы кездесетін қиындықтарды жеңуіне жағымды әсер етеді. Ойын – оқушыға білім мен тәрбие беру әдістерінің тиімді амалдарының бірі. Баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында, қоршаған ортамен байланысын нығайту үшін күнделікті сабақ алдында ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндігін және ұжымда бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын жұмыстар жүргізген жөн. Психологиялық ойын жаттығулар баланың жан дүниесінің, рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына ықпал етеді. Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Адамдардың бір бірімен қарым-қатынасы өте күрделі процесс. Қоршаған адамдармен қарым-қатынас жасауда қиындық көретін балалар, біріншіден ұжымға бейімделуінде, білімді меңгеруіне кедергі болады. Сондықтан, баланы оқуға қызықтыру және дамыту мақсатында танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында сабақ алдында, ашықтық, сенімділік деңгейін, эмоционалдық еркіндікті, топта бірауыздылық орнатуға жағдай жасайтын психологиялық жаттығулар өткізу керек. Дидактикалық ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, жаңа сабақты немесе өткен материалды берік меңгерту болып табылады. Дидактикалық ойындар барысында балалардың есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып, заттарды пішініне, көлеміне қарай іріктеуге әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын, ойын әрекетінің ең негізгі түрінің бірі - дидактикалық ойындар. Оқыту тәжірибесінде дидактикалық ойындардың бірнеше түрі қалыптасқан. Атап айтқанда, түзете-дамыта оқыту сыныптарда төмендегі ойын түрлері жиі пайданылады.»Қай әріпті жоғалттым», «Қай буынды жоғалттым», «Бос торкөзді толтыр», «Қызықты торкөз», «Сөйлем қуаласпақ», «Тыныс белгісін тап», «Екі - екіден жұпта», «Кім тапқыр», «Сөз ойла - тез ойла», «Ойлан, тап», «Кім шапшаң?», «Қай дыбыстан басталады», «Қағып алып, жауабын айт», «Сиқырлы сандық». Сюжеттік – рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез - құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын – ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Павлодар облысы, Май ауданы Қазан жалпы орта мектебінің дүниетану пәнінің мұғалімі, жас ұстаз Нәжимеденова Бибінұр Мейрамгелдіқызының іс-тәжірибесінен: «Тәй-тәй» технологиясымен жұмыс істейтін топтардағы

тәрбиешілер мәлімет беруші емес, бағыттап, танымдық процесті жеңілдетеді. Ол біліктілікті ынталандырып, оқуға деген жауапкершілікті бөліседі; ол топтағы ортаның қауіпсіздігін жоспарлайды. Тәрбиеші балаларды түрлі материалдармен қамтамасыз етеді және қоршаған ортамен шектеусіз қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызады. Тәрбиеші балаларға ашық сұрақтар қою арқылы балалардың зерттеу мен жаңа мәліметтерді игеруіне көмектеседі. Ашық сұрақтарға бірнеше жуық жауаптар берілуі мүмкін. Олар сонымен қатар баланың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап ойлауды ғана емес, баланың тілін де дамытады. Тәрбиеші балалармен бірге ойнайды, әңгімелеседі. Ол балалардың білсем деген ынтасын бөлісіп, олар ұйымдастырған заттың бәріне қызығушылық танытады. «Тәй-тәй» технологиясы арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаға өз бетімен жұмыстануға жағдай туғызады. Балалар да өздерінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сай жұмыс түрін таңдау арқылы жекешелендіруді жүзеге асырады. Қызықты, әрі икемделген жұмыс түрлерін (тапсырмаларды) жоспарлап, әр баланың қалай орындағанын немесе ойнағанын бақылай отырып, тәрбиеші материалдар мен тапсырмаларды ауыстыруы, не жеке балаға бейімдеп өзгертуі мүмкін. Әр баламен жеке жұмыс жасау үшін топтық жұмыстарды шағын топтарда өткізу тиімді. Осындай көзқараспен оқыту баланың өз деңгейінде өсуі мен дамуына игі әсер етеді. Орта қауіпсіз, жайлы, қолайлы, орта көп қызметті, вариативті іс-әрекет өзгеруіне байланысты өзгере алатын алғашқы дүниетанымдық мағлұмат бере алатын орта болуы тиіс. Оқу іс – әрекеттеріне қолайлы көркем әдебиет, құм және су, ғылым, өнер, ойын және математика орталықтары жұмыс жасайды. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім салаларына байланысты балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті педагог-тәрбиешінің шығармашылық ізденісі арқылы, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда педагогтар жаңашыл тәсілдерді пайдалануы жақсы нәтижелер көрсетуде. Мұғалімнің технологияны қолданудағы нәтижелері: «Шебер қол 2013» атты сайысына қатысып Қайырболат Ақнұр, Сейфолла Дильназ, II орын жүлдегері, Мейрамбек Рәбия III орын жүлдегері. Мұхаметжан Ералы, «Шебер қол 2013» атты сайысына қатысып «Ең қызық сурет» номинациясына ие болды.

Мұғалімнің ұсынысы: Балалардың шапшаң ойлауын дамытуға тәй-тәй технологиясы қолдану тапса; Жаңа технологияларға байланысты дөңгелек үстел, семинарлар жиі ұйымдастырылса деген ұсыныс айтады.

Проблемалық оқыту технологиясы

Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты – мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. Осы тұрғыдан алғанда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесі ұсынылуы заңды құбылыс. Проблемалық оқытудың күшті жақтары:

- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;

- оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады;
- берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді;
- оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді.

Проблемалық оқытудың артықшылығы: зейіннің дамуына мүмкіншілік жасайды, байқампаздықты танытады, оқушының танымдық іскерлігін белсенді дамытады, жауаптылық, сыншылдық, өзін сынау, бастамашылдық және өзіне баға беру әрекетін дамытады. Бұдан басқа проблемалық оқыту білімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, мұнда Б. Зейгарник ашқан, психологияда белгілі аяқталмаған әрекет эффектісі жұмыс істейді. Оның мәні мынада, басталған әрекеттер, бірақ аяқталмағаны есте жақсы қалады: «әрекеттердің басы мен күтілетін нәтиже арасында өзекті байланыс сақталады, сондықтан бізді аяқталмағаны ойландырады, аяғына дейін істелмегені есімізде сақталады» [15].

Проблемалық оқытуға негізделген зерттеу-іздендіру бағытындағы тапсырмалардың ерекшелігін төмендегі салыстырмалы кесте арқылы дәлелдеуге болады (10-кесте) [55].

10-кесте – Зерттеу-іздендіру бағытындағы тапсырмалардың ерекшелігі

Дәстүрлі оқытуда	Проблемалық оқытуда
Тапсырмаларда проблема қою міндет емес	Проблеманы шешу міндету Тапсырмалар оса бағытта беріліп, олар дербес ізденіс, зерттеушілік еңбекті талап етеді.
Жауабы оқулықтарда, мұғалім түсінігінде бар	Дайын жауабы жоқ. Проблемалық ситуацияны шешуді қажет ететін тапсырмалар
Оқушы-объект	Оқушы- субъект. Ол белсенді -тұлға.
Орындаушы, жауап беруші, дайынды қайталап айтушы	Білімді өз ізденісімен алушы және зерттеуші.
«Жаңалық» ашу, жаңа өнім жасау міндетті емес	Жеке тұлғаны дамытуға, ғылыми – ізденіске жетелейтін шығармашылық бағыттағы тапсырмалар.

Проблемалық оқытудың жаңа әдістері мен түрлері: іскерлік ойындар, баяндамалар мен ақпараттық хабарлар, кері байланысты дәрістер, дәріс – диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, пікірталас, ұжымдық –танымдық оқу және тағы басқалар. Сонымен проблемалық оқыту оқушының танымдық көкжиегін кеңейтеді, шығармашылық белсенділігін арттырады, білім игеру қарқынын тездетеді, тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді, оқуға деген ынта-ықыласын оятады. Ерекшелігі мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс. Бұл технологиялық әдістегі

ең маңызды мәселе – жаңа білім жаттау немесе есте сақтау үшін емес, проблеманы немесе бірнеше проблемаларды шешу үшін беріледі.

Проблемалық оқыту әдістерінің ерекшелігі:

- алдын ала белгіленбеген, кенеттен;
- проблемалық мазмұндау;
- зерттеушілік-лабораториялық жұмыс;
- мәселені проблемалық тапсырма және шешу;
- проблемалық жағдай (ойын түрінде).

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалы міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалы жағдаят пайда болады, осыған орай, оқушының ізденушілік әрекеті мен ынтасы күшейе түседі. Сонымен, ойлауға үйрету дегеніміз диалектикалық қарама-қайшылықты көре білуге, сол арқылы нақты шындықты тануға үйрету деген сөз. Қарама – қайшылық ой - дамуының қозғаушы күші. Проблемалық оқыту оқытушы үшін әр түрлі деңгейдегі қиындықтар тудыруы мүмкін, қандай және қанша іс – әрекеттерді қою және проблеманы шешуді ол өзі жүзеге асыруына тәуелді [16].

Маңғыстау облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының математика пәнінің мұғалімі Озған Свеилана Тұрашқызы тәжірибесінде «Проблемалық оқыту технологиясын» үнемі қолданып отырады. Проблемалық оқыту технологиясы мұғалім басшылығында өтетін оқушылардың оқу міндеттерін шешуге орайластырылған өзіндік ізденіс іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделеді. Оқу ізденістері барысында оқушыларда жаңа білім, ептілік және дағдылар қалыптасып, қабілеттері, танымдық белсенділігі, қызығуы, ой-өрісі, шығармашыл ойы және басқа да тұлғалық маңызды сапалары дамиды (Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, М.И. Махмудов және т.б.). Жалпы түрінде проблемалық оқыту технологиясы сипаты келесідей: оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына міндет (проблема) қояды, оған қызықтырады және оның шешу әдіс-тәсілдерін табуға ынталандырады. Ал оқушылар мұғалімнің тікелей басшылығында не өз бетінше олардың шешімін табудың жолдары мен әдістерін зерттейді, яғни болжам жасайды, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді әрі талқылайды, дәйектейді, нәтижелерін талдайды, пікір жүргізеді, дәлелдейді. Проблемалық оқыту - оқытушы білімді дайын күйінде ұсынбай, оқушылар алдына проблема қою арқылы баланы оқыта отырып жалпы амыту: сезімін, түйсігін, қабылдауын; ынтасын, зейінін, еске сақтауын, ұғынуын; ойлау, қиялдау, болжау қабілетін; ерік қайратын, оқу, іс-әрекетін; дағды, машықтарын; жауапкершілігін, дербестігін, өздігінен ізденісін дамытады.

Қызылорда қаласындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімі Мамақатова Жанат Сәдуақасқызы білім сапасын арттыру мақсатында «Іс-әрекеттегі зерттеу» жүргізуді іске асыруда. Оқытушылар үшін іс-әрекеттегі зерттеу практикалық тәжірибені пайдалана отырып, одан әрі өсу және оқуды жалғастыру тәсілі

болып табылады. Сонымен, іс-әрекетті зерттеу бұл- әрекеттер мен олардың салдарын жүйелі түрде зерттеумен қоса, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында іс-әрекетті орындау үдерісі. Зерттеудің мақсаты оқушылардың сабаққа деген ынтасын, ойлау деңгейін, сөйлеу дағдыларын, АКТ-мен жұмыс істеу дағдыларын анықтау. Бір қатар сабақтар аяқталған соң талдау жүргізіледі. Бақылау нәтижесі бойынша оқушылардың үлгірімінде өзгергерістер байқалады. А деңгейіндегі оқушылардың тапсырмаға деген ынтасы өте жақсы, кез келген уақытта өзіне сенімді сезінеді. Әр кез алдыңғы орында, шапшаң жылдам қозғалады, диалогті оқытуда топтағы достарымен жақсы тіл табысады. Тобын алға алып шығуға талпыныс жасап отырады, жинақы, сабырлық сақтай отырып, қарсылас топтарын да тыңдайды, балалармен өз ойымен бөлісіп қана қоймай, достарының сабаққа қатынасуына да мүмкіндік бере отырып, топпен ынтымақта жұмыс істей біледі. Өзін топ басшысы ретінде сезінеді. Тіл қолдануда өте шебер. В деңгейіндегі оқушылар салмақты. Атқаратын жұмыстарына жауапкершілікпен қарайды.

Шаталовтың тірек-сызба технологиясы.

Педагогикалық әдістемелік процестерде В.Ф. Шаталов әдісі деген атпен енген тірек-сызба белгілерін (сигналдарын) сабақта қолдану мұғалімдердің көпшілігінен үлкен қолдау тауып отыр, оқыту процесінде кеңінен қолданылуда.

1. Технологияның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін белсендендіріп, схемалық кестелерді қолдану арқылы оқушылардың білімдерін, біліктерін, дағдыларын қалыптастырып, берілген сұрақтың жауабын тезірек табу мүмкіншілігін туғызады [17].

2. Демек, оқушылардың оқу барысындағы қабілеттерін белсендендіру құралдарының бірі сабақ барысында тірек-сызбаларды қолдану [18]. В.Ф. Шаталов технологиясының ерекшелігіне тоқталсақ:

Бірінші ерекшелігі – нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу. В.Ф. Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдар дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы» Екінші ерекшелігі – уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады. Бұл әдістеме қазіргі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

Тірек сызба белгілері сабақтың негізгі құрам бөлігі ретінде қолданылады.

Мұнда негізінен мына мәселелерге назар аударған жөн.

1. Тірек-сызба белгілерін пәнді жүргізудің басынан бастаған жөн.
2. Мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану керек.
3. Сызбанұсқаға оқушылармен бірге талдау жүргізіп отыру. Сызбанұсқаларды (схемаларды) оқушылардың қатысуымен талдау керек.
4. Оқушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

5. Оқушының топпен және екі-екіден жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

Тірек-сызбаларды қолданудың тиімділігі:

- жүргізілген жұмыс белгілі бір нәтижеге бағытталады;
- оқушылардың сабаққа ынтасы, қызығушылығы артады;
- мұғалім мен оқушы шығармашылықпен жұмыс жасайды;
- мұғалім оқушыны жан-жақты зерттейді;
- оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуға жағдай жасалады;
- сабақ кезінде мұғалім уақытты ұтымды пайдалануға қол жеткізеді;
- оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туады;
- қиын мәтіннен керек жердің негізгісін тауып алуға, өз бетімен жұмыс жасауға мәжбүр ете бастайды, ойлануға, ой-өрісін дамытуға көмектеседі;
- теорияның негізгі түйінін таба білуге, оны дәлелдеуге үйретеді;
- дағдыны сақтауды қалыптастырады;
- оза оқуға мүмкіндік береді [17].

Оқытудың тиімділігін арттырып, оқушының ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған В.Ф. Шаталов өз еңбектерінде көрсеткендей, тірек-сызбаларының негізгі мақсаты – «Егер есіңе сақтау үшін үйренсең ұмытасың, ал егер түсіну үшін оқысаң – есіңе сақтайсың» деген қағидасын енгізу.

Ендеше қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

Тірек-сызбаларды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, болжам жасатып, мақсат қойып, толық мазмұндық ақпарат алуға жағдай жасайды. Тірек-сызбалар – сабақ үрдісін ұтымды ұйымдастыруға көмектеседі, тақырып бойынша танымы кеңейеді, топпен және жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Тірек-сызбалар – кестелер, сызбанұсқалар, диаграммалар, модульдер, блоктар, суреттер арқылы іске асырылады. Тірек-сызбалар оқушы қиялын дамыту мен өзін-өзі талдау, қызығушылығын ояту, шығармашылығын дамытудың негізі.

Тірек-сызбаларды пайдалану мұғалім үшін тиімді, тақтаға бормен жазып жатудың қажеттігі азаяды, барлық сабақ барысы оқушының көз алдында тұрады, оқу мазмұнын қысқаша баяндап шығу арқылы, көптеген оқушыны бағалау мүмкіндігі туады. Тірек-сызбалар білім берудің үш мақсаты – оқыту, тәрбиелеу және дамытуды орындау кезінде мынадай дидактикалық қызметтерді: үйрету, бағыттау, тексеру жүзеге асырады. Материалды ең алғашқы кіріспе сабақта қысқаша – тезистік дәріс түрінде бергеннің өзінде, сөйлесу бөлімінде көптеген ойын түрлері арқылы материалды 7 ретке дейін қайта қайталап оқып, оқушының білімінің берік болуына, оның өз бетімен көп ізденіп тырысуына, әр деңгейлік тапсырманы орындау барысында шығармашылық дағдысы қалыптасуына, оқушыларды ұжымшылдыққа, тіл коммуникативтілігінің артуына, пәнге қызығушылығының артуына көп көмегін тигізеді. Жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыстар жүргізу кезінде бір ғана сабақтың үстінде дарынды оқушымен де, орташа оқушымен де, нашар

оқушымен де байланыс үздіксіз жүріп отырады. Сонымен қатар оқушылар әр сабақта бағаланып, қорытынды бөлімде олардың алдыңғы сабақтарда алған бағаларын жақсартуына мүмкіндік туады. Ең бастысы – оқушы дәстүрлі сабақтағыдай 45 минут бойы бір орында тапжылмай отыру, жалығу, шаршау деген сияқты жағымсыз жақтарды басынан кешірмейді. Сабақ барысында оқушының сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылығы оянады. Оқушы өзін жан-жақты көрсетуге тырысады, себебі әр сабақ сайын бағаланғысы келеді. Оқушыларға сапалы білім беру, оқу бағдарламасындағы білімді қамту мен кеңейту жүйесін жүзеге асырудың тиімді жолы – тірек-сызбаларды пайдалану қажет.

Тірек-сызбаларын қолданғанда жұмыс уақыты үнемделеді. Үнемделген уақыт жаттығулар орындауға, қиын тапсырмаларды орындауға жаттығуға, өткен тақырып көлемінде оқушылар білімін тексеруге қолданылады. Тірек-сызбаларын жаңа материалды түсіндіруде, оны бекітуде, сыныптан-сыныпқа көшу, қорытынды бақылауына әзірленуде, бірыңғай ұлттық тестілеуге әзірленуде және білімді бақылау мен күнделікті бақылауда қолдануға болады. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс. Сондықтан да оқыту әдістерін жетілдіру – жетістік көзі.

В.И. Шаталов жүйесінің жетістігі – тақырыпты бірнеше мәрте қайталай отырып, қол жеткізетін білімнің мықтылығына талпыныс, білім мен білік үшін нақты бақылау, оқушының жеке басына құрметпен қарау.

Қазіргі мектептің міндеті – оқушыларға дайын білімді жеткізу ғана емес, оларды өздігінен білім алу әдістеріне баулу. Тірек-сызбалар оқушыға пәннің әрбір тақырыбынан білімді игерудің міндетті талабының көлемін нақты алуына мүмкіндік береді.

Тірек-сызбаларды қолдану теориялық материал мен аудиториялық жұмыстың уақытын қысқартады, баяу оқып үйренетін оқушыларды жалпы қарқыннан қалмауға мүмкіндік береді. Тірек-сызбалар сыныпта және үйде оқушылардың оқу материалын меңгеруі үшін өз бетімен жұмысын анықтайтын тестілермен, өзін-өзі тексеруге арналған сұрақ жүйелерімен қоса жүреді.

Тірек-сызбаларды қолданып оқыту барысында оқушы тақырыпты жақсы терең меңгереді, мұғаліммен бірігіп талдайды, материалды жақсы есте сақтайды.

Тірек-сызбаларды пайдаланған уақытта өткен тақырыпқа нақты жауап беруге, алған білімді белгілі бір жүйеге көшіруге мүмкіндік туады. Оқушылар тірек-сызбалар бойынша тақырыптың мәнін ашып жүйелі түрде әңгімелеп, тақырыпты толық меңгергенін дәлелдейді. Оқушылар топпен және жұппен жұмыс жасауға дағдыланады, тақырыпты жүйелі меңгереді. Оқушының қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады.

Сабақтың қай түрі болмасын тірек-сызбаларын қолдану тиімді. Жана сабақты түсіндіру барысында тірек-сызбалар таптырмас көмекші құрал. Тірек-сызбаларды пайдаланғанда оқушы тақырыпты жақсы терең меңгереді, мұғаліммен бірігіп талдайды, материалды жақсы есте сақтайды [18].

Ақтөбе облысы Алға қаласындағы №3 орта мектебінің физика пәні мұғалімі Асылысаева Күнзада Болатханқызы «Шаталовтың тірек сызбалары, конспектілері» технологиясын өзінің тәжірибесінде қоланады. Тірек сигнал - мағыналы ой-тұжырымдардың түйіндемесін алмастыратын ассоциациялық символ. Тірек сигнал арқылы, ертеде түсінген таныс ақпаратты жадыда қалпына келтіру, тез еске түсіру жүзеге асады. Тірек конспект, сызбалар-тірек сигналдардың өзара байланысқан, көрнекі тірек сигналдар жүйесі. Келесі мәселелерді шешеді:

1) оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады пәнді меңгеру мотивациясын арттырады;

2) ақпаратты қабылдау қабілеттілігін арттырады, бұрын алған білімдерімен байланыстырады;

3) үлкен ойды-тақырыпты тұтас қабылдау мүмкіндігін алады;

4) оқу пәніне оқушылардың қызуғышылығын арттырады.

Технологияның артықшылығы: біріншіден оқыту процесінде блок арқылы, модульмен сабақты құрылымдау; екіншіден сабақ мақсатына жетуді мотивациялау; үшіншіден мұғалім көмегімен сабақта оқушының жеке және шығармашылық жұмысы басым болады. Физикалық теорияны үйренуде, оның мағынасың терең түсіндіріп пайдалану жолдарын іздестіруде, оқушыларға жаттығу ретінде өз күштерімен есеп шығартудың мәні ерекше көрсетілген. Физика есептерін шығару күрделі мәселе. Осындай жағдайда оқушылармен алдын ала талданып, белгілі тақырыпқа берілген есептердің шығару қысқа жолдары көрсетілген тірек конспектілердің көмегі үлкен. Әсіресе ҰБТ-ге дайындық барысында Физика есептерін шығаруға дағдыланып, үйренсе, теориялық біліктерін практикамен ұштастыратын болады. Тірек-конспектімен жұмыс барысында есту, көру жады жұмыс істесе, сызбадағы ақпаратты қалпына келтіру барысында қозғалыс-моторлық жады іске қосылады. Мысалы толқындар түрін қарастырғанда оқушыларды топқа бөліп, қума және көлденең толқындарды қозғалыспен бейнелеп көрсетуге болады. Үлгерімі төмен оқушыларға пайдасы көп. Топтық жұмыста тірек конспект арқылы оқушыға жауап беруге де, бір-бірін тексеруге де ыңғайлы. Тірек конспектілер көмегімен есептер көптеп шығарулары керек. Оқушылар есепті қызығып шығаруы үшін оның мазмұны тартымды, әрқашан өмірге жақын болғаны жөн.

Ақтөбе қаласындағы №30 қазақ орта мектебінің физика пәні мұғалімі Зурбаева Майя Битановна өзінің 10 жыл тәжірибесінде В.Ф. Шаталовтың технологиясын өз сабақтарында қолданып келеді. В.Ф. Шаталов технологиясының ерекшелігі: Біріншісі ол – нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу. В.Ф. Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдары дегеніміз – ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы» Екіншісі – уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады. Шаталовтың тірек сызбалар технологиясы арқылы

оқушының: берік білім негізі қаланады; сөйлеу қабілеті дамиды; тұжырымдап, топшылау дағдылары қалыптасады; танымдық процесі нығаяды; қарым – қатынас қажеттілігі қанағаттандырылады; пәнге деген қызығушылығы артады; шығармашылығы шыңдалады. Нәтижесінде мұғалімнің де, оқушының да жасампаздығы артып, жаңашылдыққа бет бұрады. Тірек сызбаның артықшылықтары: оқушыға оқу материалы жинақы, қысқаша беріледі; оқушы оқу материалының ішінен ең негізгісін таңдай білуді үйренеді; оқушы таңдап алған танымдылық-білімдік түсініктерін бір-бірімен байланыстырып, қарапайым жүйе жасауды үйренеді; оқушы оқулықпен және қосымша әдебиеттермен жұмыс жасауға дағдыланады; оқушы өзінің танымдық деңгейін біледі. Өзін-өзі бағалауды үйренеді. Тірек сигналдары арқылы оқыту өзінің нәтижесін береді. Шаталовтың тірек сызбалар технологиясы арқылы мұғалім: оқушы білімін тексеруде дидактикалық құрал ретінде пайдаланады; мағыналық, логикалық белгілерді нақты, қысқа түсіндіреді, баға қоры молаяды, оқушы білімі әділ бағаланады.

Денсаулық сақтау технологиясы

Білім берудің денсаулық сақтау технологиялары – бұл көпшілік педагогтерге етене таныс жұмыстың психо-педагогикалық әдістері мен тәсілдері, технологиялары мен мүмкін болатын мәселелерді шешудің жолдары, сондай-ақ педагогтың үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы. Біз қолданылып отырған педагогикалық жүйе қатысушы педагогтердің денсаулықтарын сақтау міндетін шешуді жүзеге асырған жағдайда ғана оқыту мен білім беру үдерісі денсаулық сақтау технологиясы бойынша жүргізіліп отыр деп айта аламыз.

Сауықтыру педагогикасы үшін негізге алынатын артықшылар төмендегідей:

1. Дені сау бала – бала дамуындағы іс жүзінде қол жетімді норма.
2. Сауықтыру – емдеу-профилактикалық өлшемдердің жиынтығы емес, керісінде балалардың психофизиологиялық мүмкіндіктерінің даму формасы.
3. Индивидуалды-дифференциациялаушы ыңғай – оқушылармен сауықтыру-дамыту жұмыстарының негізгі құралы.

Оқытудағы білім беру денсаулық сақтау технологиясының мақсаты – оқушыға мектеп қабарығасында өз денсаулығын сақтауға мүмкіндік жасау, оқушы бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білімді, шеберлік пен дағдыны қалыптастыру. Білім берудің денсаулық сақтау технологиясын ерекшелейтін көрсеткіш – оқушылардың жағдайын үнемі экспресс-диагностикадан өткізу және оқушылардың денсаулық жағдайлары туралы сәйкес қорытынды жасауға мүмкіндік беретін ағзаның динамикалы дамуының негізгі параметрлерін тексеру.

Оқытудағы білім беру денсаулық сақтау технологиясының мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей құралдар тобы қолданылады:

1. Қозғалыс бағыты құралдары;

2. Табиғаттың сауықтыру күші;

3. Гигиеналық факторлар.

Аталған құралдарды кешенді түрде қолдану сауықтыру педагогикасының міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қозғалыс бағыты құралдарына оқытудың білім беру денсаулық сақтау технологияларының міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған қозғалыс әрекеттері жатады. Бұл – қозғалыс; физикалық жаттығулар; физмәдени минуттар мен жылжымалы үзілістер; эмоционалды разрядтар мен «бір минуттық тыныштық»; гимнастика (сауықтыру гимнастикасы, саусақ, корригирлік және сергектік үшін салқын тиюмен байланысты ауруларға қарсы профилактика үшін тыныс алу гимнастикасы); емдік денешынықтыру; баланың қозғалыс белсенділігі үшін арнайы ұйымдастырылған жылжымалы ойындар (сауықтыру денешынықтыру сабақтары, қозғалыс дағдысына нешізделген заманауи даму); массаж; өзіндік массаж; психогимнастика; тренингтер және т.б.

Табиғаттың сауықтыру күшін пайдалану оқытудың білім беру денсаулық сақтау технологиясының мақсатына қол жеткізуге айтарлықтай септігін тигізеді. Таза ауада сабақ жүргізу оқыту үдерісі кезінде жүретін биологиялық процестердің белсенділігін қамтамасыз етебі, ағзаның жұмыс істеу қабілетін көтереді, шаршау үдерісін төмендетеді және т.б.

Денсаулықты нығайтумен және ағзаның бейім қасиеттерін дамытуды бағыттаумен байланысты оқытудағы білім беру денсаулық сақтау технологиясының мақсатына жетудің гигиеналық құралдарына жататындар: санитарлық-эпидемиялық ережелер мен нормалармен бекітілген санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау; жеке және қоғамдық гигиена (дененің тазалығы, сабақ өтетін орын мен ауаның тазалығы және т.б.); бөлмені желдету және сулап тазарту; жалпы күн режимін, қозғалыс белсенділігінің режимін, тамақтану және ұйықтау режимін сақтау; балаларды қол жуудың, жөтелу және түшкіру кезінде қол орамалды пайдаланудың және т.б. қарапайым дағдыларына баулу; балаларға салауатты өмір сүру салтының (СӨС) қарапайым тәсілдерін, кесіп алу, күй, тістеу және жаралану жағдайларында алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым дағдыларына үйрету; инфекциялардан сақтандыру мақсатында оқушыларды егудің тәртібін ұйымдастыру; қатты шаршаудың алдын алу үшін оқу жүктемесінің шамасын шектеу.

Сабақтарды өткізу барысында гигиеналық талаптарды сақтамау оқытуда білім берудің денсаулық сақтау технологиясының оң тиімділігін төмендетеді.

Жоғарыда аталған құралдарды қолдануда қойылатын ең басты талаптардың бірі профилактикалық әдістерді; функционалды музыканы; жоғары және төменгі қозғалыс белсенділігін кезектестіре отырып, сабақта аудиоматериалдарды пайдалану, сауықтыру шараларын; кең көлемдегі сауықтыру шараларын, спорттық-сауықтыру мерекелері түрінде өткізу; табиғат аясына, экскурсияға шығу, салауатты өмір салтын ұстану мақсатында отбасымен жұмыста, ата-аналар жиналасының ұйымдастырылған теориялық және практикалық жүйесінде, инновациялық білім беру мекемелерінде педагогикалық ұжымды оқыту түрінде педагогикалық ұжыммен бірге жұмыста

жүйелі әрі кешенді түрде түрде қолдану болып табылады.

Біздің заманауи мектептің өз міндеттері бар, оларды орындай отырып, денсаулық сақтау және нығайту жөнінде ұмытпаған дұрыс. Және әр педагог қызметкер бала денсаулығына зиянды әсерін тигізетін мектеп және оқушы өміріндегі факторларды ғана нақты ұстанып қоймай, оқушы үшін жағдаяттың сәтті болу жолын қарастырып, өзгертіп отыруы керек. Педагогикалық факторлардың ішінде анағұрлым маңызды болып табылатыны педагогикалық әсердің күйзелісті әдісі. Қазіргі заманның баласы үнемі дерлік келесі себептерге байланысты күйзелісті сезінеді: сабақ үстінде және сабақтан тыс уақыттың шектелуі, жауаптарына, мінез-құлықтарына және т.б. мұғалімдердің қанағаттанбауы, ата-аналарының білім сапасына, баланың сабақ оқу қарқынына және т.б. көңлі толмауы. Қайда барса да еститіні айқай, ескерту, мін тағу, психологиялық қысым. Бұл қалыпты жағдайдай болды, ал ересек адамдар бұдан да маңызды нәрселерге назар аудармайды. Ал үнемі ұрсып жазғыра ма деген қорқыныш, қобалжу, орынсыздығын айыптау – күйзеліс көзі болып табылады. Мұғалімі салмақты, мейірімді, өзара түсіністік ахуалы орнаған класқа қарағанда, педагогы қатаң, мейірімсіз болған кластарда балалардың ауруы 3 есеге жоғары, невроздық аурулар 1,5 - 2 есеге көп. Күйзеліс факторы, физиологтардың пікірінше, белгілі бір қызмет уақытының шектелуі. Біздің дәстүрлі мектептерімізде жетістік, білім сапасы, сауаттылық сандық көрсеткіштермен ауыстырылып отыр. Бұл сондай-ақ жазу жылдамдығы мен оқу жылдамдығына да қатысты, оларды жылдамдату жас ерекшелік физиология институты зерттеулерінің мәліметтері бойынша олардың психофизиологиялық құрылымын бұзады. Қорытындысында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтының курс шараларында барлық педагог қауымға салауатты өмір салты ұстанушы ортаны дамыту, денсаулық сақтаудың алдын алу жөніндегі мәселелері және орындау, шешу жолдарынан дәріс беріледі [19].

Әлімбаев Данияр Алпысұлы Қостанай облысы, Жетіқара қаласындағы №2 орта мектебінің ІІ категориялы денешынықтыру пәні мұғалімі. Өз тәжірибесінде Денсаулық сақтау технологиясын 2011 жылдан бері қолданып келе жетір. Елімізде «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің жобасы туралы арнайы заң бар. Осындай негіздемелерге сүйене отырып денсаулық сақтау технологиясын оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай пайдалана отырып, оны мынандай екі топқа бөліп қарастырады:

1. Денсаулық сақтау және ынталандыру.
2. Салауатты өмір салтын сақтауға үйрету.

Дене шынықтыру сабағында денсаулық сақтау технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың денсаулығын шыңдау тиімді тәсіл деп ойлайды. Осы технология арқылы сабақты ұйымдастыруда баланың денсаулығына зиянды, қатты шаршататын әсерлерді азайтып, жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар береді. Мұның маңыздылығы қауіпсіз іс-әрекеттер арқылы бала денсаулығын шыңдап, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыдан жан-жақты дамыту қажет. Денсаулық сақтау технологиясын оқушылардың жас ерекшеліктеріне

сай дұрыс пайдаланып, дұрыс шынықтыру – ағзаның қорғаныш механизмін жоғарлатады, әр түрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін тұрақтандырады, көңіл күйді жақсарып, сабаққа қызығушылығын арттырады, өзін сергек сезініп, жұмыс істеу қабілеті жоғарылайды, мақсатқа жету мен дегеніне ұмтылуын қалыптастырады.

Ақтөбе қаласындағы №15 орта мектебінің денешынықтыру мұғалімі ІІ категориялы 20 жыл тәжірибесі бар Зайрымбетов Мейрамбек Ильясұлы денсаулық сақтау технологиясын қолданады. Білім берудің денсаулық сақтау технологиялары – бұл көпшілік педагогтерге етене таныс жұмыстың психопедагогикалық әдістері мен тәсілдері, технологиялары мен мүмкін болатын мәселелерді шешудің жолдары, сондай-ақ педагогтың үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы. Мұғалім қолданылып отырған педагогикалық жүйе қатысушы педагогтердің денсаулықтарын сақтау міндетін шешуді жүзеге асырған жағдайда ғана оқыту мен білім беру үдерісі денсаулық сақтау технологиясы бойынша жүргізіледі. Дені сау бала – бала дамуындағы іс жүзінде қол жетімді норма. Сауықтыру – емдеу-профилактикалық өлшемдердің жиынтығы емес, керісінше балалардың психофизиологиялық мүмкіндіктерінің даму формасы. Индивидуалды-дифференциациялаушы ыңғай – оқушылармен сауықтыру – дамыту жұмыстарының негізгі құралы. Осыдан дені сау белсенді оқушы тәрбиеленеді.

Теңізбаева Алтынай Аманқызы Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Манашы орта мектебінде 10 жылдан бері информатикадан сабақ беріп келеді. Соңғы төрт жылдан бері өз сабақтарында «электронды оқулықтарды пайдаланып оқушылардың ой-өрісін арттыру» бағытында жұмыс істеп жүр. Электрондық оқулық гипермәтіннің негізінде және оқу материалы мазмұндалған, үйренушіге интерактивті маман ретінде ұсынылады. Гипермәтіндік құрылым үйренушіге тек қана материалдың аймағынын ғана бермейді, сонымен қатар жұмыс барысының дұрыс ырғағын, материалды үйрену, оны дұрыс психофизиологиялық қабылдау қасиетімен беріледі. Электронды оқулықтың негізгі функцияларына төмендегі іс-әрекеттер жатады: үйретушіні тіркеу; мәліметтерді қорғау; навигация; оқыту траекториясын анықтау; оқу ақпаратын ұсыну; оқыту, диалог жүргізу және көмек көрсету; білімді бақылау; тест өткізу; оқу қызметінің нәтижесін өңдеу, сақтау және тіркеу. Электрондық оқулықтар өзіндік сабақ оқу барысында білім алатын, жеке оқу жағдайын жасайды. Үйренуші оның субъектісі бола отырып, электрондық оқулық одан өзін басқаруды талап етеді. Тақырыптың үлкен, қиын бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар, клиптер, аудиохабарларды пайдаланады. Таңдап алған хабарды көшіруге мүмкіндік бар. Сарамандық жұмыстар жылдам түсіндіріледі. Бағдарламаны меңгеруге арналған тест сұрақтармен қамтамасыз етілген. Көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азайтады. Мұғалім әр оқушымен дербес жеке жұмыс жүргізуіне мүмкіндік туғызады. Оқушының ой өрісін, дүниетанымын кеңейтуге, тану үрдісіне ықпал етеді. Зерттеушілік қабілеті бар тұлға қалыптасады. ҰБТ-ге даярлаудағы тиімділігі жоғары. Мұғалімнің ұсынысы:

1. Компьютерді сабақтың белгілі бір кезеңдерінде ғана пайдалану;
2. Компьютерді пайдалану уақытын сақтау;
3. Компьютерді пайдалануда қауіпсіздік ережесін сақтау;
4. Дәстүрлі және электронды оқытуды кіріктіру арқылы жүргізу.

Себебі электронды оқыту – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұнын қамтитын компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Заман табына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды информатика сабағында пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын, жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу қажет деп ойлайды.

Ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмысты ұйымдастыру

Қызылорда қаласы №4 Облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімі Әбжанов Ералы Әбдіғапарұлының сабақтарынан «Ынтымақтастық және топтағы бірлескен жұмысты ұйымдастыруды» көруге болады. Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал бірлескен жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады. Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланылатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Адамдар топтарға бірлескен барлық жағдайларда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтеліп, атап көрсетілетін адамдар мен жұмыс істеудің басқа тәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастық арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген. Бұл тәсіл сыныптағы баяу, енжар оқушының сабаққа қатысуына жол ашты. Себебі ол достарымен бір топта жұмыс істеп, сұхбаттасты. Тапсырмаларды орындап, белсенділік танытты. Топ жұмысына үлес қосып, бір қырынан көрінеді. Бірлескен жұмыстың мақсаты - оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыра отырып, тақырыпты өздігінен игереді. Нәтижесінде оқушылар арасында ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Бір-бірімен әңгімелесу арқылы, сұрақ қою арқылы тақырыпты игереді, бірін-бірі тыңдап, бағалай алуға машықтанады. Топтық жұмыстардың көмегімен бұрын сабақта құлықсыз отырған оқушылар белсенділік таныта бастады. Көсбасшы оқушылардың ықпалымен үнсіз оқушыларым ашылып, тұжырымды ойларын ортаға салды. Оқушылар бір-бірімен еркін ашық қарым-қатынасқа түсті. Өзара талқылау арқылы жаңа сабақты игерді. Жаңа дарынды оқушылар анықталды.

Жекелей оқыту әдіс технологиясын

Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Малыбай ауылы, Малыбай орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Темірғалиева Айжан Ермұханбетқызы «Жекелей оқыту әдіс технологиясын» ұсынып отыр. Қазіргі таңда қоғам алдында қойылып отырған басты мақсаттардың бірі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, жастарға сапалы білім беру, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Сапалы білім беру үшін мұғалімнің сабақ беру әдіс-тәсілдері әр оқушының жоғарғы деңгейде болуына ықпал тигізу керек. Әдіс – тәсілдер өте көп, бұл тәсілдерді қолдану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. «Жекелей оқыту әдісі технологиясының» мақсаты: оқытудың әдістемелік жүйесін қолдану, танымдық қызығушылығының дамыту, өздігінен жұмыс істеу деңгейін арттыру, нақты білім мен біліктілікті қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Болжамы: ұсынылып отырған ЖОӘТ бойынша математиканы оқытудың әдістемелік жүйесі танымдық қызығушылықтың дамуына, оқытуда өздігінен жұмыс істеу деңгейін арттыруға, берік білім мен біліктіліктің қалыптасуына, шығармашылық ойлаудың дамуына әсер етеді. Теориялық маңыздылығы жекеге – бағытталған оқыту әдісі технологиясы шеңберінде математика курсына оқушылардың өнімді оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінің бірі берілгені болып табылады. Практикалық маңыздылығы орта мектептің математикадан ЖОӘТ бойынша әдістемелік жүйесі оқу үдерісінде пән тақырыптары, модуль тақырыптары, оқу парақтары, оқу жұмысының формалары, білімді бақылаудың өлшеуіштері түрінде жүзеге асырылғандығы. Бұл технологияны 2011-2012 оқу жылдан бастап 7-сыныптың алгебра пәнінен «Қысқаша көбейту формуласы», «Рационал өрнектер» тарауына апробация жасап, оған Павлодар облысының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының математика әдіскері Б.А.Жаукеновадан рецензия алып, бүгінгі таңға дейін қолданып келеді. Қазір сол оқушылары 10-сыныпта оқиды, білім сапасы жоғарылады.

Биоақпараттану және синергетика

Биоақпараттану және синергетика (БжС) технологиясының мақсаты-айқын бейнелейді, қажетті есептер мен нәтижелер оқу сапасын басқаруды қажет етеді. Сапаны қамтиды, шынайылық сапаны тиімді басқаруда мүмкіндік береді. Технологияны нақты және жоспарлы түрде енгізуде нәтижелері - екі және көбірек оқу сапасын көтереді, оқушылардың оқу және жетілу сапасын бірнеше есе көтереді.

«БжС» технологиялық пирамидасы мынадай құрылымдардан тұрады:

- Әлеуметтендіру.
- Бейімделу.
- Білім берудің сапасы.
- Технологиялық карталар.
- Жоспарлау.

- Өлшеуіш құралдары.
- Технологиялық қызмет.

Биоақпараттану – бұл бір тірі организмнен екінші біреуіне ақпаратты жеткізу.

Синергетика – бұл әр түрлі серіктес қоғамның өз бетінше ұйымдасқан түрдегі жалпы бірдей мақсатқа жету үрдісі.

Технологияның мақсаты мен міндеттері – оқушылардың төмендегідей ойлау сапасының әлеуметтік қажетті түрде даму негізіндегі оқыту мен оның әлеуметтік нәтижесіне жету:

1. Шапшандық (скорость).
2. Жады (память).
3. Сөздік қоры.
4. Логика.
5. Сыни көзқарас (критика).
6. Шығармашылық.
7. Талдау (Синтез).
8. Ақпараттық шыдамдылық (информационная выносливость).

Технологиялық қызметтің міндеттері:

- Мектептегі технологиялық үрдіске қойылымды ұйымдастыру.
- Сапалы білім беруді басқару.
- Өздік жұмыстар мен нормативтерді бақылау.
- Оқушылардың ойлауын шынықтыру мен дамыту.
- Әр түрлі ойлау жолдары бойынша жарыстар өткізу.
- Мектепте «Ұжымдық ақыл-ой» бірыңғай кеңістігін құру.

Астана қаласындағы №55 орта мектебінің I санатты, 20 жыл тәжірибесі бар, физика пәні мұғалімі Исаева Каракөз Жарқынқызы БЖС технологиясын 2014 жылдан бастап физика сабағында қолданып жүр. БЖС технологиясының материалын меңгеру деңгейі бойынша өлшеу, бақылау және мазмұнды даралау механизмі үш өлшем бірлігінен тұрады: Қиындықтың төменгі деңгейі. (ТҚШ) Бұл баланың негізгі даму деңгейіне сәйкес келеді. (Выготский бойынша) төмендегі көрсетілген кері байланысты синергетикалық өлшемдерге байланысты ең аз мөлшердегі оқу элементтерін беруді жоспарлайды. Қиындықтың орташа деңгейі. (АҚШ) Жоғарыдағы оқу элементтерін аралық мөлшерде меңгеруді жоспарлайды. Қиындықтың жоғарғы деңгейі. (ЖҚШ) Баланың жақын арадағы даму деңгейіне сәйкес келеді. (Выготский бойынша). Бұл қиындықтың орташа деңгейіне қатысты оқу материалындағы оқу элементтерінің мазмұнынан екі есе, қиындықтың төменгі деңгейіндегі оқу элементтерімен салыстырғанда үш есе күрделі. «Биоақпараттандыру және синергетика» технологиясы бойынша тақырыптық жоспарлау төмендегідей қадамдардан тұрады: берілген тақырып бойынша қандай білім, білік, дағды бар екенін анықтай білу; білім, білік, дағды уақыты бойынша бөлу; жеке сабақтағы білім, білік, дағдының әрбір компонентін меңгеруін жоспарлай білу. Бұл жерде мынадай қағидаларды басшылыққа алу керек: меңгеру сапасын жоғалтпай, білім берудің ақпараттық бөлігін мейлінше азайту; білік, дағдыларын

практикалық меңгеруге арналған уақыт ресурсын ұлғайту; жекелеген тақырыптарды ілгерілей, оза меңгеру есебінен уақыт ресурсын босату, сол арқылы пәндік білімді тереңдете меңгерту мүмкіншілік жасау. Оқушылар көп уақыт бойы белсенді, тапсырмаларды өз беттерінше орындайды; дағды қалыптасады, шаршамайды және өз білетінін басқаға үйретеді; өзара қарым-қатынас қалыптасады; жұппен, топпен, ұжымдық жұмыс түрлері қолданылады; бағалаудың түрлі формаларын пайдаланады; машықтандыру жаттығулары жасалады; оқушылардың шебер орындауы үнемі уақытпен шектеледі; сыныптағы ешбір оқушы қалыс қалмайды; сыныптағы әр оқушымен жұмыс жасауға мүмкіндігі бар. Нәтижесінде «Биоақпараттандыру және синергетика» арқылы:

1. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі, олар әрбір пән бойынша мемлекеттік стандарт деңгейінің ең аз қажетті көлемін 100% үлгеріммен қамтытуына кепілдік алады.

2. Оқушы қабілеті жететін пәндерден жоғары деңгейлерге дейін көтеріле алады.

3. Дарынды балалар дер кезінде анықталынып дами алады.

4. Оқыту сапасының мониторингісі және диагностикасы оқушы білімін бағалаудың әділеттілігі қамтамасыз етіледі.

Мәтінді алгоритммен мазмұндау

Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр кентінің №13 орта мектебінің «Химия» пәнінің мұғалімі Унасбаева Бота Мәдениетқызы 2010 жылдан бері «Мәтінді алгоритммен мазмұндау» технологиясын қолданып келеді. Бұл технологияны қолдану барысында тақырыптың өзекті мәселелері іріктеп ұсынылады. Оқулықтағы түсіндірулер жинақталып, тұжырымдап алынады. Әр параграф мәтіні тірек-сызбаға айналады. Технологияны қолданудың нәтижелілігі: 2012-2013 оқу жылында 55%, ал 2014-2015 оқу жылында 65% сапалық көрсеткішке қол жеткізілді.

Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, №4 дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернатының физика пәнінің мұғалімі Ескейұлы Аманжан өз тәжірибесінде талантты және дарынды балаларды оқыту тәсілін қолданатынын айтады. Дарынды және талантты оқушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек. Дарынды және талантты оқушыларды әрқашанда мінез-құлқы бойынша бірден табу мүмкін емес. Өйткені кейде олардың айрықша қабілеттілігі айқын болмайды. Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан

қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт - бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы. Дарынды оқушымен жұмыс істеудің негізгі мақсаты: олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсат қажет оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Атап айтқанда, олардың білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай, деңгейіне оқыту, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру, өйткені ХХІ ғасыр білімділер ғасыры. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәттен естен шығармағанымыз жөн.

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы, Комсомол ауылы Темірбек Жүргенов атындағы орта мектебі, 5-11 сыныптары мұғалімі Ешімбетов Айболат Кенжеғалиұлы өз сабақтарында «Геогебра» жанды математика» технологиясын қолданады. Математика сабағында жаңа тақырыпты түсіндіру ауқымды, көп уақытты қажет етеді. Бұл технология жаңа тақырыпты визуалды түсіндіруге, уақытты тиімді жұмсауға мүмкіндік береді. Екіншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады. Себебі бұл технология көмегімен негізгі геометриялық фигураларды, графикті әр түрлі жағдайда қозғалысқа келтіруге болады. Математика компьютерлік модельдеу жүйесімен тығыз байланыста болады. Бұл технология көбіне геометрия сабағында қолданылады, себебі түрлі геометриялық түрлендірулерді салуға тиімді. Таңбалары әртүрлі сандарды қосу және азайту, қисықсызықты трапецияның ауданын табуда қолданған өте пайдалы деген ұсынысын айтады.

Қарағанды облысы Абай қаласының А.Құнанбаев атындағы №5 мектеп-гимназиясының химия пәнінің мұғалімі Абишева Гүлдана Төлеубекқызы *BMG* технологиясы жөнінде өз іс-тәжірибесін назарға ұсынады. Мұғалім аталмыш технологияның маңыздылығына ерекше тоқталған. Мұғалім *BILIM MEDIA GROUP BILIM* білім беруге қызмет етіп қоймайды, ол біздің өмірімізге де мән беретін басты құндылық деп есептейді. *MEDIA* – білім беруге қажетті мазмұнды жасауға және оны таратуға қажетті технология. *GROUP* – білімнің қадірін түсінетін және технологияның пәрменіне сенетін кәсіби мамандар тобы дегенді білдіреді. Олардың арасында мектептің жайын жақсы білетін тәжірибелі мұғалімдер мен әдістемелік мамандар, жандарына жақын ермегін сүйікті кәсіпке айналдырған жас ғалымдар, аниматорлар, дизайнерлер мен компьютер инженерлері де бар. *BMG* жобасы ниеттері мен пікірлері ортақ осындай адамдардың қиялы, қабілеті мен еңбегінің арқасында пайда болған. Мұғалім өз тәжірибесінен түйгеніндей, 8 сынып оқушыларымен жаңа сабақты өту барысында, яғни мағынаны тану кезеңінде, бейнебаян арқылы тақырыптың

мазмұнын ашудың өте пайдалы болғанын айтады, сонымен қатар өтілген тақырыптар бойынша немесе үй жұмысын тексеру мақсатында онлайн тест тапсырмаларын орындау да тиімді болып табылған. Бұл ресурстар арқылы түрлі суреттер мен бейнекөріністерді, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Ақпараттық технологиялар мен техникалардың жетілдіруінің нәтижесінде кез-келген ақпаратты мәтін және сандық кесте, сурет және фотобейне, анимация және видео, саз және сөйлеу түрінде сақтау мүмкін болып отыр. *BMG* технологиясын сабақта пайдаланудың нәтижелілігі: оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады; оқушының ынтасын, танымдық қызметінің белсенділігі артады, тақырыпты терең меңгеруіне септігін тигізеді; оқытудың көркемділігі артады, яғни оқушыларға қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге болады; оқытудың тиімділігі жоғарылайды және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігі артады; оқушылардың ғылыми-дүниетанымдық көзқарастарын қалыптасып, олардың білімге құштарлығын, табиғи сұраныстарын қанағаттандырады; мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетеді; оқулықтан тыс қосымша мәліметтер береді. Компьютерлер мен интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік құзыреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану олардың интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық процестің тиімділігін арттырады. Мұғалімнің ұсынысы: тек қана бір пәннің емес, барлық пән мұғалімдері интернет ресурстарын пайдаланатын болса, бұл оқушылардың қызығушылығын қанағаттандырып қана қоймайды, сонымен бірге еселей түсер еді. Жалпы *BMG* компаниясының ұсынып отырған ресурстары өте пайдалы, себебі, жаңа технология – мұғалімнің мүмкіндігін арттыратын, қуаттандыратын құрал.

Кейс технологиясы

Жылқыайдарова Ақайша Бекетқызы – Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Айша бибі атындағы дарынды қыздарға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында биология пәнінен сабақ беретін жас ұстаз. Кейс технологиясы – шынайы элеуметтік және экономикалық ситуацияларды қолданып оқыту техникасы. Алғаш рет бұл әдіс ХХ ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Гарвард университетінің бизнес мектебінде қолданылған. Олар бизнесті оқытуда ірі кәсіпкерлердің шынайы өмірі мен жағдаяттарға сүйенген дұрысырақ екеніне көз жеткізген. Жаратылыстану бағытында алғаш бұл әдіс Ресейде қолданылып, жақсы нәтижелер көрсеткен. Кейс әдісі бойынша мұғалім тақырыпқа сай, шынайы өмірден немесе қиялдан алынған жағдаяттарды жинап, сол берілген материалды талдап, талқыға алып, өзіндік баға беру және ситуацияға шешім ұсыну мақсатымен оқушыға ұсынады. Кейс бір сағат немесе бірнеше сағаттық зерттеу жұмыстарына ұласуы мүмкін. Сонымен қатар, оны жекелей және топтық жұмыс ретінде де ұсынуға болады. Кейс әдісі бірнеше кезеңнен тұрады: 1-мұғалімнің тақырыпқа сай материалдарды жинауы

(видеобаяндар, жағдайдың қысқаша сипаттамасын беру және соған байланысты суреттер мен құжаттар, т.б.), 2-оқушыға материалдың ұсынылуы, 3-оқушының анализі мен шешімі. Кейс әдісінде қолданылатын материалдардың ішіндегі ең тиімдісі – видеобаяндар. Мұнда телебағдарлама, бейнедеректердің рөлі өте зор. Кейс әдісін қолдану арқылы, берілген шынайы өмірдегі материалдарды талдау барысында баланың сыни тұрғыдан және шапшаң ойлау қабілетін дамытамыз. Егер жұмыс ұзақ мерзімді болса, оқушының зерттеушілік дағдыларын да қалыптастырамыз. Қазіргі кезде жасөспірімдердің алған білімін қолдана алмағандықтан, оның өмірде қажет еместігін алға тартады. Соның салдарынан оқушы жекелеген пәндерді ғана оқуы немесе оқу процесінде оқушының селқостығы байқалады. Кейс әдісінде аталмыш жағдайға шешім ұсыну арқылы оқушы алған теориялық білімін практикада қолданып, оқуға деген құштарлығын артады. Жеке басымның тәжірибесі бойынша, кейс әдісін қолдану арқылы кейбір қиын тақырыптардың оңай қабылданғанын байқадым. Мысалы, 10 сыныптарда генетиканың мутация және соның салдарынан туындайтын аурулар тақырыптары теория жүзінде оқып қабылдау балаға қиынға соғады. Әрі, осы тақырыпқа байланысты ішінде қаншама сұрақтары да жауапсыз қалады. Сол кезде кейсті ұсыну арқылы баланы қызықтырып қана қоймай, баладан шешім күту арқылы тақырыпты игеруге итермелейсіз. Мысалы, мутациялық ауруларды өтіп жатқанымда, мұғалім америкалық Сильвия есімді әйелдің сырқаты туралы бейнебаян көрсетті. Шынайы өмірден адамды көру оқушыларға қатты әсер етті. Тіпті, атақты адамдардың қайсысында қандай сырқаттың болғаны туралы суреттер көрсеткенде бұл сырқаттар туралы түсінік оқушылардың жадында тіпті жатталып қалды. Ал оқушылардан тақырыпты қорытындылау қажет болғанда, олар тек биология пәнінен ғана емес, ғылымның басқа салаларынан (медицина, фармакология, агроөнеркәсіп т.б.) және техникадан хабардар болғанын білдірді. Сонымен қатар, оқушылар тақырып бойынша тек теориялық білімді ғана емес, жүргізіліп жатқан зерттеулер, проблемалар, күнделікті өмірдегі қолданысы мен пайдасы туралы да білді. Мұғалімнің ұсынысы: Видеобаяндарды *BBC*, *National Geographic*, *Discovery science* телеарналарының жобаларынан, *Tedtalks* бағдарламасына келетін адамдардың жаңалықтарын және www.twig-world.com (мұнда видеобаяндар ғана емес, кескіндер мен емтихан материалдарын да алуға болады) сайтынан таба аласыздар.

Қызылорда қаласы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының жас ұстазы Тәуенова Толқын Маратқызы оқу сапасын жақсартуда формативті бағалауды өз сабақтарында пайдаланып жүр. Бұл технологияны пайдалану нәтижесінде: оқушылар оқудың мақсатын білуі және түсінуі қажет; мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек; бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек; нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру керек; оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету. Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады. Мұғалім бала дұрыс жауап беру үшін оған уақыт беруі қажет. Егерде бала қателесе, жетекші сұрақтар қойып, баланы өзі

дұрыс жауап табуға бағыттайды. Кері байланыс көбінесе уәж болып табылады және де ол мұғалім мен оқушы арасында сенім мен сыйластық орнатады. Сөйтіп, мұғалім әр оқушының нені біліп, нені ойлап, қалай оқитыны туралы неғұрлым көп білсе, соғұрлым оқушылардың жетістіктерін арттыруға және өзінің білімін жетілдіруге мүмкіндігі көп. Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы қажет және «Оқу түбі тоқу» дегендей, оқушы алған білімін қолдана білуі керек. Сондай-ақ алған білімін түрлендіруі, дамытуы және толықтыруы қажет. Әртүрлі қалып пен мәнмәтінде қарастыра білуі керек. Оқушылардың өзін-өзі бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінуі қажет. Бағалау үдерісін шынайы және бәріне түсінікті болу үшін бағалау критерийлерін құру керек. Оқушылардың өз жұмыстарын талдауға мүмкіндіктері мен біліктері сай болуы қажет. Өзінің оқу мақсаты мен жетістікке қалай жетуін білу үшін оқушылар өзін-өзі бағалауды үйренуі керек. Ол үшін оқушылар өзін-өзі бағалау және бірін-бірі бағалау парақтарын, өз ойын пайымдайтын сұрақтар беруге болады. Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгертуге болады. Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Формативті бағалауды пайдалану тиімді оқытудың негізі болып табылады. Себебі, бағалау оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру жолдарына елеулі әсер етеді. Мұғалім орта сынып оқушыларын бағалауды алдымен «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалаудан бастайды. Мұндағы мақсаты – өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау. Технологияның тиімділігі: сауалнаманың нәтижесін, білім сапасы мониторингісінің нәтижесін анықтау мүмкіндігі және проблема бойынша жұмысқа талдау жасау (SWOT-анализ) мүмкіндігі. Күшті жағы: барлық жастағы балалардың зерттеу әрекетін қолдайтындар жарыстардың, түрлі конкурстардың болуы. Әлсіз жағы: барлық балалармен бірге жоба жазу, қатысуының тиімді жолдарын білмеушілік. Мүмкіндіктері: мұғалімнің дарындылықты дамытудың тәжірибесінің қалыптасуы, жинақталуы, басқа оқушыларды тартуы. Қауіп: бала бойындағы ерекшеліктерді уақытында қолға алмау, бала қажеттігін қанағаттандыра алмау. Информатика сабақтарында формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау – білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта дамуы керектігін және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді әзірлеу және түсіндіру үдерісі. Бұл ретте мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Оқушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы мүмкін және мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, оқушылар белсенді қатысуы керек. Формативті бағалау мұғалімдерге сыныптағы оқушылардың үлгерімін бақылап отыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, жалпы білім беретін мектептерде оқытудың жаңа инновациялық технологияларына, әдіс-тәсілдеріне ізденіс жүргізілуде. Сондықтан педагогикалық технологиялар процессуалдық категориялар болып табылады және өздерін белгілі қызмет жүйесі деп табады.

Жаңа технологиялардың пайда болуы мен таратылуы педагогикалық қызметтің өзінің өзгеруін және мақсатты тапсырмалар, құндылық бағдар, нақты білім, білік, дағдыларға маңызды қайта құруларды.

Қорытынды

Қазіргі жалпы білім беретін мектептер реформалаудың өте күрделі кезеңінен өтіп жатыр. Қайта түрлендірудің басты мақсаты – оқыту мен тәрбиелеуді уақыт сұранысына қарай барынша жетілдіру, тұлғаның дарындылығын ашуға көмектесу, шығармашылық мүмкіншіліктерін дамытуға арналған жағдайларды жасау. Бұл дегеніміз, бірінші кезекте оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді жетілдірудің міндеттерін шешу, олардың жас және психологиялық ерекшеліктерін зерттеп білу және есепке алу, олардың бойында терең танымдық қызығушылықтарын қалыптастыра отырып, жүйелі білім негіздерімен қаруландыру болып табылады.

Тек, мектептегі білім берудің тұтас жүйесі ғана білім берудің басты негізі болып табылады, сонымен қатар кадрлық, әдістемелік, материалдық және тағы басқа да жағдайлар оқу-тәрбие үрдісін сапалы ұйымдастыруға мүмкіншілік береді [1].

Осы мәселелерді шешуде психология мен педагогикадан адамның жан-жақты іс-әрекетін және оқыту үрдісінде оны дамытудың жолдарын жүйелі зерттеуді қажет етеді. Аталмыш әдістемелік нұсқаулықтың көкейтесті негізгі мәселесі-педагогикалық технологиялар арқылы білім деңгейін арттыру құралы ретіндегі оқыту үрдісін дараландыру.

Аталмыш мәселеге арналған зерттеулер даралап оқыту мәселесін жан-жақты шешудің ерекшеліктері мен ауқамдылығын растайды.

Бүгінгі күні оқыту мен тәрбиелеудің ерекше маңызды 4 түрі атап көрсетілген: іс әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік және денсаулықты сақтау. Құзыреттілік жағы бүгінгі күні білім беру жүйесінің барлық буындарына еніп, кәсіби орнықтылық пен оңтайлы әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ететін кәсіби және тұлғалық сапалардың қажетті жиынтығының білім алушының бойында қалыптасуын болжайды. Құзыреттілік жағын іске асыруда мұғалімдерде түрлі құзыреттіліктердің қалыптасуын, соның ішінде педагогикалық жаңалыққа дайын болуларын қажет етеді. Бұл беталыстарды педагог кадрларды даярлаудың заманауи жүйесінде есепке алып отыру қажет.

Жаңа инновациялық технологияларды, оқытудың әдіс-тәсілдерін іздеуде догматикалық орныққан, біртекті әдістемелерден бас тартып, қоғамдық дамудағы жаңа парадигмаға көшу қажет.

Сондықтан да, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сұранысы бойынша Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында қолданыстағы педагогикалық технологиялардың мониторингі туралы хабарламаға жіберілген ақпараттарды жүйелеу мен жіктеуде біршама қиыншылықтар болды.

Жоғарыда атап өткендей (кіріспе, аталмыш әдістемелік нұсқаулықтың 1 бөлімі), сауалнамаға 2906 респондент (жеке субъектілер) және 11 білім беру ұйымдары (ұжымдық субъектілер) қатысты.

Мониторингінің технологиялық карталарын, технологиялық процедураларын және әдістерін әзірлеу үшін оның негізгі түсініктерімен

байланысты бастапқы ұстанымдарын анықтау қажет.

Мониторинг нысаны мен мәніне сәйкес болып табылатындар: педагогикалық мониторинг, педагогикалық әдістемелер және педагогикалық технологиялар, педагогикалық инновациялар.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде заманауи педагогикалық әдістемелер мен технологияларға педагогикалық мониторингіні әзірлеу және өткізу үшін алдымен мониторинг ұғымын анықтау керек.

Сонымен, педагогикада мониторинг ұғымына жатады:

- оқу үрдісін үздіксіз, ұзақ қадағалау және оны басқару;
- оқыту мен тәрбиелеу жағдайын ұзақ бақылау және қолайсыз, қауіпті немесе жол бергісіз жағдайлардың мүмкін болуы туралы қатысушыларды уақтылы ақпараттандыру жолымен осы үрдістерді басқару [2];
- педагогикалық жүйелер қызметі туралы кез келген ақпаратты өңдеу, сақтау, беру жүйесі;
- педагогикалық қызмет нәтижелерін қадағалау;
- білім берудегі қандай да бір үрдісті, оның ықыласты нәтижесіне немесе алдыңғы болжамдарына сәйкестігін анықтау мақсатында үнемі қадағалау;
- оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін үздіксіз қадағалаудың диагностикалық негізделген жүйесін және мектептің басқару шешімдерін, реттеуші және түзету қызметін қабылдау [3];
- оқушылар қызметінің нәтижелерін психологиялық – педагогикалық қадағалау жүйесі мен педагогтар қызметінің ғылыми – әдістемелік жұмысы.

Бізге белгілі болғандай, соңғы анықтама педагогикалық мониторингінің сипаттамасын нақтырақ анықтайды, өйткені педагогикалық қызметте айнымас екі бағыт бар: ілім қызметі (оқушылар) және оқыту қызметі (педагогтар). Олар бір-біріне ұмтылған екі ағым және өзара шарттастықта, сонымен қатар олар бір - бірінсіз әрекет етуі мүмкін емес.

Демек, білім берудің нақты тәжірибесінде қолданылатын педагогикалық технологияларды зерделеу кезінде олардың нәтижелілігін анықтау қажет. Бір сөзбен айтқанда, педагогикалық үрдістің сапасына қанша оңды әсер етсе, білімалушылар қызметінің нәтижелеріне сонша әсер етеді. Сондықтан біз әзірлеген мониторингінде оқыту нәтижелерімен байланысты ерекше тарау көрсетілген.

Осы пікірімізді нығайту үшін педагогика ғылымында білім беру жүйесін бағалауда жалпы қабылданған көзқарастарға қатысты тұжырымдар бойынша шығатын бірнеше пікірлерге жүгінуді жөн көрдік:

- үрдісті бағалау;
- нәтижені бағалау;
- алдыға қойылған мақсат нәтижесінің сәйкестігін анықтау;
- жүйенің бастапқы және соңғы жағдайының ара қатынасын бағалау.

Осы жұмыстың екінші ұстанымы осы бастамаға негіз болып табылады.

Заманауи педагогикалық әдістемелер және педагогикалық технологиялар ұғымы біздің жұмыстың келесі негізгі ұғымы болып табылады. Осы уақытта осы екі түсінік тағы анық шектелген, олар көбінесе бір синонимиялық қатарда

айталады, осы мағынаны ғалымдар өз жұмыстарында атап көрсеткен. Сонымен бірге, «технология» ұғымы «әдістеме» ұғымына қарағанда кеңірек ауқымды және жоғары деңгейдегі феномен блып саналады. 11-кестеде көрсетілген материалдар осыны растайды.

11-кесте – Оқыту (тәрбиелеу) әдістемесінен педагогикалық технологиялардың негізгі ерекшеліктері [4].

Педагогикалық технология	Оқыту (тәрбиелеу) әдістемесі
1	2
1. Педагогикалық технология әрқашан кейбір алгоритм ретінде сипатталуы мүмкін (педагогтың және оқушының ұштасқан әрекетінің тізбегі, кезеңдер мен сатылар жиынтығы).	1. Әдістемеді әрқашан қызметтің нақты алгоритмін анықтауға болмайды.
2. Педагогикалық технология мақсаттардың диагностикалық қойылуын талап етеді. Оқыту (тәрбиелеу) мақсаттары диагностикалау арқылы қалыптастырылады, нақты нәтиже арқылы – («түсінікті ... қалыптастыру», «дағдыны жинақтау» және т.б.) түсіндіріледі.	2. Әдістемеді педагог жиірек оқыту (тәрбиелеу) мақсаттарын меншіктік қызмет арқылы немесе зерделенетін мағына арқылы («оқушыларды үйрету...», «материалды оқып білу...») түсіндіреді.
3. Педагогикалық технология әрқашан концептуалды, яғни нақты философиялық, психологиялық, педагогикалық, нейробиологиялық, этикалық концепция негізінде әзірленеді.	3. Әдістеме - нақты ғылыми тұжырымға сирек сүйенеді. Ол практикалық тәжірибеден жиі шығарылады.
4. Педагогикалық технология әмбебап, яғни барлық немесе қалай болғанда да көптеген пәндерде қолданылуы мүмкін.	4. Әдістеме - анықтама бойынша пәнді, яғни оны қолдану бір оқу пәнімен немесе жақынтұыстық пәндердің кішкене санымен шектеледі.
5. Педагогикалық технологияның қасиеті – жүйелі шұғыл кері байланыстың болуы. Ол дегеніміз мұғалімнің нақты көрсеткіштер негізінде барлық оқушылар қызметінің аралық нәтижелерін үнемі бақылау (ол үшін тестілер жиі қолданылады).	5. Әдістемеді жиірек эпизодтық бақылау қолданылады, яғни әртүрлі сұрақтар бойынша әр күндері оқушылар сұралады.
6. Педагогикалық технологияны қолдануда ереже ретінде білім мағынасын нақты өңдеуді талап етеді. Ол дегеніміз, осы технологияға сәйкес мұғаліммен оқу материалы өңделеді (қайта құрылады)	6. Оқыту әдістемесі ереже бойынша материалдың мәнін қозғамайды.

<p>7. Педагогикалық технология қолдану қасиетіне ие, яғни оны кез-келген мұғалім өз жұмысында қолдана алады және табысты нәтижеге жете алатын болады.</p>	<p>7. Оқыту (тәрбиелеу) әдістемесі сол әдістеме авторының тұлғалық ерекшеліктерімен тығыс байланысты және басқа мұғалімдер қолданған кезде қиындық туады (бірақ әдістеменің жеке элементтерін технологиялануы мүмкін).</p>
---	--

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде заманауи педагогикалық әдістемелер мен технологияларды әзірлеу кезінде осы салыстырмалы талдауларды ұсынған ғалымдармен келісе отырып, біз оның құрылымының екі үлкен тарауын айқындадық: жүйелі технологиялар және локальды технологиялар.

Олардың алғашқылары мынадай критерилерге сәйкес келеді:

- нәтижелілік, әрбір білімалушы жоғары нәтижеге жеткен кезде;
- үнемділік, уақыт бірлігі кезінде оқытушы, сол сияқты оқушы тарапынан артық күшсіз оқу материалдарының үлкен көлемі анық игеріледі;
- эргономиялық, оқыту қолайлы ортада, әріптестік жағдайында, оңды көңіл күйде, сол сияқты жүктеме және мөлшерден тыс шаршаудың болмауы кезінде өту кезінде;
- пәнді оқып үйренуге жоғары уәждемені құру, оқушының оңды тұлғалық қасиеттерін анықтау және дамытуға, резервтік зияткерлік және психологиялық мүмкіндіктерді ашуға мүмкіндік береді;
- басқарушылық (педагогикалық технология әрқашан диагностикалық мақсатқа жету, жоспарлау, педагогикалық құралдарды түрлендіру, нәтижелерді бақылау және түзету мүмкіндігін болжайды [5-27]).

Осыған сәйкес мониторингінің бірінші құрылымдық блогында білім беру ұйымдары ауқымында қолданылатын технологиялар көрсетілген, яғни онда ұжымдық субъект іске қосылған (мектептің барлық педагогикалық ұжымы немесе мұғалімдердің шығармашылық тобы енген).

Технологиялардың екінші блогі көп дәрежеде жоғарыда 1-кестеде көрсетілген педагогикалық әдістеме белгілеріне сәйкес келеді. Басқаша айтқанда, осы құрылымдық тарауда жеке оқытушылармен (ұжымдық емес, жеке субъект) оқу – тәрбие үрдісінде қолданылатын біз әзірлеген мониторингінің сол технологияларды (әзірлемені) қолдану жолдарын көрсететін материалдар жинақталған.

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде қолданылатын педагогикалық әдістемелер мен технологияларды талдау кезінде екі жағдайларды басшылыққа ала отырып, біз зерттеу жұмысымызда мынадай құрылымдық компоненттерді ескердік:

- мақсатты компонент (оқыту, тәрбиелеу, оқушылардың дамуы диагностикалық қалыптастырылған мақсаттары);
- концептуалды компонент (осы технологиялардың методологиялық

негізін құраушы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамасы немесе тұжырымдамалар (концепциялар));

– мағыналы компонент (оқу материалының мағынасы, арнайы оқу немесе тәрбиелік тапсырмалар);

– процессуалдық компонент (мұғалім және оқушы ұштасқан қызметінің кезеңдері мен сатылары және әрбір кезеңде қолданылатын әдістер, тәсілдер, құралдар және оқыту немесе тәрбиені ұйымдастыру түрлері);

– диагностикалық компонент (оқыту және тәрбиенің алдыға қойған мақсаттарына жету дәрежесін өлшеу үшін диагностикалық әдістемелер жинағы).

Аталмыш әдістеменің келесі негізгі ұғымдарының біріне педагогикалық инновация ұғымы жатады. Осы ұғымның мәнін ашу контексті білім үрдісін технологизациялау субъектілерінің инновациялық – педагогикалық қызметі болып табылады. Соған байланысты біз бірнеше санаттар қатарын талдадық: «қызмет», «педагогикалық қызмет», «инновациялық қызмет», «инновация», «инноватика», «жаңашылдық», «жаңалық енгізу», «педагогикалық инновация», «педагогикалықжаңашылдық», «инновациялық білім», «инновациялық оқыту», «инновациялық үрдістер» және т.б.

Осы қатардағы негізгі орталық болып педагогикалық қызмет санаты табылады. Педагогикалық қызмет санаты заманауи ғылымдарына негізделіп әзірленген. Ол туралы мәнін тану оның эволюциясы куәлендіреді, қызмет ұғымы екіжақты рөлді атқарады: 1) дүниетанымдық, түсіндірме принципі және 2) әлеуметтік ғылымдар қатарының методологиялық негіздемесі, онда адам қызметі – зерттеу нысаны болып табылады.

Оның анықтамасын талдау ең алдымен жалпылау сипаттарында қоршаған дүниеге қарым-қатынасының арнайы адами түрі туралы түсінік береді, оның мәні сол өзгерудің және қайта құрудың жөнділігінен тұрады. Адамның қызметі қызметті қарама - қайшы қоюдың нақты субъектісі мен объектісін болжайды: материал ретінде қызмет нысанын адам өзіне қарама- қарсы қояды, ол жаңа форма және қасиеттерден туындауы керек, ал туындаған материалдан қызмет өніміне айналады. Қызмет мақсаттан, құралдан, нәтижеден және үрдістің өзінен тұрады. Демек, оның саналылығы қызметтің ажырамас сипаттамасы болып табылады. Егер қызметтің негіздемесі саналы қалыптасатын мақсат болып табылса, онда мақсаттың өзінің негіздемесі адами дәлелдер, идеалдар және құндылықтар саласында қызметтен тыс жатады. Заманауи ғылыми – техникалық даму тек өнер немесе руханилық саласындағы қызмет қана емес, сонымен бірге ғылыми-танымдық қызмет оның рухани бағдарларына байланысты, адами тіршілікке оның әсерінен өзінің мағынасын алады. Басқа жағынан біресе адами болмыстың жоғары мағынасын тасымалдаушы рөлінде болса, біресе қажеттілік құқығында бола тұра, бірақ өмірдің қадірлі емес жағдайларында басқа әлеуметтік факторлар қызметтің өзіне тәуелділігіне, мәдениеттің әртүрлі түрлерінде оның маңызы түрліше орын алатынын білдіреді.

Біз қарастырған мәселелер кеңістігінде барша педагогикалық қызметтің

көптеген жіктеулерінің формаларынан (рухани және материалдық, өндірістік, еңбек және еңбек емес) ең маңыздысы репродуктивті және өнімді қызметтің ара салмағы болады (белгілі құралдармен әлдеқашан белгілі нәтиже алуға бағытталған), өйткені соңғы форма жаңа мақсаттарды өндірумен байланысты және оларға тиісті құралдармен немесе жаңа құралдар көмегімен белгілі мақсаттарға жетумен байланысты шығармашылықты болжайды. Педагогикалық көріністерде қызметтің шығармашылық бастауы оның инновациялық сипатын атауландырмайды, яғни жаңа нәтижелерге жету, құралдар оларды алу тәсілдері, дәстүрлі қызметтің кертартпа компоненттерін жеңу [28]. Оны инновациялық қызметтің тағы бір анықтамасы растайды, яғни әлеуметтік-педагогикалық феномен ретінде түсіндіруші, оның шығармашылық әлеуетін көрсетуші және нормативтік қызметтің шегінен шығушы ретінде сипатталады [29]. Сонда, біз алдымен оның шығармашылық құрамының үстемділігін білетін боламыз. Ол педагогикалық қызмет нәтижелерінің бағалау механизмін әдістеу үшін ерекше маңызға ие, соның ішінде педагогикалық технологияларды әзірлеу және қолдану.

Қызметтің қайта өзгерту мағынасын түсіне отырып, ол абсолютті нұсқада кез-келген педагогикалық қызметтің инновациялығына да үміттен алатынын біз алдымен педагогикалық инновациялар табиғатын терең зерделеп, осы ұғымдарды межелеп бөлуді шештік.

Осындай зерделеу «жаңашылдық» ұғымы «жаңалық енгізу» ұғымымен «нәтиже ↔ үрдіс» ретінде ара қатысын белгілеуді көрсетті:

– жаңашылдық – жаңа тәртіп, жаңа дәстүр, жаңа әдіс, жаңалық ашу, жаңа құбылыс [30];

– жаңалық енгізу – жүйенің бір жағдайдан басқа жағдайға ауысуын көрсететін жаңа тұрақты элементтерді енгізетін ортаға енгізуші мақсатты өзгеріс [31-34].

Және «педагогикалық жаңалық» ұғымымен де соған ұқсас сипаттама (ғылыми және практикалық шығармашылықтың, алдыңғы қатарлы мұғалімдер тәжірибесінің қорытындысы) және «педагогикалық жаңалық енгізу» бірнеше сипатта айтылады:

– білім саласына жаңа тұрақты элементтер (жаңашылдықтар) енгізетін мақсатты өзгерістер, жеке тарауларға, компоненттерге және біртұтас жүйе ретінде білім беру жүйесінің өзінде заманауи және жаңартылған әзірлемелер құрамында болуы;

– жаңашылдықты игеру үрдісі (жаңа құралдарды, әдісті, әдістемені, технологияларды және т.б.);

– ізгі әдістемелерді және бағдарламаларды іздестіру, оларды білім беру үрдісіне енгізу және оларды шығармашылықпен қайта толғану.

Жаңалықты енгізудің соңғы анықтамасы ғылыми – зерттеу қызметіне тиісті, өйткені «ізгі әдістемелерді іздестіру» кез-келген ғылыми ізденіске ұмтылыс идеалығымен ықпалдасқан, ал «шығармашылықпен қайта толғану» тең шамада ғылыми – зерттеуге де және тәжірибелік қызметке де жатады. Және тағы да біз қызметтің шығармашылық құраушысымен түйісеміз. Бірақ,

жаңашылдықты енгізу үрдісінде сол қызметтің қайта өзгерту бастамасына қарағанда генерирленген сипатта болады. Біздің пікіріміз осы «жаңашылдық» және «жаңалық енгізу» жіктемелерімен жақынырақ таныссақ нақтыланады:

Педагогикалық жаңашылды жүргізу бойынша жіктемесі:

- 1) *шыққан жері бойынша* (ғылымда немесе тәжірибеде);
- 2) *шыққан уақыты бойынша* (тарихи немесе заманауи);
- 3) *күту, болжау және жоспарлау дәрежесі бойынша* (күтілетін және күтпеген, жоспарланған және жоспарланбаған);
- 4) *енгізу мүмкіндіктері бойынша* (уақытылы және мезгілсіз, салыстырмалы жеңіл енгізілетін және қиын енгізілетін);
- 5) *педагогикалық білім саласы бойынша* (дидактикалық, тарихи-педагогикалық, мектептану және т.б.);
- 6) *жаңашылдық дәрежесі бойынша* (абсолюттік және салыстырмалы);
- 7) *педагогикалық үрдістерді қайта құру дәрежесі бойынша* (түпкілікті және бірен – саран өзгертулер енгізуші);
- 8) *педагогикалық жүйеге қатысты* (жүйелі және жүйелі емес);
- 9) *біртумалылығы бойынша* (біртума және төмен біртумалылығы) [35].

Жаңалық енгізуді жіктеу үшін негіздемелер болып табылады:

- 1) *қызмет түрлері* – педагогикалық, қамтамасыз етуші, басқарушы;
- 2) *өзгертулер нысаны* – ресурстық, технологиялық және өнімдік;
- 3) *енгізілетін өзгертулер сипат* – радикалды (принципиалды жаңа ойлар мен әдістерге негізделген), комбинаторлық (белгілі элементтерді жаңаша тіркестіру), модифицирленген (жетілдіруші және толқытырушы бар үлгілер мен формалар);
- 4) *енгізілген өзгертулердің ауқымы* – локалды (жеке учаскелер немесе компоненттердің бірі бірінен тәуелсіз өзгерістері), модульдық (бірнеше локалды жаңалық енгізудің өзарабайланысты және өзара келістірілген тобы), жүйелік (тұтас ретіндегі жүйені толық қайта құру);
- 5) *қолдану ауқымы* – жеке және диффузды (өзарасіңісуші; таралған және жайылған; анық емес, көмескі);
- 6) *шығу көзі* – сыртқы (білім жүйесінен тыс), ішкі (білім жүйесі ішінде әдістеледі) [3].

Осы ғылыми материалды біз адами қызметтердің шығармашылық және қайта жасаушы құрамының қиындығы мен күрделілігін көрсету мақсатында бердік. Кілт сөздер деңгейінде де (жаңашылдық және жаңалық енгізу) біз нәтижелілік және процессуалдық феномендердің қиысуын алдық. Осы деңгей «инновация (педагогикалық)» және «инноватика (педагогикалық)» ұғымдарын енгізумен күрделенеді:

– педагогикалық инновация – педагогикалық қызметке жаңалық енгізу, олардың тиімділігін арттыру мақсаты бар оқыту мен тәрбие технологиясы мазмұнына өзгеріс енгізу [36];

– педагогикалық инноватика – педагогикалық қызметті, оның принциптерін, заңдылықтарын, әдістерін және құралдарын жаңарту үрдісін зерттейтін педагогикалық ғылым саласы [37].

Сонымен, толық ғылыми саланың – инноватиканың (педагогикалық) пайда болуы біз талданған ұғымдардың күрделілігіне себепші болды. Оның теориялық әдістемелері «инновациялық білім» «инновациялық оқыту» ұғымдары ең кең зерттеулер шеңберімен қолданылуда көрініс тапты. Олардың біріншісі жеке адам ретінде, сол сияқты толық қоғам ретінде жаңа қызмет түрін ынталандыратын және жобалайтын сондай оқу және білім беру қызметінің үрдісі және нәтижесі түсініледі [38]. Екінші ұғым – инновациялық оқыту – ғалымдардың ең көп назарына болып және былай айтылады:

1) дәстүрлі, нормативтік оқытуға қатысты альтернативті білімді игерудің ерекше түрі;

2) мұғалім ұстанымын демократизациялау арқылы мұғалім мен оқушылар тұлғасын дамытуды қамтамасыз етуші үрдіс және оларды біріккен шығармашылық, өнімді қызметке енгізу;

3) зияткерлік-коммуникативтік қызметті және креативтікті дамыту деңгейін арттыру негізінде көмескі болашаққа жоғары даярлықты білдіретін оқу әріптестігінің сипатын өзгерту;

4) Жаңа жағдайларда біріккен әрекеттерге білімалушылар қабілеттерін дамытуды тұспалдаушы білімді игерудің ерекше түрі;

5) Ғылыми және мәдениеттану білімдерін қолдану негізінде оқытудың мақсатты жобалау үрдісі;

б) тұлға дамуының мақсатты ұйымдастырушылық жағдайы; онда болашақта жобаланады және осы болашақты жүзеге асыруға даярлық, ол «ертеңге оқыту» [28].

Осы бекітулердің ауқымдылығына және негізделуіне күмән келтірмей, біз тек қана олардың педагогикалық инноватиканы әрі қарай дамыту үшін оның шыққан жері ретінде қана белгілейміз, онда «инновациялық-дидактикалық қызмет» ұғымы соңғы анықталардың бірі болып табылады. Мұғалімнің зерттеу мәдениетін қалыптастыру мәселесін әзірлей отырып, Ш.Таубаева осы контексте мұғалімнің және оның өзідігінен білім алуының 3 кәсіби саласын бөлді, олардың бірі ғалымның пікірі бойынша инновациялық-дидактикалық қызмет - мұғалімдер және т.б. үшін оқу бағдарламаларын, оқулықтарды, оқу – әдістемелік құралдарды, әдістемелік нұсқауларды жобалау және әзірлеу [28].

Инновациялық-дидактикалық қызмет ұғымы білімнің нақты тәжірибесінде қолданылатын педагогикалық әдістемелер мен технологиялар мониторингін әзірлеу кезінде негіздемеге алынды.

«Қайта өзгеруші қызмет» және «инновациялық қызмет» ұғымдарына қайта ораламыз. Оларды межелеуге негізгі шығармашылық жұмыстың табиғаты жатыр. Бірінші жағдайда шығармашылық еркіндігі дәрежесінде шығармашылық деңгейінде мақсатты тапсырмалардың берілуімен анықталады, атап айтқанда, осы қызметтің (қайта құрушы) саналылығы мен басқарушылығы. Шығармашылықтың инновациялық қызметінде идеяларды генерациялау сипатында болады, ол көбінесе кенттен, басқарусыз, мақсатсыз шығатын идеялар, жаңа стильді және жаңа бейнені генерациялау деңгейінде шыға отырып, соңындағы пайымдау үрдісінде осы мақсаттарды және

бағдарларды өзі қоюымен ерекшеленеді.

Сонымен, педагогикалық инновациялар табиғатын, педагогикалық технологиялардың мәнімен ара қатынасын белгілеуді зерттеуде инновациялық білім ретінде оның мәнін түсіну үшін бізге толық негіздеме қате болды, яғни:

– біріншіден, ол педагогтар үшін де және білімалушылар үшін де жаңа оқу және білім беру қызметінің түрі;

– екіншіден, педагогикалық әріптестік сипатын өзгерту болады;

– үшіншіден, ол «ертеңгі күннің» оқуы.

Білім беру үрдісінде педагог әрқашан жетекші тұлға болып қалады. Сондықтан білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістерді ұйымдастыру үшін үнемі және қарқынды дамушы педагогикалық қызметтегі оның біліктілігі, оның кәсіби даярлығы, жеке меншік қызметті жүзеге асыруға оның дайындығы маңызды мәнге ие болады.

Осы себепшарттар біздің зерттеу жұмысымызда Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қолданыстағы педагогикалық әдістемелер мен технологиялардың мониторингін әзірлеу кезінде ескерілген болатын.

Жолданған материалдарды талдаудың барысында анықталғаны:

- мұғалімдер көбінесе әдістеме мен технология арасындағы негізгі ерекшеліктерді білмейді, өйткені онда әдістеме ретінде мұғалімге дайын тақырыптық жоспар ұсынылады, ал «... технологияда алдымен оқытудың мақсаты туралы біздің ұғымымыз технологияланады. Технологияда ең бастысы – мақсатқа жетеді немесе мақсатқа жетпейді, осының өзі технологияның тиімділігі болып саналады» [1]. Сондықтан да, мониторингінің әдістері мен технологиялық процедураларын таңдау кезінде, зерттеудің таңдау жиынтықтарын анықтау барысында тура сауалнамалауға тоқтауды жөн көрдік және оған мектеп мұғалімдері де тікелей қатыса ады. Педагогикалық технологиялар процессуалдық санат болып табылады және қызметтің нақты жүйесінен тұрайды. Заманауи технологиялардың шығуы және таратылуы оның қызметінің өзгеруін, мақсатты тұрақтылықтардың, құнды бағдарларының, нақты білім, білік, дағды мен шеберліктерінің қайта құрылуын білдіреді. Сондықтан да, осы инновациялық үрдістер ең алдымен педагогикалық ойлаудың инерттілігін жеңуді талап етеді;

– білім беретін мектептердің мұғалімдері өздерінің жұмысында негізінен сыни ойлау технологияларын, мәселелік оқыту, тұлғалық – бағдарлы оқыту, әртүрлі деңгейлі тапсырмалар, модульдік оқытуды қолданады, соның ішінде ҒЗМ жеті модулі технологиясын, жобалық – зерттеу оқытуы, сондай –ақ ақпараттық – коммуникативтік, ойын технологияларын, оқытудың денсаулықты сақтап қалушы технологиялары, аса белгілі емес кейс –стади, Давыдовжәне Элькониннің дамыта оқытуы, әріптестік және диалогтік қарым – қатынас технологиялары, В.К. Дьяченко бойынша КСО; оқытудың конструктивистік теориясы; В.Ф. Шаталовтың сұлбалық және таңбалық модельдер негізінде оқытудың интенсификация технологиясын;

– респонденттердің жұмыстарын зерделеу негізінде Интернет-ресурстар

материалдарын жиірек қолданған, бұл ретте сол немесе басқа технологияны жеке- шығармашылық қабылдау байқалмайды, яғни нақты оқу жағдайларында мұғалімдермен қолданудың жеке тәжірибесін тіркеу күтілген болатын (мектептің, пәннің және т.б. ерекшеліктерін ескерумен);

– мұғалімдердің берген мәліметтері бойынша көрсетілген технологиялар соңғы 5-7 жылда қолданыла басталған, бірақ сауалнамада соңғы 15-20 жыл сұралғанына қарамай, өйткені сол немесе басқа технологиялардың білім беру үрдісінде қолдануда алшақ уақыттағы нәтижелердің бар екендігі анықталды (педагогикалық үрдісте тез нәтижелер болмайды);

– соның салдарынан, мұғалімдерге сол немесе басқа технологияларды қолданудың нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік болмады, олардың бағалау бойынша ой – пікірі егжей – тегжейлі және аналитикалық емес жалпылама және сипаттаушы болды, басқа сөзбен айтқанда көптеген мұғалімдер сол немесе басқа критерилер бойынша көрсеткіштер қарқынындағы оқыту нәтижелерін байқауда, алынған нәтижелерді талдауда, табыстылықты бекіту және ағаттықтарды жою және т.б. бойынша әрі қарайғы әрекеттерін болжауда өздерінің шеберліктерін көрсете алмады, сұрастырылғандардың 10% басқалары оқыту нәтижелеріндегі көбеюдің пайыздық ара салмағын көрсетуге тырысты;

– атап айтқанда мұғалімдердің осы үлесі (10%) ол немесе басқа технологияларды тәжірибелік қолдануы бойынша нақты ұсыныстар берді.

Жіберілген эссені талдау барысында сондай – ақ жоғары санаты және 20 жылдан аса өтілі бар мұғалімдер кәсіби шеберліктерін арттыруға аз уәждеме танытты, ал төменірек біліктілік санаттарымен (1-ші бірінші және 2-екінші) және 20 жыла дейінгі өтілдерімен өздерінің эсселерінде инновациялық қызметке үлкен ниеттерін танытады, яғни сол немесе басқа педагогикалық технологияларды қолдану тұрғысынан өздерінің әрі қарайғы ниеттерін білдіреді. Сол сияқты бастауыш сыныптар мұғалімдерінің жоғары белсенділігін атап өткен жөн.

Яғни, негізгі кезеңге тек ғана педагогтардың инновациялық қызметке даярлықтары ғана емес, сонымен қатар олардың инновациялық-шығармашылық белсенділіктері де енеді.

Еліміздің педагогикалық ұжымының алдына қойылған міндет - мектеп түлектерін сәтті әлеуметтендіре отырып, олардың саналы түрде болашақта атқаратын қызметтеріне байланысты сол мамандыққа саналы түрде даярлықтарын қалыптастыруға арналған мүмкіншіліктерді құру. Яғни, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларының жылдам қарқынмен енгізілуіне байланысты еліміздің педагогикалық қауымдастығының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру бойынша жүйелі жұмыстарды талап етеді.

Жоғарыда көрсетілген қорытындылар бойынша, ұсыныс:

1. «Педагогикалық әдістеме» және «педагогикалық технологиялар» ұғымдарының мынадай ара-қатынасы қабылдансын: біріншісі екіншісіне «жеке» «жалпыға» ұқсастық бойынша жатады, бұл ретте біріншісі белгілінің стандартты жағдайға қолдануын ұйғарады, ал екіншісі – оқыту мақсаттарынан шығатын стандартты емес жағдайлар үшін жаңа шешімдерді іздестіру.

2. Педагогикалық мамандықтар білім беру бағдарламаларында педагогика және пәнді оқыту әдістемесі курсына тиісті тақырыптарды өту кезінде негіздеме ретінде жоғарыда көрсетілген ұғымдардың дәл осы түсініктемелерін алу.

3. Педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде инновациялық-педагогикалық қызметке болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мақсатын ескеру, атап айтқанда инновациялық – зерттеу мәдениетін.

4. Педагогикалық технологияларды қолдану үрдісін, олардың нәтижелілігіне талдау, сол немесе басқа педагогикалық технологияларды қолдану салдарын болжауды сипаттау бойынша тренингтік сабақтарды ескере отырып мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру курстарын жоспарлау.

5. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептерде қолданылып жүрген заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістемелердің мониторингін кешенді және жүйелі негізде өткізу.

6. Зерттеу қызметіне мұғалімдердің мотивациясын арттыру және олардың инновациялық белсенділігін күшейту мақсатында олардың жұмыс өтілдері мен біліктілік санаттарын ескере отырып сайыстар, фестивальдар, педагогикалық технологиялар панорамаларын өткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – Астана, 2012 жыл.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 3 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама Астана, ҰБСБО, 2014 ж. – 292 б.
- 4 Кусаинова М.А. Индивидуализация учебного процесса в современной общеобразовательной школе. -Усть-Каменогорск, 1999.
- 5 Селевко Г.К. Компьютерные (новое информационные) технологии обучения.
- 6 Вологодская З.А., Усова А.В. Физикадан дидактикалық материал, Алматы «Рауан» 1991 ж.
- 7 Издательство образования и науки ООО <http://www.rusnauka.com/>
- 8 Шүйіншина Ш.М., Жексенбаева Б.М. Ж.А. Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологиясы және оның практикада қолданылуы «12 жылдық білім беру» журналы. №1 28-51.
- 9 Модульдік оқыту технолологиясы <http://www.adisker.com>
- 10 Модульдік оқыту технологиясының мүмкіндіктері <http://www.rusnauka.com>
- 11 Дамыта оқыту технологиясы. <http://kzgov.docdat.com>
- 12 Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. - Түркістан қ. А.Яссауи атындағы ХҚТУ, 2010. –Б. 48-49.
- 13 <http://www.adisker.com>
- 14 <http://collegu.ucoz.ru>
- 15 Қазіргі сабақтардағы проблемалық оқыту технологиясы <http://kazatu.kz/>
- 16 Оқушы әрекетін белсендіруге негізделген технологиялар <http://www.adisker.com>
- 17 Шаталов В.Ф. Тірек-сызбамен оқыту технологиясының тиімділігі <http://u-s.kz>
- 18 Оқу процесінде тірек-сызбаларды қолданудың тиімділігі <http://www.metod-kopilka.ru>
- 19 Денсаулық сақтау технологиясы арқылы жасөспірімдердің денсаулығын нығайту <http://zkoipk.kz>

Қорытындыдағы әдебиеттер

- 1 Национальный доклад о качестве среднего образования. 2014.
- 2 Полонский В.М. Словарь понятий и терминов по образованию и педагогике. – М., 2000. – 268 с.
- 3 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Словарь по педагогике. – М.: ИКЦ «МарТ»; – Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2005. – 448 с.

- 4 Соотношение педагогической технологии и методики обучения (воспитания). Критерии технологично организованного педагогического процесса. http://studopedia.ru/2_92878_vopros--sootnoshenie-pedagogicheskoy-tehnologii-i-metodiki-obucheniya-vospitaniya-kriterii-tehnologichno-organizovannogo-pedagogicheskogo-protssesa.html
- 5 Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М.: 1996.
- 6 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
- 7 Библер В.С. Школа «диалога культур» // Советская педагогика. – 1989. № 2.
- 8 Волков И.П. Цель одна – дорог много. Проектирование процесса обучения. – М.: Просвещение, 1990.
- 9 Границкая А.С. Научить думать и действовать. Адаптивная система обучения в школе. – М.: Просвещение, 1991.
- 10 Гузик Н.П. Учить учиться. – М.: 1981.
- 11 Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология в действии. // Начальная школа. – 1994. №4.
- 12 Кларин М.В. Развитие «педагогической технологии» и проблемы теории обучения. // Советская педагогика, 1984 г, № 4, -С. 117–122.
- 13 Крившенко Л.П. и др. Педагогика. – М.: Проспект, 2004. – 432 с.
- 14 Курганов С.Ю. Ребенок и взрослый в учебном диалоге. – М.: Просвещение, 1989.
- 15 Лысенкова С.Н. Методом опережающего обучения. – М.: Просвещение, 1998.
- 16 Монахов В.М. Проектирование и внедрение новых технологий обучения. // Сов. пед., 1990., № 7, -С. 17–23.
- 17 Первин И.Д. Коллективная учебно-познавательная деятельность школьников. – М.: Педагогика, 1985.
- 18 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
- 19 Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. – М.: Изд. МГУ, 1975. – 150 с.
- 20 Тарасов Л.В. Число и окружающий мир. – М.: Авангард, 1996.
- 21 Унт Инге. Индивидуализация и дифференциация обучения. – М.: Педагогика, 1990.
- 22 Философский энциклопедический словарь. – М.: 1983. – 130 с.
- 23 Фирсов В.В. Дифференциация обучения на основе обязательных результатов обучения. – М.: 1994.
- 24 Шадриков В.Д. Психология деятельности и способности человека. – М.: 1996.
- 25 Шамова Т.И., Давыденко Т.М. Управление образовательным процессом в адаптивной школе. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2001. – 384 с.
- 26 Шаталов В.Ф. Куда и как исчезли тройки. – М.: Педагогика, 1980.

- 27 Эрдниева Ц.М. Укрупнение дидактических единиц как технология обучения. – М.: 1992.
- 28 Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика. – Алматы: Элем, 2000. – 381 с.
- 29 Анисимов О.С. Методологическая культура педагогической деятельности и мышления. – М.: Экономика, 1991. – 416 с.
- 30 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов н/Д.: Феникс, 1998. – 514 с.
- 31 Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогической инноватики. Опыт разработки теории инновационных процессов в образовании (методическое пособие). – М.: 1991. – 91 с.
- 32 Фатхудинов Р.А. Понятийный аппарат по менеджменту. – М.: АО «Бизнес-школа Интел-Синтез», 1997. – 112 с.
- 33 Симонов В.П. Педагогический менеджмент: 50 НОУ-ХОУ в управлении педагогическими системами: учебное пособие. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 430 с.
- 34 Глоссарий современного образования (терминологический словарь) // Народное образование. – 1997. – № 3. – С. 93-95.
- 35 Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований: дидактический аспект. – М.: Педагогика, 1982. – 192 с.
- 36 Фатхудинов Р.А. Понятийный аппарат по менеджменту. – М.: АО «Бизнес-школа Интел-Синтез», 1997. – 112 с.
- 37 Симонов В.П. Педагогический менеджмент: 50 НОУ-ХОУ в управлении педагогическими системами: учебное пособие. – М.: Педагогическое общество России, 1999. – 430 с.
- 38 Глоссарий современного образования (терминологический словарь) // Народное образование. – 1997. – № 3. – С. 93-95.
- 39 Андюсов Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетентностей // Директор школы. - № 4, 2010. – С. 61 – 69.
- 40 Буравой М. Углубленное case study: между позитивизмом и постмодернизмом // Рубеж.- 1997 - № 10 – 11.
- 41 Изменения в образовательных учреждениях: опыт исследования методом кейс – стадии / под ред. Г.Н. Прокументовой. - Томск, 2003.
- 42 Козина И. Особенности стратегии case-study при изучении производственных отношений на промышленных предприятиях России // Социология: методология, методы, математические модели. - 1995. - N5-6. - С. 65-90.
- 43 Козина И. Case study: некоторые методические проблемы // Рубеж.- 1997. - № 10-11. - С. 177-189.
- 44 Михайлова Е.И. Кейс и кейс-метод: общие понятия // Маркетинг. - 1999. - № 1.
- 45 Рейнгольд Л.В. За пределами CASE — технологий // Компьютерра. - 2000. - № 13-15.
- 46 Смолянинова О.Г. Инновационные технологии обучения студентов на

основе метода Case Study // Инновации в российском образовании: сб. - М.: ВПО, 2000.

47 <http://www.casemethod.ru>

Ұсынылатын әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2010 ж.).

2 Концепция интеллектуальных школ Первого Президента. Астана, 2009 г.

3 Концепция элитарного образования в РК. РНПЦ «Ертіс Дарыны». - Астана, 2006 г.

4 Хасанова С.Т. система работы специализированной школы «Жас дарын»: ориентация на конечный результат. // Одаренный ребенок. №6, 2010 г.

5 Афанасьева В.Н. Глобализация мира и проблема формирования человека новой формации. Избранные работы по лингвистике. -Павлодар. 2010 г.

6 Афанасьева В.Н. «Мал золотник, да дорог». Зв. Пр. от 05.12. 2009 г.

7 Кудоярова Г.В., Фарисенкова Л.В. Создание тезауруса компетенции и задача современной методики. «Поддержка и опора. Сборник научных статей, посвященный 80-летию» академика Костомарова В.Г., -М.: 2010 г.

8 Афанасьева В.Н. и др. Дидактика для одаренных детей. // Одаренный ребенок, № 6, 2010 г.

9 Доровской А.И. Дидактические основы развития одаренности учащихся. - М.: 1998 г.

10 Бернс Р. Развитие Я – концепции и воспитание. -М.: 1986.

11 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. -М.: 1946.

12 Омарова В.К. Концептуальные подходы к работе с одаренными детьми. // Одаренный ребенок, №6, 2010.

13 Воспитательная система школы; проблемы управления. -М.: 1997.

14 Сухомлинский В.А. Разговор с молодым директором школы. -М.: 1982.

15 Шамова Т.И. Менеджмент в управлении школы. -М.: №В Магистр, 1992.

16 Садвакасова З.М. Организационный менеджмент в образовании: схемы и таблицы. -Алматы, 2006.

17 Марченко Е.В. Модель психологического сопровождения формирования социальной компетентности одаренных школьников. // Вестник «ЕД», спецвыпуск №8. -Павлодар, 2010.

18 Дьяченко В. К. Новая дидактика. // Народное образование, 2001. – 496с.

19 Коллективный способ обучения // Научно-методический журнал, орган ассоциации педагогов по созданию коллективного способа обучения, Выпускается с 1995 года, г. Красноярск.

20 Лебединцев В.Б. Коллективные учебные занятия как средство обеспечения индивидуальных учебных траекторий учащихся малочисленных сельских школ // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. -Красноярск, 2008. – 24 с.

21 Литвинская И.Г. Пути совершенствования организационных форм

обучения в условиях малочисленной сельской школы: магистерская диссертация // МВШСЭН, Центр изучения образовательной политики. -М.: 2006. – 117 с.

22 Методология, теория и практика коллективных учебных занятий: учебно-методическое пособие. / Под редакцией Д.И. Карповича и В.Б. Лебединцева // Красноярск, 2003. – 112 с.

23 Мкртчян М.А. Основы современной дидактики по В.К. Дьяченко // ж. «Русский язык в Армении», 3 (18), 2003. -С. 46-49.

24 Мкртчян М.А. Вопросы построения новой образовательной практики // научно-методический журнал «Мир образования – образование в мире», 1 (13), 2004. - С. 96-101.

25 Мкртчян М.А. Вопросы создания коллективного способа обучения // ж. «Образование и общество», № 4, 2000 г., а также в ж. «Русский язык в Армении», № 1, 2000 г. Мкртчян М.А. Становление и развитие общего образования // ж. «Коллективный способ обучения», № 9, Красноярск, 2007. - С. 3-13.

26 Мкртчян М.А., Запятая О.В. и др. Теория и технология коллективных учебных занятий. Начальный курс: дистанционное учебное пособие. - Красноярск, 2005. – 180 с.

27 Примерная программа разновозрастной учебной группы по русскому языку в основной школе. Авторский коллектив: Лебединцев В.Б., с.н.с. ККИПКРО (руководитель), Афонина О.В., шк.141, г. Красноярск, Задонская О.В., шк.144, г.Красноярск и др.

28 Серёменко Н.П. Особенности планирования учебных достижений учащихся. // Педагогикалық Альманах. № 4, қараша, 2007.

29 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. –М.: 1985.

30 Черных П.Я. Историко-этимологический словарь современного русского языка.

31 Шанский Н.М. Русский язык: Лексика. Словообразование. - М. 1975.

32 Чуковский К.И. Живой, как жизнь. - М.: 1966.

33 Ибрагимов Қ. Жаңа үлгідегі қазақ тілі әдістемесі. – Алматы: ШЫҢ-кітап, 2007 жыл.

34 Бекбосынов М. Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі (Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде. 2009. № 1.

35 Жайлауова М., Әбуова А. Пәнаралық байланыс. (Бастауыш мектеп 2010).

**Оқытудың педагогикалық технологиялары:
тәжірибе, инновациялар, енгізу**

Әдістемелік құрал

1-ші бөлім

Басуға 07.08. 2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 22,1.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат